



## Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V ҚРЗ.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы Шарттың қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз.**

**Қолданушылар назарына!**

**Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.**

### МАЗМҰНЫ

2014 жылғы 29 мамырда Астанада жасалған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. Назарбаев*

## ЕУАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ТУРАЛЫ

**ШАРТ (2014 жылғы 29 мамырда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2015 ж., № 2, 11-күжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы,

2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық интеграция туралы декларацияны негізге ала отырып,

мемлекеттердің егемендік теңдігі қағидатын, адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі қағидатын сөзсіз сақтау қажеттігін басшылыққа ала отырып,

өз халықтарының арасында олардың тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеу арқылы ниеттестікті нығайтуға және ынтымақтастықты тереңдетуге тілек білдіре отырып,

еуразиялық экономикалық интеграцияны одан әрі дамыту Тараптардың ұлттық мүдделеріне сай келетіндігіне сенім білдіре отырып,

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикасын нығайтуға және олардың үйлесімді дамуы мен жақындасуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ іскерлік белсенділіктің орнықты өсуіне, теңдестірілген сауда мен адал бәсекелестікке кепілдік беруге деген ұмтылысымен ілгерілей отырып,

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің алдында тұрған, жаһандық экономика шеңберінде орнықты экономикалық даму, ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту және олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту жөніндегі ортақ міндеттерді шешуге бағытталған бірлескен іс-қимылдар жолымен экономикалық өрлеуді қамтамасыз ете отырып,

басқа елдермен, сондай-ақ халықаралық интеграциялық бірлестіктермен және халықаралық ұйымдармен экономикалық өзара тиімді және тең құқылы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға деген ұмтылысты растай отырып,

Дүниежүзілік сауда ұйымының нормаларын, қағидалары мен қағидаттарын назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған басқа да қағидаттары мен нормаларына өздерінің шынайы берілгендігін растай отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

## **БІРІНШІ БӨЛІК**

### **ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫ ҚҰРУ**

#### **I бөлім**

#### **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-бап Еуразиялық экономикалық одақты құру. Құқық субъектілігі**

1. Тараптар осы Шартпен Еуразиялық экономикалық одақты (бұдан әрі - Одақ, ЕАЭО) құрады, оның шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, осы Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

2. Одақ халықаралық құқық субъектілігіне ие, өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылады.

#### **2-бап Анықтамалар**

Осы Шарттың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"заңнамаларды үйлестіру" - мүше мемлекеттердің жекелеген салаларда ұқсас (салыстырмалы) нормативтік құқықтық реттеуді белгілеуге бағытталған заңнамаларын жақындастыру;

"мүше мемлекеттер" - Одақтың мүшелері және осы Шарттың Тараптары болып табылатын мемлекеттер;

"лауазымды адамдар" - мүше мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттерінің директорлары және Комиссия департаменттері директорларының орынбасарлары, сондай-ақ Одақ Соты Хатшылығының басшысы, Одақ Соты Хатшылығы басшысының орынбасарлары және Одақ Соты судьяларының кеңесшілері лауазымдарына тағайындалған азаматтары;

"бірыңғай экономикалық кеңістік" - мүше мемлекеттердің аумақтарынан тұратын кеңістік, онда экономиканы реттеудің нарықтық қағидаттарға және үйлестірілген немесе біріздендірілген құқықтық нормаларды қолдануға негізделген ұқсас (

салыстырмалы) және біртектес тетіктері жұмыс істейді, бірыңғай инфрақұрылым болады;

"бірыңғай саясат" - мүше мемлекеттер өздері айқындаған, осы Шартта көзделген салаларда жүзеге асыратын, мүше мемлекеттердің біріздендірілген құқықтық реттеуді, оның ішінде Одақ органдарының өз өкілеттіктері шеңберіндегі шешімдері негізінде қолдануын көздейтін саясат;

"Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар" - мүше мемлекеттер арасында Одақтың жұмыс істеуі мен дамуына байланысты мәселелер бойынша жасасылатын халықаралық шарттар;

"Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттары" - үшінші мемлекеттермен, олардың интеграциялық бірлестіктерімен және халықаралық ұйымдармен жасасылатын халықаралық шарттар;

"ортақ (бірыңғай) нарық" - Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігі қамтамасыз етілетін экономикалық қатынастар жиынтығы;

"өкім" - Одақ органдары қабылдайтын, ұйымдастырушылық-өкімдік сипаты бар акт ;

"шешім" - Одақ органдары қабылдайтын, нормативтік-құқықтық сипаттағы ережелерді қамтитын акт;

"үйлестірілген саясат" - мүше мемлекеттердің ынтымақтастығын Одақ органдары шеңберінде мақұлданған, Одақтың осы Шартта көзделген мақсаттарына қол жеткізуі үшін қажетті ортақ көзқарастар негізінде жүзеге асыруды көздейтін саясат;

"келісілген саясат" - мүше мемлекеттер әртүрлі салаларда жүзеге асыратын, Одақтың осы Шартта көзделген мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болатындай дәрежеде құқықтық реттеуді, оның ішінде Одақ органдарының шешімдері негізінде реттеуді үйлестіруді көздейтін саясат;

"қызметкерлер" - өздерімен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттар) негізінде Одақ органдарында жұмыс істейтін және лауазымды адамдар болып табылмайтын мүше мемлекеттердің азаматтары;

"кеден одағы" - өзінің шегіндегі өзара саудада кедендік баждар (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар), тарифтік емес реттеу шаралары, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары қолданылмайтын, Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі және үшінші елдермен тауарлардың сыртқы саудасын реттеудің бірыңғай шаралары қолданыста болатын бірыңғай кедендік аумақты көздейтін, мүше мемлекеттердің сауда-экономикалық интеграциясы нысаны;

"үшінші тарап" - Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекет, халықаралық ұйым немесе халықаралық интеграциялық бірлестік;

"заңнаманы біріздендіру" - осы Шартта айқындалған жекелеген салалардағы құқықтық реттеудің бірдей тетіктерін белгілеуге бағытталған мүше мемлекеттердің заңнамасын жақындастыру.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар осы Шарттың тиісті бөлімдерінде және оған қосымшаларда келтірілген мағыналарында түсініледі.

## **II бөлім**

### **ОДАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ, ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ**

#### **3-бап Одақтың жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары**

Одақ өзінің қызметін осы Шартқа сәйкес оған мүше мемлекеттер берген құзыреті шегінде:

мүше мемлекеттердің егемендік теңдігі мен олардың аумақтық тұтастығы қағидаттарын қоса алғанда, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарын құрметтеу;

мүше мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін құрметтеу;

Тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығын, тең құқылығын және ұлттық мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету;

нарықтық экономика және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;

өтпелі кезеңдер аяқталғаннан кейін кеден одағының алып тастауларсыз және шектеулерсіз жұмыс істеуі қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдай жасайды және Одақ мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіре алатын шаралардан қалыс қалады.

#### **4-бап Одақтың негізгі мақсаттары**

Одақтың негізгі мақсаттары:

мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүддесіне орай олардың экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау;

Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу;

жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту, кооперациялау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

#### **5-бап Құзырет**

1. Одаққа осы Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген шектер мен көлемдерде құзырет беріледі.

2. Мүше мемлекеттер осы Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген шектер мен көлемдерде үйлестірілген немесе келісілген саясатты жүзеге асырады.

3. Мүше мемлекеттер экономиканың өзге салаларында Одақтың негізгі қағидаттары мен мақсаттарына сәйкес үйлестірілген немесе келісілген саясатты жүзеге асыруға ұмытылады.

Бұл үшін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен тиісті бағыттар бойынша көмекші органдар (Тараптардың мемлекеттік органдары басшыларының кеңестері, жұмыс топтары, арнайы комиссиялар) құрылуы және (немесе) Еуразиялық экономикалық комиссияға тиісті салаларда Тараптардың өзара іс-қимылын үйлестіру жөнінде тапсырмалар берілуі мүмкін.

## **6-бап Одақтың құқығы**

1. Одақтың құқығы:

осы Шарттан;

Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардан;

Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарынан;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның осы Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өз өкілеттіктері шеңберінде қабылданған шешімдері мен өкімдерінен құралады.

Мүше мемлекеттер Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімдерін өз ұлттық заңнамасында көзделген тәртіппен орындауға тиіс.

2. Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттары Одақтың негізгі мақсаттарына, қағидаттарына және жұмыс істеу қағидаларына қайшы келмеуге тиіс.

3. Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар мен осы Шарт арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, осы Шарт басым болады.

Одақ органдарының шешімдері мен өкімдері осы Шартқа және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға қайшы келмеуге тиіс.

4. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда:

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдері Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдерінен басым болады;

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімдері Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдерінен басым болады.

## **7-бап Одақтың халықаралық қызметі**

1. Одақтың өз құзыреті шеңберінде Одақ алдында тұрған міндеттерді шешуге бағытталған халықаралық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар. Одақтың осындай қызмет шеңберінде мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен және халықаралық интеграциялық бірлестіктермен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға және олармен дербес өзі не мүше мемлекеттермен бірлесіп өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық шарттар жасасуға құқығы бар.

Одақтың халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен белгіленеді. Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттар жасасу мәселелері Одақ шеңберінде халықаралық шартпен айқындалады.

2. Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарының жобалары бойынша келіссөздер жүргізу, сондай-ақ оларға қол қою мүше мемлекеттер тиісті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаннан кейін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Одақтың үшінші тараппен халықаралық шартының Одақтың өзі үшін міндетті екеніне келісім білдіруі, халықаралық шартты тоқтатуы, тоқтата тұруы немесе одан шығуы туралы шешімді Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес барлық мүше мемлекеттер қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаннан кейін қабылдайды.

### **III бөлім**

## **ОДАҚТЫҢ ОРГАНДАРЫ**

### **8-бап Одақтың органдары**

1. Одақтың органдары:

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес (бұдан әрі - Жоғары кеңес);

Еуразиялық үкіметаралық кеңес (бұдан әрі - Үкіметаралық кеңес);

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия, ЕЭК);

Еуразиялық экономикалық одақтың соты (бұдан әрі - Одақ Соты) болып табылады.

2. Одақтың органдары осы Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жұмыс істейді.

3. Одақтың органдары осы Шарттың 3-бабында көрсетілген қағидаттар негізінде жұмыс істейді.

4. Жоғары кеңесте, Үкіметаралық кеңесте және Комиссия Кеңесінде төрағалық етуді ротациялық негізде орыс әліпбиі тәртібімен бір мүше мемлекет күнтізбелік бір жыл бойы ұзарту құқығынсыз жүзеге асырады.

5. Мүше мемлекеттер аумақтарында Одақ органдарының болу шарттары Одақ және болатын мемлекет арасындағы жеке халықаралық шарттарда айқындалады.

## **9-бап Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарының құрылымдық бөлімшелерінде лауазымдарға орналасу**

1. Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарының құрылымдық бөлімшелерінде лауазымдарға орналасуға мүше мемлекеттердің тиісті бейіндік білімі және жұмыс тәжірибесі бар азаматтарының құқығы бар.

2. Бір сол мемлекеттің азаматтары Комиссия департаментінің лауазымды адамдары бола алмайды. Көрсетілген лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеуді ЕЭК-тің конкурстық комиссиясы Тараптардан теңдей өкілдік етілу қағидатын ескере отырып жүргізеді. Көрсетілген лауазымдарға орналасу конкурсына қатысу үшін кандидаттарды тиісті Тараптан Комиссия Кеңесінің мүшесі ұсынады.

3. Комиссия департаменттеріндегі басқа лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеуді ЕЭК Тараптардың Комиссияны қаржыландыруға қатысу үлесін ескере отырып, конкурстық негізде жүзеге асырады.

4. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу жөніндегі ЕЭК-тің конкурстық комиссиясының құрамына, Комиссия Алқасының Төрағасын қоспағанда, Комиссия Алқасының барлық мүшелері кіреді.

ЕЭК-тің конкурстық комиссиясы өз шешімдерін ұсыным түрінде көпшілік дауыспен қабылдайды және оларды Комиссия Алқасының Төрағасына бекітуге ұсынады. Егер Комиссия Алқасының Төрағасы нақты кандидатқа қатысты ЕЭК-тің конкурстық комиссиясының ұсынымына қайшы келетін шешім қабылдаса, Комиссия Алқасының Төрағасы мәселені түбегейлі шешім қабылдауы үшін Комиссия Кеңесінің қарауына шығарады.

ЕЭК-тің конкурстық комиссиясы туралы ережені (конкурсты өткізу қағидасын қоса алғанда), оның құрамын, сондай-ақ Комиссия департаменттері директорлары және директорларының орынбасарлары лауазымдарына орналасуға кандидаттардың біліктілік талаптарын Комиссия Кеңесі бекітеді.

5. Одақ Сотының Аппаратындағы лауазымдарға кандидаттарды іріктеу және тағайындау тәртібі Одақ Соты қызметін реттейтін құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

## **10-бап Жоғары кеңес**

1. Жоғары кеңес Одақтың жоғары органы болып табылады.

2. Жоғары кеңестің құрамына мүше мемлекеттердің басшылары не, егер өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес оларға Жоғары кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде шешімдер қабылдауға өкілеттіктер берілсе, мүше мемлекеттердің үкіметтері басшылары кіреді.

**Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 08.02.2019 № 223-VI Заңымен.**

## **11-бап Жоғары кеңестің жұмыс тәртібі**

1. Жоғары кеңестің отырыстары жылына кемінде 1 рет өткізіледі.

Одақ қызметінің кейінге қалдыруға болмайтын мәселелерін шешу үшін кез келген мүше мемлекеттің немесе Жоғары кеңес Төрағасының бастамасы бойынша Жоғары кеңестің кезектен тыс отырысы шақырылуы мүмкін.

2. Жоғары кеңестің отырыстары Жоғары кеңес Төрағасының басшылығымен өткізіледі.

Жоғары кеңестің Төрағасы:

Жоғары кеңестің отырыстарын жүргізеді;

Жоғары кеңестің жұмысын ұйымдастырады;

Жоғары кеңестің қарауына ұсынылатын мәселелерді дайындауға жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Жоғары кеңес Төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, төрағалық етуші мүше мемлекеттен Жоғары кеңеске жаңадан болған мүше қалған мерзім ішінде Жоғары кеңес Төрағасының өкілеттігін жүзеге асырады.

3. Жоғары кеңес Төрағасының шақыруы бойынша Жоғары кеңестің отырыстарына Комиссия Кеңесінің мүшелері, Комиссия Алқасының Төрағасы және өзге де шақырылған адамдар қатысуы мүмкін.

Жоғары кеңес отырыстарының қатысушылар тізімін және форматын Жоғары кеңес Төрағасы Жоғары кеңес мүшелерімен келісе отырып айқындайды.

Жоғары кеңес отырыстарының күн тәртібін мүше мемлекеттердің ұсыныстары негізінде Комиссия қалыптастырады.

Жоғары кеңес отырыстарына бұқаралық ақпарат құралдарының аккредиттелген өкілдерінің қатысуы туралы мәселені Жоғары кеңес Төрағасы шешеді.

4. Жоғары кеңес отырыстарын өткізуді ұйымдастыру тәртібін Жоғары кеңес бекітеді.

5. Жоғары кеңес отырыстарын дайындау мен өткізуді ұйымдастырушылық, ақпараттық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді қабылдаушы мүше мемлекеттің жәрдеміне сүйене отырып Комиссия жүзеге асырады. Жоғары кеңес отырыстарын өткізуді қаржылық жағынан қамтамасыз ету Одақ бюджеті қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

## **12-бап Жоғары кеңестің өкілеттіктері**

1. Жоғары кеңес Одақ қызметінің қағидаттық мәселелерін қарайды, интеграцияны дамыту стратегиясын, бағыттары мен перспективаларын айқындайды және Одақтың мақсаттарын іске асыруға бағытталған шешімдер қабылдайды.

2. Жоғары кеңес мынадай негізгі өкілеттіктерді жүзеге асырады:



1) Одақты қалыптастыру және дамыту стратегиясын, бағыттары мен перспективаларын айқындайды және Одақтың мақсаттарын іске асыруға бағытталған шешімдер қабылдайды;

2) Комиссия Алқасының құрамын бекітеді, Комиссия Алқасының мүшелері арасында міндеттерді бөледі және олардың өкілеттіктерін тоқтатады;

3) Комиссия Алқасының Төрағасын тағайындайды және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

4) мүше мемлекеттердің ұсынуы бойынша Одақ Сотының судьяларын тағайындайды;

5) Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентін бекітеді;

6) Одақтың бюджетін, Еуразиялық экономикалық одақ бюджеті туралы ережені және Одақ бюджетінің атқарылуы туралы есепті бекітеді;

7) мүше мемлекеттердің Одақ бюджетіне үлестік жарналарының мөлшерін (шкаласын) айқындайды;

8) Үкіметаралық кеңес немесе 16-баптың 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Комиссия қабылдаған шешімдердің күшін жоюға немесе оларды өзгертуге қатысты мәселелерді мүше мемлекеттің ұсынысы бойынша қарайды;

9) Үкіметаралық кеңестің немесе Комиссияның ұсынысы бойынша, шешім қабылдау кезінде консенсусқа қол жеткізілмеген мәселелерді қарайды;

10) Одақ Сотына сауалдармен жүгінеді;

11) Одақ Соты судьяларының, Одақ Сотының лауазымды адамдарының және Аппараты қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің табыстары, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтердің анықтығы мен толықтығын тексеру тәртібін бекітеді;

12) Одаққа жаңа мүшелерді қабылдау және Одақтағы мүшелікті тоқтату тәртібін айқындайды;

13) байқаушы мәртебесін немесе Одаққа кіруге кандидат мемлекет мәртебесін беру туралы немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдайды;

14) Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібін бекітеді;

15) Одақтың атынан үшінші тараппен келіссөздер туралы, оның ішінде онымен Одақтың халықаралық шарттарын жасасу және келіссөз жүргізу құқығын беру туралы, сондай-ақ Одақтың өзі үшін үшінші тараппен халықаралық шарттың міндетті екеніне келісім білдіруі, халықаралық шартты тоқтатуы, тоқтата тұруы туралы немесе одан шығуы туралы шешім қабылдайды;

16) Одақ органдарының жалпы штат санын, Одақ органдарындағы мүше мемлекеттер азаматтарының арасынан мүше мемлекеттердің ұсынуы бойынша конкурстық негізде жіберілетін лауазымды адамдардың өкілдік ету параметрлерін бекітеді;

17) Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, Одақ органдары лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу тәртібін бекітеді;

18) Еуразиялық экономикалық одақ органдарындағы сыртқы аудит (бақылау) туралы ережені бекітеді;

19) Одақ органдарында жүргізілген сыртқы аудиттің (бақылаудың) нәтижелерін карайды;

20) Одақтың рәмізін бекітеді;

21) Үкіметаралық кеңеске және Комиссияға тапсырмалар береді;

22) тиісті бағыттар бойынша көмекші органдар құру туралы шешімдер қабылдайды;

23) осы Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **13-бап Жоғары кеңестің шешімдері және өкімдері**

1. Жоғарғы Кеңес шешімдер және өкімдер қабылдайды.

2. Жоғары кеңестің шешімдері және өкімдері консенсуспен қабылданады.

Жоғары кеңестің Одақтағы мүше мемлекеттің мүшелігін тоқтатуға байланысты шешімдері "Одақтағы өзінің мүшелігін тоқтату ниеті туралы хабарлаған мүше мемлекеттің дауысын алып тастай отырып, консенсус" қағидаты бойынша қабылданады.

### **14-бап Үкіметаралық кеңес**

Үкіметаралық кеңес Одақтың мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшыларынан тұратын органы болып табылады.

### **15-бап Үкіметаралық кеңес жұмысының тәртібі**

1. Үкіметаралық кеңестің отырысы қажет болуына қарай, бірақ кемінде жылына 2 рет өткізіледі.

Одақ қызметінің кейінге қалдыруға болмайтын мәселелерін шешу үшін кез келген мүше мемлекеттің немесе Үкіметаралық кеңес Төрағасының бастамасы бойынша Үкіметаралық кеңестің кезектен тыс отырыстары шақырылуы мүмкін.

2. Үкіметаралық кеңестің отырыстары Үкіметаралық кеңес Төрағасының басшылығымен өткізіледі.

Үкіметаралық кеңестің Төрағасы:

Үкіметаралық кеңестің отырысын жүргізеді;

Үкіметаралық кеңестің жұмысын ұйымдастырады;

Үкіметаралық кеңестің қарауына ұсынылатын мәселелерді дайындауға жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Үкіметаралық кеңес Төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда төрағалық етуші мүше мемлекеттен Үкіметаралық кеңеске жаңадан болған мүше қалған мерзім ішінде Үкіметаралық кеңес Төрағасының өкілеттіктерін жүзеге асырады.

3. Үкіметаралық кеңес Төрағасының шақыруы бойынша Үкіметаралық кеңестің отырыстарына Комиссия Кеңесінің мүшелері, Комиссия Алқасының Төрағасы және өзге де шақырылған адамдар қатысуы мүмкін.

Үкіметаралық кеңес отырыстарының қатысушылар тізімін және форматын Үкіметаралық кеңес Төрағасы Үкіметаралық кеңестің мүшелерімен келісе отырып айқындайды.

Үкіметаралық кеңес отырыстарының күн тәртібін мүше мемлекеттердің ұсыныстары негізінде Комиссия қалыптастырады.

Үкіметаралық кеңес отырыстарына бұқаралық ақпарат құралдарының аккредиттелген өкілдерінің қатысуы туралы мәселені Үкіметаралық кеңес Төрағасы шешеді.

4. Үкіметаралық кеңес отырыстарын өткізуді ұйымдастыру тәртібін Үкіметаралық кеңес бекітеді.

5. Үкіметаралық кеңес отырыстарын дайындау мен өткізуді ұйымдастырушылық, ақпараттық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді қабылдаушы мүше мемлекеттің жәрдеміне сүйене отырып Комиссия жүзеге асырады. Үкіметаралық кеңес отырыстарын өткізуді қаржылық жағынан қамтамасыз ету Одақ бюджеті қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

## **16-бап Үкіметаралық кеңестің өкілеттіктері**

Үкіметаралық кеңес мынадай негізгі өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) осы Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және Жоғары кеңестің шешімдерін іске асыруды және олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

2) Комиссия Кеңесінде шешім қабылдау кезінде консенсусқа қол жеткізілмеген мәселелерді Комиссия Кеңесінің ұсынысы бойынша қарайды;

3) Комиссияға тапсырмалар береді;

4) Жоғары кеңеске Комиссия Кеңесі мүшелерінің және Алқасы мүшелерінің кандидатураларын ұсынады;

5) Одақ бюджетінің жобасын, Еуразиялық экономикалық одақ бюджеті туралы ережені және Одақ бюджетінің атқарылуы туралы есепті мақұлдайды;

6) Еуразиялық экономикалық одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу туралы ережені, Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілетін ревизиялардың стандарттары мен әдіснамасын бекітеді, Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу туралы шешімдер қабылдайды және оларды жүргізу мерзімдерін айқындайды;

7) Комиссия қабылдаған шешімдердің күшін жоюға немесе оларды өзгертуге қатысты мәселелерді мүше мемлекеттің ұсынысы бойынша қарайды не келісуге қол жеткізілмеген жағдайда, оларды Жоғары кеңестің қарауына енгізеді;

8) Комиссия Кеңесі немесе Алқасы шешімдерінің қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды;

9) Комиссия Алқасы мүшелерінің, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің табыстары, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтердің анықтығы мен толықтығын тексеру тәртібін бекітеді;

10) осы Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **17-бап Үкіметаралық кеңестің шешімдері және өкімдері**

1. Үкіметаралық кеңес шешімдер және өкімдер қабылдайды.
2. Үкіметаралық кеңестің шешімдері және өкімдері консенсуспен қабылданады.

### **18-бап Комиссия**

1. Комиссия Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы болып табылады. Комиссия Кеңестен және Алқадан тұрады.

2. Комиссия шешімдер, өкімдер және ұсынымдар қабылдайды.

Комиссия Кеңесінің шешімдері, өкімдері және ұсынымдары консенсуспен қабылданады.

Комиссия Алқасының шешімдері, өкімдері және ұсынымдары айқын басым көпшілік дауыспен немесе консенсуспен қабылданады.

Жоғары кеңес әсер ететін мәселелер тізбесін айқындайды, олар бойынша Комиссия Алқасының шешімдері консенсуспен қабылданады.

Бұл ретте айқын басым көпшілік дауыс Комиссия Алқасы мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің дауысын құрайды.

3. Комиссияның мәртебесі, міндеттері, құрамы, функциялары, өкілеттіктері мен жұмыс тәртібі осы Шартқа № 1 қосымшаға сәйкес айқындалады.

4. Комиссияның болатын орны Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы болып табылады.

### **19-бап Одақ Соты**

1. Одақ Соты Одақтың тұрақты жұмыс істейтін сот органы болып табылады.

2. Одақ Сотының мәртебесін, құрамын, құзыретін, жұмыс істеу және қалыптастырылу тәртібін осы Шартқа № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Сот Статуты айқындайды.

3. Одақ Сотының болатын орны Минск қаласы, Беларусь Республикасы болып табылады.

#### **IV бөлім**

### **ОДАҚ БЮДЖЕТІ**

#### **20-бап Одақ бюджеті**

1. Одақ органдарының қызметін қаржыландыру Еуразиялық экономикалық одақ бюджеті туралы ережеде айқындалған тәртіппен қалыптастырылатын Одақ бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Кезекті қаржы жылына арналған Одақ бюджеті мүше мемлекеттердің үлестік жарналары есебінен ресейлік рубльмен қалыптастырылады. Мүше мемлекеттердің Одақ бюджетіне үлестік жарналарының мөлшерін (шкаласын) Жоғары кеңес белгілейді.

Одақ бюджетінің кірістері мен шығыстары теңдестірілген болуға тиіс. Қаржы жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

2. Одақ бюджетін және Еуразиялық экономикалық одақ бюджеті туралы ережені Жоғары кеңес бекітеді.

Одақ бюджетіне және Еуразиялық экономикалық одақ бюджеті туралы ережеге өзгерістер енгізуді Жоғары кеңес жүзеге асырады.

#### **21-бап Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу**

Одақ бюджетінің атқарылуын бақылауды жүзеге асыру үшін Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне кем дегенде 2 жылда бір рет ревизия жүргізіледі.

Кез келген мүше мемлекеттің бастамасы бойынша Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметінің жекелеген мәселелері бойынша тексеру жүргізілуі мүмкін.

Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне ревизияны мүше мемлекеттердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өкілдерінен тұратын ревизорлар тобы жүзеге асырады.

Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген ревизиялардың нәтижелері белгіленген тәртіппен Үкіметаралық кеңестің қарауына енгізіледі.

#### **22-бап Сыртқы аудит (бақылау)**

Одақтың бюджетінің қаражатын қалыптастыру, басқару және оған билік ету тиімділігін, Одақтың мүлкі мен басқа да активтерін пайдалану тиімділігін айқындау мақсатында сыртқы аудит (бақылау) жүргізіледі. Сыртқы аудитті (бақылауды) мүше мемлекеттердің жоғары тұрған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өкілдерінен құралған инспекторлар тобы жүзеге асырады. Сыртқы аудиттің (

бақылаудың) стандарттары мен әдіснамасын мүше мемлекеттердің жоғары тұрған мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бірлесіп айқындайды.

Одақтың органдарында жүргізілген сыртқы аудиттің (бақылаудың) нәтижелері белгіленген тәртіппен Жоғары кеңестің қарауына енгізіледі.

## **ЕКІНШІ БӨЛІК КЕДЕН ОДАҒЫ**

### **V бөлім**

## **АҚПАРАТТЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ СТАТИСТИКА**

### **23-бап Одақ шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл**

1. Одақтың жұмыс істеуіне қатысы бар барлық салаларда интеграциялық процестерді ақпараттық жағынан қамтамасыз ету мақсатында Одақ шеңберінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен трансшекаралық сенім кеңістігін пайдалана отырып, ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар әзірленіп, іске асырылады.

2. Одақ шеңберіндегі ортақ процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл уәкілетті органдардың аумақтық жағынан бөлінген мемлекеттік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің, сондай-ақ Комиссияның ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің интеграциясын қамтамасыз ететін, Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тиімді өзара іс-қимылын және олардың үйлестірілуін қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттер ақпараттандыру және ақпараттық технологиялар саласында келісілген саясат жүргізеді.

4. Бағдарламалық-техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларды пайдалану кезінде мүше мемлекеттер өзара іс-қимыл процесінде пайдаланылатын немесе алынған зияткерлік меншікті қорғауды қамтамасыз етеді.

5. Ақпараттық өзара іс-қимылдың және Одақ шеңберінде оны жүзеге асыруды үйлестірудің негізін қалайтын қағидаттары, сондай-ақ интеграцияланған ақпараттық жүйені құру және дамыту тәртібі осы Шартқа № 3 қосымшаға сәйкес айқындалады.

### **24-бап Одақтың ресми статистикалық ақпараты**

1. Одақтың тиімді жұмыс істеуі және дамуы мақсаттарында Одақтың ресми статистикалық ақпараты қалыптастырылады.
2. Одақтың ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру:
  - 1) кәсіби тәуелсіздік;
  - 2) ғылыми негізділік және салыстырымдылық;
  - 3) толықтық және анықтық;
  - 4) өзектілік және уақтылылық;

- 5) ашықтық және жалпыға бірдей қолжетімділік;
- 6) шығындардың тиімділігі;
- 7) статистикалық құпиялылық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Одақтың ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру және тарату тәртібі осы Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес айқындалады.

## **VI бөлім**

### **КЕДЕН ОДАҒЫНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ**

#### **25-бап Кеден одағының жұмыс істеу қағидаттары**

1. Мүше мемлекеттердің кеден одағы шеңберінде:

1) тауарлардың ішкі нарығы жұмыс істейді;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі және үшінші тараптармен тауарлардың сыртқы саудасын реттеудің өзге де бірыңғай шаралары қолданылады;

3) үшінші тараптармен қатынастарда тауарлар саудасының бірыңғай режимі қолданылады;

4) бірыңғай кедендік реттеу жүзеге асырылады;

5) осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттердің аумақтары арасында тауарларды кедендік декларациялау және мемлекеттік бақылау (көліктік, санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, карантиндік фитосанитариялық) қолданбастан, еркін өткізу жүзеге асырылады.

2. Осы Шарттың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"кедендік әкелу бажы" - тауарларды Одақтың кедендік аумағына әкелуге байланысты мүше мемлекеттердің кеден органдары алатын міндетті төлем;

"Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы" (ЕАЭО СЭҚ ТН) - Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарлары сипаттамасы мен кодталуының үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифі" (ЕАЭО БКТ) - Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына сәйкес жүйеленген, үшінші елдерден Одақтың кедендік аумағына әкелінетін (әкелінген) тауарларға қолданылатын кедендік баждар мөлшерлемелерінің жиынтығы;

"тарифтік преференция" - Одақпен бірге еркін сауда аймағын құратын елдерден шығарылатын тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын төлеуден босату немесе кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін азайту не дамушы елдерден - Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардан және (немесе)

неғұрлым төмен дамыған елдерден - Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардан шығарылатын тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін азайту.

**Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **26-бап Кедендік әкелу баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) есепке жатқызу және бөлу**

Төленген (алынған) кедендік әкелу баждары мүше мемлекеттер бюджеттері арасында есепке жатқызылуға және бөлінуге жатады.

Кедендік әкелу баждарының сомасын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару осы Шартқа № 5 қосымшаға сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады.

## **27-бап Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар мен еркін қоймаларды құру және олардың жұмыс істеуі**

Мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу, инвестициялар тарту, жаңа технологияларға негізделген өндірістер құру және оларды дамыту, көлік инфрақұрылымын, туризмді және санаториялық-курорттық саланы дамыту мақсаттарында, сондай-ақ өзге де мақсаттарда мүше мемлекеттердің аумақтарында еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар мен еркін қоймалар құрылып, жұмыс істейді.

Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар мен еркін қоймаларды құру және олардың жұмыс істеу жағдайлары Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалады.

## **28-бап Ішкі нарық**

1. Одақ осы Шарттың ережелеріне сәйкес ішкі нарықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады.

2. Ішкі нарық экономикалық кеңістікті қамтиды, онда осы Шарттың ережелеріне сәйкес тауарлардың, тұлғалардың, көрсетілетін қызметтер мен капиталдың еркін қозғалысы қамтамасыз етіледі.

3. Өзара тауарлар саудасындағы ішкі нарықтың жұмыс істеуі шеңберінде мүше мемлекеттер, осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік әкелу және әкету баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды), тарифтік емес реттеу шараларын, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолданбайды.

## **29-бап Тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеу тәртібінен ерекшеліктер**



1. Мүше мемлекеттер өзара тауарлар саудасында шектеулер қолдануға (мұндай шаралар ақталмаған кемсітушілік құралы немесе сауданы жасырын шектеу болып табылмайтын жағдайларда), егер мұндай шектеулер:

- 1) адамның өмірі мен денсаулығын сақтау;
- 2) қоғамдық моральды және құқықтық тәртіпті қорғау;
- 3) қоршаған ортаны қорғау;
- 4) жануарлар мен өсімдіктерді қорғау;
- 4<sup>1</sup>) мәдени құндылықтарды қорғау;
- 5) халықаралық міндеттемелерді орындау;

б) елдің қорғанысын және мүше мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда, құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша ішкі нарықта осы Шарттың XI бөлімінде айқындалған тәртіппен санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар да енгізілуі мүмкін.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша тауарлардың жекелеген санаттарының айналымы шектелуі мүмкін.

Одақтың кедендік аумағында мұндай тауарлардың қозғалысы немесе айналымы тәртібі осы Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес айқындалады.

4. Мүше мемлекет осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша тауарлармен өзара саудада шектеулер енгізген және олардың күшін жойған кезде Комиссияны және басқа да мүше мемлекеттерді Комиссия бекітетін тәртіппен жазбаша нысанда хабардар етеді.

**Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **29<sup>1</sup>-бап Одақтың кедендік шекарасындағы мемлекеттік бақылау (қадағалау)**

1. Одақтың кедендік шекарасын кесіп өткен кезде мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы өткізу пункттерінде және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалатын өзге де жерлерде адамдарға, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты осы Шартқа, Одақ құқығына кіретін өзге де халықаралық шарттар мен актілерге және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес бақылау (қадағалау) (кедендік, көліктік, санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, карантиндік фитосанитариялық, радиациялық және мемлекеттік бақылаудың (қадағалаудың) өзге де түрлері) жүзеге асырылады.

2. Комиссияның актілерінде мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы өткізу пункттерінде және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалатын өзге де орындарда осы Шартқа, Одақ құқығына кіретін өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес жүзеге асырылатын кедендік, көліктік (автомобильдік),

санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, карантиндік фитосанитариялық, радиациялық бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті ғимараттарды, құрылысжайларды, үй-жайларды, ашық алаңдарды жабдықтауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға қойылатын үлгілік талаптар белгіленуі мүмкін.

**Ескерту. VI-бөлім 29<sup>1</sup>-баппен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **VII бөлім**

### **ДӘРІЛІК ЗАТТАР МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫҢ АЙНАЛЫМЫН РЕТТЕУ**

#### **30-бап Дәрілік заттардың ортақ нарығын қалыптастыру**

1. Мүше мемлекеттер Одақ шеңберінде тиісті фармацевтикалық практика стандарттарына сәйкес келетін дәрілік заттардың ортақ нарығын құрады, ол мынадай:

1) дәрілік заттар айналымы саласында мүше мемлекеттер заңнамасының талаптарын үйлестіру және біріздендіру;

2) Одақтың аумағында айналымда болатын дәрілік заттардың сапасына, тиімділігі мен қауіпсіздігіне қойылатын міндетті талаптардың бірлігін қамтамасыз ету;

3) дәрілік заттардың айналымы саласында бірыңғай қағидаларды қабылдау;

4) дәрілік заттардың сапасын, тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау кезінде бірдей немесе салыстырымды зерттеу және бақылау әдістерін әзірлеу және қолдану;

5) дәрілік заттардың айналымы саласындағы бақылау (қадағалау) саласында мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру;

6) мүше мемлекеттердің тиісті уәкілетті органдарының дәрілік заттардың айналымы саласында рұқсат беру және бақылау-қадағалау функцияларын іске асыруы қағидастарына негізделеді.

2. Одақ шеңберінде дәрілік заттардың ортақ нарығының жұмыс істеуі осы Шарттың 100-бабының ережелері ескеріле отырып, Одақ шеңберіндегі халықаралық шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

#### **31-бап Медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) ортақ нарығын қалыптастыру**

1. Мүше мемлекеттер Одақ шеңберінде медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) ортақ нарығын құрады, ол мынадай:

1) медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) айналымы саласында мүше мемлекеттер заңнамасының талаптарын үйлестіру;

2) Одақтың аумағында айналымда болатын медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) тиімділігі мен қауіпсіздігіне қойылатын міндетті талаптардың бірлігін қамтамасыз ету;

3) медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) айналымы саласында бірыңғай қағидаларды қабылдау;

4) медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) сапасын қамтамасыз ету жүйесін құруға бірыңғай тәсілдерді айқындау;

5) медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) айналымы саласындағы бақылау (қадағалау) саласында мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру қағидаттарына негізделеді.

2. Одақ шеңберінде медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) ортақ нарығының жұмыс істеуі осы Шарттың 100-бабының ережелері ескеріле отырып, Одақ шеңберіндегі халықаралық шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

## **VIII бөлім**

### **КЕДЕНДІК РЕТТЕУ**

#### **32-бап Одақтағы кедендік реттеу**

Одақта Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес және Одақтың құқығын құрайтын, кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес, сондай-ақ осы Шарттың ережелеріне сәйкес бірыңғай кедендік реттеу жүзеге асырылады.

## **IX бөлім**

### **СЫРТҚЫ САУДА САЯСАТЫ**

#### **1. Сыртқы сауда саясаты туралы жалпы ережелер**

#### **33-бап Одақтың сыртқы сауда саясатының мақсаттары мен қағидаттары**

1. Одақтың сыртқы сауда саясаты мүше мемлекеттердің орнықты экономикалық дамуына, экономикаларды әртараптандыруға, инновациялық дамуға, сауда мен инвестициялардың көлемін арттыруға және құрылымын жақсартуға, интеграциялық процестерді жеделдетуге, сондай-ақ Одақты жаһандық экономика шеңберінде тиімді және бәсекеге қабілетті ұйым ретінде одан әрі дамытуға жәрдемдесуге бағытталады.

2. Одақтың сыртқы сауда саясатын жүзеге асырудың негізгі қағидаттары:

мүше мемлекеттердің сыртқы сауда қызметіне қатысушылары үшін Одақтың мақсаттарына тиімділікпен қол жеткізуді қамтамасыз етуге қажеттіден гөрі оншалықты ауыртпалықты болып табылмайтын Одақтың сыртқы сауда саясатын жүзеге асыру шаралары мен тетіктерін қолдану;

Одақтың сыртқы сауда саясатын жүзеге асыру шаралары мен тетіктерін әзірлеудегі, қабылдау мен қолданудағы жариялылық;

Одақтың сыртқы сауда саясатын жүзеге асыру шаралары мен тетіктерін қолданудың негізділігі және объективтілігі;

мүше мемлекеттердің сыртқы сауда қызметіне қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді шығарушылар мен тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың құқықтарын сақтау болып табылады.

3. Сыртқы сауда саясаты Одақтың өз бетінше не Одақтың органдары мүше мемлекеттер үшін міндетті шешімдер қабылдайтын салаларда мүше мемлекеттермен бірлесіп, үшінші тараппен халықаралық шарттар жасасу, халықаралық ұйымдарға қатысу не сыртқы сауда саясатының шаралары мен тетіктерін дербес қолдануы арқылы іске асырылады.

Одақ өзі жасасатын халықаралық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін жауаптылықта болады және осы шарттар бойынша өз құқықтарын іске асырады.

#### **34-бап Барынша қолайлылық режимі**

Барынша қолайлылық режимін қолдану Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарында, сондай-ақ мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда және шарттарда, тауарлардың сыртқы саудасына қатысты 1994 жылғы Тарифтер мен сауда бойынша бас келісімнің (ТСБК 1994) ұғымындағы барынша қолайлылық режимі қолданылады.

#### **35-бап Еркін сауда режимі**

Үшінші тараппен саудада ТСБК 1994 ұғымындағы тауарлардың еркін саудасы режимі Одақтың осындай үшінші тараппен халықаралық шарты негізінде, осы Шарттың 102-бабының ережелері ескеріле отырып белгіленеді.

Одақтың үшінші тараппен еркін сауда режимін белгілейтін халықаралық шарты сыртқы сауда қызметімен байланысты өзге де ережелерді қамтуы мүмкін.

#### **36-бап Дамушы елдерден және (немесе) неғұрлым төмен дамыған елдерден шығарылатын тауарларға қатысты тарифтік преференциялар**

1. Осы Шартқа сәйкес Одақ дамушы және неғұрлым төмен дамыған елдердің экономикалық дамуына жәрдемдесу мақсатында дамушы елдерден - Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардан және (немесе) неғұрлым төмен дамыған елдерден - Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардан шығарылатын тауарларға қатысты тарифтік преференциялар бере алады.

2. Одақтың кедендік аумағына әкелінетін, дамушы елдерден - Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардан шығарылатын преференциялы

тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі кедендік әкелу баждары мөлшерлемелерінің 75 пайызы мөлшерінде кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері қолданылады.

3. Одақтың кедендік аумағына әкелінетін, неғұрлым төмен дамыған елдерден - Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардан шығарылатын преференциялы тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі кедендік әкелу баждарының нөлдік мөлшерлемелері қолданылады.

### **37-бап Тауарлардың шығарылуын айқындау қағидалары**

1. Одақтың кедендік аумағында Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың шығарылуын айқындаудың бірыңғай қағидалары қолданылады.

2. Кедендік-тарифтік реттеу шараларын қолдану (тарифтік преференциялар беру мақсаттарын қоспағанда), тарифтік емес реттеу және ішкі нарықты қорғау шараларын қолдану, тауарлардың шығарылу таңбалануына қойылатын талаптарды белгілеу, мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуларды жүзеге асыру, тауарлардың сыртқы саудасы статистикасын жүргізу мақсаттары үшін Комиссия белгілейтін, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың шығарылуын айқындау қағидалары (тауарлардың шығарылуын айқындаудың преференциялы емес қағидалары) қолданылады.

3. Дамушы елдерден немесе неғұрлым төмен дамыған елдерден - Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардан Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты тарифтік преференциялар беру мақсаттары үшін Комиссия белгілейтін, дамушы елдерден және неғұрлым төмен дамыған елдерден тауарлардың шығарылуын айқындау қағидалары қолданылады.

4. Өздерінің Одақпен сауда-экономикалық қатынастарында еркін сауда режимі қолданылатын мемлекеттерден Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты тарифтік преференциялар беру мақсаттары үшін Одақтың үшінші тараппен еркін сауда режимін қолдануды көздейтін тиісті халықаралық шартында белгіленген тауарлардың шығарылуын айқындау қағидалары қолданылады.

5. Егер Одақтың үшінші тараппен еркін сауда режимін қолдануды көздейтін халықаралық шартында тауарлардың шығарылуын айқындау қағидалары белгіленбеген немесе олар мұндай шарт күшіне енген кезге дейін қабылданбаған жағдайда, осы елден шығарылған, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты тауарлардың шығарылуын айқындаудың тиісті қағидалары қабылданған кезге дейін осы баптың 2-тармағында көзделген тауарлардың шығарылуын айқындау қағидалары қолданылады.

6. Тауарлардың шығарылуын айқындау (растау) саласында үшінші тараптың бірнеше бұзушылық жасау фактілері болған кезде Комиссия мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің нақты елден әкелінетін тауарлардың шығарылуын айқындаудың (

растаудың) дұрыстығына мониторинг жүргізуі туралы шешім қабылдауы мүмкін. Тауарлардың шығарылуын айқындау (растау) саласында үшінші тараптың жүйелі түрде бұзушылықтар жасауы анықталған жағдайда, Комиссия мүше мемлекеттер кеден қызметтерінің тауарлардың шығарылуын растайтын құжаттарды қабылдауын тоқтата тұруы туралы шешім қабылдай алады. Осы тармақтың ережелері әкелінетін тауарлардың шығарылуын бақылауға және оның нәтижелері бойынша шаралар қабылдауға қатысты мүше мемлекеттердің өкілеттіктерін шектемейді.

### **38-бап Көрсетілетін қызметтермен сыртқы сауда**

Мүше мемлекеттер үшінші тараптармен көрсетілетін қызметтер саудасы саласын үйлестіруді жүзеге асырады.

Үйлестіруді жүзеге асыру Одақтың осы саладағы ұлттықтан жоғары құзыреті барын білдірмейді.

### **39-бап Үшінші тараптармен саудадағы шектеу шараларын жою**

Комиссия үшінші тараптардың нарығына қол жеткізу кезінде жәрдем көрсетеді, үшінші тараптың мүше мемлекеттерге қатысты шектеу шараларына мониторинг жүргізеді және үшінші тарап Одаққа қатысты қандай да бір шара қолданған немесе Одақ пен үшінші тараптың арасында сауда дауы туындаған жағдайда, мүше мемлекеттермен бірлесіп тиісті үшінші тараппен консультациялар жүргізеді.

### **40-бап Үшінші тарапқа қатысты жауап шаралары**

1. Егер Одақтың үшінші тараппен және (немесе) мүше мемлекеттердің үшінші тараптармен халықаралық шартына сәйкес жауап шараларын қолдану мүмкіндігі көзделген жағдайда, Комиссия Одақтың кедендік аумағында жауап шараларын енгізу, оның ішінде кедендік әкелу баждары мөлшерлемелерінің деңгейін арттыру, сандық шектеулер енгізу, преференциялар беруді уақытша тоқтата тұру немесе Комиссияның құзыреті шеңберінде тиісті мемлекетпен сыртқы сауда нәтижелеріне әсер ететін өзге де шараларды қабылдау арқылы енгізу туралы шешім қабылдайды.

2. Мүше мемлекеттердің үшінші тараптармен 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасасылған халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда, мүше мемлекеттер жауап шаралары ретінде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифімен салыстырғанда кедендік әкелу баждарының жоғарылатылған мөлшерлемелерін біржақты тәртіппен қолдануға, сондай-ақ мұндай жауап шараларын әкімшілендіру тетіктері осы Шарттың ережелерін бұзбау шартымен тарифтік преференциялар беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға құқылы.

### **41-бап Экспортты дамыту жөніндегі шаралар**

Одақ халықаралық шарттарға, Дүниежүзілік сауда ұйымының нормалары мен қағидаларына сәйкес мүше мемлекеттер тауарларының үшінші тараптар нарығына экспортын дамыту жөніндегі бірлескен шараларды қолдана алады.

Бірлескен шаралар, атап айтқанда, экспортты сақтандыру мен кредиттеуді, халықаралық лизингті, "Еуразиялық экономикалық одақтың тауары" деген ұғымды ілгерілетуді және Одақ тауарларын бірыңғай таңбалауды енгізуді, шетелдегі көрмелік-жәрменкелік және экспозициялық қызметті, жарнамалық және имидждік шараларды қамтиды.

## **2. Кедендік-тарифтік реттеу және тарифтік емес реттеу**

### **42-бап Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі**

1. Одақтың кедендік аумағында Комиссия бекіткен және Одақтың сауда саясатының құралдары болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасы және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі қолданылады.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін қолданудың негізгі мақсаттары:

1) Одақтың дүниежүзілік экономикаға тиімді интеграциялануы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

2) Одақтың кедендік аумағына тауарлар әкелудің тауарлық құрылымын ұтымды ету ;

3) Одақтың кедендік аумағында тауарлар әкету мен әкетудің ұтымды арақатынасын сақтау;

4) Одақта тауарлар шығару және тұтыну құрылымындағы прогрессивті өзгерістер үшін жағдай жасау;

5) Одақ экономикасының салаларын қолдау болып табылады.

3. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде кедендік әкелу баждары мөлшерлемелерінің мынадай:

1) салық салынатын тауарларға кеден құнының пайыздарында белгіленетін адвалорлық;

2) салық салынатын тауарлардың зат түріндегі физикалық сипаттамасына (саны, массасы, көлемі немесе өзге де сипаттамалары) қарай белгіленетін өзіндік ерекшелікті;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген екі түрді ұштастыратын құрамдастырылған түрлері қолданылады.

4. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері біртұтас болып табылады және тауарларды Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізетін тұлғаларға, тауарлардың шығарылған жеріне (оның ішінде тауарлардың шығарылған жері белгісіз болған не расталмаған деп

есептелген жағдайларда), мәмілелердің түрлеріне және өзге де мән-жайларға қарай өзгертілуге жатпайды.

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері осы Шарттың 35, 36 және 40-баптарының, осы баптың 6-тармағының және 43-бабының, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарының ережелері ескеріле отырып қолданылады.

Осы тармақтың ережелері, оның ішінде, егер тауарлармен сыртқы саудаға қатысты осы Шарттың 34-бабында көзделген неғұрлым қолайлы жағдай жасау режимі қолданылмаған жағдайда қолданылады.

5. Одақтың кедендік аумағына тауарлар әкелуді жедел реттеу үшін қажет кезінде маусымдық кедендік баждар белгіленуі мүмкін, олардың қолданыс мерзімі жылына 6 айдан аспайды және олар Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде көзделген кедендік әкелу баждарының орнына қолданылады.

6. Одаққа қосылған мемлекет, мұндай мемлекеттің Одаққа қосылуы туралы халықаралық шарт негізінде Комиссия бекіткен тауарлар мен мөлшерлемелер тізбесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының мөлшерлемелерінен ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін қолдануға құқылы.

Одаққа қосылған мемлекет өздеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының мөлшерлемелерімен салыстырғанда кедендік әкелу баждарының неғұрлым төмен мөлшерлемелері қолданылатын тауарлардың өз аумағының шегінде ғана пайдаланылуын қамтамасыз етуге және мұндай тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының мөлшерлемелері бойынша есептелген кедендік әкелу баждарының сомасы мен тауарларды әкелу кезінде төленген кедендік әкелу баждары сомасының айырмасы мөлшерінде кедендік әкелу баждарын төлеместен, басқа мүше мемлекеттердің аумақтарына әкетуге жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

**Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

### **43-бап Тарифтік жеңілдіктер**

1. Одақтың кедендік аумағына әкелінетін (әкелінген) тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын төлеуден босату немесе кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін азайту түрінде тарифтік жеңілдіктер қолданылуы мүмкін.

2. Тарифтік жеңілдіктер дара сипатта болмайды және тауарлардың шығарылған еліне қарамастан қолданылады.

3. Тарифтік жеңілдіктерді беру осы Шартқа № 6 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.



#### **44-бап Тарифтік квоталар**

1. Егер ұқсас тауарлар Одақтың кедендік аумағында шығарылса (өндірілсе, өсірілсе), үшінші елдерден шығарылатын және Одақтың кедендік аумағына әкелінетін ауыл шаруашылық тауарларының жекелеген түрлеріне қатысты тарифтік квоталарды белгілеуге жол беріледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, Одақтың кедендік аумағына тарифтік квотаның белгіленген көлемі шегінде әкелінетін тауарларға Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының тиісті мөлшерлемелері қолданылады.

3. Үшінші елдерден шығарылатын және Одақтың кедендік аумағына әкелінетін ауыл шаруашылық тауарларының жекелеген түрлеріне қатысты тарифтік квоталарды белгілеу және тарифтік квоталардың көлемдерін бөлу осы Шартқа № 6 қосымшада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **45-бап Комиссияның кедендік-тарифтік реттеу мәселелері жөніндегі өкілеттіктері**

##### **1. Комиссия:**

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауарлық номенклатурасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін жүргізуді жүзеге асырады;

маусымдық баждарды қоса алғанда, кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін белгілейді;

тарифтік жеңілдіктерді беру жағдайлары мен шарттарын белгілейді;

тарифтік жеңілдіктерді қолдану тәртібін айқындайды;

Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін қолданудың шарттары мен тәртібін айқындайды, оның ішінде:

дамушы елдердің - Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардың тізбесін;

неғұрлым төмен дамыған елдердің - Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардың тізбесін;

Одақтың аумағына әкелу кезінде тарифтік преференциялар берілетін, дамушы елдерден немесе неғұрлым төмен дамыған елдерден шығарылатын тауарлардың тізбесін бекітеді;

тарифтік квоталарды белгілейді, мүше мемлекеттер арасында тарифтік квота көлемін бөледі, сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың арасында тарифтік квота көлемін бөлу әдістері мен тәртібін айқындайды, ал қажет болған кезде үшінші елдер арасында тарифтік квота көлемін бөледі не оған сәйкес мүше мемлекеттер сыртқы

сауда қызметіне қатысушылар арасында тарифтік квота көлемін бөлудің әдісі мен тәртібін айқындайтын актіні қабылдайды, ал қажет болған кезде үшінші елдер арасында тарифтік квота көлемін бөледі.

2. Өздеріне қатысты кедендік әкелу бажының мөлшерлемелерін өзгерту туралы шешімді Комиссия Кеңесі қабылдайтын зәру тауарлардың тізбесін Жоғары кеңес бекітеді.

#### **46-бап Тарифтік емес реттеу шаралары**

1. Одақ үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеудің мынадай бірыңғай шараларын қолданады:

- 1) тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге тыйым салу;
- 2) тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге сандық шектеулер қою;
- 3) тауарлардың экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық;
- 4) тауарлардың экспортын және (немесе) импортын автоматты түрде лицензиялау (бақылау);
- 5) тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат ету тәртібі.

2. Тарифтік емес реттеу шаралары осы Шартқа № 7 қосымшаға сәйкес тәртіппен жариялылық және кемсітпеушілік қағидаттарының негізінде енгізіледі және қолданылады.

#### **47-бап Тарифтік емес реттеу шараларын біржақты тәртіппен енгізу**

Мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада осы Шартқа № 7 қосымшада көзделген тәртіппен тарифтік емес реттеу шараларын біржақты тәртіппен енгізуі және қолдануы мүмкін.

### **3. Ішкі нарықты қорғау шаралары**

#### **48-бап Ішкі нарықты қорғау шараларын енгізу туралы жалпы ережелер**

1. Одақта тауар өндірушілердің экономикалық мүдделерін қорғау үшін үшінші елдерден шығарылатын және Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары түрінде, сондай-ақ осы Шарттың 50-бабында көзделген жағдайларда өзге де шаралар түрінде ішкі нарықты қорғау шаралары енгізілуі мүмкін.

2. Арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларын қолдану туралы, арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларын өзгерту туралы не олардың күшін жою туралы не шараны қолданбау туралы шешімді Комиссия қабылдайды.

3. Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану осы Шартқа № 8 қосымшаға сәйкес шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Комиссия тергеп-тексеру жүргізуге жауапты ретінде айқындаған орган (бұдан әрі - тергеп-тексеру жүргізуші орган) осы Шартқа № 8 қосымшаға сәйкес жүргізетін тергеп-тексеру тауардың импорты кезінде арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларын қолданудың алдында жүргізіледі.

5. Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы баждарын есепке жатқызу және бөлу осы Шартқа № 8 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **49-бап Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану қағидаттары**

1. Арнайы қорғау шарасы тауарға, егер тергеп-тексеру жүргізуші орган жүргізген тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша осы тауардың Одақтың кедендік аумағына импорты мүше мемлекеттердің экономикасы салаларына елеулі залал келтіретіндей немесе осындай залал келтіру қаупін төндіретіндей үдемелі мөлшерде (мүше мемлекеттерде осыған ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды өндірудің жалпы көлеміне абсолютті немесе салыстырмалы көрсеткіштерде) және жағдайларда жүзеге асырылып жатқаны анықталған жағдайда қолданылуы мүмкін.

2. Демпингке қарсы шара демпингтік импорт нысанасы болып табылатын тауарға, егер тергеп-тексеру жүргізуші орган жүргізген тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша осындай тауардың Одақтың кедендік аумағына импорты мүше мемлекеттердің экономикасы саласына материалдық залал келтіріп отырғаны, осындай залал келтіру қаупін төндіретіні немесе мүше мемлекеттердің экономикасы саласын құруды елеулі түрде баяулататыны анықталған жағдайда қолданылуы мүмкін.

3. Өтемақы шарасы өндірілуі, экспортталуы немесе тасымалдануы кезінде экспорттаушы үшінші елдің өзіндік ерекшелікті субсидиясы пайдаланылған, импортталған тауарға, егер тергеп-тексеру жүргізуші орган жүргізген тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша осындай тауардың Одақтың кедендік аумағына импорты мүше мемлекеттердің экономикасы саласына материалдық залал келтіріп отырғаны, осындай залал келтіру қаупін төндіретіні немесе мүше мемлекеттердің экономикасы саласын құруды елеулі түрде баяулататыны анықталған жағдайда қолданылуы мүмкін.

4. Ішкі нарықты қорғау шараларын қолдану мақсаттарында мүше мемлекеттер экономикасының саласы деп мүше мемлекеттерде осыған ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) не осыған ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау тергеп-тексеруі мақсаттары үшін) өндірушілердің барлығы не, олардың ішінде тиісінше, осыған ұқсас тауардың не осыған ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың мүше мемлекеттердегі жалпы өндірілу көлеміндегі үлесі елеулі, бірақ 25 пайыздан кем емес бөлікті өндірушілер түсініледі.

#### **50-бап Ішкі нарықты қорғаудың өзге де шаралары**

Үшінші тарап импортының мүше мемлекеттер өндірушілеріне теріс ықпалын болдырмау мақсатында Одақтың осы үшінші тараппен еркін сауда режимін белгілеу туралы халықаралық шартында арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларынан ерекшеленетін, оның ішінде ауыл шаруашылық тауарларының импортына қатысты ішкі нарықты қорғау шараларын екіжақты негізде қолдану құқығы көзделуі мүмкін.

Осындай шараларды қолдану туралы шешімді Комиссия қабылдайды.

## **Х бөлім**

### **ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ**

#### **51-бап Техникалық реттеудің жалпы қағидаттары**

1. Одақ шеңберінде техникалық реттеу мынадай:

1) өнімге немесе өнім мен өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (ізвестіруді қоса алғанда), өндіру, құрылыс, монтаждау, ретке келтіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, іске асыру және кәдеге жарату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілеу;

2) Одақ шеңберінде өзіне қатысты міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесіне (бұдан әрі - бірыңғай тізбе) енгізілген өнімдерге қойылатын, Одақтың техникалық регламенттеріндегі бірыңғай міндетті талаптарды немесе мүше мемлекеттердің заңнамасындағы ұлттық міндетті талаптарды белгілеу;

3) мүше мемлекеттерде Одақтың техникалық регламенттерін алып тастауларсыз қолдану және орындау;

4) Одақ шеңберінде техникалық реттеудің мүше мемлекеттердің экономикалық даму деңгейіне және ғылыми-техникалық даму деңгейіне сәйкестігі;

5) мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдарының, мүше мемлекеттердің сәйкестікті растау жөніндегі органдарының және мүше мемлекеттердің қадағалау (бақылау) жөніндегі органдарының дайындаушылардан, сатушылардан, орындаушылардан және сатып алушылардан, оның ішінде тұтынушылардан тәуелсіздігі;

6) сәйкестікті міндетті бағалау рәсімдерін жүргізу кезінде зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер қағидалары мен әдістерінің бірлігі;

7) мәмілелердің түрлеріне және (немесе) ерекшеліктеріне қарамастан, Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын қолданудың біртұтастығы;

8) сәйкестікті бағалауды жүзеге асыру кезінде бәсекелестікті шектеуге жол бермеушілік;

9) мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру негізінде Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру;

- 10) стандарттарды қолданудың еріктілігі;
- 11) мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу және қолдану;
- 12) мемлекетаралық стандарттарды халықаралық және өңірлік стандарттармен үйлестіру;
- 13) сәйкестікке міндетті бағалау жүргізу қағидалары мен рәсімдерінің біртұтастығы ;
- 14) Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын, сәйкестікке бағалау жүргізу қағидалары мен рәсімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеу бөлігінде мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіруді қамтамасыз ету;
- 15) Одақ шеңберінде өлшемдердің біртұтастығын қамтамасыз ету саласында келісілген саясат жүргізу;
- 16) кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін артық кедергілерді белгілеуге жол бермеу;
- 17) жаңа талаптар мен құжаттарға кезең-кезеңмен өту мақсатында өтпелі ережелер белгілеу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы бөлімнің ережелері санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды белгілеуге және қабылдауға қолданылмайды.

3. Одақ шеңберіндегі техникалық реттеудің тәртібі, қағидалары мен рәсімдері осы Шартқа № 9 қосымшаға сәйкес белгіленеді.

4. Одақ шеңберінде өлшемдердің біртұтастығын қамтамасыз ету саласындағы келісілген саясат осы Шартқа № 10 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 51-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **52-бап Одақтың техникалық регламенттері және стандарттар**

1. Одақ шеңберінде адам өмірін және (немесе) денсаулығын, мүлікті, қоршаған ортаны, жануарлардың тіршілігін және (немесе) денсаулығын, өсімдіктерді қорғау, тұтынушыларды шатастыратын әрекеттердің алдын алу мақсатында, сондай-ақ энергетикалық тиімділік пен ресурс үнемдеуді қамтамасыз ету мақсатында Одақтың техникалық регламенттері қабылданады.

Одақтың техникалық регламенттерін өзге мақсаттарда қабылдауға жол берілмейді.

Одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою тәртібін Комиссия бекітеді.

Одақтың техникалық регламенттері немесе ұлттық міндетті талаптар Комиссия бекітетін бірыңғай тізбеге енгізілген өнімге қатысты ғана қолданылады.

Бірыңғай тізбені қалыптастыру және жүргізу тәртібін Комиссия бекітеді.

Мүше мемлекеттер өз заңнамасында бірыңғай тізбеге енгізілмеген өнімге қатысты міндетті талаптар белгілеуге жол бермейді.

2. Одақтың техникалық регламенттері Одақ аумағында тікелей қолданылады.

Одақ қабылдаған техникалық регламенті қолданысқа енгізудің тәртібі және өтпелі ережелер Одақтың техникалық регламентінде және (немесе) Комиссияның актісінде айқындалады.

3. Одақтың техникалық регламентінің талаптарын орындау және Одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестікті бағалау үшін ерікті түрде халықаралық, өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда (өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар қабылданғанға дейін) - мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары қолданылуы мүмкін.

**Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

### **53-бап Өнімнің айналысы және Одақтың техникалық регламенттерінің қолданысы**

1. Одақтың аумағында айналысқа шығарылатын өнім қауіпсіз болуға тиіс.

Өзіне қойылатын талаптар Одақтың техникалық регламенттерінде белгіленбеген өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен оның айналысының қағидалары мен тәртібі Одақ шеңберіндегі халықаралық шартпен айқындалады.

2. Өзіне қатысты Одақтың техникалық регламенті (Одақтың техникалық регламенттері) күшіне енген өнім Одақтың техникалық регламентінде (Одақтың техникалық регламенттерінде) белгіленген сәйкестікті бағалаудың қажетті рәсімдерінен өткен жағдайда Одақтың аумағында айналысқа шығарылады.

Мүше мемлекеттер Одақтың техникалық регламентінің (Одақтың техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкес келетін өнімнің өз аумағындағы айналысын осындай өнімге Одақтың техникалық регламентінде (Одақтың техникалық регламенттерінде) қамтылған талаптарға қатысты қосымша талаптар қоймай және қосымша сәйкестікті бағалау рәсімдерін өткізбей қамтамасыз етеді.

Осы тармақтың екінші абзацының ережелері санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қабылдауға қолданылмайды.

3. Одақтың техникалық регламенті күшіне енген күннен бастап мүше мемлекеттер аумақтарында мүше мемлекеттердің заңнамасында немесе Комиссияның актілерінде белгіленген, өнімге немесе өнім мен өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (іздістіруді қоса алғанда), шығару, құрылыс, монтаждау, ретке келтіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, іске асыру және кәдеге жарату процестеріне қойылатын тиісті міндетті талаптар өтпелі ережелерде анықталған бөлікте ғана қолданылады және Одақтың техникалық регламентінде және (немесе) Комиссияның актісінде айқындалған өтпелі ережелердің қолданысы аяқталған күннен бастап өнімді айналысқа шығару, техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалау, Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) үшін қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші абзацының ережелері санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қабылдауға қолданылмайды.

Одақтың техникалық регламенттері күшіне енген күнге дейін Комиссия актілерінде белгіленген, өнімге немесе өнім мен өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (ізвестіруді қоса алғанда), шығару, құрылыс, монтаждау, ретке келтіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, іске асыру және кәдеге жарату процестеріне қойылатын міндетті талаптар Одақтың техникалық регламенттеріне енгізіледі.

4. Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) саласында мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру қағидаттары мен тәсілдері Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта айқындалады.

5. Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталмағаны үшін, сондай-ақ өнімнің Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу рәсімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Ұқсас (салыстырмалы) реттеуді белгілеу мақсатында мүше мемлекеттердің заңнамасында өнімге қойылатын міндетті талаптарды, сәйкестікті міндетті бағалауды жүргізу қағидалары мен рәсімдерін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеуге қатысты жалпы қағидаттар мен тәсілдерді Жоғары кеңес айқындайды.

**Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

#### **54-бап Аккредиттеу**

1. Одақ шеңберінде аккредиттеу мынадай:

1) аккредиттеу саласындағы қағидалар мен тәсілдерді халықаралық стандарттармен үйлестіру;

2) аккредиттеудің еріктілігін, аккредиттеу рәсімдері, қағидалары мен нәтижелері туралы ақпараттың ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдарының объективтілігін, бейтараптығы мен құзыреттілігін қамтамасыз ету;

4) аккредиттеуге өтінім берушілер үшін аккредиттеуге және аккредиттеу кезінде алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге қатысты тең жағдайларды қамтамасыз ету;

5) мүше мемлекеттердің сәйкестікті бағалау жөніндегі аккредиттелген органдарының (оның ішінде сертификаттау жөніндегі органдардың, сынақ

зертханаларының (орталықтарының)) қызметін бақылауды жүзеге асыруды қоспағанда, мүше мемлекеттің бір органының аккредиттеу жөніндегі өкілеттіктерді мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі өкілеттіктермен қоса атқаруына жол бермеу;

б) мүше мемлекеттің бір органының аккредиттеу және сәйкестікті бағалау жөніндегі өкілеттіктерді қоса атқаруына жол бермеу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды аккредиттеуді мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осы қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берілген, мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдары жүргізеді.

3. Бір мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі органы басқа мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдарымен бәсекелеспеуге тиіс.

Мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдарының бәсекелестігіне жол бермеу үшін бір мүше мемлекеттің сәйкестікті бағалау жөніндегі органы аккредиттеу мақсатында аумағында аккредиттеу жөніндегі орган заңды тұлға ретінде тіркелген сол мүше мемлекеттің осы органына өтініш жасайды.

Егер бір мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі органына басқа мүше мемлекеттің аумағында заңды тұлға ретінде тіркелген сәйкестікті бағалау жөніндегі орган аккредиттеу мақсатында өтініш жасаған жағдайда, осы аккредиттеу жөніндегі орган бұл туралы аумағында сәйкестікті бағалау жөніндегі орган тіркелген сол мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі органына хабарлайды. Көрсетілген жағдайда, егер аумағында сәйкестікті бағалау жөніндегі осы орган тіркелген мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі органы талап етілетін салада аккредиттеуді жүзеге асырмайтын болса, мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдарының аккредиттеу жүргізуіне жол беріледі. Бұл ретте аумағында сәйкестікті бағалау жөніндегі орган тіркелген мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі органының байқаушы ретінде болуға құқығы бар.

4. Мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдары қолданылатын рәсімдердің тең мәнділігіне қол жеткізу мақсатында өзара салыстырмалы бағалауды жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдарының өзара салыстырмалы бағалауды жүзеге асыру тәртібін Комиссия Кеңесі бекітеді.

Мүше мемлекеттердің сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарын аккредиттеу жөніндегі жұмыс нәтижелерін тану осы Шартқа № 11 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 54-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

## **55-бап Үшінші елдермен өзара саудада техникалық кедергілерді жою**

Үшінші елдермен өзара саудада техникалық кедергілерді жоюдың тәртібі мен шарттары Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта айқындалады.



## **XI бөлім**

### **САНИТАРИЯЛЫҚ, ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КАРАНТИНДІК ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ШАРАЛАР, ШҰҒЫЛ ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ШАРАЛАР**

**Ескерту. XI-бөлімнің тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

#### **56-бап Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолданудың жалпы қағидаттары**

1. Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар ғылыми негіздемесі бар қағидаттар негізінде және бұл адам өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау үшін қажет болатын дәрежеде ғана қолданылады.

Тиісті ғылыми негіздеменің негізінде тиісті халықаралық және өңірлік стандарттар, нұсқамалар және (немесе) ұсынымдар базасындағы шараларға қарағанда санитариялық, ветеринариялық-санитариялық немесе карантиндік фитосанитариялық қорғаудың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ететін санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізілген жағдайларды қоспағанда, Одақ шеңберінде қолданылатын санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар халықаралық және өңірлік стандарттарға, нұсқамаларға және (немесе) ұсынымдарға негізделеді.

2. Одақ шеңберінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын, сондай-ақ ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану саласында келісілген саясат жүргізіледі.

3. Келісілген саясат мүше мемлекеттердің санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану саласындағы халықаралық шарттарды және Комиссияның актілерін бірлесіп әзірлеуі, қабылдауы және іске асыруы арқылы жүзеге асырылады.

4. Әрбір мүше мемлекеттің уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды әзірлеуге және енгізуге құқығы бар.

Уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимыл жасасу тәртібін Комиссия бекітеді.

5. Жануарларды және жануарлардан алынатын өнімді сәйкестендіруді, тіркеуді және бақылауды жүргізу кезінде келісілген тәсілдер Комиссияның актілеріне сәйкес қолданылады.

6. Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану және мүше мемлекеттердің санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар саласындағы уәкілетті органдарының өзара іс-қимыл жасасуы осы Шартқа № 12 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **57-бап Санитариялық шараларды қолдану**

1. Санитариялық шаралар адамдарға, көлік құралдарына, сондай-ақ Комиссия актілеріне сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдердің (тауарлардың) бірыңғай тізбесіне енгізілген, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудағы (бақылаудағы) өнімдерге (тауарларға) қатысты қолданылады.

2. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдерге (тауарларға) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар мен рәсімдер белгіленеді.

Өздеріне қатысты Одақтың техникалық регламенттері әзірленетін өнімдерге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар Комиссияның актілеріне сәйкес Одақтың техникалық регламенттеріне енгізіледі.

3. Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар мен рәсімдерді әзірлеу, бекіту, өзгерту және қолдану тәртібін Комиссия бекітеді.

4. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету мақсатында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдар мүше мемлекеттердің заңнамасына және Комиссияның актілеріне сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды (бақылауды) тәуекелді бағалауды қолдана отырып жүзеге асырады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдар мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (бақылау) шеңберінде Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды (бақылауды) жүзеге асыруы мүмкін.

**Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

#### **58-бап Ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану**

1. Ветеринариялық-санитариялық шаралар Комиссия бекітетін ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген, Одақтың

кедендік аумағына әкелінетін және Одақтың кедендік аумағында орын ауыстыратын тауарларға (оның ішінде жеке пайдалануға арналған тауарларға) қатысты, сондай-ақ ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге қатысты қолданылады.

2. Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға және объектілерге Комиссия бекітетін бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар қолданылады.

3. Жануарлардың жұқпалы ауруларын, оның ішінде адам мен жануарларға ортақ ауруларды қоздырғыштардың және бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес келмейтін тауарлардың әкелінуін және таралуын болдырмау мақсатында, жеке пайдалануға арналған тауарларды қоса алғанда, ветеринариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) тауарларға, сондай-ақ Комиссияның актілеріне сәйкес ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге ветеринариялық бақылау (қадағалау) жүзеге асырылады.

Жануарлардың аса қауіпті, карантиндік және зооноздық аурулары ошақтарын профилактикалау, диагностикалау, оқшаулау және жою кезінде мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылы Комиссия белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Ветеринария саласындағы уәкілетті органдар ветеринариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) тауарларды Одақтың кедендік шекарасы арқылы мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекараларындағы өткізу пункттерінен не мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ветеринариялық бақылау (қадағалау) құралдарымен жабдықталған және жарақталған, мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалған өзге де жерлерден өткізу кезінде ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырады.

5. Ветеринариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) тауарлардың әрбір партиясы Одақтың кедендік аумағына Комиссия бекітетін бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес және көрсетілген тауарлар аумағына әкелінетін мүше мемлекеттің ветеринария саласындағы органы берген рұқсаты және (немесе) көрсетілген тауарды жөнелтуші елдің құзыретті органы берген ветеринариялық сертификаты болған кезде әкелінеді.

6. Ветеринариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) тауарлар бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес тасымалданады. Егер Комиссия өзгеше белгілемеген болса, көрсетілген тауарларда ветеринариялық сертификаты бірге болады.

Мүше мемлекеттер Комиссия бекітетін бірыңғай нысандар бойынша ветеринария саласындағы уәкілетті орган беретін ветеринариялық сертификаттарды өзара мойындайды.

7. Ветеринариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі қағидаты оларды үшінші елдерде шығару, қайта өңдеу,

тасымалдау және (немесе) сақтау кезінде шетелдік ресми қадағалау жүйесінің аудитін жүргізу болып табылады.

Ветеринария саласындағы уәкілетті органдар ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге Комиссияның актілеріне сәйкес қадағалау мен тексерудің (инспекциялаудың) шетелдік ресми жүйесінің аудитін жүргізеді.

8. Мүше мемлекеттер тиісті халықаралық ұйымдардан, мүше мемлекеттерден, сондай-ақ үшінші елдерден үшінші елдердің немесе мүше мемлекеттердің аумақтарында эпизоотиялық ахуалдың нашарлауы туралы ресми ақпарат алған жағдайда, олардың уақытша ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен шараларды әзірлеуге және енгізуге құқығы бар.

Көрсетілген ақпарат болған жағдайда, бірақ ғылыми тұрғыда жеткілікті негіздеу болмаған немесе оны қажетті мерзім ішінде ұсыну мүмкін болмаған кезде мүше мемлекеттер кідіріссіз ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдана алады.

### **59-бап Карантиндік фитосанитариялық шаралар**

1. Карантиндік фитосанитариялық шаралар Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын карантинге жатқызылған өнімдердің (карантинге жатқызылған жүктердің, карантинге жатқызылған материалдардың, карантинге жатқызылған тауарлардың) тізбесіне (бұдан әрі - карантинге жатқызылған өнім тізбесі) енгізілген өнімге, Одақтың карантиндік объектілерінің, сондай-ақ карантинге жатқызылған объектілердің бірыңғай тізбесіне енгізілген карантиндік объектілерге қатысты қолданылады.

2. Одақтың кедендік аумағында және Одақтың кедендік шекарасында карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) карантинге жатқызылған өнімнің тізбесіне енгізілген өнімге, Одақтың карантиндік объектілерінің, сондай-ақ карантинге жатқызылған объектілердің бірыңғай тізбесіне енгізілген карантиндік объектілерге қатысты жүзеге асырылады.

3. Карантинге жатқызылған өнімнің тізбесін, Одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесін және бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарды Комиссия бекітеді.

### **59<sup>1</sup>-бап Шұғыл фитосанитариялық шаралар**

1. Шұғыл фитосанитариялық шаралар Одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесіне енгізілмеген және фитосанитариялық қауіп төндіретін зиянды организмдерге қатысты тиісті зиянды организмдер көрсетілген тізбеге енгізілгенге дейінгі кезеңге не зиянды организмдерге қатысты мұндай қауіптің жоқтығын растайтын фитосанитариялық қауіпті талдау нәтижесі алынғанға дейін қолданылады.

2. Мүше мемлекет мынадай жағдайларда:

1) фитосанитариялық шараларды қолданудың тиісті және жеткілікті ғылыми негіздемесі болмағанда немесе тиісті халықаралық ұйымдардан, мүше мемлекеттерден, сондай-ақ үшінші елдерден қабылданатын фитосанитариялық шаралар туралы ресми ақпарат алған кезде мұндай негіздемені қажетті мерзімдерде ұсыну мүмкін болмағанда;

2) зиянды организмдерге қатысты осындай қауіптің болуын растайтын фитосанитариялық тәуекелді талдау нәтижесін алғанда шұғыл фитосанитариялық шараларды енгізуге құқылы.

3. Шұғыл фитосанитариялық шараны енгізетін мүше мемлекет бұл туралы Комиссияны, басқа мүше мемлекеттерді хабардар етеді және Одақтың кедендік аумағында осындай шараны енгізу туралы тиісті негіздемені ұсына отырып, Комиссияға ұсыныс енгізеді.

Комиссия мүше мемлекеттердің шұғыл фитосанитариялық шараны енгізу туралы ұсыныстарын қарайды және қарау қорытындысы бойынша Одақтың кедендік аумағында осындай шараны енгізу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

4. Мүше мемлекеттер Комиссия бекітетін тәртіппен шұғыл фитосанитариялық шараларды енгізу мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

**Ескерту. 59<sup>1</sup>-баппен толықтырылды – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

## **XII бөлім**

### **ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ**

#### **60-бап Тұтынушылардың құқықтарын қорғау кепілдігі**

1. Мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасында, сондай-ақ осы Шартта тұтынушылардың құқықтарына және олардың қорғалуына кепілдік беріледі.

2. Мүше мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ олардың аумақтарында тұратын өзге де адамдар басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында осы басқа мүше мемлекеттердің азаматтары секілді құқықтық қорғауды пайдаланады және олардың осы басқа мүше мемлекеттердің азаматтарына жасалғандай жағдайларда тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға, басқа да ұйымдарға, сондай-ақ соттарға жүгінуге және (немесе) өзге де процестік әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

#### **61-бап Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы саясат**

1. Мүше мемлекеттер тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында мүше мемлекеттердің азаматтары үшін олардың мүдделерін шаруашылық жүргізуші субъектілердің жосықсыз әрекетінен қорғау бойынша тең жағдайлар қалыптастыруға бағытталған келісілген саясат жүргізеді.

2. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында келісілген саясат жүргізу осы Шартпен және осы Шартқа № 13 қосымшаға сәйкес қағидаттар негізінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы мүше мемлекеттердің заңнамасымен қамтамасыз етіледі.

3. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында келісілген саясат жүргізу шеңберінде Комиссия мүше мемлекеттермен бірлесіп мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы бірлескен іс-қимыл бағдарламасын әзірлейді, оны Үкіметаралық кеңес бекітеді.

4. Комиссия мүше мемлекеттермен бірлесіп, мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы бірлескен іс-қимыл бағдарламасының іске асырылуының мониторингін жүзеге асырады.

**Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

## **ҮШІНШІ БӨЛІК**

### **БІРЫҢҒАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК**

#### **XIII бөлім**

### **МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ**

#### **62-бап Келісілген макроэкономикалық саясаттың негізгі бағыттары**

1. Одақ шеңберінде мүше мемлекеттер экономикаларының теңгерімді дамуына қол жеткізу мақсатында мүше мемлекеттердің бірлескен әрекеттерін әзірлеуді және іске асыруды көздейтін келісілген макроэкономикалық саясат жүргізіледі.

2. Мүше мемлекеттердің келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізуін үйлестіруді осы Шартқа № 14 қосымшаға сәйкес Комиссия жүзеге асырады.

3. Мүше мемлекеттер жүргізетін келісілген макроэкономикалық саясаттың негізгі бағыттарына:

1) Одақтың интеграциялық әлеуетін және әрбір мүше мемлекеттің бәсекелестік артықшылықтарын пайдалана отырып, мүше мемлекеттер экономикаларының орнықты дамуын қамтамасыз ету;

2) мүше мемлекеттер экономикаларының жұмыс істеуінің бірыңғай қағидаттарын қалыптастыру және олардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

3) макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуді қоса алғанда, мүше мемлекеттер экономикаларының ішкі орнықтылығын, сондай-ақ сыртқы әсерге қатысты орнықтылықты арттыру үшін жағдайлар жасау;

4) мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау үшін ортақ қағидаттар мен бағдарларды әзірлеу кіреді.

4. Келісілген макроэкономикалық саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру осы Шартқа № 14 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

## **63-бап Экономикалық дамудың орнықтылығын айқындайтын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер**

Мүше мемлекеттер экономикалық саясатты экономикалық дамудың орнықтылығын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің мынадай:

мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің жылдық тапшылығы - жалпы ішкі өнімнің 3 пайызынан аспайтын;

мемлекеттік басқару секторының борышы - жалпы ішкі өнімнің 50 пайызынан аспайтын;

жылдық мәндегі (алдыңғы жылғы желтоқсан айына шаққанда желтоқсан айында, пайызбен) инфляция деңгейі (тұтыну бағаларының индексі) — осы көрсеткіш ең төмен мәнге ие мүше мемлекеттегі инфляция деңгейінің 5 пайыздық пунктiнен аспайтын сандық мәндері шеңберінде қалыптастырады.

### **XIV бөлім**

## **ВАЛЮТАЛЫҚ САЯСАТ**

### **64-бап Келісілген валюталық саясаттың мақсаттары мен қағидаттары**

1. Мүше мемлекеттер экономикалық интеграцияны тереңдету, валюта-қаржы саласындағы ынтымақтастықты дамыту, мүше мемлекеттер аумағында тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету, мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарының сыртқы сауда операцияларындағы және инвестициялық операциялардағы рөлін арттыру, сондай-ақ көрсетілген валюталардың өзара айырбасталуын қамтамасыз ету мақсатында мынадай:

1) валюталық саясатты қалыптастыру мен жүргізуге арналған тәсілдерді интеграциялық ынтымақтастықтың қалыптасқан макроэкономикалық қажеттіліктеріне сәйкес келетіндей көлемде үйлестіру мен жақындастыруды кезең-кезеңмен жүзеге асыру;

2) валюта саласындағы интеграциялық процестерді дамыту, валюталық саясатты үйлестіру және келісу үшін ұлттық және мемлекетаралық деңгейлерде қажетті ұйымдастырушылық-құқықтық жағдайлар жасау;

3) валюта саласында интеграциялық процестерді дамытуға теріс әсер етуі мүмкін әрекеттерді қолданбау, ал оларды қолдануға мәжбүр болған жағдайда - осындай әрекеттердің салдарын барынша азайту;

4) әрбір мүше мемлекеттің ішкі валюта нарығында, сондай-ақ халықаралық валюта нарықтарында мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарына деген сенімді арттыруға бағытталған экономикалық саясатты жүргізу қағидаттарының негізінде келісілген валюталық саясатты әзірлейді және жүргізеді.

2. Мүше мемлекеттер келісілген валюталық саясатты жүргізу мақсатында осы Шартқа № 15 қосымшаға сәйкес шараларды іске асырады.

3. Бағамдық саясатты үйлестіруді құрамына мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің басшылары кіретін және қызметінің тәртібі Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта айқындалатын жеке орган жүзеге асырады.

4. Мүше мемлекеттердің валюталық құқықтық қатынастарды реттеуге және ырықтандыру шараларын қабылдауға қатысты келісілген тәсілдері Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта айқындалады.

## **XV бөлім**

### **КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САУДАСЫ, ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚҰРУ, ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

#### **65-бап Реттеу мақсаты мен нысанасы, қолданылу саласы**

1. Осы бөлімнің мақсаты осы бөлімнің және осы Шартқа № 16 қосымшаның талаптарына сәйкес Одақ шеңберінде көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру еркіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

Мүше мемлекеттерде көрсетілетін қызметтер саудасын, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды реттеудің құқықтық негіздері осы Шартқа № 16 қосымшада айқындалады.

2. Осы бөлімнің ережелері мүше мемлекеттердің көрсетілетін қызметтерді беруді және алуды, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды қозғайтын шараларына қолданылады.

Осы бөлімнің ережелері:

осы Шарттың XXII бөлімінде реттелетін мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуға; мемлекеттік билік функцияларын орындау үшін көрсетілетін қызметтер беруге және жүзеге асырылатын қызметтерге қолданылмайды.

3. Осы Шарттың XVI, XIX, XX және XXI бөлімдерінде қамтылатын көрсетілетін қызметтер тиісінше осы бөлімдердің ережелерімен реттеледі. Осы бөлімнің ережелері көрсетілген бөлімдерге қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

4. Электр байланысының көрсетілетін қызметтерімен саудаға байланысты туындайтын құқықтық қатынастардың ерекшеліктері Электр байланысының көрсетілетін қызметтерімен сауда тәртібіне (осы Шарттың № 16 қосымшасына № 1 қосымша) сәйкес айқындалады.

5. Жеке тұлғалардың келу, кету, болу және еңбек қызметі ерекшеліктері осы бөлімге қайшы келмейтін бөлігінде осы Шарттың XXVI бөлімінде реттеледі.

6. Осы бөлімдегі ешнәрсе:

1) кез келген мүше мемлекетке ол ашылуын өз қауіпсіздігінің маңызды мүдделеріне қайшы келеді деп қарастыратын қандай да бір ақпаратты оның беруі жөніндегі талап;



2) кез келген мүше мемлекеттің өз қауіпсіздігінің маңызды мүдделерін қорғау үшін қажет деп есептейтін кез келген, оның ішінде:

әскери мекемені жабдықтау мақсатында тікелей немесе жанама түрде жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметтерді беруге қатысты;

жарылатын немесе термоядролық материалдарға немесе олар алынған материалдарға жататын;

соғыс уақытында немесе басқа да төтенше мән-жайларда халықаралық қатынастарда қабылданған әрекеттерді заңнамалық акт қабылдау арқылы қолдануына кедергі;

3) кез келген мүше мемлекеттің халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес өз міндеттемелерін орындау үшін кез келген әрекеттерді қолдануына кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

#### 7. Осы бөлімнің ережелері мүше мемлекеттің:

1) қоғамдық моральды қорғау немесе қоғамдық тәртіпті ұстап тұру үшін қажетті шараларды қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтірмейді. Қоғамның негізгі мүдделерінің біріне қатысты шынайы және жеткілікті түрде елеулі қауіп-қатер қалыптасқан жағдайда, қоғамдық тәртіп пайымдаулары бойынша ерекшелік қолданылуы мүмкін;

2) адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін қажетті;

#### 3) мыналарға:

жаңылысуға ұшырататын және жосықсыз практиканы немесе азаматтық-құқықтық шарттардың сақталмау салдарын болдырмауға;

жеке сипаттағы мәліметтерді өңдеу және тарату кезінде жекелеген тұлғалардың жеке өміріне араласудан қорғауға және жеке өмірі мен шоттары туралы мәліметтердің құпиялылығын қорғауға;

қауіпсіздікке қатысы бар шараларды қоса алғанда, осы бөлімнің ережелеріне қайшы келмейтін, мүше мемлекеттердің заңнамасын сақтау үшін қажетті;

4) іс жүзінде ұсынылатын режимдегі айырмашылық көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруға және қызметіне қатысты әділ немесе тиімді тікелей салықтар салуды және оларды басқа мүше мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттердің тұлғаларынан алуды қамтамасыз етуге талпынумен байланысты болған жағдайда, осы Шартқа № 16 қосымшаның 21 және 24-тармақтарымен үйлеспейтін шараларды қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтірмейді және мұндай шаралар мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарының ережелеріне қайшы келмеуге тиіс;

5) режимге қатысты айырмашылық тиісті мүше мемлекет қатысушысы болып табылатын салық салу мәселелері бойынша, оның ішінде қосарланған салық салуды

болдырмау туралы келісімнің нәтижесі болып табылған жағдайда, осы Шартқа № 16 қосымшаның 27 және 29-тармақтарымен үйлеспейтін шараларды қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтірмейді.

8. Осы баптың 7-тармағында көзделген шараларды қолдану мүше мемлекеттер арасында жөнсіз немесе ақталмаған кемсітушілікке немесе көрсетілетін қызметтер саудасында, инвестициялар құруда, қызметінде және инвестицияларды жүзеге асыруда жасырын шектеулерге әкеп соқпауға тиіс.

9. Егер мүше мемлекет үшінші мемлекетке қатысты көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруға, қызметіне және инвестицияларды жүзеге асыруға қатысты шектеулерді немесе тыйымдарды сақтаса, осы бөлімдегі ешнәрсе мұндай мүше мемлекетті басқа мүше мемлекеттің тұлғаларына, егер мұндай тұлға көрсетілген үшінші мемлекеттің тұлғасына тиесілі болса немесе оның бақылауында болса, ал осы бөлімнің ережелерін қолдану көрсетілген тыйымдар мен шектеулерді айналып өтуге немесе бұзуға әкеп соғатын болса, осы бөлімнің ережелерін қолдануға міндеттейтіндей болып түсіндірілмеуге тиіс.

10. Мүше мемлекет өзі осы бөлімге сәйкес қабылдайтын өз міндеттемелерін басқа мүше мемлекеттің тұлғасына, егер басқа мүше мемлекеттің тұлғасы осы басқа мүше мемлекеттің аумағында елеулі іскерлік операцияларды жүзеге асырмайтындығы және оның бірінші мүше мемлекеттің тұлғасына немесе үшінші мемлекет тұлғасына тиесілі екені немесе оның бақылауында екені дәлелденетін болса, көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруға, қызметіне және инвестицияларды жүзеге асыруға қатысты қолдана алмайды.

#### **66-бап Көрсетілетін қызметтер саудасын, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды ырықтандыру**

1. Мүше мемлекеттер басқа мүше мемлекеттер тұлғаларының көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруына және қызметіне қатысты, осы Шарт күшіне енген күні қолданыста болған режиммен салыстырғанда жаңа кемсітушілік шараларын енгізбейді.

2. Көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттер көрсетілетін қызметтердің өзара саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру жағдайларын кезең-кезеңмен ырықтандыруды жүргізеді.

3. Мүше мемлекеттер осы Шартқа № 16 қосымшаның 38 - 43-тармақтарында көзделген көрсетілетін қызметтердің бірыңғай нарығын құруға және оның барынша көп қызметтер секторында жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

## **67-бап Көрсетілетін қызметтер саудасын, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды ырықтандыру қағидаттары**

1. Көрсетілетін қызметтер саудасын, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды ырықтандыру мүше мемлекеттердің заңнамаларын үйлестіру және мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының өзара әкімшілік ынтымақтастығын ұйымдастыру арқылы, халықаралық қағидаттар мен стандарттарды ескере отырып, жүзеге асырылады.

2. Көрсетілетін қызметтер саудасын, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды ырықтандыру процесінде мүше мемлекеттер мынадай:

1) ішкі реттеуді оңтайландыру - шамадан тыс ішкі реттеуді, оның ішінде көрсетілетін қызметтерді берушілер, алушылар, инвестициялар құруды немесе қызметін жүзеге асыратын тұлғалар және инвесторлар үшін рұқсат беру талаптары мен рәсімдерін көрсетілетін қызметтердің нақты секторларын реттеудің озық халықаралық практикасын ескере отырып, ала ол болмаған жағдайда - мүше мемлекеттердің неғұрлым прогрессивті модельдерін таңдау және қолдану арқылы кезең-кезеңмен оңайлату және (немесе) жою;

2) пропорционалдық - көрсетілетін қызметтер нарығының, инвестициялар құрудың, қызметінің немесе инвестицияларды жүзеге асырудың тиімді жұмыс істеуі үшін мүше мемлекеттер заңнамасын үйлестіру мен өзара әкімшілік ынтымақтастық деңгейлерінің қажетті және жеткілікті болуы;

3) өзара тиімділік - көрсетілетін қызметтер саудасын, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды әрбір мүше мемлекет үшін көрсетілетін қызметтер секторларының және қызмет түрлерінің зәрулігін ескере отырып, пайда мен міндеттемелерді әділ бөлу негізінде ырықтандыру;

4) дәйектілік көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруға, қызметіне немесе инвестицияларды жүзеге асыруға қатысты кез келген шараларды қабылдау, оның ішінде:

көрсетілетін қызметтер секторларының және қызмет түрлерінің ешқайсысында өзара қол жеткізу жағдайларын осы Шартқа қол қою күніне қолданыста болған жағдайлармен және осы Шартта бекітілген жағдайлармен салыстырғанда нашарлатуға жол берілмейтінін;

осы Шартқа № 16 қосымшаның 2-тармағының 4-абзацында және 15 - 17, 23, 26, 28, 31, 33 және 35-тармақтарында көрсетілген, Жоғары кеңес бекітетін шектеулердің, алып тастаулардың, қосымша талаптар мен жағдайлардың жеке ұлттық тізбелерінде көзделген шектеулердің, алып тастаулардың, қосымша талаптар мен жағдайлардың кезең-кезеңмен қысқартылуын негізге ала отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру және әкімшілік ынтымақтастық;

5) экономикалық орындылық - осы Шартқа № 16 қосымшаның 38 - 43-тармақтарында көзделген көрсетілетін қызметтердің бірыңғай нарығын қалыптастыру шеңберінде Одақтың ішкі нарығында шығарылатын және өткізілетін тауарлардың өзіндік құнына, бәсекеге қабілеттілігіне және (немесе) көлеміне неғұрлым жоғары деңгейде әсер ететін көрсетілетін қызметтер секторларына қатысты көрсетілетін қызметтер саудасына басым тәртіппен ырықтандыру жүргізу қағидаттарын басшылыққа алады.

## **68-бап Әкімшілік ынтымақтастық**

1. Мүше мемлекеттер осы бөлімде реттелетін мәселелер бойынша құзыретті органдар арасында тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуде бір-біріне жәрдемдеседі.

Мүше мемлекеттердің құзыретті органдары ынтымақтастықтың тиімділігін қамтамасыз ету үшін, оның ішінде ақпарат алмасу үшін келісімдер жасасады.

2. Әкімшілік ынтымақтастық:

1) мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасында көрсетілетін қызмет секторлары бойынша тұтастай да, нарыққа нақты қатысушыларға қатысты да жедел ақпарат алмасуды;

2) көрсетілетін қызметтерді берушілердің тұтынушылардың, нарықтың адал субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ қоғамдық (мемлекеттік) мүдделерді бұзуының алдын алу тетігін жасауды қамтиды.

3. Мүше мемлекеттің құзыретті органдары жасалған келісімдер шеңберінде басқа мүше мемлекеттердің құзыретті органдарынан олардың құзыреті саласына жататын және осы бөлімде көзделген талаптарды тиімді іске асыру үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде:

1) бірінші мүше мемлекеттің аумағында көрсетілетін қызметтерді құруды жүзеге асырған немесе беретін осы басқа мүше мемлекеттердің тұлғалары туралы және атап айтқанда, олардың аумағында осындай тұлғалардың шын мәнінде құрылғанын растайтын және құзыретті органдардың мәліметтері бойынша бұл тұлғалар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратынын растайтын мәліметтер туралы;

2) құзыретті органдар берген рұқсаттар және жүзеге асырылуы үшін рұқсат берілген қызмет түрлері туралы;

3) құзыретті органдар осы тұлғаға қатысты қабылдаған және оның құзыреттілігін немесе іскерлік беделін тікелей қозғайтын, тұлғаның дәрменсіздігін (банкроттығын) тану туралы әкімшілік шаралар, қылмыстық-құқықтық санкциялар немесе шешімдер туралы ақпаратты сұрата алады. Бір мүше мемлекеттің құзыретті органдары тиісті ақпаратты, оның ішінде бірінші мүше мемлекеттің аумағында көрсетілетін қызметтерді

құруды жүзеге асырған немесе беретін тұлғаларды жауаптылыққа тарту негіздері туралы ақпаратты оны сұратқан басқа мүше мемлекеттің құзыретті органдарына ұсынуға тиіс.

4. Мүше мемлекеттер құзыретті органдарының (оның ішінде қызметті бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын) әкімшілік ынтымақтастығы:

1) басқа мүше мемлекеттің көрсетілетін қызметтерді берушісі осы көрсетілетін қызметтерді берген кезде бір мүше мемлекеттің көрсетілетін қызметтерді алушыларының құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесін жасау;

2) көрсетілетін қызметтерді берушілер мен алушылардың салық және өзге міндеттемелерін орындауы;

3) жосықсыз іскерлік практиканың жолын кесу;

4) мүше мемлекеттердің көрсетілетін қызметтер көлемі туралы статистикалық деректерінің анықтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

5. Егер мүше мемлекетке кез келген көрсетілетін қызметтерді берушілердің, инвестициялар құруды немесе қызметін жүзеге асыратын тұлғалардың не инвесторлардың осы мүше мемлекеттің аумағындағы немесе басқа мүше мемлекеттердің аумағындағы адамдардың, жануарлардың, өсімдіктердің денсаулығына немесе қауіпсіздігіне немесе қоршаған ортаға нұқсан келтіре алатын әрекеттері туралы белгілі болса, бірінші мүше мемлекет бұл туралы ең қысқа мерзімдерде барлық мүше мемлекеттерге және Комиссияға хабарлайды.

6. Комиссия осы бөлімде реттелетін мәселелер бойынша Одақтың ақпараттық жүйелерін құруға жәрдемдеседі және олардың жұмыс істеу процесіне қатысады.

7. Мүше мемлекеттер осы бапта көзделген міндеттемелерді басқа мүше мемлекеттердің орындамау жағдайлары туралы Комиссияға хабарлай алады.

## **69-бап Транспаренттілік**

1. Әрбір мүше мемлекет осы бөлімде реттелетін мәселелер бойынша өз заңнамасының ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Осы мақсаттарда мүше мемлекеттің осы бөлімде реттелетін мәселелерді қозғайтын немесе қозғай алатын барлық нормативтік құқықтық актілері өзінің құқықтары және (немесе) міндеттемелері осындай нормативтік құқықтық актілерде қозғалуы мүмкін кез келген тұлға олармен таныса алатындай ресми дереккөзде, ал мүмкіндігіне қарай, "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің (бұдан әрі - Интернет желісі) тиісті сайтында да жариялануға тиіс.

2. Мүше мемлекеттің осы баптың 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілері өздерінің құқықтары және (немесе) міндеттемелері осы нормативтік құқықтық актілерде қозғалуы мүмкін тұлғалардың құқықтық айқындылығын және негізделген сенімдерін қамтамасыз ететін мерзімде, бірақ қандай жағдайда да олар күшіне енген (қолданысқа енгізілген) күнге дейін жариялануға тиіс.

3. Мүше мемлекеттер осы баптың 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер жобаларының алдын ала жариялануын қамтамасыз етеді.

Мүше мемлекеттер нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органдардың Интернет желісіндегі ресми сайттарында немесе арнайы құрылған сайттарда нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, тұлғалардың олар бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды жіберу тәртібі туралы ақпаратты, сондай-ақ нормативтік құқықтық актінің жобасына қоғамдық талқылау жүргізілетін мерзім туралы мәліметтерді барлық мүдделі тұлғаларға өздерінің ескертпелері мен ұсыныстарын жіберу мүмкіндігін беру мақсатында орналастырады.

Көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобалары, әдетте, оларды қабылдау күніне дейін күнтізбелік 30 күн бұрын жарияланады. Мұндай алдын ала жариялау жедел ден қоюды талап ететін айрықша жағдайларда, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің жобаларын алдын ала жариялау олардың орындалуына кедергі келтіруі мүмкін болғанда немесе қоғамдық мүдделерге өзгеше түрде қайшы келген жағдайларда ғана талап етілмейді.

Мүше мемлекеттердің құзыретті органдары қоғамдық талқылау шеңберінде алған ескертпелер және (немесе) ұсыныстар нормативтік құқықтық актілердің жобаларын пысықтау кезінде мүмкіндігінше ескеріледі.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді (олардың жобаларын) жариялау оларды қабылдау және қолдану мақсаттарын түсіндірумен қатар жүргізілуге тиіс.

5. Мүше мемлекеттер кез келген тұлғаның осы баптың 1-тармағында көрсетілген, қолданыстағы және (немесе) қабылдау жоспарланатын нормативтік құқықтық актілер туралы жазбаша немесе электрондық сұрау салуына жауап қайтаруды қамтамасыз ететін тетік жасайды.

6. Мүше мемлекеттер басқа мүше мемлекеттер тұлғаларының осы бөлімде реттелетін мәселелер бойынша өтініштерін өз заңнамасына сәйкес, өз тұлғалары үшін белгіленген тәртіппен қарауды қамтамасыз етеді.

## **XVI бөлім**

### **ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫН РЕТТЕУ**

#### **70-бап Қаржы нарықтарын реттеу мақсаттары мен қағидаттары**

1. Мүше мемлекеттер Одақ шеңберінде қаржы нарықтарын келісілген реттеуді:

1) Одақ шеңберінде ортақ қаржы нарығын құру және мүше мемлекеттердің қаржы нарықтарына кемсітпеушілікпен қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің экономикалық интеграциясын тереңдету;

2) көрсетілетін қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілді және тиімді қорғалуын қамтамасыз ету;

3) банк және сақтандыру секторларындағы, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында көрсетілетін қызметтер секторындағы бір мүше мемлекеттің уәкілетті органдары берген лицензиялардың басқа мүше мемлекеттер аумақтарында өзара мойындалуы үшін жағдай жасау;

4) халықаралық стандарттарға сәйкес мүше мемлекеттердің қаржы нарықтарындағы тәуекелдерді реттеу тәсілдерін айқындау;

5) банк қызметіне, сақтандыру қызметіне және бағалы қағаздар нарығындағы қызметке қойылатын талаптарды (пруденциалдық талаптарды) айқындау;

6) қаржы нарығына қатысушылардың қызметін қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындау;

7) қаржы нарығына қатысушылар қызметінің транспаренттілігін қамтамасыз ету мақсаттары мен қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Қаржы нарығында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау мақсатында мүше мемлекеттер ынтымақтастықтың мынадай негізгі нысандарын, оның ішінде:

1) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында банк қызметін, сақтандыру қызметін және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттеу және дамыту, Одақ шеңберіндегі халықаралық шартқа сәйкес бақылау және қадағалау мәселелері бойынша ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат алмасуды;

2) қаржы нарықтарында туындайтын ағымдағы және ықтимал проблемаларды талқылау жөніндегі және оларды шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі келісілген іс-шаралар жүргізуді;

3) банк қызметін, сақтандыру қызметін және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттеу мәселелері бойынша мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара консультациялар жүргізуін қолданады.

3. Осы баптың 1-тармағында баяндалған мақсаттарға қол жеткізу үшін мүше мемлекеттер Одақ шеңберіндегі халықаралық шартқа сәйкес және осы Шартқа № 17 қосымша мен осы Шарттың 103-бабын ескере отырып, қаржы нарығы саласындағы өз заңнамасын үйлестіруді жүзеге асырады.

## **XVII БӨЛІМ**

### **САЛЫҚТАР ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ**

#### **71-бап Мүше мемлекеттердің салық салу саласындағы өзара іс-қимыл қағидаттары**

1. Бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына әкелінетін тауарларға жанама салықтар салынады.

2. Мүше мемлекеттер өзара саудадағы салықтарды, өзге де алымдар мен төлемдерді аумағында басқа мүше мемлекеттердің тауарларын өткізу жүзеге асырылатын мүше мемлекетте салық салу оның аумағында шығарылатын осыған ұқсас тауарларға

қатысты дәл сондай мән-жайлар болған кезде осы мүше мемлекет қолданатын салық салуға қарағанда қолайсыз болмайтындай етіп алады.

3. Мүше мемлекеттер өзара саудаға әсер ететін салықтарға қатысты заңнаманы ұлттық деңгейде немесе Одақ деңгейінде бәсекелестік талаптарын бұзбайтындай және тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің еркін орын ауыстыруына кедергі келтірмейтіндей етіп үйлестіруді, оған қоса:

1) акцизделетін неғұрлым зәру тауарлар бойынша акциздер мөлшерлемелерін үйлестіруді (жақындастыруды);

2) өзара саудада қосылған құн салығын алу жүйесін одан әрі жетілдіруді (оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып жетілдіруді) жүзеге асыру бағыттарын, сондай-ақ нысандары мен тәртібін айқындайды.

## **72-бап Мүше мемлекеттерде жанама салықтарды алу қағидаттары**

1. Өзара тауарлар саудасында жанама салықтарды алу тауарлар экспорты кезінде қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесін қолдануды және (немесе) акциздер төлеуден босатуды, сондай-ақ импорт кезінде оларға жанама салық салуды көздейтін, межелі ел қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Тауарлардың экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алу және олардың төленуін бақылау тетігі осы Шартқа № 18 қосымшаға сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде жанама салықтарды алу аумағы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны деп танылатын мүше мемлекетте осы Шартқа 18-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде жанама салықтарды алу осы Шартқа № 18 қосымшада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мүше-мемлекеттердің салық органдары арасындағы жанама салықтардың төлену толықтығын қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат алмасу жеке халықаралық ведомствоаралық шартқа сәйкес жүзеге асырылады, оның ішінде шартта ақпарат алмасу тәртібі, тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініш нысаны, оны толтыру қағидалары және алмасу форматына қойылатын талаптар белгіленеді.

4. Бір мүше мемлекеттің аумағына басқа мүше мемлекеттің аумағынан тауарлар импорты кезінде аумағына тауарлар импортталатын мүше мемлекеттің заңнамасында акциздік маркалармен (есепке алу-бақылау маркаларымен, белгілерімен) таңбалауға жататын тауарлар бөлігінде өзгеше белгіленбесе, жанама салықтарды осы мүше мемлекеттің салық органдары алады.

5. Мүше мемлекеттің аумағына тауарлар импорты кезінде өзара саудадағы жанама салықтар мөлшерлемелері осы мүше мемлекеттің аумағында осыған ұқсас тауарлар өткізілген кезде оларға салынатын жанама салықтар мөлшерлемелерінен аспауға тиіс.

6. Мүше мемлекеттің аумағына:



1) осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес оның аумағына әкелу кезінде салық салуға жатпайтын (салық салудан босатылатын) тауарлардың;

2) мүше мемлекеттің аумағына жеке тұлғалар кәсіпкерлік қызмет мақсатында әкелмейтін тауарлардың;

3) бір мүше мемлекеттің аумағына басқа мүше мемлекеттің аумағынан импорты оларды бір заңды тұлғаның шегінде беруге байланысты жүзеге асырылатын тауарлардың (мүше мемлекеттің заңнамасында осындай тауарларды әкелу (әкету) туралы салық органдарына хабарлау бойынша міндеттеме белгіленуі мүмкін) импорты кезінде жанама салықтар алынбайды.

**Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 22.02.2024 № 63-VIII Заңымен.**

### **73-бап Жеке тұлғалардың табыстарына салық салу**

Егер бір мүше мемлекет басқа мүше мемлекеттің салық резидентінің (тұрақты болу орны бар тұлғалар) бірінші айтылған мүше мемлекетте жүзеге асырылатын жалдау бойынша жұмыспен байланысты табысына өзінің заңнамасына және халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес салық салуға құқылы болса, мұндай табысқа бірінші мүше мемлекетте жалдау бойынша бірінші жұмыс күнінен бастап осы бірінші мүше мемлекеттің жеке тұлғаларының - салық резиденттерінің (тұрақты болу орны бар тұлғалардың) осындай табыстары үшін көзделген салық мөлшерлемелері бойынша салық салынады.

Осы баптың ережелері мүше мемлекеттер азаматтарының жалдау бойынша жұмыспен байланысты алатын табыстарына салық салуға қолданылады.

## **XVIII БӨЛІМ**

### **БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ**

#### **74-бап Жалпы ережелер**

1. Осы бөлімнің нысанасы мүше мемлекеттер аумақтарындағы бәсекелестікке қарсы әрекеттерді, екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарындағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін әрекеттерді анықтауды және олардың жолын кесуді қамтамасыз ететін бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларын белгілеу болып табылады.

2. Осы бөлімнің ережелері мүше мемлекеттердің аумақтарындағы бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатын іске асырумен байланысты қатынастарға және екі және одан көп мүше мемлекеттердің аумақтарындағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (нарық субъектілері) қатысқан қатынастарға қолданылады. Комиссияның құзыретін айқындау мақсатында нарықты трансшекаралық нарыққа жатқызу критерийі Жоғары Кеңес шешімімен белгіленеді.

3. Мүше мемлекеттер өз заңнамасында:

1) қосымша тыйым салуларды, сондай-ақ осы Шарттың 75 және 76-баптарында көзделген тыйым салуларға қатысты қосымша талаптар мен шектеулерді;

2) шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) үстем жағдайын танудың өзге де (қосымша) шарттарын;

3) мүше мемлекеттің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының бұзылу белгілерінің алдын алу және оларды анықтау жөніндегі өкілеттіктерді іске асыру кезінде ескертулер беру негіздері мен тәртібін;

4) мүше мемлекеттің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының бұзылуына алып келуі мүмкін әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға жол бермеу туралы алдын ала ескертулер шығару негіздері мен тәртібін белгілеуге құқылы.

4. Мүше мемлекеттер, егер үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) әрекеттері мүше мемлекеттердің тауар нарықтарындағы бәсекелестік жағдайына теріс әсер етуі мүмкін болса, мұндай әрекеттерге қатысты келісілген бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатын жүргізеді.

5. Осы бөлімде ешнәрсе кез келген мүше мемлекетке ел қорғанысының маңызды мүдделерін немесе мемлекет қауіпсіздігін қорғау үшін қажет деп санаған кез келген шараны қолдануға кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

6. Осы бөлімнің ережелері осы Шартта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылады.

7. Осы бөлімнің ережелерін іске асыру осы Шартқа № 19 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 74-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

## **75-бап Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары**

1. Мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне (нарық субъектілеріне) мүше мемлекеттердің өз бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының нормаларын қолдануы осындай шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) ұйымдық-құқықтық нысанына және тіркелу орнына қарамастан, бірдей жағдайларда және тең шамада жүзеге асырылады.

2. Мүше мемлекеттер өз заңнамасында оның ішінде мыналарға:

1) мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдар немесе ұйымдар арасындағы немесе олардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) арасындағы келісімдерге, егер мұндай келісімдер осы Шартта және (немесе) мүше мемлекеттердің басқа да халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бәсекелестікке жол бермеуге, оны шектеуге немесе жоюға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін болса;

2) мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда және осы Шартта және (немесе) мүше мемлекеттердің басқа да халықаралық шарттарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, мемлекеттік немесе муниципалдық преференцияларды беруге тыйым салуды белгілейді.

3. Мүше мемлекеттер осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген әрекеттердің (әрекетсіздіктің) алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу жөнінде тиімді іс-шараларды қолданады.

4. Мүше мемлекеттер өз заңнамасына сәйкес әрбір мүше мемлекеттің аумақтарында бәсекелестікті қорғау және дамыту үшін қажетті болатындай шамада экономикалық шоғырландыруды тиімді бақылауды қамтамасыз етеді.

5. Әрбір мүше мемлекет өзінің құзыретіне бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатын іске асыру және (немесе) жүргізу кіретін мемлекеттік билік органының (бұдан әрі мүше мемлекеттердің уәкілетті органы) болуын қамтамасыз етеді, бұл, бұдан өзге, мұндай органға бәсекелестікке қарсы әрекеттерге тыйым салудың және жосықсыз бәсекеге тыйым салудың сақталуын, экономикалық шоғырландыруды бақылау жөніндегі өкілеттіктерді, сондай-ақ бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу және анықтау, көрсетілген бұзушылықтарды тоқтату жөніндегі шараларды қолдану және осындай бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тарту бойынша шараларды қолдану жөніндегі өкілеттіктерді беруді білдіреді.

6. Мүше мемлекеттер шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) және билік органдарының лауазымды адамдарына қатысты бәсекелестікке қарсы әрекеттер жасағаны үшін өз заңнамасында тиімділік, мөлшерлестік, қамтамасыз етілу, бұлтартпау және айқындылық қағидаттарына сүйене отырып, айыппұл санкцияларын белгілейді және олардың қолданылуын бақылауды қамтамасыз етеді. Бұл ретте мүше мемлекеттер айыппұл санкциялары қолданылған жағдайда барынша жоғары айыппұл санкциялары бәсекелестік үшін аса үлкен қауіп төндіретін (бәсекелестікті шектейтін келісімдер, мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) үстем жағдайын теріс пайдалану) бұзушылықтарға белгіленуі тиіс екендігін мойындайды, бұл ретте құқық бұзушылық жасалған нарықта құқық бұзушының тауарды өткізуден түскен сомасына немесе құқық бұзушының тауар сатып алу шығыстары сомасына қарай есептелетін айыппұл санкциялары дұрысырақ болады.

7. Мүше мемлекеттер өздері жүргізетін бәсекелестік (монополияға қарсы) саясаттың ақпараттық ашықтығын өз заңнамасына сәйкес, оның ішінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының қызметі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында және Интернет желісінде орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

8. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары өз мемлекетінің заңнамасына және осы Шартқа сәйкес, ақпарат беру, консультациялар жүргізу туралы хабарламалар, сұрау салу жіберу, басқа мүше мемлекеттің мүдделерін қозғайтын тергеп-тексерулер (

істерді қарау) туралы хабардар ету, бір мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша тергеп-тексерулер жүргізу (істерді қарау) және оның нәтижелері туралы хабардар ету арқылы өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

## **76-бап Бәсекелестіктің жалпы қағидалары**

1. Нәтижесі бәсекелестікке жол бермеу, оны шектеу, жою және (немесе) басқа тұлғалардың мүдделеріне қысым жасау, оның ішінде мынадай іс-әрекеттер (әрекетсіздік):

1) тауардың монополиялық жоғары немесе монополиялық төмен бағасын белгілеу, ұстап тұру;

2) егер алып қою нәтижесі тауар бағасын көтеру болып табылса, тауарды айналыстан алып қою;

3) келісімшарт жасаушы агентке ол үшін тиімсіз немесе шарттың нысанасына жатпайтын экономикалық немесе технологиялық негізсіз шарт талаптарын күштеп таңу ;

4) егер тауарға сұраныс болса немесе оның рентабельді өндірісіне мүмкіндік болған кезде оны беруге тапсырыстар орналастырылса, сондай-ақ, егер тауар өндірісінің мұндай қысқартылуы немесе мұндай тоқтатылуы осы Шартта және (немесе) мүше мемлекеттердің басқа халықаралық шарттарында тікелей көзделмесе, тауар өндірісін экономикалық немесе технологиялық негізсіз қысқарту немесе тоқтату;

5) осы Шартта және (немесе) мүше мемлекеттердің басқа халықаралық шарттарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, тиісті тауарды өндіру немесе беру мүмкіндігі болған жағдайда жекелеген сатып алушылармен (тапсырыс берушілермен) шарт жасасудан экономикалық немесе техникалық негізсіз бас тарту не жалтару;

6) осы Шартта және (немесе) мүше мемлекеттердің басқа халықаралық шарттарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, бір сол тауарға әртүрлі бағаларды (тарифтерді) экономикалық, технологиялық немесе өзге де түрде негізсіз белгілеу, кемсітушілік жағдайлар жасау;

7) басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) тауар нарығына кіруіне немесе тауар нарығынан шығуына кедергілер жасау болып табылған немесе болып табылуы мүмкін үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) әрекетіне (әрекетсіздігіне) тыйым салынады.

2. Жосықсыз бәсекеге, оның ішінде:

1) шаруашылық жүргізуші субъектіге (нарық субъектісіне) залал келтіруі не оның іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін жалған, нақты емес немесе бұрмаланған мәліметтер таратуға;

2) тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына қатысты немесе оны өндірушілерге қатысты жаңылыстыруға;

3) шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) өздері өндіретін немесе өткізетін тауарларын басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) өндіретін немесе өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыруға жол берілмейді.

3. Мүше мемлекеттердің бір тауар нарығында жұмыс істейтін, бәсекелес шаруашылық жүргізуші субъектілері (нарық субъектілері) арасындағы:

1) бағаларды (тарифтерді), жеңілдіктерді, үстемеақыларды (қосымша ақыларды) үстеме бағаларды белгілеуге немесе ұстап тұруға;

2) сауда-саттықтарда бағаларды көтеруге, төмендетуге немесе ұстап тұруға;

3) тауар нарығын аумақтық қағидат, тауарларды сату немесе сатып алу көлемі, өткізілетін тауарлар ассортименті не сатушылардың немесе сатып алушылардың (тапсырыс берушілердің) құрамы бойынша бөлуге;

4) тауарлар өндірісін қысқартуға немесе тоқтатуға;

5) белгілі бір сатушылармен не сатып алушылармен (тапсырыс берушілермен) шарттар жасасудан бас тартуға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін келісімдерге тыйым салынады.

4. Шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасында, осы Шартқа № 19 қосымшада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол беріледі деп танылатын "сатылы" келісімдерді қоспағанда, егер:

1) сатушы сатып алушы үшін тауарды қайта сатудың мейлінше жоғары бағасын белгілейтін жағдайды қоспағанда, мұндай келісімдер тауарды қайта сату бағасын белгілеуге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса;

2) мұндай келісімдерде сатып алушының сатушыға бәсекелес болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) тауарын сатпау міндеттемесі көзделсе, "сатылы" келісімдерге тыйым салынады. Мұндай тыйым салу сатып алушының тауарларды тауар белгісімен не сатушыны немесе өндірушіні дараландырудың өзге құралымен сатуды ұйымдастыруы туралы келісімдерге қолданылмайды.

5. Егер мұндай келісімдер бәсекелестікті шектеуге әкеп соғады немесе әкеп соғуы мүмкін деп белгіленсе, осы Шартқа № 19 қосымшада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол беріледі деп танылатын "сатылы" келісімдерді қоспағанда, шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасындағы өзге келісімдерге тыйым салынады.

6. Мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) экономикалық қызметін жеке тұлғалардың, коммерциялық ұйымдардың және коммерциялық емес ұйымдардың үйлестіруді жүзеге асыруына, егер мұндай үйлестіру осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген, осы Шартқа № 19 қосымшада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол берілген деп танылуы мүмкін емес салдарлардың кез келгеніне әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса,

тыйым салынады. Мүше мемлекеттер өз заңнамасында, егер экономикалық қызметті үйлестіру осы баптың 5-тармағында көрсетілген, осы Шартқа № 19 қосымшада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол берілген деп танылуы мүмкін емес салдарларға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, мұндай үйлестіруге тыйым салуды белгілеуге құқылы.

7. Мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғалары мен коммерциялық емес ұйымдарының осы бөлімде белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесуді, егер мұндай бұзушылықтар, қаржы нарықтарын қоспағанда, екі және одан да көп мүше мемлекет аумағындағы трансшекаралық нарықтағы бәсекеге теріс әсер ететін болса немесе әсер етуі мүмкін болса, Комиссия осы Шартқа № 19 қосымшада көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

#### **77-бап Бағаны мемлекеттік реттеу**

Бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу, сондай-ақ мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дауласу тәртібі осы Шартқа № 19 қосымшада айқындалады.

### **XIX БӨЛІМ**

#### **ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР**

##### **78-бап Табиғи монополиялар салалары мен субъектілері**

1. Мүше мемлекеттер табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу кезінде осы Шартқа № 20 қосымшада көзделген нормалар мен ережелерді басшылыққа алады.

2. Осы бөлімнің ережелері мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілері, табиғи монополиялар салаларындағы тұтынушылары, атқарушы билік органдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары қатысатын, мүше мемлекеттер арасындағы саудаға әсер ететін және осы Шартқа № 20 қосымшаға № 1 қосымшада көрсетілген қатынастарға қолданылады.

3. Табиғи монополиялардың нақты салаларындағы құқықтық қатынастар осы Шарттың XX және XXI бөлімдерінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы бөлімде айқындалады.

4. Мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар салаларына осы Шартқа № 20 қосымшаға № 2 қосымшада көрсетілген табиғи монополиялар салалары да жатады.

Осы Шартқа № 20 қосымшаға № 2 қосымшада көрсетілген табиғи монополиялар салаларына қатысты мүше мемлекеттер заңнамасының талаптары қолданылады.

5. Табиғи монополиялар салаларына жатқызылған табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтер тізбесі мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленеді.

6. Мүше мемлекеттер осы Шартқа № 20 қосымшаға № 1 және 2 қосымшаларда көрсетілген табиғи монополиялар салаларын қысқарту және осы Шарттың XX және XXI бөлімдерінде өтпелі кезеңді ықтимал айқындау арқылы оларды үйлестіруге ұмтылады.

7. Мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар салаларын кеңейту:

егер мүше мемлекет басқа мүше мемлекетте табиғи монополия саласы болып табылатын және осы Шартқа № 20 қосымшаға № 1 немесе 2 қосымшада келтірілген саланы табиғи монополиялар саласына жатқызуға ниетті болған жағдайда, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес;

егер мүше мемлекет осы Шартқа № 20 қосымшаға № 1 немесе 2 қосымшада көрсетілмеген табиғи монополиялардың өзге саласын табиғи монополиялар саласына жатқызуға ниетті болған жағдайда, осы мүше мемлекет Комиссияға тиісінше өтініш жасағаннан кейін Комиссияның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

8. Осы бөлім мүше мемлекеттер арасындағы қолданыстағы екіжақты халықаралық шарттармен реттелген қатынастарға қолданылмайды. Мүше мемлекеттер арасында жаңадан жасалатын екіжақты халықаралық шарттар осы бөлімге қайшы келмеуге тиіс.

9. Осы Шарттың XVIII бөлімінің ережелері осы бөлімде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылады.

## **XX БӨЛІМ**

### **ЭНЕРГЕТИКА**

#### **79-бап Мүше мемлекеттердің энергетика саласындағы өзара іс-қимылы**

1. Мүше мемлекеттердің отын-энергетика кешендерінің әлеуетін тиімді пайдалану, сондай-ақ ұлттық экономикаларды энергетикалық ресурстардың негізгі түрлерімен (электр энергиясы, газ, мұнай және мұнай өнімдері) қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттер энергетика саласында ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастықты дамытады, үйлестірілген энергетика саясатын жүргізеді, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, осы Шарттың 81, 83 және 84-баптарында көзделген халықаралық шарттарға сәйкес:

1) энергетикалық ресурстарға нарықтық баға белгілеуді қамтамасыз ету;

2) энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарындағы бәсекелестікті дамытуды қамтамасыз ету;

3) энергетикалық ресурстар, тиісті жабдық, технологиялар және олармен байланысты көрсетілетін қызметтер саудасына техникалық, әкімшілік және өзге де тосқауылдардың болмауы;

4) энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарының көлік инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету;

5) энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарында мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін кемсітпеушілік жағдайларды қамтамасыз ету;

6) мүше мемлекеттердің энергетикалық кешеніне инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

7) энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарының технологиялық және коммерциялық инфрақұрылымы жұмыс істеуінің ұлттық нормалары мен қағидаларын үйлестіру қағидастарын негізге ала отырып, энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарын кезең-кезеңмен қалыптастыруды жүзеге асырады.

2. Мүше мемлекеттердің электр энергетикасы, газ, мұнай және мұнай өнімдері салаларындағы осы бөлімде реттелмеген өз қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қатынастарына мүше мемлекеттердің заңнамасы қолданылады.

3. Мүше мемлекеттердің электр энергетикасы, газ, мұнай және мұнай өнімдері салаларындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметіне қатысты осы Шарттың XVIII бөлімінің ережелері осы Шарттың осы бөлімінде және XIX бөлімінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

#### **80-бап Газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) балансы**

1. Жиынтық энергетикалық әлеуетті тиімді пайдалану және энергетикалық ресурстарды мемлекетаралық жеткізіп беруді оңтайландыру мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары:

Одақ газының индикативті (болжамды) балансын;

Одақ мұнайының индикативті (болжамды) балансын;

Одақтың мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) балансын әзірлейді және келіседі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген баланстарды әзірлеу Комиссияның қатысуымен және осы Шарттың 104-бабының 1-тармағында көзделген мерзімде әзірленетін және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен келісілетін газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) баланстарын қалыптастыру әдіснамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **81-бап. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, оның жұмыс істеуі және дамуы**

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, оның жұмыс істеуі және дамуы осы Шарттың 104-бабының 8-тармағы ескеріле отырып, осы Шартқа № 21 қосымшаға сәйкес қағидастар мен қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 81-бап жаңа редакцияда – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.**



## **82-бап Электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету**

1. Мүше мемлекеттер электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін осы Шартқа № 21 қосымшаға және көрсетілген қосымшаның 5-тармағында көзделген Одақ органының актісіне сәйкес мүше мемлекеттердің электр энергиясына (қуатына) деген ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін басым пайдаланған жағдайда, осы қызметтер көрсетуге кедергісіз қол жеткізуді қолда бар техникалық мүмкіндіктер шегінде қамтамасыз етеді.

**2. Күші жойылды – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.**

**Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.**

## **83-бап Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру және газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету**

1. Мүше мемлекеттер осы Шарттың 104-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген ережелерді ескере отырып, № 22 қосымшаға сәйкес Одақтың ортақ газ нарығын кезең-кезеңмен қалыптастыруды жүзеге асырады.

2. Мүше мемлекеттер Жоғары кеңес бекітетін Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастырудың тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірлейді.

3. Мүше мемлекеттер Одақ шеңберінде Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастырудың бекітілген тұжырымдамасы мен бағдарламасының ережелеріне негізделетін ортақ газ нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шарт жасасады.

4. Мүше мемлекеттер Одақтың келісілген индикативті (болжамды) газ балансын ескере отырып, қолда бар техникалық мүмкіндіктер, газ тасымалдау жүйелерінің бос қуаттары шегінде және шаруашылық жүргізуші субъектілердің азаматтық-құқықтық шарттарының негізінде басқа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің газды тасымалдау үшін мүше мемлекеттер аумақтарында орналасқан газ тасымалдау жүйелеріне кедергісіз қол жеткізуін осы Шартқа № 22 қосымшаға сәйкес бірыңғай қағидаттар, шарттар және қағидалар негізінде қамтамасыз етеді.

## **84-бап Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру және мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау саласындағы табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету**

1. Мүше мемлекеттер осы Шарттың 104-бабының 6 және 7-тармақтарында көзделген өтпелі ережелерді ескере отырып, осы Шартқа № 23 қосымшаға сәйкес Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын кезең-кезеңмен қалыптастыруды жүзеге асырады.

2. Мүше мемлекеттер Жоғарғы кеңес бекітетін Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірлейді.

3. Мүше мемлекеттер Одақ шеңберінде Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастырудың бекітілген тұжырымдамасы мен бағдарламасының ережелеріне негізделетін мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру туралы халықаралық шарт жасасады.

4. Мүше мемлекеттер Одақ мұнайының келісілген индикативті (болжамды) балансын, Одақтың мұнай өнімдерінің келісілген индикативті (болжамды) балансын ескере отырып, қолда бар техникалық мүмкіндіктер шегінде және шаруашылық жүргізетін субъектілердің азаматтық-құқықтық шарттарының негізінде басқа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізу субъектілерінің мүше мемлекеттер аумағында орналасқан мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау жүйелеріне кедергісіз қол жеткізуін Осы Шартқа № 23 қосымшада көзделген бірыңғай қағидаттар, шарттар мен қағидалар негізінде қамтамасыз етеді.

## **85-бап**

Комиссияның энергетика саласындағы өкілеттіктері

Комиссия энергетика саласында:

осы бөлімнің орындалуына мониторингті;

энергетика саласында реттеуге уәкілеттік берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының, технологиялық және коммерциялық инфрақұрылым ұйымдарының және мүше мемлекеттердің энергетикалық ресурстар нарықтарына қатысушылардың энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарын қалыптастыру және олардың жұмыс істеуі кезіндегі өзара іс-қимылын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді;

Одақ органдарының энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарын қалыптастыруға қатысты актілерін іске асыру мониторингін жүзеге асырады.

**Ескерту. 85-бап жаңа редакцияда – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

## **XXI БӨЛІМ**

### **КӨЛК**

#### **86-бап Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты**

1. Одақта экономикалық интеграцияны қамтамасыз етуге, бәсекелестік, ашықтық, қауіпсіздік, сенімділік, қолжетімділік және экологиялық қағидаттарында бірыңғай көлік кеңістігін жүйелі және кезең-кезеңмен қалыптастыруға бағытталған үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты жүзеге асырылады.

2. Үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының міндеттері:

- 1) көлік қызметтерінің ортақ нарығын құру;
  - 2) көлік саласындағы ортақ басымдықтарды және үздік практикалардың іске асырылуын қамтамасыз ету бойынша келісілген шаралар қабылдау;
  - 3) мүше мемлекеттердің көлік жүйелерін әлемдік көлік жүйесіне интеграциялау;
  - 4) мүше мемлекеттердің транзиттік әлеуетін тиімді пайдалану;
  - 5) көлік қызметтерінің сапасын арттыру;
  - 6) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
  - 7) көліктің қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерін төмендету;
  - 8) қолайлы инвестициялық климатты қалыптастыру болып табылады.
3. Үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының негізгі басымдықтары:
- 1) бірінғай көлік кеңістігін қалыптастыру;
  - 2) еуразиялық көлік дәліздерін құру және дамыту;
  - 3) Одақ шеңберінде транзиттік әлеуетті іске асыру және дамыту;
  - 4) көлік инфрақұрылымының дамуын үйлестіру;
  - 5) тасымалдау процестерін оңтайландыруды қамтамасыз ететін логистикалық орталықтар мен көлік ұйымдарын құру;
  - 6) мүше мемлекеттердің кадрлық әлеуетін тарту және пайдалану;
  - 7) көлік саласындағы ғылым мен инновацияларды дамыту болып табылады.
4. Үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын мүше мемлекеттер қалыптастырады.
5. Үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдерін Жоғары кеңес айқындайды.
6. Комиссия мүше мемлекеттердің үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асыруына мониторингті жүзеге асырады.

## **87-бап Қолданылу аясы**

1. Осы бөлімінің ережелері осы Шарттың XVIII және XIX бөлімдерінің ережелерін және осы Шартқа № 24 қосымшада көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, автомобиль, әуе, су және теміржол көлігіне қолданылады.

2. Мүше мемлекеттер мүше мемлекеттер арасындағы көлік қызметтерін кезең-кезеңімен ырықтандыруға ұмтылады.

Ырықтандырудың тәртібі, шарттары және кезеңділігі осы Шартқа № 21 қосымшада көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалады.

3. Көліктегі қауіпсіздікке (көлік қауіпсіздігіне және көлікті пайдалану қауіпсіздігіне) қойылатын талаптар мүше мемлекеттердің заңнамаларында және халықаралық шарттарда айқындалады.

## **XXII БӨЛІМ**

### **МЕМЛЕКЕТТІК (МУНИЦИПАЛДЫҚ) САТЫП АЛУ**

## **88-бап Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу саласындағы реттеудің мақсаттары мен қағидаттары**

1. Мүше мемлекеттер мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу (бұдан әрі - сатып алу) саласында реттеудің мынадай мақсаттары мен қағидаттарын айқындайды:

сатып алу саласындағы қатынастарды мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасымен және мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарымен реттеу;

мүше мемлекеттерде сатып алу үшін пайдаланылатын қаражаттың оңтайлы және тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету;

мүше мемлекеттерге сатып алу саласында ұлттық режим ұсыну;

үшінші елдерге сатып алу саласында мүше мемлекеттерге ұсынылатынға қарағанда неғұрлым қолайлы режим ұсынуға жол бермеу;

сатып алудың ақпараттық ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету;

бір мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес дайындалған электрондық цифрлық қолтаңбаны басқа мүше мемлекеттің өзара тануы арқылы электрондық форматта жүргізілетін сатып алуға қатысуға мүше мемлекеттердің әлеуетті өнім берушілері мен өнім берушілерінің кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету;

мүше мемлекеттің сатып алу саласында реттеу және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асыратын органының (органдарының) болуын қамтамасыз ету;

мүше мемлекеттердің сатып алу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеу;

сатып алу саласында бәсекелестікті дамыту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа және басқа да теріс пайдаланушылықтарға қарсы іс-қимыл жасау.

2. Осы Шарттың күші мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік сырды (мемлекеттік құпияларды) құрайтын сатып алуларға қолданылмайды.

3. Мүше мемлекеттерде сатып алу осы Шартқа № 25 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы бөлімнің күші осы тармақтың екінші - төртінші абзацтарының ерекшеліктері ескеріле отырып, мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері жүзеге асыратын сатып алуға қолданылмайды.

Мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері өздерінің сатып алуды жүзеге асырудың ішкі қағидаларына (бұдан әрі - сатып алу туралы ережеге) сәйкес әкімшілік-шаруашылық мұқтаждарды қамтамасыз ету, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарын орындау үшін сатып алуды жүзеге асырады. Сатып алу туралы ереже осы бапта жазылған мақсаттарға және қағидаттарға қайшы келмеуге, оның ішінде мүше мемлекеттердің әлеуетті өнім берушілеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс. Айрықша жағдайларда ұлттық (орталық) банктің жоғары органының шешімімен көрсетілген қағидаттардан ерекшеліктер белгіленуі мүмкін.

Сатып алу туралы ереже сатып алуға қойылатын талаптарды, оның ішінде сатып алу рәсімдерін дайындау және жүргізу тәртібін (сатып алу тәсілдерін қоса алғанда) және оларды қолдану шарттарын, шарттарды (келісімшарттарды) жасасу тәртібін қамтуға тиіс.

Бұл ретте сатып алу туралы ереже және мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері жоспарлап отырған және жүзеге асырған сатып алу туралы ақпарат сатып алу туралы ережеде айқындалған тәртіппен мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің Интернет желісіндегі ресми сайттарында орналастырылады.

**Ескерту. 88-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **XXIII БӨЛІМ**

### **ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК**

#### **89-бап Жалпы ережелер**

1. Мүше мемлекеттер зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады және оларға құқықтардың өз аумағында сақталуы мен қорғалуын халықаралық құқық нормаларына, Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы мынадай негізгі міндеттерді шешу үшін жүзеге асырылады:

мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау саласындағы заңнамасын үйлестіру;

мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілеріне құқық иеленушілерінің мүдделерін қорғау.

2. Мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) ғылыми және инновациялық дамуды қолдау;

2) зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру және пайдалану тетіктерін жетілдіру;

3) мүше мемлекеттердің авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды иеленушілері үшін қолайлы жағдайлар ұсыну;

4) Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін және Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлар шығарылған жерлерінің атауларын тіркеу жүйесін енгізу;

5) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауды, оның ішінде Интернет желісінде қорғауды қамтамасыз ету;

6) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды тиімді кедендік қорғауды, оның ішінде мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кеден тізілімін жүргізу арқылы қамтамасыз ету;

7) контрафактілік өнімдердің айналымын болдырмауға және оның жолын кесуге бағытталған үйлестірілген шараларды жүзеге асыру.

3. Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды тиімді сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Комиссия ұйымдастыратын мүше мемлекеттердің консультациялары өткізіледі.

Консультациялар нәтижесінде мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы барысында анықталған проблемалық мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар әзірленеді.

### **90-бап Зияткерлік меншік объектілерінің құқықтық режимі**

1. Бір мүше мемлекеттің тұлғаларына басқа мүше мемлекеттің аумағында зияткерлік меншік объектілерінің құқықтық режиміне қатысты ғана ұлттық режим ұсынылады. Мүше мемлекеттің заңнамасында ұлттық режимнен хат-хабар жазысу үшін мекенжайды көрсету мен өкілді тағайындауды қоса алғанда, сот және әкімшілік рәсімдерге қатысты ерекшеліктер көзделуі мүмкін.

2. Мүше мемлекеттер өз заңнамасында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мен қорғаудың мүше мемлекеттерге қолданылатын халықаралық құқықтық актілерде, сондай-ақ Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерде көзделгеннен гөрі жоғары деңгейін қамтамасыз ететін нормаларды көздеуі мүмкін.

3. Мүше мемлекеттер зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау саласындағы қызметті мынадай негізгі халықаралық шарттардың нормаларына сәйкес жүзеге асырады:

1886 жылғы 9 қыркүйектегі Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясы (1971 жылғы редакциядағы);

1977 жылғы 28 сәуірдегі патенттік рәсім мақсаттары үшін микроағзаларды депозиттеуді халықаралық тану туралы Будапешт шарты;

1996 жылғы 20 желтоқсандағы Авторлық құқық жөніндегі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының шарты;

1996 жылғы 20 желтоқсандағы Орындаулар мен фонограммалар жөніндегі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының шарты;

2000 жылғы 1 маусымдағы Патенттік құқық туралы шарт;

1970 жылғы 19 маусымдағы Патенттік кооперация жөніндегі шарт;

1971 жылғы 29 қазандағы Фонограммаларды заңсыз пайдаланудан фонограмма шығарушылардың мүдделерін қорғау туралы Конвенция;

1891 жылғы 14 сәуірдегі Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі және 1989 жылғы 28 маусымдағы Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің Хаттамасы;

1961 жылғы 26 қазандағы Орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция;

1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы;

2006 жылғы 27 наурыздағы Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шарты.

Көрсетілген халықаралық шарттардың қатысушысы болып табылмайтын мүше мемлекеттер осы шарттарға қосылу жөніндегі міндеттемені өз мойнына алады.

4. Зияткерлік меншік объектілерінің жекелеген түрлеріне қатысты құқықтық режимнің ерекшеліктерін айқындауды қоса алғанда, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау саласындағы қатынастарды реттеу осы Шартқа № 26 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

## **91-бап Құқық қолдану**

1. Мүше мемлекеттер зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды тиімді қорғауды қамтамасыз ету бойынша құқық қолдану шараларын жүзеге асырады.

2. Мүше мемлекеттер зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау бойынша, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне, сондай-ақ кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін, Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әрекеттерді жүзеге асырады.

3. Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында өкілеттіктер берілген мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мүше мемлекеттердің аумақтарында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бұзудың алдын алу, оны анықтау және оның жолын кесу бойынша әрекеттерді үйлестіру мақсатында ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

## **XXIV БӨЛІМ ӨНЕРКӘСІП**

### **92-бап Өнеркәсіптік саясат және ынтымақтастық**

1. Мүше мемлекеттер ұлттық өнеркәсіптік саясатты өздері дербес әзірлейді, қалыптастырады және іске асырады, оның ішінде өнеркәсіпті дамытудың ұлттық бағдарламаларын және өнеркәсіптік саясаттың өзге де шараларын қабылдайды, сондай-ақ осы Шарттың 93-бабына қайшы келмейтін өнеркәсіптік субсидиялар ұсыну тәсілдерін, нысандарын және бағыттарын айқындайды.

Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясатты мүше мемлекеттер Үкіметаралық кеңес бекітетін өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша қалыптастырады және оны Комиссияның консультациялық қолдау көрсетуіне немесе үйлестіруіне сүйеніп жүзеге асырады.

2. Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясатты мүше мемлекеттер:

- 1) мүше мемлекеттердің тең құқылығы және ұлттық мүдделерін есепке алу;
- 2) өзара тиімділік;
- 3) адал бәсекелестік;
- 4) кемсітпеушілік;
- 5) транспаренттілік қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

3. Одақ шеңберінде өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру мақсаттары өнеркәсіптік дамуды жеделдету және оның орнықтылығын арттыру, мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кешендерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инновациялық белсенділікті жоғарылатуға, өнеркәсіп саласында, оның ішінде мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының қозғалысы жолындағы кедергілерді жоюға бағытталған тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.

4. Мүше мемлекеттер Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру мақсаттарына қол жеткізу үшін:

- 1) өнеркәсіпті дамыту жоспарлары туралы өзара хабар беруді жүзеге асыруы;
- 2) мүше мемлекеттердің ұлттық өнеркәсіп саясатын әзірлеп, жүзеге асыруға жауап беретін уәкілетті органдары өкілдерінің тұрақты кездесулерін (консультацияларын), оның ішінде Комиссия алаңындағы тұрақты кездесулерін (консультацияларын) өткізуі;
- 3) өнеркәсіптік ынтымақтастық үшін экономикалық қызметтің басым түрлерін дамытудың бірлескен бағдарламаларын әзірлеуі және іске асыруы;
- 4) зәру тауарлардың тізбесін әзірлеуі және келісуі;
- 5) бірлескен жобаларды, оның ішінде мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік ынтымақтастығының тиімділігін арттыру және өнеркәсіптік кооперациясын тереңдету үшін қажетті инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаларды іске асыруы;
- 6) өнеркәсіптік ынтымақтастық мақсаттары үшін технологиялық және ақпараттық ресурстарды дамытуы;
- 7) жоғары технологиялы өндірістерді ынталандыру мақсатында бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуі;
- 8) кедергілерді жоюға және өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға бағытталған өзге де шараларды іске асыруы мүмкін.

5. Қажет болған жағдайда Үкіметаралық кеңестің шешімі бойынша осы баптың 4-тармағында көрсетілген шараларды іске асырудың тиісті тәртібі әзірленеді.

6. Мүше мемлекеттер Үкіметаралық Кеңес бекітетін және оның ішінде өнеркәсіптік ынтымақтастық үшін экономикалық қызметтің басым түрлері мен зәру тауарларды



қамтитын Одақ шеңберіндегі Өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын ( бұдан әрі - Негізгі бағыттар) әзірлейді.

Комиссия жыл сайын Негізгі бағыттардың іске асырылу нәтижелеріне мониторинг және талдау жүргізеді және қажет болған кезде мүше мемлекеттермен келісім бойынша Негізгі бағыттарды нақтылау жөнінде ұсыныстар дайындайды.

7. Сауда, кедендік-тарифтік, бәсекелестік, мемлекеттік сатып алу саласындағы, техникалық реттеу, кәсіпкерлік қызметті дамыту, көлік және инфрақұрылым және басқа да салалардағы саясаттарды әзірлеу және іске асыру кезінде мүше мемлекеттердің өнеркәсіпті дамыту мүдделері есепке алынады.

8. Мүше мемлекеттер зәру тауарларға қатысты өнеркәсіптік саясат шараларын қабылдау алдында ұстанымдарды өзара есепке алу үшін консультациялар жүргізеді.

Мүше мемлекеттер зәру тауарлардың бекітілген тізбесі бойынша ұлттық өнеркәсіптік саясатты іске асырудың жоспарланған бағыттары туралы алдын ала өзара хабар беруді қамтамасыз етеді.

Мүше мемлекеттер Комиссиямен бірлесіп көрсетілген консультациялар жүргізудің және (немесе) өзара хабар берудің тәртібін әзірлейді, оны Комиссия Кеңесі бекітеді.

9. Одақ шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастықты іске асыру үшін мүше мемлекеттер Комиссияның консультациялық қолдау көрсетуіне және үйлестіруіне сүйене отырып, мынадай құралдарды әзірлеп, қолдана алады:

1) жоғары технологиялы, инновациялық және бәсекеге қабілетті өнім жасау мақсатында өзара тиімді өнеркәсіптік кооперацияны ынталандыру;

2) мүше мемлекеттер өзара тиімді негізде қатысатын бірлескен бағдарламалар мен жобалар;

3) бірлескен технологиялық платформалар мен өнеркәсіптік кластерлер;

4) өнеркәсіптік ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін өзге де құралдар.

10. Осы бапты іске асыру үшін мүше мемлекеттер Комиссияның қатысуымен қосымша құжаттар мен тетіктер әзірлей алады.

11. Комиссия осы Шартқа № 27 қосымшаға сәйкес, осы Шартта айқындалған өкілеттіктер шегінде өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша мүше мемлекеттерге консультациялық қолдау көрсетеді және олардың қызметін үйлестіреді.

Осы баптың мақсаттары үшін осы Шартқа № 27 қосымшаға сәйкес ұғымдар пайдаланылады.

### **93-бап Өнеркәсіптік субсидиялар**

1. Мүше мемлекеттер экономикаларының тұрақты және тиімді дамуы үшін жағдайларды, сондай-ақ мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауда мен адал бәсекелестіктің дамуына ықпал ететін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің аумақтарында өнеркәсіптік тауарларға қатысты, оның ішінде осы Шартқа № 28 қосымшаға сәйкес өнеркәсіп тауарларын өндірумен, өткізумен және

тұтынумен тікелей байланысты көрсетілетін қызметтерді ұсынған немесе алған кезде субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары қолданылады.

2. Мүше мемлекеттердің осы баптың және осы Шартқа № 28 қосымшаның ережелерінен туындайтын міндеттемелері мүше мемлекеттердің үшінші елдермен құқықтық қатынастарына қолданылмайды.

3. Осы баптың мақсаттары үшін субсидия ретінде мыналар түсініледі:

а) мүше мемлекеттің субсидиялаушы органы (немесе мүше мемлекет уәкілеттік берген құрылым) көрсететін қаржылай көмек, оның нәтижесінде артықшылықтар жасалады (қамтамасыз етіледі) және ол:

ақша қаражатын тікелей аудару (мысалы, қайтарылмайтын несиелер, кредиттер түрінде) немесе жарғылық капиталдағы үлесті сатып алу немесе оны ұлғайту немесе мұндай қаражатты аудару жөніндегі міндеттемелер (мысалы, кредиттер бойынша кепілдіктер);

мүше мемлекеттің кірісіне түсуге тиіс болған төлемдерді өндіріп алудан толықтай немесе ішінара бас тарту (мысалы, салық жеңілдіктері, борышты есептен шығару) арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте экспортталатын өнеркәсіп тауарын ішкі тұтынуға арналған ұқсас тауардан алынатын баждар мен салықтардан босату не мұндай баждар мен салықтарды азайту не іс жүзінде есепке жазылған сомадан аспайтын мөлшерде мұндай баждар мен салықтарды қайтару субсидия ретінде қарастырылмайды;

тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді (ортақ инфрақұрылымды қолдауға және дамытуға арналған өнеркәсіп тауарларын немесе көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) ұсыну;

өнеркәсіп тауарларын сатып алу арқылы жүзеге асырылады;

б) нәтижесінде артықшылық ұсынылатын, кез келген мүше мемлекеттің аумағынан өнеркәсіп тауарын әкелудің қысқартылуына немесе кез келген мүше мемлекеттің аумағына өнеркәсіп тауарын әкетудің ұлғайтылуына әсер ететін (тікелей немесе жанама) кірістерді немесе бағаларды қолдаудың басқа да кез келген нысаны.

Субсидия түрлері осы Шартқа № 28 қосымшада көзделген.

4. Субсидиялаушы орган өзіне жүктелген, субсидияны беруге қатысты бір немесе бірнеше функцияны кез келген басқа ұйымға орындауға тапсыруы немесе бұйыруы мүмкін. Мұндай ұйымның әрекеттері субсидиялаушы органның әрекеттері ретінде қарастырылады.

Мүше мемлекет басшысының субсидиялар беруге бағытталған актілері субсидиялаушы органның әрекеттері ретінде қарастырылады.

5. Мүше мемлекеттің аумағында берілетін субсидиялардың осы баптың және осы Шартқа № 28 қосымшаның ережелеріне сәйкестігін талдау мақсатындағы тергеп-тексеру осы Шартқа № 28 қосымшада көзделген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

6. Комиссия осы баптың және осы Шартқа № 28 қосымшаның ережелерінің іске асырылуын бақылауды қамтамасыз етеді және оған мынадай:

1) мүше мемлекеттер заңнамасына мониторингті жүзеге асыру және оның субсидияларды беруге қатысты осы Шарттың ережелеріне сәйкестігі тұрғысынан салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу, сондай-ақ мүше мемлекеттердің осы баптың және осы Шартқа № 28 қосымшаның ережелерін сақтауы туралы жыл сайынғы есептерді дайындау;

2) субсидияларды беру саласында мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру мен біріздендіру мәселелері бойынша мүше мемлекеттердің консультацияларын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

3) беруге жоспарланып жатқан және берілген өзіндік ерекшелікті субсидияларды ерікті келісу рәсімінің қорытындылары бойынша мүше мемлекеттер орындауға міндетті, осы Шартқа № 28 қосымшаның ережелерінде көзделген шешімдерді қабылдау, оның ішінде:

осы Шартқа № 28 қосымшаның 7-тармағында көзделген, Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта айқындалған критерийлердің негізінде осы Шартқа № 28 қосымшаның 6-тармағына сәйкес өзіндік ерекшелікті субсидияларды беруге болатыны немесе болмайтыны туралы шешім қабылдау;

осы Шартқа № 28 қосымшаның 7-тармағында көзделген, Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта айқындалған жағдайларда өзіндік ерекшелікті субсидияларды беру фактілері бойынша талқылау жүргізу және оларға қатысты міндетті шешімдер қабылдау;

осы баптың және осы Шартқа № 28 қосымшаның ережелерін іске асыруға қатысты мәселелер бойынша келіспеушіліктерді шешу және оларды қолдану жөнінде түсіндірмелер беру;

4) осы Шартқа № 28 қосымшаның 7-тармағында көзделген, Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта белгіленетін тәртіппен және жағдайларда берілетін субсидиялар туралы сұрау салулар жіберу және ақпарат алу өкілеттіктері беріледі.

Осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларын қолдану осы Шарттың 105-бабының 1-тармағында көзделген өтпелі ережелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

7. Осы баптың және осы Шартқа № 28 қосымшаның ережелеріне қатысты даулар, бірінші кезекте, келіссөздер мен консультациялар жүргізу арқылы шешіледі. Егер дау оған бастамашы болған мүше мемлекет жауапкер - мүше мемлекетке жіберген, келіссөздер мен консультациялар жүргізу туралы ресми жазбаша өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік 60 күннің ішінде келіссөздер мен консультациялар арқылы реттелмесе, талап қоюшы - мүше мемлекеттің Одақ Сотына жүгінуге құқығы бар.

Егер Одақ Сотының шешімдері белгіленген уақыт кезеңі ішінде орындалмаса немесе егер Одақ Соты жауапкер - мүше мемлекет хабарлаған шаралар осы баптың және осы Шартқа № 28 қосымшаның ережелеріне сәйкес келмейді деп шешсе, талап қоюшы - мүше мемлекет мөлшерлес жауап шараларын қолдануға құқылы.

8. Осы Шартқа № 28 қосымшаны бұза отырып берілген өзіндік ерекшелікті субсидияға мүше мемлекеттер дау айта алатын мерзім өзіндік ерекшелікті субсидия берілген күннен бастап 5 жылды құрайды.

## **XXV БӨЛІМ**

### **АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН**

#### **94-бап Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың мақсаттары мен міндеттері**

1. Әрбір мүше мемлекет және жалпы Одақ халқының мүддесінде агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық жерлерді дамытуды, сондай-ақ Одақ шеңберіндегі экономикалық интеграцияны қамтамасыз ету мақсатында келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясат жүргізіледі, ол, оның ішінде осы Шартта және Одақ шеңберіндегі агроөнеркәсіптік кешен саласындағы басқа да халықаралық шарттарда көзделген реттеу тетіктерін қолдануды, тізбесі мүше мемлекеттердің ұсыныстары негізінде қалыптастырылып, Комиссия Кеңесі бекітетін зәру ауылшаруашылық тауарларының әрқайсысы бойынша өндірісті дамыту жоспарларын (бағдарламаларын) мүше мемлекеттердің бір-біріне және Комиссияға өзара ұсынуын көздейді.

2. Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлік өндірісінің көлемін оңтайландыру, ортақ аграрлық нарық қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлік экспортын ұлғайту үшін мүше мемлекеттердің ресурстық әлеуетін тиімді іске асыру болып табылады.

3. Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясатты іске асыру мынадай міндеттердің шешілуін қамтамасыз етеді:

1) ауылшаруашылығы өнімі мен азық-түлік өндірісін және нарығын теңгерімді түрде дамыту;

2) мүше мемлекеттердің субъектілері арасында әділ бәсекелестікті, оның ішінде ортақ аграрлық нарыққа бірдей қол жеткізу жағдайларын қамтамасыз ету;

3) ауылшаруашылығы өнімі мен азық-түліктің айналысына байланысты талаптарды біріздендіру;

4) ішкі және сыртқы нарықтарда мүше мемлекеттер өндірушілерінің мүдделерін қорғау.

#### **95-бап Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың негізгі бағыттары және ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары**

1. Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясат міндеттерін шешу мынадай негізгі бағыттар:

1) агроөнеркәсіптік кешендегі болжау;

2) ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау;

- 3) ортақ аграрлық нарықты реттеу;
- 4) өнім өндірісі мен айналысы саласындағы бірыңғай талаптар;
- 5) ауылшаруашылығы өнімі мен азық-түліктің экспортын дамыту;
- 6) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми және инновациялық дамыту;
- 7) агроөнеркәсіптік кешенді интеграцияланған ақпараттық қамтамасыз ету бойынша мемлекетаралық өзара іс-қимыл тетіктерін пайдалануды көздейді.

2. Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясат шараларын іске асыру үшін мүше мемлекеттер өкілдерінің Комиссия ұйымдастыратын тұрақты консультациялары, оның ішінде зәру ауылшаруашылық тауарлары бойынша консультациялар жылына кемінде бір рет өткізіледі. Консультациялардың нәтижелері бойынша осы баптың 1-тармағында айқындалған негізгі бағыттар шеңберінде келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясатты іске асыру бойынша ұсынымдар әзірленеді.

3. Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясатты жүргізу кезінде мүше мемлекеттер ауыл шаруашылығы саласының өндірістік, экономикалық қана емес, саланың әлеуметтік маңыздылығына, мүше мемлекеттердің өңірлері мен аумақтары арасындағы құрылымдық және табиғи-климаттық өзгешеліктерге негізделген ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтің ерекше сипатын ескереді.

4. Интеграциялық өзара іс-қимылдың басқа да салаларында, оның ішінде ауылшаруашылығы өнімі мен азық-түлікке қатысты санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) шараларды қамтамасыз ету саласында саясатты іске асыру келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың мақсаттарын, міндеттері мен бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

5. Одақ шеңберінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау осы Шартқа № 29 қосымшаға сай тәсілдерге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Осы бап пен осы Шартқа № 29 қосымшаға қатысты даулар бірінші кезекте Комиссияның қатысуымен келіссөздер және консультациялар жүргізу арқылы шешіледі. Егер дау оған бастамашылық еткен мүше мемлекеттің жауапкер ретінде әрекет ететін мүше мемлекетке келіссөздер мен консультациялар жүргізу туралы ресми жазбаша өтініш жіберген күнінен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде келіссөздер мен консультациялар арқылы реттелмесе, онда талап қоюшы - мүше мемлекет Одақтың Сотына жүгінуге құқылы. Талап қоюшы болып табылатын мүше мемлекет келіссөздер мен консультациялар жүргізу туралы ресми жазбаша өтініш жіберген кезде, осындай өтініш жіберген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Комиссияны бұл жөнінде хабардар етеді.

7. Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясатты іске асыру үшін Комиссия:

- 1) берілген өкілеттіктер шеңберінде мүше мемлекеттермен бірлесіп келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың негізгі бағыттарын әзірледі, үйлестіру мен іске асыруды;

2) мүше мемлекеттер агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың, ауыл шаруашылығы өніміне және азық-түлікке қатысты сұраныс пен ұсыныстардың бірлескен болжамдарын дайындаған кезде қызметті үйлестіруді;

3) мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешенді және оның жекелеген салаларын дамыту бағдарламаларын өзара ұсынуын үйлестіруді;

4) мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешендері дамуының, мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешендерді мемлекеттік реттеу шараларын, оның ішінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын қолдануының мониторингін;

5) мүше мемлекеттермен келісілген номенклатура бойынша өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне баға мониторингі мен талдауды;

6) мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешен саласындағы заңнамаларын, оның ішінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамаларын үйлестіру мәселелері бойынша, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саласындағы міндеттемелерді сақтауға байланысты дауларды шешу мәселелері бойынша консультациялар мен келіссөздер ұйымдастыруға жәрдемдесуді;

7) мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасына мониторингті және оның Одақ шеңберіндегі міндеттемелерге сәйкестігі тұрғысынан салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізуді;

8) мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, мүше мемлекеттерде агроөнеркәсіптік кешен және ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатқа шолулар дайындауды және оларды мүше мемлекеттерге ұсынуды;

9) ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемдерін есептеумен байланысты мәселелер бойынша мүше мемлекеттерге жәрдем көрсетуді;

10) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы экспорттық әлеуетті дамытуға бағытталған келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыру бойынша ұсынымдарды мүше мемлекеттермен бірлесіп дайындауды;

11) мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешен саласында, оның ішінде мүше мемлекеттердің мемлекетаралық бағдарламаларды іске асыруы шеңберінде бірлескен ғылыми-инновациялық қызметті жүзеге асыру кезіндегі іс-қимылдарын үйлестіруді;

12) мүше мемлекеттердің Одақтың кедендік аумағы бойынша асыл тұқымды өнімді әкелу, әкету және орнын ауыстыру шарттарына, асыл тұқымды малдардың асыл тұқымдық құндылығын айқындау әдістемелеріне, сондай-ақ асыл тұқымдық куәліктердің (сертификаттардың, паспорттардың) нысандарына қатысты біріздендірілген талаптарды әзірленуін және оларды іске асыруын үйлестіруді;

13) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптарын сынау мен тұқым шаруашылығы, сондай-ақ мүше мемлекеттердің тұқымдардың сұрыптық және

отырғызылу сапаларын растайтын құжаттарды өзара мойындауы саласында біріздендірілген талаптардың әзірленуін және іске асырылуын үйлестіруді;

14) келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың негізгі бағыттары шеңберіндегі тең бәсекелестік жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдем көрсетуді жүзеге асырады.

## **XXVI БӨЛІМ**

### **ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫ**

#### **96-бап Мүше мемлекеттердің еңбек көші-қоны саласындағы ынтымақтастығы**

1. Мүше мемлекеттер Одақ шеңберіндегі еңбек көші-қонын реттеу саласындағы саясатты келісу бойынша, сондай-ақ мүше мемлекеттерде еңбек қызметін жүзеге асыруы үшін мүше мемлекеттер еңбекшілерін ұйымдастырылған түрде іріктеуге және тартуға жәрдем көрсету бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Мүше мемлекеттердің еңбек көші-қоны саласындағы ынтымақтастығы мүше мемлекеттердің құзыретіне тиісті мәселелер жататын мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасасуы жолымен жүзеге асырылады.

3. Мүше мемлекеттердің Одақ шеңберіндегі еңбек көші-қоны саласындағы ынтымақтастығы мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- 1) еңбек көші-қоны саласындағы жалпы тәсілдер мен қағидаттарды келісу;
- 2) нормативтік құқықтық актілермен алмасу;
- 3) ақпарат алмасу;
- 4) анық емес ақпараттың таралып кетуін болдырмауға бағытталған шараларды іске асыру;
- 5) тәжірибе алмасу, тағылымдамаларды, семинарлар мен оқу курстарын өткізу;
- 6) консультациялық органдар шеңберіндегі ынтымақтастық.

4. Мүше мемлекеттердің келісімі бойынша көші-қон саласындағы ынтымақтастықтың өзге де нысандары белгіленуі мүмкін.

5. Осы бөлімде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"келу мемлекеті" - аумағына басқа мүше мемлекеттің азаматы баратын мүше мемлекет;

"тұрақты тұратын мемлекет" - мүше мемлекеттің еңбекшісі азаматы болып табылатын мүше мемлекет;

"жұмысқа орналасу мемлекеті" - аумағында еңбек қызметі жүзеге асырылатын мүше мемлекет;

"білім туралы құжаттар" - білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар, сондай-ақ білім туралы мемлекеттік құжаттар деңгейінде танылатын білім туралы құжаттар;

"жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс беруші" - жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мүше мемлекеттің

еңбекшісіне онымен жасалған азаматтық-құқықтық шарт негізінде жұмыс беретін заңды немесе жеке тұлға;

"көші-қон картасы (карточкасы)" - басқа мүше мемлекеттің аумағына келетін мүше мемлекеттің азаматы туралы мәліметтерді қамтитын және оның келетін мемлекеттің аумағында уақытша болуын есепке алу және бақылау үшін пайдаланылатын құжат;

"жұмыс беруші" - жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда, көшіп-қонушы еңбекшіге онымен жасалған еңбек шартының негізінде жұмыс беретін заңды немесе жеке тұлға;

"әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру)" - еңбекке уақытша жарамсыздығы жағдайы мен ана болуына байланысты міндетті сақтандыру, өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан міндетті сақтандыру және міндетті медициналық сақтандыру;

"еңбек қызметі" - жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағында осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын, еңбек шартының негізіндегі қызмет немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) жөніндегі қызмет;

"мүше мемлекеттің еңбекшісі" - мүше мемлекеттің азаматы болып табылатын, өзі азаматы болып табылмайтын және тұрақты тұрмайтын басқа мүше мемлекеттің аумағында заңды түрде жүрген және заңды негізде еңбек қызметін жүзеге асыратын адам;

"отбасы мүшесі" - мүше мемлекеттің еңбекшісімен некеде тұратын адам, сондай-ақ оның асырауындағы балалары мен жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасына сәйкес отбасының мүшелері деп танылатын басқа да адамдар.

## **97-бап Мүше мемлекеттер еңбекшілерінің еңбек қызметі**

1. Мүше мемлекеттің жұмыс берушілері және (немесе) жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушілері мүше мемлекеттердің еңбекшілерін ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді ескермей, еңбек қызметін жүзеге асыруға тартуға құқылы. Бұл ретте мүше мемлекеттер еңбекшілерінің жұмысқа орналасу мемлекетінде еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алуы талап етілмейді.

2. Ұлттық қауіпсіздікті (оның ішінде стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы) және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында осы Шартта және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулерді қоспағанда, мүше мемлекеттер ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында, мүше мемлекеттердің еңбекшілері жүзеге асыратын еңбек қызметіне, олар айналысатын жұмыс түріне және болу аумағына қатысты шектеулерді белгілемейді және өздерінің заңнамасында белгіленген шектеулерді қолданбайды.

3. Мүше мемлекеттер еңбекшілерінің еңбек қызметін жүзеге асыруы мақсатында жұмысқа орналасу мемлекетінде мүше мемлекеттердің білім беру ұйымдары (білім



беру мекемелері, білім беру саласындағы ұйымдар) берген білім туралы құжаттар жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасында белгіленген білім туралы құжаттарды тану рәсімі өткізілмей танылады.

Басқа мүше мемлекетте медициналық немесе фармацевтикалық қызметпен айналысуға үміткер бір мүше мемлекеттің еңбекшілері жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасында белгіленген білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді және тиісінше, жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасына сәйкес медициналық немесе фармацевтикалық қызметке жіберілуі мүмкін.

Мүше мемлекеттер еңбекшілерінің еңбек қызметін жүзеге асыруы мақсатында мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес берілген ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар туралы құжаттар Одақ шеңберіндегі жекелеген халықаралық шарттарға сәйкес жұмысқа орналасу мемлекетінде танылады. Халықаралық шарттар болмаған кезде көрсетілген құжаттар жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасына сәйкес танылады.

Жұмыс берушілер (жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушілер) білім туралы құжаттардың жұмысқа орналасу мемлекетінің тіліне нотариаттық аудармасын сұратуға, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, мүше мемлекеттер еңбекшілерінің білім туралы құжаттарын верификациялау мақсатында білім туралы құжатты берген білім беру ұйымдарына (білім беру мекемелеріне, білім беру саласындағы ұйымдарға) сұрау салу, оның ішінде ақпараттық дерекқорға өтініш жасау арқылы жіберуге және тиісті жауаптар алуға құқылы.

4. Мүше мемлекет еңбекшісінің еңбек қызметі осы Шарттың ережелері ескеріле отырып, жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасымен реттеледі.

Мүше мемлекет еңбекшісінің жұмыс берушімен немесе жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушімен жасасқан еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарты болған кезде басқа мүше мемлекеттің аумағында заңды түрде жүрген мүше мемлекеттердің азаматтары, егер еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмысқа орналасу мемлекетінде болу мақсатын өзгерту қажет болса, жұмысқа орналасу мемлекетінің шегінен шықпай келу мақсатын өзгерту үшін осы мүше мемлекеттің құзыретті органдарына тікелей немесе жалпыға ортақ пайдаланылатын ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, оның ішінде Интернет желісін (жұмысқа орналасу мемлекетінде осындай мүмкіндік болған кезде) пайдалана отырып, жүгінуге құқылы.

5. Мүше мемлекет еңбекшісінің және оның отбасы мүшелерінің жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағында уақытша болу (тұру) мерзімі мүше мемлекет еңбекшісінің жұмыс берушімен және (немесе) жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушімен жасасқан еңбек немесе азаматтық-құқықтық шартының қолданылу мерзімімен белгіленеді.

6. Еңбек қызметін жүзеге асыру немесе жұмысқа орналасу мақсатында басқа мүше мемлекеттің аумағына келген мүше мемлекеттің азаматтары және олардың отбасы

мүшелері келу күнінен бастап 30 тәулік ішінде тіркелу (есепке қою) міндетінен босатылады.

Мүше мемлекеттің азаматтары басқа мүше мемлекеттің аумағында келген күнінен бастап 30 тәуліктен астам уақыт болған жағдайда, егер тіркелу міндеті келу мемлекетінің заңнамасында белгіленсе, бұл азаматтар келу мемлекетінің заңнамасына сәйкес тіркелуге (есепке тұруға) міндетті.

7. Мүше мемлекеттің азаматтары басқа мүше мемлекеттің аумағына келген кезде, егер мүше мемлекеттердің жекелеген халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, келу мемлекетінің заңнамасында көзделген жағдайларда, көші-қон карталарын (карточкаларын) пайдаланады.

8. Мүше мемлекеттің азаматтары мемлекеттік шекараны кесіп өткені туралы шекаралық бақылау органдарының белгілерін қоюға жол беретін жарамды құжаттардың біреуі бойынша басқа мүше мемлекеттің аумағына келген кезде, олардың болу мерзімі келген күнінен бастап 30 тәуліктен аспайтын жағдайда, егер келу мемлекетінің заңнамасында осындай міндет белгіленсе, көші-қон картасын (карточкасын) пайдаланудан босатылады.

9. Жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағына келген күнінен бастап 90 тәулік өткен соң еңбек шарты немесе азаматтық-құқықтық шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, мүше мемлекеттің еңбекшісі жұмысқа орналасу мемлекеттің аумағынан шықпай, 15 күн ішінде жаңа еңбек шартын немесе азаматтық-құқықтық шарт жасасуға құқылы.

**Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **98-бап Мүше мемлекет еңбекшісінің құқықтары мен міндеттері**

1. Мүше мемлекет еңбекшілерінің осы Шартқа және жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасына сәйкес танылатын білім туралы құжаттарда, ғылыми дәреже тағайындау және (немесе) ғылыми атақ беру туралы құжаттарда көрсетілген мамандығы мен біліктілігіне сай кәсіби қызметпен айналысуына құқығы бар.

2. Мүше мемлекеттің еңбекшісі мен оның отбасы мүшелері жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) өзінің мүлкін иеленуге, пайдалануға және иелік етуге;
- 2) меншігін қорғауға;
- 3) ақшалай қаражатын кедергісіз аударуға құқығын жүзеге асырады.

3. Мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру) (зейнетақыдан басқа) жұмысқа орналасу мемлекетінің азаматтары сияқты шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттер еңбекшілерінің еңбек (сақтандыру) өтілі жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасына сәйкес, зейнетақымен қамсыздандыруды қоспағанда,

әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру) мақсаттары үшін жалпы еңбек (сақтандыру) өтіліне есептеледі.

Мүше мемлекеттердің еңбекшілерін және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тұру тұратын мемлекетінің заңнамасымен, сондай-ақ мүше мемлекеттер арасындағы жеке халықаралық шартқа сәйкес реттеледі.

4. Мүше мемлекеттер еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерінің жедел медициналық көмек (шұғыл және кезек күттірмейтін нысандағы) пен өзге де медициналық көмек алу құқығы № 30 қосымшаға сәйкес тәртіппен, сондай-ақ жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасымен және ол қатысушы болып табылатын халықаралық шарттармен реттеледі.

5. Мүше мемлекеттің еңбекшісі жұмысқа орналасу мемлекетінің азаматтарымен тең түрде кәсіптік одақтарға кіруге құқылы.

6. Мүше мемлекеттің еңбекшісінің жұмысқа орналасу мемлекетінің мемлекеттік органдарынан (құзыретіне тиісті мәселелер жататын) және жұмыс берушіден (жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушіден) өзінің болу тәртібіне, еңбек қызметін жүзеге асыру шарттарына, сондай-ақ жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасында көзделген құқықтар мен міндеттерге қатысты ақпарат алуға құқығы бар.

7. Мүше мемлекет еңбекшісінің (оның ішінде бұрынғы) талап етуі бойынша жұмыс беруші (жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс беруші) оған жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасында белгіленген мерзімде кәсібін (мамандығын, біліктілігі мен лауазымын), жұмыс істеген кезеңі мен жалақысының мөлшерін көрсете отырып, анықтаманы (анықтамаларды) және (немесе) анықтаманың (анықтамалардың) куәландырылған көшірмесін өтеусіз негізде беруге міндетті.

8. Мүше мемлекет еңбекшісінің жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағында өзімен бірге тұратын балаларының жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі мекемелерге баруға, білім алуға құқығы бар.

9. Мүше мемлекеттің еңбекшісі мен оның отбасы мүшелері жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасын сақтауға, жұмысқа орналасу мемлекеті халықтарының мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуге, жасаған құқық бұзушылықтары үшін жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасына сәйкес жауапты болуға міндетті.

10. Мүше мемлекет еңбекшісінің жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағындағы еңбек қызметін жүзеге асыру нәтижесінде алған табыстары осы Шарттың ережелері ескеріле отырып, халықаралық шарттарға және жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасына сәйкес салық салынуға жатады.

## **ТӨРТІНШІ БӨЛІК**

### **ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **XXVII БӨЛІМ**

#### **ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР**

## **99-бап Жалпы өтпелі ережелер**

1. Осы Шарт күшіне енген күні қолданыста болған Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасалған мүше мемлекеттердің халықаралық шарттары Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар ретінде Одақтың құқығына кіреді және осы Шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

2. Осы Шарт күшіне енген күні қолданыста болған, мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, үкімет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері өзінің заңдық күшін сақтайды және осы Шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

3. Осы Шарт күшіне енген күннен бастап:

2011 жылғы 18 қазандағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартқа сәйкес әрекет еткен мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және үкімет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің функциялары мен өкілеттерін осы Шартқа сәйкес әрекет ететін тиісінше Жоғары кеңес пен Үкіметаралық кеңес жүзеге асырады;

2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартқа сәйкес құрылған Еуразиялық экономикалық комиссия өз қызметін осы Шартқа сәйкес жүзеге асырады;

осы Шарт күшіне енгенге дейін тағайындалған Комиссия Алқасының мүшелері өздері тағайындалған өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өз функцияларын орындауды жалғастырады;

осы Шарт күшіне енгенге дейін өздерімен еңбек шарттары жасалған департамент директорлары мен директорларының орынбасарлары еңбек шарттарында көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін өздеріне жүктелген міндеттерді орындауды жалғастырады;

Комиссияның құрылымдық бөлімшелеріндегі бос лауазымдарға орналасу осы Шартта көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Одақ шеңберінде осы Шартқа № 31 қосымшада көрсетілген халықаралық шарттар да қолданылады.

## **99<sup>1</sup> -бап VI бөлімге қатысты өтпелі ережелер**

Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі қолданысқа енгізілгенге дейін осы Шартқа № 5 қосымшаның 40 және 41-тармақтарында көрсетілген ақпарат осы ақпаратты қамтитын құжаттардың графикалық электрондық көшірмелері түрінде электрондық байланыс арналары арқылы жіберіледі.

**Ескерту. 99<sup>1</sup>-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

## **100-бап VII бөлімге қатысты өтпелі ережелер**

1. Одақ шеңберінде дәрілік заттардың ортақ нарығының жұмыс істеуі 2015 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей мүше мемлекеттер жасасуға тиіс, дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидаларын айқындайтын Одақ шеңберіндегі халықаралық шартқа сәйкес 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылады.

2. Медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) ортақ нарығының жұмыс істеуі 2015 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей мүше мемлекеттер жасасуға тиіс, медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидаларын айқындайтын Одақ шеңберіндегі халықаралық шартқа сәйкес 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылады.

## **101-бап VIII бөлімге қатысты өтпелі ережелер**

1. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі күшіне енгенге дейін Одақтағы кедендік реттеу, осы баптың ережелері ескеріле отырып, 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа және мүше мемлекеттердің Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасалған, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін және осы Шарттың 99-бабына сәйкес Одақтың құқығына кіретін өзге де халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген халықаралық шарттарды қолдану мақсаты үшін оларда пайдаланылатын ұғымдар ретінде мыналар түсіндіріледі:

"Кеден одағына мүше мемлекеттер" - осы Шартта айқындалған мағынадағы мүше мемлекеттер;

"Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағы (Кеден одағының кедендік аумағы)" - Одақтың кедендік аумағы;

"Кеден одағының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы)" - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы;

"Кеден одағының бірыңғай кедендік тарифі" - Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифі;

"Кеден одағы комиссиясы" - Еуразиялық экономикалық комиссия;

"Кеден одағына мүше мемлекеттердің халықаралық шарттары" - Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар, оның ішінде мүше мемлекеттердің осы Шарттың 99-бабына сәйкес Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттары;

"Кеден одағының кедендік шекарасы (кедендік шекара)" - Еуразия экономикалық одақтың кедендік шекарасы;

"Кеден одағының тауары" - Еуразиялық экономикалық одақ тауары.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген халықаралық шарттарды қолдану мақсаты үшін тыйым салулар мен шектеулерге Одақтың кедендік шекарасы арқылы өтетін тауарларға қатысты қолданылатын тарифтік емес реттеу шаралары (оның ішінде жалпы ерекшеліктер, сыртқы қаржылық жағдайларды қорғау және төлемдік теңгерімнің тепе-теңдігін біржақты тәртіппен қамтамасыз ету негізге алынып енгізілетіндер), техникалық реттеу шаралары, экспорттық бақылау шаралары және әскери мақсаттағы өнімдерге қатысты шаралар, сондай-ақ санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар мен радиациялық талаптар жатады.

Бұл ретте, тарифтік емес реттеу шараларына, оның ішінде жалпы ерекшеліктер, сыртқы қаржылық жағдайларды қорғау және төлемдік теңгерімнің тепе-теңдігін біржақты тәртіппен қамтамасыз ету негізге алынып енгізілетін шараларға осы Шарттың 46 және 47-баптарында айқындалған шаралар жатады.

Кеден одағы Кеден кодексінің 3-бабының 3 және 4-тармақтарын қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген халықаралық шарттардың тыйым салулар мен шектеулерді айқындауға және қолдануға (қолданбауға) қатысты ережелері қолданылмайды.

Одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды, оның ішінде жеке қолдануға арналған тауарларды өткізу және (немесе) тауарларды кедендік рәсімдермен орналастыру кезінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуы Комиссия белгілеген немесе осы Шартқа сәйкес мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген немесе мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленген жағдайларда және тәртіппен, тыйым салулар мен шектеулердің сақталғанын растайтын құжаттар және (немесе) мәліметтер ұсыну арқылы расталады.

Одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу кезінде мемлекеттік бақылаудың (қадағалаудың) ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық, санитариялық-эпидемиологиялық, радиациялық және басқа да түрлері осы Шартқа сәйкес немесе Комиссияның оған сәйкес қабылданған актілеріне немесе мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілеріне не мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және ресімделеді.

4. Кеден одағы Кеден кодексінің 51-бабы кеден одағының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасын жүргізу бөлігінде осы Шарттың 45-бабының ережелері ескеріле отырып қолданылады.

5. Кеден одағы Кеден кодексінің 7-тарауы осы Шарттың 37-бабының ережелері ескеріле отырып қолданылады.

6. Кеден одағы Кеден кодексінің 70-бабының 2-тармағы қолданылмайды.

Арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждары осы Шарттың ережелеріне сәйкес белгіленеді және осы Шарттың 48 және 49-баптарының ережелерін, сондай-ақ

төмендегілерді ескере отырып, кедендік әкелу бажын алу үшін кеден одағының Кеден кодексінде көзделген тәртіппен алынады.

Талаптары осы баптың 1-тармағында көрсетілген халықаралық шарттарға сәйкес арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларының қолданылуына байланысты шектеулердің сақталуын көздейтін арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждары кедендік рәсімдермен тауарларды орналастыру кезінде төленуге жатады.

Арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждарын есептеу, осы баждарды төлеу міндетінің туындауы және тоқтатылуы, оларды төлеу мерзімдері мен тәртібін айқындау осы Шартта белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, кедендік әкелу баждары үшін кеден одағының Кеден кодексінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (осы Шартқа № 8 қосымша) 104 және 169-тармақтарына сәйкес демпингке қарсы немесе өтемақы бажын қолдану кезінде демпингке қарсы, өтемақы баждары Комиссияның демпингке қарсы немесе өтемақы бажын қолдану туралы шешімі күшіне енген күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей төленуге, сондай-ақ көрсетілген Хаттамаға қосымшада айқындалған тәртіппен есепке жатқызылуға және бөлінуге жатады.

Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу мерзімдерін кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту нысанында өзгерту жүргізілмейді.

Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары белгіленген мерзімде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда оларды өндіріп алу кеден органы өсімпұл есептей отырып кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алуды жүзеге асыратын мүше мемлекеттің заңнамасында кедендік әкелу баждары үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте өсімпұлдарды есептеу, төлеу, өндіріп алу және қайтару тәртібі кедендік әкелу баждарының төленбеуіне немесе толық төленбеуіне байланысты төленетін, өндіріп алынатын өсімпұл үшін белгіленген тәртіпке ұқсас болады.

Осы тармақтың ережелері алдын ала арнайы, алдын ала демпингке қарсы, алдын ала өтемақы баждарын есептеуге, төлеуге және өндіріп алуға қолданылады.

7. Кеден одағы Кеден кодексінің 74-бабы тарифтік жеңілдіктер бөлігінде осы Шарттың 43-бабының ережелері ескеріле отырып қолданылады.

8. Кеден одағы Кеден кодексінің 77-бабы 2-тармағының екінші бөлігі қолданылмайды.

Кедендік әкету баждарын есептеу мақсаттары үшін, егер Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда және (немесе) мүше мемлекеттер арасындағы екіжақты халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, аумағында тауарлар кедендік рәсіммен орналастырылатын не аумағында тауарларды Одақтың кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізу фактілері анықталған мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген мөлшерлемелер қолданылады.

## **102-бап IX бөлімге қатысты өтпелі ережелер**

1. Осы Шарттың 35-бабының ережелеріне қарамастан, мүше мемлекеттер осы мүше мемлекеттің үшінші тараппен 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған халықаралық шарты немесе барлық мүше мемлекеттер қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар негізінде мұндай үшінші тараппен саудада біржақты тәртіппен преференциялар беруге құқылы.

Мүше мемлекеттер өздерінің негізінде преференциялар берілетін шарттарды біріздендіруді жүзеге асырады.

2. Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қолданылатын арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қайта қарау арқылы қабылданатын арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары Комиссияның тиісті шешімімен белгіленген көрсетілген шаралардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады және осы Шарттың IX бөлімінің ережелеріне және оған № 8 қосымшаға сәйкес қайта қарауға жатқызылуы мүмкін.

3. Осы Шарттың 36-бабының ережелерін іске асыру мақсаттары үшін Одақтың дамушы елдерден және (немесе) неғұрлым төмен дамыған елдерден шығарылатын тауарларға қатысты Одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін қолданудың шарттары мен тәртібін белгілейтін Комиссия шешімі күшіне енгенге дейін Кеден одағының тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесі туралы 2008 жылғы 12 желтоқсандағы хаттама қолданылады.

4. Осы Шарттың 37-бабының 2-тармағында көзделген тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидаларын белгілейтін Комиссия шешімі күшіне енгенге дейін 2008 жылғы 25 қаңтардағы Тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесі туралы келісім қолданылады.

5. Осы Шарттың 37-бабының 3-тармағында көзделген тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидаларын белгілейтін Комиссия шешімі күшіне енгенге дейін 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Тауарлардың дамушы және төмен дамыған елдерден шығарылғанын айқындау ережесі туралы келісім қолданылады.

## **103-бап XVI бөлімге қатысты өтпелі ережелер**

1. Осы Шарттың 70-бабының 1-тармағында айтылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мүше мемлекеттер 2025 жылға қарай қаржы нарығы саласындағы өз заңнамасын Одақ шеңберіндегі халықаралық шартқа және Қаржы қызметтері жөніндегі хаттамаға (осы Шартқа № 17 қосымша) сәйкес үйлестіруді жүзеге асырады.

2. Мүше мемлекеттер қаржы нарықтары саласындағы заңнаманы үйлестіруді аяқтағаннан кейін қаржы нарығын реттеу жөніндегі ұлттықтан жоғары органның



өкілеттіктері мен функциялары туралы шешім қабылдайды және оны 2025 жылы Алматы қаласында орналастыра отырып құрады.

#### **104-бап XX бөліміне қатысты өтпелі ережелер**

1. Одақтың жиынтық энергетикалық әлеуетті тиімді пайдалануға және отын-энергетикалық ресурстарды мемлекетаралық жеткізуді оңтайландыруға ықпал ететін газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) баланстарын әзірлеуді қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары 2015 жылғы 1 шілдеге дейін газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) баланстарын қалыптастырудың әдіснамасын әзірлейді және бекітеді.

**2. Күші жойылды – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.**

**3. Күші жойылды – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.**

4. Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру мақсатында Жоғары кеңес 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін - тұжырымдаманы, ал іс-шаралардың орындалу мерзімін 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін деп көздей отырып, Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін бекітеді.

5. Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасының іс-шараларын орындау аяқталғаннан кейін мүше мемлекеттер Одақ шеңберінде Одақтың жалпы газ нарығын қалыптастыру туралы, оның ішінде мүше мемлекеттердің аумағында орналасқан газ тасымалдау жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай қағидаларын қамтитын халықаралық шарт жасасады және оның 2025 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей күшіне енуін қамтамасыз етеді.

6. Мұнайдың және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру мақсатында Жоғары кеңес 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін - тұжырымдаманы, ал бағдарлама іс-шараларының орындалу мерзімін 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін деп көздей отырып, Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру бағдарламасын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін бекітеді.

7. Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру бағдарламасының іс-шараларын орындау аяқталғаннан кейін мүше мемлекеттер Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру туралы, оның ішінде мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйесіне қол жеткізудің бірыңғай қағидаларын қамтитын халықаралық шарт жасасады және оның 2025 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей күшіне енуін қамтамасыз етеді.

8. Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы туралы хаттаманың (осы Шартқа № 21 қосымша) 5 - 8-тармақтарына сәйкес қабылданған актілердің соңғысы күшіне енген күннен бастап:

көрсетілген Хаттаманың 43 - 49-тармақтары және оған қосымша күшін жояды;

көрсетілген Хаттаманың 2-тармағы, 5-тармағының бірінші және екінші абзацтары, 10 - 38-тармақтары, 39-тармағының үшінші және төртінші абзацтары, 40-тармағы күшіне енеді.

9. Баға белгілеу және тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, газ тасымалдау жүйесі бойынша газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу қағидалары туралы хаттама (осы Шартқа № 22 қосымша) осы баптың 5-тармағында көзделген халықаралық шарт күшіне енгенге дейін қолданыста болады.

10. Мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын ұйымдастыру, басқару, жұмыс істеу және дамыту туралы хаттама (осы Шартқа № 22 қосымша) осы баптың 7-тармағында көзделген халықаралық шарт күшіне енгенге дейін қолданыста болады.

**Ескерту. 104-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.**

### **105-бап XXIV бөлімге қатысты өтпелі ережелер**

1. Мүше мемлекеттер Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттаманың (осы шартқа № 28 қосымша) 7-тармағында көзделген Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енуін қамтамасыз етеді.

Көрсетілген халықаралық шарт күшіне енген күнінен бастап осы Шарттың 93-бабының 6-тармағы 3) және 4) тармақшаларының және Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттаманың (осы Шартқа № 28 қосымша) 6, 15, 20, 87 және 97-тармақтарының ережелері күшіне енеді.

2. Осы Шарттың 93-бабының және Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттаманың (осы Шартқа № 28 қосымша) ережелері 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін мүше мемлекеттер аумақтарында берілген субсидияларға қолданылмайды.

### **106-бап XXV бөлімге қатысты өтпелі ережелер**

1. Беларусь Республикасы үшін Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы хаттаманың (осы Шартқа № 29 қосымша) 8-тармағы бірінші абзацының ережесіне қатысты 2016 жылға дейінгі өтпелі кезең белгіленеді, ол кезеңде Беларусь Республикасы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың рұқсат етілген көлемін былайша:

2015 жылы - 12 пайыз;

2016 жылы - 10 пайыз төмендетуге міндеттенеді.

2. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы хаттаманың (осы Шартқа № 29 қосымша) 8-тармағының екінші абзацында көзделген, саудаға

бұрмалаушы әсер ететін шаралардың рұқсат етілген деңгейін есептеу әдіснамасы 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін әзірленеді және бекітіледі.

3. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы хаттаманың (осы Шартқа № 29 қосымша) 8-тармағының үшінші абзацында көзделген міндеттемелер Беларусь Республикасы үшін 2025 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей күшіне енеді.

### **106-бап<sup>1</sup> XXVIII бөлімге қатысты өтпелі ережелер**

Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (осы Шартқа № 32 қосымша) 53-тармағында көзделген тәртіппен 2022 ж. 24 наурызда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссияның және Еуразиялық экономикалық одақ сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттамамен (бұдан әрі - Өзгерістер енгізу туралы Хаттама) енгізілген мемлекеттік азаматтық қызмет өтілінің ұзақтығы бөлігіндегі өзгерістерді есепке алмағанда, еңбек сіңірген жылдары үшін мыналарға:

Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (осы Шартқа № 32 қосымша) 53-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығына ие болған және Өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күнге дейін Комиссияда немесе Одақтың Сотында атқаратын лауазымдарынан босатылған адамдар үшін;

Өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күнге Комиссияда немесе Одақтың Сотында лауазымды атқаратын және осы күнге еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін кемінде 20 жыл мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі бар адамдар үшін ;

Өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күнге Комиссияда немесе Одақтың Сотында лауазымды атқаратын, осы күнге еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін кемінде 15 жыл мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі бар және Өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күнге дейін Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес қарттығына (мүгедектігіне) байланысты сақтандыру зейнетақысына құқық алған адамдар үшін зейнетақы алу құқығы сақталады.

Аталған адамдар санатына еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыста болған, федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілер үшін Ресей Федерациясының заңнамасында айқындалған шарттарға сәйкес және тәртіппен тағайындалады.

**Ескерту. 106<sup>1</sup>-баппен толықтырылды – ҚР 02.11.2022 № 151-VII Заңымен.**

## **XXVIII БӨЛІМ**

### **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

## **107-бап Әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар және иммунитеттер**

Одаққа мүше мемлекеттердің әрқайсысының аумағында Комиссия Кеңесінің және Комиссия Алқасының мүшелері, Одақ Сотының судьялары, Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздеріне жүктелген өкілеттіктер мен лауазымдық (қызметтік) міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік кепілдіктерді, артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады. Көрсетілген әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер көлемі осы Шартқа № 32 қосымшаға сәйкес айқындалады.

## **108-бап Одаққа кіру**

1. Одақ оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін кез келген мемлекеттің мүше мемлекеттермен келісілген шарттарда кіруі үшін ашық.

2. Одаққа кіруге кандидат мемлекет мәртебесін алу үшін мүдделі мемлекет Жоғары кеңес Төрағасының атына тиісті өтініш жолдайды.

3. Мемлекетке Одаққа кіруге кандидат мемлекет мәртебесін беру туралы шешімді Жоғары кеңес консенсуспен қабылдайды.

4. Жоғары кеңестің шешімі негізінде кандидат мемлекеттің Одақ құқығынан туындайтын міндеттемелерді өзіне қабылдауға дайындығы дәрежесін зерделеу, кандидат мемлекеттің Еуразиялық экономикалық одаққа кіруі жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының жобасын әзірлеу, сондай-ақ кандидат мемлекеттің құқықтары мен міндеттерінің көлемі, сондай-ақ оның Одақ органдарының жұмысына қатысу форматы айқындалатын тиісті мемлекеттің Одаққа кіруі туралы халықаралық шарт жобасын әзірлеу үшін кандидат мемлекеттің, мүше мемлекеттердің және Одақ органдарының өкілдерінен жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) құрылады.

5. Кандидат мемлекеттің Еуразиялық экономикалық одаққа кіруі жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын Жоғары кеңес бекітеді.

6. Жұмыс тобы кандидат мемлекеттің Еуразиялық экономикалық одаққа кіру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын кандидат мемлекеттің орындау барысы туралы баяндаманы Жоғары кеңестің қарауына тұрақты негізде ұсынады. Одақтың құқығынан туындайтын міндеттемелерді кандидат мемлекеттің толық көлемде орындағаны туралы жұмыс тобының тұжырымы негізінде Жоғары кеңес кандидат мемлекетпен Одаққа кіру туралы халықаралық шартқа қол қою туралы шешім қабылдайды. Көрсетілген халықаралық шарт ратификациялануға жатады.

## **109-бап Байқаушы мемлекеттер**

1. Кез келген мемлекет Жоғары кеңес Төрағасына өзіне Одақ жанындағы байқаушы мемлекет мәртебесін беру туралы өтініш жасауға құқылы. Мұндай өтініш жасау рәсімі,

сондай-ақ байқаушы мемлекеттің мәртебесіне байланысты өзге де мәселелер Жоғары кеңес бекітетін ережеде айқындалады.

2. Жоғары кеңес Одақ жанындағы байқаушы мемлекет мәртебесін беру не мұндай мәртебе беруден бас тарту туралы шешімді интеграцияны дамыту және осы Шарттың мақсаттарына қол жеткізу мүдделерін ескере отырып қабылдайды.

3. Одақ жанындағы байқаушы мемлекеттің уәкілетті өкілдері шақыру бойынша Одақ органдарының отырыстарына қатыса алады, Одақ органдары қабылдайтын құпия сипаттағы құжат болып табылмайтын құжаттарды ала алады.

4. Одақ жанындағы байқаушы мемлекет мәртебесі Одақ органдарында шешім қабылдауға қатысуға құқық бермейді.

5. Одақ жанындағы байқаушы мемлекет мәртебесін алушы мемлекет Одақтың және мүше мемлекеттердің мүдделеріне, осы Шарттың объектісі мен мақсаттарына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттен тартынуға міндетті.

**Ескерту. 109-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

### **110-бап Одақ органдарының жұмыс тілі. Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар мен Комиссия шешімдерінің тілі**

1. Одақ органдарының жұмыс тілі - орыс тілі.

2. Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар және мүше мемлекеттер үшін міндетті сипаты бар Комиссия шешімдері орыс тілінде қабылданады, егер бұл мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделсе, Комиссия айқындайтын тәртіппен кейіннен олардың мемлекеттік тіліне аударылады.

Мүше мемлекеттердің мемлекеттік тіліне аудару Одақ бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

3. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда осы баптың 2-тармағында көрсетілген халықаралық шарттар мен шешімдерді түсіндіру мақсаты үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

### **111-бап Қол жеткізу және жариялау**

1. Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар, үшінші тараппен халықаралық шарттар және Одақ органдарының шешімдері Үкіметаралық кеңес белгілеген тәртіппен Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында ресми жариялануға жатады.

Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында Одақ органының шешімі жарияланған күн осы шешімнің ресми жарияланған күні болып танылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шешімнің ешқайсысы ол ресми жарияланғанға дейін күшіне енбейді.

3. Одақ органдарының шешімдері шешім қабылданған күнінен бастап күнтізбелік 3 күннен кешіктірілмей мүше мемлекеттерге жіберіледі.

4. Одақ органдары аталған шешім қабылдануы жоспарланып отырған күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын шешім жобаларының Интернет желісіндегі Одақтың ресми сайтында алдын ала жариялануын қамтамасыз етеді. Одақ органдарының жеделден қоюды талап ететін айрықша жағдайларда қабылданатын шешімдерінің жобалары өзге мерзімдерде жариялануы мүмкін.

Мүдделі тұлғалар осы органға өз түсіндірмелері мен ұсыныстарын бере алады.

Осындай түсіндірмелер мен ұсыныстарды жинау, талдау және есепке алу тәртібі Одақтың тиісті органының жұмыс регламентінде айқындалады.

5. Одақ органдарының таратылуы шектелген ақпаратты қамтитын шешімдері мен осындай шешімдерінің жобалары ресми жариялануға жатпайды.

6. Осы баптың ережелері - күшіне ену және жариялану тәртібін Еуразиялық экономикалық одақтың Сот Статуты айқындайтын (осы Шартқа № 2 қосымша) Одақ Сотының шешімдеріне қатысты қолданылмайды.

7. Осы баптың 4-тармағының ережелері осындай шешімдердің жобаларын алдын ала жариялау олардың орындалуына кедергі келтіруі мүмкін немесе қоғамдық мүдделерге өзгеше түрде қайшы келетін жағдайларда Одақ органдарының шешімдеріне қатысты қолданылмайды.

### **112-бап Дауларды шешу**

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

Даудың бір тарапы даудың екінші тарапына консультациялар және келіссөздер жүргізу туралы ресми жазбаша өтініш жіберген күннен бастап 3 ай ішінде келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, егер Еуразиялық экономикалық одақтың Сот Статуты (осы Шартқа № 2 қосымша) өзгеше мерзім көздемесе, егер дау тараптары оны шешудің өзге тетіктерін пайдалану туралы уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, даудың кез келген тарапы дауды Одақ Сотының қарауына беруі мүмкін.

### **113-бап Шарттың күшіне енуі**

Осы Шарт оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Шарттың күшіне енуіне байланысты, осы Шартқа № 33 қосымшаға сәйкес Кеден одағын және Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру шеңберінде жасалған халықаралық шарттардың қолданысы тоқтатылады.

### **114-бап Осы Шарттың өзге халықаралық шарттармен арақатынасы**

1. Осы Шарт мүше мемлекеттердің осы Шарттың мақсаттары мен қағидаттарына қайшы келмейтін халықаралық шарттарды жасасуына кедергі келтірмейді.

2. Мүше мемлекеттер арасындағы, осы Шарттың немесе Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелерімен салыстырғанда интеграцияның неғұрлым терең деңгейін көздейтін немесе олардың жеке және (немесе) заңды тұлғаларының пайдасына қосымша артықшылықтар беретін екіжақты халықаралық шарттар оларды жасасқан мемлекеттер арасындағы қатынастарда қолданылады және олар мен басқа мүше мемлекеттердің осы Шарт және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін орындауын қозғамайтын жағдайда жасалуы мүмкін.

### **115-бап Шартқа өзгерістер енгізу**

Осы Шартқа жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

### **116-бап Шартты Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркеу**

Осы Шарт Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелуге жатады.

### **117-бап Ескертпелер**

Осы Шартқа ескертпелер жасауға жол берілмейді.

### **118-бап Шарттан шығу**

1. Кез келген мүше мемлекет осы Шарттың депозитарийіне дипломатиялық арналар арқылы өзінің осы Шарттан шығу ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберіп, осы Шарттан шығуға құқылы. Осы Шарттың бұл мемлекетке қатысты қолданысы осы Шарт депозитарийінің осындай хабарлама алған күнінен бастап 12 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес осы Шарттан шығу ниеті туралы хабарлаған мүше мемлекет өзінің осы Шартқа қатысуына байланысты туындаған қаржылық міндеттемелерін реттеуге міндетті. Осы міндеттеме бұл мемлекеттің осы Шарттан шыққанына қарамастан, оны толық орындағанға дейін күшінде қалады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген хабарлама негізінде Жоғары кеңес мүше мемлекеттің осы Шартқа қатысуына байланысты туындаған міндеттемелерін реттеу процесін бастау туралы шешім қабылдайды.

4. Осы Шарттан шығу автоматты түрде Одақтағы мүшеліктің тоқтатылуына және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардан шығуға әкеп соғады.

Астана қаласында 2014 жылғы 29 мамырда бір данада белорус, қазақ және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Келіспеушіліктер туындаған жағдайда осы Шартты түсіндіру мақсаттары үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Осы Шарттың түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Шарттың депозитарийі бола отырып, әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасы үшін	Қазақстан Республикасы үшін	Ресей Федерациясы үшін
----------------------------	-----------------------------	------------------------

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 1 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық комиссия туралы**

### **ЕРЕЖЕ**

#### **I. Жалпы ережелер**

1. Комиссия Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 18-бабының 1-тармағына сәйкес Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы болып табылады.

Комиссияның негізгі міндеттері Одақтың жұмыс істеу және даму жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ Одақ шеңберінде экономикалық интеграция саласында ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

2. Комиссия өз қызметін:

- 1) өзара пайданы, тең құқықтылықты және мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделерін есеп алуды қамтамасыз ету;
- 2) қабылданатын шешімдердің экономикалық негізділігі;
- 3) ашықтық, жариялылық және объективтілік қағидаттары негізінде жүзеге асырады

3. Комиссия өз қызметін Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өкілеттіктер шегінде мынадай:

- 1) кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу;
- 2) кедендік реттеу;
- 3) техникалық реттеу;
- 4) санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар, шұғыл фитосанитариялық шаралар;
- 5) кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу және бөлу;
- 6) үшінші тараптарға қатысты сауда режимдерін белгілеу;
- 7) сыртқы және өзара сауда статистикасы;
- 8) макроэкономикалық саясат;
- 9) бәсекелестік саясат;



- 10) өнеркәсіптік және ауылшаруашылық субсидиялары;
- 11) энергетикалық саясат;
- 12) табиғи монополиялар;
- 13) мемлекеттік және (немесе) муниципалдық сатып алу;
- 14) көрсетілетін қызметтердің өзара саудасы және инвестициялар;
- 15) көлік және тасымалдау;
- 16) валюта саясаты;
- 17) зияткерлік меншік;
- 18) еңбек көші-қоны;
- 19) қаржы нарықтары (банк саласы, сақтандыру саласы, валюта нарығы, бағалы қағаздар нарығы);
- 20) Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалған өзге де салаларда жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

4. Комиссия өз өкілеттіктері шегінде Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарды іске асыруды қамтамасыз етеді.

5. Комиссия Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың, Жоғары кеңес пен Үкіметаралық кеңес шешімдерінің депозитарийі функцияларын орындайды.

6. Жоғары кеңес Комиссияға Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық шарттарға қол қою құқығын бере алады.

7. Комиссия Одақтың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында олар бойынша шешімдер қабылдау Комиссияның құзыретіне жататын жекелеген мәселелер бойынша консультациялар жүргізу үшін консультациялық органдар құруға құқылы.

8. Комиссия қарайтын мәселелер бойынша мүше мемлекеттердің позициясын сұратуға Комиссияның құқығы бар. Позиция білдіру туралы сұрау салу мүше мемлекеттердің үкіметтеріне жіберіледі. Комиссияның мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарынан, заңды және жеке тұлғалардан Комиссияның өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға да құқығы бар. Құпия ақпаратты қамтитын сұрау салуларды қоспағанда, Комиссияның заңды және жеке тұлғалардың атына жіберген сұрау салуларының көшірмелері бір мезгілде мүше мемлекеттің уәкілетті атқарушы билік органына жолданады. Егер Шартта өзгеше белгіленбесе, Комиссияның атынан позицияны немесе ақпаратты беру туралы сұрау салуды Комиссия Алқасының Төрағасы немесе Комиссия Алқасының мүшесі жібереді.

Мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары сұратылып отырған ақпаратты мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияға (мемлекеттік жасырымға) немесе таратылуы шектеулі мәліметтерге жатқызылған мәліметтерді қамтымайтын ақпарат болған жағдайда, оны Комиссия жұмысының Регламентінде белгіленген мерзімде беруді қамтамасыз етеді.

Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияға (мемлекеттік жасырымға) немесе таратылуы шектеулі мәліметтерге жатқызылған мәліметті қамтитын ақпаратты алмасу тәртібі Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленеді.

9. Комиссия Одақтың бюджетін жасауға және оның орындалуы туралы есепті дайындауға жауапты, Комиссияның бюджеттік сметасы қаражатына билік жүргізуші болып табылады.

10. Комиссия заңды тұлға құқығын пайдаланады.

11. Комиссия - Комиссия Кеңесінен және Комиссия Алқасынан тұрады. Комиссия Кеңесі мен Комиссия Алқасы қызметінің тәртібі Жоғары кеңес бекітетін Еуразия экономикалық комиссиясының жұмыс регламентімен (бұдан әрі - Регламент) реттеледі.

12. Комиссия Кеңесі құрылымдық бөлімшелер (бұдан әрі - Комиссия департаменттері) құруға құқылы.

13. Комиссия өз өкілеттіктері шегінде нормативтік құқықтық сипаты бар және мүше мемлекеттер үшін міндетті шешімдерді, ұйымдастырушылық-өкімдік сипаты бар өкімдерді және міндетті емес сипаттағы ұсынымдарды қабылдайды.

Комиссия шешімдері Одақ құқығына кіреді және мүше мемлекеттердің аумақтарында тікелей қолдануға жатады.

14. Комиссияның шешімдерін, өкімдері мен ұсынымдарын Шарт пен Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген өкілеттіктер шегінде және Шарт пен Регламентте көзделген тәртіппен Комиссия Кеңесі және Комиссия Алқасы қабылдайды.

Комиссия Кеңесі мен Комиссия Алқасының өкілеттіктері мен функцияларының аражігін ажырату Регламентпен айқындалады.

15. Комиссия:

кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарына әсер етуі мүмкін Комиссия шешімдері жобаларының және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар жобаларының реттеуші әсерін бағалауды (бұдан әрі - реттеуші әсерді бағалау);

Комиссияның кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарына әсер ететін қабылданған шешімдерінің нақты әсерін бағалауды (бұдан әрі - нақты әсерді бағалау) жүргізеді.

Комиссияның кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарына әсер етуі мүмкін шешімдері осындай шешімдер жобаларының реттеуші әсерін бағалауды жүргізу нәтижелері ескеріле отырып қабылданады.

Одақ шеңберінде халықаралық шарт жобасының реттеуші әсерін бағалау туралы қорытынды халықаралық шарт жобасын мемлекетішілік келісуге жолдаумен бір мезгілде мүше мемлекеттерге жіберіледі.

Нақты әсерді бағалау, әдетте, Комиссияның тиісті шешімі қолданылуының әрбір 3 жылы өткен соң жүргізіледі.

Нақты әсерді бағалау туралы қорытынды Комиссияның тиісті шешіміне өзгерістер енгізілген кезде ескеріледі.

Реттеуші әсерді бағалау және нақты әсерді бағалау рәсімдерін жүргізу тәртібі Регламентте айқындалады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

16. Егер Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда өзгеше көзделмеген жағдайда, Комиссия шешімдері ресми жарияланған күнінен бастап кемінде күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген Комиссия шешімдері, сондай-ақ жеделден қоюды талап ететін ерекше жағдайларда қабылданатын Комиссия шешімдері күшіне енудің өзге мерзімін, бірақ ресми жарияланған күнінен бастап кемінде күнтізбелік 10 күн өткеннен кейінгі мерзімді көздеуі мүмкін.

Осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген Комиссия шешімдерін қабылдау және оның күшіне ену тәртібі Регламентте белгіленеді.

Комиссияның таратылуы шектеулі мәліметтерді қамтитын шешімдері онда айқындалған мерзімде күшіне енеді.

Комиссияның өкімдері онда айқындалған мерзімде күшіне енеді.

17. Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жағдайын нашарлататын Комиссия шешімдерінің кері күші болмайды.

18. Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жағдайын жақсартатын Комиссия шешімдері, егер олар осыны тікелей көздесе, кері күшке ие бола алады.

19. Комиссияның шешімдерін жариялау және оған қол жеткізуді қамтамасыз ету Шарттың 111-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

20. Комиссия шешімдерінің қабылдануы Шарттың 18-бабына және осы Ережеге сәйкес Комиссия Кеңесі мүшелерінің немесе Комиссия Алқасы мүшелерінің дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады.

21. Комиссиядағы дауыстар мынадай түрде бөлінеді:

1) Комиссия Кеңесі мүшесінің бір дауысы Комиссия Кеңесінде бір дауыс болып табылады;

2) Комиссия Алқасы мүшесінің бір дауысы Комиссия Алқасында бір дауыс болып табылады.

## **II. Комиссия кеңесі**

22. Комиссия Кеңесі Одақтағы интеграциялық процестерді жалпы реттеуді, сондай-ақ Комиссия қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады.

23. Комиссия Кеңесіне әрбір мүше мемлекеттен үкімет басшысының орынбасары болып табылатын және өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес қажетті өкілеттіктер берілген бір-бір өкіл кіреді.

Мүше мемлекеттер Комиссия Кеңесіндегі өкілі туралы бірін-бірі, сондай-ақ Комиссия Алқасын Регламентте белгіленген тәртіппен хабардар етеді.

24. Комиссия Кеңесі мынадай функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- 1) Одақтың қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Одақ шеңберіндегі интеграцияның негізгі бағыттарын Жоғары кеңестің бекітуіне енгізеді;
- 3) осы Ереженің 30-тармағында көзделген тәртіппен Комиссия Алқасы қабылдаған Комиссия шешімдерінің күшін жою немесе оларға өзгерістер енгізу туралы мәселені қарайды;
- 4) Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттардың орындалуына мониторинг және бақылау жүргізу нәтижелерін қарайды;
- 5) Үкіметаралық кеңестің қарауына реттеуші әсерді бағалау және нақты әсерді бағалау рәсімдерін жүргізу мониторингі туралы есепті (2 жылда 1 рет кезеңділігімен) енгізеді;
- 6) Комиссия Алқасы Төрағасының ұсынуы бойынша Комиссия департаменттерінің тізбесін, олардың құрылымы мен штат санын, сондай-ақ оларды Комиссия Алқасы мүшелерінің арасында бөлуді бекітеді;
- 7) Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;
- 8) Еуразиялық экономикалық одақтағы Әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ережеде (Шартқа № 32 қосымша) көзделген негіздер бойынша Комиссия қызметкерлерінен артықшылықтар мен иммунитеттерді алу туралы шешім қабылдайды;
- 9) Одақ бюджетінің жобасын мақұлдайды;
- 10) Комиссия Алқасы мүшелерінің, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу тәртібін мақұлдайды;
- 11) Комиссия департаменттерінің жалпы шекті штат санын мақұлдайды;
- 12) Одақтың интеграцияланған-ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жоспарын бекітеді;
- 13) Шартта көзделген Комиссия департаменттеріне мүше мемлекеттер азаматтарының жұмысқа орналасу құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Комиссия Кеңесі жанынан әдеп жөніндегі комиссияны құрады және ол туралы ережені бекітеді;
- 14) Комиссия Алқасына тапсырмалар береді;
- 15) Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және Регламентке сәйкес өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

25. Комиссия Кеңесі - Комиссия Кеңесінің немесе Комиссия Алқасының шешімін қабылдау алдында Комиссия Алқасының осы Ереженің 44-бабына сәйкес құрылған

консультациялық орган шеңберінде консультациялар өткізуі міндетті болатын мәселелерді айқындауға құқылы.

26. Комиссия Кеңесінің отырыстары Регламентке сәйкес өткізіледі. Комиссия Кеңесінің кез келген мүшесі Комиссия Кеңесі отырысын өткізуге бастамашы бола алады, сондай-ақ Комиссия Кеңесі отырыстарының күн тәртібіне ұсыныстар енгізе алады.

Егер Комиссия Кеңесінің отырысына Комиссия Кеңесінің барлық мүшелері қатысса, ол құқықты болып есептеледі.

27. Комиссия Кеңесінің отырыстарына Комиссия Алқасының Төрағасы, сондай-ақ Комиссия Кеңесінің шақыруы бойынша Комиссия Алқасының мүшелері қатысады. Комиссия Кеңесінің мүшелері Комиссия Кеңесінің отырыстарына мүше мемлекеттердің өкілдерін және өзге де адамдарды шақыра алады.

Комиссия Кеңесінің отырыстарына үшінші мемлекеттердің өкілдері Шартта айқындалатын тәртіппен және жағдайларда қатыса алады.

28. Комиссия Кеңесіне төрағалық ету Шарттың 8-бабының 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Комиссия Кеңесі Төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, қалған мерзім ішінде Комиссия Кеңесі Төрағасының өкілеттіктерін төрағалық етуші мүше мемлекеттен Комиссия Кеңесінің жаңа мүшесі жүзеге асырады.

Комиссия Кеңесінің Төрағасы:

Комиссия Кеңесі кезекті отырысының қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады;

күн тәртібін айқындайды;

Комиссия Кеңесінің отырыстарын ашады, жүргізеді және жабады.

29. Комиссия Кеңесі өз өкілеттіктері шегінде шешімдер, өкімдер және ұсынымдар қабылдайды.

Комиссия Кеңесі шешімдерді, өкімдерді және ұсынымдарды консенсуспен қабылдайды.

Егер консенсуға қол жеткізілмесе, мәселе Комиссия Кеңесінің кез келген мүшесінің ұсынысы бойынша Жоғары кеңестің немесе Үкіметаралық кеңестің қарауына беріледі.

30. Мүше мемлекеттің немесе Комиссия Кеңесі мүшесінің Комиссия Алқасының шешімін жариялаған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде оның күшін жою немесе оған өзгеріс енгізу туралы ұсынысты Комиссия Алқасына енгізуге құқығы бар.

Комиссия Алқасының Төрағасы көрсетілген ұсынысты алған күні Комиссия Кеңесінің мүшелеріне тиісті шешім бойынша материалдарды жолдайды.

Комиссия Кеңесі осындай материалдар түскеннен кейін оларды қарайды және күнтізбелік 10 күн ішінде шешім қабылдайды.

Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы мәселені қарау нәтижелері бойынша Комиссия Кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда не осы тармақтың үшінші абзацында көзделген мерзім өткен жағдайда, бірақ Комиссия Кеңесінің шешімі ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей, мүше мемлекет Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің қарауына тиісті мәселені енгізу туралы ұсыныспен Комиссияға үкімет басшысы қол қойған хат жібере алады.

Мүше мемлекеттің үкімет басшысы Комиссияның осы Ереженің 16-тармағының екінші абзацында көрсетілген шешімдеріне қатысты мәселені Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің қарауына енгізу туралы ұсыныспен олар күшіне енген күнге дейінгі кез келген сатыда Комиссияға жүгінуге құқылы.

Комиссия Алқасының күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізілген шешімі осы тармаққа сәйкес күшіне енбейді және Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің осы шешімге қатысты мәселені қарау және осындай қарау қорытындылары бойынша тиісті шешім қабылдауы үшін қажетті мерзімге тоқтатыла тұрады.

### **III. Комиссия алқасы**

31. Комиссия Алқасы Комиссияның атқарушы органы болып табылады.

Комиссия Алқасы Алқа мүшелерінен тұрады, олардың біреуі Комиссия Алқасының Төрағасы болып табылады.

Комиссия Алқасы мүше мемлекеттердің тең өкілдігі қағидатын негізге ала отырып, мүше мемлекеттер өкілдерінен қалыптастырылады.

Комиссия Алқасының сандық құрамын және Комиссия Алқасы мүшелері арасындағы міндеттерді бөлуді Жоғары кеңес айқындайды.

Комиссия Алқасы Комиссия департаменттеріне басшылықты жүзеге асырады.

32. Комиссия Алқасының мүшесі өзі өкілдік ететін мүше мемлекеттің азаматы болуға тиіс.

Комиссия Алқасының мүшелері мынадай талаптарды қанағаттандыруға: лауазымдық міндеттеріне сәйкес кәсіби даярлығы (біліктілігі) болуға, сондай-ақ лауазымдық міндеттер бейіні бойынша еңбек өтілі 7 жылдан кем болмауға, оның ішінде мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарында кем дегенде 1 жыл басшылық лауазымда жұмыс істеуге тиіс.

33. Комиссия Алқасының мүшелерін Жоғары кеңес өкілеттіктерін ұзарту мүмкіндігімен 4 жыл мерзімге тағайындайды.

Комиссия Алқасының Төрағасын Жоғары кеңес ротация негізінде мерзімін ұзарту құқығынсыз 4 жыл мерзімге тағайындайды. Ротация мүше мемлекеттің атауы бойынша орыс әліпбиі тәртібіндегі кезектілікпен жүзеге асырылады.

34. Комиссия Алқасының мүшелері Комиссияда тұрақты негізде жұмыс істейді. Комиссия Алқасының мүшелері өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарынан тәуелсіз және мүше мемлекеттердің билік органдарына немесе ресми тұлғаларына сұрау сала алмайды немесе олардан нұсқаулар ала алмайды.

Комиссия Алқасы мүшелерінің халықаралық қызмет мәселелері бойынша мүше мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасау тетігі Жоғары кеңес бекітетін Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібіне сәйкес айқындалады.

35. Комиссия Алқасы мүшелерінің өз өкілеттіктері қолданысының барлық мерзімі ішінде оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, Комиссия Алқасының жұмысын басқа жұмыспен қоса атқаруға немесе басқа да ақылы қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

36. Комиссия Алқасының мүшелері:

1) коммерциялық ұйымды басқару органының қызметіне ақылы негізде қатысуға;

2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

3) өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйақылар (сыйлықтар, ақшалай сыйақылар, несиелер, көрсетілетін қызметтер, ойын-сауықтардың, демалыстың, көлік шығыстарының ақысын төлеуді және өзге де сыйақылар) алуға құқылы емес. Хаттамалық іс-шараларға, қызметтік іссапарларға және басқа да ресми іс-шараларға байланысты Комиссия Алқасының мүшесі алған сыйлықтар (символдық сыйлықтарды қоспағанда) Комиссияның меншігі болып танылады және Комиссияға акт бойынша беріледі. Осындай сыйлықты берген Комиссия Алқасының мүшесі Комиссия Кеңесі бекіткен тәртіппен оны сатып ала алады;

4) жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен лауазымдық міндеттерін атқаруға байланысты сапарларды жүзеге асыруға;

5) өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты емес мақсаттарда материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету құралдарын, Комиссияның басқа да мүлкін пайдалануға, сондай-ақ оларды басқа адамдарға беруге;

6) өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты емес мақсаттарда құпия сипаттағы мәліметтерді немесе өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған қызметтік ақпаратты жария етуге немесе пайдалануға;

7) Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктерін саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің, діни бірлестіктер мен өзге де ұйымдардың мүдделерінде пайдалануға, сондай-ақ, Комиссия Алқасының мүшесі ретінде, егер бұл оның өкілеттігіне кірмейтін болса, көрсетілген бірлестіктер мен ұйымдарға қатынасын жария білдіруге;

8) Комиссияда саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің (кәсіптік одақтарды, ардагерлер және өзге қоғамдық ерікті қызмет ету органдарын қоспағанда) және діни бірлестіктердің құрылымдарын құруға немесе көрсетілген құрылымдарды құруға ықпал етуге құқылы емес.

37. Комиссия Алқасының мүшесі кіріс әкелетін бағалы қағаздарды және (немесе) акцияларды (ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін) иеленген жағдайда, ақылға қонымды мерзімдерде өзіне тиесілі бағалы қағаздарды және (немесе) акцияларды (ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқаруға беруге міндетті.

38. Осы Ереженің 35 - 37-тармақтарында белгіленген шектеулер Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне де қолданылады.

39. Осы Ереженің 35 - 37-тармақтарында белгіленген шектеулерді кез келген бұзушылық Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Комиссияның лауазымды адамымен, қызметкерімен еңбек шартын (келісімшартты) бұзу үшін негіз болып табылады.

40. Әрбір мүше мемлекет Жоғары кеңеске Комиссия Алқасының мүшесі лауазымына кандидатураларды ұсынады.

Комиссия Алқасының Төрағасын қоса алғанда, Комиссия Алқасының дербес құрамын мүше мемлекеттердің ұсынуы бойынша Жоғары кеңес бекітеді.

Жоғары кеңес Комиссия Алқасы мүшесінің кандидатурасын бекітпеген жағдайда, мүше мемлекет күнтізбелік 30 күн ішінде жаңа кандидатура ұсынады.

41. Өзінің лауазымдық міндеттерін адал атқармаған жағдайларды немесе осы Ереженің 35 - 37-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттердің Комиссия Алқасының мүшесін кері шақырып алуға құқығы жоқ.

Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату (ерікті түрде отставкаға шығу жағдайларын қоспағанда) мүше мемлекеттің ұсынуы бойынша Жоғары кеңестің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Комиссия Алқасының жаңа мүшесі өкілеттігі тоқтатылған Комиссия Алқасының мүшесін ұсынған сол мүше мемлекеттің ұсынуымен Комиссия Алқасының бұрынғы мүшесі өкілеттіктерінің қалған мерзіміне тағайындалады.

42. Комиссия Алқасы мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөлуді, сондай-ақ Комиссия департаменттерінің жалпы шекті штат санын және Комиссия Алқасы мүшелерінің, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу (оның ішінде оларды ақшалай қамту) тәртібін Жоғары кеңес бекітеді.

43. Комиссия Алқасы мынадай функциялар мен өкілеттіктерді іске асыруды қамтамасыз етеді:



- 1) Одақ шеңберіндегі интеграция саласында ұсыныстар әзірлеуді және мүше мемлекеттер ұсынған ұсыныстарды жинақтауды (интеграцияның негізгі бағыттарын әзірлеу мен іске асыруды қоса алғанда) жүзеге асырады;
- 2) шешімдер, өкімдер және ұсынымдар қабылдайды;
- 3) Жоғары кеңес пен Үкіметаралық кеңес қабылдаған шешімдер мен өкімдерді және Комиссия Кеңесі қабылдаған шешімдерді орындайды;
- 4) Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттардың және Комиссия шешімдерінің орындалуына мониторингті және бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ мүше мемлекеттерді оларды орындау қажеттілігі туралы хабардар етеді;
- 5) Комиссия Кеңесінің қарауы үшін атқарылған жұмыс туралы жыл сайын есеп береді;
- 6) Одақтың қалыптасуына, жұмыс істеуіне және дамуына қатысты мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлейді;
- 7) мүше мемлекеттердің Комиссияға келіп түскен ұсыныстарына сараптамалық қорытындылар (жазбаша түрде) әзірлейді;
- 8) мүше мемлекеттерге дауларды Одақ Сотына жүгінгенге дейін Одақ шеңберінде реттеуге жәрдем көрсетеді;
- 9) Одақ Сотын қоса алғанда, сот сатыларында Комиссияның мүдделерін білдіруді қамтамасыз етеді;
- 10) өз өкілеттіктері шегінде мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимылын жүзеге асырады;
- 11) Комиссияға келіп түсетін сұрау салуларды қарайды;
- 12) Комиссия Алқасы Төрағасының ұсынуы бойынша Алқа мүшелерінің, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің шетелдік іссапарларының кезекті жылға арналған жоспарын бекітеді;
- 13) Комиссия Алқасы Төрағасының ұсынуы бойынша кезекті жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын консультациялық комитеттерде оны қарағаннан кейін бекітеді, Комиссия Кеңесін көрсетілген жоспар туралы хабар береді;
- 14) Одақ бюджетінің жобасын әзірлеуді және оның орындалуы туралы есеп жобаларын дайындауды жүзеге асырады, Комиссияның бюджеттік сметасын орындауды қамтамасыз етеді;
- 15) халықаралық шарттардың жобаларын және Комиссия Кеңесі қабылдайтын Комиссия шешімдерін, сондай-ақ Комиссияның өкілеттіктерін іске асыру үшін қажетті өзге де құжаттарды әзірлейді;
- 16) белгіленген тәртіппен реттеуші әсерді бағалау және нақты әсерді бағалау рәсімдерін жүргізеді, сондай-ақ реттеуші әсерді бағалау және нақты әсерді бағалау рәсімдерін жүргізу мониторингі туралы есепті дайындауды қамтамасыз етеді;

17) Комиссия Кеңесінің, Үкіметаралық кеңестің және Жоғары кеңестің, сондай-ақ Шарттың 5-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын көмекші органдардың отырыстарын өткізуді қамтамасыз етеді;

18) Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінен артықшылықтар мен иммунитеттерді алу туралы ұсыныстарды Комиссия Кеңесінің қарауына ұсынады;

19) Комиссия Кеңесі бекітетін тәртіппен Комиссия мұқтаждықтары үшін тауарларды беруге, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге тапсырыстар орналастырады және шарттар жасасады;

20) Комиссия Кеңесі бекітетін таралуы шектеулі құжаттармен (құпия және қызметтік пайдалану үшін) жұмыс істеу тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

44. Комиссия Алқасы Комиссия Алқасының жанынан консультациялық органдар құруға құқылы, олардың қызметі мен жұмыс тәртібі Комиссия Алқасы бекітетін тиісті ережелерде айқындалады. Бұл ретте, Комиссия Кеңесі айқындаған мәселелерді қарау үшін Комиссия алқасы міндетті түрде тиісті консультациялық орган құрады.

45. Комиссия Алқасының жанындағы консультациялық органдардың құрамына мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының уәкілетті өкілдері кіреді.

Мүше мемлекеттердің ұсынысы бойынша Комиссия Алқасының жанындағы консультациялық органдардың құрамына бизнес-қоғамдастықтың, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, өзге де тәуелсіз сарапшылар кіреді.

46. Комиссия Алқасының жанындағы консультациялық органдар өз өкілеттіктері шегінде өздерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комиссия үшін ұсынымдар даярлауды жүзеге асырады. Консультациялық органдардың отырыстарында консультациялық органдардың мүшелері ұсынған ұсыныстар мүше мемлекеттердің түпкілікті позициясы ретінде қаралмайды.

47. Комиссия Алқасының жанындағы консультациялық органдардың қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді Комиссия жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының уәкілетті өкілдерінің Комиссия Алқасының жанындағы консультациялық органдардың жұмысына қатысуына байланысты шығыстарын жіберуші мүше мемлекеттер көтереді. Бизнес-қоғамдастық, ғылыми және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің, өзге де тәуелсіз сарапшылардың Комиссия Алқасының жанындағы консультациялық органдар жұмысына қатысуына байланысты шығыстарын аталған адамдар өз бетінше көтереді.

48. Комиссия Алқасы өз өкілеттіктері шегінде шешімдер, өкімдер мен ұсынымдар қабылдайды.

Комиссия Алқасы қабылдаған Комиссияның шешімдеріне, өкімдері мен ұсынымдарына Комиссия Алқасының Төрағасы қол қояды.

49. Комиссия Алқасының отырысы, әдетте, аптасына кемінде 1 рет өткізіледі.

Комиссия Алқасының мүшелері Комиссия Алқасының отырысына ауыстыру құқығынсыз жеке өздері қатысады. Комиссия Алқасы мүшесінің Комиссия Алқасының отырысына қатысуы объективті түрде мүмкін болмайтын жағдайда, ол Регламентте белгіленген тәртіппен өз позициясын жазбаша түрде баяндауға немесе сенімхат бойынша және Комиссия Алқасы Төрағасының келісімімен, қаралатын мәселе құзыретіне кіретін Комиссия департаментінің директорына өз позициясын білдіру құқығын табыстауға құқылы. Бұл ретте, дауыс беру кезінде Комиссия департаменті директорының дауыс беру құқығы болмайды.

Алқа отырыстарына мүше мемлекеттен бір-бір өкіл қатыса алады.

Комиссия Алқасы мүшелерінің ең болмағанда біреуінің өтінуі бойынша Комиссия Алқасы Төрағасының шешімі негізінде кезектен тыс отырыстар өткізілуі мүмкін. Комиссия Алқасының отырыстарын өткізу тәртібі мен дауыс беру рәсімі Регламентте белгіленеді.

50. Комиссия Алқасы отырыстары күн тәртібі жобасының әрбір мәселесі бойынша құжаттар мен материалдар жиынтығы Регламентке сәйкес, бірақ Комиссия Алқасы отырысы болатын күнге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей мүше мемлекеттерге міндетті түрде жіберіледі.

51. Комиссия Алқасының Төрағасы:

1) Комиссия Алқасының қызметін ұйымдастырады және өзіне жүктелген функцияларды орындауға жауапты болады;

2) кезекті кезеңге арналған Комиссия Алқасы мен Комиссия Кеңесі отырыстары жоспарының және Комиссия Алқасы, Комиссия Кеңесі отырыстары күн тәртіптерінің жобаларын, сондай-ақ Жоғары кеңес пен Үкіметаралық кеңес отырыстары күн тәртіптерінің жобаларын белгіленген тәртіппен қалыптастырады, олар Комиссия Кеңесінің отырысында бекітілуге жатады және қажетті материалдар қоса беріле отырып, тиісті отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 20 күннен кешіктірілмей мүше мемлекеттерге жіберіледі.

3) Комиссия Кеңесіне, Үкіметаралық кеңеске және Жоғары кеңеске шешімін талап ететін мәселелер туралы және оларды Комиссия Алқасының отырысында қарау нәтижелері бойынша тиісті ұсыныстармен өзге де құжаттар туралы баяндайды;

4) Комиссия департаменттерінің жұмыс тәртібін белгілейді, сондай-ақ Комиссия департаменттерінің жүргізу аясына кіретін мәселелерді айқындайды;

5) Комиссия Алқасының, Комиссия Кеңесінің, Үкіметаралық кеңестің және Жоғары кеңестің отырыстарын дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) Комиссия Алқасының отырыстарын жүргізеді;

7) Комиссия Кеңесінің отырыстарына қатысады;

8) Комиссия Кеңесінде Комиссия Алқасының атынан өкілдік етеді;

9) Комиссия Кеңесінің қарауына Комиссия Алқасы мүшелерімен келісу бойынша Комиссия департаменттерін Комиссияның Алқа мүшелеріне бекіту жөнінде ұсыныстар береді;

10) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өзара іс-қимыл тәртібін, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің көпшілік алдында сөз сөйлеу және қызметтік ақпаратты беру қағидаларын айқындайды;

11) Комиссия атынан Одақ бюджетінің әкімшісі болады, Комиссияның бюджеттік сметасы қаражатына билік жүргізуші болып табылады, Комиссияның материалдық қаражатына билік етеді, азаматтық-құқықтық шарттар жасасады және сотта сөз сөйлейді;

12) конкурс нәтижелері бойынша Комиссия департаменттері директорларын және олардың орынбасарларын тағайындайды және олармен келісімшарттар жасасады;

13) конкурс нәтижелері бойынша Комиссия атынан Комиссия қызметкерлерімен еңбек шарттарын (келісімшарттар) жасасады;

14) Комиссия департаменттері туралы ережені бекітеді;

15) Комиссия Алқасы мүшелерінің арасынан Комиссия Алқасы Төрағасының міндетін уақытша атқарушыны тағайындайды;

16) Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қатысты жалдаушы өкілінің өкілеттіктерін жүзеге асырады, лауазымдық регламенттерді (нұсқаулықтарды) бекітеді, демалыс графиктерін бекітеді, демалыстар береді және іссапарға жіберу туралы шешімдер қабылдайды;

17) осы Ереженің 35 - 37-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша Комиссия Алқасы мүшесін кері шақырту туралы мүше мемлекеттердің өтініштерінде баяндалған фактілер бойынша тексерулер жүргізуді Комиссия Кеңесі бекітетін тәртіппен қамтамасыз етеді;

18) Комиссия Алқасы мен Комиссия департаменттерінің қызметін Регламентке сәйкес қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де функцияларды атқарады.

52. Комиссия Алқасының мүшесі міндеттерді бөлуге сәйкес:

1) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комиссия Алқасы мен Комиссия Кеңесінің отырыстарында баяндайды;

3) Комиссияның жетекшілік ететін департаменттерінің қызметін үйлестіреді және бақылайды;

4) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комиссия Алқасы шешімдерінің, өкімдері мен ұсынымдарының жобаларын әзірлейді;

5) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарды мүше мемлекеттердің орындауына мониторингті жүзеге асырады;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мүше мемлекеттердің Комиссия шешімдерін орындауына мониторингті жүзеге асырады;

7) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комиссияға түскен мүше мемлекеттердің ұсыныстарына сараптамалық қорытындылардың (жазбаша түрде) жобаларын әзірлейді;

8) Комиссия Алқасының өкілеттіктері шегінде өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады (оның ішінде мүше мемлекеттердің билік органдарынан, заңды және жеке тұлғалардан өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратады);

9) Комиссия Кеңесі қабылдайтын халықаралық шарттардың, Комиссия шешімдерінің, өкімдерінің және ұсынымдарының жобаларын, сондай-ақ өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комиссияның өкілеттіктерін іске асыру үшін қажетті өзге де құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді.

10) Комиссияның жетекшілік ететін департаменттерінің реттеуші әсерді бағалау рәсімін жүргізуге белгіленген тәртіппен қатысуын қамтамасыз етеді;

11) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комиссия Алқасының жанынан консультациялық органдар құру туралы ұсынысты Комиссия Алқасының қарауына енгізеді.

53. Комиссия Алқасының мүшелеріне артықшылықтар мен иммунитеттер, әлеуметтік кепілдіктер беруге байланысты мәселелер, сондай-ақ еңбек қатынастары және міндетті мемлекеттік әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер Еуразиялық экономикалық одақтағы Әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ережеге (Шартқа № 32 қосымша) сәйкес реттеледі.

#### **IV. Комиссия департаменттері**

54. Комиссия департаменттері Комиссия Кеңесінің және Комиссия Алқасының қызметін қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Комиссия департаменттерінің құрамына лауазымды адамдар мен қызметкерлер кіреді.

Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін жұмысқа қабылдау Шарттың 9-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Комиссия департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарларын конкурстық комиссияның ұсынымы негізінде Комиссия Алқасының Төрағасы тағайындайды.

Комиссия департаменттерінің директорларымен және олардың орынбасарларымен еңбек шарттары (келісімшарттар) осы Ереженің 33-тармағына сәйкес

қалыптастырылған Комиссия Алқасының жұмыс мерзімінен аспайтын мерзімге жасалады.

Комиссия Алқасының Төрағасы Комиссия департаменттері директорларының және олардың орынбасарларының еңбек шарттарын (келісімшарттарын) 3 айға дейінгі мерзімге бір рет ұзартуға құқылы.

Комиссия департаменті директорының немесе Комиссия департаменті директоры орынбасарының еңбек шарты (келісімшарты) мерзімінен бұрын тоқтатылған (бұзылған) жағдайда, Комиссия департаментінің директоры немесе Комиссия департаменті директорының орынбасары бос лауазымына тағайындалатын адаммен еңбек шарты (келісімшарт) осы Ереженің 33-тармағына сәйкес қалыптастырылған Комиссия Алқасының жұмыс мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге жасалады.

Комиссия департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарлары мынадай талаптарды қанағаттандыруға:

мүше мемлекеттердің бірінің азаматтығына ие болуға;

лауазымдық міндеттеріне сәйкес келетін кәсіби даярлығы (біліктілігі) және бейіні бойынша кем дегенде 5 жыл жұмыс өтілі болуға тиіс.

Комиссия департаменттері - Комиссия Кеңесі бекітетін атқаратын лауазымына қойылатын тиісті біліктілік талаптарына сай келетін, мүше мемлекеттердің азаматтары арасынан конкурстық негізде және егер мүше мемлекеттің заңнамасында білікті іріктеудің қажеттілігі көзделсе, мүше мемлекетте жүргізілген мұндай іріктеудің нәтижелері ескеріле отырып, қызметкерлерден жасақталады.

Комиссия қызметкерлері жұмысқа Комиссия Алқасының Төрағасымен жасалатын еңбек шарттары (келісімшарттар) негізінде 5 жыл мерзімге қабылданады. Комиссия қызметкерімен жасалатын еңбек шартын (келісімшартты) Комиссияның тиісті құрылымдық бөлімшесінің қызметіне жетекшілік ететін Комиссия Алқасы мүшесінің ұсынуы бойынша, оның ішінде өткізілген аттестаттау нәтижелерін ескере отырып, Комиссия Алқасының Төрағасы дәл сол мерзімге ұзартуы мүмкін..

Еңбек шартын (келісімшарт) жасасу, оны ұзарту тәртібі мен оны бұзу негіздерін Комиссия Кеңесі бекітеді.

Кандидаттарға конкурсты өткізу тәртібінде көрсетілетін қосымша талаптар қойылуы мүмкін.

Комиссия қызметкерлері Комиссия Кеңесі бекітетін тәртіпте аттестаттаудан өтеді.

**Ескерту. 54-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.10.2022 № 145-VII Заңымен.**

55. Комиссия департаменттері мынадай функцияларды іске асырады:

1) Комиссия Алқасы мүшелерінің қарауы үшін Одақтың жұмыс істеу мәселелері бойынша материалдар, шешімдер, өкімдер мен ұсынымдар жобаларын (оның ішінде халықаралық шарттарды жасасу және оларға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар) дайындауды жүзеге асырады;

2) Комиссия Алқасы мүшелерінің қарауына нәтижелерін ұсыну мақсатында, мүше мемлекеттердің Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарды, Комиссия Алқасының, Комиссия Кеңесінің, Үкіметаралық кеңестің және Жоғары кеңестің шешімдері мен өкімдерін орындауына мониторингті жүзеге асырады;

3) Комиссия Алқасы мүшелерінің қарауы үшін Одақ құқығымен реттелетін салаларда мүше мемлекеттердің заңнамасына мониторинг және талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

4) Одақтың жұмыс істеуі үшін қажетті халықаралық шарттардың жобалары мен өзге де құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

5) мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

6) Одақ бюджетінің жобаларын және оның атқарылуы туралы есеп дайындауды жүзеге асырады, Комиссияның бюджеттік сметасының жобасын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

7) Комиссияның Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың депозитарийі функциясын орындауын қамтамасыз етеді;

8) белгіленген тәртіппен реттеуші әсерді бағалау және нақты әсерді бағалау рәсімдерін жүргізуге қатысады, сондай-ақ осы рәсімдерді жүргізу мониторингін жүзеге асырады;

9) Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарда, Жоғары кеңестің, Үкіметаралық кеңестің және Комиссия шешімдерінде айқындалған (оның ішінде, Одақ органдарының жұмысын ұйымдастыруға және Комиссия қызметін ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуге бағытталған) өзге де функцияларды жүзеге асырады.

**Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

56. Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері халықаралық қызметшілер болып табылады.

Өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарынан тәуелсіз және мүше мемлекеттердің билік органдарына немесе лауазымды адамдарына сұрау сала алмайды немесе олардан нұсқаулар ала алмайды.

Әрбір мүше мемлекет Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мәртебесін құрметтеуге және олар қызметтік міндеттерін атқарған кезде оларға ықпал жасамауға міндеттенеді.

Комиссияда жұмыс істеген кезеңде Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық және қызметтік міндеттерінің бүкіл мерзімі ішінде оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметті қоспағанда, Комиссиядағы жұмысты басқа жұмыспен қоса атқаруға немесе басқа да ақы төленетін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

57. Комиссия Алқасының мүшелері, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Комиссия Кеңесі айқындайтын тәртіппен және мерзімде жыл сайын өз

кірістері, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы, сондай-ақ өз отбасы мүшелерінің (жұбайының (зайыбының) және кәмелетке толмаған балаларының) кірістері, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынады.

58. Комиссия Алқасы мүшелерінің, сондай-ақ Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің осы Ережеге сәйкес ұсынатын кірістері, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтер құпия сипаттағы мәліметтер болып табылады.

59. Осы Ереженің 57 және 58-тармақтарында көрсетілген мәліметтердің жария етілуіне кінәлі адамдар мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

60. Осы Ереженің 57 және 58-тармақтарында көрсетілген мәліметтердің анықтығы мен толықтығын тексеру Үкіметаралық кеңес бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

61. Комиссия Алқасының мүшелері, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Комиссия Алқасы мүшесінің, Комиссияның лауазымды адамының немесе қызметкерінің жеке мүдделілігі болуынан туындауы мүмкін мүдделер қақтығысын реттеу немесе болғызбау шараларын қабылдауға міндетті.

62. Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне артықшылықтар мен иммунитеттер, әлеуметтік кепілдіктер беруге байланысты мәселелер, сондай-ақ еңбек қатынастарына және міндетті мемлекеттік әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер Еуразиялық экономикалық одақтағы Әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ережеге (Шартқа № 32 қосымша) сәйкес реттеледі.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 2 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық одақ сотының СТАТУТЫ**

### **I ТАРАУ. Жалпы ережелер.**

#### **Соттың құқықтық мәртебесі**

1. Еуразиялық экономикалық одақ соты (бұдан әрі - Сот) Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі - Одақ) сот органы болып табылады, ол Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) пен осы Статутқа сәйкес құрылады және тұрақты негізде жұмыс істейді.

2. Сот қызметінің мақсаты - осы Статуттың ережелеріне сәйкес, мүше мемлекеттер мен Одақ органдарының Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарын және Одақ органдарының шешімдерін біркелкі қолдануын қамтамасыз ету болып табылады.



Осы Статуттың мақсаттары үшін Одақ органдары ретінде Сотты қоспағанда, Одақ органдары ұғынылады.

3. Сот заңды тұлға құқықтарын пайдаланады.

4. Сот өз құжаттамасын жүргізеді, өз атауы жазылған мөрі мен бланкілері болады, өзінің ресми интернет-сайтын және ресми бюллетенін құрады.

5. Сот қызметін қаржыландыру туралы ұсыныстарды Сот әзірлейді және Одақ бюджеті туралы ережеге сәйкес өзінің қызметін қамтамасыз етуге бөлінген қаражатқа иелік етеді.

6. Сот судьяларының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттарын Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес айқындайды.

## **II ТАРАУ. Сот құрамы**

7. Сот құрамына әрбір мүше мемлекеттен екі судьядан кіреді.

8. Судьяның өкілеттік мерзімі - тоғыз жыл.

9. Судьялар жоғары моральдық қасиетке ие болуы, халықаралық және мемлекетшілік құқық саласында біліктілігі жоғары мамандар болуы, сондай-ақ, әдетте, мүше мемлекеттердің жоғары сот органдары судьяларына қойылатын талаптарға сай келуі тиіс.

10. Судьяларды мүше мемлекеттердің ұсынуы бойынша Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес лауазымға тағайындайды. Лауазымға кіріскен кезде Судья ант қабылдайды.

11. Судьяларды Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес лауазымнан босатады.

12. Судьяның өкілеттігі мынадай негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін:

1) Сот қызметінің тоқтатылуы;

2) судьяның өкілеттік мерзімінің аяқталуы;

3) судьяның басқа жұмысқа ауысуына байланысты немесе өзге де себептермен өз өкілеттіктерін тоқтату туралы жазбаша өтініші;

4) денсаулық жағдайы бойынша немесе өзге де дәлелді себептермен судья өкілеттігін жүзеге асыруға қабілетсіздігі;

5) судья лауазымына сай келмейтін қызметпен айналысуы;

6) судьяны ұсынған мемлекеттің Одаққа мүше болуды тоқтатуы;

7) судьяны ұсынған мүше мемлекеттің азаматтығын судьяның жоғалтуы;

8) судьяның судья жоғары мәртебесімен үйлеспейтін елеулі теріс қылық жасауы;

9) судьяға қатысты соттың айыптау үкімінің не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

10) судьяның әрекетке қабілеттілігін шектеу туралы не оны әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

11) судьяның қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау не хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі.

13. Осы Статуттың 12-тармағында көзделген негіздер бойынша судьяның өкілеттіктерін тоқтату туралы бастамамен судьяны ұсынған мүше мемлекет, Сот немесе судьяның өзі әрекет етуі мүмкін.

Судьяның өкілеттігін тоқтату туралы бастаманы енгізу мәселелері Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес бекітетін Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентінде (бұдан әрі - Регламент) айқындалады.

14. Сот қызметіне Сот Төрағасы басшылық жасайды. Сот Төрағасының орынбасары болады.

Сот Төрағасы Сот қызметіне уақытша қатыса алмаған жағдайда оның міндетін Сот Төрағасының орынбасары атқарады.

15. Сот Төрағасы мен оның орынбасарын лауазымға Регламентке сәйкес Сот судьялары Сот құрамынан сайлайды және оны Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес бекітеді.

Сот Төрағасы мен оның орынбасары сол бір мүше мемлекеттің азаматтары бола алмайды.

Өкілеттіктері тоқтатылған кезде Сот Төрағасы немесе оның орынбасары осының алдындағы Сот Төрағасы мен тиісінше оның орынбасарын ұсынған емес, өзге мүше мемлекеттер ұсынған судьялар арасынан сайланады.

16. Сот Төрағасы мен оның орынбасары өз өкілеттіктерін үш жыл ішінде жүзеге асырады.

17. Сот төрағасы:

1) Сот және судьялар қызметін ұйымдастыру тәртібін бекітеді;

2) Сот қызметін ұйымдастырады;

3) өкілеттіктері шегінде мүше мемлекеттің уәкілетті органдарымен, шетелдік және халықаралық сот органдарымен Соттың өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

4) осы Статутта белгіленген тәртіппен Сот қызметкерлері мен лауазымды адамдарын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) бұқаралық ақпарат құралдарына Сот қызметі туралы мәліметтер беруді ұйымдастырады;

6) осы Статут шегінде өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Судьялар мемлекеттік немесе мемлекетаралық органдардың және ұйымдардың, коммерциялық құрылымдардың, саяси партиялардың және қозғалыстардың, сондай-ақ аумақтардың, ұлттардың, ұлыстардың, әлеуметтік және діни топтардың және жекелеген адамдардың мүдделерін білдіре алмайды.

Судьялар ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтен басқа, табыс табуға байланысты кез келген қызметпен айналысуға құқылы емес.

19. Судья даудың бір тарапының өкілі, сенім білдірілген өкілі немесе адвокаты, ұлттық немесе халықаралық соттың, тергеу комиссиясының мүшесі ретінде немесе қандай да бір өзге ретте бұрын қатысқан қандай да бір істі шешуге қатыса алмайды.

20. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тең және бірдей мәртебеге ие. Сот Төрағасы мен оның орынбасары басқа судьялармен салыстырғанда кез келген құқыққа сыйымсыз артықшылықтарды алуға бағытталған әрекет жасауға құқылы емес.

21. Судья өз өкілеттігін орындау кезінде де, қызметтен тыс қатынастарда да мүдделер қақтығысына, сондай-ақ сот билігінің беделіне, судьяның қадір-қасиетіне нұқсан келтіруі немесе оның объективтілігіне, әділдігіне, бейтараптығына күмән келтіруі мүмкін кез келген нәрсеге жол бермеуі тиіс.

### **III БӨЛІМ. Сот Аппараты. Лауазымды адамдар мен қызметкерлер мәртебесі**

22. Сот қызметін Сот Аппараты қамтамасыз етеді.

23. Сот Аппаратының құрылымына судьялар хатшылығы мен Сот Хатшылығы кіреді.

24. Судьялар Хатшылығы судьяның кеңесшісі мен судьяның көмекшісінен тұрады.

25. Сот қызметін құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді Сот Хатшылығы жүзеге асырады.

26. Сот Хатшылығының құрылымы мен санын Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес бекітеді.

27. Сот Хатшылығын Сот Хатшылығының басшысы басқарады. Сот Хатшылығы басшысының екі орынбасары болады. Сот Хатшылығының басшысы мен оның орынбасарлары Соттың лауазымды адамдары болып табылады, олар осы Статутқа және Шартқа сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады. Сот Хатшылығының басшысы және оның орынбасарлары сол бір мүше мемлекеттің азаматтары бола алмайды.

28. Еңбек қатынастары Шартпен, Одақ шеңберінде қолданылатын халықаралық шарттармен және Сот болатын мемлекеттің заңнамасымен реттеледі.

29. Судья кеңесшісі тиісті судьяның ұсынысы бойынша Сот Төрағасы лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Соттың лауазымды адамы болып табылады.

30. Судья кеңесшісі судья қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

31. Судья кеңесшісі жоғары моральдық қасиетке ие болуға, халықаралық құқық және (немесе) сыртқы экономикалық қызмет саласында тәжірибелі маман болуы тиіс.

32. Судья көмекшісі тиісті судьяның ұсынысы бойынша Сот Төрағасы лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Соттың қызметкері болып табылады.

33. Судья көмекшісі судья қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

34. Сот Хатшылығы басшысының және оның орынбасарларының лауазымына кандидаттарды іріктеу мүше мемлекеттердің бірдей ұсынылуы қағидатын ескере отырып, конкурстық негізде Соттың конкурстық комиссиясы жүргізеді.

Көрсетілген лауазымдарға орналасуға арналған конкурса қатысатын кандидатураларды мүше мемлекеттер ұсынады.

35. Сот Хатшылығы мүше мемлекеттің Одақ бюджетіне үлестік қатысуын ескере отырып, мүше мемлекеттер азаматтары арасынан конкурстық негізде қалыптастырылады.

Сот Хатшылығының қызметкерлері олармен жасалатын еңбек шарттары (келісімшарттар) негізінде жұмысқа қабылданады.

36. Сот Хатшылығы лауазымдарына орналасуға кандидаттарды іріктеу жөніндегі Соттың конкурстық комиссиясының құрамына Сот Төрағасын қоспағанда, Соттың барлық судьялары кіреді.

Конкурстық комиссияның мүшелері конкурстық комиссияның төрағасын сайлайды.

Конкурстық комиссия өз шешімдерін көпшілік дауыспен ұсынымдар түрінде қабылдайды және тағайындау үшін оны Сот Төрағасына ұсынады.

37. Сот Хатшылығында бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурсты өткізу тәртібін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес айқындайтын конкурс өткізудің негізгі қағидаларына сәйкес. Сот айқындайды және оны Сот Төрағасы бекітеді.

38. Сот Хатшылығының техникалық персоналын Сот Хатшылығының басшысы олармен жасалатын еңбек шарттары (келісімшарттар) негізінде жұмысқа қабылдайды.

#### **IV ТАРАУ. Сот құзыреті**

39. Сот:

1) мүше мемлекеттің:

Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа сәйкестігі туралы;

басқа мүше мемлекеттің (басқа мүше мемлекеттердің) Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін, сондай-ақ көрсетілген халықаралық шарттардың және (немесе) шешімдердің жекелеген ережелерін сақтауы туралы;

Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдарының шешімдеріне сәйкестігі туралы;

Комиссияның әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы өтініші бойынша;

2) шаруашылық жүргізуші субъектінің:

егер Комиссия шешімі немесе оның жекелеген ережелері Шартпен және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соқса, кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектінің

құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын мұндай шешімдердің немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шартқа сәйкестігі туралы;

егер Комиссияның әрекеті (әрекетсіздігі) Шартпен және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соқса, кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектінің құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) дау айту туралы өтініші бойынша Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін іске асыру мәселелері бойынша туындайтын дауларды қарастырады.

Осы Статуттың мақсаттары үшін шаруашылық жүргізуші субъект деп мүше мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға не мүше мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға түсініледі.

40. Мүше мемлекеттер Шартта, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда, Одақтың үшінші тараптармен халықаралық шарттарында немесе мүше мемлекеттер арасындағы өзге де халықаралық шарттарда Соттың шешуі тікелей көзделген өзге де дауларды Соттың құзыретіне жатқызуы мүмкін.

41. Соттың дауды шешу бойынша құзыретінің бар-жоғы туралы мәселені Сот шешеді. Сот өзінің дауды қарау құзыретіне ие ме екенін айқындар кезде Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақтың үшінші тараптармен халықаралық шарттарын басшылыққа алады.

42. Одақ органдарына Шартта және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделгеннен бөлек қосымша құзыреттер беру Соттың құзыретіне кірмейді.

43. Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, өтініш беруші консультациялар, келіссөздер немесе Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өзге де тәсілдер арқылы сотқа дейінгі тәртіппен мәселені реттеу үшін мүше мемлекетке немесе Комиссияға алдын ала жүгінбей тұрып, дау Соттың қарауына қабылданбайды.

44. Егер мүше мемлекет немесе Комиссия оларға өтініш берушінің өтініші келіп түскен күннен бастап 3 ай ішінде мәселені сотқа дейінгі тәртіппен реттеу бойынша шаралар қабылдамаса, дауды қарау туралы өтініш Сотқа жолдануы мүмкін.

45. Дау тараптарының өзара келісуі бойынша дау осы Статуттың 44-тармағында көрсетілген мерзім өткенге дейін Соттың қарауына берілуі мүмкін.

46. Сот мүше мемлекеттің немесе Одақ органының өтініші бойынша Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне және Одақ органдарының шешімдеріне, сондай-ақ Одақ органдарының және Соттың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының өтініші бойынша еңбектік құқықтық қатынастарға

байланысты Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне және Одақ органдарының шешімдеріне түсініктеме беруді (бұдан әрі - түсініктеме беру) жүзеге асырады.

47. Соттың түсініктеме беруді жүзеге асыруы консультациялық қорытынды беруін білдіреді және мүше мемлекеттерді халықаралық шарттарды бірлесіп түсіндіру құқығынан айырмайды.

48. Егер бұл халықаралық шартта көзделсе, Сот Одақтың үшінші тараппен халықаралық шартының ережелеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады.

49. Сотқа мүше мемлекеттің атынан дауды қарау туралы өтінішпен немесе түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінуді тізбесін әрбір мүше мемлекет айқындайтын және дипломатиялық арналар арқылы Сотқа жіберілетін мүше мемлекеттің уәкілетті органдары мен ұйымдары жүзеге асырады.

50. Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде сот:

- 1) халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын;
- 2) Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және қатысушысы дау тарапы мемлекеті болып табылатын өзге де халықаралық шарттарды;
- 3) Одақ органының шешімдері мен өкімдерін;
- 4) құқықтық норма ретінде танылған жалпыға ортақ практиканың дәлелі ретінде халықаралық дәстүрді қолданады.

51. Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақтың үшінші тараптармен халықаралық шарттарының дауларды шешуге, түсініктеме беруге және түсіндіруге қатысты ережелері осы Статутқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

## **V ТАРАУ. Сот ісін жүргізу**

### **1-бөлім**

#### **Дауларды шешу туралы істер бойынша сот ісін жүргізу**

52. Сотта дауларды шешу туралы істі қарау тәртібі Регламентте айқындалады.

53. Сот мынадай қағидаттардың негізінде сот ісін жүргізуді жүзеге асырады: судьялардың тәуелсіздігі; талқылаудың ашықтығы; жариялылық; дау тараптарының теңдігі; жарыспалылық; алқалылық.

Сот ісін жүргізу қағидаттарын іске асыру тәртібі Регламентте айқындалады.

54. Сотқа Одақ шеңберіндегі қандай да бір халықаралық шартқа және (немесе) Комиссия шешіміне қатысты өтініштің түсуі, Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, осындай халықаралық шарттың және (немесе) шешімнің және (немесе) олардың жекелеген ережелерінің қолданысын тоқтата тұру үшін негіз болып табылмайды.

55. Сот Сотқа өтініш жолдаған шаруашылық жүргізуші субъектілерден, мүше мемлекеттің уәкілетті органдары мен ұйымдарынан, сондай-ақ Одақ органдарынан істі қарау үшін қажетті материалдарды сұрата алады.

56. Таратылуы шектеулі ақпаратты Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға, Регламентке және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Сот ала алады немесе оны іске қатысушы тұлға ұсына алады. Сот осындай ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету жөнінде тиісінше шаралар қабылдайды.

57. Сотта сот ісін жүргізу мамандандырылған топтардың сарапшыларын, мамандарды, куәларды және аудармашыларды қоса алғанда, дау тараптарының, өтініш иесінің, олардың өкілдерінің, сарапшылардың қатысуымен жүзеге асырылады.

58. Іске қатысушы адамдар Регламентке сәйкес процестік құқықтарды пайдаланады және оларға процестік міндеттер жүктеледі.

59. Істі Соттың қарауы бойынша процеске мамандандырылған топтар сарапшыларының қатысуына байланысты, барлық айтылғандарға немесе жазылғандарға қатысты әкімшілік, азаматтық және қылмыстық юрисдикциядан оларға иммунитет беріледі. Регламентте айқындалған, таралуы шектеулі ақпаратты пайдалану және қорғау тәртібін бұзған жағдайда, осы адамдар иммунитетін жоғалтады.

60. Егер мүше мемлекет немесе Комиссия дау бойынша шешім олардың мүдделерін қозғауы мүмкін деп есептесе, бұл мүше мемлекет немесе Комиссия даудың мүдделі қатысушысы ретінде іске қатысуға рұқсат беру туралы өтінішхатпен жүгіне алады.

61. Сот залалдарды өтеу туралы талаптарды немесе мүліктік сипаттағы өзге де талаптарды қараусыз қалдырады.

62. Шаруашылық жүргізуші субъектінің Сотқа берген өтінішіне баж салынады.

63. Баж шаруашылық жүргізуші субъекті Сотқа өтініш бергенге дейін төленеді.

64. Сот шаруашылық жүргізуші субъектінің өтінішінде көрсетілген талаптарын қанағаттандырған жағдайда, бажды қайтару жүзеге асырылады.

65. Төлемнің мөлшері, валютасы, бажды есепке жатқызу, пайдалану және қайтару тәртібін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес айқындайды.

66. Істі қарау барысында даудың әрбір тарапы өздерінің сот шығындарын дербес көтереді.

67. Істі қараудың кез келген сатысында дау тараптары бейбіт келісім жасасу, өтініш иесінің өз талаптарынан бас тартуы немесе өтінішін қайтарып алуы арқылы дауды реттеуі мүмкін.

## **2-бөлім**

### **Түсініктеме беру туралы істер бойынша сот ісін жүргізу**

68. Түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Регламентте айқындалады.

69. Сот түсініктеме беру туралы істер бойынша сот ісін жүргізуді судьялардың тәуелсіздігі және алқалылық қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

## **3-бөлім**

### **Сот құрамы**

70. Сот істерді Соттың Үлкен алқасының, Сот Алқасының және Соттың Апелляциялық палатасының құрамында қарайды.

71. Осы Статуттың 39-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда, Сот дауларды шешу туралы істерді Соттың Үлкен алқасының отырыстарында қарайды.

72. Үлкен алқа Регламентте көзделген рәсімдік мәселелерді қарайды.

73. Сот түсініктеме беру туралы істерді Соттың Үлкен алқасының отырыстарында қарайды.

74. Соттың Үлкен алқасының құрамына Соттың барлық судьялары кіреді.

75. Соттың Үлкен алқасының сот отырысы оған Соттың барлық судьялары қатысқан жағдайға құқықты деп есептеледі.

76. Сот осы Статуттың 39-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда, Сот Алқасының құрамымен отырыс өткізеді.

77. Сот Алқасының құрамына әрбір мүше мемлекеттен орыс әліпбиінің бірінші әрпінен бастап судьяның тегі бойынша кезекпен бір судьядан енгізіледі.

78. Сот Алқасының сот отырысы, оған әрбір мүше мемлекеттен бір судья қатысқан жағдайда құқықты деп есептеледі.

79. Сот Алқасының шешімдеріне шағымдану туралы өтініштерді қараған кезде, Сот Соттың Апелляциялық палатасының құрамымен отырыс өткізеді.

80. Соттың Апелляциялық палатасының құрамына, ол бойынша Сот Алқасының шешімі шағымдалып жатқан істі қарауға қатыспаған мүше мемлекеттерден Сот судьялары кіреді.

81. Соттың Апелляциялық палатасының сот отырысы, оған әрбір мүше мемлекеттен бір судья қатысқан жағдайда құқықты деп есептеледі.

## **VI ТАРАУ. Мамандандырылған топтар**

82. Нысанасы өнеркәсіптік субсидияларды, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану мәселелері болып табылатын нақты дау қаралған кезде мамандандырылған топ құрылады.

83. Мамандандырылған топ даудың тиісті түрі бойынша әрбір мүше мемлекет ұсынған тізімнен бір-бірден үш сарапшыдан тұрады.

84. Мамандандырылған топтың құрамын Сот бекітеді.

85. Іс қаралғаннан кейін мамандандырылған топ таратылады.

86. Мүше мемлекеттер Шарт күшіне енгеннен кейін күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей осы Статуттың 82-тармағында көрсетілген даулардың әрбір түрі бойынша мамандандырылған топтардың мүшелері ретінде әрекет етуге әзір және қабілетті, кемінде үш сарапшыдан тұратын тізімдерді Сотқа жібереді.

Мүше мемлекеттер сарапшылардың тізімдерін тұрақты негізде, бірақ жылына бір реттен сиретпей жаңартып отырады.



87. Осы Статуттың 82-тармағында көрсетілген даулардың нысанасын құрайтын мәселелер бойынша арнайы білімі мен тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар болып табылатын жеке тұлғалар сарапшылар ретінде әрекет етеді.

88. Сарапшылар өзіне тән жеке қасиетпен әрекет етеді, тәуелсіз жұмыс істейді, сондай-ақ дау тарапының біреуімен де байланысы болмайды және олардан қандай да бір нұсқаулықтар ала алмайды.

89. Сарапшы мүдделер қақтығысы болған жағдайда, мамандандырылған топтың мүшесі ретінде әрекет ете алмайды.

90. Мамандандырылған топ істің нақты мән-жайларын объективті бағалауды қамтитын қорытындыны әзірлейді және Оны Регламентте белгіленген мерзімдерде Сотқа ұсынады.

91. Осы Статуттың 92-тармағының үшінші абзацында көзделген жағдайды қоспағанда, мамандандырылған топтың қорытындысы ұсынымдық сипатқа ие және Сот осы Статуттың 104 - 110-тармақтарында көзделген шешімдердің бірі шығарылған кезде оны бағалайды.

92. Нысанасы өнеркәсіптік субсидияларды немесе ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну мәселелері болып табылатын дау бойынша дайындалған мамандандырылған топтың қорытындысы бұзушылықтың бар екендігі не жоқ екендігі, сондай-ақ бұзушылық болған жағдайда тиісті өтемақы шараларын қолдану туралы тұжырымды қамтуы тиіс.

Мамандандырылған топтың бұзушылықтың бар екендігі не жоқ екендігі туралы тұжырымы бөлігінде мамандандырылған топтың қорытындысы ұсынымдық сипатқа ие және Сот осы Статуттың 104 - 110-тармақтарында көзделген шешімдердің бірі шығарылған кезде оны бағалайды.

Тиісті өтемақы шараларын қолдану туралы тұжырым бөлігінде мамандандырылған топтың қорытындысы Сот үшін шешім шығарған кезде міндетті болып табылады.

93. Мамандандырылған топты қалыптастыру мен оның қызметінің тәртібі Регламентте айқындалады.

94. Мамандандырылған топтар сарапшылары көрсететін қызметтерге ақы төлеу тәртібін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес айқындайды.

## **VII ТАРАУ. Сот актілері**

95. Регламентте белгіленген мерзімдерде Сот қызметінің рәсімдік мәселелері бойынша Сот:

- 1) іс жүргізуге берілген өтінішті қабылдау не қабылдаудан бас тарту туралы;
- 2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы;
- 3) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыларды қоса алғанда, қаулылар қабылдайды.

96. Өтініш түскен күннен бастап 90 күннен кешіктірілмейтін мерзімде Сот дауды қарау нәтижелері бойынша шешім шығарады, ал түсініктеме беру туралы өтініш бойынша консультациялық қорытынды ұсынады.

97. Шешім шығару мерзімі Регламентте көзделген жағдайларда ұзартылуы мүмкін.

98. Түсініктеме беру туралы өтініш бойынша консультациялық қорытынды ұсынымдық сипатқа ие.

99. Осы Статуттың 39-тармағының 1) тармақшасында көзделген дауларды қарау нәтижелері бойынша Сот дау тараптарының орындауы үшін міндетті болып табылатын шешім шығарады.

100. Осы Статуттың 39-тармағының 2) тармақшасында көзделген дауларды қарау нәтижелері бойынша Сот Комиссияның орындауы үшін міндетті болып табылатын шешім шығарады.

101. Сот шешімі өтініште көрсетілген мәселелер шеңберінен шыға алмайды.

102. Сот шешімі Одақтың қолданыстағы құқық нормаларын, мүше мемлекеттердің заңнамасын өзгертпейді және (немесе) күшін жоймайды және жаңаларын жасамайды.

103. Осы Статуттың 111 - 113-тармақтарының ережелеріне нұқсан келтірмей, дау тараптары Сот шешімін орындау нысаны мен тәсілін өз бетінше айқындайды.

104. Мүше мемлекеттің Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа сәйкестігі туралы өтініш бойынша істі қарау нәтижелері бойынша Соттың Үлкен алқасы мынадай шешімдердің бірін:

1) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа сәйкес келмейтіндігі туралы;

2) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа сәйкес келетіндігі туралы шешім шығарады.

105. Мүше мемлекеттің басқа мүше мемлекеттің (басқа мүше мемлекеттердің) Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін, сондай-ақ көрсетілген халықаралық шарттардың және (немесе) шешімдердің жекелеген ережелерін сақтауы туралы өтініші жөнінде істі қарау нәтижелері бойынша Соттың Үлкен алқасы мынадай шешімдердің бірін:

1) мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін, сондай-ақ көрсетілген халықаралық шарттардың және (немесе) шешімдердің жекелеген ережелерін сақтау фактісін анықтау туралы;

2) мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін, сондай-ақ көрсетілген халықаралық шарттардың және (немесе) шешімдердің жекелеген ережелерін сақтамау фактісін анықтау туралы шешім шығарады.

106. Мүше мемлекеттің Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдарының

шешімдеріне сәйкестігі туралы өтініші жөнінде істі қарау нәтижелері бойынша Соттың Үлкен алқасы мынадай шешімдердің бірін:

1) Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдарының шешімдеріне сәйкес келмейтіндігі туралы;

2) Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдарының шешімдеріне сәйкес келетіндігі туралы шешім шығарады.

107. Мүше мемлекеттің Комиссияның әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту жөніндегі өтініш бойынша істі қарау нәтижелері бойынша Соттың Үлкен алқасы мынадай шешімдердің бірін:

1) дау айтылып отырған әрекеттің (әрекетсіздіктің) Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келмейді деп тану туралы;

2) дау айтылып отырған әрекеттің (әрекетсіздіктің) Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келеді деп тану туралы шешім шығарады.

108. Шаруашылық жүргізуші субъектінің Комиссия шешімінің немесе оның кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласында шаруашылық жүргізуші субъектінің құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын жекелеген ережелерінің Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкестігі туралы өтініші бойынша істі қарау нәтижелері бойынша, егер мұндай шешім немесе оның жекелеген ережелері Шартпен және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық жүргізуші субъектінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соқса, Сот Алқасы мынадай шешімдердің бірін:

1) Комиссия шешімін немесе оның жекелеген ережелерін Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келеді деп тану туралы;

2) Комиссия шешімін немесе оның жекелеген ережелерін Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келмейді деп тану туралы шешім шығарады.

109. Шаруашылық жүргізуші субъектінің Комиссияның әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту жөніндегі өтініші бойынша істі қарау нәтижелері бойынша Сот Алқасы мынадай шешімдердің бірін:

1) Комиссияның дау айтылып отырған әрекетін (әрекетсіздігін) Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келмейді және кәсіпкерлік пен өзге де экономикалық қызмет саласында шаруашылық жүргізуші субъектінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзады деп тану туралы;

2) Комиссияның дау айтылып отырған әрекеті (әрекетсіздігі) Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келеді және кәсіпкерлік пен өзге де экономикалық қызмет саласында шаруашылық жүргізуші субъектінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайды деп тану туралы шешім шығарады.

110. Шаруашылық жүргізуші субъектінің Сот Алқасының шешіміне шағымдану туралы өтініші жөнінде істі қарау нәтижелері бойынша Соттың Апелляциялық палатасы мынадай шешімдердің бірін:

1) Сот Алқасының шешімін өзгеріссіз қалдыру, ал шағымдану туралы өтінішті қанағаттандырмай қалдыру туралы;

2) Сот Алқасы шешімінің күшін толығымен немесе ішінара жою не өзгерту туралы, осы Статуттың 108 және 109-тармақтарына сәйкес іс бойынша жаңа шешім шығару туралы шешім шығарады.

111. Сот Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келмейді деп таныған Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің қолданылуы Соттың тиісті шешімі күшіне енгеннен кейін Комиссия Соттың осы шешімін орындағанға дейін жалғасады.

Сот Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келмейді деп таныған Комиссия шешімін немесе оның жекелеген ережелерін ақылға қонымды мерзімде, бірақ Сот шешімі күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 60 күннен аспайтын мерзімде, егер Сот шешімінде өзге мерзім белгіленбеген болса, Комиссия Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келтіреді.

Сот өз шешімінде Шарттың және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелерін ескере отырып, Комиссия шешімін Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келтіру үшін өзге мерзім белгілей алады.

112. Дау тарапының негізделген өтінішхаты болған кезде Сот Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келмейді деп таныған Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің қолданысы - Соттың мұндай шешімі күшіне енген күннен бастап Соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін.

113. Комиссия ақылға қонымды мерзімде, бірақ Сот шешімі күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 60 күннен аспайтын мерзімде, егер Сот шешімінде өзге мерзім белгіленбесе, Сот Комиссияның дау айтылып отырған әрекеті (әрекетсіздігі) Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келмейді және Комиссияның мұндай әрекеті (әрекетсіздігі) Шартта және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған деп белгілеген, күшіне енген Сот шешімін орындауға міндетті.

114. Сот шешімі орындалмаған жағдайда, мүше мемлекет оны орындауға байланысты қажетті шаралар қабылдау мақсатында Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңеске жүгінуге құқылы.

115. Комиссия Сот шешімін орындамаған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъект оны орындау жөніндегі шаралар қабылдау туралы өтінішхатпен Сотқа жүгінуге құқылы.

Сот шаруашылық жүргізуші субъектінің өтінішхаты бойынша ол келіп түскен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңеске осы мәселе бойынша шешім қабылдауы үшін жүгінеді.

116. Сот актілері Соттың ресми бюллетенінде және Соттың ресми интернет-сайтында жариялауға жатады.

117. Сот шешіміне іс бойынша тараптардың негізделген өтінішхаты бойынша оның мәні мен мазмұнын өзгертпей, Соттың өзі ғана түсініктеме бере алады.

## **VIII ТАРАУ. Қорытынды ережелер**

118. Судьялар, Соттың лауазымды адамдары, қызметкерлері, іске қатысушы адамдар, мамандандырылған топтардың сарапшылары істі қарау процесінде алған ақпаратты, осындай ақпаратты ұсынған адамның жазбаша келісімінсіз жария етпейді және үшінші тұлғаларға бермейді.

119. Таралуы шектеулі ақпаратты пайдалану және қорғау тәртібі Регламентте айқындалады.

120. Сот жыл сайын Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңеске өз қызметі туралы есеп береді.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 3 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама ақпараттық өзара іс-қимылдың негіз қалаушы қағидаттарын айқындау және оның Одақ шеңберінде жүзеге асырылуын үйлестіру, сондай-ақ интеграцияланған ақпараттық жүйе құру және дамыту тәртібін айқындау мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 23-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"электрондық құжаттың қағаз көшірмесі" - мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен куәландырылған қағаз жеткізгіштегі электрондық құжаттың көшірмесі;

"сенім білдірілген үшінші тарап" — мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электрондық құжатқа қол қойған тұлғаға қатысты тіркелген уақытта электрондық құжаттарға электрондық цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) тексеру қызметін жүзеге асыру құқығы берілген ұйым;

"мүше мемлекеттің ұлттық сегментіне тапсырыс беруші" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалатын, мүше мемлекеттің ұлттық сегментін құру, дамыту және пайдалану жөніндегі жұмыстардың тапсырыс берушісі мен ұйымдастырушысының функцияларын орындайтын мүше мемлекеттің мемлекеттік органы;

"ақпаратты қорғау" - ақпараттық өзара іс-қимыл жасайтын субъектілері үшін қолданылмайтын тәуекелдерді болғызбау және барынша азайту мақсатында, ақпараттың және оны өңдеу құралдарының құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін айқындау, қол жеткізу және қолдау жөніндегі құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін қабылдау және іске асыру;

"Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі" - мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерімен және Комиссияның интеграциялық сегментімен біріктірілген, уәкілетті органдардың аумақтық бөлінген мемлекеттік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің, Комиссияның ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің ұйымдастырылған жиынтығы;

"ақпараттық жүйе" - ақпараттық ресурстардың өңделуін қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдар жиынтығы;

"ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" - ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық процестерді іске асыру әдістері мен құралдарының жиынтығы;

"ақпараттық технологиялар" - ақпаратты іздестіру, жинау, жинақтау, жүйелендіру, сақтау, нақтылау, өңдеу, беру, тарату- және құрту (жою) процестері, әдістері, сондай-ақ осындай процестер мен әдістерді жүзеге асыру тәсілдері;

"ақпараттық ресурс" - ақпараттық жүйелерде қамтылған құжатталған ақпараттың реттелген жиынтығы (дерекқор, ақпараттың басқа да ауқымдары);

"сыныптауыш" - сыныптау объектілері атауларының жүйелендірілген, құрылымдалған және кодталған тізбесі;

"мүше мемлекеттің ұлттық сегменті", "Комиссияның интеграциялық сегменті" - Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі шеңберінде уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері мен Комиссияның ақпараттық жүйелерінің ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер;

"нормативтік-анықтамалық ақпарат" - электрондық өзара іс-қимыл субъектілері арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын анықтамалықтар және сыныптауыштар жиынтығы;

"электронды түрде ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы" - Одақтың шеңберінде пайдаланылатын электрондық құжаттарға заңды күш беру мақсатында іске асырылатын ақпараттық-технологиялық және ұйымдық-құқықтық іс-шаралардың, қағидалар мен шешімдердің жиынтығы;

"ортақ ақпараттық ресурс" - орталықтандырылған жүргізу арқылы не мүше мемлекеттердің ақпараттық өзара іс-қимылы негізінде қалыптасатын Комиссияның ақпараттық ресурсы;

"Одақ шеңберіндегі жалпы процесс" - мүше мемлекеттердің біреуінің аумағында басталып, екінші мүше мемлекеттің аумағында аяқталатын (өзгертілетін), халықаралық шарттармен және Одақтың құқығын құрайтын актілермен және мүше мемлекеттердің заңнамасымен регламенттелген (белгіленген) операциялар мен рәсімдер;

"анықтамалық" - өзінің мазмұны немесе мәні бойынша біртекті ақпараттың жүйелендірілген, құрылымдалған және кодталған тізбесі. Жинақтар, тізімдер, көрсеткіштер, тізімдемелер, сөздіктер және басқа әліпбилік, жүйелі, пәндік, хронологиялық немесе қандай да бір өзге де белгі бойынша құрастырылған ақпарат тізбелері анықтамалықтардың түрлері болып табылады;

"электрондық өзара іс-қимыл жасайтын субъектілер" - электрондық құжаттарды, сондай-ақ электронды түрдегі ақпаратты құрастыру, жіберу, беру, алу, сақтау және пайдалану процесінде туындайтын қатынастар шеңберінде өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттік органдар, жеке немесе заңды тұлғалар;

"трансшекаралық сенім кеңістігі" - уәкілетті органдар, сондай-ақ электрондық құжаттарды, ақпаратты электрондық түрде жасау, жөнелту, беру және алу процесінде шаруашылық жүргізуші субъектілер мен уәкілетті органдар арасындағы мемлекетаралық деректер және электрондық құжаттар алмасу кезінде сенімділікті қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттермен келісілген құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шарттар жиынтығы;

"ақпаратты сыныптау мен кодтаудың біріздендірілген жүйесі" - анықтамалықтардың, нормативтік-анықтамалық ақпарат сыныптауыштарының, сондай-ақ оларды әзірлеу, жүргізу және қолдану тәртібі мен әдіснамасының жиынтығы ;

"уәкілетті орган" - жекелеген салаларда мемлекеттік саясатты іске асыру өкілеттіліктері берілген мүше мемлекеттің мемлекеттік органы немесе ол айқындаған ұйым;

"есепке алу жүйесі" - электрондық өзара іс-қимыл жасайтын субъектілердің құқық белгілейтін құжаттарынан алынатын ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйе және оны пайдалану арқылы заңдық маңызы бар электрондық құжаттар жасалады немесе беріледі;

"электрондық өзара іс-қимыл нысаны" - ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға негізделген ақпараттық өзара іс-қимыл тәсілі;

"құжаттың электрондық түрі" - электрондық есептеу машиналарын пайдалану арқылы адамның қабылдауы үшін, сондай-ақ форматы пен құрылымына қойылатын

белгіленген талаптарды сақтай отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып беру және өңдеу үшін жарамды түрде ұсынылған ақпараттар, мәліметтер, деректер;

"электрондық құжат" - электрондық цифрлық қолтаңбамен (электрондық қолтаңба) куәландырылған және электронды түрде ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы талаптарына сай келетін электронды түрдегі құжат.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; 19.04.2024 № 75-VIII Заңдарымен.**

3. Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту негізінде Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - интеграцияланған жүйе) құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жұмыстары жүргізіледі, ол мынадай мәселелер бойынша ақпараттық қолдауды:

1) кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеуді;

2) кедендік реттеуді;

3) техникалық реттеуді, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар қолдануды;

4) кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу мен бөлуді;

5) арнайы демпингке қарсы және өтемақы баждарын есепке жатқызу мен бөлуді;

6) статистиканы;

7) бәсекелестік саясатты;

8) энергетикалық саясатты;

9) валюталық саясатты;

10) зияткерлік меншікті;

11) қаржы нарықтарын (банк саласын, сақтандыру саласын, валюта нарығын, бағалы қағаздар нарығын);

12) Одақ органдарының қызметін қамтамасыз етуді;

13) макроэкономикалық саясатты;

14) өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік саясатты;

15) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысын;

16) Одақтың өкілеттіліктері шегінде (интеграцияланған жүйенің дамуына қарай оның қамту саласына қосылатын) өзге де мәселелерді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

4. Интеграцияланған жүйені қалыптастырудың негізгі міндеттері:

1) біріздендірілген сыныптау және кодтау жүйесі негізінде Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін құру және жүргізу;

2) Одақ шеңберінде мемлекетаралық деректер мен электрондық құжаттар алмасудың интеграцияланған ақпараттық құрылымын құру;

3) мүше мемлекеттер үшін ортақ ақпараттық ресурстар құру;



4) ортақ ақпараттық ресурстардың қалыптастырылуын қамтамасыз ету, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарды ақпараттық қамтамасыз ету, сондай-ақ Одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру үшін Шарт ережелері негізінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

5) халықаралық шарттар мен Одақ құқығын құрайтын актілердің және халықаралық шарттар мен Одақ құқығын құрайтын актілер жобаларының мәтіндеріне, сондай-ақ ортақ ақпараттық ресурстар мен мүше мемлекеттердің ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету;

6) ақпаратты электронды түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымын құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

5. Интеграцияланған жүйе шеңберінде ортақ ақпараттық ресурстар қалыптастырылады, олар:

1) мүше мемлекеттердің заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарды және Одақтың құқығын құрайтын актілерді;

2) дерекқорды орталықтандырылған жүргізу арқылы не мүше мемлекеттердің ақпараттық өзара іс-қимылы негізінде қалыптасатын нормативтік-анықтамалық ақпаратты;

3) мүше мемлекеттер мен Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылы негізінде қалыптасатын тізілімдерді;

4) ресми статистикалық ақпаратты;

5) мүше мемлекеттердің ақпараттық-әдістемелік, ғылыми, техникалық және өзге де анықтамалық-талдамалық материалдарын;

6) интеграцияланған жүйенің дамуына қарай ортақ ақпараттық ресурстар құрамына кіретін өзге де ақпаратты қамтиды.

6. Мүше мемлекеттер интеграцияланған жүйені қалыптастыру кезінде мынадай қағидаттар негізге алынады:

1) мүдделердің ортақтығы және өзара пайда;

2) деректердің жалпы моделі негізінде интеграцияланған жүйе үшін ақпарат дайындаудың бірыңғай әдіснамалық тәсілдерін қолдану;

3) ақпараттың қолжетімділігі, анықтығы және толықтығы;

4) ақпараттың уақтылы берілуі;

5) заманауи ақпараттық технологиялар деңгейіне сәйкес келу;

6) мүше мемлекеттердің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау;

7) интеграцияланған жүйеде қамтылған ақпараттық ресурстарға мүше мемлекеттердің тең қолжетімділігін қамтамасыз ету;

8) ұсынылған ақпаратты, оны ұсынған мүше мемлекетке залал келтірмей, мәлімделген мақсаттарда ғана пайдалану;

9) ақпаратты мәлімделген мақсаттарға сәйкес пайдалану талабының сақталуын ескере отырып, пайдаланушылардың барлық санаттары үшін интеграцияланған жүйенің ашық болуы;

10) интеграцияланған жүйені пайдалана отырып, уәкілетті органдар, уәкілетті органдар мен Комиссия арасында ақпарат алмасуды өтеусіз негізде жүзеге асыру.

7. Шартқа және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес нормативтік-анықтамалық ақпарат құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштардың құрамын және мазмұнын уәкілетті органдармен келісу бойынша Комиссия айқындайды.

8. Интеграцияланған жүйені қалыптастыру кезінде мүше мемлекеттер халықаралық стандарттар мен ұсынымдарды басшылыққа алады.

9. Ортақ ақпараттық ресурстарды қалыптастыру, Одақ шеңберінде жалпы процестердің іске асырылуын қамтамасыз ету және интеграцияланған жүйе құралдарын пайдалана отырып, мемлекеттік бақылаудың әр түрлерін тиімді жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органдар, уәкілетті органдар мен Комиссия арасында, сондай-ақ Комиссия мен интеграциялық бірлестіктер, халықаралық ұйымдар арасында өзара іс-қимылдың электрондық нысаны қамтамасыз етіледі. Одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесін, Одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру технологиясын, өзара іс-қимыл процесінде хабарламалар (сұрау салулар) жіберу және алу тәртібі мен регламентін, электронды түрдегі құжаттарға (электрондық құжаттарға) қойылатын талаптарды Шартта белгіленген тәртіппен Комиссия айқындайды.

10. Өзара іс-қимыл процесінде электрондық нысанда ұсынылатын ақпарат тізбесі Шартта немесе Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалады.

11. Уәкілетті органдарға мәліметтер ұсыну бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілер мен жеке тұлғаларға тең жағдай жасау, уәкілетті органдар, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен жеке тұлғалар арасындағы өзара іс-қимылдың электрондық нысандарын келісілген түрде дамыту мақсатында Комиссия өзара іс-қимылдың көрсетілген түрлері үшін - электронды түрдегі құжаттарға (электрондық құжаттарға), өзара іс-қимыл процесінде хабарламалар (сұрау салулар) жіберу және алу тәртібіне қойылатын Одақ шеңберіндегі бірыңғай, біріздендірілген талаптарды айқындауға не оларды қолдануды ұсынуға құқылы.

12. Электрондық құжаттарды пайдалана отырып, электрондық нысандағы өзара іс-қимыл кезінде, сондай-ақ оларды ақпараттық жүйелерде өңдеу барысында мынадай қағидаттар сақталады:

1) егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құжаттың қағаз жеткізгіште ресімделуі талап етілетін болса, онда Комиссия Кеңесі бекітетін құжаттау қағидалары мен талаптары бойынша ресімделген электрондық құжат осы қағидалар мен талаптарға сәйкес келеді деп есептеледі;

2) Комиссия Кеңесі бекітетін құжаттау қағидалары мен талаптары бойынша ресімделген электрондық құжат қолтаңбамен не қолтаңба және мөрмен куәландырылған қағаз жеткізгіштегі осыған ұқсас құжатпен заңдық күші бойынша тең деп танылады;

3) электрондық құжат түрінде жасалды деген негізбен ғана құжат заңдық күшінен айырыла алмайды;

4) электрондық құжаттардан мәліметтер алған кезде, оның ішінде оларды ақпараттық жүйелерде өңдеу мақсатымен форматтары мен құрылымдарын қайта жасау кезінде олардың электрондық құжаттарда көрсетілген ұқсас мәліметтермен бірдейлігі қамтамасыз етіледі;

5) халықаралық шарттарда және Одақ құқығын құрайтын актілерде не мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларда, есепке алу жүйесін пайдалана отырып, электрондық құжаттардың қағаз көшірмелерін қалыптастыру қамтамасыз етілуі мүмкін.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

13. Трансшекаралық сенім кеңістігін дамытуды мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау кезінде заңдық күші бар электрондық құжаттар мен сервистерді пайдалану стратегиясы мен тұжырымдамасына сәйкес Комиссия мен мүше мемлекеттер жүзеге асырады.

14. Электронды түрдегі ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы мемлекеттік құрамдастар мен интеграциялық құрамдастан тұрады.

15. Электронды түрдегі ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының интеграциялық құрамдасының операторы ретінде Комиссия әрекет етеді.

16. Электронды түрдегі ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының мемлекеттік құрамдастарының операторлары ретінде уәкілетті органдар немесе мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес олар айқындаған ұйымдар әрекет етеді.

17. Электронды түрдегі ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының интеграциялық құрамдасы - келісілген стандарттар мен инфрақұрылымдық шешімдер негізінде трансшекаралық электрондық құжат айналымын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін трансшекаралық сенім кеңістігі элементтерінің жиынтығын білдіреді.

18. Трансшекаралық сенім кеңістігін құруға, дамытуға және оның жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып Комиссия әзірлейді және Комиссия бекітеді. Электронды түрдегі ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы құрамдастарының көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеруді мүше мемлекеттер мен Комиссияның өкілдерінен құралатын комиссия жүзеге асырады. Комиссияны қалыптастыру және оны қызметін жүзеге асыру тәртібін қамтитын Комиссия туралы ережені Комиссия Кеңесі айқындайды.

19. Электрондық құжаттарды қорғаудың әртүрлі тетіктерін пайдаланатын электрондық өзара іс-қимыл жасайтын субъектілер арасында электрондық құжаттармен

ақпарат алмасу электронды түрде ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының операторлары ұсынған сервистерді, оның ішінде сенім білдірілген үшінші тараптың сервистерін пайдалана отырып қамтамасыз етіледі.

20. Сенім білдірілген үшінші тараптың сервистерін мүше мемлекеттер мен Комиссия ұсынады. Уәкілетті органдар немесе олар айқындаған (аккредиттеген) ұйымдар мүше мемлекеттердің сенім білдірілген үшінші тарапы сервистерінің операторлары болып табылады. Комиссияның сенім білдірілген үшінші тарапы сервистерінің операторы Комиссия болып табылады. Мүше мемлекеттер электрондық өзара іс-қимыл жасайтын субъектілердің сенім білдірілген үшінші тараптардың көрсетілетін қызметтерін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді.

21. Сенім білдірілген үшінші тараптың негізгі міндеттері:

1) электрондық құжаттарды және тіркелген уақытта ақпараттық өзара іс-қимыл жасайтын субъектілердің электрондық цифрлық қолтаңбаларын (электрондық қолтаңбаларын) заңдастыруды (төлнұсқалығын растауды) жүзеге асыру;

2) халықаралық (траншекаралық) электрондық құжаттар алмасуда сенім кепілдіктерін қамтамасыз ету;

3) мүше мемлекеттердің заңнамасына және Комиссия актілеріне сәйкес электрондық шығыс және (немесе) кіріс құжаттарда электрондық цифрлық қолтаңбаларды (электрондық қолтаңбаларды) қолданудың құқыққа сыйымдылығын қамтамасыз ету болып табылады.

22. Есепке алу жүйесі шеңберінде ақпараттық ресурстарды жүргізу және пайдалану тәртібі мүше мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

23. Электрондық құжаттарды пайдалана отырып, электрондық нысандағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бөлігінде Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Комиссияның интеграциялық сегментінде ақпаратты қорғаудың мүше мемлекеттер үшін өзара қолайлы деңгейін қамтамасыз ету;

2) ақпараттық өзара іс-қимыл жасайтын субъектілердің қол жеткізу құралдарын қоса алғанда, есепке алу жүйелеріндегі ақпараттың қорғалуын және электронды түрдегі ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымын қамтамасыз ету үшін шешімдер әзірлеу;

3) мүше мемлекеттердің мемлекетаралық стандарттары, халықаралық стандарттар мен ұсынымдар негізінде электронды түрде ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы құрамдастарының құрамын айқындау;

4) электронды түрде ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы шеңберінде үлгілік ақпараттық-технологиялық шешімдер мен бағдарламалық-аппараттық кешендерді әзірлеу мен сынамаалауды үйлестіру;

5) электронды түрде ақпаратты құжаттау қағидаларын, электронды түрде ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының жекелеген құрамдастары мен қызметтерінің

жұмыс регламенттерін, сондай-ақ оларды қолдану бойынша электрондық өзара іс-қимыл жасайтын субъектілерге арналған ұсынымдар әзірлеуді үйлестіру;

6) Одақ шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде электрондық құжаттарды пайдаланған кезде мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру, сондай-ақ есепке алу жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интерфейстерін біріздендіру үшін ұсынымдар дайындау;

7) трансшекаралық сенім кеңістігін қалыптастырудың жекелеген мәселелері бойынша мүше мемлекеттердің үшінші тараптармен өзара іс-қимылын үйлестіру болып табылады.

24. Мүше мемлекеттер заңнамасының талаптарына сәйкес, уәкілетті органдардың ақпараттық ресурстарында, ақпараттық жүйелерінде және ақпараттық-телекоммуникациялық желілерінде қамтылған ақпараттың қорғалуын мүше мемлекеттер қамтамасыз етеді.

25. Мүше мемлекеттер заңнамасымен мемлекеттік құпияға (мемлекеттік жасырымға) немесе таралуы (қолжетімділігі) шектеулі мәліметтерге жатқызылған ақпаратпен алмасу мүше мемлекеттер заңнамасының оларды қорғау жөніндегі талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

26. Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияға (мемлекеттік жасырымға) немесе таралуы (қолжетімділігі) шектеулі мәліметтерге жататын мәліметтерді қамтитын ақпаратпен алмасу тәртібі Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленеді.

27. Интеграцияланған жүйені құруды Комиссия үйлестіреді, ол Комиссия әзірлейтін және Комиссия кеңесі бекітетін интеграцияланған жүйені дамыту стратегиясын ескере отырып, мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттеріне тапсырыс берушілермен өзара іс-қимыл барысында оның жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етеді. Интеграцияланған жүйені құруды, оның жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету жұмыстары уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл барысында Комиссия әзірлейтін және Комиссия Кеңесі бекітетін жоспарлар (Комиссияның интеграциялық сегментін құру, оның жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету жұмыстарының мерзімдері мен құнын көрсете отырып) негізінде жүзеге асырылады.

28. Комиссияның интеграциялық сегменті, Комиссияның ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелері сияқты интеграцияланған жүйенің құрауыштарына қатысты Комиссия меншік иесінің құқықтарын жүзеге асырады және міндеттерін орындайды, сондай-ақ оларды жобалауды, әзірлеуді, енгізуді, жұмыстардың нәтижелерін қабылдауды және одан әрі сүйемелдеуді ұйымдастырады.

29. Комиссия тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тапсырыстарды (сатып алуларды), тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тапсырыстар (

сатып алулар) жүзеге асырылған кезде берілген конкурстық ұсыныстарды бағалауды және осы Хаттаманың 28-тармағында көрсетілген интеграцияланған жүйенің құрауыштарына қатысты мүліктік құқықтарды иемденуді жүзеге асырады.

30. Интеграцияланған жүйе сегменттерін құру, дамыту және олардың жұмыс істеуі кезінде қолданылатын ұйымдастырушылық және техникалық шешімдердің біріздендірілуін қамтамасыз ету, ақпараттың тиісінше қорғалу деңгейін қолдау мақсаттары үшін Комиссия техникалық, технологиялық, әдістемелік және ұйымдастыру құжаттарының жобаларын әзірлеуді үйлестіреді және оларды бекітеді.

31. Мүше мемлекет оны құру, жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету құқықтарын жүзеге асыратын және міндеттерін орындайтын мүше мемлекеттің ұлттық сегментіне тапсырыс берушіні айқындайды.

Мүше мемлекеттің ұлттық сегментіне тапсырыс берушінің уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі осы мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалады.

**Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

32. Мүше мемлекеттер интеграцияланған жүйені тең пайдалану құқығына ие.

33. Осы Хаттаманың 28-тармағында көрсетілген интеграцияланған жүйенің құрауыштарын құру, дамыту және жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру осы Хаттаманың 27-тармағында көрсетілген жоспарларды іске асыру үшін қажетті көлемдерді негізге ала отырып - бұл ретте оларды құру және дамыту жұмыстарына қатысты, Одақ бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

34. Уәкілетті органдардың мемлекеттік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін, сондай-ақ мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерін құру, дамыту және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру - уәкілетті органдар қызметін қамтамасыз етуге көзделген мүше мемлекеттердің бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 4 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық одақтың ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру және тарату тәртібі туралы ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама Одақтың ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру және тарату тәртібін айқындау мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 24-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпараты" - ұлттық статистикалық жұмыстар бағдарламаларының шеңберінде және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес уәкілетті органдар қалыптастыратын статистикалық ақпарат;

"Одақтың ресми статистикалық ақпараты" - мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпараты, халықаралық ұйымдардың ресми статистикалық ақпараты және мүше мемлекеттердің заңнамасымен тыйым салынбаған көздерден алынатын өзге де ақпарат негізінде Комиссия қалыптастыратын статистикалық ақпарат;

"уәкілетті органдар" - мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру функциялары жүктелген ұлттық (орталық) банктерді қоса алғанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары.

3. Мүше мемлекеттерді және Комиссияны өзара саудада мүше мемлекеттер арасында өткізілетін тауарлар туралы ресми статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органдар басқа мүше мемлекеттермен тауарлармен өзара сауда статистикасын жүргізуді жүзеге асырады.

4. Комиссия бекіткен әдіснамаға сәйкес уәкілетті органдар тауарлармен өзара сауда статистикасын жүргізуді жүзеге асырады.

5. Уәкілетті органдар статистикалық көрсеткіштер тізбесіне сәйкес мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпаратын Комиссияға ұсынады.

6. Мүше мемлекеттердің статистикалық көрсеткіштерінің тізбесін, ресми статистикалық ақпаратты беру мерзімдері мен форматтарын уәкілетті органдармен келісу бойынша Комиссия бекітеді.

7. Комиссия уәкілетті органдардан статистикалық көрсеткіштер тізбесіне енгізілмеген мүше мемлекеттердің өзге де ресми статистикалық ақпаратын сұратуға құқылы.

8. Уәкілетті органдар мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпаратын толық, анық және уақтылы Комиссияға ұсынуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдап, ресми статистикалық ақпаратты белгіленген мерзімдерде ұсынудың мүмкін еместігі туралы Комиссияға хабарлайды.

9. Осы Хаттаманың ережелері мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес, мемлекеттік құпияға (мемлекеттік жасырымға) немесе таратылуы (қолжетімділігі) шектеулі мәліметтерге жатқызылған мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпараттарына қолданылмайды.

10. Комиссия Одақтың ресми статистикалық ақпаратын жинауды, жинақтауды, жүйелендіруді, талдауды және таратуды, уәкілетті органдардың сұрау салулары бойынша көрсетілген ақпаратты ұсынуды, сондай-ақ осы Хаттама шеңберінде статистика саласындағы уәкілетті органдардың ақпараттық және әдіснамалық өзара іс-қимыл жасауын үйлестіруді жүзеге асырады.

11. Мүше мемлекеттердің Комиссияға ұсынатын ресми статистикалық ақпараты негізінде жасалатын Одақтың ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру әдіснамасын Комиссия әзірлейді және бекітеді.

12. Комиссия сыныптауыштар мен әдіснаманы қоса алғанда, уәкілетті органдардың бірыңғай, халықаралық деңгейде салыстырылатын стандарттарды қолданулары бойынша тиісті ұсынымдар қабылдауы арқылы мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпаратын салыстыруды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайды.

13. Одақтың ресми статистикалық ақпаратын таратуды - Комиссияның ресми басылымдарында жариялау және Интернет желісіндегі Одақтың ресми сайтына орналастыру арқылы, Комиссия бекітетін статистикалық жұмыстар бағдарламасына сәйкес Комиссия жүзеге асырады.

14. Комиссия уәкілетті органдармен бірлесіп, статистика саласындағы интеграциялық даму бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 5 ҚОСЫМША

**Кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы  
ХАТТАМА**

**Ескерту. Мәтін бойынша тиісті жекеше, көпше түрдегі және септеудегі "төлеуші" деген сөз алып тасталды – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 26-бабына сәйкес әзірленді және Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты оларды төлеу міндеті - 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап, ал көрсетілген Шартқа қосылған жаңа мүшелер үшін осы Хаттама қолданыла бастаған күннен бастап туындаған кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және мүше мемлекеттер арасында бөлу тәртібін айқындайды.

Осы Хаттама кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар мен Одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкес көзделген жағдайларда және тәртіппен кедендік әкелу баждары сомаларының есебіне жазылған өсімпұлдар (пайыздар) сомаларына да қатысты қолданылады.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:



"уәкілетті органның бірыңғай шоты" - түсімдерді осы мүше мемлекеттің бюджеттеріне есепке жатқызу және олардың арасында бөлу үшін уәкілетті орган үшін ұлттық (орталық) банкте не ұлттық (орталық) банкте корреспонденттік шоты (бірыңғай қазынашылық шоты) бар уәкілетті органда ашылған шот;

"есепті күн" - кедендік әкелу баждарының сомаларын уәкілетті органның бірыңғай шотына есепке жатқызу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің жұмыс күні;

"мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыз" — мүше мемлекеттің кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен сомаларды аудару міндеттемелерін орындамауына, толық орындамауына және (немесе) уақтылы орындамауына әкеп соқтырған, осы Хаттаманың ережелерін бұзғаны үшін мүше мемлекеттің басқа мүше мемлекеттерге аударуға тиісті сомасы;

"шетел валютасындағы шот" - басқа мүше мемлекеттің кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен түсімдерді есепке жатқызу үшін ұлттық (орталық) банкте басқа мүше мемлекеттің валютасымен бір мүше мемлекеттің уәкілетті органы үшін ашылған шот;

"ағымдағы күн" - есеп беру күні кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу бойынша операциялар жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің есепті жұмыс күнінен кейінгі күн;

"уәкілетті орган" - мүше мемлекеттің бюджетін атқаруда кассалық (қазынашылық) қызмет көрсетуді жүзеге асыратын осы мүше мемлекеттің мемлекеттік органы.

Осы Хаттамада пайдаланылатын өзге де ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде айқындалған мағыналарында қолданылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

## **II. Кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және мүше мемлекеттер арасында бөлу тәртібі**

3. Кедендік әкелу баждарының сомалары кедендік қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар мен Одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкес, оның ішінде кедендік әкелу баждарын өндіріп алу кезінде төлеуге жататын, сол мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотына ұлттық валютада есепке жатқызуға жатады.

Кедендік әкелу баждарын уәкілетті органның бірыңғай шотына жекелеген есептік (төлем) құжаттарымен (нұсқаулықтармен) төлейді.

Аванстық төлемдер, кедендік әкету баждары, салықтар мен алымдар, сондай-ақ мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес төленген және уәкілетті органның бірыңғай шотына келіп түскен өзге де төлемдер (арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын қоспағанда) кедендік әкелу баждарын төлеу есебіне жатқызылуы мүмкін.

Уәкілетті органның бірыңғай шотына кедендік әкелу бажы ретінде келіп түскен, бірақ нақты тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарының сомалары бойынша

сәйкестендірілмеген ақшалай қаражат (ақша) сомалары осы Хаттама мақсаттары үшін кедендік әкелу баждары ретінде қарастырылады.

Егер кедендік рәсіммен орналастырылған тауарларға қатысты аванстық төлемдерді кедендік әкелу баждарын төлеу есебіне есепке жатқызу аванстық төлемдерді енгізген адамның тапсырмасы негізінде жүзеге асырылса, мұндай төлемдерді уәкілетті органның бірыңғай шотына есепке жатқызу мүше мемлекеттің кеден органы тауарларды шығарған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, ал егер тауарларды шығару тауарларға арналған декларацияны бергенге дейін жүргізілген жағдайда, мүше мемлекеттің кеден органы декларантқа электрондық құжатты жіберген не қағаз жеткізгіште берілген тауарларға арналған декларацияда және (немесе) тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы мәліметтерді - қамтитын коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттарға тиісті белгі қойылған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары төленуге жататын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есепке жатқызу және бөлу туралы ережеге (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа 8-қосымшаға қосымша) сәйкес кедендік әкелу баждарын төлеу бойынша берешекті өтеу есебіне Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес қайтаруға жататын арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомасы есепке жатқызылуы мүмкін.

Кедендік әкелу баждарының сомаларын қайтару (есепке жатқызу) осы Хаттама ережелері ескеріле отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес қайтаруға жататын кедендік әкелу баждарының сомалары кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, сондай-ақ өсімпұлдарды (пайыздарды) төлеу бойынша берешекті өтеу есебіне жатқызудан (бұдан әрі - берешекті төлеу есебіне жатқызу) басқа өзге төлемдерді төлеу есебіне жатқызылмайды.

**Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; 14.06.2021 № 50-VII Заңдарымен.**

4. Кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждарын, сондай-ақ өсімпұлдарды (пайыздарды) төлеу бойынша берешектерін өтеу жағдайларын қоспағанда, сот актілерін орындау тәртібімен немесе қандай да бір өзге тәсілмен уәкілетті органның бірыңғай шотындағы ақша қаражаттарын өндіріп алуға болмайды.

5. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мынадай түсімдерді:

уәкілетті органның бірыңғай шотындағы кедендік әкелу баждарының ( қайтарулардың, берешекті өтеу есебіне жатқызулардың) түсімдері сомаларын;

басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шотына аударылған бөлінген кедендік әкелу баждарының сомаларын;

осы мүше мемлекеттің кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлуден түскен кірістердің мүше мемлекеттің бюджетіне есепке жатқызылған сомаларын;

мүше мемлекеттің бюджетіне басқа мүше мемлекеттерден түскен кедендік әкелу баждарының сомаларын;

Осы Хаттамада белгіленген мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыздардың мүше мемлекеттің бюджетіне түскен сомаларын;

басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аудару тоқтатыла тұрған, бөлінген кедендік әкелу баждарының сомаларын жеке есепке алады.

Түсімдердің көрсетілген сомалары әрбір мүше мемлекеттің бюджетті атқару туралы есептілігінде жеке көрсетіледі.

6. Күнтізбелік жылдың соңғы жұмыс күнінде мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотына түскен кедендік әкелу баждарының сомалары осы мүше мемлекеттің есепті жылы бюджеттің атқарылуы туралы есебінде көрсетіледі.

Мүше мемлекеттің күнтізбелік жылдың соңғы жұмыс күні ішінде бөлінген кедендік әкелу баждарының сомалары мүше мемлекеттің ағымдағы жылының екінші жұмыс күнінен кешіктірілмей, осы мүше мемлекеттің бюджетіне және басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аударылады, сондай-ақ есепті жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.

Басқа мүше мемлекеттердің күнтізбелік жылының соңғы жұмыс күні ішінде басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан мүше мемлекеттің бюджетіне түскен кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен кірістер сомасы ағымдағы жылы бюджеттің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.

7. Кедендік әкелу баждарының сомаларын қайтару, оларды берешекті өтеу есебіне жатқызу есепті күні атқаруға ұлттық (орталық) банк қабылдамаған кедендік әкелу баждарының қайтарылатын сомалары ескеріле отырып, уәкілетті органның бірыңғай шотына түскен, сондай-ақ есепті күні кедендік әкелу баждарын төлеу есебіне жатқызылған кедендік әкелу баждары сомаларының шегінде ағымдағы күні уәкілетті органның бірыңғай шотынан жүзеге асырылады.

Кедендік әкелу баждарының сомаларын қайтару, олардың берешекті өтеу есебіне жатқызу - қайтару (есепке жатқызу) жүзеге асырылған күні уәкілетті органның бірыңғай шотына түскен (есепке жатқызылған) кедендік әкелу баждарының сомалары шегінде есепті күні Қазақстан Республикасы уәкілетті органының бірыңғай шотынан жүзеге асырылады.

8. Қайтаруға және (немесе) берешекті өтеу есебіне жатқызуға жататын кедендік әкелу баждарының сомаларын айқындау мүше мемлекеттер арасында түскен кедендік әкелу баждарының сомалары бөлінгенге дейін ағымдағы күні жүзеге асырылады.

9. Кедендік әкелу баждарын қайтаруды және (немесе) берешекті өтеу есебіне жатқызуды жүзеге асыру үшін қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, осы Хаттаманың 7

-тармағына сәйкес, мүше мемлекет көрсетілген қайтаруды (есепке жатқызуды) кейінгі жұмыс күндері жүзеге асырады.

Кедендік әкелу баждарын уақтылы қайтармағаны үшін төленетін өсімпұлдар (пайыздар) осы мүше мемлекеттің бюджетінен төленеді және кедендік әкелу баждарының құрамына кірмейді.

10. Уәкілетті органның бірыңғай шотына кедендік әкелу баждарының сомалары есепке жатқызылған есепті күннен кейінгі мүше мемлекеттің келесі жұмыс күнінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы кедендік әкелу баждарының сомаларын мүше мемлекеттер арасында бөлуді жүзеге асырады.

Уәкілетті органның бірыңғай шотына кедендік әкелу баждарының сомалары есепке жатқызған есепті күні Қазақстан Республикасының уәкілетті органы кедендік әкелу баждарының сомаларын мүше мемлекеттер арасында бөлуді жүзеге асырады.

11. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотынан осы мүше мемлекеттің бюджетіне, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аударуға жататын кедендік әкелу баждарының сомаларын есептеу мүше мемлекеттер арасында бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының жалпы сомасын пайыздармен белгіленетін бөлу нормативтеріне көбейту арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте, мүше мемлекеттер арасында бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының жалпы сомасы есепті күні ұлттық (орталық) банк кедендік әкелу баждарының қайтарылатын сомаларын аударуға арналған есептік (төлем) құжаттарды (нұсқаулықтарды) орындауға қабылдамағанын ескере отырып, есепті күні келіп түскен (уәкілетті орган есепке жатқызуды орындаған) кедендік әкелу баждарының сомаларынан ағымдағы күні қайтаруға жататын кедендік әкелу баждарының сомаларын және ағымдағы күні берешекті өтеу есебіне есепке жатқызылған кедендік әкелу баждарының сомаларын есептеп шегеру арқылы айқындалады.

Қазақстан Республикасында мүше мемлекеттер арасында бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының жалпы сомасы есепті келіп түскен (уәкілетті орган есепке жатқыза отырып орындаған) кедендік әкелу баждарының сомаларынан есепті күні қайтаруға жататын кедендік әкелу баждарының сомаларын және есепті күні берешекті өтеу есебіне есепке жатқызылған кедендік әкелу баждарының сомаларын шегеру арқылы айқындалады.

Егер ағымдағы күні орындалуға жататын кедендік әкелу бажының сомасын қайтаруға арналған есептік (төлем) құжатты (нұсқаулықты) ұлттық (орталық) банк орындауға қабылдамаған жағдайда, бұл сома мүше мемлекеттің келесі жұмыс күнінде мүше мемлекеттер арасында бөлуге жатқызылады. Бұл ретте, басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аударылмаған кедендік әкелу баждарының сомасы осы тармаққа сәйкес, бір күнге мерзімі өткен деп танылады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

12. Әрбір мүше мемлекет үшін кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтері мынадай мөлшерде белгіленеді:

- Армения Республикасы - 1,220 пайыз;
- Беларусь Республикасы - 4,860 пайыз;
- Қазақстан Республикасы - 6,955 пайыз;
- Қырғыз Республикасы - 1,900 пайыз;
- Ресей Федерациясы - 85,065 пайыз.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 26.10.2020 № 369-VI Заңымен.**

13. Уәкілетті органның бірыңғай шотына есепке жазылған күннен кейінгі мүше мемлекеттің келесі жұмыс күнінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына мүше мемлекеттерге кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуды жүзеге асырады.

Кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуға арналған есептік (төлем) құжатты (нұсқаулықты) уәкілетті орган, күн сайын, жергілікті уақыт бойынша сағат 14-тен кешіктірмей, басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына одан әрі аудару үшін ұлттық (орталық) банкке жібереді. Көрсетілген есептік (төлем) құжатта (нұсқаулықта) кедендік әкелу баждарын бөлу жүзеге асырылатын күн және ұлттық валютада мүше мемлекеттердің арасында бөлуге жататын сома көрсетіледі.

Егер көрсетілген есептік (төлем) құжат (нұсқаулық) ағымдағы күні мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкіне жергілікті уақыт бойынша сағат 14-тен кешіктіріліп жіберілген жағдайда, тиісті төлем бір күнге мерзімі өткен деп танылады.

14. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан шетел валютасындағы шоттарға түскен кедендік әкелу баждарының сомаларын мүше мемлекет бюджетінің кірісіне аудару тәртібі осы Хаттаманың III бөлімімен реттеледі.

15. Мүше мемлекеттердің бюджеттеріне бөлінген және аударылған кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке алуды мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жүзеге асырады.

16. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы кезекті күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей, басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген жұмыс емес күндер жөнінде хабардар етеді.

Осындай өзгерістер болатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы жұмыс емес күндер өзгертілген жағдайда, басқа мүше мемлекеттің уәкілетті органдарын көрсетілген өзгерістер жөнінде олар күшіне енгенге дейін күнтізбелік 2 күннен кешіктірмей хабардар етеді.

17. Кедендік әкелу баждарының сомасын аударуға жататын шетел валютасындағы шоттың деректемелері өзгерген жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы

көрсетілген өзгерістер күшіне енген күнге дейін, күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей, шоттың нақтыланған деректемелерін басқа мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының назарына жеткізеді.

Осы Хаттаманы іске асыру үшін қажетті өзге де деректер өзгерген жағдайда, уәкілетті орган көрсетілген өзгерістер күшіне енген күнге дейін, күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей, осындай өзгерістер туралы ақпаратты басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының назарына жеткізеді.

18. Мүше мемлекеттер арасында бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының сомалары болмаған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы осы Хаттамада белгіленген мерзімде, басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына ақша қаражаттарын аударуға арналған есептік (төлем) құжатты (нұсқаулықты) ұлттық (орталық) банкке жіберу үшін басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тиісті ақпаратты Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, электронды түрде, ал көрсетілген жүйе қолданысқа енгізілген кезге дейін - осы ақпаратты қамтитын құжаттың электрондық көшірмесін графикалық түрде электрондық байланыс арналары бойынша жібереді.

19. Мүше мемлекеттердің орталық кедендік органдары Комиссия бекітетін қағидаларға сәйкес, кедендік әкелу баждарының есебін есепке жазу әдісі бойынша жүргізудің бірыңғай қағидастарының қолданылуын қамтамасыз етеді.

20. Осы бөлімде белгіленген мерзімдерде қандай да бір мүше мемлекеттің шетел валютасындағы шотына ақша қаражаты аударылмаған немесе толық аударылмаған және бөлуге жататын кедендік әкелу баждары сомаларының жоқ екендігі туралы осы мүше мемлекеттің уәкілетті органынан ақпарат келіп түспеген жағдайда, шетел валютасындағы шотына ақша қаражаты түспеген мүше мемлекеттің уәкілетті органы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын және Комиссияны аударылмаған немесе толық аударылмаған ақша қаражаты туралы хабардар етеді.

21. Бөлінген кедендік әкелу баждарының сомаларын басқа мүше мемлекеттерге аудармаған мүше мемлекет кедендік әкелу бажын бөлуден түскен сома басқа мүше мемлекетке (мүше мемлекеттерге) аударылмаған күнді қоса алғанда, осы мүше мемлекеттерге қалыптасқан берешегінің барлық сомасына мерзімін өткізіп алғаны үшін әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін 0,1 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлеме бойынша пайыздар төлейді.

22. Мүше мемлекет көрсетілген сомалар нақты болған жағдайда, бөлуге жататын кедендік әкелу баждары сомаларының жоқ екендігі туралы ақпарат жіберген жағдайда, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына уәкілетті органның бірыңғай шотынан ақша қаражаты толық аударылмаған кезде, осындай бұзушылыққа жол берген мүше мемлекет мүше мемлекеттің келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аударылмаған соманы негізге ала отырып, осы бөлімге сәйкес, басқа мүше

мемлекеттердің бюджеттеріне есепке жатқызуға жататын кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен сомаларды басқа мүше мемлекеттерге аударуға міндетті.

Бұл ретте, осындай бұзушылыққа жол берген мүше мемлекет осы тармаққа сәйкес мүше мемлекеттерге ақша қаражатын аудару жүзеге асырылған күнді қоспағанда, бұзушылық орын алған күннен бастап уақыт кезеңі танылатын әрбір күнтізбелік мерзімі өткен күн үшін осы Хаттаманың 21-тармағында белгіленген мөлшерде мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыздар төлейді.

23. Қандай да бір мүше мемлекеттен ақша қаражаты түспеген (толық түспеген) және осы мүше мемлекеттің уәкілетті органынан мүше мемлекеттер арасында бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының сомалары жоқ екендігі туралы хабарлама болмаған кезде, шетел валютасындағы шотына ақша қаражаты түспеген мүше мемлекеттің уәкілетті органы мүше мемлекеттің үшінші жұмыс күні осындай келіп түспеу (толық түспеу) күнінен кейін бірінші мүше мемлекеттің шетел валютасындағы шотына өзінің бірыңғай шотынан кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуды тоқтата тұруға құқылы.

24. Мүше мемлекет кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуды тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған жағдайда, басқа мүше мемлекеттің шетел валютасындағы шотына аударуға жататын ақша қаражатын аударуды тоқтата тұру туралы шешімнің күші жойылғанға дейін бірінші мүше мемлекет бюджетінің кірісіне есепке жатқызуға жатады және осы мүше мемлекеттің бюджетінде жеке есепке алынады.

Басқа мүше мемлекеттің шетел валютасындағы шотына кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуды тоқтата тұрған мүше мемлекеттің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын және Комиссияны қабылдаған шешім жөнінде дереу хабардар етеді.

25. Кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуды тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, Комиссия толық көлемде кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу тетігінің жұмыс істеуін тезірек қайта бастау мақсатында мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарымен консультациялар жүргізеді.

26. Егер осы Хаттаманың 25-тармағында көрсетілген консультациялардың нәтижелері бойынша кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу тетігінің жұмыс істеуін қайта бастау туралы шешім қабылданбаған жағдайда, бұл мәселе Комиссияның қарауына шығарылады.

Комиссияның кедендік әкелу баждары сомаларын бөлу тетігінің жұмыс істеуін қайта бастау туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда, бұл мәселе Үкіметаралық кеңестің қарауына шығарылады.

27. Кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуды қайта бастау кезінде, осы Хаттаманың 24-тармағында көрсетілген сомалар осы Хаттамаға сәйкес, олар тағайындалған сол мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына,

қабылданған шешім туралы хабарламаны алған күннен кейінгі мүше мемлекеттің жұмыс күнінен кешіктірмей аударуға жатады, бұл ретте көрсетілген сомаға мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыздар есептелмейді.

28. Қандай да бір мүше мемлекет басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аудармаған бөлінген кедендік әкелу баждарының сомалары, сондай-ақ осы Хаттаманың III бөлімінде көзделген ақша қаражатын аудару бойынша міндеттемелерді мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері орындамаған сомалар мемлекеттік борышқа жатады.

**Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 162-VIII Заңымен.**

### **III. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан шетел валютасындағы шоттарға түскен кедендік әкелу баждарының сомаларын мүше мемлекет бюджетінің кірісіне аудару тәртібі**

29. Бір (бірінші) мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі басқа (екінші) мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкіне осы Хаттамаға сәйкес екінші мүше мемлекеттің уәкілетті органының шетел валютасындағы шотына аударылған, бірінші мүше мемлекеттің ұлттық валютасының сомасына тең келетін ақша қаражатын АҚШ долларымен бірінші мүше мемлекеттің ұлттық валютасының сомасына сатуға міндетті. Сатылатын АҚШ долларының сомасы бірінші мүше мемлекеттің екінші мүше мемлекеттің шетел валютасындағы шотына ұлттық валютада ақша қаражатын аударған күнінен кейінгі жұмыс күніне бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі белгілеген, бірінші мүше мемлекеттің ұлттық валютасының АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамымен айқындалады.

Бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі екінші мүше мемлекеттің шетел валютасындағы шотына бірінші мүше мемлекеттің ұлттық валютасының баламалы сомасын аударған күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, ақша қаражатын АҚШ долларымен сату міндетін орындауы тиіс.

Бұл ретте, әрбір мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі, басқа мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарда осыған ұқсас құқықтарды іске асыру мен міндеттерді орындауына қарамастан, ақша қаражатын АҚШ долларымен сату міндетін орындауы тиіс.

Екі мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банктері жеке шартта ақша қаражатын АҚШ долларымен аудару жөніндегі қарсы міндеттемелердің, оның ішінде осы тармақтың екінші абзацында белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттемелердің және осы Хаттаманың 31-тармағына сәйкес өсімпұлдар төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуы АҚШ долларымен есептегенде міндеттеменің шамасы басқа ұлттық (орталық) банктің АҚШ долларымен есептегендегі қарсы міндеттеменің



шамасынан асып түсетін, ұлттық (орталық) банктің басқа ұлттық (орталық) банкке көрсетілген қарсы міндеттемелердің шамалары арасындағы айырмаға тең сомда АҚШ долларымен ақша қаражатын аударуы арқылы жүзеге асырылатынын белгілей алады.

Осы тармақта көрсетілген АҚШ долларындағы ақшалай міндеттемелер бойынша талаптарды қанағаттандыру мынадай кезеңділікпен жүзеге асырылады:

бірінші кезекте осы Хаттаманың 31-тармағына сәйкес өсімпұлдар төлеу туралы талаптар қанағаттандырылады;

екінші кезекте орындалу мерзімі басталған және мерзімі өтпеген болып табылатын міндеттемелер бойынша талаптар қанағаттандырылады;

үшінші кезекте осы тармақтың екінші абзацында белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттемелер бойынша талаптар қанағаттандырылады.

Бірінші мүше мемлекет ұлттық (орталық) банкінің ақша қаражатын екінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкіне АҚШ долларымен сату жөнінде осы тармақта көрсетілген міндеттемесі бойынша бірінші мүше мемлекет бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкімен екінші мүше мемлекеттің алдында ортақ жауаптылықта болады.

29<sup>1</sup>. Мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері осы Хаттаманы орындау үшін өздерінің арасында жасалған шарттарда өзара келісу бойынша уақытша негізде 2 жылдан аспайтын мерзімге осы Хаттаманың 29-тармағының бірінші абзацында көрсетілген, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қарсы міндеттемелердің АҚШ долларындағы сомасы немесе осы Хаттаманың 29-тармағының төртінші абзацында көрсетілген осы міндеттемелер шамаларының арасындағы айырманың АҚШ долларындағы сомасы көрсетілген соманы төлеуші болып табылатын ұлттық (орталық) банк бір мүше мемлекеттің ұлттық валютасындағы ақша қаражатын екінші мүше мемлекеттің шетел валютасындағы шотына аударған күннен кейінгі жұмыс күніне белгілеген ресми бағам бойынша Ресей рублімен аударылады деп белгілей алады.

Мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес аударымдарды жүзеге асырған жағдайда осы Хаттаманың ережелерін қолдану мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады:

ақша қаражатын Ресей рублімен аудару жөніндегі міндеттемелер осы Хаттаманың 29-тармағының екінші абзацында белгіленген мерзімде орындалады;

осы Хаттаманың 29-тармағының бесінші - сегізінші абзацтарында көзделген талаптарды қанағаттандырудың кезектілігі, сондай-ақ мүше мемлекеттің осы Хаттаманың 29-тармағының тоғызыншы абзацында көзделген ұлттық (орталық) банкпен ортақ жауаптылығы ақшалай міндеттемелерге Ресей рублімен қолданылады;

осы Хаттаманың 30-тармағында көзделген мүше мемлекеттер арасындағы өзара есеп айырысулар ақша қаражаты ұлттық валютамен аударылған күннен кейінгі жұмыс

күніне ұлттық (орталық) банктер белгілеген ресми бағам бойынша Ресей рублімен жүзеге асырылады;

осы Хаттаманың 31-тармағында көзделген өсімпұлдар сомасы көрсетілген өсімпұлдарды төлеуші болып табылатын ұлттық (орталық) банк оларды аудару күніне белгілеген ресми бағам бойынша Ресей рублімен төленеді;

осы Хаттаманың 35-тармағын қолдану кезінде екі мүше мемлекет арасындағы есеп айырысулар (оның ішінде екі мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банктері арасындағы есеп айырысулар) жүзеге асырылатын жұмыс күні деп осы екі мүше мемлекет үшін және Ресей Федерациясы үшін бір мезгілде жұмыс күні болып табылатын күн ұғынылады.

**Ескерту. 29<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 10.02.2025 № 162-VIII Заңымен.**

30. Осы Хаттаманың 29-тармағында көрсетілген бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің ақша қаражатын екінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкіне АҚШ долларымен сату жөніндегі міндеттемесі орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, бірінші мүше мемлекет пен екінші мүше мемлекет арасында одан әрі өзара есеп айырысулар жүргізу мақсаттары үшін бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкіне қойылатын талаптар бірінші мүше мемлекеттің ұлттық валютасымен екінші мүше мемлекеттің шетел валютасындағы шотына ақша қаражатын аударған күннен кейінгі келесі жұмыс күні бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі белгілеген АҚШ долларына шаққандағы ресми бағам бойынша тіркеледі.

31. Осы Хаттаманың 29-тармағында көрсетілген бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің ақша қаражатын екінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкіне АҚШ долларымен сату жөніндегі міндеттемесін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі не бірінші мүше мемлекет мөлшері мынадай формула бойынша есептелетін өсімпұлдар төлейді:

$$\text{SOFR}_{\text{USD}, o/n} + 2\%$$

$$\text{Өсімпұл} = \text{Сома}_{\text{USD}} \times \frac{\text{SOFR}_{\text{USD}, o/n} + 2\%}{360} \times \text{Күндер},$$

360

мұнда

$\text{Сома}_{\text{USD}}$  - бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің екінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкіне аударуға жататын сомасы (АҚШ долларымен);

$\text{SOFR}_{\text{USD}, o/n}$  - Нью-Йорк Федералдық резервтік банкі міндеттеменің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы басталған күн үшін белгілеген, АҚШ долларындағы бір күндік "овернайт" мөлшерлемесі (Secured Overnight Financing Rate (SOFR));

Күндер - міндеттеме орындалмаған не тиісінше орындалмаған күннен (қоса алғанда ) бастап міндеттеме тиісінше орындалған күнге дейінгі күнтізбелік күндер саны ( міндеттеме тиісінше орындалған күн есептелмейді).

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

32. Осы Хаттаманың 29-тармағында көрсетілген міндеттемені бірінші мүше мемлекет орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, өзіне қатысты міндеттемені орындамау немесе тиісінше орындамау орын алған екінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттеме бойынша талапты, осы Хаттаманың 31-тармағына сәйкес өсімпұлдар төлеу туралы талапты қоса алғанда, бірінші мүше мемлекеттің және бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің келісімінсіз және алдын ала хабарлауынсыз екінші мүше мемлекетке өтеусіз негізде беруге құқылы.

33. Мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі басқа мүше мемлекеттің міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін үкіметтің не уәкілетті органның алдында жауапты болмайды.

34. Бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінде, осы бөлімде көзделген есеп айырысуларды жүзеге асыруына байланысты туындаған шығындар мен залалдар, оның ішінде валюта бағамдарының өзгеруі, басқа мүше мемлекеттер мен басқа мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан туындайтын шығындар мен залалдар басқа мүше мемлекеттердің өтеуіне жатпайды. Бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкіне көрсетілген шығындар мен залалдарды өтеу шарттары мен тәртібін бірінші мүше мемлекет белгілейді.

35. Осы бөлімнің мақсаттары үшін бір мезгілде осы екі мүше мемлекет үшін де және Америка Құрама Штаттары үшін де жұмыс күні болып саналатын күн - екі мүше мемлекеттің арасындағы есеп айырысулар (оның ішінде екі мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банктерінің арасындағы есеп айырысулар) жүзеге асырылатын жұмыс күні деп түсініледі.

36. Осы Хаттамаға сәйкес есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін бір (бірінші) мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің басқа (екінші) мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінде ашқан корреспонденттік шотына, сондай-ақ осы корреспонденттік шоттағы ақша қаражатына екінші мүше мемлекеттің сот және де өзге де билік органдары тыйым салып, бұғаттап, осы корреспонденттік шоттағы ақша қаражатын пайдалануды болғызбайтын өзге де қамтамасыз ету, тыйым салу немесе шектеу шараларын қолдана алмайды.

37. Осы Хаттамаға сәйкес есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін бір (бірінші) мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің басқа (екінші) мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінде ашқан корреспонденттік шотындағы ақша қаражатын, егер корреспонденттік шот шартының талаптарында өзгеше белгіленбесе, бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің келісімінсіз есептен шығаруға жол берілмейді.

38. Егер осы Хаттаманың 29-тармағында көрсетілген, ақша қаражатын АҚШ долларымен сату міндеттемесін бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі күнтізбелік 30 күн ішінде толықтай немесе ішінара орындамаса, онда екінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі көрсетілген міндеттемені толық орындаған кезге дейін бірінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінде ашылған екінші мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің корреспонденттік шотындағы осы Хаттамаға сәйкес есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған бірінші мүше мемлекеттің ұлттық валютасындағы ақша қаражатын шектеусіз пайдалануға құқылы.

39. Бір (бірінші) мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі құқықтарды өтеусіз негізде іске асырады және осы Хаттаманы орындау үшін және оған сәйкес басқа (екінші) мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкімен жасалған шарттарда көзделген міндеттемелерді орындайды.

#### **IV. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпарат алмасу тәртібі**

40. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы күн сайын, жергілікті уақытпен ағымдағы күнгі сағат 16-дан кешіктірмей (Армения Республикасы үшін - Ереван қаласының уақытымен, Беларусь Республикасы үшін - Минск қаласының уақытымен, Қазақстан Республикасы үшін - Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен, Қырғыз Республикасы үшін - Бішкек қаласының уақытымен, Ресей Федерациясы үшін - Мәскеу қаласының уақытымен), басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына есепті күнгі мынадай ақпаратты жібереді:

1) мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотына есепке жазылған кедендік әкелу баждарының сомалары;

2) кедендік әкелу баждарын төлеу есебіне аванстық төлемдер есепке жатқызылған есепті күні уәкілетті орган атқарған сомалары;

2<sup>1</sup>) есепті күні кедендік әкелу баждарын төлеу есебіне есепке жатқызылған уәкілетті орган атқарған кедендік әкету баждарының, салықтардың және алымдардың, сондай-ақ өзге де төлемдердің сомалары;

3) есепті күні берешекті өтеу есебіне жатқызылған кедендік әкелу баждарының сомалары және өз алдына бөлек ағымдағы күні берешекті өтеу есебіне жатқызылған кедендік әкелу баждарының сомалары;

4) есепті күні қайтарылған кедендік әкелу баждарының сомалары және өз алдына бөлек ағымдағы күні қайтаруға жататын кедендік әкелу баждарының сомалары;

5) есепті күні ұлттық (орталық) банк атқаруға қабылдамаған кедендік әкелу баждарының қайтарылған сомалары;

6) мүше мемлекеттер арасында бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының сомалары;

7) басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аударылған бөлінген кедендік әкелу баждарының сомалары;

8) осы мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотынан аударылған кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен кірістердің мүше мемлекеттің бюджетіне түскен түсімдерінің сомасы;

9) уәкілеттік органның шетел валютасындағы шоттарына түскен кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен кірістердің мүше мемлекеттің бюджетіне түскен түсімдерінің сомалары;

10) басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аударылуы тоқтатыла тұрған бөлінген кедендік әкелу баждарының сомалары;

11) осы Хаттамада көзделген талаптардың орындалуы бұзылған кезде мерзімін өткізіп алғаны үшін басқа мүше мемлекеттерден мүше мемлекетке түскен пайыздардың сомасы.

**Ескерту. 40-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.12.2014 № 265-V; 02.08.2015 № 346-V; 26.10.2020 № 369-VI; 14.06.2021 № 50-VII Заңдарымен.**

41. Уәкілетті орган ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні осы Хаттаманың 40-тармағында белгіленген ақпаратты күнтізбелік жылдың басынан бері өсу қорытындысымен Комиссияға жібереді.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

41<sup>1</sup> Осы Хаттаманың 40 және 41-тармақтарында көрсетілген ақпарат Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі пайдаланыла отырып электрондық түрде жіберіледі.

**Ескерту. 41<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

42. Осы Хаттаманың 40 және 41-тармақтарында көзделген ақпаратты ұсыну нысаны уәкілетті органдармен келісіледі және оны Комиссия бекітеді.

43. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары осы Хаттаманың 40-тармағына сәйкес алынған деректердің жедел салыстырып тексерілуін жүзеге асырады.

Алшақтықтар анықталған жағдайда, хаттама ресімделеді және мүше мемлекеттер алшақтықтарды реттеу жөніндегі шараларды қабылдайды.

**Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

44. Бір мүше мемлекеттің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және Комиссияға жіберетін ақпаратына осы Хаттаманың 40 және 41-тармақтарына сәйкес осы уәкілетті органның басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам қол қояды.

## **V. Кедендік әкелу баждарын төлеуге байланысты ақпарат алмасу тәртібі**

45. Мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары біріне-бірі, сондай-ақ Комиссияға мемлекеттік құпияны (мемлекеттік сырларды) қамтитын мәліметтерге

жатпайтын, кедендік әкелу баждарын төлеуге байланысты ақпаратты тұрақты негізде электронды түрде ұсынып отырады.

46. Кедендік әкелу баждарын төлеуге байланысты ақпарат мынадай дереккөздерден қалыптастырылады:

1) мүше мемлекеттердің кеден органдарының ақпараттық ресурстарында қамтылған тауарларға арналған декларациялардан (оның ішінде тауарларға арналған декларация ретінде көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды пайдаланған жағдайда), кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының есептемелерінен алынған мәліметтер және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес халықаралық тасымалдаудың уақытша әкетілген көлік құралдарына қатысты Одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерде жасауға рұқсат етілмейтін операциялар жасау туралы өтініш, оның ішінде осындай кедендік құжаттар мәліметтерін өзгертетін (толықтыратын) мәліметтер;

2) мүше мемлекеттердің кеден органдарының ақпараттық ресурстарында қамтылған жеке шоттардан, тізілімдерден, сондай-ақ мүше мемлекеттердің бюджеттері кірісіне іс жүзінде төленген және аударылған, Комиссия бекітетін қағидаларға сәйкес есепке жазу әдісі бойынша кедендік әкелу баждарының есебін жүргізудің бірыңғай қағидаттарына сәйкес мүше мемлекеттердің кеден органдары ресімдеген кедендік әкелу баждарының сомалары туралы мәліметтер қамтылған құжаттардан алынған мәліметтер.

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

47. Кедендік әкелу баждарын төлеуге байланысты ақпарат жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларына қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуі туралы мәліметтерді қамтымайды.

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

48. Кедендік әкелу баждарын төлеумен байланысты ақпарат (өлшем бірлігі - АҚШ доллары, ұлттық валютадағы сомаларды АҚШ долларымен қайта есептеу үшін мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі ұлттық валютаның есепті айдағы АҚШ долларына қатысты орташа айлық бағамын қолданады) өтеусіз негізде орыс тілінде ұсынылады (жекелеген позициялар бойынша латын әліпбиін пайдалануға жол жіберіледі) және есепті кезеңдегі мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) кедендік әкелу баждарының есепті кезеңнің басы мен соңындағы ауыспалы қалдықтарының сомалары;

2) кедендік әкелу баждарын төлеу (өндіріп алу) туралы кедендік ресімделген құжаттарда құжатпен көрсетілген кедендік әкелу баждарының сомалары;

3) берешекті өтеу есебіне жатқызылған кедендік әкелу баждарының сомалары;

4) кедендік әкелу баждарының қайтарылған сомалары;

5) кедендік әкелу баждарын ұсынылған кейінге қалдыру және бөліп төлеу сомалары

;

5<sup>1</sup>) кедендік әкелу баждарын төлеу есебіне жатқызылған аванстық төлемдер сомалары;

5<sup>2</sup>) кедендік әкелу баждарын төлеу есебіне жатқызылған кедендік әкету баждарының, салықтардың және алымдардың, сондай-ақ өзге де төлемдердің сомалары ;

б) кедендік әкелу баждарын төлеуге байланысты басқа да мәліметтер.

**Ескерту. 48-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

49. Кедендік әкелу баждарын төлеуге байланысты ақпарат алмасудың технологиялық регламенттерін Комиссия әзірлейді және бекітеді.

Көрсетілген технологиялық регламенттерде осы Хаттаманың 48-тармағында көрсетілген ақпараттың құрамы, құрылымы мен форматы, оны алмасу тәртібі, мерзімдері мен тәсілдері айқындалады.

**Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

50. Мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары арасында электронды түрде ақпарат алмасу, сондай-ақ оны Комиссияға ұсыну осы кеден органдары мен Комиссияның техникалық әзірлігі қамтамасыз етілгеннен кейін жүзеге асырылады, бұл жөнінде олар бір-бірін жазбаша түрде хабардар етеді. Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі қолданысқа енгізілгеннен кейін мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары арасында ақпарат алмасу және оны Комиссияға ұсыну көрсетілген жүйені пайдалану арқылы электронды түрде жүзеге асырылады.

51. Кедендік әкелу баждарын төлеумен байланысты ақпарат алмасудың технологиялық регламенттерін қолдану басталған күнге дейін, мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары есепті айдан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, біріне-бірі, сондай-ақ Комиссияға Комиссия бекітетін нысан бойынша осы Хаттаманың 48-тармағында көрсетілген ақпаратты ұсынады.

**Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

52. Мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары, сондай-ақ Комиссия осы бөлімге сәйкес алынған ақпаратты құқыққа сыйымсыз таралудан қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

Мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары көрсетілген ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар тобын шектеуді, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес оның қорғалуын қамтамасыз етеді.

Комиссия осы Хаттаманың 54-тармағын іске асыру мақсатында осы бөлімге сәйкес алынған ақпаратты пайдаланады.

## **VI. Мониторинг және бақылау**

53. Мүше мемлекеттердің жоғары мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бірлескен бақылау іс-шаралары шеңберінде мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының осы Хаттаманың ережелерін сақтауын жыл сайын тексереді.

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 26.10.2020 № 369-VI Заңымен.**

54. Комиссия Үкіметаралық Кеңеске кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және бөлу туралы жыл сайынғы есепті ұсынады.

55. Комиссияның шешімі бойынша мүше мемлекеттердің уәкілетті, кедендік және өзге де мемлекеттік органдары қызметкерлерінен, мүше мемлекеттердің келіп түскен кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке алу және бөлу тәртібін сақтауларын бақылау үшін (аудит) тартылған өзге де мамандардан тұратын арнайы комитет құрылуы мүмкін.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 6 ҚОСЫМША

## **Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы**

### **ХАТТАМА**

#### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың IX бөліміне сәйкес әзірленді және Одақтың кедендік аумағында кедендік-тарифтік реттеу шараларын қолдану қағидаттары мен тәртібін айқындайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"ұқсас тауар" - өзінің функционалдық мақсаты, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары бойынша тарифтік квота шеңберінде Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауармен толықтай сәйкес келетін тауар не (мұндай толықтай ұқсас тауар болмаса) тарифтік квота шеңберінде Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауардың сипаттамаларына жақын, оны тарифтік квота шеңберінде Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауардың мақсатты тағайындалуына ұқсас функционалдық мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін сипаттамаларға ие және коммерциялық жағынан онымен алмастырылуы мүмкін тауар;

"үшінші елдердің маңызды өнім берушілері" - Одақтың кедендік аумағына тауар импортында 10 және одан көп пайыз үлесі бар тауар жеткізушілер;

"тарифтік квота көлемі" - тарифтік квота шеңберінде әкелуге бөлінген заттай немесе құндық мәндегі тауар көлемі;

"алдағы кезең" - Одақтың кедендік аумағында тауарлардың тұтынылу көлеміне және Одақтың кедендік аумағында ұқсас тауарлар өндірісінің көлеміне талдау жүргізілетін кезең;

"импорттың нақты көлемі" - шектеулері жоқ жағдайдағы импорттың көлемі;



"ауылшаруашылық тауарлары" - ЕАЭО СЭҚ ТН-ның 1 - 24-топтарында сыныпталған тауарлар, сондай-ақ маннит, D-глюцит (сорбит), эфир майлары, казеин, альбуминдер, желатин, декстриндер, түрлендірілген крахмалдар, сорбит, терілер, былғары, мамық-үлбір шикізаты, шитті жібек, жібек қалдықтары, жануарлар жүні, шитті мақта, мақта қалдықтары, түтілген мақта талшығы, шитті зығыр және аршылмаған кендір сияқты тауарлар;

"тарифтік квота" - белгілі бір кезең ішінде белгіленген көлем (заттай немесе құндық мәніндегі) шегінде және осы көлемнен артық әкелінетін тауарларға қатысты ЕАЭО БКА кедендік әкелу баждарының сараланған мөлшерлемелерін қолдануды көздейтін, үшінші елдерден шығарылатын ауылшаруашылық тауарларының жекелеген түрлерін Одақтың кедендік аумағына әкелуді реттеу шарасы.

## **II. Тарифтік жеңілдіктер**

3. Одақтың кедендік аумағына үшінші елдерден әкелінетін (әкелінген):

1) осы капиталды (қорды) қалыптастыру үшін құрылтай құжаттарында белгіленген мерзімдер шегінде шетел құрылтайшысының жарғылық (қалыптасушы) капиталдағы (қордағы) салымы ретіндегі тауарларға. Мұндай тауарларға қатысты тарифтік жеңілдіктер қолдану тәртібін Комиссия белгілейді;

2) ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық, сондай-ақ Комиссия бекітетін тізбеге сәйкес ғарыш аппараттарын ұшыру бойынша, қызметтер көрсету шеңберінде әкелінетін тауарларға;

3) мүше мемлекеттердің кемелерінің, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңды және (немесе) жеке тұлғалары жалға алған (жалдаған) кемелерінің теңіз кәсіпшілігі өнімдеріне;

4) мүше мемлекеттердің валюталарына, үшінші елдердің валюталарына (нумизматтық мақсаттар үшін пайдаланылатыннан басқа), сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес бағалы қағаздарға;

5) гуманитарлық көмек ретінде және (немесе) дүлей зілзалалардың, авариялар мен апаттардың салдарын жою мақсатында әкелінетін тауарларға;

6) үшінші елдер, халықаралық ұйымдар, үкіметтер желісі бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өтеусіз көмек (жәрдем), оның ішінде техникалық көмек (жәрдем) көрсету ретінде танылатын, акцизделетін тауарлардан басқа (медициналық мақсаттарға арнайы арналған жеңіл автокөліктерді қоспағанда) тауарларға қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату түрінде тарифтік жеңілдіктер беріледі.

4. Одақтың кедендік аумағына үшінші елдерден әкелінетін (әкелінген) тауарларға қатысты тарифтік жеңілдіктер Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарында, Комиссия шешімдерінде белгілеген өзге де жағдайларда да берілуі мүмкін.

### III. Тарифтік квоталарды қолдану шарттары мен тетігі

5. Үшінші елдерден шығарылатын және Одақтың кедендік аумағына әкелінетін ауылшаруашылық тауарларының жекелеген түрлеріне қатысты тарифтік квотаның көлемін Комиссия белгілейді және ол мұндай тауарды Одақтың кедендік аумағында тұтыну көлемі мен ұқсас тауарды Одақтың кедендік аумағында өндіру көлемі арасындағы айырмадан аспауға тиіс.

Бұл ретте, егер бір мүше мемлекет үшін ұқсас тауарды өндіру көлемі осындай тауарды тұтыну көлеміне тең немесе одан асып кететін болса, онда мұндай айырма Одақтың кедендік аумағы үшін тарифтік квотаның көлемін есептеу кезінде назарға алынбауы мүмкін.

6. Егер Одақтың кедендік аумағында ұқсас тауарды өндіру көлемі осындай тауарды Одақтың кедендік аумағында тұтыну көлеміне тең немесе одан асып кететін болса, тарифтік квотаны белгілеуге жол берілмейді.

7. Тарифтік квотаны белгілеу туралы шешім қабылдаған кезде мынадай шарттар сақталуы тиіс:

1) тарифтік квотаны (үшінші елдер арасында тарифтік квота көлемін бөлу туралы мәселенің қаралу нәтижелеріне қарамастан) белгілі бір мерзімге белгілеу;

2) барлық мүдделі үшінші елдерді оларға бөлінген тарифтік квотаның көлемі жөнінде хабардар ету (тарифтік квота көлемін үшінші елдер арасында бөлу туралы шешім қабылданған жағдайда);

3) тарифтік квотаны белгілеу, оның қолданылу мерзімі мен көлемі, оның ішінде үшінші елдерге бөлінген тарифтік квотаның көлемі (тарифтік квота көлемін үшінші елдер арасында бөлу туралы шешім қабылданған жағдайда), сондай-ақ тарифтік квота көлемі шегінде әкелінетін тауарларға қатысты қолданылатын кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері туралы ақпаратты жариялау.

8. Мүше мемлекеттің сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында тарифтік квотаның көлемін бөлу олардың тарифтік квота алуға қатысты тең құқығына және меншік нысанының, тіркеу орнының немесе нарықтағы жағдайының белгілері бойынша кемсітпеуге негізделеді.

9. Одақтың кедендік аумағы үшін тарифтік квотаның көлемін есептеу кезінде назарға алынған әрбір мүше мемлекеттегі тұтыну және өндіру көлемдері арасындағы айырма шегінде осы Хаттаманың 5 және 6-тармақтарына сәйкес мүше мемлекеттер арасында тарифтік квотаның көлемі бөлінеді.

Бұл ретте Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болып табылатын мүше мемлекет үшін тарифтік квотаның көлемі мұндай мүше мемлекеттің Дүниежүзілік сауда ұйымының алдындағы міндеттемелерін негізге ала отырып, белгіленуі мүмкін.

10. Комиссия не Комиссия шешіміне сәйкес - мүше мемлекет үшінші елдердің барлық маңызды өнім берушілерімен консультациялар нәтижелері негізінде, егер Одақ

шеңберіндегі халықаралық шарттарда, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарында немесе Жоғары кеңес шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, үшінші елдер арасында тарифтік квота көлемін бөлуді жүзеге асырады.

Үшінші елдердің барлық маңызды өнім берушілерімен консультациялар нәтижелері бойынша тарифтік квота көлемін бөлу мүмкін болмаған жағдайда, алдағы кезең ішінде осы мемлекеттерден тауарлар жеткізілу көлемі ескеріле отырып, үшінші елдер арасында тарифтік квотаның көлемін бөлу туралы шешім қабылданады.

Алдағы кезең ретінде, әдетте, импорттың нақты көлемдерін көрсететін ақпарат қолжетімді болатын кез келген алдағы 3 жыл қабылданады.

Мұндай алдағы кезеңді таңдау мүмкін болмаған жағдайда, тарифтік квота көлемі импорттың нақты көлемін неғұрлым ықтимал бөлуді бағалау негізінде бөлінеді.

11. Тауар тарифтік квотаның қолданылу кезеңі ішінде жеткізілген кезде, кез келген үшінші елге оған бөлінген тарифтік квота көлемін толық пайдалануына кедергі болатын шарттар және (немесе) формальдылықтар белгіленбейді.

12. Тауарды жеткізуге мүдделі кез келген үшінші елдің өтініші бойынша Комиссия:

1) тарифтік квотаның бөлінген көлемін қайта бөлу қажеттігі;

2) таңдап алынған алдағы кезеңді өзгерту;

3) тарифтік квотаның бөлінген көлеміне немесе оны шектеусіз пайдалануға қатысты шарттардың, формальдылықтардың немесе біржақты тәртіппен белгіленген кез келген басқа да ережелердің күшін жою қажеттігіне қатысты мәселелер бойынша консультациялар жүргізеді.

13. Тарифтік квоталар белгіленуіне байланысты, Комиссия:

1) тауарды жеткізуге мүдделі үшінші елдің өтініші бойынша сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында тарифтік квотаның көлемін, сондай-ақ лицензиялар берілген тарифтік квотаның көлемін бөлу әдісі мен тәртібіне қатысты ақпарат береді;

2) тарифтік квотаның бөлінген көлемі шеңберінде жеткізуге арналған тауардың жалпы саны немесе құны, тарифтік квотаның қолданылу мерзімінің басталатын және аяқталатын күндері туралы және олардың кез келген өзгерістері туралы ақпаратты жариялайды.

14. Тарифтік квотаның көлемін үшінші елдер арасында бөлу жағдайларынан басқа, Комиссия лицензиялардың тауарды белгілі бір үшінші елден импорттау үшін пайдаланылуын талап етуге құқылы емес.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 7 ҚОСЫМША

## **Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы ХАТТАМА**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ІХ бөліміне сәйкес әзірленді және үшінші елдерге қатысты Одақтың тарифтік емес реттеу шараларын қолдану тәртібі мен жағдайларын айқындайды.

Осы Хаттаманың күші техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық талаптарды, экспорттық бақылау және әскери-техникалық ынтымақтастық саласында шараларды қолдану мәселелеріне қатысты қатынастарға қолданылмайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"автоматты түрде лицензиялау (қадағалау)" - тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортының және (немесе) импортының серпінін мониторингілеу мақсатында белгіленетін уақытша шара;

"бас лицензия" - сыртқы сауда қызметіне қатысушыға лицензияда айқындалған санымен лицензияланатын жекелеген тауар түрінің экспортына және (немесе) импортына құқық беретін лицензия;

"тыйым салу" - тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуге және (немесе) әкетуге тыйым салатын шара;

"импорт" - тауарды кері әкету туралы міндеттемесіз үшінші елдерден Одақтың кедендік аумағына әкелу;

"айрықша лицензия" - сыртқы сауда қызметіне қатысушыға жекелеген тауар түрінің экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық беретін лицензия;

"айрықша құқық" - сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортын және (немесе) импортын жүзеге асыруға айрықша лицензияның негізінде берілетін құқық;

"сандық шектеулер" - квоталар белгілеу жолымен енгізілетін тауарлардың сыртқы саудасын сандық шектеу жөніндегі шаралар;

"лицензиялау" - лицензиялар және (немесе) рұқсаттар беру тәртібін белгілейтін әкімшілік шаралар кешені;

"лицензия" - тауарлардың экспортын және (немесе) импортын жүзеге асыру құқығына берілетін арнайы құжат;

"біржолғы лицензия" - нысанасы лицензияланатын тауар болып табылатын сыртқы сауда мәмілесі негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға берілетін және белгілі бір санымен осы тауардың экспортына және (немесе) импортына құқық беретін лицензия;

"рұқсат" - нысанасы өзіне қатысты автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) белгіленген тауар болып табылатын сыртқы сауда мәмілесі негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға берілетін арнайы құжат;

"рұқсат құжаты" - Комиссия актінде айқындалған жағдайларда сыртқы сауда қызметіне қатысушыға немесе жеке тұлғаға тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге құқық беретін құжат;

"уәкілетті орган" - лицензиялар және (немесе) рұқсаттар беру құқығы берілген мүше мемлекеттің атқарушы билік органы;

"сыртқы сауда қызметіне қатысушылар" - мүше мемлекеттердің бірінде тіркелген және осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар болып табылмайтын заңды тұлғалар мен ұйымдар, мүше мемлекеттердің бірінің аумағында тұрақты немесе артықшылықты тұрғылықты жері бар, осы мемлекеттің азаматтары болып табылатын не онда тұрақты тұру құқығына ие не осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар;

"экспорт" - кері әкелу туралы міндеттемесіз тауарды Одақтың кедендік аумағынан үшінші елдердің аумағына әкету.

## **II. Тарифтік емес реттеу шараларын енгізу және қолдану**

3. Одақ аумағында үшінші елдермен жасалатын саудада бірыңғай тарифтік емес реттеу шаралары (бұдан әрі - шаралар) қолданылады.

4. Шараларды енгізу, қолдану, ұзарту және олардың күшін жою туралы шешімдерді Комиссия қабылдайды.

Өздеріне қатысты шараларды қолдану туралы шешім қабылданған тауарлар үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесіне (бұдан әрі - бірыңғай тауарлар тізбесі) енгізіледі.

Өздеріне қатысты Комиссия арнайы қорғау шарасы ретінде тарифтік квота не импорттық немесе арнайы квота белгілеу және лицензиялар беру туралы шешім қабылдаған тауарлар да бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізіледі.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

5. Шараларды енгізу немесе олардың күшін жою туралы ұсынысты мүше мемлекет, сол сияқты Комиссия да бере алады.

6. Комиссияның шараларды енгізу, қолдану, ұзарту немесе олардың күшін жою туралы шешімі дайындалған кезде, Комиссия мұндай шешімді қабылдау экономикалық мүдделерін қозғауы мүмкін мүше мемлекеттердің сыртқы сауда қызметіне қатысушыларды Комиссияға осы мәселе бойынша ұсыныстар мен ескертулер беруге болатындығы жөнінде және консультациялар жүргізу туралы хабар береді.

7. Комиссия консультациялар жүргізудің тәсілі мен нысанын, сондай-ақ өз ұсыныстары мен ескертулерін берген мүдделі тұлғалардың назарына консультациялар жүргізудің барысы мен нәтижелері туралы ақпараттың жеткізілу тәсілі мен нысанын айқындайды.

Консультациялардың жүргізілмеуі сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру құқығын қозғайтын Комиссия шешімін жарамсыз деп тану үшін негіз бола алмайды.

8. Комиссия мынадай шарттардың кез келгені:

1) сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру құқығын қозғайтын Комиссия шешімінің жобасында көзделген шаралар туралы, ол күшіне енген күнге дейін белгілі болмауы

тиіс, осыған байланысты консультациялар жүргізу осындай шешімде көзделген мақсаттарға қол жеткізбеуге әкеп соғады немесе әкеп соғуы мүмкін;

2) консультациялар жүргізу сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру құқығын қозғайтын Комиссия шешімін қабылдауды кідіртуге алып келеді, бұл мүше мемлекеттердің мүдделеріне елеулі нұқсан келуіне әкеп соқтыруы мүмкін;

3) сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру құқығын қозғайтын Комиссия шешімінің жобасында айрықша құқық беру көзделетін шарттар орын алған кезде консультацияларды жүргізбеу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

9. Шараларды енгізу немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстарды енгізу тәртібін Комиссия айқындайды.

10. Комиссияның шараны енгізу туралы шешімі оларға орналастыру кезінде кеден органдары шаралардың сақталуын бақылайтын кедендік рәсімдерді, сондай-ақ шара енгізілетін тауарларды оларға орналастыруға жол берілмейтін кедендік рәсімдерді айқындауы мүмкін.

### **III. Тауарлар экспорты мен импортына тыйым салулар және олардың сандық шектеулері**

11. Тауарлардың экспорты мен импорты, осы Хаттаманың 12-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тыйым салулар мен сандық шектеулерді қолданбай жүзеге асырылады.

12. Айрықша жағдайларда мыналар:

1) Одақтың ішкі нарығы үшін айтарлықтай маңызды болып табылатын азық-түліктік немесе өзге де тауарлардың ішкі нарығында аса жетіспеушілікті болдырмау не азайту үшін экспортқа уақытша тыйым салулар немесе уақытша сандық шектеулер;

2) халықаралық саудада тауарларды сыныптау, сұрыптау және сату стандарттарын немесе қағидаларын қолданумен байланысты қажетті экспортқа және импортқа тыйым салулар немесе сандық шектеулер;

3) егер мыналар:

Одақ аумағынан шығарылатын ұқсас тауар өндірісін немесе сатуды шектеу;

егер Одақта ұқсас тауардың айтарлықтай өндірісі болмаса, импорттық тауармен тікелей алмастырыла алатын Одақ аумағынан шығарылатын тауар өндірісін немесе сатуды шектеу;

Одақ аумағынан шығарылатын ұқсас тауардың уақытша артық бөлігін тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе нарықтық бағадан төмен бағамен осы артық бөлігін беру арқылы нарықтан алып тастау;

егер Одақта ұқсас тауардың айтарлықтай өндірісі болмаса, импорттық тауармен тікелей алмастырылуы мүмкін Одақ аумағынан шығарылатын тауардың уақытша артық бөлігін тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе нарықтық бағадан төмен бағамен осы артық бөлігін беру арқылы нарықтан алып тастау қажет болса, кез

келген түрде оларды әкелу кезінде су биологиялық ресурстардың импортын шектеулер белгіленуі мүмкін.

13. Комиссия Одақ аумағында сандық шектеулерді енгізген кезде, экспорттық және (немесе) импорттық квоталар қолданылады.

Мыналарға:

экспорт кезінде - мүше мемлекеттердің аумағынан шығарылатын тауарларға ғана қатысты;

импорт кезінде - үшінші елдерден шығарылатын тауарларға ғана қатысты сандық шектеулер қолданылады.

Егер тек мұндай сандық шектеулер барлық үшінші елдерден келетін импортқа немесе барлық үшінші елдерге шығарылатын экспортқа қатысты қолданылмайтын болса, қандай да бір үшінші ел аумағынан тауарлардың импортына немесе қандай да бір ел аумағына арналған тауарлар экспортына қатысты сандық шектеулер қолданылмайды. Мұндай жағдай халықаралық шарттарға сәйкес мүше мемлекеттердің міндеттемелерін сақтауға кедергі жасамайды.

14. Мүше мемлекеттердің ұсыныстары негізінде Комиссия бекітетін Одақтың ішкі нарығы үшін айтарлықтай маңызды болып табылатын тауарлар тізбесіне енгізілген және оларға қатысты айрықша жағдайларда экспортқа уақытша тыйым салулар немесе сандық шектеулер енгізілуі мүмкін тауарларға ғана қатысты экспортқа тыйым салулар немесе сандық шектеулер енгізілуі мүмкін.

15. Осы Хаттаманың 12-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Одақтың ішкі нарығы үшін айтарлықтай маңызды болып табылатын ауылшаруашылық тауарларының экспортына тыйым салу немесе сандық шектеу енгізілген кезде, Комиссия:

Одақ аумағынан осындай ауылшаруашылық тауарларын импорттайтын үшінші елдердің азық-түліктік қауіпсіздігі үшін тыйым салудың немесе сандық шектеудің салдарын ескереді;

экспортқа тыйым салуды немесе сандық шектеуді қолданудың сипаты мен ұзақтығы жөнінде Дүниежүзілік сауда ұйымының Ауыл шаруашылығы комитетіне алдын ала хабарлайды;

кез келген импорттаушы елдің өтініші бойынша қаралатын шараға қатысты мәселелер бойынша консультациялар ұйымдастырады не барлық қажетті ақпаратты береді.

Осы тармақта экспортына қатысты тыйым салуды немесе сандық шектеуді енгізуді жоспарлаған мүше мемлекеттер аумағынан шығарылатын ауылшаруашылық тауарының үлесі импортында кемінде 5 пайызды құрайтын ел импорттаушы ел деп түсініледі.

16. Комиссия мүше мемлекеттер арасында экспорттық және (немесе) импорттық квоталардың көлемдерін бөледі және мүше мемлекеттердің сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында экспорттық және (немесе) импорттық квоталардың үлестерін

бөлу әдісін айқындайды, сондай-ақ қажет болған жағдайда, үшінші елдер арасында импорттық квота көлемін бөледі.

Комиссия мүше мемлекеттер арасында экспорттық және (немесе) импорттық квоталардың көлемдерін бөлуді мүше Мемлекеттердің ұсыныстарын ескере отырып, сандық шектеулерді енгізу арқылы шешу болжанатын міндеттерге байланысты және мүше мемлекеттердің әрқайсысындағы тауарлар өндірісінің және (немесе) оларды тұтыну көлемдерін негізге ала отырып жүзеге асырады.

17. Комиссия экспорттық және (немесе) импорттық квоталарды қолдану туралы шешім қабылдаған кезде:

1) экспорттық және (немесе) импорттық квоталарды (олар үшінші елдер арасында бөлінетіне қарамастан) белгілі бір мерзімге белгілейді;

2) оларға бөлінген импорттық квота көлемі туралы (егер импорттық квота үшінші елдер арасында бөлінетін болса) барлық мүдделі үшінші елдерге хабарлайды;

3) экспорттық және (немесе) импорттық квоталарды қолдану, олардың көлемдері және қолданылу мерзімдері туралы, сондай-ақ үшінші елдер арасында импорттық квотаны бөлу туралы ақпаратты жариялайды.

18. Үшінші елдер арасында импорттық квоталарды бөлуді, әдетте, үшінші елдердің барлық маңызды өнім берушілерімен консультациялардың нәтижелері бойынша Комиссия жүзеге асырады.

Бұл ретте Одақ аумағында осы тауар импортында 5 және одан көп пайыз мөлшерде үлесі бар өнім берушілер үшінші елдерден маңызды өнім берушілер деп түсініледі.

19. Егер импорттық квоталарды бөлу үшінші елдерден барлық маңызды өнім берушілермен консультациялардың нәтижелері негізінде жүзеге асырылмайтын жағдайда, Комиссияның үшінші елдер арасында квоталарды бөлу туралы шешімі алдыңғы кезең ішінде осы елдерден тауар жеткізу көлемі ескеріле отырып қабылданады.

20. Тиісті тауарды жеткізу импорттық квотаның қолданылу кезеңінде жүргізілетін жағдайда, Комиссия кез келген үшінші елге оған бөлінген импорттық квотаны толық пайдалануға кедергі келтіруі мүмкін ешқандай шарттарды немесе формальдылықтарды белгілемейді.

21. Оған қатысты экспорттық және (немесе) импорттық квота енгізілетін тауарды жеткізу көлемін айқындау үшін алдыңғы кезеңді таңдауды Комиссия жүзеге асырады. Бұл ретте, әдетте, оларға қатысты экспорттық және (немесе) импорттық нақты көлемдерін көрсететін ақпарат қолжетімді болатын алдыңғы кез келген 3 жыл осындай кезең деп қабылданады. Алдыңғы кезеңді таңдау мүмкіндігі болмаған жағдайда, экспорттық және (немесе) импорттық квоталар экспорттық және (немесе) импорттық нақты көлемдерінің неғұрлым ықтимал бөлінуін бағалау негізінде бөлінеді.



Осы тармақта экспорттың және (немесе) импорттың нақты көлемдері деп оларға шектеулер болмаған жағдайда, экспорттың және (немесе) импорттың көлемдері түсініледі.

22. Тауарды жеткізуге мүдделі кез келген үшінші елдің өтініші бойынша Комиссия осы елмен:

1) белгіленген импорттық квотаны қайта бөлу қажеттігіне;

2) тандап алынған алдағы кезеңді өзгертуге;

3) импорттық квотаны бөлуге немесе оны шектеусіз пайдалануға қатысты шарттардың, формальдылықтардың немесе біржақты тәртіппен белгіленген кез келген басқа да ережелердің күшін жою қажеттігіне қатысты консультациялар жүргізеді.

23. Сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында экспорттық және (немесе) импорттық квоталар үлестерін бөлуді Комиссия айқындайтын әдіс негізінде мүше мемлекеттер жүзеге асырады және ол экспорттық және (немесе) импорттық квоталар үлестерін алуға қатысты сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тең құқылы болуына және меншік нысанының, тіркелген жерінің немесе нарықтағы жағдайының белгілері бойынша кемсітпеушілікке негізделеді.

24. Импорттық квотаны үшінші елдер арасында бөлу жағдайларынан басқа, лицензияларды тиісті тауарды қандай да белгілі бір елге және (немесе) қандай да белгілі бір елден экспорттау және (немесе) импорттау үшін пайдалану талабын қоюға жол берілмейді.

25. Экспорттық және (немесе) импорттық квоталардың қолданылуына байланысты, Комиссия:

1) тауардың жекелеген түрінің саудасына мүдделі үшінші елдің талабы бойынша экспорттық және (немесе) импорттық квоталарды бөлу тәртібіне, оларды сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлу тетігіне және лицензиялар берілген квоталар көлемдеріне қатысты ақпарат береді;

2) экспорты және (немесе) импорты болашақта белгілі бір уақыт ішінде рұқсат етілетін тауардың жалпы саны немесе құны туралы, сондай-ақ экспорттық және (немесе) импорттық квоталарды қолданудың басталатын және аяқталатын күндері мен олардың кез келген өзгерістері туралы ақпаратты жариялайды.

#### **IV. Айрықша құқық**

26. Сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру айрықша құқық беру жолымен шектелуі мүмкін.

27. Экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық берілетін тауарларды, сондай-ақ мүше мемлекеттердің осындай айрықша құқық берілетін сыртқы сауда қызметіне қатысушыларды айқындау тәртібін Комиссия айқындайды.

Комиссия шешімі негізінде мүше мемлекеттер айрықша құқық берген сыртқы сауда қызметіне қатысушылар тізбесі Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында жариялануға жатады.

28. Айрықша құқық беру арқылы сыртқы сауда қызметін жүзеге асыруға шектеу енгізу туралы шешімді мүше мемлекеттің ұсынысы бойынша Комиссия қабылдайды.

Айрықша құқық енгізу қажеттігінің негіздемесінде қаржылық-экономикалық есептеулер және осы шараның қолданылу орындылығын растайтын өзге де қажетті ақпарат қамтылуға тиіс.

29. Комиссия актісі негізінде мүше мемлекеттер айрықша құқық берген сыртқы сауда қызметіне қатысушылар кемсітпеушілік қағидатын негізге ала отырып және сатып алу немесе сату шарттарын қоса алғанда, коммерциялық түсініктерді ғана басшылыққа ала отырып, тиісті тауарлардың экспорты және (немесе) импорты бойынша мәмілелер жасасады және үшінші елдердің ұйымдарына осындай сатып алуларға немесе сатуларға қатысуға қатысты бәсекелесуге (кәдімгі іскерлік практикаға сәйкес) барабар мүмкіндік береді.

30. Оларға қатысты сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға айрықша құқық берілетін тауарлардың экспорты және (немесе) импорты уәкілетті орган беретін айрықша лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

## **V. Автоматты түрде лицензиялау (қадағалау)**

31. Комиссия тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты және (немесе) импорты серпінін мониторингілеу мақсатында автоматты түрде лицензиялауды (қадағалауды) енгізуге құқылы.

32. Автоматты түрде лицензиялауды (қадағалауды) енгізу мүше мемлекеттің, сол сияқты Комиссияның бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

Автоматты түрде лицензиялауды (қадағалауды) енгізу қажеттігінің негіздемесінде тауарлардың жекелеген түрлері экспортының және (немесе) импортының сандық көрсеткіштерін және олардың өзгерістерін өзге де тәсілдермен қадағалап отырудың мүмкін еместігі туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

33. Оларға қатысты автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) енгізілетін тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін, сондай-ақ осындай автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) мерзімдерін Комиссия белгілейді.

Оларға қатысты автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) енгізілген тауарлар бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізіледі.

34. Оларға қатысты автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) енгізілген тауарлардың экспорты және (немесе) импорты уәкілетті орган берген рұқсаттар болған кезде, Комиссия айқындайтын тәріппен жүзеге асырылады.

Рұқсат беру (ресімдеу) тәртібін, оның электрондық құжат нысанындағы құрылымы мен форматын Комиссия бекітеді, ал олар бекітілгенге дейін мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалады.

Бір мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген рұқсаттарды барлық басқа мүше мемлекеттер таниды.

**Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

35. Бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлардың экспортына және (немесе) импортына рұқсаттар беру осы Хаттаманың 48-тармағында көзделген ережелерге сай жүзеге асырылады.

**Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

## **VI. Рұқсат беру тәртібі**

36. Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат беру тәртібі лицензиялауды енгізу немесе сыртқы сауда қызметін реттеудің өзге де әкімшілік шараларын қолдану арқылы іске асырылады.

37. Рұқсат беру тәртібін енгізу, қолдану және оның күшін жою туралы шешімді Комиссия қабылдайды.

## **VII. Жалпы айрықшалықтар**

38. Тауарлардың жекелеген түрлерін әкелу және (немесе) әкету кезінде шаралар, оның ішінде осы Хаттаманың III және IV бөлімдерінде көрсетілгендерден ерекшеленетін негіздер бойынша, егер бұл шаралар:

- 1) қоғамдық моральды немесе құқықтық тәртіпті сақтау үшін қажет;
- 2) адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау үшін қажет;
- 3) алтын немесе күміс экспортына және (немесе) импортына қатысты;
- 4) мәдени құндылықтар мен мәдени мұраны қорғау үшін қолданылатын;
- 5) орны толмайтын табиғи ресурстардың таусылуын болғызбау үшін қажет және орны толмайтын табиғи ресурстарды пайдаланумен байланысты ішкі өндірісті немесе тұтынуды шектеумен бір мезгілде жүргізілетін;
- 6) үкімет жүзеге асыратын тұрақтандыру жоспарының нәтижесінде әлемдік бағаға қарағанда, неғұрлым төмен деңгейде осындай тауарлардың ішкі бағасы тұрақталатын кезеңдер ішінде ішкі өңдеу өнеркәсібі мұндай тауарларының жеткілікті санымен қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттердің аумақтарынан шығарылатын тауарлар экспортын шектеумен байланысты;
- 7) тауарлардың жалпы немесе жергілікті тапшылығы жағдайында, оларды сатып алу немесе бөлу үшін қажет;
- 8) халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет;

9) қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет;

10) кедендік заңнаманы қолдануға, қоршаған ортаны қорғауға, зияткерлік меншікті қорғауға қатысты халықаралық міндеттемелерге қайшы келмейтін құқықтық актілердің және өзге де құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайларда енгізілуі мүмкін.

39. Осы Хаттаманың 38-тармағында көрсетілген шаралар Комиссия шешімі негізінде енгізіледі және үшінші елдердің еркін немесе негізделмеген кемсітушілік, сондай-ақ тауарлармен сыртқы сауданың жасырын шектеу құралы бола алмайды.

40. Осы Хаттаманың 38-тармағында көзделген негіздер бойынша тауардың жекелеген түріне қатысты шараларды енгізу не олардың күшін жою мақсаттары үшін мүше мемлекет тауардың атауы, оның ЕАЭО СЭҚ ТН коды, ұсынылатын шаралар сипаттамасы және олардың болжамды қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді, сондай-ақ шараларды енгізу немесе олардың күшін жою қажеттігінің негіздемесін қамтитын құжаттарды Комиссияға ұсынады.

41. Егер Комиссия мүше мемлекеттің осы Хаттаманың 38-тармағында көзделген негіздер бойынша шараларды енгізу туралы ұсынысын қабылдамаған жағдайда, олардың енгізілуіне бастамашы болған мүше мемлекет осы Хаттаманың Х бөліміне сәйкес біржақты тәртіппен осындай шараларды енгізе алады.

## **VIII. Сыртқы қаржылық жағдайды қорғау және төлемдік теңгерім тепе-теңдігін қамтамасыз ету**

42. Тауарлардың жекелеген түрлерінің импорты кезінде шаралар, оның ішінде осы Хаттаманың III және IV бөлімдерінде көрсетілгендерден ерекшеленетін негіздер бойынша, егер бұл сыртқы қаржылық жағдайды қорғау және төлемдік теңгерім тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда, енгізілуі мүмкін.

Мұндай шаралар, егер төлем теңгерімінің күрделі жай-күйіне байланысты ғана өзге шаралар сыртқы есеп айырысулар жағдайының күрт нашарлауын тоқтата алмаса, енгізілуі мүмкін.

43. Егер импортталатын тауарларды жеткізгені үшін төлемдер осы Хаттаманың 44-тармағында айтылған мүше мемлекеттердің валюталық резервтері қалыптасатын валюталармен жүргізілсе ғана шаралар, оның ішінде осы Хаттаманың III және IV бөлімдерінде көрсетілгендерден ерекшеленетін негіздер бойынша енгізілетін шаралар қолданылуы мүмкін.

44. Импортқа қатысты шектеулер мүше мемлекеттердің валюталық резервтерінің сөзсіз айтарлықтай қысқару қауіпін болдырмау үшін немесе мүше мемлекеттердің валюталық резервтерінің орынды өсу қарқынын қалпына келтіру үшін қажет болатын маңызынан да неғұрлым маңызды болмауға тиіс.

45. Комиссия мүше мемлекеттің осы Хаттаманың 42-тармағында көрсетілген шараларды енгізу туралы ұсынысын қарайды.

46. Егер Комиссия мүше мемлекеттің шараларды енгізу туралы ұсынысын қабылдамаған жағдайда, онда мүше мемлекет осы Хаттаманың 42-тармағында көрсетілген шараларды енгізу туралы шешімді осы Хаттаманың X бөліміне сәйкес біржақты тәртіппен қабылдай алады.

#### **IX. Тауарлардың сыртқы саудасы саласындағы лицензиялау**

47. Лицензиялау Комиссия белгілеген жағдайларда, тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты және (немесе) импорты кезінде, егер осы тауарларға қатысты:

сандық шектеулер;

айрықша құқық;

рұқсат беру тәртібі;

тарифтік квота;

арнайы қорғау шарасы ретінде импорттық немесе арнайы квота енгізілсе, қолданылады.

Лицензиялау уәкілетті органның сыртқы сауда қызметіне қатысушыға тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензия беруі арқылы іске асырылады.

Бір мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген лицензияларды барлық басқа мүше мемлекеттер мойындайды.

**Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

48. Тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар мен рұқсаттар беру қағидаларын Комиссия бекітеді.

Лицензия беру (ресімдеу) тәртібін, оның электрондық құжат нысанындағы құрылымы мен форматын Комиссия бекітеді, ал олар бекітілгенге дейін мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

49. Уәкілетті органдар лицензиялардың мынадай түрлерін береді:

біржолғы лицензия;

бас лицензия;

айрықша лицензия.

Бас және айрықша лицензиялар беру Комиссия айқындайтын жағдайларда жүзеге асырылады.

#### **X. Шараларды біржақты тәртіппен қолдану**

50. Осы Қосымшаның VII және VIII бөлімдерінде көзделген негіздер бойынша айрықша жағдайларда, мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада біржақты тәртіппен уақытша шараларды, оның ішінде осы Хаттаманың III және IV бөлімдерінде көрсетілгендерден ерекшеленетін негіздер бойынша енгізуі мүмкін.

51. Уақытша шараны енгізетін мүше мемлекет алдын ала, бірақ ол енгізілген күнге дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей, Комиссияға бұл туралы хабарлайды және Одақтың кедендік аумағына осындай шара енгізу туралы ұсыныс енгізеді.

52. Комиссия мүше мемлекеттің уақытша шара енгізу туралы ұсынысын қарайды және мүше мемлекеттің ұсынысын қарау қорытындылары бойынша Одақтың кедендік аумағында осындай шара енгізу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

53. Бұл жағдайда осындай шараның қолданылу мерзімін Комиссия белгілейді.

54. Егер Одақтың кедендік аумағына уақытша шара енгізу туралы шешім қабылданбаған жағдайда, Комиссия уақытша шараны енгізген мүше мемлекетке және мүше мемлекеттердің кеден органдарына уақытша шара оның енгізілген күнінен бастап 6 айдан аспайтын мерзімге қолданылатынын хабарлайды.

55. Мүше мемлекеттен уақытша шара енгізу туралы алынған хабарламаның негізінде Комиссия мүше мемлекеттердің кеден органдарына бір мүше мемлекеттің уақытша шараны енгізгені туралы:

1) мүше мемлекеттің оған сәйкес уақытша шара енгізілетін нормативтік құқықтық актісінің атауын;

2) тауардың және ЕАЭО СЭҚ ТН кодының атауын;

3) уақытша шара енгізілген күнді және оның қолданылу мерзімін көрсете отырып дереу хабарлайды.

56. Осы Хаттаманың 55-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін мүше мемлекеттердің кеден органдары мыналарға:

тауарлары туралы мәліметтер осы ақпаратта қамтылған, уақытша шараны қолданған мүше мемлекеттің аумағынан шығарылатын тиісті тауарларды осы мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген лицензиясыз әкетуге;

тауарлары туралы мәліметтер осы ақпаратта қамтылған, уақытша шараны қолданған мүше мемлекетке арналған тиісті тауарларды осы мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген лицензиясыз әкелуге жол бермейді. Бұл ретте уақытша шараны қолданбайтын мүше мемлекеттер уақытша шараны қолданған мүше мемлекеттің аумағына тиісті тауарлардың әкелінуіне жол бермеуге бағытталған қажетті күш-жігерін жұмсайды.

Үшінші елдерге қатысты тарифтік  
емес реттеу шаралары туралы  
хаттамаға қосымша

**Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар және рұқсаттар беру қағидалары**

**Ескерту. Қосымшаның күші жойылды – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 8 ҚОСЫМША

**Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы ХАТТАМА**

**Ескерту. Мәтін бойынша "төлеушіге" деген сөз алып тасталды – ҚР 14.06.2021 № 50 -VII Заңымен.**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 48 және 49-баптарына сәйкес әзірленген және Одақтағы тауар өндірушілердің экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларының қолданылуын айқындайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"ұқсас тауар" - тергеп-тексеру (қайта тергеп-тексеру) объектісі болып табылатын немесе болуы мүмкін тауарға толықтай сәйкес келетін тауар не мұндай тауар болмаған жағдайда - тергеп-тексеру (қайта тергеп-тексеру) объектісі болып табылатын немесе болуы мүмкін тауардың сипаттамасына жақын сипаттамалары бар басқа тауар;

"демпингке қарсы шара" - демпингке қарсы баж, оның ішінде алдын ала демпингке қарсы баж енгізу немесе экспорттаушы қабылдаған ерікті баға міндеттемелерін мақұлдау арқылы қолданылатын демпингтік импортқа қарсы іс-қимыл бойынша шара;

"демпингке қарсы баж" - демпингке қарсы шараны енгізу кезінде қолданылатын және мүше мемлекеттердің кеден органдары кедендік әкелу бажына қарамастан алатын баж;

"демпингтік маржа" - тауардың экспорттық бағасын шегерумен, осы тауардың қалыпты құнының оның экспорттық бағасына пайызбен көрсетілген қатынасы не тауардың қалыпты құны мен оның экспорттық бағасының арасындағы абсолюттік көрсеткіштермен көрсетілген айырмасы;

"импорттық квота" - Одақтың кедендік аумағына одан жоғары тауар жеткізілмейтін Одақтың кедендік аумағына тауар импортының көлемі (заттай және (немесе) құндық мәнінде);

"өтемақы шарасы" - өтемақы бажын (оның ішінде алдын ала өтемақы бажын) енгізу не субсидиялаушы үшінші елдің уәкілетті органы немесе экспорттаушы қабылдаған ерікті міндеттемелерді мақұлдау арқылы қолданылатын, мүше мемлекеттердің экономика саласына экспорттаушы үшінші елдің өзіндік ерекшелікті субсидия әсерін бейтараптандыру жөніндегі шара;

"өтемақы бажы" - өтемақы шарасын енгізу кезінде қолданылатын және мүше мемлекеттердің кеден органдары кедендік әкелу бажына қарамастан алатын баж;

"мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал" - атап айтқанда, мүше мемлекеттерде ұқсас тауар өндірісі көлемінің және мүше мемлекеттер нарығында

оны өткізу көлемінің қысқаруымен, мұндай тауар өндірісі рентабельділігінің төмендеуімен, сондай-ақ мүше мемлекеттер экономикасының осы саласындағы тауар қорларына, жұмыспен қамтуға, жалақының деңгейіне және мүше мемлекеттер экономикасының осы саласына инвестициялардың деңгейіне теріс әсер етуден көрінуі мүмкін, мүше мемлекеттер экономикасы саласы ахуалының дәлелдемелермен расталған нашарлауы;

"тікелей бәсекелес тауар" - өзінің мақсаты, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары бойынша, сондай-ақ тергеп-тексеру (қайта тергеп-тексеру) объектісі болып табылатын немесе болуы мүмкін тауарды тұтыну процесінде сатып алушы оны ауыстыратындай немесе ауыстыруға дайын болатындай басқа да негізгі қасиеттері бойынша тергеп-тексеру (қайта тергеп-тексеру) объектісі болып табылатын немесе болуы мүмкін тауарға сай келетін тауар;

"сауданың әдеттегі барысы" - өндірістің орташа өлшемді шығасыларына және орташа өлшемді сауда, әкімшілік және жалпы шығасыларға негізделе отырып айқындалатын ұқсас тауардың орташа өлшемді өзіндік құнынан төмен емес баға бойынша экспорттаушы үшінші елдің нарығында оны сатып алу-сату;

"алдын ала демпингке қарсы баж" - оған қатысты тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында демпингтік импорттың болуы және осыған байланысты мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалы, оның келтіретін қауіпі немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі туралы алдын ала қорытынды жасаған тауардың Одақтың кедендік аумағына импорты кезінде қолданылатын баж;

"алдын ала өтемақы бажы" - оған қатысты тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында субсидияланатын импорттың болуы және осыған байланысты мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалы, оның келтіретін қауіпі немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі туралы алдын ала қорытынды жасаған тауардың Одақтың кедендік аумағына импорты кезінде қолданылатын баж;

"алдын ала арнайы баж" - оған қатысты тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залал келтірген немесе келтіру қауіпін төндірген үдемелі импорттың болуы туралы алдын ала қорытынды жасаған тауардың Одақтың кедендік аумағына импорты кезінде қолданылатын баж;

"алдыңғы кезең" - қажетті статистикалық деректері бар тергеп-тексеру жүргізу туралы өтініш берілген күннің тікелей алдындағы күнтізбелік 3 жыл;

"байланысты тұлғалар" - төменде келтірілген бір немесе бірнеше критерийлерге сай келетін тұлғалар:

осы тұлғалардың әрқайсысы басқа тұлғаның қатысуымен құрылған ұйымның қызметкері немесе басшысы болып табылады;



тұлғалар іскер әріптестер болып табылады, яғни шарттық қатынастармен байланысты болады, пайда алу мақсатында әрекет етеді және бірлескен қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстар мен залалдарды бірлесіп көтереді;

тұлғалар бір ұйымның жұмыс берушілері және жұмыскерлері болып табылады; қандай да бір тұлға дауыс беретін акциялардың 5 және одан да көп пайызын немесе екі тұлғаның үлестерін тікелей немесе жанама түрде иеленеді, бақылайды немесе олардың номиналды ұстаушысы болып табылады;

тұлғалардың біреуі екінші тұлғаны тікелей немесе жанама түрде бақылайды; екі тұлғаны да үшінші тұлға тікелей немесе жанама түрде бақылайды; екі тұлға бірлесіп үшінші тұлғаны тікелей немесе жанама түрде бақылайды;

тұлғалар неке қатынастарында, туыстық немесе бала асыраушы немесе асырап алынған, сондай-ақ қамқоршы және қамқорлықтағы қатынастарда болады.

Бұл ретте мынадай іс-қимылдардың біреуін немесе бірнешеуін жасау:

оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыру;

заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын айқындау құқығын алу;

заңды тұлғаның жарғылық (қалыптасу) капиталын (қорын) құрайтын акцияларға (үлестерге) тиесілі дауыстардың жалпы санының 5 пайызынан астамына билік ету арқылы заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді заңды немесе жеке тұлғаның айқындау мүмкіндігі тікелей бақылау деп түсініледі.

Жеке немесе заңды тұлға арқылы не арасында тікелей бақылау бар бірнеше заңды тұлғалар арқылы заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді заңды немесе жеке тұлғаның айқындау мүмкіндігі жанама бақылау деп түсініледі;

"мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залал" - мүше мемлекеттер экономика саласының өндірістік, сауда және қаржы жағдайының айтарлықтай нашарлауынан көрінетін және әдетте, алдыңғы кезең ішінде айқындалатын мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелесуші тауар өндірісімен байланысты ахуалдың дәлелдемелермен расталған жалпы нашарлауы;

"арнайы қорғау шарасы" - импорттық квотаны, арнайы квотаны немесе арнайы бажды, оның ішінде алдын ала арнайы бажды енгізу арқылы Комиссияның шешімі бойынша қолданылатын Одақтың кедендік аумағына үдемелі импортты шектеу жөніндегі шара;

"арнайы квота" - оның шеңберінде Одақтың кедендік аумағына тауар арнайы бажды төлеусіз, ал осы көлемнен артық арнайы баж төлемімен жеткізілетін Одақтың кедендік аумағына тауар импортының көлемі (заттай және (немесе) құндық мәнінде);

"арнайы баж" - арнайы қорғау шарасын енгізген кезде қолданылатын және мүше мемлекеттердің кеден органдары кедендік әкелу бажына қарамастан алатын баж;

"субсидияланатын импорт" - өндірілуі, экспортталуы немесе тасымалдануы кезінде экспорттаушы үшінші елдің өзіндік ерекшелікті субсидиясы пайдаланылған тауардың Одақтың кедендік аумағына импорты;

"үшінші елдер" - Шарт қатысушылары болып табылмайтын елдер және (немесе) елдердің бірлестіктері, сондай-ақ Комиссия бекітетін әлем елдерінің сыныптауышына енгізілген аумақтар;

"субсидиялаушы орган" - экспорттаушы үшінші елдің мемлекеттік органы не жергілікті өзін-өзі басқару органы не тиісті мемлекеттік органның не жергілікті өзін-өзі басқару органының тапсырмасы бойынша әрекет ететін немесе құқықтық актіге сәйкес немесе нақты мән-жайларға орай тиісті мемлекеттік орган не жергілікті өзін-өзі басқару органы уәкілеттік берген тұлға;

"мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіру қаупі" - мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтірудің дәлелдемелермен расталған шарасыздығы;

"мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залал келтіру қаупі" - мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залал келтірудің дәлелдемелермен расталған шарасыздығы;

"экспорттық баға" - Одақтың кедендік аумағына тауардың импорты кезінде төленген немесе төленуге тиіс баға.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; 14.06.2021 № 50-VII; 30.01.2024 № 56-VIII Заңдарымен.**

## **II. Тергеп-тексеру**

### **1. Тергеп-тексеру жүргізу мақсаттары**

3. Тауардың импорты кезінде арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын енгізу алдында:

Одақтың кедендік аумағына өскен импорттың және осыған байланысты мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залалдың немесе оны келтіру қаупінің болуын;

Одақтың кедендік аумағына демпингтік немесе субсидияланатын импорттың болуын және осыған байланысты мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалдың немесе оны келтіру немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі қаупінің болуын анықтау мақсатында тергеп-тексеру жүргізіледі.

### **2. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган**

4. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган өзіне халықаралық шарттарда және Одақтың құқығын құрайтын актілерде берілетін өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.

5. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру нәтижелері бойынша Комиссияға арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану мерзімін қолданудың немесе ұзартудың не арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе

өтемақы шарасын қайта қараудың немесе күшін жоюдың орындылығы туралы ұсынысы бар, Комиссияның тиісті шешімінің жобасы қоса берілген баяндаманы ұсынады.

6. Арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қайта қарау қайта тергеп-тексерудің қорытындылары бойынша оны өзгертуді, күшін жоюды немесе ырықтандыруды көздейді.

7. Осы Хаттаманың 15 - 22, 78 - 89, 143 - 153-тармақтарында көзделген жағдайларда , тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру аяқталғанға дейін Комиссияға алдын ала арнайы, алдын ала демпингке қарсы немесе алдын ала өтемақы бажын енгізу мен қолданудың орындылығы туралы ұсынысы бар, Комиссияның тиісті шешімінің жобасы қоса берілген баяндаманы ұсынады.

8. Тергеп-тексерулер жүргізетін органға дәлелдемелер мен мәліметтер ұсыну, сондай-ақ тергеп-тексерулер жүргізетін органмен хат алмасу орыс тілінде жүзеге асырылады, ал шетел тілінде жасалған құжаттардың түпнұсқалары орыс тіліндегі аудармасымен (осындай аудармасы куәландырылып) қоса берілуге тиіс.

### **III. Арнайы қорғау шаралары**

#### **1. Арнайы қорғау шарасын қолданудың жалпы қағидаттары**

9. Арнайы қорғау шарасы тауардың шығарылатын еліне қарамастан:

1) әрқайсысының үлесіне Одақтың кедендік аумағына осы тауар импортының жалпы көлемінің көп дегенде 3 пайызынан келетін дамушы немесе аз дамыған үшінші елдерден шығарылатын осы тауар импортының жиынтық үлесі Одақтың кедендік аумағына осы тауар импортының жалпы көлемінің 9 пайызынан аспайтын жағдайда, дамушы немесе аз дамыған елден шығарылатын осы тауар импортының үлесі Одақтың кедендік аумағына осы тауар импортының жалпы көлемінің 3 пайызынан аспайынша, Одақтың тарифтік преференциялар жүйесін пайдаланатын, дамушы немесе аз дамыған үшінші елден шығарылатын тауарды;

2) 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың Тарапы болып табылатын, осы Шарттың 8-бабында белгіленген талаптарды орындаған кезде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттен шығатын тауарды қоспағанда, экспорттаушы үшінші елден Одақтың кедендік аумағына импортталатын тауарға қатысты қолданылады.

10. Комиссия дамушы немесе аз дамыған үшінші елден шығарылатын және осы Хаттаманың 9-тармағына сәйкес арнайы қорғау шараларының қолданылуынан алынып тасталған тауарға, егер осы Хаттаманың 31, 33 немесе 34-тармақтарына сәйкес тергеп-тексерулер жүргізетін орган жүргізген қайта тергеп-тексеру нәтижесінде, осындай дамушы немесе аз дамыған үшінші елден тауар импортының үлесі осы Хаттаманың 9-тармағында белгіленген көрсеткіштерден асып түсетіні анықталған болса, арнайы қорғау шарасын тарату туралы шешім қабылдайды.

11. Комиссия осы Хаттаманың 9-тармағына сәйкес арнайы қорғау шарасының қолданылуынан алынып тасталған, 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың тарапы болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттен шығарылатын тауарға, егер осы Хаттаманың 31, 33 немесе 34-тармақтарына сәйкес тергеп-тексерулер жүргізетін орган жүргізген қайта тергеп-тексеру нәтижесінде, осы Шарттың 8-тармағында белгіленген талаптарды одан әрі орындамайтыны анықталған болса, арнайы қорғау шарасын тарату туралы шешім қабылдайды.

## **2. Өскен импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залалды немесе осындай залал келу қаупін анықтау**

12. Одақтың кедендік аумағына өскен импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залалды немесе осындай залалдың келу қаупін анықтау мақсатында тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында сандық көрсеткіштерде көрсетілуі мүмкін және мүше мемлекеттер экономика саласының экономикалық жағдайына, оның ішінде:

1) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар импортының мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды өндірудің немесе тұтынудың жалпы көлеміне қатысты абсолюттік көрсеткіштердегі және салыстырмалы көрсеткіштердегі өсу қарқыны мен көлеміне;

2) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар импортының мүше мемлекеттер нарығындағы осы тауардың және ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың жалпы сатылу көлеміндегі үлесіне;

3) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын импорттық тауарға мүше мемлекеттерде өндірілетін ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар бағалары деңгейімен салыстырғандағы бағалар деңгейіне;

4) мүше мемлекеттерде өндірілетін ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды мүше мемлекеттер нарығында сату көлемінің өзгеруіне;

5) мүше мемлекеттердің экономика саласындағы ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар өндірісі көлемінің, өнімділігінің, өндірістік қуаттар жүктемесінің, пайда мен зиян мөлшерлерінің, сондай-ақ жұмыспен қамту деңгейінің өзгертуіне әсер ететін объективті факторларды бағалайды.

13. Өскен импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залал немесе оны келтіру қаупі іске қатысты және тергеп-тексерулер жүргізетін органның иелігінде бар барлық дәлелдемелер мен мәліметтерді талдау нәтижелерінің негізінде анықталуға тиіс.

14. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган үдемелі импорттан басқа, сол кезеңде мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залал келтіретін немесе оны келтіру қаупі туындайтын басқа белгілі факторларды талдайды. Аталған залал мүше мемлекеттердің

экономика саласына келтірілетін елеулі залалға немесе Одақтың кедендік аумағына үдемелі импорт салдарынан оған келтіретін қаупіне жатқызылмауға тиіс.

### **3. Алдын ала арнайы бажды енгізу**

15. Арнайы қорғау шарасын қолдануды кешіктіру мүше мемлекеттердің экономика саласына кейіннен жойылуы қиын болатын залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін күрделі жағдайларда, Комиссия тиісті тергеп-тексеру аяқталғанға дейін, тергеп-тексеруді жүргізетін органның алдын ала қорытындысының негізінде оған сәйкес тексеру объектісі болып табылатын тауардың үдемелі импорты мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залал келтіргенінің немесе келтіру қаупін төндіргенінің айқын дәлелдемелері болғанда күнтізбелік 200 күннен аспайтын мерзімге алдын ала арнайы баж енгізу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Тергеп-тексеруді жүргізетін органның түпкілікті қорытындысын алу мақсатында тергеп-тексеру жалғасуға тиіс.

16. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган экспорттаушы үшінші елдің уәкілетті органын, сондай-ақ басқа да оған белгілі мүдделі тұлғаларды алдын ала арнайы бажды енгізу мүмкіндігі туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

17. Экспорттаушы үшінші елдің уәкілетті органының алдын ала арнайы бажды енгізу мәселесі бойынша консультациялар өткізу туралы сұрау салуы бойынша мұндай консультациялар Комиссия алдын ала арнайы бажды енгізу туралы шешімді қабылдағаннан кейін басталуға тиіс.

18. Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша арнайы қорғау шарасын енгізу үшін негіздер жоқ екені анықталған не осы Хаттаманың 272-тармағына сәйкес арнайы қорғау шарасын қолданбау туралы шешім қабылданған жағдайда, алдын ала арнайы баж сомалары осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес тәртіппен қайтаруға жатады.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттердің кеден органдарын арнайы қорғау шарасын енгізу үшін негіздер жоқ екені туралы не Комиссияның арнайы қорғау шарасын қолданбау туралы шешім қабылдағаны туралы уақтылы хабардар етеді.

19. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша арнайы қорғау шарасын (оның ішінде импорттық немесе арнайы квотаны енгізу арқылы) қолдану туралы шешім қабылданса, алдын ала арнайы баждың қолданылу мерзімі арнайы қорғау шарасы қолданылуының жалпы мерзіміне есептеледі, ал тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қабылданған арнайы қорғау шарасын қолдану туралы шешім күшіне енген күннен бастап алдын ала арнайы баж сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен осы Хаттаманың 20 және 21-тармақтарының ережелерін есепке ала отырып, есепке жатқызуға және бөлуге жатады.

20. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша алдын ала арнайы баж мөлшерлемесіне қарағанда арнайы баждың барынша төмен мөлшерлемесін енгізу

орынды деп танылса, арнайы баждың белгіленген мөлшерлемесі бойынша есептелген арнайы баж сомасына сәйкес келетін алдын ала арнайы баж сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есепке жатқызуға және бөлуге жатады.

Арнайы баждың белгіленген мөлшерлемесі бойынша есептелген арнайы баж сомасынан асатын алдын ала арнайы баж сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтаруға жатады.

21. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша алдын ала арнайы баж мөлшерлемесіне қарағанда арнайы баждың барынша жоғары мөлшерлемесін енгізу орынды деп танылса, арнайы баж бен алдын ала арнайы баж сомалары арасындағы айырма алынбайды.

22. Алдын ала арнайы бажды енгізу туралы шешім, әдетте, тергеп-тексеру басталған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей қабылданады.

#### **4. Арнайы қорғау шарасын қолдану**

23. Арнайы қорғау шарасы Комиссияның шешімі бойынша мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залалды немесе оны келтіру қаупін болғызбау немесе жою үшін, сондай-ақ өзгермелі экономикалық жағдайларға мүше мемлекеттердің экономика саласын бейімдеу процесін жеңілдету үшін қажетті мөлшерде және мерзім ішінде қолданылады.

24. Егер арнайы қорғау шарасы импорттық немесе арнайы квотаны белгілеу арқылы қолданылса, мұндай импорттық немесе арнайы квотаның мөлшері мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залалды немесе оны келтіру қаупін жою үшін импорттық немесе арнайы квотаның аз мөлшерін белгілеу қажеттілігі жағдайларын қоспағанда, алдыңғы кезеңде тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар импортының (сандық немесе құндық мәнінде) орташа жылдық көлемінен төмен болмауға тиіс.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

25. Одақтың кедендік аумағына тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды жеткізуді жүзеге асыруға мүдделі экспорттаушы үшінші елдер арасындағы импорттық немесе арнайы квотаны бөлу кезінде олардың арасында импорттық немесе арнайы квотаны бөлу мәселесі бойынша консультациялар жүргізу үшін мүмкіндік беріледі.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

26. Егер осы Хаттаманың 25-тармағында көзделген консультацияларды жүргізу, мүмкін болмайтын немесе оларды жүргізу барысында мұндай бөлу туралы уағдаластыққа қол жеткізілмеген жағдайда, импорттық немесе арнайы квота сандық немесе құндық мәніндегі осындай тауар импортының жалпы көлемі негізінде алдыңғы кезең ішінде осы экспорттаушы үшінші елдерден осы тауардың импорты кезінде

қалыптасқан пропорцияда тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды Одақтың кедендік аумағына экспорттауға мүдделілігі бар экспорттаушы үшінші елдердің арасында бөлінеді.

Бұл ретте осы тауардың саудасы барысына ықпал етуі мүмкін немесе ықпал ете алатын кез келген ерекше факторлар есепке алынады.

**Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

27. Егер жекелеген экспорттаушы үшінші елдерден тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар импортының пайыздық қатынастағы өсуі тексеру жүргізу туралы өтінішті беру күнінің алдындағы 3 жыл үшін осындай тауар импортының жалпы өсуіне қатысты пропорционалды емес ұлғайған жағдайда, Комиссия осындай экспорттаушы үшінші елдерден Одақтың кедендік аумағына осы тауардың импорты өсуінің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін есепке ала отырып, мұндай экспорттаушы үшінші елдер арасындағы импорттық немесе арнайы квотаны бөле алады.

Осы тармақтың ережелері тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залалдың болуын анықтаған жағдайда ғана қолданылады.

**Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

28. Импорттық немесе арнайы квота нысанындағы арнайы қорғау шарасын қолдану тәртібі Комиссия шешімімен белгіленеді. Егер мұндай шешім импортты лицензиялауды көздейтін жағдайда, лицензиялар осы Шарттың 46-бабында белгіленген тәртіппен беріледі.

**Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

**29. Күші жойылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **5. Арнайы қорғау шарасының қолданылу мерзімі және оны қайта қарау**

30. Арнайы қорғау шарасының қолданылу мерзімі осы Хаттаманың 31-тармағына сәйкес осындай шараның қолданылу мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, 4 жылдан аспауға тиіс.

31. Осы Хаттаманың 30-тармағында көрсетілген арнайы қорғау шарасының қолданылу мерзімі, егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган жүргізген қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залалды немесе оны келтіру қаупін жою үшін арнайы қорғау шарасын қолдану мерзімі ұзартылуы қажет және мүше мемлекеттердің тиісті экономика саласының өзгермелі экономикалық жағдайларға осы саланың бейімделуіне ықпал ететін шаралар қолдануы туралы дәлелдемелер бар екенін анықтаса, Комиссияның шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

32. Комиссияның арнайы қорғау шарасының қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешімді қабылдауы кезінде мұндай шара шешімді қабылдау күніне қолданылатын арнайы қорғау шарасына қарағанда неғұрлым шектелген болмауға тиіс.

33. Егер арнайы қорғау шарасының қолданылу мерзімі 1 жылдан асқан жағдайда, Комиссия оның қолданылу мерзімі ішіндегі тең уақыт аралығымен осындай арнайы қорғау шарасын біртіндеп жеңілдетеді.

Егер арнайы қорғау шарасының қолданылу мерзімі 3 жылдан асқан жағдайда, мұндай шараның қолданылу мерзімінің жартысы аяқталғаннан кейін кешіктірмей тергеп-тексерулер жүргізетін орган нәтижесінде арнайы қорғау шарасы сақталуы, жеңілдетілуі немесе жойылуы мүмкін қайта тергеп-тексеруді жүргізеді.

Осы тармақтың мақсаттары үшін арнайы қорғау шарасын жеңілдету деп импорттық квотаның немесе арнайы квотаның көлемін ұлғайту не арнайы баждың мөлшерлемесін төмендету түсініледі.

34. Осы Хаттаманың 33-тармағында көрсетілген қайта тергеп-тексеруден басқа, тергеп-тексерулер жүргізетін органның бастамасы бойынша немесе мүдделі тұлғаның өтініші бойынша:

1) өзгерген мән-жайларға, оның ішінде арнайы қорғау шарасының объектісі болып табылатын тауарды нақтылауға байланысты, егер мұндай тауар осы арнайы қорғау шарасын қолдану барысында Одақта өндіріле алмайды деп болжауға негіздер болса, арнайы қорғау шарасын өзгертудің, ырықтандырудың немесе күшін жоюдың орындылығын айқындау;

2) Одақтың кедендік аумағына тауар импортының жалпы көлемінде дамушы немесе аз дамыған үшінші елдердің үлесін белгілеу;

3) 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарт тарапы болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекет үшін көрсетілген Шарттың 8-бабында айқындалған критерийдердің орындалу фактісін анықтау мақсаттарында қайта тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін.

35. Осы Хаттаманың 34-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мақсаттарда қайта тергеп-тексеру жүргізу туралы өтінішті, егер арнайы қорғау шарасын енгізгеннен кейін кемінде 1 жыл өтсе, тергеп-тексерулер жүргізетін орган қабылдауы мүмкін.

36. Тиісті айырмашылықтарды есепке ала отырып қайта тергеп-тексерулер жүргізу кезінде тергеп-тексеру жүргізуге жататын ережелер қолданылады.

37. Алдын ала арнайы баждың қолданылу мерзімі мен арнайы қорғау шарасының қолданылуы ұзартылатын мерзімді қоса алғанда, арнайы қорғау шарасы қолданысының жалпы мерзімі 8 жылдан аспауға тиіс.

38. Арнайы қорғау шарасы бұрынғы арнайы қорғау шарасының қолданылу мерзіміне тең мерзім ішінде оған бұрын арнайы қорғау шарасы қолданылған тауарға қайта қолданылмайды. Бұл ретте арнайы қорғау шарасы қолданылмайтын мерзім 2 жылдан кем болмайды.

39. Осы Хаттаманың 38-тармағында белгіленген ережелерге қарамастан, қолданылу мерзімі күнтізбелік 180 күннен аспайтын күнді құрайтын арнайы қорғау шарасы, егер алдыңғы арнайы қорғау шарасын енгізген күннен бастап кемінде 1 жыл өтсе және



арнайы қорғау шарасы жаңа арнайы қорғау шарасын енгізген күннің алдындағы 5 жыл ішінде 2 реттен астам мұндай тауарға қолданылмаса, сол тауарға қайта қолданылуы мүмкін.

#### **IV. Демпингке қарсы шаралар**

##### **1. Демпингке қарсы шараны қолданудың жалпы қағидаттары**

40. Тауар, егер осындай тауардың экспорттық бағасы оның қалыпты құнынан төмен болса, демпингтік импорттың нысанасы болып табылады.

41. Демпингтік импорттың болуын айқындау мақсатында мәліметтер талданатын тергеп-тексеру кезеңін тергеп-тексерулер жүргізетін орган белгілейді. Бұл ретте мұндай кезең, әдетте, статистикалық деректері бар, тергеп-тексеру жүргізу туралы өтініш берілген күннің алдындағы 12 айға тең мерзімге белгіленеді, бірақ кез келген жағдайда бұл кезең 6 айдан кем болмауға тиіс.

##### **2. Демпингтік маржаны айқындау**

42. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мыналарды:

1) тауардың орташа өлшемді қалыпты құнын тауардың орташа өлшемді экспорттық бағасымен;

2) жеке мәмілелер бойынша тауардың қалыпты құнын жеке мәмілелер бойынша тауардың экспорттық бағаларымен;

3) сатып алушыларға, өңірлерге немесе тауарды жеткізу кезеңіне байланысты тауардың бағасында елеулі айырмашылықтар болған жағдайда тауардың орташа өлшемді қалыпты құнын тауардың жеке мәмілелер бойынша экспорттық бағаларымен салыстыру негізінде демпингтік маржаны айқындайды.

43. Тауардың экспорттық бағасын оның қалыпты құнымен салыстыру сауда операциясының сол сатысында және бір уақытта мүмкіндігі бойынша орын алған тауарды сату жағдайларына қатысты жүзеге асырылады.

44. Тауардың экспорттық бағасын оның қалыпты құнымен салыстыру кезінде бағаның салыстырмалылығына әсер ететін айырмашылықтарды, оның ішінде жеткізулердің, салық салудың жағдайлары мен сипаттамаларының, сауда операциялары кезеңдерінің, сандық көрсеткіштердің, физикалық сипаттамалардың айырмашылықтарын, сондай-ақ оларға қатысты бағалардың салыстырмалылығына олардың әсер етуіне дәлелдемелер берілетін басқа кез келген айырмашылықтарды есепке ала отырып, оларды түзету жүзеге асырылады.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган аталған айырмашылықтар ескерілген түзетулер бір-бірін қайталамайтындығына және тауардың қалыпты құнымен экспорттық бағаны салыстыру нәтижесін осылайша бұрмаламайтындығына көз жеткізеді.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган тауардың экспорттық бағасын оның қалыпты

құнымен тиісінше салыстыруды қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты мүдделі тұлғалардан сұратуға құқылы.

45. Егер экспорттаушы үшінші елдің нарығындағы сауданың әдеттегі барысында ұқсас тауарды сатып алу-сату мәмілелері болмаған не сауданың әдеттегі барысы кезінде ұқсас тауарды сату көлемінің төмен болуына байланысты немесе экспорттаушы үшінші елдің нарығындағы ерекше жағдайға байланысты экспорттаушы үшінші елдің нарығындағы сату кезінде тауардың экспорттық бағасын ұқсас тауардың бағасымен тиісінше салыстыру жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, тауардың экспорттық бағасы экспорттаушы үшінші елден өзге үшінші елге импортталатын ұқсас тауардың салыстырмалы бағасымен (ұқсас тауардың бағасы репрезентативті болып табылған жағдайда) немесе қажетті әкімшілік, сауда және жалпы шығындарды және пайданы есепке ала отырып, оның шығу еліндегі тауар өндірісінің шығындарымен салыстырылады.

46. Егер тауар оның шығу елі болып табылмайтын үшінші елден Одақтың кедендік аумағына импортталған жағдайда, осындай тауардың экспорттық бағасы үшінші елдің нарығындағы ұқсас тауардың салыстырмалы бағасымен салыстырылады.

Тауардың экспорттық бағасы, егер осы тауар Одақтың кедендік аумағына экспортталып, үшінші ел арқылы қайта жіберілсе ғана немесе оны өндіру осы үшінші елде жүзеге асырылмаса не онда ұқсас тауардың салыстырмалы бағасы жоқ болса, оның шығу елінде ұқсас тауардың салыстырмалы бағасымен салыстырылуы мүмкін.

47. Егер тауардың экспорттық бағасын оның қалыпты құнымен салыстыру кезінде олардың шамасын бір валютадан екіншісіне қайта есептеу талап етілсе, мұндай қайта есептеу валютаның тауарды сату күніндегі ресми бағамын пайдалана отырып жүргізіледі.

Егер шетел валютасын сату тауарды тиісті экспорттық жеткізумен тікелей байланысты болған және мерзімінде жүзеге асырылған жағдайда, мерзімде валютаны сату кезінде қолданылатын валюта бағамы пайдаланылады.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган валюта бағамдарының ауытқуын ескермейді және тергеп-тексеру барысында экспорттаушыларға тергеп-тексеру кезеңінде валюта бағамдарының тұрақты өзгерістерін есепке ала отырып, олардың экспорттық бағаларын түзету үшін кемінде күнтізбелік 60 күннен береді.

48. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган, әдетте, жеке демпингтік маржаны айқындауға мүмкіндік беретін қажетті мәліметтерді берген тауардың әрбір белгілі экспорттаушысы және (немесе) өндірушісі үшін жеке демпингтік маржаны айқындайды.

49. Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган тауарды экспорттаушылардың, өндірушілердің немесе импорттаушылардың жалпы санының, тауардың әртүрлілігі немесе қандай да бір басқа себеп бойынша тауарды әрбір белгілі экспорттаушы және (немесе) өндіруші үшін жеке демпингтік маржаны айқындаудың қолайсыздығы туралы

қорытындыға келген жағдайда, ол мүдделі тұлғалардың қолайлы санына сүйене отырып, жеке демпингтік маржаны айқындау шектеуін пайдалануы не статистикалық репрезентативтік болып табылатын және тергеп-тексеру барысын бұзбай зерттелуі мүмкін, тергеп-тексерулер жүргізетін органның иелігіндегі бар ақпарат бойынша әрбір экспорттаушы үшінші елден тауарды таңдауға қатысты демпингтік маржаны айқындауы мүмкін.

Жеке демпингтік маржаны айқындауды шектеу мақсатында мүдделі тұлғаларды іріктеуді тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды тиісті шетелдік экспорттаушылардың, өндірушілердің және импорттаушылардың консультациялары негізінде және олардың келісімімен тергеп-тексерулер жүргізетін орган жүзеге асырады.

Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган осы тармаққа сәйкес шектеуді пайдаланса, ол шетелдік экспорттаушылар және (немесе) шетелдік өндірушілер санының тым көптігінен жеке қарау тергеп-тексерулер жүргізетін органның тиісті тергеп-тексеру жүргізу мерзімін бұзуға әкелуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, бастапқыда таңдалмаған, бірақ жеке демпингтік маржаны айқындауға мүмкіндік беретін қажетті мәліметтерді қараудың белгіленген мерзімінде оларды ұсынған әрбір шетелдік экспорттаушыға немесе шетелдік өндірушіге қатысты жеке демпингтік маржаны айқындайды.

Осындай шетелдік экспорттаушылардың және (немесе) шетелдік өндірушілердің ерікті түрде ұсынған жауаптарын тергеп-тексерулер жүргізетін орган қайтармауға тиіс.

50. Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган осы Хаттаманың 49-тармағына сәйкес жеке демпингтік маржаны айқындауды шектеуді пайдаланса, жеке демпингтік маржаны айқындау үшін таңдалмаған, бірақ таңдауға қатысуға өз еркін білдірген және тергеп-тексеру барысында осы үшін қажетті құжаттарды белгіленген мерзімге ұсынған, демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын тауарды шетелдік экспорттаушыларға немесе шетелдік өндірушілерге қатысты есептелген демпингтік маржаның мөлшері жеке демпингтік маржаны айқындау үшін таңдалған демпингтік импорт мәні болып табылатын тауарды шетелдік экспорттаушыларға немесе шетелдік өндірушілерге қатысты айқындалған орташа өлшемді демпингтік маржаның мөлшерінен аспауға тиіс.

51. Егер тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушылар немесе өндірушілер тергеп-тексерулер жүргізетін органға сұратылған ақпаратты талап ету түрінде және белгіленген мерзімде бермесе немесе олар берген ақпарат тексеруге келмейтін не шындыққа сәйкес келмейтін жағдайда, тергеп-тексерулер жүргізетін орган өзінің иелігіндегі қолда бар басқа ақпараттың негізінде демпингтік маржаны айқындай алады.

52. Жеке демпингтік маржаны айқындауға мүмкіндік беретін қажетті мәліметтерді берген тауардың әрбір белгілі экспорттаушысы және (немесе) өндірушісі үшін жеке

демпингтік маржаны айқындаудан басқа, тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында айқындалған анағұрлым жоғары демпингтік маржаның негізінде тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың барлық басқа экспорттаушылары және (немесе) өндірушілері үшін бірыңғай демпингтік маржаны айқындай алады.

### **3. Тауардың қалыпты құнын айқындау**

53. Тауардың қалыпты құнын тергеп-тексерулер жүргізетін орган экспорттаушы үшінші елдің ішкі нарығында осындай үшінші елдің резиденті болып табылатын өндірушілермен және экспорттаушылармен байланысты тұлғалар болып табылмайтын сатушыларға тергеп-тексеру кезеңінде сату кезінде, сауданың әдеттегі барысында экспорттаушы үшінші елдің кедендік аумағында пайдалану үшін ұқсас тауар бағаларының негізінде айқындайды.

Қалыпты құнды айқындау мақсатында экспорттаушы үшінші елдің ішкі нарығында осындай үшінші елдің резиденті болып табылатын өндірушілермен және экспорттаушылармен байланысты тұлғалар болып табылатын сатып алушыларға сату кезінде, егер аталған байланыс шетелдік өндірушінің және (немесе) экспорттаушының баға саясатына әсер етпейтіні анықталған жағдайда, ұқсас тауардың бағалары есепке алынуы мүмкін.

54. Экспорттаушы үшінші елдің ішкі нарығындағы сауданың әдеттегі барысында ұқсас тауарды сатудың көлемі, егер бұл көлем экспорттаушы үшінші елден Одақтың кедендік аумағына тауар экспорты жалпы көлемінің кемінде 5 пайызын құраса, тауардың қалыпты құнын айқындау үшін жеткілікті көлем ретінде қаралады.

Сауданың әдеттегі барысында ұқсас тауарды сатудың әлдеқайда төмен көлемі, егер мұндай көлем сауданың әдеттегі барысында тауардың экспорттық бағасын ұқсас тауардың бағасымен тиісінше салыстыруды қамтамасыз ету үшін жеткілікті деген дәлелдемелер болса, тауардың қалыпты құнын айқындау үшін қолайлы деп саналады.

55. Осы Хаттаманың 53-тармағына сәйкес тауардың қалыпты құнын айқындау кезінде сатып алушыларға экспорттаушы үшінші елдің ішкі нарығында сатуы кезіндегі тауардың бағасы тергеп-тексеру кезеңі ішінде сатып алушыларға сатылған ұқсас тауардың орташа өлшемді бағасы немесе оны осы кезең шеңберінде сатып алушыларға әрбір жеке сату бойынша тауар бағасы болып табылады.

56. Әкімшілік, сауда және жалпы шығындарды есепке ала отырып, ұқсас тауар бірлігін өндірудің өзіндік құнынан төмен бағалар бойынша экспорттаушы үшінші елдің ішкі нарығында немесе экспорттаушы үшінші елден өзге үшінші елге ұқсас тауарды сату, егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган мұндай сату осы кезеңде барлық шығындарды өтеуді қамтамасыз етпейтін елеулі көлемде және бағалар бойынша тергеп-тексеру кезеңінде жүзеге асырылатынын анықтаса ғана, тауардың қалыпты құнын айқындау кезінде ескерілмеуі мүмкін.

57. Егер ұқсас тауарды сату кезінде әкімшілік, сауда және жалпы шығындарды есепке ала отырып, ұқсас тауар бірлігін өндірудің өзіндік құнынан төмен осындай тауардың бағасы, тергеп-тексеру кезеңінде әкімшілік, сауда және жалпы шығындарды есепке ала отырып, тауар бірлігінің орташа өлшемді өзіндік құнынан асып кеткен жағдайда, мұндай баға тергеп-тексеру кезеңі ішіндегі барлық шығындарды өтеуді қамтамасыз ету ретінде қаралады.

58. Әкімшілік, сауда және жалпы шығындарды есепке ала отырып, ұқсас тауар бірлігін өндірудің өзіндік құнынан төмен баға бойынша ұқсас тауарды сату, егер тауардың қалыпты құнын айқындау кезінде ескерілетін мәмілелер бойынша ұқсас тауардың орташа өлшемді бағасы әкімшілік, сауда және жалпы шығындарды есепке ала отырып, ұқсас тауардың бірлігін өндірудің орташа өлшемді өзіндік құнынан төмен немесе бағалар бойынша сату көлемі осындай өзіндік құнынан төмен жағдайда, тауардың қалыпты құнын айқындау кезінде ескерілетін мәмілелер бойынша сату көлемінің кемінде 20 пайызын құрайды.

59. Әкімшілік, сауда және жалпы шығындарды есепке ала отырып, ұқсас тауар бірлігін өндірудің өзіндік құны мұндай деректердің экспорттаушы үшінші елдегі бухгалтерлік есеп пен есептіліктің жалпы қабылданған қағидаттары мен қағидаларына сәйкес келуі және тауарды өндіруге және сатуға байланысты шығындарды толық көрсету шартымен тауарды экспорттаушы немесе өндіруші берген деректер негізінде есептеледі.

60. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган шығындарды мұндай бөлу әдетте, атап айтқанда, амортизацияның тиісті кезеңін, өндірісті дамытуға капитал салуға және басқа да шығындарды жабуға аударымдар белгілеуге қатысты осындай тауарды экспорттаушыға немесе өндірушіге қолданылуы шартымен, тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушы немесе өндіруші берген деректерді қоса алғанда, өндіріс шығындарын әкімшілік, сауда және жалпы шығындарды бөлу дұрыстығының оның иелігіндегі барлық дәлелдемелерін есепке алады.

61. Өндіріс шығындары, әкімшілік, сауда және жалпы шығындар өндірісті дамытуға байланысты біржолғы шығыстарды немесе өндірісті ұйымдастыру кезеңінде жүзеге асырылатын операциялар тергеп-тексеру кезіндегі шығындарға әсер ететін мән-жайларды есепке ала отырып түзетіледі. Мұндай түзетулер өндірісті ұйымдастыру кезеңінің аяғындағы, ал егер өндірісті ұйымдастыру кезеңі тергеп-тексеру кезеңінен асып кеткен болса, тергеп-тексеру жүргізу кезеңіне келетін өндірісті ұйымдастырудың барынша кеш кезеңі үшін шығындарды көрсетуге тиіс.

62. Әкімшілік, сауда және жалпы шығындардың жиынтық сандық көрсеткіштері және экономиканың осы саласына тән пайда демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын тауарды экспорттаушы немесе өндіруші беретін сауданың әдеттегі

барысында ұқсас тауарды өндіру және сату туралы нақты деректердің негізінде айқындалады. Егер мұндай жиынтық сандық көрсеткіштерді көрсетілген жолмен айқындауға болмайтын болса, олар мыналардың:

1) экспорттаушы үшінші елдің ішкі нарығында тауардың сол санатын өндіруге және сатуға байланысты тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушы немесе өндіруші алған және жұмсаған нақты сомалар;

2) осындай тауарды басқа да экспорттаушы немесе өндіруші экспорттаушы үшінші елдің ішкі нарығында ұқсас тауарды өндіруге және сатуға байланысты алған және жұмсаған орташа өлшемді нақты сомалар;

3) осындай жолмен айқындалған пайда сомасы экспорттаушы үшінші елдің ішкі нарығындағы сол санаттағы тауарды сату кезінде, әдетте, басқа да экспорттаушылар немесе өндірушілер алатын пайдадан аспайтын жағдай кезіндегі өзге әдіс негізінде айқындалуы мүмкін.

63. Демпингтік импорт ішкі нарықтағы бағаларды мемлекет тікелей реттейтін немесе сыртқы сауданың мемлекеттік монополиясы бар экспорттаушы үшінші елден болған жағдайда, тауардың қалыпты құны бағаның немесе тиісті үшінші елде есептелген ұқсас тауар құнына (көрсетілген экспорттаушы үшінші елмен тергеп-тексеру мақсатында салыстырылатын) не мұндай үшінші елден экспортқа жеткізу кезіндегі ұқсас тауар бағасының негізінде айқындалуы мүмкін.

Егер осы тармаққа сәйкес тауардың қалыпты құнын айқындау мүмкін болмаған жағдайда, тауардың қалыпты құны Одақтың кедендік аумағындағы ұқсас тауарға төленген немесе төленуге жататын және пайданы есепке ала отырып түзетілген бағаның негізінде айқындалуы мүмкін.

#### **4. Тауардың экспорттық бағасын айқындау**

64. Тауардың экспорттық бағасы тергеп-тексеру кезеңінде оны сату туралы деректердің негізінде айқындалады.

65. Демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын тауардың экспорттық бағасы туралы деректер жоқ болған кезде не тергеп-тексерулер жүргізетін органның осындай тауардың экспорттық бағасы туралы мәліметтердің дұрыстығына негізді күмәні пайда болып, осының салдарынан тауарды экспорттаушы мен импорттаушы байланысты тұлғалар болып табылатын (оның ішінде олардың әрқайсысының үшінші тұлғамен байланысына орай) не осындай тауардың экспорттық бағасына қатысты уағдаласу нысанында шектеулі іскерлік практика болған кезде, оның экспорттық бағасы, егер импортталушы тауар тәуелсіз сатып алушыға қайта сатылмаса немесе Одақтың кедендік аумағына импортталған түрінде қайта сатылмаса, тергеп-тексерулер жүргізетін орган қандай да бір әдіспен айқындайтын импортталушы тауар бірінші рет тәуелсіз сатып алушыға сатылатын баға негізінде есептелуі мүмкін. Бұл ретте тауардың экспорттық бағасын оның қалыпты құнымен салыстыру мақсатында тауардың импорты

мен қайта сату арасындағы кезеңде төленген шығыстар (оның ішінде кедендік баждар мен салықтар), сондай-ақ пайда да есепке алынады.

## **5. Демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды анықтау**

66. Осы бөлімнің мақсаттары үшін мүше мемлекеттердің экономика саласына залал деп мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал, оны келтіру қаупі немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі түсініледі.

67. Демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына залал демпингтік импорт көлемін және демпингтік импорттың мүше мемлекеттер нарығындағы ұқсас тауар бағаларына әсерін, сондай-ақ демпингтік импорттың мүше мемлекеттерден ұқсас тауар өндірушілерге осыған негізделген әсерін талдау нәтижелері негізінде анықталады.

**Ескерту. 67-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

68. Демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына залалдың болуын айқындау мақсатында мәліметтер талданатын тергеп-тексеру кезеңін тергеп-тексерулер жүргізетін орган белгілейді.

69. Демпингтік импорт көлемін талдау кезінде тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру объектісі болып табылатын (абсолюттік көрсеткіштерде не мүше мемлекеттердегі ұқсас тауарды өндіруге немесе тұтынуға қатысты) тауардың демпингтік импортының едәуір ұлғаюы болғанын не болмағанын айқындайды.

70. Мүше мемлекеттер нарығындағы ұқсас тауардың бағасына демпингтік импорттың әсер етуін талдау кезінде тергеп-тексерулер жүргізетін орган:

1) демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын тауар бағалары мүше мемлекеттер нарығындағы ұқсас тауар бағаларынан айтарлықтай төмен болғанын не болмағанын;

2) демпингтік импорт мүше мемлекеттер нарығында ұқсас тауар бағасының айтарлықтай төмендеуіне алып келгенін не келмегенін;

3) демпингтік импорт осындай импорт болмаған жағдайда орын алатын, мүше мемлекеттер нарығында ұқсас тауар бағаларының айтарлықтай өсуіне кедергі келтіргенін не келтірмегенін анықтайды.

71. Егер бір мезгілде жүргізілген тергеп-тексерудің нысанасы бір экспорттаушы үшінші елден көп Одақтың кедендік аумағына тауардың импорты болып табылатын жағдайда, тергеп-тексерулер жүргізетін орган мұндай импорттың жиынтық әсер етуін, егер:

1) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар импортына қатысты айқындалған демпингтік маржа әрбір экспорттаушы үшінші елден ең аз рұқсат етілетін демпингтік маржадан асса, ал әрбір экспорттаушы үшінші елден осы тауар

импортының көлемі осы Хаттаманың 223-тармағының ережелерін есепке ала отырып, елеусіз болып табылмайтыны;

2) тауар импортының жиынтық әсер етуін бағалау импорттық тауарлар арасындағы бәсекелестік шарттарын және мүше мемлекеттерде өндірілген импорттық тауар мен ұқсас тауар арасындағы бәсекелестік шарттарын есепке ала отырып, мүмкін болып табылатыны анықталған жағдайда бағалауы мүмкін.

72. Демпингтік импорттың мүше мемлекеттердің экономика саласына әсерін талдау :

тауарды сатудың, пайданың, өндірістің, мүше мемлекеттер нарығындағы тауар үлесінің, өнімділіктің, инвестициялардан немесе өндірістік қуаттарды пайдаланудан түсетін кірістердің орын алуын немесе болашақтағы ықтимал қысқаруын;

мүше мемлекеттер нарығындағы тауар бағасына әсер ететін факторларды; демпингтік маржаның мөлшерін;

ақша ағындарының қозғалысына, тауар қорларына, жұмыспен қамтылу деңгейіне, жалақыға, тауар өндірісінің өсу қарқынына, капитал тарту және (немесе) инвестицияларды жүзеге асыру мүмкіндігіне орын алған немесе болашақтағы ықтимал теріс әсер етуін қоса алғанда, мүше мемлекеттердің экономика саласының жай-күйіне қатысы бар барлық экономикалық факторлар мен көрсеткіштерді бағалау болып табылады.

Көрсетілген факторлар мен көрсеткіштердің тізбесі түпкілікті болып табылмайды. Бұл ретте демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды анықтау үшін бірде-бір фактор да, бірнеше фактор да шешуші мәнге ие бола алмайды.

Демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайта тергеп-тексеру мақсаттары үшін бұрын орын алған демпингтік импорттың әсерінен кейін мүше мемлекеттердің экономика саласының экономикалық жағдайын қалпына келтіру дәрежесі де талданады.

**Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

73. Мүше мемлекеттердің экономика саласындағы демпингтік импорт пен залал арасындағы себеп-салдарлық байланыстың болуы туралы қорытынды тергеп-тексерулер жүргізетін органның иелігінде де бар іске қатысты барлық дәлелдемелер мен мәліметтердің талдауына негізделуге тиіс.

74. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингтік импорттан басқа, оның салдарынан сол кезеңде мүше мемлекеттердің экономика саласына залал келтіретін басқа белгілі факторларды да талдайды.

Іске қатысты ретінде қаралуы мүмкін факторлар, атап айтқанда, демпингтік бағалар бойынша сатылмаған импортталатын тауардың көлемі мен бағасын, тұтыну құрылымындағы сұраныстың қысқаруын немесе өзгерісті, шетелдік өндірушілер мен мүше мемлекеттер өндірушілерінің шектеулі сауда практикасын және осындай



өндірушілер арасындағы бәсекелестікті, технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ, мүше мемлекеттер экономика саласының экспорттық көрсеткіштері мен өнімділігін қамтиды.

Мүше мемлекеттер экономика саласының осы факторларының салдарынан келтірілген залал Одақтың кедендік аумағына демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалға жатқызылмауға тиіс.

**Ескерту. 74-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

75. Мүше мемлекеттердің экономика саласына демпингтік импорттың әсер етуі, егер қолда бар деректер өндірістік процесс, оны өндірушілердің ұқсас тауарды сатуы және пайда сияқты осындай критерийлер негізінде ұқсас тауарды өндіруді бөліп көрсетуге мүмкіндік берсе, мүше мемлекеттердегі ұқсас тауарды өндіруге қатысты бағаланады.

Егер қолда бар деректер ұқсас тауар өндірісін бөліп көрсетуге мүмкіндік бермеген жағдайда, мүше мемлекеттердің экономика саласына демпингтік импорттың әсер етуі өзіне ұқсас тауарды қамтитын және олар туралы қажетті деректер бар тауарлардың неғұрлым шағын тобын немесе номенклатурасын шығаруға қатысты бағаланады.

76. Демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіру қатері анықталған кезде тергеп-тексеру жүргізетін орган қолда бар барлық факторларды, оның ішінде мынадай факторларды:

демпингтік импорттың айтарлықтай ұлғаюының нақты мүмкіндігін растайтын мұндай импорттың айтарлықтай өсу қарқынын;

демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын тауарды экспорттаушыда жеткілікті экспорттық мүмкіндіктердің болуын немесе басқа экспорттық нарықтардың осы тауардың кез келген қосымша экспортын қабылдау қабілетін ескере отырып, осы тауардың демпингтік импортын елеулі түрде ұлғайтудың нақты мүмкіндігін растайтын олардың елеулі ұлғаюының айқын бұлтартпастығын;

егер демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын тауар бағасының деңгейі мүше мемлекеттердің нарығында ұқсас тауар бағасының айтарлықтай төмендеуіне немесе тежелуіне және тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарға сұраныстың одан әрі өсуіне әкеп соғуы мүмкін болса, мұндай баға деңгейін;

тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар қорларын ескереді.

Бұл ретте осы факторлардың ешқайсысы демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіру қатерін анықтау үшін шешуші мәнге ие бола алмайды.

**Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

77. Мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіру қаупінің болуы туралы шешім, егер осы Хаттаманың 76-тармағында көрсетілген факторларды талдау нәтижелері бойынша тергеп-тексеру барысында тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингтік импортты жалғастырудың бұлтартпастығы және мұндай импортқа демпингке қарсы шараны қабылдамаған жағдайда мүше мемлекеттердің экономика

саласына материалдық залал келтіргені туралы қорытындыға келген жағдайда қабылданады.

## **6. Алдын ала демпингке қарсы бажды енгізу**

78. Егер тергеп-тексеру аяқталғанға дейін тергеп-тексерулер жүргізетін орган алған ақпарат демпингтік импорттың және осыған байланысты мүше мемлекеттердің экономика саласына залалдың болуы туралы куәландырса, Комиссия осы Хаттаманың 7-тармағында көрсетілген баяндама негізінде тергеп-тексеру жүргізілген кезеңде демпингтік импорт келтірген мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды болғызбау мақсатында алдын ала демпингке қарсы бажды енгізу арқылы демпингке қарсы шараны қолдану туралы шешім қабылдайды.

79. Алдын ала демпингке қарсы баж тергеп-тексеру басталған күннен бастап күнтізбелік 60 күннен бұрын енгізілмейді.

80. Алдын ала демпингке қарсы баждың мөлшерлемесі мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды жою үшін жеткілікті, бірақ алдын ала есептелген демпингтік маржаның мөлшерінен жоғары болмауға тиіс.

81. Егер алдын ала демпингтік баждың мөлшерлемесі алдын ала есептелген демпингтік маржаның мөлшеріне тең болған жағдайда, алдын ала демпингке қарсы баждың қолданылу мерзімі, егер бұл мерзім, үлесі тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың демпингтік импорты көлемінде үлкен бөлігін құраған экспорттаушылардың өтініші негізінде 6 айға дейін ұзартылатын жағдайды қоспағанда, 4 айдан аспауға тиіс.

82. Егер алдын ала демпингке қарсы баж мөлшерлемесі алдын ала есептелген демпингтік маржадан аз болған жағдайда, алдын ала демпингке қарсы баждың қолданылу мерзімі, егер бұл мерзім, үлесі тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың демпингтік импорты көлемінде үлкен бөлігін құраған экспорттаушылардың өтініші негізінде 9 айға дейін ұзартылатын жағдайды қоспағанда, 6 айдан аспауға тиіс.

83. Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру нәтижелері бойынша демпингке қарсы шараны енгізу үшін негіздер жоқ деп анықтаса не осы Хаттаманың 272-тармағына сәйкес демпингке қарсы шараны қолданбау туралы шешім қабылдаса, алдын ала демпингке қарсы баж сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтарылуға жатады.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттердің кеден органдарын демпингке қарсы шараны енгізу үшін негіздердің жоқ екені туралы не Комиссияның демпингке қарсы шара қолданбау туралы шешім қабылданғаны туралы уақтылы хабардар етеді.

84. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіру немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі қаупінің болуы негізінде демпингке қарсы шара

қолдану туралы шешім қабылданса, алдын ала демпингке қарсы баждың сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтарылуға жатады.

85. Егер тексеру нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалдың болуы немесе оны келтіру қаупінің болуы негізінде алдын ала демпингке қарсы шара қолдану туралы шешім қабылданса (алдын ала демпингке қарсы бажды енгізбеу мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалдың болуын айқындауға алып келуі жағдайында), алдын ала демпингке қарсы баж сомалары демпингке қарсы бажды қолдану туралы шешім күшіне енген күннен бастап осы Хаттаманың 86 және 87-тармақтарының ережелерін есепке ала отырып, осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есепке жатқызуға және бөлуге жатады.

86. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша алдын ала демпингке қарсы баж мөлшерлемесіне қарағанда демпингке қарсы баждың барынша төмен мөлшерлемесін енгізу орынды деп танылса, алдын ала демпингке қарсы баждың белгіленген мөлшерлемесі бойынша есептелген демпингке қарсы баж сомасына сәйкес келетін алдын ала демпингке қарсы баж сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есепке жатқызуға және бөлуге жатады.

Демпингке қарсы баждың белгіленген мөлшерлемесі бойынша есептелген демпингке қарсы баж сомасынан асатын алдын ала демпингке қарсы баж сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтарылуға жатады.

87. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша алдын ала демпингке қарсы баж мөлшерлемесіне қарағанда демпингке қарсы баждың неғұрлым жоғары мөлшерлемесін енгізу орынды деп танылса, демпингке қарсы баж бен алдын ала демпингке қарсы баж сомалары арасындағы айырма алынбайды.

88. Алдын ала демпингке қарсы баж тергеп-тексеруді бір мезгілде жалғастырған жағдайда қолданылады.

89. Алдын ала демпингке қарсы бажды енгізу туралы шешім, әдетте, тергеп-тексеру басталған күннен бастап 7 айдан кешіктірмей қабылданады.

## **7. Тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар экспорттаушысының баға міндеттемелерін қабылдауы**

90. Тергеп-тексеруді тергеп-тексерулер жүргізетін орган тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушыдан осы тауарға бағаларды қайта қарау немесе Одақтың кедендік аумағына оның қалыпты құнынан төмен бағалар бойынша экспорттауды тоқтату туралы жазбаша нысанда баға міндеттемелерін алған кезде ( мүше мемлекеттерде экспорттаушымен байланысты адамдар болған кезде бұл адамдардың осы міндеттемелерді қолдайтыны туралы өтініші де қажет), егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган көрсетілген міндеттемелерді қабылдау демпингтік импортпен келтірілген залалды жояды деген қорытындыға келсе және Комиссия оларды мақұлдау туралы шешім қабылдаса, тоқтатуы немесе тоқтата тұруы мүмкін.

Тауар бағасының деңгейі осы міндеттемелерге сәйкес демпингтік маржаны жою үшін бұл қажетті деңгейге қарағанда жоғары болмауға тиіс.

Тауар бағасының көтерілуі, егер мұндай көтерілу мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды жою үшін жеткілікті болып табылса, демпингтік маржадан аз болмауы мүмкін.

91. Комиссия баға міндеттемелерін мақұлдау туралы шешімді тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингтік импорттың және осыған негізделген мүше мемлекеттердің экономика саласына залалдың болуы туралы алдын ала қорытындыға келмегенге дейін қабылдамайды.

92. Комиссия баға міндеттемелерін мақұлдау туралы шешімді, егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды нақты немесе әлеуетті экспорттаушылар санының көп болуына байланысты немесе өзге де себептер бойынша оларды мақұлдаудың қолайсыздығы туралы қорытындыға келмейінше қабылдамайды.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүмкіндігінше экспорттаушыларға олардың баға міндеттемелерін мақұлдау қолайсыз деп танылған себептерді хабарлайды және оларға осыған байланысты өз түсініктемелерін беру мүмкіндігін ұсынады.

93. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган баға міндеттемелерін қабылдаған әрбір экспорттаушыға оны мүдделі тұлғаларға ұсыну мүмкіндігі болу үшін олардың құпия емес нұсқасын беру туралы сұрау жібереді.

94. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган экспорттаушыларға баға міндеттемелерін қабылдауды ұсына алады, бірақ оларды қабылдауды талап ете алмайды.

95. Комиссия баға міндеттемелерін мақұлдау туралы шешім қабылдаған жағдайда, демпингке қарсы тергеп-тексеру тауар экспорттаушының өтініші бойынша немесе тергеп-тексерулер жүргізетін органның шешімі бойынша жалғастырылуы мүмкін.

Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингтік импорттың немесе оған негізделген мүше мемлекеттердің экономика саласына залалдың жоқ екені туралы қорытындыға келсе, егер көрсетілген қорытынды айтарлықтай дәрежеде осындай міндеттемелердің болуының нәтижесі болып табылатын жағдайды қоспағанда, баға міндеттемелерін қабылдаған экспорттаушы осындай міндеттемелерден автоматты түрде босатылады. Егер жасалған қорытынды айтарлықтай дәрежеде баға міндеттемелерінің болуының нәтижесі болып табылатын жағдайда, Комиссия осындай міндеттемелер қажетті уақыт кезеңінің ішінде күшінде қалуға тиіс екені туралы шешім қабылдауы мүмкін.

96. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингтік импорттың болуы және оған негізделген мүше мемлекеттердің экономика саласына залалдың болғаны туралы қорытындыға келсе, экспорттаушы қабылдаған баға міндеттемелері олардың шарттарына және осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес әрекет етуді жалғастырады.

97. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган экспорттаушыдан Комиссия мақұлдаған баға міндеттемелерін, олардың орындалуына қатысты мәліметтерді, сондай-ақ осындай мәліметтерді тексеруге келісімді сұрауға құқылы.

Сұрау салынатын мәліметтерді тергеп-тексерулер жүргізетін орган белгілеген мерзімде бермеу, сондай-ақ осы мәліметтерді тексеруге келіспеу экспорттаушының қабылданған баға міндеттемелерін бұзғаны болып есептеледі.

98. Экспорттаушы баға міндеттемелерін бұзған немесе кері қайтарып алған жағдайда, Комиссия алдын ала демпингке қарсы бажды (егер тергеп-тексеру әлі аяқталмаса) немесе демпингке қарсы бажды (егер түпкілікті нәтижелері оны енгізу үшін негіз бар екені туралы куәландырса) енгізу арқылы демпингке қарсы шараны қолдану туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Экспорттаушы қабылданған баға міндеттемелерін бұзған жағдайда, оған осындай бұзушылыққа байланысты түсініктеме беруге мүмкіндік беріледі.

99. Комиссияның баға міндеттемелерін мақұлдау туралы актісінде алдын ала демпингке қарсы баж мөлшерлемесі немесе осы Хаттаманың 98-тармағына сәйкес енгізілуі мүмкін демпингке қарсы баж айқындалуға тиіс.

Комиссияның баға міндеттемелерін мақұлдау туралы шешімінде экспорттаушы немесе өндіруші туралы мәліметтерді растау мақсаттары үшін қажетті құжат және осындай құжатты толтыруға қойылатын талаптар айқындалуы мүмкін.

**Ескерту. 99-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **8. Демпингке қарсы бажды енгізу және қолдану**

100. Демпингке қарсы баж (баға міндеттемелері осы Хаттаманың 90 - 99-тармақтарына сәйкес Комиссия мақұлдаған экспорттаушылар жеткізетін тауарды қоспағанда) барлық экспорттаушылар жеткізетін және мүше мемлекеттердің экономика саласына залал келтіретін демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын тауарға қатысты қолданылады.

101. Демпингке қарсы баждың мөлшері мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды жою үшін жеткілікті болуға тиіс, бірақ есептелген демпингтік маржа мөлшерінен жоғары болмауға тиіс.

Егер мұндай мөлшер мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды жою үшін жеткілікті болып табылса, Комиссия есептелген демпингтік маржаның мөлшеріне қарағанда аз мөлшерде демпингке қарсы бажды енгізу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

102. Комиссия жеке демпингтік маржа есептелген демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын тауардың әрбір экспорттаушысы немесе өндірушісі жеткізетін тауарға қатысты демпингке қарсы баж мөлшерлемесінің жеке мөлшерін белгілейді.

Демпингке қарсы баждың мұндай мөлшерлемесінің жеке мөлшері белгіленген кезде Комиссия демпингке қарсы баж мөлшерлемесінің жеке мөлшері белгіленген

экспорттаушы немесе өндіруші туралы мәліметтерді растау мақсаттары үшін қажетті құжатты және осындай құжатты толтыруға қойылатын талаптарды айқындауға құқылы.

**Ескерту. 102-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

103. Осы Хаттаманың 102-тармағында көрсетілген демпингке қарсы баж мөлшерлемесінің жеке мөлшерінен басқа, Комиссия тергеп-тексеру барысында есептелген анағұрлым жоғарғы демпингтік маржа негізінде жеке демпингтік маржа есептелмеген экспорттаушы үшінші елден тауардың басқа барлық экспорттаушылары немесе өндірушілері жеткізетін тауарға демпингке қарсы баждың бірыңғай мөлшерлемесін белгілейді.

104. Демпингке қарсы баж, егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша осы тауарға қатысты төмендегілер анықталған болса, алдын ала демпингке қарсы баж енгізілген күнге дейін күнтізбелік 90 күннен ерте емес, орналастыру шарты демпингке қарсы баждарды төлеу болып табылатын кедендік рәсімдерге орналастырылған тауарларға қатысты қолданылуы мүмкін:

1) бұрын залал келтірген демпингтік импорттың болуы немесе импорттаушы экспорттаушының тауарды оның қалыпты құнынан төмен бағамен жеткізгенін және тауардың мұндай импорты мүше мемлекеттердің экономика саласына залал келтіруі мүмкін екенін білсе немесе білуге тиіс болса;

2) мүше мемлекеттердің экономика саласына залалдың салыстырмалы қысқа уақыт кезеңі ішінде елеулі өскен демпингтік импортпен келтірілгенін, оның ұзақтығы мен көлемін, сондай-ақ басқа мән-жайларды (оның ішінде импортталатын тауардың қоймалық қорларының жылдам өсуі) есепке ала отырып, демпингке қарсы бажды енгізуден қалпына келтіру тиімділігін осы тауардың импорттаушыларына тергеп-тексеру аяқталғанға дейін түсініктемелер беру мүмкіндігі берілген жағдайда айтарлықтай азайтуы мүмкін.

105. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру басталған күннен кейін Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында осы Хаттаманың 104-тармағына сәйкес тексеру объектісі болып табылатын тауарға қатысты демпингке қарсы бажды қолдану мүмкіндігі туралы ескертуі бар хабарлама жариялайды.

Мұндай хабарламаны жариялау туралы шешімді тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттер экономика саласының осы Хаттаманың 104-тармағында көрсетілген талаптар орындалуының жеткілікті дәлелдемелерін қамтитын сұрау салу бойынша немесе тергеп-тексерулер жүргізетін органның қолында осындай дәлелдемелер болған кезде өз бастамасы бойынша қабылдайды.

Демпингке қарсы баж осы тармақта көрсетілген хабарлама ресми жарияланған күнге дейін орналастыру шарты демпингке қарсы баждарды төлеу болып табылатын кедендік рәсімдерге орналастырылған тауарларға қатысты қолданыла алмайды.

**Ескерту. 105-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

106. Мүше мемлекеттердің заңнамасында осы Хаттаманың 104-тармағына сәйкес мүдделі тұлғаларға демпингке қарсы баждың қолданылу мүмкіндігі туралы хабарлаудың қосымша тәсілдері белгіленуі мүмкін.

## **9. Демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімі және оны қайта қарау**

107. Демпингке қарсы шара демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды жою үшін қажетті мөлшерде және мерзім ішінде Комиссияның шешімі бойынша қолданылады.

108. Демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімі осындай шараны қолдану басталған күннен немесе өзгермелі мән-жайларға байланысты және бір мезгілде демпингтік импорттың талдауына қатысты және мүше мемлекеттердің экономика саласына келген залалға байланысты немесе демпингке қарсы іс-қимыл мерзімінің өтуіне байланысты өткізілген қайта тергеп-тексеру аяқталған күннен бастап 5 жылдан аспауға тиіс.

109. Демпингтік шараның қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайта тергеп-тексеру осы Хаттаманың 186 - 198-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілген жазбаша нысандағы өтініштің негізінде не тергеп-тексерулер жүргізетін органның өз бастамасы бойынша жүргізіледі.

Демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайта тергеп-тексеру өтініште демпингтік импортты жаңарту не жалғастыру және демпингке қарсы шараның қолданысын тоқтату кезінде мүше мемлекеттердің экономика саласына залал келтіру мүмкіндігі туралы мәліметтер болған кезде жүргізіледі.

Демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайта тергеп-тексеру жүргізу туралы өтініш демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 6 айдан кешіктірмей беріледі.

Қайта тергеп-тексеру демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін басталуға тиіс және ол басталған күннен бастап 12 ай ішінде аяқталуға тиіс.

Осы тармаққа сәйкес жүргізілетін қайта тергеп-тексеру аяқталғанға дейін демпингке қарсы шараны қолдану Комиссияның шешімі бойынша ұзартылады. Алдын ала демпингке қарсы баждарды алу үшін белгіленген тәртіппен тиісті демпингке қарсы шараны қолдану ұзартылатын мерзім ішінде қолданылу мерзімі қайта тергеп-тексеру жүргізуге байланысты ұзартылатын, демпингке қарсы шараны қолдануға байланысты белгіленген демпингке қарсы баж мөлшерлемелері бойынша демпингке қарсы баждар төленеді.

Егер демпингке қарсы шараны қолдану мерзімінің аяқталуына байланысты тергеп-тексерулер жүргізетін орган қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша демпингке қарсы шараларды қолдануға негіздердің жоқ екенін анықтаса не осы Хаттаманың 272-тармағына сәйкес демпингке қарсы шара қолданбау туралы шешім қабылдаса, демпингке қарсы шараны қолдану ұзартылған мерзім ішінде алдын ала

демпингке қарсы баждарды алу үшін белгіленген тәртіппен алынатын демпингке қарсы баж сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтаруға жатады.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттердің кеден органдарын демпингке қарсы шараларды қолдану негіздерінің жоқ екені туралы не Комиссияның демпингке қарсы шараны қолданбау туралы шешім қабылдағаны туралы уақтылы хабардар етеді.

Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты қайта тергеп-тексеру жүргізуінің нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің экономика саласына демпингтік импортты қалпына келтіру не жалғастыру және залал келтіру мүмкіндігін анықтаған болса, Комиссия демпингке қарсы шараның қолданылуын ұзартады. Демпингке қарсы шараны ұзарту туралы Комиссия шешімі күшіне енген күннен бастап алдын ала демпингке қарсы баждарды алу үшін белгіленген тәртіппен алынатын демпингке қарсы баждар сомалары демпингке қарсы шараны қолдану ұзартылған мерзімнің ішінде осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есепке жатқызуға және бөлуге жатады.

110. Мүдделі тұлғаның өтініші бойынша, егер демпингке қарсы шараны енгізгеннен кейін кемінде 1 жыл өткен жағдайда немесе тергеп-тексерулер жүргізетін органның бастамасы бойынша демпингке қарсы шараны қолдануды жалғастырудың орындылығын айқындау және (немесе) өзгерген мән-жайларға байланысты оны қайта қарау (оның ішінде демпингке қарсы баж мөлшерлемесінің дербес мөлшерін қайта қарау) мақсатында қайта тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін.

Қайта тергеп-тексеруді жүргізу туралы өтінішті беру мақсатына байланысты мұндай өтініш өзгерген мән-жайларға байланысты:

демпингке қарсы шараны қолдануды жалғастыру демпингтік импортқа қарсы іс-қимыл және демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалды жою үшін талап етілмейтін;

демпингке қарсы шараның қолданыстағы мөлшері демпингтік импортқа қарсы іс-қимыл және демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалды жою үшін жеткілікті мөлшерден асатын;

қолданыстағы демпингке қарсы шара демпингтік импортқа қарсы іс-қимыл және демпингтік импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалды жою үшін жеткіліксіз деген дәлелдемелерді қамтуға тиіс.

Осы тармаққа сәйкес жүргізілетін қайта тергеп-тексеру басталған күнінен бастап 12 ай ішінде аяқталуға тиіс.

111. Қайта тергеп-тексеру тергеп-тексеру жүргізу кезеңінде демпингтік импорт нысанасы болып табылатын тауарды жеткізуді жүзеге асырмаған экспорттаушы немесе өндіруші үшін жеке демпингтік маржаны белгілеу мақсатында да жүргізілуі мүмкін.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мұндай қайта тергеп-тексеруді аталған экспорттаушы немесе өндіруші оны жүргізу туралы, экспорттаушы немесе тауар



өндіруші демпингке қарсы шара қолданылатын экспорттаушы және өндірушімен байланысты еместігін және осы экспорттаушы немесе өндіруші тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды Одақтың кедендік аумағына жеткізуді жүзеге асыратындығын немесе тоқтатылуы немесе кері қайтарылуы осы экспорттаушы немесе тауар өндіруші үшін едәуір шығынға немесе айтарлықтай айыппұл санкцияларына әкеп соқтыратын Одақтың кедендік аумағында мұндай тауардың елеулі көлемін жеткізу туралы шарттық міндеттемелерге байланысты екенін дәлелдейтін дәлелдемелерін қамтитын өтініш берген жағдайда бастауы мүмкін.

Экспорттаушы немесе өндіруші үшін жеке демпингтік маржаны белгілеу мақсатында қайта тергеп-тексеру жүргізу кезеңінде Одақтың кедендік аумағына тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды жеткізуге қатысты демпингке қарсы бажды мұндай қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша шешім қабылданғанға дейін осы экспорттаушы немесе өндіруші төлемейді. Бұл ретте қайта тергеп-тексеру жүргізу кезеңінде Одақтың кедендік аумағына әкелінген (кіргізілген) мұндай тауарға қатысты осы тармақта белгіленген ерекшеліктерді есепке ала отырып, кедендік әкелу баждарын төлеуді қамтамасыз ету үшін демпингке қарсы бажды төлеуді Еуразия экономикалық одақтың Кеден кодексінде көзделген тәртіппен қамтамасыз ету беріледі.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттердің кеден органдарын қайта тергеп-тексерудің басталатын күні туралы уақтылы хабардар етеді.

Демпингке қарсы бажды төлеуді қамтамасыз ету осы Хаттаманың 103-тармағына сәйкес белгіленген демпингке қарсы баждың бірыңғай мөлшерлемесі бойынша есептелген демпингке қарсы баж сомасының мөлшерінде ақшалай қаражатпен ( ақшамен) беріледі.

Егер қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша демпингке қарсы шараны қолдану туралы шешім қабылданған жағдайда, демпингке қарсы баж мұндай қайта тергеп-тексеру жүргізу кезеңі үшін төлеуге жатады. Қамтамасыз ету сомасы қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қабылданған демпингке қарсы шара қолдану туралы шешім күшіне енген күннен бастап демпингке қарсы баждың белгіленген мөлшерлемесіне сүйене отырып айқындалған мөлшерде демпингке қарсы бажды төлеу есебінен есепке жазуға және осы тармақтың ережелерін есепке ала отырып, осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есепке жатқызуға және бөлуге жатады.

Егер қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша одан демпингке қарсы бажды төлеуді қамтамасыз ету мөлшері айқындалған мөлшерлемеге қарағанда демпингке қарсы баждың барынша жоғары мөлшерлемесін енгізу орынды деп танылса, қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша белгіленген мөлшерлеме бойынша есептелген демпингке қарсы баж сомалары мен демпингке қарсы баждың бірыңғай мөлшерлемесі арасындағы айырма алынбайды.

Демпингке қарсы баждың белгіленген мөлшерлемесі бойынша есептелген демпингке қарсы баж сомасынан асатын қамтамасыз ету сомасы Еуразия экономикалық одағының Кеден кодексінде көзделген тәртіппен қайтаруға жатады.

Осы тармақта көзделген қайта тергеп-тексеру мүмкіндігінше 12 айдан аспайтын қысқа мерзімде жүргізіледі.

112. Дәлелдемелерді ұсыну мен демпингке қарсы тергеп-тексеру жүргізуге қатысты осы Хаттаманың VI бөлімінің ережелері тиісті айырмашылықтарды есепке ала отырып, осы Хаттаманың 107 — 113-тармақтарында көзделген қайта тергеп-тексерулерге қатысты қолданылады.

113. Осы Хаттаманың 107 - 112-тармақтарының ережелері тиісті айырмашылықтарды есепке ала отырып, осы Хаттаманың 90 — 99-тармақтарына сәйкес экспорттаушы қабылдаған міндеттемелерге қатысты қолданылады.

## **10. Демпингке қарсы шараны айналып өтуді анықтау**

114. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін демпингке қарсы шараны айналып өту деп демпингке қарсы бажды төлеуді не экспорттаушы қабылдаған баға міндеттемелерін орындауды айналып өту үшін тауарды жеткізу тәсілін өзгерту түсініледі.

115. Демпингке қарсы шараны айналып өтуді анықтау мақсатында қайта тергеп-тексеру мүдделі тұлғаның өтініші негізінде не тергеп-тексерулер жүргізетін органның жеке бастамасы бойынша жүргізіледі.

116. Осы Хаттаманың 115-тармағында көрсетілген өтініш мынадай дәлелдемелерді қамтуға тиіс:

1) демпингке қарсы шараны айналып өту;

2) демпингке қарсы шараның әрекетін оны айналып өту және осы фактордың мүше мемлекеттер нарығындағы ұқсас тауар өндірісінің көлеміне және (немесе) оны сатуға және (немесе) оның бағасына әсерінің салдарын бейтараптандыру;

3) демпингке қарсы шараны айналып өту нәтижесінде тауардың (осындай тауардың құрамдас және (немесе) туынды бөліктерінің) демпингтік импортының болуы. Бұл ретте тауардың, оның құрамдас және туынды бөліктерінің қалыпты құны ретінде салыстыру мақсатында нәтижелері бойынша Комиссия тиісті түзетулерді есепке ала отырып, демпингке қарсы шара енгізген тергеп-тексеру барысында айқындалған олардың қалыпты құны қабылданады.

117. Демпингке қарсы шараны айналып өтуді анықтау мақсатында қайта тергеп-тексеру ол басталған күннен бастап 9 ай ішінде аяқталуға тиіс.

118. Осы Хаттаманың 115 - 120-тармақтарына сәйкес жүргізілген қайта тергеп-тексеру кезеңінде Комиссия экспорттаушы үшінші елден Одақтың кедендік аумағынан импортталатын демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын тауардың құрамдас бөліктеріне және (немесе) туындыларына, сондай-ақ өзге экспорттаушы үшінші елден Одақтың кедендік аумағына импортталатын демпингтік

импорттың нысанасы болып табылған тауарға және (немесе) оның құрамдас бөліктеріне және (немесе) туындыларына алдын ала демпингке қарсы бажды алу үшін белгіленген тәртіппен алынатын демпингке қарсы бажды енгізуі мүмкін.

119. Егер осы Хаттаманың 115 - 120-тармақтарына сәйкес жүргізілген қайта тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингке қарсы шараны айналып өтуді анықтамаса, осы Хаттаманың 118-тармағына сәйкес және алдын ала демпингке қарсы баждарды алу үшін белгіленген тәртіппен төленген демпингке қарсы баж сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтаруға жатады.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттердің кеден органдарын демпингке қарсы шараны айналып өту анықталмағаны туралы уақтылы хабардар етеді.

120. Демпингке қарсы шара осы Хаттаманың 115 - 120-тармақтарына сәйкес жүргізілген қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша демпингке қарсы шараны айналып өту анықталған жағдайда, Комиссия демпингтік импорттың нысанасы болып табылған тауардың экспорттаушы үшінші елден Одақтың кедендік аумағына импортталатын құрамдас бөліктеріне және (немесе) туындыларына, сондай-ақ демпингтік импорттың нысанасы болып табылған тауарға және (немесе) өзге экспорттаушы үшінші елден Одақтың кедендік аумағына импортталатын оның құрамдас бөліктеріне және (немесе) туындыларына қолданылуы мүмкін. Комиссияның осы тармақта көрсетілген демпингке қарсы шараны енгізу туралы шешімі күшіне енген күннен бастап алдын ала демпингке қарсы баждарды алу үшін белгіленген тәртіппен төленген демпингке қарсы баждардың сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есепке жатқызуға және бөлуге жатады.

## **11. Демпингке қарсы бажды сiңiрудi белгiлеу**

**Ескерту. IV-бөлім 11-кіші бөліммен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

120<sup>1</sup>. Егер осы Хаттаманың 110-тармағында көзделген қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша демпингке қарсы шара енгізілгеннен немесе демпингке қарсы баж мөлшері өзгергеннен кейін 2 жылдан аспайтын уақыт өткен жағдайда мүдделі тұлға осы Хаттаманың 110-тармағында көзделген қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша демпингке қарсы шара енгізілгеннен немесе демпингке қарсы баж мөлшері өзгергеннен кейін Одақ нарығында экспорттық бағалардың төмендеуі немесе импортталған тауарды өткізу бағаларының төмендеуі, өзгеруінің болмауы немесе жеткіліксіз деңгейде көтерілуі тіркелгендігінің дәлелдемелері қамтылған өтініш беруге құқылы. Осы өтініштің негізінде демпингке қарсы бажды сiңiрудi белгiлеу мақсатында қайта тергеп-тексеру басталуы мүмкін.

120<sup>2</sup>. Демпингке қарсы бажды сіңіруді белгілеу мақсатында қайта тергеп-тексеру ол басталған күннен бастап 9 ай ішінде аяқталуға тиіс.

120<sup>3</sup>. Осы Хаттаманың 120<sup>1</sup>-тармағында көрсетілген Одақ нарығындағы экспорттық бағалардың немесе импортталған тауарды өткізу бағаларының серпіні туралы мәліметтер өтініш берілген күннің тікелей алдындағы кемінде 6 ай болатын кезең үшін осы Хаттаманың 120<sup>1</sup>-тармағына сәйкес өтініште ұсынылуға тиіс.

120<sup>4</sup> Демпингке қарсы бажды сіңіруді белгілеу үшін демпингке қарсы бажды сіңіруді белгілеу мақсатында қайта тергеп-тексеру барысында қаралатын кезеңдегі экспорттық бағаларды қолданыстағы демпингке қарсы баждың мөлшерін айқындау мақсаттары үшін пайдаланылған кезеңдегі экспорттық бағалармен салыстыру жүзеге асырылады. Осы салыстыру кезінде қажет болған жағдайда, өнім берудің шарттары мен сипаттамаларының, салық салудың, сауда операциялары сатыларының, сандық көрсеткіштердің, физикалық сипаттамалардың айырмашылығын, сондай-ақ осындай бағалардың салыстырмалылығына әсер ететін кез келген басқа да айырмашылықтарды ескере отырып, салыстырылатын экспорттық бағаларға түзету жүзеге асырылады. Демпингке қарсы бажды сіңіруді белгілеу мақсатында қайта тергеп-тексеру барысында қаралатын кезеңдегі экспорттық баға осы Хаттаманың 64 және 65-тармақтарына сәйкес айқындалады.

120<sup>5</sup>. Мүдделі тұлғалар демпингке қарсы бажды сіңіруді белгілеу мақсатында қайта тергеп-тексерудің басталғаны туралы хабарламада белгіленген мерзімдерде Одақ нарығындағы экспорттық бағаларды төмендетудің немесе импортталған тауарды өткізу бағаларын төмендетудің, өзгерісі болмауының немесе жеткіліксіз деңгейде жоғарылауының негіздемесін, оның ішінде қалыпты құнды өзгерту қажеттігінің дәлелдемелерін беруге құқылы. Мүдделі тұлғалар көрсетілген мерзім өткеннен кейін берген негіздемелер мен дәлелдемелерді тергеп-тексеру жүргізетін орган назарға алмауы мүмкін.

120<sup>6</sup>. Демпингке қарсы бажды сіңіру белгіленген жағдайда демпингтік маржа сіңіруді белгілеу мақсатында қайта тергеп-тексеру барысында қаралатын кезеңдегі экспорттық баға ескеріле отырып қайта есептеледі. Бұл ретте тауардың қалыпты құны ретінде демпингке қарсы бажды сіңіруді белгілеу мақсатында қайта тергеп-тексеру басталған күнге қолданыста болатын демпингке қарсы бажды есептеуге негіз болған демпингке қарсы тергеп-тексеру (оның ішінде осы Хаттаманың 110-тармағында көзделген қайта тергеп-тексеру) барысында айқындалған қалыпты құн қабылданады. Қалыпты құн осы Хаттаманың 120<sup>5</sup>-тармағына сәйкес оны өзгерту қажеттілігінің дәлелдемелері ұсынылған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

120<sup>7</sup>. Егер қайта есептелген демпингтік маржа қолданыстағы демпингке қарсы бажды белгілеуге негіз болған демпингтік маржаның мөлшерінен асып кетсе, Комиссия

қолданыстағы демпингке қарсы бажды осы айырманы жою үшін қажетті шамаға ұлғайтуға құқылы.

120<sup>8</sup>. Егер қайта есептелген демпингтік маржа қолданыстағы демпингке қарсы бажды белгілеуге негіз болған демпингтік маржаның мөлшерінен аспаса, демпингке қарсы шара қолданысын өзгеріссіз жалғастырады.

## **V. Өтемақы шаралары**

121. Мыналар:

1) субсидиялаушы орган жүзеге асыратын, субсидия алушыға қосымша артықшылықтар беретін және экспорттаушы үшінші елдің аумағы шегінде көрсетілетін , оның ішінде:

ақша қаражатын (оның ішінде дотация, қарыздар және акцияларды сатып алу түрінде) немесе осындай қаражатты (оның ішінде қарыздар бойынша кепілдеме түріндегі) аудару бойынша міндеттемелерді тікелей аудару;

экспортталатын тауарды ішкі тұтынуға арналған ұқсас тауардан алынатын салықтардан немесе баждардан босату жағдайларын қоспағанда не осындай салықтарды немесе баждарды нақты төленген сомалардан аспайтын мөлшерде азайтуды немесе қайтаруды қоспағанда, экспорттаушы үшінші елдің кірісіне түсуге тиіс болатын (оның ішінде салықтық кредиттерді ұсыну арқылы) қаражатты есептен шығару не алып қоюдан толық немесе ішінара бас тарту;

жалпы инфрақұрылымды, яғни нақты өндірушімен және (немесе) экспорттаушымен байланысты емес инфрақұрылымды қолдау мен дамытуға арналған тауарларды не көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, тауарларды не көрсетілетін қызметтерді жеңілдікпен немесе өтеусіз ұсыну;

тауарларды жеңілдікпен сатып алу нысанындағы;

2) субсидия алушыға қосымша артықшылықтар беретін, тікелей немесе жанама нәтижесі экспорттаушы үшінші елден тауар экспортын ұлғайту немесе осы үшінші елге ұқсас тауар импортын қысқарту болып табылатын кірістерді немесе бағаларды қолдаудың кез келген нысанындағы қаржылық жәрдемдесу субсидия деп түсініледі.

### **1. Экспорттаушы үшінші елдің субсидияларын өзіндік ерекшелікті субсидияға жатқызу қағидағтары**

122. Егер субсидиялаушы орган немесе экспорттаушы үшінші елдің заңнамасы субсидияны пайдалануға тек жекелеген ұйымдарды жіберетін болса, экспорттаушы үшінші елдің субсидиясы ерекше болып табылады.

123. Осы бөлімде жекелеген ұйымдар деп нақты өндірушіні және (немесе) экспорттаушыны не экспорттаушы үшінші ел экономикасының нақты саласын не

өндірушілер және (немесе) экспорттаушылар тобын (одағын, бірлестігін) не экспорттаушы үшінші елдің экономика салаларын білдіреді.

124. Егер осы субсидияны пайдалануға жіберілген жекелеген ұйымдардың саны субсидиялаушы органның заңды иелігіндегі белгілі бір географиялық өңірде орналасқан ұйымдармен шектелсе, субсидия ерекше болып табылады.

125. Егер экспорттаушы үшінші елдің заңнамасы немесе субсидиялаушы орган жалпы объективті критерийлерді не субсидияны алу құқығын және оның мөлшерін (оның ішінде өнімдер өндірумен айналысатын жұмыскерлер санына немесе өнімдер шығару көлеміне қарай) айқындайтын шарттарды белгілесе және ол қатаң сақталса, субсидия ерекше болып табылмайды.

126. Кез келген жағдайда экспорттаушы үшінші елдің субсидиясы, егер мұндай субсидияны ұсыну:

1) субсидияны пайдалануға рұқсат берілген жекелеген ұйымдар санының шектелуімен;

2) жекелеген ұйымдардың субсидияны артықшылықпен пайдалануымен;

3) жекелеген ұйымдарға субсидияның тепе-тең емес үлкен сомасын ұсынуымен;

4) субсидиялаушы органның жекелеген ұйымдарға субсидияны ұсынудың жеңілдікті (преференциялық) тәсілін таңдап алуымен сүйемелденсе, өзіндік ерекшелікті субсидия болып табылады.

127. Экспорттаушы үшінші елдің кез келген субсидиясы, егер:

1) субсидия экспорттаушы үшінші елдің заңнамасына сәйкес не іс жүзінде жалғыз шарттың немесе бірнеше шарттың біреуі ретінде тауар экспортымен байланысты болса. Субсидия, егер оны экспорттаушы үшінші елдің заңнамасына сәйкес тауар экспортына байланысты болмайтын беру практикада тауардың болған немесе болашақта мүмкін болатын экспортымен не экспорттық пайдамен байланысты болса, тауар экспортына іс жүзінде байланысты болып есептеледі. Экспорттаушы кәсіпорындарға субсидияны беру фактісінің өзі осы тармақтың ұғымында тауардың экспортына байланысты субсидияны беруді білдірмейді;

2) субсидия экспорттаушы үшінші елдің заңнамасына сәйкес не импортталатын тауарлардың орнына экспорттаушы үшінші елде шығарылған тауарлар пайдаланыла отырып, іс жүзінде жалғыз шарттың немесе бірнеше шарттың біреуі ретінде байланысты болса, өзіндік ерекшелікті субсидия болып табылады.

128. Тергеп-тексерулер жүргізетін органның экспорттаушы үшінші елдің субсидиясын өзіндік ерекшелікті субсидияға жатқызу туралы шешімі дәлелдемелерге негізделуге тиіс.

## **2. Өзіндік ерекшелікті субсидияның мөлшерін айқындау қағидаттары**

129. Өзіндік ерекшелікті субсидия мөлшері мұндай субсидия алушыға түсетін пайданың мөлшері негізінде айқындалады.

130. Өзіндік ерекшелікті субсидия алушыға түсетін пайданың мөлшері мынадай қағидаттар негізінде айқындалады:

1) субсидиялаушы органның ұйымның капиталына қатысуы, егер мұндай қатысу экспорттаушы үшінші елдің аумағындағы қалыпты инвестициялық практикаға (тәуекел капиталын ұсынуды қоса алғанда) жауап бермейтін қатысу ретінде бағалануы мүмкін болмаса, пайданы беру ретінде қарастырылмайды;

2) субсидиялайтын орган берген кредит, егер кредит алушы ұйым мемлекеттік кредит үшін төлейтін сома мен осы ұйым экспорттаушы үшінші елдің кредиттік нарығында алуы мүмкін салыстырмалы коммерциялық кредит үшін төлейтін соманың арасында айырма жоқ болса, пайданы беру ретінде қаралмайды. Бұлай болмаған жағдайда, осы сомалардың арасындағы айырма пайда болып саналады;

3) субсидиялаушы органның кредитті кепілдендіруі, егер кепілдікті алушы ұйым субсидиялаушы орган кепілдендірген кредит үшін төлейтін сома мен осы ұйым коммерциялық кредит үшін мемлекеттік кепілдіксіз төлеуі мүмкін соманың арасында айырма жоқ болса, пайданы беру ретінде қаралмайды. Бұлай болмаған жағдайда, комиссиялық айырмада осы сомалардың арасындағы түзетуі бар айырма пайда болып саналады;

4) субсидиялаушы органның тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізуі не тауарларды сатып алуы, егер тек тауарлар немесе көрсетілген қызметтер барабар сыйақыдан төмен бағаға жеткізілмесе не сатып алу барабар сыйақыдан асырып жүзеге асырылмаса, пайда беру ретінде қаралмайды. Сыйақының баламалылығы осындай тауарлар мен қызметтерді экспорттаушы үшінші елдің нарығында сатып алудың және сатудың бағаны, сапаны, қолжетімділікті, өтімділікті, тасымалдауды және тауарды сатып алудың немесе сатудың басқа да шарттарын қоса алғанда, сол кездегі нарықтық жағдайларға сүйене отырып айқындалады.

**Ескерту. 130-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

### **3. Субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды анықтау**

131. Осы бөлімнің мақсаттары үшін мүше мемлекеттердің экономика саласына залал деп мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал, оны келтіру қаупі немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі түсіндіріледі.

132. Субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына залал субсидияланатын импорттың көлемін және субсидияланатын импорттың мүше мемлекеттер нарығындағы ұқсас тауар бағасына әсерін, сондай-ақ субсидияланатын импорттың мүше мемлекеттердегі ұқсас тауар өндірушілерге осыған негізделген әсерін талдау нәтижелерінің негізінде анықталады.

**Ескерту. 132-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

133. Субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалды айқындау мақсатында мәліметтер талданатын тергеп-тексеру кезеңін тергеп-тексерулер жүргізетін орган белгілейді.

134. Субсидияланатын импорттың көлемін талдау кезінде тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың субсидияланатын импортының айтарлықтай ұлғаюы болғанын не болмағанын айқындайды (абсолютті көрсеткіштерде не өндіріске немесе мүше мемлекеттерде ұқсас тауарды өндіруге немесе тұтынуға қатысты).

135. Егер бір мезгілде жүргізілетін тергеп-тексерулердің нысанасы қандай да бір тауарды көп дегенде бір экспорттаушы үшінші елден Одақтың кедендік аумағына субсидияланатын импорт болып табылса, тергеп-тексерулер жүргізетін орган, егер:

1) осы тауарға әрбір экспорттаушы үшінші елдегі субсидияның мөлшері оның құнының 1 пайызынан астамын құрайтыны, ал әрбір экспорттаушы үшінші елден субсидияланатын импорт көлемі осы Хаттаманың 228-тармағына сәйкес елеусіз болып табылмайтыны;

2) субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын тауар импортының жиынтық әсер етуін бағалау импорттық тауарлар арасындағы бәсекелестік шарттары мен импорттық тауар және мүше мемлекеттерде шығарылған ұқсас тауар арасындағы бәсекелестік шарттарын есепке алғанда мүмкін болып табылатыны анықталса, осындай импорттың жиынтықты әсерін бағалай алады.

136. Мүше мемлекеттер нарығындағы ұқсас тауар бағасына субсидияланатын импорттың әсерін талдау кезінде тергеп-тексерулер жүргізетін орган:

1) субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын тауар бағасы мүше мемлекеттер нарығындағы ұқсас тауардың бағасынан айтарлықтай төмен болғандығын;

2) субсидияланатын импорт мүше мемлекеттер нарығында ұқсас тауар бағасының айтарлықтай төмендеуіне алып келгенін;

3) субсидияланатын импорт мұндай импорт болмаған жағдайда орын алатын мүше мемлекеттер нарығында ұқсас тауардың бағасының айтарлықтай өсуіне кедергі келтіргенін анықтайды.

137. Субсидияланатын импорттың мүше мемлекеттердің экономика саласына әсерін талдау:

тауарды өндірудің, сатудың, мүше мемлекеттер нарығындағы тауар үлесінің, пайданың, өнімділіктің, инвестициялардан немесе өндірістік қуаттарды пайдаланудан түсетін кірістің орын алған немесе болашақтағы ықтимал қысқаруын;

мүше мемлекеттер нарығындағы тауар бағасына әсер ететін факторларды;

ақша ағындарының қозғалысына, тауар қорларына, жұмыспен қамтылу деңгейіне, жалақыға, тауар өндірісінің өсу қарқынына, капиталды тарту және (немесе) инвестицияларды жүзеге асыру мүмкіндігіне орын алған немесе болашақтағы ықтимал теріс әсер етуін қоса алғанда, мүше мемлекеттердің экономика саласының жай-күйіне



қатысы бар барлық экономикалық факторлар мен көрсеткіштерді бағалау болып табылады.

Көрсетілген факторлар мен көрсеткіштердің тізбесі түпкілікті болып табылмайды. Бұл ретте субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды анықтау үшін бірде-бір фактор да, бірнеше фактор да шешуші мәнге ие бола алмайды.

Өтемақы шарасының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайта тергеп-тексеру мақсаттары үшін, оның ішінде бұрын орын алған субсидияланатын импорттың әсерінен кейін мүше мемлекеттердің экономика саласының экономикалық жағдайын қалпына келтіру дәрежесі де талданады.

**Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

138. Субсидияланатын импорттың мүше мемлекеттердің экономика саласына әсері, егер қолда бар деректер өндірістік процесс, тауарды оның өндірушілерінің сатуы мен пайдасы сияқты критерийлердің негізінде ұқсас тауарларды өндіруді бөліп алуға мүмкіндік берсе, мүше мемлекеттерде ұқсас тауарды шығаруға қатысты бағаланады.

Егер қолда бар деректер ұқсас тауарды өндіруді бөліп алуға мүмкіндік бермесе, субсидияланатын импорттың мүше мемлекеттердің экономика саласына ықпал етуі өзіне ұқсас тауар мен олар туралы қажетті деректерді қамтитын тауарлардың неғұрлым шағын тобын немесе номенклатурасын шығаруға қатысты бағаланады.

139. Субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіру қатері анықталған кезде тергеп-тексеру жүргізетін орган қолда бар барлық факторларды, оның ішінде мынадай факторларды:

субсидияның немесе субсидиялардың сипатын, мөлшерін және олардың саудаға ықтимал әсерін;

субсидияланатын импорттың айтарлықтай ұлғаюының нақты мүмкіндігін растайтын мұндай импорттың айтарлықтай өсу қарқынын;

субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын тауарды экспорттаушыда жеткілікті экспорттық мүмкіндіктердің болуын немесе басқа экспорттық нарықтардың осы тауардың кез келген қосымша экспортын қабылдау қабілетін ескере отырып, осы тауардың субсидияланатын импортын елеулі түрде ұлғайтудың нақты мүмкіндігін растайтын олардың елеулі ұлғаюының айқын бұлтартпастығын;

егер субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын тауар бағасының деңгейі мүше мемлекеттердің нарығында ұқсас тауар бағасының айтарлықтай төмендеуіне немесе тежелуіне және субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын тауарға сұраныстың одан әрі өсуіне алып келуі мүмкін болса, мұндай баға деңгейін;

субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын тауар қорларын ескереді.

Бұл ретте осы факторлардың ешқайсысы субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіру қатерін анықтау үшін шешуші мәнге ие бола алмайды.

**Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

140. Мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіру қаупінің бар екені туралы шешім, егер осы Хаттаманың 139-тармағында көрсетілген факторларды талдау нәтижелері бойынша тергеп-тексеру барысында тергеп-тексерулер жүргізетін орган субсидияланатын импортты жалғастырудың бұлтартпастығы және мұндай импорттың өтемақы шараларын қолданбаған жағдайда, мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіретіні туралы қорытындыға келген жағдайда қабылданады.

141. Субсидияланатын импорт пен мүше мемлекеттердің экономика саласына залал арасындағы себеп-салдарлық байланыстың болуы туралы қорытынды іске қатысы бар және тергеп-тексерулер жүргізетін органның иелігіндегі барлық дәлелдемелер мен мәліметтерді талдауға негізделуге тиіс.

142. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган субсидияланатын импорттан басқа оның салдарынан дәл сол кезеңде мүше мемлекеттердің экономика саласына залал келтірілетін басқа да белгілі факторларды талдайды.

Осы факторлардың салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залал Одақтың кедендік аумағына субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалға жатқызылмауға тиіс.

#### **4. Алдын ала өтемақы бажын енгізу**

143. Егер тергеп-тексеру аяқталғанға дейін тергеп-тексерулер жүргізетін орган алған ақпарат субсидияланатын импорттың болуы және осы импортқа негізделген мүше мемлекеттердің экономика саласына залал туралы куәландырса, Комиссия осы Хаттаманың 7-тармағында көрсетілген баяндаманың негізінде тергеп-тексеру жүргізілген кезеңде субсидияланатын импорт келтірген мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды болғызбау мақсатында 4 айға дейінгі мерзімде алдын ала өтемақы бажын енгізу арқылы өтемақы шарасын қолдану туралы шешім қабылдайды.

144. Алдын ала өтемақы бажы тергеп-тексеру басталған күннен бастап күнтізбелік 60 күннен бұрын енгізілмеуге тиіс.

145. Алдын ала өтемақы бажы субсидияланатын және экспортталатын тауардың бірлігіне экспорттаушы үшінші елдің өзіндік ерекшелікті субсидиясының алдын ала есептелген шамасына тең мөлшерде енгізіледі.

146. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган өтемақы шарасын енгізу үшін негіздер жоқ екенін анықтаса не осы Хаттаманың 272-

тармағына сәйкес өтемақы шарасын қолданбау туралы шешім қабылдаса, алдын ала өтемақы бажының сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтарылуға жатады.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттердің кеден органдарын өтемақы шарасын енгізу үшін негіздер жоқ екені не Комиссияның өтемақы шарасын қолданбау туралы шешім қабылдағаны туралы уақтылы хабардар етеді.

147. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залал келтіру немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі қаупінің болуы негізінде өтемақы шарасын қолдану туралы шешім қабылданса, алдын ала өтемақы бажының сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтарылуға жатады.

148. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалдың немесе оны келтіру қаупінің болуы негізінде (алдын ала өтемақы бажын енгізбеу мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалдың болуын айқындауға алып келуі жағдайында) өтемақы шарасын қолдану туралы шешім қабылданса, алдын ала өтемақы бажының сомалары өтемақы бажын қолдану туралы шешім күшіне енген күннен бастап осы Хаттаманың 149 және 150-тармақтарының ережелерін есепке ала отырып, осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есепке жатқызуға және бөлуге жатады.

149. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша алдын ала өтемақы бажының мөлшерлемесіне қарағанда өтемақы бажының барынша төмен мөлшерлемесін енгізу орынды деп танылса, өтемақы бажының белгіленген мөлшерлемесі бойынша есептелген өтемақы бажының сомасына сәйкес келетін алдын ала өтемақы бажының сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есепке жатқызуға және бөлуге жатады.

Өтемақы бажының белгіленген мөлшерлемесі бойынша есептелген өтемақы бажы сомасынан асатын алдын ала өтемақы бажының сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтарылуға жатады.

150. Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша алдын ала өтемақы бажы мөлшерлемесіне қарағанда өтемақы бажының барынша жоғары мөлшерлемесін енгізу орынды деп танылса, өтемақы бажы мен алдын ала өтемақы бажы сомалары арасындағы айырма алынбайды.

151. Алдын ала өтемақы бажы тергеп-тексеру бір уақытта жалғастырылған жағдайда қолданылады.

152. Алдын ала өтемақы бажы осы Хаттаманың 164 - 168-тармақтарына сәйкес қолданылады.

153. Алдын ала өтемақы бажын енгізу туралы шешім, әдетте, тергеп-тексеру басталған күннен бастап 7 айдан кешіктірмей қабылданады.

## **5. Субсидиялаушы үшінші елдің немесе тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушының ерікті міндеттемелерді қабылдауы**

154. Комиссия тергеп-тексерулер жүргізетін органның мынадай ерікті міндеттемелердің бірін алғанын мақұлдағаны туралы шешім қабылдаған кезде (жазбаша нысанда) тергеп-тексеру өтемақы бажын енгізбей-ақ тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін:

экспорттаушы үшінші ел субсидиялауды жоюға немесе қысқартуға немесе субсидиялау салдарын жою мақсатында тиісті шаралар қабылдауға келіседі;

тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушы мұндай тауарға өзі белгілеген бағаны қайта қарауға келіседі (мүше мемлекеттердегі тұлғалар экспорттаушымен байланысты болғанда, осы тұлғалардың экспорттаушының бағаларды қайта қарауы туралы міндеттемелерін қолдауын қамтамасыз етеді), осылайша экспорттаушы қабылдаған міндеттемелерді талдау нәтижесінде тергеп-тексерулер жүргізетін орган осындай ерікті міндеттемелерді қабылдау мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды жояды деген қорытындыға келеді.

Тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар бағасын арттыру, мұндай ерікті міндеттемелерге сәйкес экспорттаушы үшінші елдің субсидияланатын және экспортталатын тауар бірлігіне қатысты есептелген өзіндік ерекшелікті субсидия мөлшерінен аспауға тиіс.

Тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар бағасын арттыру, егер мұндай арттыру мүше мемлекеттердің экономика саласына залалды жою үшін жеткілікті болып табылса, экспорттаушы үшінші елдің субсидияланатын және экспортталатын тауар бірлігіне есептелген өзіндік ерекшелікті субсидия мөлшеріне қарағанда аз болуы мүмкін.

155. Комиссия ерікті міндеттемелерді мақұлдау туралы шешімді тергеп-тексерулер жүргізетін орган субсидияланатын импорт пен осыған байланысты мүше мемлекеттердің экономика саласына залалдың болуы туралы алдын ала қорытындыға келмегенге дейін қабылдамайды.

Комиссия тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушының ерікті міндеттемелерін мақұлдау туралы шешімді экспорттаушы үшінші елдің уәкілетті органының осы Хаттаманың 154-тармағының үшінші абзацында көрсетілген міндеттемелерді экспорттаушылардың қабылдауына келісімі алынғанға дейін қабылдамайды.

156. Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды нақты немесе әлеуетті экспорттаушылар санының көп болуына байланысты немесе өзге де себептер бойынша оларды мақұлдаудың қолайсыздығы туралы қорытындыға келсе, Комиссия ерікті міндеттемелерді мақұлдау туралы шешімді қабылдамайды.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүмкіндігінше экспорттаушыларға олардың ерікті міндеттемелерін мақұлдау қолайсыз деп танылған себептерді хабарлайды және оларға осыған байланысты түсініктемелер беруге мүмкіндік береді.

157. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган экспорттаушының әрқайсысына және ерікті міндеттемелерді қабылдаған экспорттаушы үшінші елдің уәкілетті органына оны мүдделі тұлғаларға беруге мүмкіндік алу үшін олардың құпия емес болжамын ұсыну туралы сұрау жібереді.

158. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган экспорттаушы үшінші елге немесе тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар экспорттаушысына ерікті міндеттемелерді қабылдауды ұсына алады, бірақ оларды қабылдауды талап ете алмайды.

159. Комиссия ерікті міндеттемелерді мақұлдау туралы шешім қабылдаған жағдайда, өтемақылық тергеп-тексеру экспорттаушы үшінші елдің өтініші бойынша немесе тергеп-тексерулер жүргізетін органның шешімі бойынша жалғастырылуы мүмкін.

Егер тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган субсидияланатын импорттың немесе оған негізделген мүше мемлекеттердің экономика саласына бұдан келген залалдың жоқ екені туралы қорытындыға келген жағдайда, экспорттаушы үшінші ел немесе ерікті міндеттемелерді қабылдаған экспорттаушылар, аталған қорытынды айтарлықтай дәрежеде мұндай мән-жайлардың болуының нәтижесі болып табылатын жағдайды қоспағанда, мұндай міндеттемелерден автоматты түрде босатылады. Егер жасалған қорытынды айтарлықтай дәрежеде ерікті міндеттемелердің болуының нәтижесі болып табылатын жағдайда, Комиссия мұндай мән-жайлар қажетті уақыт кезеңі ішінде күшінде қалуға тиіс деген шешімді қабылдауы мүмкін.

160. Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру нәтижелері бойынша субсидияланатын импорттың немесе оған негізделген мүше мемлекеттердің экономика саласына бұдан келген залалдың бар екені туралы қорытындыға келген жағдайда, қабылданған ерікті міндеттемелер солардың шарттарына және осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес қолданысын жалғастырады.

161. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган ерікті міндеттемелерін Комиссия мақұлдаған экспорттаушы үшінші елден немесе экспорттаушыдан олардың орындалуына қатысты мәліметтерді, сондай-ақ осы мәліметтерді тексеруге келісімін сұратуға құқылы.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган белгілеген мерзімде сұратылған мәліметтерді ұсынбау, сондай-ақ осы мәліметтерді тергеп-тексеруге келісім бермеу экспорттаушы үшінші елдің немесе экспорттаушының қабылданған ерікті міндеттемелерді бұзуы болып саналады.

162. Экспорттаушы үшінші ел немесе экспорттаушы ерікті міндеттемелерді бұзған не мұндай міндеттемелерді кері қайтарып алған жағдайда, Комиссия алдын ала

өтемақы бажын (егер тергеп-тексеру әлі аяқталмаса) немесе өтемақы бажын (егер тергеп-тексерудің түпкілікті нәтижелері оны енгізу үшін негіздердің бар екенін куәландырса) енгізу арқылы өтемақы шарасын қолдану туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Экспорттаушы үшінші елге немесе экспорттаушыға, олар қабылдаған ерікті міндеттемелерді бұзған жағдайда, осы бұзушылыққа байланысты өз түсініктемелерін беру мүмкіндігі беріледі.

163. Комиссияның ерікті міндеттемелерді мақұлдау туралы шешімінде алдын ала өтемақы бажының немесе өтемақы бажының мөлшерлемесі белгіленуге тиіс, олар осы Хаттаманың 162-тармағына сәйкес енгізілуі мүмкін.

Комиссияның ерікті міндеттемелерді мақұлдау туралы шешімінде экспорттаушы туралы, ал қажет болған кезде өндіруші туралы мәліметтерді растау мақсаттары үшін қажетті құжат және осындай құжатты толтыруға қойылатын талаптар айқындалуы мүмкін.

**Ескерту. 163-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **6. Өтемақы бажын енгізу және қолдану**

164. Комиссия өтемақы бажын енгізу туралы шешімді, егер экспорттаушы үшінші ел өзіндік ерекшелікті субсидияны кері қайтарып алса, қабылдамайды.

165. Өтемақы бажын енгізу туралы шешім өзіндік ерекшелікті субсидияны беретін экспорттаушы үшінші елге консультациялар жүргізу ұсынылған, алайда бұл ел олардан бас тартқан немесе оларды жүргізу барысында өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген соң қабылданады.

166. Өтемақы бажы барлық экспорттаушылар жеткізетін тауарға (ерікті міндеттемелерін Комиссия мақұлдаған экспорттаушылар жеткізетін тауарды қоспағанда) қатысты қолданылады және мүше мемлекеттердің экономика саласына залал келтіретін субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылады.

Жекелеген экспорттаушылар жеткізетін тауарларға қатысты Комиссия өтемақы бажы мөлшерлемесінің дербес мөлшерін белгілеуі мүмкін.

Өтемақы бажының мұндай мөлшерлемесінің жеке мөлшері белгіленген кезде Комиссия өтемақы бажы мөлшерлемесінің жеке мөлшері белгіленген экспорттаушы туралы, ал қажет болған кезде өндіруші туралы мәліметтерді растау мақсаттары үшін қажетті құжатты және осындай құжатты толтыруға қойылатын талаптарды айқындауға құқылы.

**Ескерту. 166-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

167. Өтемақы бажының мөлшерлемесі субсидияланатын және экспортталатын тауар бірлігіне есептелген экспорттаушы үшінші елдің өзіндік ерекшелікті субсидиясының мөлшерінен аспауға тиіс.

Егер субсидиялар түрлі субсидиялау бағдарламаларына сәйкес берілетін жағдайда, олардың жиынтық мөлшері ескеріледі.

Өтемақы бажының мөлшерлемесі, егер мұндай мөлшерлеме мүше мемлекеттердің экономика саласына келтіретін залалды жою үшін жеткілікті болып табылса, экспорттаушы үшінші елдің өзіндік ерекшелікті субсидиясының мөлшерінен кем болуы мүмкін.

168. Өтемақы бажының мөлшерлемесін айқындаған кезде мүше мемлекеттердің өтемақы бажын енгізу олардың экономикалық мүдделеріне әсер етуі мүмкін тұтынушыларының тергеп-тексерулер жүргізетін органға жазбаша түрде келіп түскен пікірлері ескеріледі.

169. Өтемақы бажы, егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру нәтижелері бойынша осы тауарға қатысты бір уақытта төмендегілерді анықтаған болса, алдын ала өтемақы бажы енгізілген күнге дейін күнтізбелік 90 күн бұрын, орналастыру шарты өтемақы бажын төлеу болып табылатын кедендік рәсімдерге орналастырылған тауарларға қатысты қолданылуы мүмкін:

1) салыстырмалы қысқа уақыт ішінде едәуір өскен, оған қатысты өзіндік ерекшелікті субсидиялар төленетін немесе берілетін тауар импортымен келтірілген, кейіннен жойылуы қиын болатын залал;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген импортталатын тауарға қатысты залалдың қайталануын болғызбау мақсатында өтемақы бажын қолдану қажет.

170. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру басталған күннен кейін Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында осы Хаттаманың 169-тармағына сәйкес тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарға қатысты өтемақы бажын қолдану мүмкіндігі туралы ескертуі бар хабарлама жариялайды.

Мұндай хабарламаны жариялау туралы шешімді тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттер экономика саласының осы Хаттаманың 169-тармағында көрсетілген талаптар орындалуының жеткілікті дәлелдемелерін қамтитын сұрау салуы бойынша немесе тергеп-тексерулер жүргізетін органның иелігінде осындай дәлелдемелер болған кезде өз бастамасы бойынша қабылдайды.

Өтемақы бажы осы тармақта көрсетілген хабарлама ресми жарияланған күнге дейін орналастыру шарты өтемақы бажын төлеу болып табылатын, кедендік рәсімдерге байланысты орналастырылған тауарларға қатысты қолданылмайды.

**Ескерту. 170-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

171. Мүше мемлекеттердің заңнамасында осы Хаттаманың 169-тармағына сәйкес мүдделі тұлғаларға өтемақы бажының қолданылу мүмкіндігі туралы хабарлаудың қосымша тәсілдері белгіленуі мүмкін.

7. Өтемақы шарасының қолданылу мерзімі және оны қайта қарау

172. Өтемақы шарасы Комиссияның шешімі бойынша субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтіретін залалды жою үшін қажетті мөлшер мен мерзім ішінде қолданылады.

173. Өтемақы шарасының қолданылу мерзімі мұндай шараны қолданған күннен бастап немесе өзгерген жағдайларға байланысты және бір мезгілде субсидияланатын импорттың талдауына және оған байланысты мүше мемлекеттердің экономика саласына келтіретін залалға қатысты болған немесе өтемақы шарасының қолданыста болу мерзімінің аяқталуына байланысты жүргізілген қайталап тергеп-тексеру аяқталған күннен бастап 5 жылдан аспауға тиіс.

174. Өтемақы шарасының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайталап тергеп-тексеру осы Хаттаманың 186 - 198-тармақтарына сәйкес берілген (жазбаша нысандағы) өтініш негізінде не тергеп-тексеру жүргізіп жатқан органның жеке бастамасы бойынша жүргізіледі.

Өтемақы шарасының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайталап тергеп-тексеру өтініште өтемақы шарасының қолданылуы тоқтатылған жағдайда субсидияланатын импорттың қайта басталу не жалғасу және мүше мемлекеттердің экономика саласына залал келтіру мүмкіндігі туралы мәліметтер болғанда жүргізіледі.

Өтемақы шарасының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайталап тергеп-тексеру жүргізу туралы өтініш өтемақы шарасының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 6 айдан кешіктірмей беріледі.

Қайталап тергеп-тексеру өтемақы шарасының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін басталуы және ол басталған күннен бастап 12 ай ішінде аяқталуға тиіс.

Осы тармаққа сәйкес жүргізілетін қайталап тергеп-тексеру аяқталғанға дейін өтемақы шарасының қолданылуы Комиссия шешімі бойынша ұзартылады. Тиісті өтемақы шарасының қолданылуы ұзартылатын мерзім ішінде алдын ала өтемақы бажын алып қою үшін белгіленген тәртіппен өтемақы бажының мөлшерлемелері бойынша өтемақы шарасының қолданылуына байланысты белгіленген өтемақы баждары төленеді, бұл шараның қолданылу мерзімі қайталап тергеп-тексерудің жүргізілуіне байланысты ұзартылады.

Егер өтемақы шарасының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайталап тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган өтемақы шарасын қолдану үшін негіздемелер жоқ деп белгілеген немесе осы Хаттаманың 272-тармағына сәйкес өтемақы шарасын қолданбау туралы шешім қабылдаған жағдайда, өтемақы шарасын қолдану ұзартылған мерзім ішінде алдын ала өтемақы баждарын алу үшін белгіленген тәртіппен алынатын өтемақы бажының сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтарылуға жатады.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттердің кеден органдарын өтемақы шарасын қолдану не Комиссия өтемақы шарасын қолданбау туралы шешім қабылдау үшін негіздер жоқ екені туралы уақтылы хабардар етеді.



Егер өтемақы шарасының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қайталап тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган субсидияланатын импорт пен мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалдың қайта басталу немесе жалғасу мүмкіндігін анықтаған жағдайда Комиссия өтемақы шарасының қолданысын ұзартады. Комиссияның өтемақы шарасын ұзарту туралы шешімі күшіне енген күннен бастап алдын ала өтемақы баждарын алу үшін белгіленген тәртіппен өтемақы шарасын қолдануға ұзартылған мерзім ішінде өтемақы баждарының сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есептеуге және бөлуге жатады.

175. Егер өтемақы шарасы енгізілгеннен кейін кемінде 1 жыл өткен жағдайда мүдделі тұлғаның өтініші бойынша немесе тергеп-тексерулер жүргізетін органның бастамасы бойынша өтемақы шарасын қолданудың орындылығын анықтау және (немесе) өзгерген жағдайларға байланысты оны қайта қарау (оның ішінде өтемақы бажы мөлшерлемесінің дербес мөлшерін қайта қарау) мақсатында қайталап тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін.

Өзгерген жағдайларға байланысты қайталап тергеп-тексеру жүргізу туралы өтінішті беру мақсатына қарай мұндай өтініште мыналар:

өтемақы шарасын қолдануды жалғастырудың субсидияланатын импортқа қарсы іс-қимылы және субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалды жою үшін талап етілмейтіндігінің;

өтемақы шарасының қазіргі мөлшерінің субсидияланатын импортқа қарсы іс-қимылы және субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалды жою үшін жеткілікті мөлшерден асып түсетіндігінің;

қазіргі өтемақы шарасының субсидияланатын импортқа қарсы іс-қимылы және субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген залалды жою үшін жеткіліксіздігінің дәлелдемелері болуға тиіс.

Өзгерген жағдайларға байланысты қайталап тергеп-тексеру ол басталған күннен бастап 12 ай ішінде аяқталуға тиіс.

176. Осы Хаттаманың VI бөлімінің дәлелдемелерді ұсынуға және тергеп-тексеруді жүргізуге қатысты ережелері осы Хаттаманың 172 - 178-тармақтарында көзделген қайталап тергеп-тексеруге қатысты тиісті айырмашылықтарды есепке ала отырып қолданылады.

177. Осы Хаттаманың 172 - 178-тармақтарының ережелері осы Хаттаманың 154 - 163-тармақтарына сәйкес экспорттаушы үшінші ел немесе экспорттаушы қабылдаған міндеттемелерге қатысты тиісті айырмашылықтарды есепке ала отырып қолданылады.

178. Қайталап тергеп-тексеру оған қатысты өтемақы шарасы қолданылып отырған, бірақ ынтымақтасудан бас тартудан басқа, өзге себептер бойынша тергеп-тексеру жүргізілмеген экспорттаушы үшін өтемақы бажының дербес мөлшерлемесінің мөлшерін белгілеу мақсатында жүргізілуі мүмкін. Мұндай қайталап тергеп-тексеруді

аталған экспорттаушының өтініші бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган бастауы мүмкін.

## **8. Өтемақы шарасын айналып өтуді анықтау**

179. Осы бөлімнің мақсаттары үшін өтемақы шарасын айналып өту деп өтемақы бажын төлеуден немесе қабылданған ерікті міндеттемелерді орындаудан жалтару үшін тауарды жеткізу тәсілін өзгерту түсініледі.

180. Өтемақы шарасын айналып өтуді анықтау мақсатында қайталап тергеп-тексеру мүдделі тұлғаның өтініші бойынша немесе тергеп-тексерулер жүргізетін органның жеке бастамасы бойынша басталуы мүмкін.

181. Осы Хаттаманың 180-тармағында көрсетілген өтініште:

1) өтемақы шарасын айналып өтудің;

2) өтемақы шарасының (оны айналып өтудің салдарынан) өндіріс көлеміне және (немесе) мүше мемлекеттер нарығындағы ұқсас тауардың сатылуына және (немесе) бағаларына әсерін бейтараптандырудың;

3) тауар (осындай тауардың құрамдас бөліктерінің және (немесе) туындыларының) өндірушісінде және (немесе) экспорттаушысында өзіндік ерекшелікті субсидияны беру пайдасы сақталатындығының дәлелдемелері болуға тиіс.

182. Осы Хаттаманың 179 - 185-тармақтарына сәйкес жүргізілетін қайталап тергеп-тексеру кезеңіне Комиссия алдын ала өтемақы бажын алу үшін белгіленген тәртіппен алынатын субсидияланатын импорттың нысанасы болған, экспорттайтын үшінші елден Одақтың кедендік аумағына импортталатын тауардың құрамдас бөліктеріне және (немесе) туындыларына арналған, сондай-ақ өзге экспорттайтын үшінші елден кедендік аумағына импортталатын тауардың құрамдас бөліктеріне және (немесе) туындыларына арналған өтемақы бажын енгізуі мүмкін.

183. Егер осы Хаттаманың 179 - 185-тармақтарына сәйкес тергеп-тексерулер жүргізетін орган жүргізген қайталап тергеп-тексеру нәтижелері бойынша өтемақы шарасын айналып өту анықталмаған жағдайда, осы Хаттаманың 182-тармағына сәйкес алдын ала өтемақы баждарын алу үшін белгіленген тәртіппен төленген өтемақы бажының сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен қайтарылуға жатады.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүше мемлекеттердің кеден органдарын өтемақы шарасын айналып өту анықталмағаны туралы уақтылы хабардар етеді.

184. Осы Хаттаманың 179 - 185-тармақтарына сәйкес жүргізілген қайталап тергеп-тексеру нәтижелері бойынша өтемақы шарасын айналып өту анықталған жағдайда, өтемақы шарасы субсидияланатын импорттың нысанасы болған, экспорттайтын үшінші елден Одақтың кедендік аумағына импортталатын тауардың құрамдас бөліктеріне және (немесе) туындыларына, сондай-ақ субсидияланатын импорттың нысанасы болған, өзге экспорттайтын үшінші елден Одақтың кедендік

аумағына импортталатын тауарға және (немесе) оның құрамдас бөліктеріне және (немесе) туындыларына қолданылуы мүмкін. Комиссияның осы тармақта аталған өтемақы шарасын енгізу туралы актісі күшіне енген кезден бастап алдын ала өтемақы баждарын алу үшін белгіленген тәртіппен төленген өтемақы шараларының сомалары осы Хаттамаға қосымшада көзделген тәртіппен есептеуге және бөлуге жатады.

185. Өтемақы шарасын айналып өтуді анықтау мақсатындағы қайталап тергеп-тексеру ол басталған күннен бастап 9 ай ішінде аяқталуға тиіс.

## **VI. Тергеп-тексерулер жүргізу**

### **1. Тергеп-тексерулер жүргізу үшін негіздер**

186. Үдемелі импорттың болуын және содан туындаған мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген елеулі залалды немесе осындай залалды келтіру қаупін анықтау мақсатындағы, сондай-ақ демпингтік немесе субсидияланатын импортты және солардан туындаған мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген материалдық залалды, осындай залалды келтіру қаупін немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуін анықтау мақсатындағы тергеп-тексеруді жазбаша нысандағы өтініш негізінде не өз бастамасы бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган жүргізеді.

187. Осы Хаттаманың 186-тармағында көрсетілген өтінішті:

1) мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) не ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) өндіруші (өндірушілер) немесе оның уәкілетті өкілі (олардың уәкілетті өкілдері);

2) қатысушылары қатарына мүше мемлекеттердегі ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) не ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) өндірушілер кіретін өндірушілер бірлестігі (қауымдастығы, одағы) немесе бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) не осындай бірлестіктің (қауымдастықтың, одақтың) уәкілетті өкілі не осындай бірлестіктердің (қауымдастықтардың, одақтардың) уәкілетті өкілдері береді.

**Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

188. Осы Хаттаманың 187-тармағында көрсетілген өндірушілер мен бірлестіктердің уәкілетті өкілдерінің түпнұсқалары өтінішпен бірге тергеп-тексерулер жүргізетін органға ұсынылатын құжаттармен расталған тиісті түрде ресімделген өкілеттіктері болуға тиіс.

189. Осы Хаттаманың 186-тармағында көрсетілген өтінішке мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды не ұқсас тауарды өндірушілер өтінішті қолдайтын дәлелдемелер қоса беріледі. Мыналар:

1) өтініш берушімен бірге ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды өндіру көлемінің айтарлықтай бөлігін, бірақ мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың жалпы көлемінің кемінде 25 пайызын өндіретін басқа өндірушілердің өтінішке қосылу туралы құжаттары (арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде);

2) өтінішті қолдайтынын білдірген, мүше мемлекеттерде ұқсас тауарды өндірушілердің (оның ішінде өтініш берушінің) өндіру үлесі өтінішке қатысты өз пікірін (қолдайтынын немесе келіспейтінін) білдірген, мүше мемлекеттерде ұқсас тауарды өндірушілердің өндіру көлемінің 50 пайыздан астамын құрайды деген шартпен өтінішке қолдау білдірген, мүше мемлекеттерде ұқсас тауарларды өндірушілердің (оның ішінде өтініш берушінің) өндіру үлесі мүше мемлекеттерде ұқсас тауарды өндіру көлемінің кемінде 25 пайызын құрайтынын растайтын құжаттар (демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) өтінішті жеткілікті түрде қолдау дәлелдемелері болып танылады.

190. Осы Хаттаманың 186-тармағында көрсетілген өтініш:

1) өтініш беруші туралы, өтініш берілген күннің алдындағы тікелей 3 жыл ішінде мүше мемлекеттер экономика саласының ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде), ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) сандық және құндық мәндегі өндіру көлемі туралы, сондай-ақ өтінішті қолдаған, мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) не ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) өндірушілердің сандық және құндық мәндегі өндіру көлемі туралы және мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) не ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) өндірудің жалпы көлеміндегі олардың үлесі туралы мәліметтерді;

2) ЕАЭО СЭҚ ТН кодын көрсете отырып, оған қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын енгізу ұсынылатын Одақтың кедендік аумағына импортталатын тауардың сипаттамасын;

3) кедендік статистика деректері негізінде, осы тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген тауарды шығарған немесе жөнелткен экспорттаушы үшінші елдердің атауларын;

4) экспорттаушы үшінші елдегі осы тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген тауардың белгілі өндірушілері және (немесе) экспорттаушылары туралы және мүше мемлекеттерде осы тауардың белгілі импорттаушылары және негізгі белгілі тұтынушылары туралы мәліметтерді;

5) оған қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын енгізу ұсынылатын тауардың Одақтың кедендік аумағына импорт көлемінің өткен кезеңдегі,

сондай-ақ өтініш берілген күні репрезентативтік статистикалық деректер қолжетімді болатын кейінгі кезеңдегі өзгеруі туралы мәліметтерді;

б) ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың (арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) не ұқсас тауардың (демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) Одақтың кедендік аумағынан экспорт көлемінің өткен кезеңдегі, сондай-ақ өтініш берілген күні репрезентативтік статистикалық деректер қолжетімді болатын кейінгі кезеңдегі өзгеруі туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

**Ескерту. 190-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

191. Осы Хаттаманың 190-тармағында көрсетілген мәліметтермен қатар, өтініште ұсынылатын шараға қарай өтініш беруші:

1) тауардың үдемелі импорты болуының дәлелдемелерін, тауардың үдемелі импорты салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залалдың немесе мұндай залалды келтіру қаупі болуының дәлелдемелерін, осындай шараның қолданыста болу мөлшерін және мерзімін көрсете отырып, арнайы қорғау шарасын енгізу туралы ұсынысты және өтініш беруші ұсынып отырған арнайы қорғау шарасы қолданыста болатын мерзім ішінде мүше мемлекеттердің экономика саласын шетелдік бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге бейімдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын ( арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде);

2) тауардың экспорттық бағасы және қалыпты құны туралы мәліметтерді, тауардың демпингтік импорты салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалдың немесе осындай залалды келтіру қаупі немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі болуының дәлелдемелерін, сондай-ақ оның мөлшері мен қолданыста болу мерзімін көрсете отырып, демпингке қарсы шараны енгізу туралы ұсынысты (демпингке қарсы шараны қолдану туралы өтінішті берген кезде);

3) экспорттаушы үшінші елдің өзіндік ерекшелікті субсидиясының болуы және сипаттамасы туралы және егер мүмкін болса, оның мөлшері туралы мәліметтерді, тауардың субсидияланатын импорты салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалдың немесе осындай залалды келтіру қаупі немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі болуының дәлелдемелерін, сондай-ақ оның мөлшері мен қолданыста болу мерзімін көрсете отырып, өтемақы шарасын енгізу туралы ұсынысты (өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) көрсетеді.

192. Демпингтік импорт немесе субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі залалдың немесе мұндай залалды келтіру қаупі болуының дәлелдемелері (арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) және мүше мемлекеттердің экономика саласына материалдық залалдың немесе осындай залалды келтіру қаупі немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын

құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі болуының дәлелдемелері (демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтінішті берген кезде) мүше мемлекеттер экономика саласының экономикалық жағдайын сипаттайтын объективті факторларға негізделуге тиіс және өткен кезеңдегі, сондай-ақ өтініш берілген күні репрезентативтік статистикалық деректер (оның ішінде тауарды өндіру көлемі және оны өткізу көлемі, мүше мемлекеттер нарығындағы тауардың үлесі, тауарды өндірудің өзіндік құны, тауардың бағасы, өндірістік қуаттар жүктемесінің дәрежесі, жұмыспен қамту, еңбек өнімділігі, пайда мөлшері, өндіріс рентабельділігі, мүше мемлекеттердің экономика саласына салған инвестициялар көлемі туралы деректер) қолжетімді болатын кейінгі кезеңдегі сандық және (немесе) құндық көрсеткіштермен берілуге тиіс.

193. Өтініште берілген мәліметтер олар алынған дерек көздерге сілтемемен қоса берілуге тиіс.

194. Өтініште қамтылған көрсеткіштерді көрсеткен кезде салыстыру мақсатында бірыңғай ақшалай және сандық бірліктер пайдаланылуға тиіс.

195. Өтініште қамтылған мәліметтерді мұндай мәліметтерді берген өндірушілердің басшылары, сондай-ақ олардың бухгалтерлік есеп пен бухгалтерлік есептілікті жүргізу үшін жауапты қызметкерлері осы өндірушілерге тікелей қатысты мәліметтер бөлігінде куәландыруға тиіс.

196. Өтініш оның құпия емес нұсқасын қоса бере отырып (егер өтініште құпия ақпарат қамтылса), осы Хаттаманың 8-тармағына сәйкес тергеп-тексерулер жүргізетін органға ұсынылады және өтініш осы органға түскен күні тіркелуге жатады.

197. Өтінішті тергеп-тексерулер жүргізетін орган тіркеген күн оны беру күні болып саналады.

198. Арнайы қорғау шарасын, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтініш мынадай негіздер бойынша қабылданбайды:

өтінішті берген кезде осы Хаттаманың 189 - 191-тармақтарында көрсетілген материалдарды ұсынбау;

осы Хаттаманың 189 - 191-тармақтарында көзделген, өтініш беруші ұсынған материалдардың анық еместігі;

өтініштің құпия емес нұсқасын ұсынбау.

Өтініштің өзге негіздер бойынша қабылданбауына жол берілмейді.

## **2. Тергеп-тексерудің басталуы және оны жүргізу**

199. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеруді бастау туралы шешім қабылдағанға дейін осы Хаттаманың 187 - 196-тармақтарына сәйкес дайындалған демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтініштің түскені туралы экспорттаушы үшінші елді жазбаша нысанда хабардар етеді.

200. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеруді бастау туралы шешім қабылдағанға дейін өтінішті тіркеген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде осы

Хаттаманың 189 - 191-тармақтарына сәйкес осы өтініште қамтылған дәлелдемелер мен мәліметтердің жеткіліктілігі мен анықтығын зерделейді. Мұндай мерзім тергеп-тексерулер жүргізетін органға қосымша мәліметтер алу қажет болған жағдайда ұзартылуы мүмкін, бірақ күнтізбелік 60 күннен аспауға тиіс.

201. Өтініш беруші тергеп-тексеру басталғанға дейін немесе оны жүргізу барысында өтінішті кері қайтарып ала алады.

Осы Хаттаманың 110, 111, 114 - 120, 175 және 179 - 185-тармақтарына сәйкес тергеп-тексерулер жүргізілген жағдайда өтініш беруші өтінішін не тергеп-тексеру басталғанға дейін, не оны жүргізу барысында, бірақ тергеп-тексеру жүргізетін орган осы Хаттаманың 224 және 230-тармақтарына сәйкес тергеп-тексеру нәтижелері бойынша жасалған негізгі қорытындылар туралы мүдделі тұлғаларды хабардар ететін күннен кешіктірмей қайтарып ала алады.

Өтініш тергеп-тексеру басталғанға дейін кері қайтарылып алынса, ол берілмеген болып саналады.

Егер өтініш тергеп-тексеруді жүргізу барысында кері қайтарылып алынса, тергеп-тексеру арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын енгізбестен тоқтатылады.

**Ескерту. 201-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

202. Тергеп-тексеруді бастау туралы шешім қабылдағанға дейін өтініште қамтылған мәліметтер жария етуге жатпайды.

203. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган осы Хаттаманың 200-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін тергеп-тексеруді бастау немесе оны жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

204. Тергеп-тексеруді бастау туралы шешім қабылдаған кезде тергеп-тексерулер жүргізетін орган экспорттаушы үшінші елдің уәкілетті органын, сондай-ақ өзіне мәлім басқа мүдделі тұлғаларды қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабардар етеді және аталған шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тергеп-тексеруді бастау туралы хабарламаны Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында жариялауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 204-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

205. Интернет желісіндегі Одақтың ресми сайтында тергеп-тексерудің басталғаны туралы хабарламаны жариялау күні тергеп-тексеруді бастау күні болып танылады.

206. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган, оның қарамағында үдемелі импорттың және содан туындаған мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген елеулі залалдың немесе мұндай залалды келтіру қаупі болуының не демпингтік немесе субсидияланатын импорттың және содан туындаған мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген елеулі залалдың, мұндай залалды келтіру қаупі немесе мүше

мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі болуының дәлелдемелері болған жағдайда ғана тергеп-тексеруді бастау туралы шешімді (оның ішінде жеке бастамасы бойынша) қабылдауы мүмкін.

Қолда бар дәлелдемелер жеткіліксіз болған жағдайда, мұндай тергеп-тексеруді бастау мүмкін болмайды.

207. Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган өтінішті қарау нәтижелері бойынша осы Хаттаманың 190 - 191-тармақтарына сәйкес ұсынылған мәліметтердің Одақтың кедендік аумағына тауардың үдемелі, демпингтік немесе субсидияланатын импортының және (немесе) содан туындаған мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген материалдық залалдың немесе материалдық залалды келтіру қаупінің немесе демпингтік немесе субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуінің немесе Одақтың кедендік аумағына үдемелі импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген елеулі залалдың немесе елеулі залал келтіру қаупінің болуын куәландырмайтыны анықталса, тергеп-тексеруді жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

208. Тергеп-тексеру жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған кезде тергеп-тексерулер жүргізетін орган мұндай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда тергеп-тексеруді жүргізуден бас тарту себебі туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

209. Мүдделі тұлғалар тергеп-тексеруге қатысу туралы өз ниетін жазбаша нысанда және осы Хаттамада белгіленген мерзімде мәлімдеуге құқылы. Олар тергеп-тексеруге қатысу ниеті туралы өтінішті тергеп-тексерулер жүргізетін орган тіркеген күннен бастап тергеп-тексеруге қатысушылар болып танылады.

Өтініш беруші және өтінішке қолдау білдірген мүше мемлекеттердегі өндірушілер тергеп-тексеру басталған күннен бастап тергеп-тексеруге қатысушылар болып танылады.

210. Мүдделі тұлғалар тергеп-тексеру барысын бұзбайтын мерзімде тергеп-тексеруді жүргізу үшін қажетті мәліметтерді (оның ішінде құпия ақпаратты) мұндай мәліметтер алынған дерек көзді көрсете отырып ұсынуға құқылы.

211. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүдделі тұлғадан тергеп-тексеру мақсатында қосымша мәліметтер сұратуға құқылы.

Сұрау салулар мүше мемлекеттердегі өзге ұйымдарға да жіберілуі мүмкін.

Аталған сұрау салуларды тергеп-тексерулер жүргізетін органның басшысы (басшысының орынбасары) жібереді.

Сұрау салу мүдделі тұлғаның уәкілетті өкіліне тапсырылған кезден бастап не сұрау салу почта байланысы арқылы жөнелтілген күннен бастап күнтізбелік 7 күн өткен соң мүдделі тұлға оны алған болып саналады.



Мүдделі тұлғаның жауабы сұрау салу алынған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей тергеп-тексерулер жүргізетін органға берілуге тиіс.

Егер жауап тергеп-тексерулер жүргізетін органға осы тармақтың бесінші абзацында көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей келіп түссе, тергеп-тексерулер жүргізетін орган жауапты алды деп саналады.

Көрсетілген мерзім өткен соң мүдделі тұлға берген мәліметтерді тергеп-тексерулер жүргізетін орган назарына алмауы мүмкін.

Мүдделі тұлғаның уәжді және жазбаша нысанда баяндалған өтініші бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган жауапты беру мерзімін ұзартуы мүмкін.

212. Егер мүдделі тұлға тергеп-тексерулер жүргізетін органға қажетті ақпаратты беруден бас тартса, оны белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе анық емес ақпаратты беріп, осылайша, тергеп-тексерудің жүргізілуін айтарлықтай қиындатса, мұндай мүдделі тұлға ынтымақтаспайтын тұлға болып танылады және тергеп-тексерулер жүргізетін орган алдын ала немесе түпкілікті қорытындыларды өзіндегі қолда бар ақпарат негізінде жасай алады.

Тиісті мүдделі тұлға тергеп-тексерулер жүргізетін органның сұрау салуында белгіленген ақпаратты ұсыну критерийлерін толық орындау мүмкін еместігін немесе оның елеулі материалдық шығындармен байланысты екенін дәлелдей алады деген шартпен тергеп-тексерулер жүргізетін орган сұратылған ақпараттың электронды түрде немесе тергеп-тексерулер жүргізетін органның сұрау салуында белгілеген электронды форматта ұсынылмауын ынтымақтасудан бас тарту ретінде бағаламауға тиіс.

Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілгендерден өзгеше себептер бойынша мүдделі тұлға ұсынған ақпаратты ескермесе, аталған тұлға мұндай шешімді қабылдау себептері мен негіздері туралы хабардар етілуге тиіс және осыған байланысты оған тергеп-тексерулер жүргізетін орган айқындайтын мерзімде өз түсініктемелерін беру мүмкіндігі берілуге тиіс.

Егер тауардың қалыпты құнын анықтауды қоса алғанда, тергеп-тексерулер жүргізетін органның алдын ала немесе түпкілікті қорытындысын дайындаған кезде (демпингке қарсы тергеп-тексеруді жүргізген кезде) осы тармақтың бірінші абзацының ережелері қолданылса және ақпарат (оның ішінде өтініш беруші ұсынған ақпарат) пайдаланылса, онда мұндай қорытындыларды дайындаған кезде пайдаланылатын ақпарат мұндай тергеп-тексеруді жүргізу тергеп-тексеру барысын қиындатпайды және оны жүргізу мерзімдерінің бұзылуына әкеп соқпайды деген шартпен үшінші көздерден немесе мүдделі тұлғалардан алынатын қолжетімді ақпаратты қолдана отырып тексерілуге тиіс.

213. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеруді бастау туралы шешім қабылданған күннен бастап барынша қысқа мерзімде экспорттаушы үшінші елдің уәкілетті органына және өзіне мәлім экспорттаушыларға өтініштің немесе (егер өтініште құпия ақпарат қамтылса) оның

құпия емес нұсқасының көшірмелерін жібереді, сондай-ақ басқа мүдделі тұлғаларға олардың сұрау салуы бойынша осындай көшірмелерді ұсынады.

Егер белгілі экспорттаушылардың саны көп болса, өтініштің немесе оның құпия емес нұсқасының көшірмесі экспорттаушы үшінші елдің уәкілетті органына ғана жіберіледі.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган арнайы қорғау тергеп-тексеруіне қатысушыларға олардың сұрау салуы бойынша өтініштің немесе егер өтініште құпия ақпарат қамтылса, оның құпия емес нұсқасының көшірмелерін береді.

Тергеп-тексеру барысында тергеп-тексерулер жүргізетін орган құпия ақпаратты қорғау қажеттілігін есепке ала отырып, тергеп-тексеруге қатысушыларға олардың сұрау салуы бойынша кез келген мүдделі тұлға тергеп-тексеру нысанасына жататын дәлелдемелер ретінде жазбаша түрде берген мәліметтермен танысу мүмкіндігін береді.

Тергеп-тексеру барысында тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеруге қатысушыларға тергеп-тексеруге қатысы бар және өзі тергеп-тексеру барысында қолданатын, бірақ құпия ақпарат болып табылмайтын өзге мәліметтермен танысу мүмкіндігін береді.

214. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүдделі тұлғалардың сұрау салуы бойынша жүргізіліп жатқан тергеп-тексерудің нысанасы бойынша консультациялар жүргізеді.

215. Тергеп-тексеру барысында барлық мүдделі тұлғаларға өз мүдделерін қорғау мүмкіндігі беріледі. Осы мақсатта тергеп-тексерулер жүргізетін орган барлық мүдделі тұлғаларға олардың сұрау салулары бойынша қарама-қарсы пікірлерін және жоққа шығаруларын ұсыну үшін кездесу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Мұндай мүмкіндік ақпараттың құпиялылығын сақтау қажеттілігін ескере отырып беріледі. Кездесуге барлық мүдделі тұлғалар қатысуға міндетті емес және қандай да бір мүдделі тұлғаның болмауы оның мүдделеріне залал келтіруге әкеп соқпайды.

216. Өнім өндіруде тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды қолданатын тұтынушылар, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, мемлекеттік билік (басқару) органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ өзге де тұлғалар тергеп-тексеруге қатысы бар мәліметтерді тергеп-тексерулер жүргізетін органға беруге құқылы.

217. Тергеп-тексеруді жүргізу мерзімі:

1) арнайы қорғау шарасын қолдану туралы өтініш негізінде тергеп-тексеру басталған күннен бастап 9 айдан аспауға тиіс. Бұл мерзімді тергеп-тексерулер жүргізетін орган оны 3 айдан аспайтын мерзімге ұзарта алады;

2) демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы өтініш негізінде тергеп-тексеру басталған күннен бастап 12 айдан аспауға тиіс. Бұл мерзімді тергеп-тексерулер жүргізетін орган 6 айдан аспайтын мерзімге ұзарта алады.

218. Тергеп-тексеруді жүргізу тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарға қатысты кедендік операциялардың жүргізілуіне кедергі келтірмеуге тиіс.

219. Комиссияның осы Хаттаманың 5-тармағында көрсетілген тергеп-тексеру нәтижелері бойынша баяндаманы және Комиссия актісінің жобасын қарау күні тергеп-тексеруді аяқтау күні болып табылады.

Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану, қайта қарау немесе одан бас тарту үшін негіздердің жоқ екені туралы түпкілікті қорытынды жасаса, тергеп-тексерулер жүргізетін органның тиісті хабарламаны жариялау күні тергеп-тексеруді аяқтау күні болып танылады.

Алдын ала арнайы баж, алдын ала демпингке қарсы баж немесе алдын ала өтемақы бажы енгізілген жағдайда тергеп-тексеру тиісті алдын ала баждың қолданыста болу мерзімі аяқталғанға дейін аяқталуға тиіс.

220. Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында осы Хаттаманың 3-тармағының екінші және үшінші абзацтарында көзделген негіздердің жоқ екенін анықтаса, тергеп-тексеру арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын енгізбестен аяқталады.

221. Егер тергеп-тексеру басталған күннің алдындағы тікелей 2 күнтізбелік жыл ішінде осы Хаттаманың 186-тармағында көрсетілген өтінішті қолдаған бір өндірушіге (оның Шарттың XIII бөлімінің түсінігіндегі тұлғалар тобына кіретінін ескере отырып) Одақтың кедендік аумағында ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар (арнайы қорғау шарасын қолданудың алдындағы тергеп-тексеруді жүргізген кезде) не ұқсас тауар (демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолданудың алдындағы тергеп-тексеруді жүргізген кезде) өндірісінің Комиссия бекітетін бәсекелестік жай-күйін бағалау әдістемесіне сәйкес аталған өндірушінің Одақтың тиісті тауар нарығындағы жағдайы (оның тұлғалар тобына кіруін ескере отырып) басым деп танылуы мүмкін болатын осындай үлесі тиесілі болса, Комиссияның трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің ортақ қағидаларының сақталуын бақылау саласындағы уәкілетті бөлімшесі тергеп-тексерулер жүргізетін органның сұрау салуы бойынша Одақтың тиісті тауар нарығындағы бәсекелестікке арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасы әсерінің салдарын бағалауды жүргізеді.

### **3. Демпингке қарсы тергеп-тексеруді жүргізу ерекшеліктері**

222. Демпингке қарсы тергеп-тексеру, егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингтік маржа жол берілетін ең төменгі демпингтік маржадан аз не болған немесе ықтимал демпингтік импорттың көлемі немесе осындай импорттан туындаған материалдық залалдың мөлшері немесе мұндай залалды келтіру қаупі немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі болмашы болып табылады деп анықтаса, демпингке қарсы шара енгізілместен тоқтатылады.

Бұл ретте, мөлшері 2 пайыздан аспайтын демпингтік маржа жол берілетін ең төменгі демпингтік маржа деп түсініледі.

223. Егер белгілі бір экспорттаушы үшінші елден демпингтік импорттың көлемі тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың Одақтың кедендік аумағына импортының жалпы көлеміндегі жеке үлесі 3 пайыздан аз болатын экспорттаушы үшінші елдерге жиынтығында тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың Одақтың кедендік аумағына импортының жалпы көлемінің 7 пайызынан аспайтын көлемде тиесілі болады деген шартпен тауардың Одақтың кедендік аумағына импортының жалпы көлемінің 3 пайызынан аз болса, ол болмашы болып табылады.

224. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингке қарсы тергеп-тексеру нәтижелері бойынша шешім қабылдағанға дейін құпия ақпаратты қорғау қажеттілігін ескере отырып, мүдделі тұлғаларды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша жасалған негізгі қорытындылар туралы хабардар етеді және өз түсініктемелерін беру мүмкіндігін ұсынады.

Мүдделі тұлғалардың түсініктемелерін беру мерзімін тергеп-тексерулер жүргізетін орган белгілейді, бірақ ол күнтізбелік 15 күннен кем болмайды.

#### **4. Өтемақылық тергеп-тексеруді жүргізу ерекшеліктері**

225. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган өтінішті қарауға қабылдағаннан кейін және тергеп-тексеруді бастау туралы шешім қабылдағанға дейін болжалды өзіндік ерекшелікті субсидияның болуын, мөлшерін және оны беру салдарын нақтылау және өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында соған қатысты өтемақы шарасын енгізу ұсынылатын тауар экспортталатын экспорттаушы үшінші елдің уәкілетті органына консультациялар жүргізуді ұсынуға тиіс.

Мұндай консультациялар тергеп-тексеру барысында да жалғасуы мүмкін.

226. Осы Хаттаманың 225-тармағында көрсетілген консультацияларды жүргізу тергеп-тексеруді бастау және өтемақы шарасын қолдану туралы шешім қабылдауға кедергі келтірмейді.

227. Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган экспорттаушы үшінші елдің айрықша субсидиясының мөлшері ең төмен болып табылатынын не болған немесе ықтимал субсидияланатын импорттың көлемін немесе осындай импорттан туындаған мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген материалдық залалдың мөлшерін немесе осындай залалды келтіру қаупін немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың бәсеңдеуін болмашы деп анықтаса, өтемақылық тергеп-тексеру өтемақы шарасы енгізілместен тоқтатылады.

228. Өзіндік ерекшелікті субсидияның мөлшері, егер ол тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар құнының 1 пайызынан аз болса, ең төмен деп танылады.

Егер субсидияланатын импорттың көлемі ұқсас тауардың Одақтың кедендік аумағына импортының жалпы көлеміндегі жеке үлесі 1 пайыздан аз болатын экспорттаушы үшінші елдерге жиынтығында ұқсас тауардың Одақтың кедендік аумағына импортының жалпы көлемінің 3 пайызынан аспайтын көлемде тиесілі болады деген шартпен ұқсас тауардың Одақтың кедендік аумағына импортының жалпы көлемінің 1 пайызынан аз болса, әдетте, болмашы деп танылады.

229. Егер әрқайсысының үлесіне осы тауардың Одақтың кедендік аумағына импортының жалпы көлемінің 4 пайызынан аз тиесілі болатын дамушы және аз дамыған елдерден Одақтың кедендік аумағына осы тауардың импортындағы жиынтық үлесі осы тауардың Одақтың кедендік аумағына импортының жалпы көлемінің 9 пайызынан аспайды деген шартпен тергеп-тексерулер жүргізетін орган осы тауарға қатысты экспорттаушы үшінші елдің айрықша субсидияларының жалпы мөлшері тауар бірлігіне есептелген оның құнының 2 пайызынан аспайтынын немесе Одақтың кедендік аумағына осы тауар импортының жалпы көлеміндегі мұндай үшінші елден осы тауар импортының үлесі 4 пайыздан кем екенін анықтаса, субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын және Одақтың тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушы дамыған немесе аз дамыған елден шығатын тауарға қатысты өтемақылық тергеп-тексеру тоқтатылады.

230. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган өтемақылық тергеп-тексеру нәтижелері бойынша шешім қабылдағанға дейін құпия ақпаратты қорғау қажеттілігін есепке ала отырып, барлық мүдделі тұлғаларды тергеп-тексеру барысында да жасалған негізгі қорытындылар туралы хабардар етеді және өз түсініктемелерін беру мүмкіндігін ұсынады.

Мүдделі тұлғалардың түсініктемелерін беру мерзімін тергеп-тексерулер жүргізетін орган белгілейді, бірақ ол күнтізбелік 15 күннен кем болмайды.

## **5. Демпингтік немесе субсидияланатын импорт жағдайында мүше мемлекеттердің экономика саласын айқындау ерекшеліктері**

231. Демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеруді жүргізген кезде мүше мемлекеттердің экономика саласы осы Хаттаманың 232 және 233-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Шарттың 49-бабында белгіленген мағынада түсініледі.

232. Егер мүше мемлекеттерде болжалды түрде демпингтік немесе субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын ұқсас тауарды өндірушілер бір мезгілде тауар импорттаушылары болып табылса немесе болжалды түрде демпингтік немесе субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын тауар экспорттаушыларымен немесе импорттаушыларымен байланысты болса, мүше мемлекеттерде ұқсас тауарлардың қалған өндірушілері ғана мүше мемлекеттердің экономика саласы деп түсінілуі мүмкін.

Мүше мемлекеттерде ұқсас тауар өндірушілер егер:

мүше мемлекеттерде ұқсас тауардың жекелеген өндірушілері тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар экспорттаушыларын немесе импорттаушыларын тікелей немесе жанама түрде бақыласа;

тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың жекелеген экспорттаушылары немесе импорттаушылары мүше мемлекеттерде ұқсас тауар өндірушілерін тікелей немесе жанама түрде бақыласа;

мүше мемлекеттерде ұқсас тауардың жекелеген өндірушілерін және тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар экспорттаушыларын немесе импорттаушыларын үшінші тұлға тікелей немесе жанама түрде бақыласа;

тергеп-тексерулер жүргізетін органның байланысты емес тұлғалардан ерекшеленетін мұндай өндірушілердің мінез-құлқы осындай байланыстан туындайды деуге негіздері бар деген шартпен мүше мемлекеттерде ұқсас тауардың жекелеген өндірушілері мен шетелдік өндірушілер, тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар экспорттаушылары немесе импорттаушылары үшінші тұлғаны тікелей немесе жанама түрде бақыласа, болжалды түрде демпингтік немесе субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын тауарды экспорттаушымен немесе импорттаушымен байланыстылар ретінде қарастырылады.

233. Мүше мемлекеттердің экономика саласын айқындаған кезде айрықша жағдайларда бұл мемлекеттердің аумағы 2 немесе одан да көп аумағы оқшауланған бәсекелес нарық жұмыс істейтін аумақ ретінде қаралуы мүмкін, ал аталған нарықтардың біреуінің шегінде мүше мемлекеттердегі өндірушілер, егер мұндай өндірушілер осындай нарықта тұтыну немесе қайта өңдеу мақсатында өздері өндіретін ұқсас тауардың кемінде 80 пайызын сатса және осындай нарықтағы ұқсас тауарға деген сұранысты мүше мемлекеттердің қалған аумағындағы мұндай тауардың өндірушілері айтарлықтай деңгейде қанағаттандырмаса, мүше мемлекеттер экономикасының бөлек саласы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда демпингтік немесе субсидияланатын импорттың нысанасы болып табылатын тауарды сату аталған бәсекелес нарықтардың бірінде шоғырланып әрі осындай бір нарық шегінде мүше мемлекеттерде ұқсас тауар өндірушілердің бәріне немесе бәріне дерлік залал келтіреді деген шартпен, тіпті егер мүше мемлекеттер экономика саласының негізгі бөлігіне залал келтірілмесе де, демпингтік немесе субсидияланатын импорт салдарынан мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген материалдық залалдың, мұндай залалды келтіру қаупінің немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуінің болуы анықталуы мүмкін.

234. Егер мүше мемлекеттердің экономика саласы осы Хаттаманың 233-тармағында белгіленген мағынада түсінілсе және тергеп-тексеру нәтижелері бойынша демпингке

қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану туралы шешім қабылданса, мұндай шара Одақтың кедендік аумағына тауардың бүкіл импортына қатысты қолданылуы мүмкін.

Аталған жағдайда демпингке қарсы немесе өтемақы бажы тергеп-тексерулер жүргізетін орган тауар экспорттаушыларына осы аумаққа мұндай тауардың демпингтік бағалар бойынша (демпингтік импорт кезінде) немесе субсидияланатын бағалар бойынша (субсидияланатын импорт кезінде) экспортын тоқтатуға не мұндай мүмкіндікті экспорттаушылар пайдаланбады деген шартпен Одақтың кедендік аумағына экспорт шарттарына қатысты тиісті міндеттемелер қабылдауына мүмкіндік берген соң ғана енгізіледі.

## **6. Жария тыңдау**

235. Тергеп-тексеруге қатысушылардың кез келгені жазбаша нысанда және осы Хаттамада белгіленген мерзімде ұсынған қолдаухаттың негізінде тергеп-тексерулер жүргізетін орган жария тыңдау өткізуді қамтамасыз етеді.

236. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеруге қатысушыларға жария тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны, сондай-ақ жария тыңдауды жүргізу барысында қаралатын мәселелердің тізбесін жіберуге міндетті.

Жария тыңдауды өткізу күні тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 күн өткен соң белгіленеді.

237. Жария тыңдауға тергеп-тексеруге қатысушылар немесе олардың өкілдері, сондай-ақ тергеп-тексеруге қатысты өздерінде бар мәліметтерді беру мақсатында олар тартқан тұлғалар қатысуға құқылы.

Жария тыңдау барысында тергеп-тексеруге қатысушылар өз пікірлерін білдіре алады және тергеп-тексеруге қатысты дәлелдемелер бере алады. Тергеп-тексерулер жүргізетін органның өкілі жария тыңдауға қатысушыларға олар хабарлаған фактілердің мәніне қатысты сұрақтар қоюға құқылы. Тергеп-тексеруге қатысушылар да бір-біріне сұрақтар қоюға құқылы және оларға жауап беруге міндетті. Жария тыңдауға қатысушылар құпия деп танылатын ақпаратты жарияламауға міндетті.

238. Жария тыңдау барысында ауызша нысанда берілген мәліметтер, егер оларды тергеп-тексеруге қатысушылар жария тыңдау өткізілген күннен кейін күнтізбелік 15 күн ішінде тергеп-тексерулер жүргізетін органға жазбаша нысанда ұсынса, тергеп-тексеру барысында назарға алынады.

## **7. Тергеп-тексеру барысында ақпарат жинау**

239. Демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеруді бастау туралы шешім қабылдағаннан кейін тергеп-тексерулер жүргізетін орган өзіне мәлім экспорттаушыларға және (немесе) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды өндірушілерге олар жауап беруге тиіс сұрақтардың тізбесін жібереді.

Сұрақтар тізбесі мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау тергеп-тексеруі жүргізілген жағдайда) немесе ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда) өндірушілеріне де жіберіледі.

Қажет болған жағдайда сұрақтар тізбесі тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың импорттаушыларына және тұтынушыларына жіберілуі мүмкін.

240. Сұрақтар тізбесі жіберілген, осы Хаттаманың 239-тармағында көрсетілген тұлғалар оны алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде тергеп-тексерулер жүргізетін органға өз жауаптарын беруге міндетті.

Осы Хаттаманың 239-тармағында көрсетілген тұлғалардың уәжді және жазбаша нысанда баяндалған өтініші бойынша осы мерзімді тергеп-тексерулер жүргізетін орган күнтізбелік 14 күннен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

241. Сұрақтар тізбесі экспорттаушының және (немесе) өндірушінің өкіліне тікелей тапсырылған күннен бастап және (немесе) почта арқылы жіберілген күннен бастап күнтізбелік 7 күннен кейін тауар экспорттаушысы және (немесе) өндірушісі оны алды деп есептеледі.

Тізбеге енгізілген сұрақтарға жауаптарды, егер олар тергеп-тексерулер жүргізетін органға құпия және құпия емес нұсқаларда осы Хаттаманың 240-тармағында көрсетілген күннен бастап 30 күндік мерзім аяқталған күннен бастап немесе оны ұзартқан күн аяқталған күннен бастап күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей келіп түскен болса, тергеп-тексерулер жүргізетін орган алды деп есептеледі.

242. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында мүдделі тұлғалар ұсынған ақпараттың дәлдігі мен анықтығына көз жеткізеді.

Тергеп-тексеру барысында ұсынылған ақпаратты тергеп-тексеру немесе жүргізіліп жатқан тергеп-тексеруге байланысты қосымша ақпаратты алу мақсатында тергеп-тексерулер жүргізетін орган қажет болған жағдайда:

тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың тиісті шетелдік экспорттаушыларының және (немесе) өндірушілерінің келісімін алған жағдайда және алдағы тергеп-тексеру туралы ресми түрде хабардар етілген үшінші елдің тарапынан қарсылық болмаған жағдайда үшінші елдің аумағында;

тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тиісті тауар импорттаушыларының және (немесе) ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау тергеп-тексеруі жүргізілген жағдайда) не ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда) өндірушілердің тиісті келісімін алған жағдайда мүше мемлекеттің аумағында тергеп-тексеру жүргізе алады.

Шетелдік өндіруші немесе экспорттаушы осындай жауаптарды жібергенге дейін тергеп-тексеру жүргізуге өз еркімен келіскен жағдайларды қоспағанда және тиісті үшінші елдің тарапынан қарсылық болмаған кезде тексеріс осы Хаттаманың 239-тармағына сәйкес жіберілген сұрақтар тізбесіне жауап алынғаннан кейін жүргізіледі.



Тергеп-тексерудің тиісті қатысушыларының келісімі алынғаннан кейін және тексеріс басталғанға дейін оларға тексеріс жүргізуге жіберілген қызметкерлерге ұсынылуға тиіс құжаттар мен материалдардың тізімі жіберіледі. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган үшінші елді тексеру жоспарланған шетел экспорттаушыларының немесе өндірушілерінің мекенжайлары және атаулары туралы, сондай-ақ осындай тексерістерді жүргізу күндері туралы хабардар етеді.

Тексеріс барысында сұрақтар тізбесіндегі жауаптарда берілген ақпараттың анықтығын растау үшін қажетті басқа да құжаттар мен материалдар сұратылуы мүмкін.

Егер тексеріс жүргізу кезінде тергеп-тексерулер жүргізетін органның осындай тексеріс үшін аталған органның қызметкерлері болып табылмайтын сарапшыларды шақыру ниеті болса, оларға қатысты тексеру әрекеттерін жүзеге асыру көзделген тергеп-тексеруге қатысушылар тергеп-тексерулер жүргізетін органның бұл шешімі туралы алдын ала хабардар етілуге тиіс. Осындай сарапшылардың тексеріске байланысты алынған ақпараттың құпиялылығын бұзғаны үшін санкция қолдануға мүмкіндік болған жағдайда ғана олардың тексеріске қатысуына жол беріледі.

**Ескерту. 242-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

243. Тергеп-тексеру барысында берілген ақпаратты тексеру немесе жүргізілетін тергеп-тексеруге байланысты қосымша ақпаратты алу мақсатында тергеп-тексерулер жүргізетін орган өз өкілдерін мүдделі тұлғалардың орналасқан жеріне жіберуге, ақпарат жинауды, мүдделі тұлғалармен консультациялар мен келіссөздер жүргізуге, тауардың үлгілерімен танысуға және тергеп-тексеру жүргізу үшін қажетті өзге әрекеттерді қолдануға құқылы.

## **8. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының, мүше мемлекеттердің дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің ақпарат беруі**

244. Осы кіші бөлімнің мақсаттары үшін мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары деп мүше мемлекеттердің кеден ісі, статистика, салық салу, заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы және басқа салалардағы мемлекеттік билік (басқару) органдары және аумақтық (жергілікті) мемлекеттік билік (басқару) органдары түсініледі.

245. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, мүше мемлекеттердің үшінші елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктері тергеп-тексерулер жүргізетін органға оның сұрау салулары (оның ішінде қайта сұрау салулары) бойынша осы Хаттамада көзделген, арнайы қорғау тергеп-тексерулерін, демпингке қарсы және өтемақылық тергеп-тексерулерді бастау және жүргізу, жүргізілген тергеп-тексерулердің нәтижелері бойынша ұсыныстар дайындау, енгізілген арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларының тиімділігін мониторингілеу және Комиссия мақұлданған міндеттемелердің сақталуына бақылау жасау үшін қажетті ақпаратты береді.

246. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, мүше мемлекеттердің үшінші елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктері:

1) тергеп-тексерулер жүргізетін органның сұрау салуын алған кезден бастап күнтізбелік 30 күн ішінде өздерінің иелігіндегі мәліметтерді беруге немесе бас тарту себептерін көрсете отырып, мәліметтерді берудің мүмкін еместігі туралы ескертуге міндетті. Тергеп-тексерулер жүргізетін органның уәжді өтініші бойынша сұратылған мәліметтер неғұрлым қысқа мерзімде берілуге тиіс;

2) берілетін мәліметтердің толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етуге және қажет болған жағдайда тиісті толықтырулар мен өзгерістерді жедел ұсынуға міндетті.

247. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, мүше мемлекеттердің үшінші елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктері өз құзыреті шеңберінде тергеп-тексерулер жүргізетін органға:

1) сыртқы сауда қызметі туралы статистикалық деректерді;

2) тауарды әкелудің (әкетудің) заттай және құндық көрсеткіштерін, тауардың коммерциялық атауын, жеткізу шарттарын, оны шығарған елді (жөнелткен елді, жіберілген елді), жөнелтуші мен алушының атауы мен басқа да есепке алу деректемелерін көрсете отырып, кедендік рәсімдер бойынша бөліп, тауарларға арналған декларациялардан деректерді;

3) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың ішкі нарығы және мүше мемлекеттер экономикасының тиісті саласы туралы ақпаратты (оның ішінде тауарды өндіру көлемі, өндірістік қуаттардың жүктемесі, тауарды өткізу, тауардың өзіндік құны, мүше мемлекеттер ұлттық кәсіпорындарының пайдасы мен шығындары, мүше мемлекеттердің ішкі нарығындағы тауар бағалары, өндірістің рентабельділігі, персонал саны, инвестициялар, тауар өндірушілердің тізбесі бойынша деректерді);

4) мүше мемлекеттердің тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар нарығына тиісті тергеп-тексеру нәтижелері бойынша арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын ықтимал енгізу немесе енгізбеу салдарын бағалау туралы ақпаратты, сондай-ақ мүше мемлекеттер ұлттық кәсіпорындарының өндірістік қызметінің болжамын қоса алғанда, сұратылатын уақыт кезеңдері бойынша ақпаратты береді.

248. Осы Хаттаманың 247-тармағында көрсетілген ақпарат тізбесі толық қамтылған болып табылмайды. Қажет болған жағдайда тергеп-тексерулер жүргізетін орган өзге де ақпаратты сұратуға құқылы.

249. Осы кіші бөлімді іске асыру мәселелері бойынша хат-хабар алмасу және тергеп-тексерулер жүргізетін органның сұрау салулары бойынша ақпарат беру орыс тілінде жүзеге асырылады. Шетелдік атаулары бар жекелеген деректемелер (көрсеткіштер) бойынша латын әліпбиінің әріптерін қолдана отырып ақпарат беруге жол беріледі.

250. Ақпарат беру, көбінесе, электрондық жеткізгіштерде жүзеге асырылады. Ақпаратты электронды жеткізгіште беру мүмкіндігі болмаған жағдайда ол ақпарат қағаз жеткізгіште жіберіледі. Кесте нысанында сұратылатын ақпарат (статистикалық

және кедендік ақпарат) тергеп-тексерулер жүргізетін органның сұрау салуында көрсетілген форматта беріледі. Егер ақпаратты мұндай форматта беру мүмкін болмаса, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, мүше мемлекеттердің үшінші елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктері тергеп-тексерулер жүргізетін органды бұл туралы хабардар етеді және сұратылатын ақпаратты өзге форматта береді.

251. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына, мүше мемлекеттердің үшінші елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктеріне жіберілетін ақпарат беру туралы сұрау салулар жазбаша түрде тергеп-тексерулер жүргізетін органның бланкісінде ақпаратты беру мақсатын, құқықтық негіздерін және мерзімдерін көрсете отырып ресімделеді және оған тергеп-тексерулер жүргізетін органның басшысы (басшысының орынбасары) қол қояды.

252. Тергеп-тексерулер жүргізетін органның сұрау салулары бойынша ақпаратты мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, мүше мемлекеттердің үшінші елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктері өтеусіз негізде береді.

253. Ақпаратты беру алмасатын органдар арасында келісілген, беру кезінде қолжетімді және ақпараттың сақталуы мен рұқсат етілмеген қолжеткізуден қорғалуын қамтамасыз ететін құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Ақпарат факсимильдік байланыс арқылы жіберілген жағдайда құжаттың түпнұсқасы да почта байланысы арқылы жіберілуге тиіс.

## **9. Құпия ақпарат**

254. Мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) қоспағанда, мүше мемлекеттің заңнамасында құпия ақпаратқа (коммерциялық, салықтық және басқа да құпия ақпаратты қоса алғанда) немесе таралуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызылған ақпарат тергеп-тексерулер жүргізетін органға осындай ақпаратқа қатысты мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып беріледі.

Тергеп-тексерулер жүргізетін орган осындай ақпаратты қорғаудың қажетті деңгейін қамтамасыз етеді.

255. Мүдделі тұлға тергеп-тексерулер жүргізетін органға беретін ақпарат осы тұлға мұндай ақпаратты ашу, оның ішінде үшінші тұлғаға бәсекелестік артықшылықты беретіні не мұндай ақпаратты берген тұлға үшін немесе мұндай ақпарат алынған тұлға үшін қолайсыз салдарларға әкеп соғатыны туралы куәландыратын негіздемелерді берген кезде құпия ретінде қаралады.

256. Құпия ақпаратты беретін мүдделі тұлғалар мұндай ақпараттың құпия емес нұсқасын бірге беруге міндетті.

Құпия емес нұсқа құпия түрде берілген ақпараттың мәнін түсіну үшін жеткілікті түрде егжей-тегжейлі болуға тиіс.

Мүдделі тұлға құпия ақпараттың құпия емес нұсқасын бере алмайтын айрықша жағдайларда, ол құпия емес нұсқасын беру мүмкін болмауының себептерін егжей-тегжейлі жазып, негіздеме беруге тиіс.

257. Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүдделі тұлға берген негіздемелер берілген ақпаратты құпия ақпаратқа жатқызуға мүмкіндік бермейтінін анықтаса не құпия ақпараттың құпия емес нұсқасын бермеген мүдделі тұлға құпия ақпаратты құпия емес нұсқада берудің мүмкін болмауының негіздемесін бермесе немесе осындай негіздеме болып табылмайтын мәліметтерді берсе, тергеп-тексерулер жүргізетін орган бұл ақпаратты ескермеуі мүмкін.

258. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган құпия ақпаратты берген мүдделі тұлғаның немесе осы Хаттаманың 244-тармағында көрсетілген мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының және мүше мемлекеттердің үшінші елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің жазбаша келісімінсіз құпия ақпаратты жария етпеуге және үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.

Тергеп-тексерулер жүргізетін органға тергеп-тексеру жүргізу мақсатында берілген құпия ақпаратты өтініш берушілердің, тергеп-тексеруге қатысушылардың, мүдделі тұлғалардың немесе осы Хаттаманың 244-тармағында көрсетілген мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының және мүше мемлекеттердің үшінші елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің жария еткені, жеке пайда табу мақсатында пайдаланғаны, өзге де нысаналы пайдаланбағаны үшін тергеп-тексерулер жүргізетін органның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Одақ шеңберінде артықшылықтар мен иммунитеттер туралы халықаралық шартта көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерден айырылуы және Комиссия бекітетін тәртіппен жауапқа тартылуы мүмкін.

Осы Хаттама тергеп-тексерулер жүргізетін органның Комиссия шешімдерін қабылдау негізінде жатқан себептерді немесе Комиссия сүйенген дәлелдемелерді қамтитын ақпаратты Одақ Сотында осы себептерді немесе дәлелдемелерді түсіндіру үшін қажетті дәрежеде ашуына кедергі келтірмейді.

Тергеп-тексерулер жүргізетін органда құпия ақпаратты пайдалану және қорғау тәртібін Комиссия бекітеді.

## **10. Мүдделі тұлғалар**

259. Тергеп-тексеру жүргізу кезінде:

1) мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау тергеп-тексеруі жүргізілген кезде) не ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақылдық тергеп-тексеру жүргізілген кезде) өндіруші;

2) қатысушыларының көпшілігі ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау тергеп-тексеруі жүргізілген кезде) немесе ұқсас тауарды (демпингке қарсы

немесе өтемақылық тергеп-тексеру жүргізілген кезде) өндіруші болып табылатын мүше мемлекеттердегі өндірушілер бірлестігі;

3) қатысушылары мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар (арнайы қорғау тергеп-тексеруі жүргізілген кезде) не ұқсас тауар (демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеру жүргізілген кезде) өндірудің жалпы көлемінің 25 пайыздан астамын жүзеге асыратын өндірушілер бірлестігі;

4) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушы, шетелдік өндіруші немесе импорттаушы және қатысушыларының елеулі бөлігі аталған тауарды өндірушілер, экспорттаушылар немесе экспорттаушы үшінші елден немесе тауар шығарылатын елден импорттаушылар болып табылатын шетелдік тауар өндірушілердің, экспорттаушылардың немесе импорттаушылардың бірлестігі;

5) экспорттаушы үшінші елдің не тауар шығарылатын елдің уәкілетті органы;

6) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың тұтынушылары (егер олар өнімді өндіру кезінде осындай тауарды пайдаланса) және мүше мемлекеттердегі осындай тұтынушылардың бірлестіктері;

7) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері (егер тауар, көбінесе, жеке тұлғалар тұтынатын зат болса) мүдделі тұлғалар болып табылады.

260. Мүдделі тұлғалар тергеп-тексеру барысында дербес немесе тиісті түрде ресімделген өкілеттіктері бар өз өкілдері арқылы әрекет етеді.

Егер мүдделі тұлға тергеп-тексеру барысында уәкілетті өкіл арқылы әрекет ететін болса, тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру нысанасы туралы барлық ақпаратты мүдделі тұлғаның назарына осы өкіл арқылы ғана жеткізеді.

## **11. Тергеп-тексерулерге байланысты қабылданатын шешімдер туралы хабарламалар**

261. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган Интернет желісіндегі Одақтың ресми сайтында тергеп-тексерулерге байланысты қабылданатын шешімдер туралы мынадай:

тергеп-тексерудің басталғаны туралы;

алдын ала арнайы, алдын ала демпингке қарсы немесе алдын ала өтемақы бажын енгізу туралы;

осы Хаттаманың 104-тармағына сәйкес демпингке қарсы бажды ықтимал қолдану немесе осы Хаттаманың 169-тармағына сәйкес өтемақы бажын ықтимал қолдану туралы;

арнайы қорғау тергеп-тексеруінің аяқталғаны туралы;

нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингке қарсы немесе өтемақы бажын енгізу үшін негіздердің болуы туралы не тиісті міндеттемелерді мақұлдаудың орындылығы туралы қорытынды жасаған тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы;

тиісті міндеттемелерді мақұлдауға байланысты тергеп-тексерудің аяқталғаны немесе тоқтатылғаны туралы;

нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын енгізу үшін негіздердің болмауы туралы қорытынды жасаған тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы;

тергеп-тексерулерге байланысты қабылданатын өзге де шешімдер туралы хабарламаларды жариялайды.

Мұндай хабарламалар экспорттаушы үшінші елдің уәкілетті органына және тергеп-тексерулер жүргізетін органға мәлім басқа мүдделі тұлғаларға да жіберіледі.

262. Тергеп-тексерудің басталғаны туралы хабарлама тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексерудің басталғаны туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жарияланады және мыналарды:

1) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың толық сипаттамасын;

2) экспорттаушы үшінші елдің атауын;

3) Одақтың кедендік аумағына үдемелі импорттың бар екені және мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген елеулі залалдың немесе оны келтіру қаупінің бар екені (арнайы қорғау тергеп-тексеруінің басталғаны туралы шешім қабылданған кезде) туралы куәландыратын мәліметтердің қысқаша мазмұндамасын;

4) демпингтік немесе субсидияланатын импорттың бар екені және мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген материалдық залалдың немесе оны келтіру қаупінің немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуінің бар екені (демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеруді бастау туралы шешім қабылдаған кезде) туралы куәландыратын мәліметтердің қысқаша мазмұндамасын;

5) мүдделі тұлғалар өз пікірін және тергеп-тексеруге қатысты мәліметтерді жібере алатын мекенжайды;

6) күнтізбелік 25 күнді құрайтын және тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүдделі тұлғалардан тергеп-тексеруге қатысу ниеті туралы өтініштерді қабылдайтын мерзімді;

7) күнтізбелік 45 күнді құрайтын және тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеруге қатысушылардан жария тыңдауды өткізу туралы өтінішхаттарды қабылдайтын мерзімді;

8) күнтізбелік 60 күнді құрайтын және тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүдделі тұлғалардан жазбаша нысанда түсініктемелер және тергеп-тексеруге қатысты мәліметтерді қабылдайтын мерзімді қамтуға тиіс.

263. Алдын ала арнайы, алдын ала демпингке қарсы немесе алдын ала өтемақы бажын енгізу туралы хабарлама Комиссия осындай шешім қабылдаған күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жарияланады және сондай-ақ мынадай ақпаратты:

1) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар экспорттаушысының атауын не экспорттаушы үшінші елдің атауын (егер экспорттаушының атауын келтіру мүмкін болмаса);

2) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін жеткілікті сипаттамасын;

3) демпингтік маржаның мөлшерін көрсетіп және тауардың қалыпты құны мен оның экспорттық бағасын есептеу және салыстыру әдіснамасын таңдау үшін негіздемелерді сипаттай отырып, демпингтік импорттың болуы туралы оң қорытынды үшін негіздерді (алдын ала демпингке қарсы бажды енгізген кезде);

4) субсидияның болу фактісін сипаттай отырып, және тауар бірлігіне есептелген субсидия мөлшерін көрсете отырып, субсидияланатын импорттың болуы туралы оң қорытынды үшін негіздерді (алдын ала өтемақы бажын енгізген кезде);

5) мүше мемлекеттердің экономика саласына келтірілген елеулі немесе материалдық залалдың, осындай залалды келтіру қаупінің немесе мүше мемлекеттер экономика саласының құрылуын елеулі тежеудің бар екенін анықтау үшін негіздер;

6) өскен импорт, демпингтік немесе субсидияланатын импорт пен тиісінше мүше мемлекеттердің экономика саласына елеулі немесе материалдық залал, оны келтіру қаупінің немесе мүше мемлекеттердің экономика саласын құрудың айтарлықтай бәсеңдеуі арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтау үшін негіздерді;

7) үдемелі импорттың болуы туралы оң қорытынды үшін негіздерді (алдын ала арнайы бажды енгізген кезде) қамтуға тиіс.

264. Осы Хаттаманың 104-тармағына сәйкес демпингке қарсы бажды ықтимал қолдану туралы хабарлама немесе осы Хаттаманың 169-тармағына сәйкес өтемақы бажын ықтимал қолдану туралы хабарлама мыналарды:

1) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауардың кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін жеткілікті сипаттамасын;

2) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушының атауын не экспорттаушы үшінші елдің атауын (егер экспорттаушының атауын келтіру мүмкін болмаса);

3) осы Хаттаманың 104 немесе 169-тармақтарында көрсетілген шарттардың орындалғаны туралы куәландыратын мәліметтердің қысқаша мазмұндамасын қамтуға тиіс.

265. Арнайы қорғау тергеп-тексеруінің аяқталғаны туралы хабарламаны тергеп-тексерулер жүргізетін орган тергеп-тексеру аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жариялайды және тергеп-тексерулер жүргізетін орган өзінің иелігіндегі ақпаратты талдау негізінде жасаған негізгі қорытындыларды қамтуға тиіс.

266. Нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган демпингке қарсы немесе өтемақы бажын енгізу үшін негіздердің болуы туралы не тиісті міндеттемелерді

мақұлдаудың орындылығы туралы қорытынды жасаған тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы хабарлама тергеп-тексеру аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жарияланады және мыналарды:

1) тергеп-тексерулер жүргізетін органның тергеп-тексеру нәтижелері туралы түпкілікті қорытындысының түсіндірмесін;

2) мұндай қорытынды жасауға негіз болған фактілерге нұсқауды;

3) осы Хаттаманың 263-тармағында көрсетілген ақпаратты;

4) тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауарды экспорттаушылар мен импорттаушылардың дәлелдері мен талаптарын тергеп-тексеру барысында қабылдау немесе қабылдамау себептеріне нұсқауды;

5) осы Хаттаманың 48 - 51-тармақтарына сәйкес шешімдерді қабылдау себептеріне нұсқауды қамтуға тиіс.

267. Тиісті міндеттемелерді мақұлдауға байланысты тергеп-тексерудің аяқталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама тергеп-тексеру аяқталған немесе тоқтатылған күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жарияланады және осы міндеттемелердің құпия емес нұсқасын қамтуға тиіс.

268. Нәтижелері бойынша тергеп-тексерулер жүргізетін орган арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы бажын енгізу үшін негіздердің болмауы туралы қорытынды жасаған тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы хабарлама тергеп-тексеру аяқталғаннан күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жарияланады және мыналарды:

1) тергеп-тексерулер жүргізетін органның тергеп-тексеру нәтижелері туралы түпкілікті қорытындысының түсіндірмесін;

2) соның негізінде осы тармақтың 1-тармақшасында көзделген қорытынды жасалған фактілерге нұсқауды қамтуға тиіс.

269. Нәтижелері бойынша осы Хаттаманың 272-тармағына сәйкес шара қолданбау туралы шешім қабылданған тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы хабарлама осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жарияланады және олардың негізінде мұндай шешім қабылданған фактілер мен қорытындыларды көрсете отырып, Комиссияның арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолданбау туралы шешім қабылдау себептерін түсіндіруді қамтуға тиіс.

270. Тергеп-тексерулер жүргізетін орган жүргізілетін тергеп-тексерулер мен қолданылатын шаралар бөлігінде 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісімінде көзделген барлық хабарламалардың Дүниежүзілік сауда ұйымының құзыретті органдарына белгіленген тәртіппен жіберілуін қамтамасыз етеді.

271. Осы Хаттаманың 261 - 270-тармақтарының ережелерге тиісті өзгешеліктерді ескере отырып, қайталама тергеп-тексерулердің басталғаны және аяқталғаны туралы хабарламаларға қолданылады.



## **VII. Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шарасын қолданбау**

272. Комиссия тіпті мұндай шараны қолдану осы Хаттамада белгіленген критерийлерге сай келмесе де, тергеп-тексеру нәтижелері бойынша арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолданбау туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Егер тергеп-тексерулер жүргізетін орган мүдделі тұлғалар берген бүкіл ақпаратты талдау нәтижелері бойынша мұндай шараны қолдану мүше мемлекеттердің мүдделеріне залал келтіруі мүмкін деген қорытынды дайындаса, Комиссия көрсетілген шешімді қабылдауы мүмкін. Мұндай шешім, егер оны қабылдауға негіз болған себептер өзгерсе, қайта қаралуы мүмкін.

**Ескерту. 272-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

273. Осы Хаттаманың 272-тармағының екінші абзацында көрсетілген қорытынды мүше мемлекеттер экономика саласының, тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар тұтынушыларының (егер олар мұндай тауарды өнім өндірген кезде пайдаланса) және мүше мемлекеттердегі мұндай тұтынушылар бірлестіктерінің, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің (егер тауар, көбінесе, жеке тұлғалар тұтынатын зат болса) және осы тауарды импорттаушылардың мүдделерін жиынтық бағалау нәтижелеріне негізделуге тиіс. Бұл ретте, мұндай қорытынды көрсетілген тұлғаларға осы Хаттаманың 274-тармағына сәйкес осы мәселе бойынша өз түсініктемелерін беру мүмкіндігі ұсынылған соң ғана жасалуы мүмкін.

Мұндай қорытындыны дайындаған кезде үдемелі, демпингтік немесе субсидияланатын импорттың мүше мемлекеттердің тиісті тауар нарығындағы сауданың әдеттегі барысы мен бәсекелестік жай-күйіне және мүше мемлекеттер экономика саласының жағдайына бұрмалап әсер етуін жою қажеттілігіне ерекше мән берілуге тиіс.

274. Осы Хаттаманың 272-тармағының ережелерін қолдану мақсаттарында мүше мемлекеттерде ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды (арнайы қорғау тергеп-тексеруін жүргізген кезде) не ұқсас тауарды (демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеруді жүргізген кезде) өндірушілер, олардың бірлестіктері, тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар импорттаушылары мен импорттаушылар бірлестіктері, тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар тұтынушылары (егер олар мұндай тауарды өнім өндірген кезде пайдаланса) және мүше мемлекеттердегі мұндай тұтынушылар бірлестіктері, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері (егер тауар, көбінесе, жеке тұлғалар тұтынатын зат болса) осы Хаттаманың 262-тармағына сәйкес жарияланатын хабарламада белгіленген мерзім ішінде осы мәселе бойынша өз түсініктемелері мен ақпаратты беруге құқығы бар.

Мұндай түсініктемелер мен ақпарат немесе олардың құпия емес нұсқасы тиісті жағдайларда осы тармақта көрсетілген мүдделі тұлғалардың танысуы үшін берілуге тиіс, олар өздерінің қарымта түсініктемелерін беруге құқылы.

Осы тармаққа сәйкес берілетін ақпарат оның анықтығын растайтын объективті фактілердің болуы шартымен оның алынған көзіне қарамастан, назарға алынуға тиіс.

## **VIII. Қорытынды ережелер**

### **1. Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы шешімдерге сот тәртібімен шағым жасау ерекшеліктері**

275. Комиссияның арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдануға байланысты шешіміне және (немесе) әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істерді қарау тәртібі мен ерекшеліктері Одақ Сотының Статутында (Шартқа № 2 қосымша) және Одақ Сотының регламентінде айқындалады.

### **2. Одақ Сотының шешімдерін орындау**

276. Комиссия Одақ Сотының арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдануға қатысты шешімдерін орындау үшін қажетті шараларды қабылдайды. Одақ Соты Комиссияның Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес емес деп таныған шешімін Комиссия тергеп-тексерулер жүргізетін органның бастамасы бойынша Одақ Сотының шешімін орындау үшін қажет бөлігінде қайталама тергеп-тексеруді жүргізу жолымен Шартқа және (немесе) Одақтың шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келтіреді.

Тиісті айырмашылықтарды есепке ала отырып, қайталама тергеп-тексеру жүргізілген кезде тергеп-тексеру жүргізуге қатысты ережелер қолданылады.

Осы тармақта көзделген қайталама тергеп-тексеруді жүргізу мерзімі, әдетте, 9 айдан аспайды.

### **3. Тергеп-тексеру рәсімдерін әкімшілендіру**

277. Осы Хаттаманы іске асыру мақсатында Комиссия тергеп-тексеруді бастау, жүргізу, аяқтау және (немесе) тоқтата тұру рәсімдеріне қатысты шешімдер қабылдайды. Комиссияның қабылданған шешімдері Шарт ережелерін өзгертпеуге немесе оларға қайшы келмеуге тиіс.

Үшінші елдерге қатысты арнайы  
қорғау,  
демпингке қарсы және өтемақы  
шараларын қолдану туралы хаттамаға  
қосымша

## **Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есепке жатқызу және бөлу туралы ереже**

**Ескерту. Мәтін бойынша тиісті жекеше, көпше түрдегі және септеудегі "төлеуші" деген сөз алып тасталды – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) IX бөліміне сәйкес белгіленген арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын есепке жатқызу және мүше мемлекеттер арасында бөлу тәртібін айқындайды. Көрсетілген тәртіп Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес көзделген жағдайларда және тәртіппен арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларына есептелген өсімпұлдар (пайыздар) сомаларына да қатысты қолданылады.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Кедендік әкелу баждарының (өзге баждардың, балама әрекеті бар салықтар мен алымдардың) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттамада (Шартқа № 5 қосымша), Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттамада (Шартқа № 8 қосымша) және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

### **II. Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын есепке жатқызу және есепке алу**

3. Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты оларды төлеу бойынша міндет тиісті шараны қолдану басталған күннен пайда болған Комиссияның арнайы қорғау, демпингке қарсы, өтемақы шарасын қолдану туралы шешімі күшіне енген күннен бастап арнайы қорғау, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомалары (алдын ала арнайы, алдын ала демпингке қарсы, алдын ала өтемақы баждарын қоспағанда) осы Ережеде белгіленген ерекшеліктерді есепке ала отырып, Кедендік әкелу баждарының (өзге баждардың, балама әрекеті бар салықтар мен алымдардың) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттамада (Шартқа № 5 қосымша) айқындалған тәртіппен және нормативтер бойынша мүше мемлекеттердің бюджеттеріне есепке жатқызуға, бөлуге және аударуға жатады.

4. Басқа мүше мемлекеттердің бюджетіне бөлінген арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын белгіленген мерзімде аудармаған немесе толық аудармаған және осы мүше мемлекеттің уәкілетті органынан арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары сомаларының болмауы туралы ақпарат түспеген кезде Кедендік

әкелу баждарының (өзге баждардың, балама әрекеті бар салықтар мен алымдардың) есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттаманың (Шартқа № 5 қосымша) кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және мүше мемлекеттердің арасында бөлу үшін белгіленген 20 - 28-тармақтарының ережелері қолданылады.

5. Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомалары, оның ішінде осындай баждарды өндіріп алған кезде Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес төленуге тиіс мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотына ұлттық валютада есепке жатқызылуға тиіс.

6. Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес төленуге тиіс уәкілетті органның бірыңғай шотына бөлек есеп айырысу (төлем) құжаттарымен (нұсқаулықтарымен) төлейді.

7. Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне аванстық төлемдер, кедендік әкету баждары, салықтар мен алымдар, сондай-ақ мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес төленген және уәкілетті органның бірыңғай шотына келіп түскен өзге де төлемдер (кедендік әкелу баждарын қоспағанда) есепке жатқызылуы мүмкін.

Уәкілетті органның бірыңғай шотына арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары ретінде келіп түскен және нақты тауарларға қатысты арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомасы бойынша сәйкестендірілмеген ақшалай қаражат (ақша) сомалары осы Ереженің мақсаттары үшін арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары ретінде қаралады.

Егер кедендік рәсіммен орналастырылған тауарларға қатысты аванстық төлемдерді кедендік әкелу баждарын төлеу есебіне есепке жатқызу аванстық төлемдерді енгізген адамның тапсырмасы негізінде жүзеге асырылса, мұндай төлемдерді уәкілетті органның бірыңғай шотына есепке жатқызу мүше мемлекеттің кеден органы тауарларды шығарған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, ал егер тауарларды шығару тауарларға арналған декларацияны бергенге дейін жүргізілген жағдайда, мүше мемлекеттің кеден органы декларантқа электрондық құжатты жіберген не қағаз жеткізгіште берілген тауарларға арналған декларацияда және (немесе) тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы мәліметтерді қамтитын коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттарға тиісті белгі қойылған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары төленуге жататын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттамаға (Шартқа № 5 қосымша) сәйкес арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша берешекті өтеу есебіне Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес қайтаруға жататын кедендік әкелу баждарының сомасы есепке жатқызылуы мүмкін.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

**8. Күші жойылды – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

9. Уәкілетті органдар:

1) уәкілетті органның бірыңғай шотындағы арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының (кедендік төлемдерді, сондай-ақ өсімпұлдарды (пайыздарды) төлеу бойынша берешекті өтеу есебіне қайтарулардың, есепке жатқызулардың (бұдан әрі - берешекті өтеу есебіне есепке жатқызу)) түскен сомаларын;

2) басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аударылған, бөлінген арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын;

3) мүше мемлекеттің бюджетіне есепке жатқызылған арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын осы мүше мемлекеттің бөлуінен түсетін сомаларды;

4) мүше мемлекеттің бюджетіне басқа мүше мемлекеттерден түскен арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын;

5) мүше мемлекеттің арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын бөлуден түскен сомаларды аудару жөніндегі міндеттемелерін орындамауына, толық және (немесе) уақтылы орындамауына әкеп соққан осы Ережені бұзғаны мүше мемлекеттердің бюджеттеріне түскен сомаларды;

6) басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аударылуы тоқтатылып қойған арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын оқшаулап есепке алады.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

10. Осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген түсімдердің сомаларын әр мүше мемлекет бюджетті атқару туралы есептілігінде оқшаулап көрсетеді.

11. Мүше мемлекеттің күнтізбелік жылының соңғы жұмыс күні уәкілетті органның бірыңғай шотына келіп түскен арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомалары есепті жылдағы бюджеттің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.

12. Мүше мемлекеттің күнтізбелік жылының соңғы жұмыс күні ішіндегі арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомалары мүше мемлекеттің ағымдағы жылғы екінші жұмыс күнінен кешіктірілмей, осы мүше мемлекеттің бюджетіне және басқа мүше мемлекеттердің шетел валютасындағы шоттарына аударылады, сондай-ақ есепті жылдағы бюджеттің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.

13. Мүше мемлекеттің бюджетіне басқа мүше мемлекеттердің күнтізбелік жылының соңғы жұмыс күні ішінде басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан арнайы қорғау, демпингке қарсы, өтемақы баждарын бөлуден түскен кірістер сомалары ағымдағы жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.

14. Уәкілетті органның бірыңғай шотындағы ақшалай қаражатқа кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, Еуразиялық экономикалық

одақтың Кеден кодексіне сәйкес өсімпұлдарды (пайыздарды) төлеу жөніндегі берешекті өндіріп алу жағдайларын қоспағанда, сот актілерін орындау тәртібімен немесе қандай да бір өзге тәсілмен өндіріп алуды қолдану мүмкін болмайды.

15. Алдын ала арнайы, алдын ала демпингке қарсы, алдын ала өтемақы баждары кеден органдары алдын ала арнайы, алдын ала демпингке қарсы, алдын ала өтемақы баждарын алатын мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған шотқа ұлттық валютада төленеді (өндіріп алынады).

16. Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттамада (Шартқа № 8 қосымша) белгіленген жағдайларда төленген (өндіріп алынған) алдын ала арнайы, алдын ала демпингке қарсы, алдын ала өтемақы баждарының сомалары, сондай-ақ алдын ала баждардың тиісті түрлерін алу үшін белгіленген тәртіппен төленген демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомалары Комиссияның арнайы қорғау, демпингке қарсы, өтемақы шарасын қолдану (ұзарту, тауардың құрамдас бөліктеріне және (немесе) туындыларына) туралы тиісті шешімі күшіне енген күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарына есептелуге және олар төленген мүше мемлекеттің бірыңғай шотына есепке жатқызылуға тиіс.

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттамада (Шартқа № 8 қосымша) белгіленген жағдайларда демпингке қарсы баждардың төленуін қамтамасыз ету сомалары Комиссияның демпингке қарсы шараны қолдану туралы тиісті шешімі күшіне енген күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей, демпингке қарсы баждарға есептелуге және олар төленген мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотына есепке жатқызылуға тиіс.

### **III. Арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждарының сомаларын қайтару**

17. Алдын ала арнайы, алдын ала демпингке қарсы, алдын ала өтемақы баждарының, сондай-ақ алдын ала демпингке қарсы, алдын ала өтемақы баждарын өндіріп алу үшін белгіленген тәртіппен өндіріп алынатын демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын қайтару (есепке жатқызу) Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттамада (Шартқа № 8 қосымша) айқындалған жағдайларда Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

18. Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын қайтару (есепке жатқызу) осы Ереже ескеріле отырып Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес қайтаруға жататын арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомалары берешекті өтеу есебіне есепке жатқызудан басқа, өзге төлемдерді төлеу есебіне есепке жатқызылмайды.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 14.06.2021 № 50-VII Заңымен.**

19. Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын қайтару, оларды берешекті өтеу есебіне есепке жатқызу ағымдағы күні уәкілетті органның бірыңғай шотынан уәкілетті органның бірыңғай шотына түскен арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының, сондай-ақ осы Ереженің 20-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, есепті күні мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі орындауға қабылдамаған арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын қайтару сомаларын есепке ала отырып, есепті күні арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне есепке жатқызылған сомалар шегінде жүзеге асырылады.

20. Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын қайтару, оларды берешекті өтеу есебіне жатқызу Қазақстан Республикасы уәкілетті органының бірыңғай шотынан есепті күні қайтаруды (есепке жатқызуды) жүзеге асыру күні Қазақстан Республикасы уәкілетті органының бірыңғай шотына түскен (есепке жатқызылған) арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомалары шегінде жүзеге асырылады.

21. Ағымдағы күні қайтаруға және (немесе) берешекті өтеу есебіне есепке жатқызуға жататын арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын қайтару сомаларын айқындау түскен арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын мүше мемлекеттер арасында бөлгенге дейін жүзеге асырылады.

22. Осы Ереженің 19 және 20-тармақтарына сәйкес арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын қайтаруды және (немесе) берешекті өтеу есебіне есепке жатқызуды жүзеге асыру үшін қаражат жеткіліксіз болған кезде көрсетілген қайтаруды (есепке жатқызуды) мүше мемлекет келесі жұмыс күндері жүзеге асырады.

Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын уақтылы қайтармағаны үшін өсімпұлдар (пайыздар) тиісті мүше мемлекеттің бюджетінен төленеді және арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының құрамына енгізілмейді.

#### **IV. Уәкілетті органдар арасындағы ақпарат алмасу**

23. Уәкілетті органдар арасындағы осы Ережені іске асыру үшін қажетті ақпарат алмасу Комиссияның осындай ақпарат алмасу тәртібін, нысаны мен мерзімдерін айқындайтын шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 9 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы  
ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың X бөліміне сәйкес әзірленді және Одақ шеңберіндегі техникалық реттеу тәртібін, қағидалары мен рәсімдерін айқындайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"аккредиттеу" — аккредиттеу жөніндегі органның белгілі бір саладағы сәйкестікті бағалау жұмыстарын орындауда сәйкестікті бағалау жөніндегі органның (оның ішінде сертификаттау жөніндегі органның, сынақ зертханасының (орталығының) құзыреттілігін ресми тануы;

"қауіпсіздік" - зиян келтіру және (немесе) залал шектіру мүмкіндігіне байланысты жол берілмейтін тәуекелдің болмауы;

"өнімді айналысқа шығару" - өнімді Одақтың аумағында тарату мақсатында коммерциялық қызмет барысында өтеусіз немесе өтеулі негізде жеткізу немесе әкелу (оның ішінде дайындаушының қоймасынан жөнелту немесе қоймаға салмай тиеу);

"Одақтың техникалық регламенттер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау (қадағалау)" - мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының заңды тұлғалардың, олардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдарының, дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалардың, олардың уәкілетті өкілдерінің заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғаларға тексерулер жүргізу және мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген анықталған бұзушылықтардың жолын кесу және (немесе) салдарын жою жөніндегі шараларды қабылдау арқылы Одақтың техникалық регламенттері талаптарының бұзушылықтарын алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге бағытталған қызметі, сондай-ақ көрсетілген талаптардың орындалуын қадағалау, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалардың қызметін жүзеге асыру кезінде Одақтың техникалық регламенттері талаптарының орындалуын талдау және болжау;

"Одақтың техникалық регламенттеріне сәйкестігі туралы декларация" - ол арқылы өтініш беруші айналысқа шығарылатын өнімнің Одақтың техникалық регламентінің (Одақтың техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

"сәйкестікті декларациялау" - айналысқа шығарылатын өнімнің Одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігін міндетті растау нысаны;

"Одақтың нарығында өнім айналысының бірыңғай белгісі" - сатып алушылар мен тұтынушыларға айналысқа шығарылатын өнімнің Одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігі туралы ақпарат беру үшін пайдаланылатын белгі;

"өнімді сәйкестендіру" - өнімді Одақтың техникалық регламентті қолдану саласына жатқызу және өнімнің осы өнімге арналған техникалық құжаттамаға сәйкестігін белгілеу рәсімі;

"дайындаушы" - өнімді дайындайтын немесе өздерінің нұсқауы бойынша өнімді жобалау немесе дайындау жүзеге асырылатын және осы өнімді өз атынан немесе тауар



белгісімен өткізетін және оның Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болатын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға (оның ішінде шетелдік дайындаушы);

"мемлекетаралық стандарт" - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесі қабылдаған өңірлік стандарт;

"халықаралық стандарт" - халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым қабылдаған стандарт;

"ұлттық (мемлекеттік) стандарт" - мүше мемлекеттің стандарттау жөніндегі органы қабылдаған стандарт;

"техникалық реттеу объектісі" — өнім немесе өнім және өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (ізвестіруді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестері;

"сәйкестікті міндетті растау" — өнімнің және жобалау (ізвестіруді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестерінің Одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігін құжатты түрде куәландыру;

"міндетті сертификаттау" - сертификаттау жөніндегі органның техникалық реттеу объектілерінің Одақтың техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін міндетті растау нысаны;

"аккредиттеу жөніндегі орган" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес аккредиттеу жүргізуге уәкілеттік берілген орган немесе заңды тұлға;

"сәйкестікті бағалау" - техникалық реттеу объектісіне қойылатын талаптардың сақталуын тікелей немесе жанама түрде айқындау;

"өнім" - материалдық-заттық түрде берілген және шаруашылық және өзге де мақсаттарда одан әрі пайдалануға арналған қызмет нәтижесі;

"өңірлік стандарт" - өңірлік стандарттау жөніндегі ұйым қабылдаған стандарт;

"тіркеу (мемлекеттік тіркеу)" - мүше мемлекеттің уәкілетті органы жүзеге асыратын техникалық реттеу объектілерінің Одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігін бағалау нысаны;

"тәуекел" - адам өмірі немесе денсаулығына, мүлікке және қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктер өмірі немесе денсаулығына зиян келтіру ықтималдығы мен осы зиян салдарының ұштасуы;

"тіркеу (мемлекеттік тіркеу) туралы куәлік" - техникалық реттеу объектісінің Одақтың техникалық регламентінің (Одақтың техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестігін растайтын құжат;

"Одақтың техникалық регламенттеріне сәйкестік сертификаты" - ол арқылы сертификаттау жөніндегі орган айналысқа шығарылатын өнімнің Одақтың техникалық регламенті (-тері) талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

"стандарт" - бірнеше рет пайдалану мақсатында өнімнің сипаттамалары, жобалау (іздестіруді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсету процестерін жүзеге асыру қағидалары мен сипаттамалары, зерттеулер (сынаулар) және өлшеулер қағидалары мен әдістері, үлгілерді іріктеу қағидалары, терминологияға, символикаға, орамға, таңбалауға немесе затбелгілерге және оларды басу қағидаларына қойылатын талаптар белгіленетін құжат;

"Одақтың техникалық регламенті" - Комиссия қабылдаған және Одақ аумағында қолдану және орындау үшін техникалық реттеу объектілеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін құжат;

"техникалық реттеу" - өнімге немесе өнімге және өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (іздестіруді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілеу, қолдану және орындау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу, сондай-ақ сәйкестікті бағалау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу;

"дайындаушы уәкілеттік берген тұлға" - дайындаушымен, оның ішінде шетелдік дайындаушымен шарт негізінде осы дайындаушының атынан сәйкестікті бағалауды және өнімді айналысқа шығаруды жүзеге асыратын, өнімнің Одақтың техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмегені үшін жауаптылықта болатын, мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен оның аумағында тіркелген заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретіндегі жеке тұлға.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII; 19.04.2024 № 75-VIII Заңдарымен.**

3. Оларға қатысты Одақтың техникалық регламенттері күшіне енбеген техникалық реттеу объектілері үшін мүше мемлекеттер заңнамасының немесе Комиссия актілерінің нормалары қолданылады.

Қорғаныс және қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз етуге арналған қорғаныс өнімдеріне (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге), оның ішінде мемлекеттік қорғаныс тапсырысы бойынша жеткізілетіндерге, мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын немесе мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қолжетімділігі шектеулі өзге қорғалатын ақпаратқа жатқызылған мәліметтерді қорғау мақсатында пайдаланылатын өнімге (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге), ол туралы мәліметтер мемлекеттік құпияны құрайтын өнімге (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге), атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты талаптар белгіленетін өнімдерге (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) және объектілерге, сондай-ақ көрсетілген өнімді және көрсетілген объектілерді жобалау (іздестіруді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу, кәдеге жарату, көму процестеріне қатысты техникалық реттеу,

сәйкестікті бағалау, стандарттау және аккредиттеу ерекшеліктері мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленеді.

Одақтың техникалық регламенттерінде техникалық реттеу объектілеріне қойылатын міндетті талаптар, сондай-ақ өнімді сәйкестендіру қағидалары, сәйкестікті бағалау нысандары, схемалары мен рәсімдері белгіленеді.

Одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу үшін негіз ретінде тиісті құжаттар болмаған немесе Одақтың техникалық регламенттерін қабылдау мақсаттарына, оның ішінде климаттық және географиялық факторлар немесе технологиялық және басқа да ерекшеліктер салдарынан сәйкес келмеген жағдайларды қоспағанда, тиісті халықаралық стандарттар (қағидалар, директивалар, ұсынымдар және халықаралық стандарттау жөніндегі ұйымдар қабылдаған өзге де құжаттар) қолданылады. Қажетті құжаттар болмаған жағдайда өңірлік құжаттар (регламенттер, директивалар, шешімдер, стандарттар, қағидалар және өзге де құжаттар), ұлттық (мемлекеттік) стандарттар, ұлттық техникалық регламенттер немесе олардың жобалары қолданылады.

Одақтың техникалық регламенттерінде терминологияға, орамға, таңбалауға, затбелгілерге және оларды басу қағидаларына қойылатын талаптар, санитариялық талаптар мен рәсімдер, сондай-ақ жалпы сипатқа ие ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық талаптар да қамтылуы мүмкін.

Одақтың техникалық регламенттерінде мүше мемлекеттер үшін тән климаттық және географиялық факторларға немесе технологиялық ерекшеліктерге байланысты ерекшеліктерді көрсететін және мүше мемлекеттердің аумағында ғана қолданылатын ерекше талаптар қамтылуы мүмкін.

Одақтың техникалық регламенттерінде зиян келтірудің тәуекел дәрежесін есепке ала отырып, өнімге немесе өнімге және өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (іздіструді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын арнайы талаптар, азаматтардың жекелеген санаттарын (кәмелетке толмағандарды, жүкті әйелдерді, бала емізетін аналарды, мүгедектерді) қорғауды қамтамасыз ететін терминологияға, орамға, таңбалауға, затбелгілерге және оларды басу қағидаларына қойылатын талаптар қамтылуы мүмкін.

Одақтың техникалық регламенті Комиссия бекітетін Одақтың техникалық регламентінің мазмұны мен үлгілік құрылымы жөніндегі ұсынымдарды есепке ала отырып әзірленеді.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; 30.01.2024 № 56-VIII Заңдарымен.**

4. Одақтың техникалық регламенті талаптарын орындау мақсатында Комиссия - халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған

жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесін (бұдан әрі - стандарттар тізбесі) бекітеді, оларды ерікті негізде қолдану нәтижесінде Одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Стандарттардың тізбесі Одақтың техникалық регламентінің талаптары тікелей орындалуы мүмкін болған жағдайда бекітілмейді.

Көрсетілген тізбеге енгізілген тиісті стандарттарды ерікті негізде қолдану Одақтың тиісті техникалық регламентінің талаптарын сақтаудың жеткілікті шарты болып табылады.

Көрсетілген тізбеге енгізілген стандарттарды қолданбау Одақтың техникалық регламенті талаптарын сақтамау ретінде қаралмайды.

Көрсетілген тізбеге енгізілген стандарттар қолданылмаған жағдайда немесе олар болмаған жағдайда сәйкестікті бағалау Комиссия Кеңесі қабылдайтын ұсынымдар ескеріле отырып, тәуекелдерді талдау негізінде жүзеге асырылады.

Техникалық реттеу объектілерінің Одақтың техникалық регламенті талаптарына сәйкестігін бағалау кезіндегі зерттеулер (сынаулар) мен өлшеулер жүргізу мақсатында Комиссия - халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда зерттеулер (сынаулар) мен өлшеулер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Одақтың техникалық регламент талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттарының, сондай-ақ зерттеулер (сынаулар) және өлшеулер әдістемелерінің тізбесін (бұдан әрі - зерттеулер (сынаулар) және өлшеулер қағидалары мен әдістерінің тізбесі) бекітеді.

Одақтың техникалық регламентінде сәйкестікті бағалауды жүргізу туралы талаптар болмаған не Одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестікті бағалау зерттеулер (сынаулар) мен өлшеулер жүргізбей жүзеге асырылуы мүмкін болған жағдайларда зерттеулер (сынаулар) және өлшеулер қағидалары мен әдістерінің тізбесі бекітілмейді.

Стандарттардың көрсетілген тізбелерін әзірлеу және қабылдау Комиссия бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

Тиісті мемлекетаралық стандарттар әзірленгенге дейін - зерттеулер (сынаулар) мен өлшеулер қағидалары мен әдістерінің тізбесіне мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес аттестатталған (расталған) және бекітілген зерттеулер (сынаулар) және өлшеулер әдістемелері енгізілуі мүмкін. Көрсетілген зерттеулер (сынаулар) және өлшеулер әдістемелерінің тізбесін мүше мемлекеттің уәкілетті органдары Комиссияға ұсынады.

Халықаралық және өңірлік стандарттар оларды мемлекетаралық немесе ұлттық (мемлекеттік) стандарттар ретінде қабылдағаннан кейін қолданылады.

Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын сақтау мақсаттары үшін мүше мемлекеттер стандарттау жөніндегі, оның ішінде стандарттарды қолдануға арналған жұмыстарды Комиссия Кеңесі бекітетін тәртіппен үйлестіреді.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII; 19.04.2024 № 75-VIII Заңдарымен.**

5. Одақтың техникалық регламенттерінде белгіленетін техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалау тіркеу (мемлекеттік тіркеу), сынау, сәйкестігін растау, сараптау нысандарында және (немесе) өзге нысанда жүргізіледі.

Сәйкестікті міндетті растау сәйкестікті декларациялау және сертификаттау нысандарында жүзеге асырылады.

Сәйкестікті бағалау нысандары, схемалары мен рәсімдері Комиссия бекітетін сәйкестікті бағалаудың үлгілік схемалары негізінде Одақтың техникалық регламенттерінде белгіленеді.

Айналысқа шығарылатын өнімнің Одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігін бағалау оны айналысқа шығарғанға дейін жүзеге асырылады.

Сәйкестікті міндетті растау Одақтың тиісті техникалық регламентінде белгіленген жағдайларда ғана және Одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестікке ғана жүргізіледі.

Сәйкестікті бағалау кезінде өтініш беруші мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес оның аумағында тіркелген, дайындаушы немесе сатушы не дайындаушы уәкілеттік берген тұлға болып табылатын дара кәсіпкер ретіндегі заңды тұлға немесе жеке тұлға бола алады.

Дайындаушылар уәкілеттік берген тұлғалар дайындаушылар уәкілеттік берген тұлғалардың бірыңғай тізіліміне енгізілуге тиіс. Көрсетілген тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібін Комиссия Кеңесі айқындайды.

Өтініш берушілер шеңбері Одақтың техникалық регламентіне сәйкес белгіленеді.

Сәйкестікті бағалау туралы құжаттар Комиссия бекітетін тәртіппен электрондық түрде және (немесе) қағаз жеткізгіште ресімделеді.

Сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың бірыңғай нысандарын және оларды ресімдеу қағидаларын Комиссия бекітеді.

Өнімнің Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар өнімнің жарамдылық мерзімі немесе қызмет ету мерзімі ішінде өнімнің Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттың қолданылу кезеңінде айналысқа шығарылған өнімнің әрбір бірлігіне қатысты қолданылады.

Сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдері Интернет желісінде Одақтың ресми сайтында орналастырылады. Көрсетілген бірыңғай тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу Комиссия бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

Одақтың техникалық регламентінде белгіленген талаптарға сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын сәйкестікті бағалау жөніндегі аккредиттелген органдар (оның ішінде сертификаттау жөніндегі органдар, сынау зертханалары (орталықтары) Одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізбесіне енгізілуі тиіс. Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды осы тізілімге енгізу, сондай-ақ оны қалыптастыру мен жүргізу қағидалары Комиссия бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

Одақтың техникалық регламенттеріне сәйкестігі туралы декларацияларды тіркеу Комиссия айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Одақтың техникалық регламенттерінде Одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген сәйкестікті бағалау жөніндегі органдардың (оның ішінде сертификаттау жөніндегі органдардың және сынақ зертханаларының (орталықтарының)) сәйкестікті бағалау бойынша жұмыстарды жүргізу жөніндегі талаптарды белгілеу кезінде мұндай жұмыстар өтініш берушінің таңдауы бойынша талап етілетін аккредиттеу саласында қолданыстағы аккредиттелуі бар және осы тізілімге енгізілген сәйкестікті бағалау жөніндегі кез келген органдарда жүргізіледі.

Техникалық реттеу объектілерін тіркеуді (мемлекеттік тіркеуді) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің көрсетілген жұмыстарды жүргізуге уәкілетті органдары жүзеге асырады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; 30.01.2024 № 56-VIII; 19.04.2024 № 75-VIII Заңдарымен.**

6. Осы өнімге қолданылатын Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келетін және Одақтың техникалық регламенттерінде белгіленген сәйкестікті бағалау рәсімдерінен өткен өнім Одақтың нарығында өнім айналысының бірыңғай белгісімен міндетті түрде таңбалануға жатады.

Одақ нарығында өнім айналысы бірыңғай белгісінің кескінін және оны қолдану тәртібін Комиссия бекітеді.

Өнім Одақ аумағында айналыста болған кезде өнімді таңбалау орыс тілінде және мүше мемлекеттердің заңнамасында тиісті талаптар болған кезде аумағында өнім өткізілетін мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде (тілдерінде) басылуы тиіс.

7. Одақтың техникалық регламенті күшіне енген күнге дейін, оған қатысты мүше мемлекеттер бірдей міндетті талаптар, бірдей сәйкестікті растау нысандары мен схемаларын белгілеген, сәйкестікті міндетті түрде растауды жүргізу кезінде өнімге зерттеу (сынау) және өлшеудің бірдей немесе салыстырмалы әдістері қолданылатын сәйкестік сертификаттарын және бірыңғай нысан бойынша сәйкестік туралы декларациялар бере отырып, сәйкестікті міндетті түрде растауға жататын өнімнің бірыңғай тізбесіне енгізілген өнім, егер ол мынадай:

сертификаттауды Одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген сәйкестікті бағалау жөніндегі органның жүргізуі;

сынауларды Одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген сынау зертханаларында (орталықтарында) жүргізу;

сәйкестік сертификаттарын және сәйкестігі туралы декларацияларды бірыңғай нысан бойынша ресімдеу талаптары сақталып, мүше мемлекеттің аумағында сәйкестікті растаудың белгіленген рәсімдерінен өтсе, Одақ аумағында айналысқа жіберіледі.

Өнімнің көрсетілген бірыңғай тізбесін, көрсетілген сәйкестік сертификаттары мен сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай нысандарын және оларды ресімдеу қағидаларын Комиссия бекітеді.

8. Одақтың кедендік аумағында сәйкестігі міндетті түрде бағалануға жататын өнімді әкелу Комиссия бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Мүше мемлекет өзінің заңды мүдделерін қорғауды басшылыққа алып, қауіпті өнімнің айналысқа шығарылуының алдын алу жөнінде шұғыл шаралар қабылдай алады. Бұл жағдайда мүше мемлекет қабылданған шұғыл шаралар туралы басқа мүше мемлекеттерді дереу хабардар етеді және осы мәселе бойынша консультациялар мен келіссөздер процесіне кіріседі.

10. Комиссия Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің бір бөлігі болып табылатын техникалық реттеу саласында ақпараттық жүйені қалыптастырады.

11. Одақ шеңберінде техникалық реттеудің мүше мемлекеттердің экономикалық даму деңгейіне және ғылыми-техникалық даму деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Одақтың күшіне енген техникалық регламенттеріне және осы Хаттаманың 4-тармағында көзделген стандарттар тізбелеріне қатысты ғылыми-техникалық деңгейге міндетті кезеңдік бағалау жүргізіледі. Ғылыми-техникалық деңгейге бағалау жүргізу тәртібін, соның ішінде оның кезеңділігін Комиссия бекітеді.

**Ескерту. 11-тармақпен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 10 ҚОСЫМША

## **Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында келісілген саясат жүргізу туралы ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың X бөліміне сәйкес әзірленді және мүше мемлекеттердің өнімді өлшеу салыстырымдығы мен оның сәйкестігін бағалау (растау) нәтижелерінің Одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігін және өнімнің сандық көрсеткіштерін өлшеуді қамтамасыз ету мақсатында өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында келісілген саясатты жүзеге асырудың қағидаларын айқындайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"өлшеу әдістемелерін (әдістерін) аттестаттау" — өлшеу әдістемелерінің (әдістерінің) өлшеулерге қойылатын метрологиялық талаптарға сәйкестігін зерттеу және растау;

"шама бірлігі" - оған бірлікке тең сандық мән шартты берілген және онымен біртекті шамаларды сандық көрсету үшін қолданылатын тіркелген өлшемдегі шама;

"өлшемнің біртұтастығы" - осы өлшеу нәтижелері мүше мемлекеттерде қолдануға рұқсат етілген бірліктерде берілген, ал өлшеулер дәлдігінің көрсеткіштері белгіленген шектерден шықпайтын өлшеу жағдайы;

"өлшеу" - негізделіп шамаға беріле алатын шаманың бір немесе одан көп сандық мәнін эксперименттік алу процесі;

"өлшеу құралдарын калибрлеу" - өлшеу құралдарының нақты метрологиялық сипаттамаларын анықтау мақсатында өлшеу құралының көмегімен алынған шама мәні мен сол тектес шама бірлігінің эталонымен туындаған шама мәні арасындағы қатынасты белгілейтін операциялар жиынтығы;

"Халықаралық бірліктер жүйесі (БЖ)" - Шамалар мен салмақтар бойынша бас конференция қабылдаған, Халықаралық шамалар жүйесіне негізделген және өзіне қосымдар атауы мен белгілеулерін, жинақтарын, олардың атауларын, белгілеулерін және оларды қолдану қағидаларын қамтитын бірліктер жүйесі;

"өлшеулер әдістемесі (әдісі)" - оларды орындау дәлдіктің белгіленген көрсеткіштерімен өлшеулер нәтижелерін алуды қамтамасыз ететін, өлшеу кезінде нақты сипатталған операциялар жиынтығы;

"метрологиялық бақылап отыру" - оған сәйкес нәтиже салыстырып тексерулер мен калибрлеулердің құжатталған үздіксіз тізбегі арқылы ұлттық эталонмен салыстырылуы мүмкін өлшеулер нәтижесінің қасиеті;

"метрологиялық сараптама" - өлшеулер бірлігімен байланысты метрологиялық талаптарды, қағидаларды және нормаларды қолдану дұрыстығы мен толықтығын талдау мен бағалау;

"ұлттық эталон" - мүше мемлекет мемлекеттік немесе шаруашылық қызметте сол тектес шама бірліктерінің басқа эталондарының шамалар мәнін беру үшін негіз ретінде пайдалану үшін таныған шама бірлігінің эталоны, оның ішінде бастапқы шама бірлігінің эталоны;

"шаманың негіздеделік мәні" - сол тектес шамалардың мәндерімен салыстыру үшін негіз ретінде қолданылатын шаманың мәні;

"өлшеу құралдарын тексеру" - өлшеу құралдарының міндетті метрологиялық талаптарға сәйкестігін растау мақсатында орындалатын операциялар жиынтығы;

"өлшеулердің референтті әдістемесі (әдісі)" - сол тектес шамаларды өлшеудің басқа әдістемелері (әдістері) көмегімен алынған шамалардың өлшенген мәнінің дұрыстығын



бағалау үшін, сондай-ақ өлшеу құралдарын калибрлеу үшін немесе стандартты үлгілердің сипаттамаларын айқындау үшін қолданылуы мүмкін өлшеулер нәтижелерін алу үшін пайдаланылатын өлшеулер әдістемесі (әдісі);

"эталондарды салғастыру" - дәлдіктің бір деңгейіндегі шамалар бірліктерінің эталондарымен өлшеу бірліктерін туындату және беру кезінде өлшеулер нәтижелері арасында қатынасты белгілеу;

"өлшеу құралы" - өлшеуге арналған және метрологиялық сипаттамаларға ие техникалық құрал;

"стандартты үлгі" - өлшеулер дәлдігі мен метрологиялық бақылап отырудың белгіленген көрсеткіштері бар, болжалды тағайындалуына сәйкес сапалық қасиеттерді өлшеу кезінде немесе бағалау кезінде оны пайдалану үшін белгілі бір қасиеттерге қатысты жеткілікті біртекті және тұрақты материал (зат);

"өлшеу құралының типін бекіту" - мүше мемлекеттің өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік билік (басқару) органының бекітілген типтегі өлшеу құралын сынаудың оң нәтижелері негізінде мүше мемлекет аумағында қолдануға рұқсат беру туралы шешімі;

"стандартты үлгі типін бекіту" - мүше мемлекеттің өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында мемлекеттік билік (басқару) органының бекітілген түрдегі стандартты үлгіні сынаудың оң нәтижелері негізінде мүше мемлекет аумағында қолдануға рұқсат беру туралы шешімі;

"шама шәкілі" - тиісті шаманы өлшеу үшін бастапқы негіз қызметін атқаратын шама мәндерінің ретке келтірілген жиынтығы;

"шама бірлігінің эталоны" - шама бірлігін немесе шама шәкілін туындатуға, сақтауға және беруге арналған техникалық құрал (құралдар кешені).

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

3. Мүше мемлекеттер өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында мүше мемлекеттер заңнамасын үйлестіру және мыналарды:

1) өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс нәтижелерін өзара тану қағидаларын бекіту жолымен өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында жұмыс нәтижелерін өзара тану тетіктерін құруды;

2) олар үшін мүше мемлекеттер олардың көмегімен алынатын нәтижелердің Халықаралық бірліктер жүйесіне (БЖ), ұлттық эталондарға және (немесе) халықаралық шама бірліктерінің эталондарына метрологиялық бақылап отыруды қамтамасыз ететін шама бірліктері эталондарын, өлшеу құралдарын, стандартты үлгілерді және өлшеулердің аттестатталған әдістемелерін (әдістерін) пайдалануды;

3) мүше мемлекеттердің тиісті ақпараттық қорларында қамтылған өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында мәліметтерді өзара беруді;

4) өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында жұмыстарды орындаудың келісілген тәртіптерін қолдануды қамтамасыз ететін келісілген әрекеттер жүргізу арқылы өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында келісілген саясатты жүргізеді.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

4. Мүше мемлекеттер халықаралық және өңірлік метрология және стандарттау жөніндегі ұйымдар қабылдаған құжаттар негізінде өлшеулерге, шама бірліктеріне, шама бірліктерінің эталондары мен шамалар шәкілдеріне, өлшеу құралдарына, стандартты үлгілерге, өлшеулер әдістемелеріне (әдістеріне) қойылатын талаптарды белгілеуге қатысты өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында мүше мемлекеттердің заңнамасын үндестіруге бағытталған шараларды қабылдайды.

5. Мүше мемлекеттер өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес осы жұмыстарды жүргізудің бекітілген тәртібіне және өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін тану қағидаларына сәйкес өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында жұмыстарды орындауға уәкілетті (нотификацияланған) мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік (басқару) органдары немесе заңды тұлғалары орындаған өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында жұмыстардың нәтижелерін өзара тануды жүзеге асырады.

Өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында жұмыстардың нәтижелерін тану мүше мемлекеттер аумақтарында дайындалған өлшеу құралдарына қатысты жүзеге асырылады.

6. Мүше мемлекеттердің өлшеу нәтижелерінің, өлшем біртұтастығы эталондарының, стандартты үлгілерінің ұлттық эталондарына және Халықаралық бірліктер жүйесіне (БЖ) метрологиялық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттер шамалар бірлігі эталондарын құру және жетілдіру, стандартты үлгілердің номенклатурасын айқындау және әзірлеу, оны үнемі салғастыру жолымен мүше мемлекеттердің шама бірліктері эталондарына баламалығын белгілеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуін ұйымдастырады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

7. Мүше мемлекеттердің өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілері, нормативтік және халықаралық құжаттары, мүше мемлекеттердің халықаралық шарттары, мүше мемлекеттер реттейтін салаларда өлшеудің аттестатталған әдістемелері (әдістері), өлшеу құралдары, шама бірліктерінің эталондары мен шама шәкілдері, бекітілген стандартты үлгілердің түрлері мен өлшеу құралдардың бекітілген түрлері туралы мәліметтер мүше мемлекеттердің өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласындағы ақпараттық қорларын құрайды.

Ақпараттық қорларды жүргізу мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, ақпараттық қорларында бар мәліметтерді өзара беруді осы Хаттаманың 5-тармағында көрсетілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік (басқару) органдары Комиссия белгілейтін тәртіппен ұйымдастырады.

8. Мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің ұстанымдарын келісуге бағытталған консультациялар өткізетін және өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында жұмыстарды үйлестіруді және өткізуді жүзеге асыратын өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында мемлекеттік билік (басқару) органдарына тиісті өкілеттіктер береді.

9. Комиссия мынадай құжаттарды бекітеді:

1) олардың Халықаралық бірліктер жүйесімен (БЖ) арақатынасын қоса алғанда, Одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу кезінде қолданылатын жүйеден тыс шамалар бірліктерінің тізбесі;

2) өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін өзара тану қағидалары;

3) өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында жұмыстар жүргізу тәртіптері, оның ішінде:

Одақтың техникалық регламентінің жобасына, стандарттардың тізбесінің жобасына метрологиялық сараптама жүргізу тәртібі, оларды қолдану нәтижесінде Одақтың техникалық регламентінің, зерттеу (сынау) мен өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидасын қамтитын стандарттар тізбесінің жобасы талаптарының сақталуы ерікті негізде қамтамасыз етіледі;

зертханааралық салыстырмалы сынаулар (зертханааралық салғастырулар) жүргізуді ұйымдастыру тәртібі;

өлшеулер әдістемесін (әдісін) метрологиялық аттестаттау тәртібі;

өлшеулердің референтті әдістемесі (әдісі) ретінде қабылданатын өлшеулер әдістемесін (әдісін) аттестаттау тәртібі;

өлшеу құралының типін бекіту тәртібі;

стандартты үлгі типін бекіту тәртібі;

өлшеу құралдарын салыстырып тексеру мен калибрлеуді ұйымдастыру тәртібі;

4) мүше мемлекеттердің ақпараттық қорларында қамтылған өлшем біртұтастығын қамтамасыз ету саласында мәліметтерді өзара беру тәртібі.

Еуразиялық экономикалық

одақ туралы шартқа

№ 11 ҚОСЫМША

**Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды аккредиттеу бойынша  
жұмыс нәтижелерін тану туралы  
ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) X бөліміне сәйкес әзірленді және сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды аккредиттеу бойынша жұмыс нәтижелерін өзара тану шарттарын айқындайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"апелляция" - сәйкестікті бағалау жөніндегі органның аккредиттеу жөніндегі орган осы сәйкестікті бағалау жөніндегі органға қатысты қабылдаған шешімді қайта қарау туралы аккредиттеу жөніндегі органға өтініш білдіруі;

"аккредиттеу жөніндегі сарапшыны аттестаттау" - жеке тұлғаның белгіленген талаптарға сәйкестігін растау және оның аккредиттеу бойынша жұмыстарды жүргізу құзыреттілігін тану;

"шағым" - кез келген тұлға тарапынан сәйкестікті бағалау жөніндегі органның немесе аккредиттеу жөніндегі органның әрекетіне (әрекетсіздігіне) қанағаттанбауды білдіретін және жауап талап етілетін арыз;

"аккредиттеуге өтініш беруші" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген және сәйкестікті бағалау жөніндегі орган ретінде аккредиттелуге үміткер заңды тұлға;

"аккредиттеу жөніндегі орган" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес аккредиттеу жүргізуге уәкілетті орган немесе заңды тұлға;

"техникалық сарапшы" - аккредиттеудің белгілі бір саласында білімі бар, сәйкестікті бағалау жөніндегі органды аккредиттеуге қатысуға аккредиттеу жөніндегі орган тартатын және тағайындайтын және техникалық сарапшылар тізіліміне енгізілген жеке тұлға;

"аккредиттеу жөніндегі сарапшы" - мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарға аккредиттеу жүргізу үшін аккредиттеу жөніндегі орган аттестаттаған және тағайындаған және аккредиттеу жөніндегі сарапшылар тізбесіне енгізілген жеке тұлға.

3. Мүше мемлекеттер:

халықаралық және өңірлік аккредиттеу жөніндегі ұйымдар қабылдаған халықаралық стандарттар мен өзге құжаттардың негізінде аккредиттеу саласында қағидаларды қабылдау;

халықаралық стандарттар негізінде әзірленген аккредиттеу саласындағы мемлекетаралық стандарттарды қолдану;

зертханааралық салыстыру сынауларын (зертханааралық салғастырулар) жүргізуді қамтамасыз ету және ұйымдастыру;

ақпарат ашықтығы, қайтарымсыздығы және уақтылылығы қағидаттары негізінде аккредиттеу саласында ақпарат алмасу арқылы аккредиттеу саласында заңнаманы үндестіруді жүзеге асырады.

Аккредиттеу жөніндегі органдар Шарттың 54-бабының ережелерін орындаған кезде мүше мемлекеттердің ұлттық аккредиттеу жүйелерінде сәйкестікті бағалау жөніндегі

органдарды (оның ішінде сертификаттау жөніндегі органдар және сынау зертханалары (орталықтары)) аккредиттеуді мүше мемлекеттер өзара таниды.

4. Аккредиттеу жөніндегі органдар мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) мыналарды:

сәйкестікті бағалау жөніндегі аккредиттелген органдардың тізілімін;

аккредиттеу жөніндегі сарапшылар тізілімін;

техникалық сарапшылар тізілімін;

Одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

2) Одақтың ақпараттық жүйесіне сәйкестікті бағалау жөніндегі аккредиттелген органдар, аккредиттеу жөніндегі сарапшылар мен техникалық сарапшылар тізілімдерінен мәліметтерді, сондай-ақ аккредиттеуге қатысты және Шартта көзделген өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынады;

3) аккредиттеу жөніндегі органдардың өкілдеріне мүше мемлекеттерде қолданылатын рәсімдердің тең мәнділігіне қол жеткізу мақсатында өзара салыстырмалы бағалауларды жүзеге асыру мүмкіндігін береді;

4) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар берген, аккредиттеу жөніндегі орган сәйкестікті бағалау жөніндегі органға қатысты қабылдаған шешімдерді қайта қарау туралы апелляцияларды қарайды және оларға қатысты шешімдер қабылдайды;

5) мүше мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғаларынан келіп түсетін аккредиттеу жөніндегі органдардың қызметіне, сондай-ақ олар аккредиттеген сәйкестікті бағалау жөніндегі органдардың қызметіне шағымдарды қарайды және оларға қатысты шешімдер қабылдайды.

4<sup>1</sup>. Аккредиттеу жөніндегі органдар осы Хаттаманың 4-тармағының 4 және 5-тармақшаларында көзделген өкілеттіктерге сәйкес қабылданған шешімдер туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету мақсатында Комиссия Кеңесі белгілеген тәртіппен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

**Ескерту. 4<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

5. Аккредиттеу жөніндегі орган туралы өзекті ақпаратты ол Интернет желісінде Одақтың ресми сайтында орналастыру үшін Комиссияға береді.

6. Аккредиттеу жөніндегі сарапшылар мен техникалық сарапшылардың құзыреттілік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында аккредиттеу жөніндегі органдар аккредиттеу жөніндегі сарапшылар мен техникалық сарапшылардың құзыреттілігінің бірдей қойылатын талаптарды үндестіруді қамтамасыз етеді.

**Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды, шұғыл фитосанитариялық шараларды қолдану туралы ХАТТАМА**

**Ескерту. 12-қосымшаның тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың XI бөліміне сәйкес әзірленді және санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды, шұғыл фитосанитариялық шараларды қолдану тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"шетелдік ресми қадағалау жүйесінің аудиті" - шетелдік ресми қадағалау жүйесінің кем дегенде бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға барабар ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін айқындау рәсімі;

"ветеринариялық бақылау (қадағалау)" - ветеринария саласындағы уәкілетті органдардың жануарлардың, оның ішінде адам мен жануарларға ортақ жұқпалы аурулар қоздырғыштарының және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес келмейтін тауарлардың әкелінуіне және таралуына жол бермеуге, сондай-ақ Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің талаптарын және мүше мемлекеттердің ветеринария саласындағы заңнамасын бұзудың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге бағытталған қызметі;

"ветеринариялық-санитариялық шаралар" - жануарлар ауруларының алдын алу және туындайтын қатерлерге байланысты, оның ішінде олар Одақтың кедендік аумағының шегінде жануарлармен, жем-шөппен, жануарлардан алынатын шикізатпен және өніммен, сондай-ақ оларды тасымалдаған көлік құралдарымен бірге келген немесе таралған жағдайда адам мен жануарларға ортақ аурулардан халықты қорғау мақсатында қолданылатын, орындау үшін міндетті талаптар мен рәсімдер;

"ветеринариялық сертификат" - ветеринария саласында уәкілетті орган немесе үшінші елдің құзыретті органы әкелуге, орнын ауыстыруға (тасымалдауға) жататын бақылаудағы тауарларға беретін және оның ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпсіздігін және (немесе) осы тауарлар өндірілетін әкімшілік аумақтардың, жануарлардың жұқпалы аурулары, оның ішінде адам мен жануарларға ортақ аурулар бойынша ветеринариялық-санитариялық саламаттылығын растайтын құжат;

"зиянды организм" - өсімдіктердің, жануарлардың немесе патогенді агенттердің өсімдіктерге немесе өсімдік өнімдеріне зиян тигізетін кез келген түрі, өзге түрі немесе биотипі;

"мемлекеттік тіркеу" - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган жүзеге асыратын өнімнің бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға немесе Одақтың техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;

"мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (бақылау)" - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдардың санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы өнімнің (тауарлардың), мекендеу ортасы факторларының адам денсаулығына зиянды әсер ету қатерін бағалау ескеріле отырып жүзеге асырылатын, Комиссия белгілеген және мүше мемлекеттердің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасында белгіленген міндетті талаптарды бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға және олардың жолын кесуге бағытталған қызметі;

"бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар" - ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға, олардың айналымына және ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге қойылатын Одақтың кедендік аумағында жануарлардың, оның ішінде адам мен жануарларға ортақ жұқпалы ауруларды қоздырушылардың және ветеринариялық-санитариялық жағынан қауіпті жануардан алынатын тауарлардың пайда болуына, әкелінуіне және таралуына жол бермеуге бағытталған талаптар;

"бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптар" - Одақтың кеден шекарасында және Одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын карантинге жатқызылатын өнімге (карантинге жатқызылатын жүктерге, карантинге жатқызылатын материалдарға, карантинге жатқызылатын тауарларға), оның айналымына қойылатын және Одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің пайда болуына, әкелінуіне және таралуына жол бермеуге бағытталған талаптар;

"өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің бірыңғай қағидалары мен нормалары" - карантиндік фитосанитариялық зерттеп қараулар қағидалары, рәсімдері, нұсқаулықтары, әдістемелері, Одақтың кеден шекарасында және Одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын карантинге жатқызылатын өнімді (карантинге жатқызылатын жүктер, карантинге жатқызылатын материалдар, карантинге жатқызылатын тауарлар) жіті тексеру, карантиндік объектілерді сәйкестендіру, зертханалық зерттеу және сараптама жүргізу, залалсыздандыру әдістері және өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асыратын өзге де маңызды іс-шаралар;

"санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар" - адам организміне өмір сүру ортасы факторларының зиянды әсерінің алдын алуға және адамның қолайлы тыныс-тіршілік жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған, Комиссия сақтау үшін міндетті деп белгілеген санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы өнімге (тауарларға) қойылатын талаптарды қамтитын құжат;

"жануарлар" - жануарлардың барлық түрлері, оның ішінде құстар, аралар, су жануарлары және жабайы фауна өкілдері;

"өсімдіктер карантині" - Одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілерден өсімдіктерді және өсімдіктен алынатын өнімдерді қорғау жөніндегі шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим;

"карантиндік объектілер" - мүше мемлекеттердің аумақтарында жоқ немесе шектеулі таралған және Одақтың бірыңғай карантиндік объектілер тізбесіне енгізілген зиянды организмдер;

"карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздік" - Одақтың кедендік аумағын карантиндік объектілердің енуі және (немесе) таралуы кезінде туындайтын тәуекелдерден қорғау жағдайын қамтамасыз ету;

"карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау)" - өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдардың карантиндік объектілерді анықтауға, карантинге жатқызылатын өнімнің (карантинге жатқызылатын жүктер, карантинге жатқызылатын материалдар, карантинге жатқызылатын тауарлар) карантиндік фитосанитариялық жағдайын белгілеуге, халықаралық міндеттемелерді және мүше мемлекеттердің өсімдіктер карантині саласындағы заңнамаларын орындауға бағытталған қызметі;

"карантиндік фитосанитариялық шаралар" - Одақтың кедендік аумағын карантиндік объектілердің әкелінуінен және таралуынан қорғауды қамтамасыз ету және олар келтіретін шығындарды азайту, сондай-ақ карантинге жатқызылатын өніммен (карантинге жатқызылатын жүктер, карантинге жатқызылатын материалдар, карантинге жатқызылатын тауарлар) халықаралық сауда-саттықта кедергілерді жою мақсатында қолданылатын, орындалуы міндетті талаптар, қағидалар және рәсімдер;

"ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объект" - ветеринариялық-санитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларды дайындауға (өндіруге), қайта өңдеуге, тасымалдауға және (немесе) сақтауға қатысатын ұйым немесе тұлға;

"карантинге жатқызылатын өнімдер партиясы (карантинге жатқызылатын жүктер, карантинге жатқызылатын материалдар, карантинге жатқызылатын тауарлар)" - бір көлік құралымен бір межелі пунктке бір алушыға жеткізуге арналған карантинге жатқызылған өнім (карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар) саны;



"ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауарлар партиясы" - бір көлік құралымен бір межелі пунктке бір алушыға жөнелтуге арналған және бір ветеринариялық сертификатпен ресімделген ветеринариялық-санитариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауар саны;

"карантинге жатқызылатын өнім (карантинге жатқызылатын жүктер, карантинге жатқызылатын материалдар, карантинге жатқызылатын тауарлар)" - Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын және Одақтың кедендік шекарасы арқылы және Одақтың кедендік аумағымен тасымалданатын, карантиндік объектілерді тасымалдаушылар болуы мүмкін және (немесе) оларды таратуға қабілетті және оларға қатысты карантиндік фитосанитариялық шара қолдануды қажет ететін карантинге жатқызылатын өнімнің (карантинге жатқызылатын жүктердің, карантинге жатқызылатын материалдардың, карантинге жатқызылатын тауарлардың) бірыңғай тізбесіне енгізілген өсімдіктер, өсімдіктен алынатын өнім, жүктер, құнарлы топырақ, организмдер, материалдар, ыдыс, орам;

"карантинге жататын объектілер" - Одақтың кедендік аумағына ену және (немесе) онда карантиндік объектілерді тарату көздері болуы мүмкін кез келген нысаналы мақсаттағы жерлер, ғимараттар, құрылымдар, құрылыстар, резервуарлар, сақтау орындары, жабдықтар, көлік құралдары, контейнерлер және өзге де объектілер;

"мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы өнім (тауарлар)" - санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген, Одақтың кедендік шекарасы арқылы және Одақтың кедендік аумағымен тасымалданатын тауарлар, химиялық, биологиялық және радиоактивті заттар, оның ішінде иондаушы сәулелену көздері, қалдықтар және адам үшін қауіп төндіретін өзге де жүктер, тамақ өнімдері, материалдар және бұйымдар;

"ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауарлар" - ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарлар;

"мемлекеттік тіркеуге жататын өнім" - айналымға түскен кезде адамның өмірі мен денсаулығына зиянды әсерін тигізуі мүмкін және қауіпсіздігі мемлекеттік тіркеудің болу фактісімен расталатын жекелеген өнім түрлері;

"ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауарларды әкелуге (әкетуге) және олардың транзитіне рұқсат беру" - мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ветеринария саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғасы беретін ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауарларды әкелу және олардың транзиті кезінде экспорттаушы елдердің эпизоотиялық ахуалына сүйене отырып, бақыланатын ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауарларды пайдалану тәртібін және шарттарын айқындайтын құжат;

"санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар" - мынадай:

адамның және жануарлардың өмірі мен денсаулығын ластаушы заттардың қоспаларынан, токсиндерден немесе тамақ өнімдеріндегі, сусындардағы, жемшөптегі және басқа өнімдердегі ауру тудыратын организмдердің пайда болуынан туындайтын тәуекелдерден қорғау;

жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен саулығын өсімдіктер зиянкестерінің, өсімдіктер мен жануарлардың, өсімдіктердің (арам шөптердің) ауру қоздырғыштарының және мүше мемлекеттер үшін карантиндік мәні бар, аурулардан немесе ауру тудыратын организмдердің таралуымен, жерсінуімен (бекінуімен) байланысты туындайтын тәуекелдерден қорғау;

адамның өмірі мен денсаулығын жануарлар, өсімдіктер немесе олардың өнімдері тасымалдайтын ауруларға байланысты туындайтын тәуекелдерден қорғау;

өсімдіктер зиянкестерінің, өсімдіктер мен жануарлардың, өсімдіктердің (арам шөптердің) ауру қоздырушыларының, мүше мемлекеттер үшін карантиндік мәні бар ауру тудыратын организмдердің таралуымен, жерсінуімен (бекінуімен) келтірілетін, оның ішінде олар жануарлармен және (немесе) өсімдіктермен, өнімдермен, жүктермен, материалдармен, көлік құралдарымен тасымалданған немесе таралған жағдайда басқа шығынның алдын алу немесе шектеу мақсаттарында қолданылатын, орындалуы міндетті санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық талаптар мен рәсімдер;

"санитариялық-карантиндік бақылау" - адам денсаулығы үшін ықтимал қауіпті өнімді (тауарларды) әкелудің, жұқпалы және жаппай жұқпалы емес ауралардың (уланулардың) әкелінуінің, пайда болуының және таралуының алдын алу мақсатында Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде, мемлекетаралық жөнелту теміржол станцияларында немесе қиылысу станцияларында тұлғаларға, көлік құралдарына және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы өнімге (тауарларға) қатысты мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (бақылау) түрі;

"санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар" - тіршілік ету ортасы факторларының адамға зиянды әсер ету тәуекелін бағалауға, осындай тәуекелді жоюға немесе азайтуға, жұқпалы және жаппай жұқпалы емес аурулардың (уланулардың) пайда болуының және таралуының алдын алуға және оларды жоюға бағытталған ұйымдастыру, әкімшілік, инженерлік-техникалық, медициналық-санитариялық, алдын алу және өзге де шаралар;

"халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы" - адамға тіршілік ету ортасы факторларының зиянды әсері жоқ және оның тыныс-тіршілігінің қолайлы жағдайлары қамтамасыз етілетін халық денсаулығының, тіршілік ету ортасының ахуалы;

"санитариялық шаралар" - орындалуы міндетті талаптар мен рәсімдер, оның ішінде түпкілікті өнімге қойылатын талаптар, өңдеу, өндіру, тасымалдау, сақтау және кәдеге жарату әдістері, сынамаларды іріктеу, тәуекелді бағалауды зерттеу (сынау) әдістері, мемлекеттік тіркеу рәсімдері, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында өнімнің (тауарлардың) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей бағытталған, өнімді (тауарларды) таңбалауға және орауға қойылатын талаптар;

"мемлекеттік тіркеу туралы куәлік" - өнімнің (тауарлардың) қауіпсіздігін растайтын, өнімнің (тауарлардың) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігін куәландыратын және Комиссия бекітетін бірыңғай нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган беретін құжат;

"ветеринария саласындағы уәкілетті органдар" - мүше мемлекеттердің ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдары мен мекемелері;

"халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдар" - мүше мемлекеттердің заңнамасына және Комиссияның актілеріне сәйкес мүше мемлекеттердің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдары мен мекемелері;

"өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдар" - өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұлттық ұйымдар;

"фитосанитариялық бақылау бекеті" - Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және мүше мемлекеттер заңнамасына сәйкес айқындалатын өзге жерлерде құрылатын өсімдіктер карантині жөніндегі пункт;

"фитосанитариялық қауіп" - мүше мемлекеттердің аумақтарында зиянды организмнің интродукциялану және таралу ықтималдығы және мүше мемлекеттер үшін олармен байланысты әлеуетті экономикалық салдардың ауқымы;

"фитосанитариялық сертификат" - карантинге жатқызылатын өніммен (карантинге жатқы "фитосанитариялық сертификат" - карантинге жатқызылған өнімге (карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар) арналған қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде (электрондық балама түрінде) ресімделетін, 1951 жылғы 6 желтоқсандағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияда белгіленген нысан бойынша экспорттаушы (кері экспорттаушы) елдің өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органы беретін және карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар) импорттаушы елдің фитосанитариялық талаптарына сәйкес келетінін куәландыратын құжат;

"шұғыл фитосанитариялық шара" - Одақтың кедендік аумағын Одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесіне енгізілмеген және фитосанитариялық қауіп төндіретін зиянды организмнің әкелінуінен және таралуынан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта көзделген

жағдайларда шұғыл тәртіппен қолданылатын және осындай қауіпті азайтуға бағытталған, орындау үшін міндетті талаптар, қағидалар мен рәсімдер;

"эпизоотиялық ахуал" - белгілі бір аумақтағы, нақты көрсетілген уақыттағы жануарлардың ауруларымен, олардың таралуымен және сырқаттанушылық деңгейімен сипатталатын ветеринариялық-санитариялық жағдай.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; 30.01.2024 № 56-VIII; 19.04.2024 № 75-VIII Заңдарымен.**

## **II. Санитариялық шаралар**

3. Одақтың кедендік шекарасындағы және Одақтың кедендік аумағындағы санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (бақылау) Комиссия бекітетін тәртіппен жүргізіледі.

4. Мүше мемлекеттер Одақтың кедендік шекарасы арқылы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы өнімнің (тауарлардың) орын ауыстырылуына арналған өткізу пункттерінде санитариялық-карантиндік пункттер құрады және қажетті санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу жөніндегі шараларды қабылдайды.

Мүше мемлекеттер Комиссия бекітетін талаптарды есепке ала отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін арнайы жабдықталған және құралдармен жарақтандырылған санитариялық-карантиндік пункттерде санитариялық-карантиндік бақылауды жүзеге асырады.

Комиссияның актілеріне сәйкес Одақтың аумағында мемлекеттік тіркеуге жататын өнімнің айналымы мемлекеттік тіркеу болған кезде жүзеге асырылады.

Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік Комиссия бекітетін тәртіппен бірыңғай нысан бойынша қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық құжат түрінде беріледі (ресімделеді).

Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметтер Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі пайдаланыла отырып, ұлттық тізілімдерден Комиссияға мүше мемлекеттер беретін мәліметтер негізінде қалыптастырылатын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізіледі.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібін Комиссия айқындайды.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

5. Мүше мемлекеттер:

1) Одақтың кедендік аумағында адамның денсаулығы үшін қауіпті жұқпалы және жаппай жұқпалы емес аурулардың (уланулардың) енуінің, таралуының алдын алуға,

төтенше жағдайлардың, сондай-ақ биологиялық агенттерді, химиялық және радиоактивті заттарды қолдана отырып, террористік актілердің салдарын жоюға бағытталған келісілген шараларды қабылдайды;

2) Одақтың кедендік аумағына адамның өміріне, денсаулығына және оның өмір сүру ортасына қауіпті мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы өнімнің (тауарлардың) әкелінуіне және айналымына жол бермеу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асырады.

6. Мүше мемлекеттер мынадай:

мүше мемлекеттің аумағында санитариялық-эпидемиологиялық ахуал нашарлаған; тиісті халықаралық ұйымдардан, мүше мемлекеттерден немесе үшінші елдерден қабылданатын санитариялық шаралар және (немесе) санитариялық-эпидемиологиялық ахуалдың нашарлағаны туралы ақпарат алған;

егер санитариялық шараларды қабылдаудың тиісті ғылыми негіздемесі жеткіліксіз немесе қажетті мерзімде ұсынылуы мүмкін болмаған;

бірыңғай санитариялық талаптарға немесе Одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес келмейтін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы тауарлар анықталған жағдайларда уақытша санитариялық шаралар енгізуге және санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізуге құқығы бар.

Мүше мемлекеттер барынша қысқа мерзімде өздерінің санитариялық шараларды енгізгені, санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізгені және олардың өзгерістері туралы бірін-бірі хабардар етеді.

Мүше мемлекет уақытша санитариялық шараларды енгізген кезде басқа мүше мемлекеттер қажетті шараларды қабылдайды және осындай шаралар енгізу туралы шешім қабылдаған мүше мемлекетті қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізеді.

7. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдар:

Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткен кезде Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында орналасқан мүше мемлекеттердің өткізу пункттерінде тұлғаларға, көлік құралдарына, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы тауарларға қатысты санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды (бақылауды) жүзеге асырады;

басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан зертханалық зерттеулердің (сынаулардың) қажетті хаттамаларын сұратуға құқығы бар;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында өзара ғылыми-әдістемелік және техникалық көмек көрсетеді;

бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сай келмейтін тауарлардың ықтимал түсімдері туралы, халықаралық медициналық-санитариялық қағидаларда көрсетілген аса қауіпті жұқпалы аурулардың және адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті өнімнің әрбір анықталған жағдайы туралы бірін-бірі хабардар етеді;

қажет болған кезде және өзара уағдаластық бойынша Одақтың санитариялық шаралар саласындағы құқығын құрайтын актілерде белгіленген талаптарды сақтау және Одақтың кедендік аумағын жұқпалы және жаппай жұқпалы емес аурулардың (уланулардың), санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы тауарлардың әкелінуінен және таралуынан қорғау мақсатында, сондай-ақ өзге мәселелерді жедел шешу үшін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы тауарларды өндіретін мүше мемлекеттердің аумақтарында бірлескен тексерулер (инспекциялар) жүргізеді.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдар Одақтың кедендік аумағында жұқпалы және жаппай жұқпалы емес ауруларды (улануларды) және (немесе) адамның өміріне, денсаулығына және тіршілік ету ортасына қауіпті өнімді және олардың таралуын анықтаған жағдайда олар туралы, сондай-ақ қолданған санитариялық шаралар туралы Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесіне жібереді.

8. Бірлескен тексерулерді (инспекцияларды) жүргізуге байланысты шығыстарды қаржыландыру, егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, мүше мемлекеттердің тиісті бюджеттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

### **III. Ветеринариялық-санитариялық шаралар**

9. Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында ветеринариялық-санитариялық бақылау (қадағалау) Комиссия бекітетін Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

10. Мүше мемлекеттер Одақтың кедендік шекарасы арқылы ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауарлардың орын ауыстырылуына арналған өткізу пункттерінде шекаралық бақылау ветеринариялық пункттерін құрады және қажетті ветеринариялық-санитариялық шараларды қабылдайды.

11. Ветеринария саласындағы уәкілетті органдар:

1) Одақтың кедендік аумағында жануарлардың, оның ішінде адам мен жануарларға ортақ жұқпалы аурулар қоздырушыларының және ветеринариялық-санитариялық жағынан қауіпті жануардан алынатын тауарлардың (өнімдердің) әкелінуіне және таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

2) мүше мемлекеттің аумағында жануарлар, оның ішінде адам мен жануарларға ортақ жұқпалы ауруларды және (немесе) ветеринариялық-санитариялық жағынан қауіпті жануардан алынатын тауарларды (өнімдерді) анықтаған және олар таралған жағдайда диагноз ресми анықталғаннан кейін немесе тауарлардың (өнімдердің) қауіпсіз еместігі расталғаннан кейін дереу олар туралы, сондай-ақ Одақтың Интеграцияланған ақпараттық жүйесінде орналастыру үшін, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын хабардар ету үшін қабылданған ветеринариялық-санитариялық шаралар туралы ақпаратты Комиссияға жібереді;

3) Комиссияға мүше мемлекеттердің жануарлардың аса қауіпті және карантинді ауруларының тізбесіндегі өзгерістер туралы уақтылы хабарлайды;

4) ветеринария саласында өзара ғылыми-әдістемелік және техникалық көмек көрсетеді;

5) Комиссия бекітетін тәртіппен шетелдік ресми жүйенің аудитін жүзеге асырады.

12. Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерді бірлесіп тексеру (инспекция) объектілерді бірлескен тексеруді жүргізу және ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың сынамасын іріктеп алудың бірыңғай тәртібі туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

Шетелдік ресми қадағалау жүйелерінің аудитін және бірлескен тексерулерді (инспекцияларды) жүргізуге байланысты шығыстарды қаржыландыру, егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, мүше мемлекеттердің тиісті бюджеттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. Ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде зертханалық зерттеулерді жүргізу қағидаларын және әдіснамасын Комиссия белгілейді.

14. Ветеринариялық дәрілік заттардың, ветеринариялық мақсаттағы диагностикалық құралдардың, жемшөп қоспаларының, дезинфекциялық, дезинсекциялық және дезакаризациялық заттардың айналымын реттеу қағидаларын Комиссия және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленеді.

15. Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың және халықаралық ұсынымдардың, стандарттардың, нұсқаулықтардың негізінде мүше мемлекеттер Комиссияның актілеріне сәйкес бірыңғай нысандардан ерекшеленетін ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген Одақтың кедендік аумағына әкелінетін ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауарларға ветеринариялық сертификаттардың үлгілерін жөнелтуші елдің (үшінші тараптың) құзыретті органдарымен келісуі мүмкін.

16. Транзиттің кедендік рәсіміне орналасқан ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауарлар Одақтың кедендік аумағымен Комиссия белгілейтін тәртіппен орны ауыстырылады.

Ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) бақылауындағы тауарларды әкелуге (әкетуге) рұқсат беруді және ветеринариялық сертификаттарды ресімдеуді осы мүше

мемлекеттің заңнамасына сәйкес ветеринария саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

17. Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын, мүше мемлекеттер арасында тасымалданатын тауарларға ветеринариялық сертификаттардың нысандарын, сондай-ақ ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарда көзделген бірыңғай ветеринариялық сертификаттардың нысандарын Комиссия бекітеді.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

#### **IV. Карантиндік фитосанитариялық шаралар**

18. Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) Комиссия бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

19. Өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің бірыңғай қағидаларын және нормаларын Комиссия бекітеді.

20. Мүше мемлекеттер Одақтың кедендік шекарасы арқылы өтетін карантинге жатқызылатын өнімнің (карантинге жатқызылатын жүктер, карантинге жатқызылатын материалдар және карантинге жатқызылатын тауарлар) орын ауыстырылуына арналған өткізу пункттерінде және өзге орындарда Комиссия бекітетін олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуына және жайластырылуына қойылатын талаптарды есепке ала отырып, өсімдіктердің карантині жөніндегі пункттерді (фитосанитариялық бақылау бекеттері) құрады.

21. Мүше мемлекеттер карантиндік объектілердің Одақтың кедендік аумағына әкелінуінің және таралуының алдын алу жөніндегі қажетті шараларды қабылдайды.

22. Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдар:

1) Одақтың кедендік шекарасы арқылы карантинге жатқызылатын өнімнің орнын ауыстыру кезінде өткізу пункттерінде және өсімдіктер карантині жөніндегі пункттер (фитосанитариялық бақылау бекеттері) жабдықталатын және жайластырылатын өзге орындарда карантиндік фитосанитариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырады;

2) бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына карантинге жатқызылатын өнімнің орнын ауыстыру кезінде карантиндік фитосанитариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырады;

3) Одақтың кеден аумағында карантиндік объектілер анықталған және таралған жағдайда Одақтың Интеграцияланған ақпараттық жүйесіне олар туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы ақпарат жібереді;

4) өз мемлекеттері аумағында карантиндік объектілердің анықталуы және таралуы жағдайлары туралы және өздерінің уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізгені туралы бірін-бірі уақтылы хабардар етеді;



5) өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету саласында біріне-бірі ғылыми, әдістемелік және техникалық көмек көрсетеді;

6) жыл сайын өткен жыл бойынша өз мемлекеттерінің аумақтарында карантиндік объектілердің анықталуына және таралуына қатысты статистикалық ақпарат алмасып отырады;

7) мүше мемлекеттер аумақтарындағы карантиндік фитосанитариялық ахуалға қатысты ақпаратпен және қажет болған жағдайда өзге де ақпаратпен, оның ішінде карантиндік объектілерге қарсы күрестің тиімді әдістері туралы мәліметтермен алмасып отырады;

8) зиянды организмдер туралы ақпарат негізінде реттелетін карантиндік емес зиянды организмдердің тізбесін, Одақтың бірыңғай карантиндік объектілер тізбесін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

9) карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) саласында басқа да мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

10) өзара уағдаластық бойынша:

Одақтың кедендік аумағына үшінші елдерден әкелінетін карантинге жатқызылатын өнімдерді өндіру (дайындау), сұрыптау, қайта өңдеу, қоймада сақтау және орау орындарын бірлесіп зерттеп қарауды жүргізу мақсатында мамандарды жібереді;

өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің бірыңғай қағидаларын және нормаларын әзірлеуге қатысады.

23. Карантинге жатқызылатын өнімдер тізбесіне сәйкес карантинге жатқызылатын фитосанитариялық тәуекелі жоғары өнім (карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар) тобына жатқызылған карантинге жатқызылатын өнімнің (карантинге жатқызылатын жүктер, карантинге жатқызылатын материалдар, карантинге жатқызылатын тауарлар) әр легі Одақтың кедендік аумағына әкелінеді және (немесе) экспорттаушы (кері экспорттаушы) электрондық түрде ресімделуі мүмкін фитосанитариялық сертификатпен бірге бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына орны ауыстырылады.

Одақтың кедендік аумағына әкелінетін және Одақтың кедендік аумағы бойынша өткізілетін карантинге жатқызылған өнім (карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар) партиясын қадағалап отыру Комиссия бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

24. Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету Комиссия бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

25. Әрбір мүше мемлекеттің мынадай:

1) өз аумағында карантиндік фитосанитариялық ахуал нашарлаған;

2) тиісті халықаралық ұйымдардан, мүше мемлекеттерден және (немесе) үшінші елдерден қабылданатын карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы ақпарат алған;

3) егер карантиндік фитосанитариялық шараларды қолданудың тиісті ғылыми негіздемесі жеткіліксіз болған немесе қажет болған мерзімдерде жеткізу мүмкін болмаған;

4) үшінші елдерден әкелінетін карантинге жатқызылатын өнімде (карантинге жатқызылатын жүктер, карантинге жатқызылатын материалдар, карантинге жатқызылатын тауарлар) жүйелі түрде карантиндік объектілер анықталған жағдайда уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды әзірлеуге және енгізуге құқығы бар.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 13 ҚОСЫМША

## **Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында келісілген саясатты жүргізу туралы ХАТТАМА**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың XII бөліміне сәйкес әзірленген және мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында келісілген саясатты жүргізу қағидаттарын және оның негізгі бағыттарын айқындайды.

2. Осы Хаттамада қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"мүше мемлекеттің тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасы" - мүше мемлекетте қолданылатын және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы;

"дайындаушы" - меншік нысанына (түріне) қарамастан ұйым, сондай-ақ тұтынушыларға өткізу үшін тауарлар шығаратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

"орындаушы" - меншік нысанына (түріне) қарамастан ұйым, сондай-ақ жұмыстар орындайтын немесе тұтынушыларға қызмет көрсететін дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

"жосықсыз шаруашылық жүргізуші субъектілер" - өз қызметінде, егер бұл бұзушылықтар тұтынушыларға және (немесе) қоршаған ортаға мүліктік немесе мүліктік емес нұқсан келтіруі мүмкін болса немесе келтірсе, мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын, іскерлік айналым дәстүрлерін бұзушылықтарға жол берген сатушылар, дайындаушылар, орындаушылар;

"тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері" - тұтынушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында құрылған, мүше мемлекеттердің заңнамасына

сәйкес тіркелген азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың коммерциялық емес бірлестіктері (ұйымдары), сондай-ақ барлық немесе бірнеше мүше мемлекеттің аумақтарында әрекет ететін халықаралық үкіметтік емес ұйымдар;

"тұтынушы" - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, тек жеке (тұрмыстық) қажеттіліктерге арналған тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс беруге (сатып алуға) ниеті бар не тапсырыс беруші (сатып алушы, пайдаланушы) жеке тұлға;

"сатушы" - меншік нысанына (түріне) қарамастан ұйым, сондай-ақ тұтынушыларға тауарларды сату-сатып алу шарты бойынша өткізетін дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

"тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдар" - мүше мемлекеттердің заңнамасына, халықаралық шарттарға және Одақ құқығын жасайтын актілерге сәйкес тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында бақылау (қадағалау) қызметін және (немесе) нормативтік-құқықтық реттеуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары.

## **II. Тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру**

3. Мүше мемлекеттердің азаматтары үшін тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғаудың тең жағдайларын қалыптастыру мақсатында мүше мемлекеттер тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы мүше мемлекеттердің заңнамасын және осы саладағы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған нормаларын ескере отырып, мынадай негізгі бағыттар бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында келісілген саясат жүргізуді қамтамасыз етеді:

1) тұтынушыларды, мемлекеттік органдарды және тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер), дайындаушылар (сатушылар, орындаушылар) туралы жедел және анық ақпаратпен қамтамасыз ету;

2) жосықсыз шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің және мүше мемлекеттердің аумақтарында сапасыз тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) өткізілуінің алдын алу жөнінде шаралар қабылдауы;

3) тұтынушылар үшін тұтынушылардың құқықтық сауаттылығын және құқықтық санасын дамыту, әкімшілік және сот тәртібімен тұтынушылардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды жүзеге асыру тәсілдері туралы оларды хабардар ету жолымен тұтынушылар үшін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) еркін таңдауға ықпал ететін жағдайлар жасау, сондай-ақ мүше мемлекеттер тұтынушыларының заң көмегіне қол жеткізуі;

4) мүше мемлекеттердің білім беру жүйелерінде азаматтарды оқытудың ажырамас бөлігі ретінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында ағарту бағдарламаларын іске асыру;

5) тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін насихаттау мен жүйелі түрде жария етуге бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде радио мен телевизияны тарту;

6) мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамаларын жақындату.

### **III. Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл**

4. Мүше мемлекеттер тұтынушылардың тәуелсіз қоғамдық бірлестіктерінің қызметі үшін жағдайлар жасауға, олардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы келісілген саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, тұтынушылардың құқықтарын насихаттауға және түсіндіруге, сондай-ақ мүше мемлекеттер арасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында ақпарат алмасу жүйесін құруға қатысуына жәрдемдеседі.

### **IV. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы**

5. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы:

1) мынадай:

мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын мемлекеттік және қоғамдық тұрғыда қорғау саласындағы практикасы туралы;

мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының сақталуын бақылау жүйесінің қолданылуын жетілдіру және қамтамасыз ету шаралары туралы;

мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасындағы өзгерістер туралы ақпарат алмасу;

2) ішкі нарықта анықталған, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың сұрау салуларының негізінде тұтынушылар құқықтарының бұзылғаны туралы ақпарат алмасуды қоса алғанда, мүше мемлекеттер резиденттерінің тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы мүше мемлекеттердің заңнамасын бұзуының алдын алу, анықтау және жолын кесу жөнінде ынтымақтасу;

3) мүше мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзара мүдделерін қозғайтын проблемалар бойынша бірлескен талдамалық зерттеулер жүргізу ;

4) жұмыс топтарын құруды, тәжірибе алмасуды және кадрларды оқытуды қоса алғанда, ынтымақтастық процесінде туындайтын мәселелер бойынша практикалық көмек көрсету;

5) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдар мен тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері қызметінің нәтижелері туралы статистикалық ақпарат алмасуды ұйымдастыру;

6) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзге де мәселелер бойынша ынтымақтасу арқылы жүзеге асырылады.

## **V. Комиссияның өкілеттіктері**

6. Комиссия мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) мүше мемлекеттер үшін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды қолдану туралы ұсынымдар әзірлейді;

2) мүше мемлекеттер үшін осы Хаттамада көрсетілген ережелерді іске асыру тәртібі туралы ұсынымдар әзірлейді;

3) мүше мемлекеттер тұтынушыларының құқықтарын қорғау мәселелері бойынша консультациялық органдар құрады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 14 ҚОСЫМША

## **Келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізу туралы**

### **ХАТТАМА**

#### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 62 және 63-баптарына сәйкес әзірленді және мүше мемлекеттердің келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"сыртқы болжамдар параметрлері" - мүше мемлекеттер экономикасының дамуына елеулі әсер ететін сыртқы факторларды сипаттайтын және мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын әзірлеу кезінде пайдаланылатын көрсеткіштер;

"сыртқы болжамдар параметрлерінің аралық сандық мәндері" - сыртқы болжамдар параметрлері аралығының жоғарғы және төменгі мәні;

"макроэкономикалық көрсеткіштер" - мүше мемлекеттер экономикасының ахуалын, оның дамуын және қолайсыз факторлардың әсеріне орнықтылығын, сондай-ақ интеграциялық ынтымақтастық дәрежесін сипаттайтын параметрлер;

"Одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттары" - әрбір мүше мемлекеттің қосымша экономикалық тиімділік алу мақсатында Одақтың интеграциялық әлеуеті мен

мүше мемлекеттердің бәсекелестік артықшылықтарын пайдалану есебінен іске асырылуына мүше мемлекеттер ұмтылатын әлеуметтік-экономикалық дамудың перспективалық бағыттарын айқындайтын, ұсынымдық сипаттағы құжат;

"мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының негізгі бағдарлары" - Одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттарында белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, мүше мемлекеттер экономикасы үшін неғұрлым маңызды қысқа және орта мерзімді міндеттерді айқындайтын, сондай-ақ көрсетілген міндеттерді шешу бойынша ұсынымдарды қамтитын бағдарламалық құжат.

## **II. Келісілген макроэкономикалық саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру**

3. Мүше мемлекеттер келісілген макроэкономикалық саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру мақсатында:

1) Одақтың интеграциялық әлеуетін және мүше мемлекеттердің экономиканың осы қажетті немесе орынды болатын салаларында және аяларындағы бәсекелестік артықшылықтарын пайдалануға бағытталған шараларды келіседі;

2) келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізу кезінде Одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттарын, мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының негізгі бағдарларын ескереді;

3) сыртқы болжамдар параметрлерінің белгіленген аралық сандық мәндерін ескере отырып, мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын әзірлейді;

4) Шарттың 63-бабында көрсетілген, экономикалық даму орнықтылығын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндері шеңберінде келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізеді;

5) егер қандай да бір мүше мемлекеттің экономикалық даму орнықтылығын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштер Шарттың 63-бабында белгіленген сандық мәндерге сәйкес келмеген жағдайда, Комиссияның қатысуымен, оның ішінде бірлескен шараларды әзірлейді және іске асырады, сондай-ақ қажет болған кезде Комиссияның экономикалық ахуалды тұрақтандыруға арналған ұсынымдарын ескереді . Көрсетілген бірлескен шаралар мен ұсынымдар Комиссия бекітетін тәртіпке сәйкес әзірленеді;

6) экономиканы тұрақтандыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу үшін мүше мемлекеттерде қалыптасқан экономикалық ахуалға қатысты мәселелер бойынша консультациялар жүргізеді.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **III. Комиссияның құзыреті**

4. Комиссия:

1) мыналар:

Комиссия бекітетін әдістемеге сәйкес есептелген, мүше мемлекеттердің экономикалық даму орнықтылығын және олардың Шарттың 63-бабында белгіленген сандық мәндеріне сәйкестігін айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің;

осы Хаттаманың IV бөлімінде айқындалған экономиканың даму деңгейі мен серпіні көрсеткіштерінің және интеграция дәрежесі көрсеткіштерінің мониторингі;

2) мүше мемлекеттермен келісу бойынша Жоғары кеңес бекітетін мынадай құжаттарды:

Одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттарын;

мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының негізгі бағдарларын;

мүше мемлекеттер экономикалық дамудың орнықтылығын айқындайын макроэкономикалық көрсеткіштердің Шарттың 63-бабында көрсетілген сандық мәндерін асырып жіберген жағдайда экономикалық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған бірлескен шараларды әзірлеу;

3) мыналарды:

Шарттың 63-бабында көрсетілген мүше мемлекеттер экономикалық дамудың орнықтылығын анықтайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық өлшемдерін асырған жағдайда экономикалық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған ұсынымдарды;

талдамалық (анықтамалық) мақсаттарда сыртқы болжамдар параметрлерінің белгіленген аралық сандық мәндерінің негізінде Одақтың әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын әзірлеу;

4) экономиканы тұрақтандыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу үшін мүше мемлекеттерде қалыптасқан экономикалық ахуалға қатысты мәселелер бойынша консультациялар өткізуге жәрдемдесу;

5) мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын дайындау үшін Комиссия бекітетін сыртқы болжамдар параметрлерінің белгіленген аралық сандық мәндерін мүше мемлекеттермен келісу. Мұндай келісу тәртібін Комиссия бекітеді.

6) мыналарды:

қабылданатын шешімдердің мүше мемлекеттердің экономикалық қызметінің жағдайына және шаруашылық жүргізетін субъектілердің кәсіпкерлік белсенділігіне әсерін;

келісілген макроэкономикалық саясат шараларын олардың мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының негізгі бағдарларына сәйкестігін талдау;

7) келісілген макроэкономикалық саясат жүргізу мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасында ақпарат алмасу арқылы мүше мемлекеттердің келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізуін үйлестіреді. Мұндай алмасу тәртібін Комиссия бекітеді.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

#### **IV. Интеграция дәрежесінің, экономиканы дамыту деңгейі мен серпінінің, сыртқы болжамдар параметрлерінің көрсеткіштері**

5. Интеграция дәрежесін айқындау үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады:

1) әрбір мүше мемлекеттің экономикасына бағытталған, нетто-негізде (таза негізде) (АҚШ долларымен) есептелген тікелей инвестициялар көлемі;

2) әрбір мүше мемлекеттен ұлттық экономикаға түскен, нетто-негізде (таза негізде) (АҚШ долларымен) есептелген тікелей инвестициялар көлемі;

3) мүше мемлекет экспортының жалпы көлеміндегі әрбір мүше мемлекеттің үлесі (пайызбен);

4) мүше мемлекет импортының жалпы көлеміндегі әрбір мүше мемлекеттің үлесі (пайызбен);

5) мүше мемлекеттің жалпы сыртқы сауда айналымындағы әрбір мүше мемлекеттің үлесі (пайызбен).

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

6. Экономиканың даму деңгейі мен серпінін айқындау үшін мынадай көрсеткіштер пайдаланылады:

1) жалпы ішкі өнімнің өсу қарқындары (пайызбен);

2) сатып алу қабілетінің басымдығы бойынша жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (АҚШ долларымен);

3) төлем теңгерімінің ағымдағы операциялар шотының сальдосы (АҚШ долларымен және жалпы ішкі өнімнің пайыздарымен);

4) тұтыну бағасының индексі негізінде есептелген ұлттық валютаның нақты тиімді айырбас бағамының индексі (пайызбен).

7. Комиссия мүше мемлекеттермен келісім бойынша тиісінше осы Хаттаманың 5 және 6-тармақтарында көрсетілгендерден ерекшеленетін интеграция дәрежесінің, мүше мемлекеттер экономикасының даму деңгейі мен серпінінің өзге көрсеткіштерінің мониторингін жүргізу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

8. Мүше мемлекеттер 3 жылдық кезеңге мынадай сыртқы болжам өлшемдерінің аралық сандық мәндерін келіседі:

әлемдік экономиканың даму қарқындары;

Brent маркалы мұнай бағасы.

Мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын жасауға уәкілеттік берілген атқарушы билік органдары оның ішінде өзара саудада сыртқы сауда операциялары туралы ақпарат алмасады. Жекелеген мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын қалыптастыру үшін Ресей Федерациясы көрсетілген уәкілетті органдарға Комиссия бекітетін тәртіппен ішкі тұтыну үшін жеткізілетін табиғи газға болжамды бағаның шамамен өзгеру аралығы туралы ақпарат береді.



Макроэкономикалық болжау мақсатында Ресей Федерациясы беретін көрсетілген ақпарат болжанатын кезеңде мүше мемлекеттерге табиғи газды жеткізу бағасы бойынша Ресей Федерациясының міндеттемесі болып табылмайды.

Мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері жүргізіліп жатқан бағамдық саясат туралы бірін-бірі хабардар етеді.

9. Макроэкономикалық болжау мақсатында ақпарат алмасу мүше мемлекеттердің тиісті ақпараттың құпиялығына қоятын талаптарын есепке ала отырып, жүзеге асырылады.

10. Жоғары кеңес мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын әзірлеу кезінде пайдаланылатын сыртқы болжамдар параметрлерін қайта қарау туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 15 ҚОСЫМША

## **Келісілген валюталық саясатты жүргізуге бағытталған шаралар туралы ХАТТАМА**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 64-бабына сәйкес әзірленді және келісілген валюталық саясатты жүргізу мақсатында мүше мемлекеттер қабылдайтын шараларды айқындайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"валюталық заңнама" - мүше мемлекеттердің валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы заңнамалық актілері және оларды орындау үшін қабылданған нормативтік құқықтық актілер;

"валюталық шектеулер" - валюталық операцияларға тікелей тыйым салудан, көлемдерін, санын және жүргізу мерзімдерін, төлем валютасын лимиттеуден, оларды жүргізуге арнайы рұқсаттарды (лицензияларды) алу, жүргізілетін валюталық операция сомасының бір бөлігін, бүкіл сомасын немесе бүкіл сомасына еселі соманы резервтеу жөніндегі талаптар белгілеуден көрінетін халықаралық шарттарда және Одақтың құқығын құрайтын актілерде немесе мүше мемлекеттердің валюталық заңнамасында белгіленген шектеулер, сондай-ақ мүше мемлекеттердің аумақтарында шоттар ашуға және жүргізуге байланысты шектеулер және шетел валютасын міндетті түрде сату туралы талаптар;

"интеграцияланған валюта нарығы" - мүше мемлекеттердің жұмыс істеу мен мемлекеттік реттеудің жалпы қағидаттарымен біріктірілген ішкі валюта нарықтарының жиынтығы;

"ырықтандыру шаралары" - мүше мемлекеттердің резиденттері арасындағы валюталық операцияларға қатысты, сондай-ақ үшінші елдердің резиденттерімен

операцияларға қатысты валюталық шектеулерді әлсіретуге немесе жоюға бағытталған әрекеттер;

"мүше мемлекеттің резиденті" - мүше мемлекеттердің бірінің валюталық заңнамасына сәйкес осы мүше мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлға;

"үшінші елдің резиденті" - мүше мемлекеттердің ешқайсысының резиденті болып табылмайтын тұлға;

"уәкілетті ұйымдар" - мүше мемлекеттердің резиденттері болып табылатын және өзі құрылған мемлекеттің заңнамасына сәйкес шетел валютасымен банктік операцияларды жүргізуге өкілеттіктері бар заңды тұлғалар;

"валюталық бақылаудың уәкілетті органдары" - мүше мемлекеттердің валюталық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері бар атқарушы билік органдары, өзге де мемлекеттік органдары және мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері.

Валюталық құқықтық қатынастарды реттеу кезінде мүше мемлекеттер ұлттық валюталық заңнамаға сәйкес "резидент емес" ұғымын қолданады.

## **II. Келісілген валюталық саясатты жүргізуге бағытталған шаралар**

3. Мүше мемлекеттер келісілген валюталық саясатты жүргізу мақсатында мынадай шаралар қабылдайды:

1) мүше мемлекеттер резиденттерінің өзара есеп айырысуы үшін мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарын пайдалануды кеңейтуді қамтамасыз ету үшін ұлттық валюталардың айырбас бағамының саясатын (бұдан әрі - бағамдық саясат) үйлестіру, оның ішінде бағамдық саясат іс-шараларын тұжырымдау және үйлестіру мақсатында өзара консультациялар жүргізуді ұйымдастыру;

2) мүше мемлекеттер резиденттерінің шетел валютасын мүше мемлекеттердің банктері арқылы шектеусіз сатып алу және сату мүмкіндігі үшін жағдайлар жасау арқылы төлем теңгерімінің ағымдағы және күрделі баптары бойынша ұлттық валюталардың шектеусіз айырбасталуын қамтамасыз ету;

3) мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарына тікелей өзара баға белгілеуді қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

4) мүше мемлекеттер резиденттерінің арасында өзара есеп айырысуларын мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарымен жүргізуді қамтамасыз ету;

5) мүше мемлекеттердің резиденттері арасындағы өзара есеп айырысуларда ұлттық валюталарды пайдалануды кеңейту базасында мүше мемлекеттер арасындағы төлем-есеп айырысу қатынастарының тетігін жетілдіру;

6) ұлттық валюталардың мүше мемлекеттер резиденттерінің арасындағы өзара саудаға кедергі келтіретін ресми айырбастау бағамдарының көп болуына жол бермеу;

7) мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарының ресми бағамдарын биржа нарығында қалыптасқан бағам негізінде не

мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарының АҚШ долларына кросс-бағамдары негізінде белгілеуі;

8) тұрақты негізде валюта нарығының жай-күйі мен даму перспективалары туралы ақпарат алмасу;

9) мүше мемлекеттердің интеграцияланған валюта нарығын қалыптастыру;

10) әрбір мүше мемлекеттің мүше мемлекеттердің резиденттері болып табылатын және өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес ұлттық режим ұсыну жағдайында банкаралық конверсиялық операцияларын жүргізу үшін валюталық операцияларды жүзеге асыру құқығына ие банктердің өз ұлттық валюта нарығына кіруін қамтамасыз етуі;

11) мүше мемлекеттердің банктеріне мүше мемлекеттердің корреспонденттік шоттарындағы ұлттық валюталарындағы өздеріне тиесілі қаражатты үшінші елдердің валюталарына еркін айырбастау құқығын беру;

12) мүше мемлекеттердің валюталық активтерін басқа мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарына, оның ішінде олардың мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастыру үшін жағдайлар жасау;

13) ішкі валюта нарықтарының өтімділігін одан әрі дамыту және арттыру;

14) мүше мемлекеттердің ұйымдасқан нарықтарында ұлттық валюталармен сауда-саттықты дамыту және оған мүше мемлекеттердің валюта нарығына қатысушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ету;

15) туынды қаржы құралдарының ұйымдасқан нарығын дамыту.

4. Мүше мемлекеттердің валюталық құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамасын жақындату және ырықтандыру шараларын қабылдау мақсатында мүше мемлекеттер:

1) тиімді экономикалық кооперацияға кедергі келтіретін

валюталық операцияларға және мүше мемлекеттер резиденттерінің мүше мемлекеттер аумағында орналасқан банктерде шоттар ашуға немесе жүргізуге қатысты валюталық шектеулерді біртіндеп жоюды қамтамасыз етеді;

2) мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан банктерде үшінші елдер резиденттерінің шоттарды, сондай-ақ мүше мемлекеттер резиденттерінің үшінші елдерде орналасқан банктерде шоттар ашу немесе жүргізу тәртібіне қатысты келісілген тәсілдерді айқындайды;

3) мүше мемлекеттер резиденттерінің олардың банк шоттарына міндетті түрде аударылуға тиіс ақша қаражатын репатриациялауға қойылатын талапқа қатысты тәсілдерді әзірлеу тұрғысында ұлттық егемендікті сақтау қағидатына сүйенеді;

4) оларға қатысты валюталық шектеулер қолданылмайтын мүше мемлекеттер резиденттерінің арасында жүзеге асырылатын валюталық операциялардың тізбесін айқындайды;

5) мүше мемлекеттер резиденттерінің мүше мемлекеттердің аумағында орналасқан банктеріндегі банк шоттарын пайдаланбай есеп айырысуларды жүзеге асыру құқығын

қоса алғанда, валюталық операцияларды жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттерінің қажетті көлемін айқындайды;

6) мүше мемлекеттер резиденттерінің олардың банк шоттарына міндетті түрде есептелуі тиіс ақша қаражатын репатриациялау жөніндегі талаптардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді;

7) мүше мемлекеттер резиденттерінің және резидент еместерінің қолма-қол ақша қаражатын және ақшалай құралдарды Одақтың кедендік аумағы шегінде еркін өткізуін қамтамасыз етеді;

8) валюталық операцияларды есепке алуға және бақылауға қойылатын талаптарды үйлестіруді қамтамасыз етеді;

9) мүше мемлекеттердің валюталық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық туралы нормаларды үндестіруді қамтамасыз етеді.

### **III. Валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы**

5. Валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы мынадай жолмен жүзеге асырылады:

1) мынадай:

мүше мемлекеттердің бақылаушы және құқық қорғау органдарының валюталық заңнаманың сақталуын бақылау саласындағы практикасы туралы;

валюталық заңнаманың сақталуын бақылау жүйесін жетілдіру және жұмыс істеуін қамтамасыз ету шаралары туралы;

валюталық бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша, сондай-ақ құқықтық сипаттағы, оның ішінде мүше мемлекеттердің валюталық бақылау саласындағы заңнамасы туралы, мүше мемлекеттердің валюталық бақылау саласындағы заңнамасының өзгеруі туралы ақпарат алмасу;

2) ақпарат алмасуды қоса алғанда, мүше мемлекет резиденттері валюталық операциялар жүзеге асырған кезде олардың мүше мемлекеттердің заңнамасын бұзуының алдын алу, анықтау және жолын кесу жөнінде, оның ішінде валюталық бақылау органдарының валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізген операциялар туралы сұрау салуларының негізінде ынтымақтасу;

3) мүше мемлекеттердің валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы өзара мүдделерін қозғайтын проблемалар бойынша бірлескен талдамалық зерттеулер жүргізу;

4) жұмыс топтарын құруды, тәжірибе алмасуды және кадрларды оқытуды қоса алғанда, ынтымақтастық процесінде туындайтын мәселелер бойынша практикалық көмек көрсету;

5) валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша статистикалық ақпарат алмасуды ұйымдастыру, оның ішінде:

мүше мемлекеттердің резиденттері арасында валюталық операциялар бойынша төлемдер мен ақша аударымдарының көлемдері туралы;

бір мүше мемлекет резиденттерінің екінші мүше мемлекеттің уәкілетті ұйымдарында ашқан шоттарының саны туралы;

б) валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органдар ынтымақтастығының өзге де мәселелері бойынша бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыру.

6. Валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органдар тұрақты негізде ақпарат беруді қоса алғанда, валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органдардың арасындағы өзара іс-қимыл туралы жекелеген хаттамаларға сәйкес валюталық бақылау саласындағы нақты бағыттар бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

7. Практикалық көмек көрсету:

валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органдар өкілдерінің жұмыс сапарларын ұйымдастыру;

семинарлар мен консультациялар өткізу;

әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және олармен алмасу арқылы жүзеге асырылады.

#### **IV. Валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органдардың сұрау салулары негізінде ақпарат алмасу**

8. Ақпаратты ұсыну туралы сұрау салуды жіберу және орындау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) сұрау салу жазбаша нысанда немесе мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдалану арқылы беріледі.

Мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдаланған кезде, сондай-ақ алынған сұрау салудың түпнұсқалығына немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған кезде сұрау салған валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті орган жазбаша нысанда растама сұрата алады;

2) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер жөніндегі іс жүргізу шеңберінде ақпарат беру туралы сұрау салу мыналарды қамтиды:

сұрау салушы валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органның атауы;

сұрау салынған валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органның атауы;

қажет болған кезде растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, істердің нақты мән-жайларының қысқаша сипаты;

сұрау салушы валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті орган мемлекетінің заңнамасына сәйкес құқық бұзушылықты жіктеу;

сұрау салуды орындау үшін қажетті басқа да мәліметтер;

3) сұрау салу және оның жауабы орыс тілінде жазылады.

9. Осы Хаттама шеңберінде алынған ақпаратты үшінші тарапқа беру қажеттілігі болған жағдайда, осы ақпаратты ұсынған валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімі талап етіледі.

10. Сұрау салуды сұрау салушы валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті орган сұрау салынған валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органға мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген іс жүргізу мерзімдерін сақтау мүмкіндігін ескере отырып орындайды.

Сұрау салынған валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті орган нақтылау тәртібімен, егер бұл сұрау салуды орындау үшін қажет болса, қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

11. Сұрау салуды орындау мүмкін болмаған кезде сұрау салынған валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті орган бұл туралы себептерін көрсете отырып сұрау салушы валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органды хабардар етеді.

12. Валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органдар валюталық бақылау саласындағы өзара іс-қимыл шеңберінде ақпарат алмасу шығыстарын көтереді.

Валюталық бақылау жөніндегі уәкілетті органдар қосымша шығыстарды талап ететін сұрау салуды алған жағдайда, уәкілетті органдар оларды қаржыландыру жөніндегі мәселені өзара уағдаластық бойынша қарайды.

## **V. Валюталық шектеулер**

13. Әрбір мүше мемлекет ерекше жағдайларда (егер жағдай экономикалық саясаттың басқа шараларымен шешілмесе) 1 жылдан аспайтын мерзімге валюталық шектеулерді енгізуге құқылы.

Бұл ретте ерекше жағдайларға:

ырықтандыру шараларын жүзеге асыру кезінде мүше мемлекетте экономикалық және қаржылық ахуалдың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін жағдайлардың туындауы;

оның салдарынан мүше мемлекеттің алтын-валюта резервтері жол берілетін деңгейден азаюы мүмкін төлем теңгеріміндегі ахуалдың теріс дамуы;

ырықтандыру шараларын жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттің қауіпсіздік мүдделеріне зиян келтіруі және қоғамдық тәртіпті қолдауға кедергі келтіруі мүмкін жағдайлардың туындауы;

мүше мемлекеттің ұлттық валюта бағамының күрт ауытқулары жатады.

14. Валюталық шектеулерді енгізген мүше мемлекет бұл туралы қалған мүше мемлекеттерге және Комиссияға осындай шектеулерді енгізген күннен бастап 15 күннен кешіктірмей хабарлайды.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 16 ҚОСЫМША

**Көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі  
және инвестицияларды жүзеге асыру туралы  
ХАТТАМА**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 65 - 69-баптарына сәйкес әзірленді және мүше мемлекеттерде көрсетілетін қызметтер саудасының, инвестициялар құрудың, қызметінің және инвестицияларды жүзеге асыруды реттеудің құқықтық негіздерін айқындайды.

2. Осы Хаттаманың ережелері мүше мемлекеттердің көрсетілетін қызметтерді беруді және алуды, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды қозғайтын кез келген шараларына қолданылады.

Электр байланысы көрсетілетін қызметтерінің саудасына байланысты туындайтын құқықтық қатынастардың ерекшеліктері осы Хаттамаға № 1 қосымшаға сәйкес айқындалады.

Мүше мемлекеттер қызметтің барлық секторларына және түрлеріне қатысты сақтайтын "көлденең" шектеулер осы Хаттамаға № 2 қосымшаға сәйкес айқындалған.

Осы Хаттаманың 15 - 17, 23, 26, 28, 31, 33 және 35-тармақтарында көзделген шектеулердің, алулардың, қосымша талаптардың және шарттардың жеке ұлттық тізбелерін (бұдан әрі - ұлттық тізбелер) Жоғары кеңес бекітеді.

3. Осы Хаттаманың ережелері Шарт күшіне енген күнге әрекет етуін жалғастырған мүше мемлекеттердің құрылған, сатып алынған, бақыланатын заңды тұлғаларына, ашылған филиалдарға, өкілдіктерге, тіркелген дара кәсіпкерлерге, сондай-ақ Шарт күшіне енгеннен кейін мүше мемлекеттердің құрылған, сатып алынған, бақыланатын заңды тұлғаларына, ашылған филиалдарға, өкілдіктерге, тіркелген дара кәсіпкерлерге қолданылады.

Осы Хаттаманың 15 - 17, 21, 24, 27, 30 және 32-тармақтарының ережелеріне қарамастан, мүше мемлекеттер жаңа, яғни осы Шарт күшіне енген күнге қолданыста жоқ көрсетілетін қызметтерге қатысты кез келген шараларды қабылдау және қолдану құқығын сақтайды.

Жаңа көрсетілетін қызметті қозғайтын және көрсетілген тармақтардың ережелерімен сыйыспайтын шараны қабылдаған немесе қолданған жағдайда мүше мемлекет мұндай шара туралы оны қабылдау немесе қолдану күнінен бастап, қайсысы бұрын болғанына қарай, 1 айдан кешіктірмей басқа мүше мемлекеттерді және Комиссияны хабардар етеді. Осындай мүше мемлекеттің ұлттық тізбесіне тиісті өзгерістер Жоғары кеңестің шешімімен бекітіледі.

4. Осы Хаттаманың 6-тармағы 22-тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген қызметтерді жеткізу тәсілдеріне қатысты осы Хаттаманың ережелері әуе көлігімен тасымалдау құқықтарына және ұшақтарға жөндеу және пайдалану қызметін көрсетуді, әуе көлігінің көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ резервтеудің компьютерлік жүйесінің көрсетілетін қызметтерін жеткізуді және олардың маркетингін қоспағанда, тасымалдау құқықтарына тікелей жатқызылатын көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды.

5. Мүше мемлекеттер өздерінің заңнамасында көзделген және адамдардың өмірін және денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға, ұлттық қауіпсіздікке қатысты талаптарды, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттердің тұлғаларын, сондай-ақ мүше мемлекеттердің аумақтарында құру үшін үшінші мемлекеттердің тұлғаларын тарту тетігі ретінде еңбек стандарттарын жұмсартуды пайдаланбайды.

## **II. Анықтамалар және ұғымдар**

6. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) "реципиент мемлекет" - аумағында басқа мүше мемлекеттердің инвесторлары инвестицияларды жүзеге асыратын мүше мемлекет;

2) "қызмет" - осы тармақтың 24-тармақшасының екінші - алтыншы абзацтарында санамаланған заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің немесе дара кәсіпкерлердің кәсіпкерлік немесе өзге қызметі (көрсетілетін қызметтер саудасын және тауарларды өндіруді қоса алғанда);

3) "инвестицияларға байланысты қызмет" - инвестицияларға иелік ету, пайдалану және (немесе) билік ету;

4) "кірістер" - инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынатын қаражат, атап айтқанда дивидендтер, пайыздар, сондай-ақ лицензиялық, комиссиялық және басқа да сыйақылар;

5) "мүше мемлекеттің заңнамасы" - мүше мемлекеттің заңдары және өзге нормативтік құқықтық актілері;

6) "өтініш беруші" - рұқсат беру туралы өтінішпен осы немесе басқа мүше мемлекеттің құзыретті органына өтініш білдірген бір мүше мемлекеттің тұлғасы;

7) "инвестициялар" - бір мүше мемлекеттің инвесторы екінші мемлекеттің аумағындағы кәсіпкерлік қызмет объектілеріне соңғысының заңнамасына сәйкес салатын материалдық және материалдық емес құндылықтар, оның ішінде:

ақша қаражаты (ақша), бағалы қағаздар, өзге мүлік;

мүше мемлекеттердің заңнамасы негізінде немесе шарт бойынша ұсынылатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық, қоса алғанда, атап айтқанда табиғи ресурстарды барлауға, өндіруге, өңдеуге және пайдалануға құқық;

ақшамен бағаланатын мүліктік және өзге де құқықтар;

8) "мүше мемлекеттің инвесторы" - мүше мемлекеттің екінші мүше мемлекеттің аумағында, соңғысының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыратын кез келген тұлғасы;

9) "құзыретті орган" - мүше мемлекет берген өкілеттіктер шегінде бақылау, рұқсат беру немесе осы Хаттамада қамтылатын мәселелерге қатысты өзге реттеу функциясын жүзеге асыратын кез келген орган немесе кез келген ұйым, атап айтқанда әкімшілік органдар, соттар, кәсіби бірлестіктер, қауымдастықтар;



10) "мүше мемлекеттің тұлғасы" - мүше мемлекеттің кез келген жеке немесе заңды тұлғасы;

11) "мүше мемлекеттің шарасы" - мүше мемлекеттің заңнамасы, сондай-ақ мемлекеттік биліктің кез келген деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары немесе осындай органдар берген өкілеттіктерді олардың жүзеге асыруы кезінде ұйымдар қабылдаған немесе қолданатын осы мүше мемлекеттің лауазымды тұлғасының кез келген шешімі, әрекеті немесе әрекетсіздігі.

Мүше мемлекеттің органы ұсынымдық сипаты бар ресми құжатты қабылдаған ( шығарған) жағдайда мұндай ұсыным, егер іс жүзінде аталған ұсынымның адресаттарының басым бөлігі (мемлекеттік, өңірлік және (немесе) муниципалдық билік органдары, үкіметтік емес органдар, сондай-ақ осы мүше мемлекеттің тұлғалары, басқа мүше мемлекеттердің тұлғалары, кез келген үшінші мемлекеттің тұлғалары) оны ұстанатындығы дәлелденген жағдайда осы Хаттаманың мақсаттары үшін қолданылатын мүше мемлекеттің шарасы деп танылуы мүмкін;

12) "көрсетілетін қызметті алушы" - қызмет көрсетілетін немесе көрсетілетін қызметті пайдалануға ниетті мүше мемлекеттің кез келген тұлғасы;

13) "көрсетілетін қызметтерді жеткізуші" - мүше мемлекеттің көрсетілетін қызметті жеткізетін кез келген тұлғасы;

14) "өкілдік" - заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғаның мүдделерін білдіретін және оларды қорғауды жүзеге асыратын заңды тұлғаның оқшауландырылған бөлімшесі;

15) "рұқсат" - мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген, өтініш берушінің өтінішіне негізделген құзыретті органның осы тұлғаның белгілі бір қызметті немесе белгілі бір әрекеттерді, оның ішінде тізілімге енгізу, ресми құжат (лицензия, келісім, қорытынды, аттестат, куәлік, сертификат және т.с.с.) беру арқылы жүзеге асыру құқығын растауы. Бұл ретте мұндай рұқсат конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша берілуі мүмкін;

16) "рұқсат беру рәсімдері" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құзыретті органдар іске асыратын рұқсаттарды және олардың телнұсқаларын беруге және қайта ресімдеуге, рұқсаттардың қолданылу мерзімін тоқтатуға, тоқтата тұруға және қалпына келтіруге не ұзартуға, рұқсаттардан айыруға (күшін жоюға), рұқсаттар беруден бас тартуға, сондай-ақ осындай мәселелер бойынша шағымдарды қарауға байланысты рәсімдер жиынтығы;

17) "рұқсат беру талаптары" - стандарттардың және (немесе) өтініш берушіге, рұқсат иесіне және (немесе) жеткізілетін қызметке, мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген реттеу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес келетін, жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметке қойылатын талаптардың (оның ішінде лицензиялық, біліктілік) жиынтығы;

Қызметті жүзеге асыруға рұқсаттарға қатысты рұқсат беру талаптарының, оның ішінде өтініш берушінің мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметтер саудасын және өзге қызметті жүзеге асыру біліктілігін және қабілетін қамтамасыз ету мақсаты болуы мүмкін;

18) "режим" - мүше мемлекеттер шараларының жиынтығы;

19) "көрсетілетін қызмет секторы":

осы Хаттамаға № 2 қосымшаға қатысты, сондай-ақ Жоғары кеңес бекітетін тізбелерге қатысты - жекелеген қызметтің бір, бірнеше немесе барлық кіші секторлары; өзге жағдайларда - барлық кіші секторларын қоса алғанда, көрсетілетін қызметтің барлық секторы;

20) "мүше мемлекеттің аумағы" - мүше мемлекеттің аумағы, сондай-ақ халықаралық құқыққа және өз заңнамасына сәйкес егеменді құқықтарын және юрисдикциясын іске асыратын оның айрықша экономикалық аймағы мен континентальдық қайраңы;

21) "экономикалық орындылығына тест" - тиісті шешімдерді беруді экономикалық қажеттіліктің немесе нарық қажеттіліктерінің болуымен, қызметтің ықтимал немесе бар экономикалық әсерін бағалаумен немесе қызметтің құзыретті орган белгілеген экономикалық жоспарлау мақсаттарына сәйкестігін бағалаумен байланыстыру. Аталған ұғым экономикалық сипаттағы емес жоспарлауға байланысты және әлеуметтік саясат, жергілікті билік органдары өз құзыретінің шегінде бекітетін әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын орындау немесе қалалық тіршілік ету ортасын қорғау, оның ішінде қала салу жоспарларын орындау сияқты қоғамдық мүдде түсініктерімен негізделген шарттарды қамтымайды;

22) "көрсетілетін қызметтер саудасы" - көрсетілетін қызметтерді шығаруды, бөлуді, маркетингін, сатуды және жеткізуді қамтитын және мынадай:

бір мүше мемлекеттің аумағынан кез келген екінші мүше мемлекеттің аумағына;

бір мүше мемлекеттің аумағында осы мүше мемлекеттің тұлғасының екінші мүше мемлекеттің көрсетілетін қызметтерді алушысына;

екінші мүше мемлекеттің аумағында құру жолымен бір мүше мемлекеттің көрсетілетін қызметтерді берушісінің;

екінші мүше мемлекеттің аумағында бір мүше мемлекеттің жеке тұлғаларының қатысу жолымен осы мүше мемлекеттің көрсетілетін қызметтерді берушісі тәсілдерімен жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметтерді беру;

23) "үшінші мемлекет" - мүше мемлекет болып табылмайтын мемлекет;

24) "құру":

аумағында заңды тұлға ұйымдастырылатын немесе құрылатын мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда және меншік нысанында осындай заңды тұлғаны құру және (немесе) иелену (ұйымдастырылған немесе құрылған заңды тұлғаның капиталына қатысу);

тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді анықтау мүмкіндігін алудан көрінетін, оның ішінде дауыс беретін акцияларға (үлестерге) тура келетін дауыстарға иелік ету жолымен, директорлар кеңесінде (байқау кеңесінде) және осындай заңды тұлғаның өзге де басқару органдарында қатысу жолымен мүше мемлекеттің осындай заңды тұлғасын бақылауды иелену;

филиал ашу;

өкілдік ашу;

дара кәсіпкер ретінде тіркеу.

Құру, оның ішінде көрсетілетін қызметтер саудасы және (немесе) тауарлар өндіру мақсаттары үшін жүзеге асырылады;

25) "мүше мемлекеттің жеке тұлғасы" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің азаматы;

26) "филиал" - заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның барлық функцияларын немесе олардың бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаның оқшауландырылған бөлімшесі;

27) "мүше мемлекеттің заңды тұлғасы" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы мүше мемлекеттің аумағында ұйымдастырылған немесе құрылған кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйым.

7. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін көрсетілетін қызметтердің секторлары Біріккен Ұлттар Ұйымы Хатшылығының Статистикалық комиссиясы бекіткен Негізгі өнімдердің халықаралық сыныптауышы (Central Products Classification) негізінде айқындалады және сыныпталады.

### **III. Төлемдер мен аударымдар**

8. Осы Хаттаманың 11 - 14-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, әрбір мүше мемлекет көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруға, қызметіне және инвестицияларға байланысты аударымдар мен төлемдерге қатысты және атап айтқанда, мыналарға:

1) кірістерге;

2) мүше мемлекеттер инвестициялар ретінде таныған қарыздар мен кредиттерді жабуға төлейтін қаражатқа;

3) инвестор коммерциялық ұйымды ішінара немесе толықтай таратумен не инвестицияларды сатумен байланысты алған қаражатқа;

4) инвестор осы Хаттаманың 77-тармағына сәйкес залалды өтеу ретінде алған қаражатқа және осы Хаттаманың 79 - 81-тармақтарында көзделген өтемақыға;

5) инвесторлар және реципиент мемлекеттің аумағында инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты жұмыс істеуге рұқсат етілген басқа да мүше мемлекеттердің азаматтары алатын жалақыға және басқа да сыйақыларға қатысты қолданыстағы шектеулердің күшін жояды және жаңа шектеулер енгізбейді.

9. Осы бөлімдегі ештеңе мүше мемлекеттің мұндай шараларының 1944 жылғы 22 шілдедегі Халықаралық валюта қоры Келісімінің баптарына сәйкес келуі шартымен және (немесе) мүше мемлекеттің осы Хаттаманың 11 - 14-тармақтарында көрсетілген жағдайларды немесе Халықаралық валюта қорының талабы бойынша шектеулер қолдану жағдайларын қоспағанда, аударымдар мен төлемдер операцияларына қатысты осы Хаттамада көзделген өзінің міндеттемелерімен сыйыспайтын аударымдар мен төлемдерге шектеулерді белгілемеуі шартымен валюталық операцияларды реттеу шараларына қатысты құқықтар мен міндеттемелерді қоса алғанда, кез келген мүше мемлекеттің Халықаралық валюта қорына мүшелігінен туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

10. Осы Хаттаманың 8-тармағында көзделген аударымдар кез келген еркін айырбасталатын валютамен жүргізіледі. Қаражатты айырбастау негізделмеген кідіріссіз мүше мемлекеттің аумағында аударым күніне ақша қаражатын аударатын және төлемдерді жүзеге асыратын күні қолданылатын айырбас бағамы бойынша жүзеге асырылады.

#### **IV. Төлемдер мен аударымдарға қатысты шектеулер**

11. Төлем теңгерімінің жай-күйі нашарлаған, алтын-валюта резервтері айтарлықтай қысқарған, ұлттық валюта бағамы күрт ауытқыған немесе осындай қауіп төнген жағдайда мүше мемлекет осы Хаттаманың 8-тармағында көзделген аударымдар мен төлемдерге қатысты шектеулер енгізе алады.

12. Осы Хаттаманың 11-тармағында көрсетілген шектеулер:

- 1) мүше мемлекеттер арасында кемсітуді туындатпауға тиіс;
- 2) 1944 жылғы 22 шілдедегі Халықаралық валюта қоры Келісімінің баптарына сәйкес келуге тиіс;
- 3) кез келген басқа мүше мемлекеттің коммерциялық, экономикалық және қаржылық мүдделеріне шамадан тыс нұқсан келтірмеуге тиіс;
- 4) осы Хаттаманың 11-тармағында көрсетілген мән-жайларды еңсеру үшін қажетті шамадан артық ауыртпалықты болмауға тиіс;
- 5) уақытша болуға және осы Хаттаманың 11-тармағында көрсетілген мән-жайлардың еңсерілу шамасына қарай біртіндеп жойылуға тиіс.

13. Осы Хаттаманың 11-тармағында көрсетілген шектеулердің қолданылу аясын айқындау кезінде мүше мемлекеттер өздерінің экономикалық бағдарламалары немесе даму бағдарламалары үшін неғұрлым маңызды болып табылатын тауарларды немесе қызметтер көрсетуді жеткізуге басымдық бере алады. Алайда мұндай шектеулер экономиканың белгілі бір секторын қорғау мақсатында белгіленбейді және сақталмайды.

14. Осы Хаттаманың 11-тармағына сәйкес мүше мемлекеттер белгілеген немесе сақтап қалған кез келген шектеулер немесе олардағы кез келген өзгерістер басқа мүше мемлекеттерді дереу хабардар ету нысанасы болып табылады.

## **V. Мемлекеттің қатысуы**

15. Әрбір мүше мемлекет ұлттық тізбелерде және осы Хаттамаға № 2 қосымшада көрсетілген шектеулерді, алып қоюды, қосымша талаптарды және шарттарды ескере отырып, өз аумағында жекешелендіруге қатысуға қатысты басқа мүше мемлекеттің тұлғаларына қолайлылығы өзінің мүше мемлекетінің тұлғаларына ұсынылатын режимнен кем болмайтын режим ұсынады.

16. Егер мүше мемлекеттің аумағында осы мүше мемлекет капиталына қатысатын немесе осы мүше мемлекет бақылайтын заңды тұлғалар жұмыс істеген жағдайда, мұндай мүше мемлекет көрсетілген тұлғалардың:

1) өз қызметін коммерциялық тұрғыдан негізінде жүзеге асыруын және осы Хаттамамен реттелетін қатынастарға:

осы қатынастарға өзге қатысушылармен теңдік қағидаты негізінде;

осы қатынастарға өзге қатысушылардың азаматтығына, тіркелген (құрылған) жеріне, ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына байланысты оларды кемсітпеу қағидаты негізінде түсуін;

2) капиталына осы мүше мемлекеттің қатысуына немесе оларды осы мүше мемлекеттің бақылауына байланысты ғана құқықтар, артықшылықтар немесе міндеттемелер алмауын қамтамасыз етеді.

Көрсетілген талаптар мұндай заңды тұлғалардың қызметі аталған мүше мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге бағытталған жағдайларда, сондай-ақ ұлттық тізбелерде және осы Хаттамаға № 2 қосымшада көрсетілген шектеулер мен шарттарға қатысты қолданылмайды.

17. Осы Хаттаманың 16-тармағының ережелері осы Хаттаманың 30-тармағы 2 және 6-тармақшаларының негізінде ұлттық тізбелеріне немесе осы Хаттамаға № 2 қосымшаға енгізілген құқықтар және (немесе) артықшылықтар берілген заңды тұлғаларды қоспағанда, формальды түрде немесе іс жүзінде айрықша құқықтар немесе арнайы артықшылықтар берілген заңды тұлғалар мен Шарттың XIX бөліміне сәйкес қызметтері реттелетін заңды тұлғаларға қолданылады.

18. Мүше мемлекеттердің әрқайсысы Шарттың 69-бабының ережелеріне нұқсан келтірмей, мемлекеттік биліктің кез келген деңгейіндегі осы мүше мемлекеттің барлық органдарының немесе оның жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тәуелсіз, реттелуі тиісті орган құзыретінің аясына кіретін экономика секторындағы шаруашылық қызметті жүзеге асыратын кез келген тұлғаның бақылауында болмауын және оған есеп бермеуін қамтамасыз етеді.

Бұл мүше мемлекеттің шаралары, оның ішінде көрсетілген органның шешімдері, ол белгілейтін және қолданатын қағидалар мен рәсімдер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың барлығына қатысты әділ әрі объективті болуға тиіс.

19. Шарттың XIX бөлімінен туындайтын міндеттемелерге сәйкес және осы Хаттаманың 30-тармағының ережелеріне қарамастан, мүше мемлекеттердің әрқайсысы өз аумағында табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды сақтап қала алады. Өз аумағында мұндай заңды тұлғаларды сақтап қалатын мүше мемлекет мұндай заңды тұлғаның Шарттың XIX бөлімінен туындайтын міндеттемелермен үйлесетіндей түрде әрекет етуін қамтамасыз етеді.

20. Егер бір мүше мемлекеттің осы Хаттаманың 19-тармағында көрсетілген заңды тұлғалары басқа мүше мемлекеттердің тұлғаларымен тікелей немесе өзі бақылайтын заңды тұлғалары арқылы өзінің монополиялық құқықтарының саласынан тыс бәсекелессе, онда бірінші мүше мемлекет өзінің осындай заңды тұлғаның осы Хаттамадан туындайтын бірінші мүше мемлекеттің аумағында осындай бірінші мүше мемлекеттің міндеттемелерімен сыйыспайтындай түрде әрекет ете отырып, өзінің монополиялық жағдайын теріс пайдаланбауын қамтамасыз етеді.

## **VI. Қызметтер көрсету саудасы, құру және қызмет**

### **1. Қызметтер көрсету саудасы, құру және қызмет кезіндегі ұлттық режим**

21. Әрбір мүше мемлекет қызметтер көрсету саудасын қозғайтын барлық шараларға қатысты басқа мүше мемлекеттің қызметтеріне, жеткізушілеріне және қызметті алушыларына қолайлылығы осындай (ұқсас) жағдайларда өзінің осындай (ұқсас) қызметтеріне, жеткізушілеріне және қызметті алушыларына ұсынылатын режимнен кем болмайтын режим ұсынады.

22. Әрбір мүше мемлекет кез келген басқа мүше мемлекеттің қызметтеріне, жеткізушілеріне және қызметті алушыларына осы мүше мемлекет өзінің осындай (ұқсас) қызметтеріне немесе жеткізушілеріне не қызметті алушыларына ұсынатын режимге қатысты формальды түрде осындай немесе формальды түрде ерекшеленетін режим ұсыну арқылы осы Хаттаманың 21-тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындай алады.

Формальды түрде осындай немесе формальды түрде ерекшеленетін режим, егер кез келген басқа мүше мемлекеттің осындай (ұқсас) қызметтерімен, жеткізушілерімен және қызметті алушыларымен салыстырғанда осы мүше мемлекет қызметтерінің, жеткізушілерінің және (немесе) қызметті алушыларының пайдасына бәсеке шартын өзгертсе, қолайлылығы төмен деп есептеледі.

23. Осы Хаттаманың 21-тармағының ережелеріне қарамастан, әрбір мүше мемлекет басқа мүше мемлекеттің қызметтеріне, жеткізушілеріне және қызметті алушыларына

қатысты ұлттық тізбелерде немесе осы Хаттамаға № 2 қосымшада көрсетілген жеке шектеулер мен шарттарды қолдана алады.

24. Әрбір мүше мемлекет кез келген мүше мемлекеттің тұлғаларына құруға және қызметке қатысты осындай (ұқсас) жағдайларда өзінің аумағындағы өзінің тұлғаларына ұсынылатын режимнен кем болмайтын режим ұсынады.

25. Әрбір мүше мемлекет кез келген мүше мемлекеттің тұлғаларына осы мүше мемлекет өзінің тұлғаларына ұсынатын режимге қатысты формальды түрде осындай немесе формальды түрде ерекшеленетін режим ұсыну арқылы осы Хаттаманың 24-тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындай алады. Бұл ретте мұндай режим, егер кез келген басқа мүше мемлекеттің тұлғаларымен салыстырғанда осы мүше мемлекет тұлғасының пайдасына бәсеке шартын өзгертсе, қолайлылығы төмен деп есептеледі.

26. Осы Хаттаманың 24-тармағының ережелеріне қарамастан, әрбір мүше мемлекет кез келген мүше мемлекеттің тұлғаларын құруға және олардың қызметіне қатысты ұлттық тізбелерде немесе осы Хаттамаға № 2 қосымшада көрсетілген жеке шектеулер мен шарттарды қолдана алады.

## **2. Қызметтер көрсету саудасы, құру және қызмет кезіндегі неғұрлым қолайлы жағдай жасау режимі**

27. Әрбір мүше мемлекет осындай (ұқсас) жағдайларда кез келген басқа мүше мемлекеттің қызметтеріне және қызметтерді жеткізушілері мен алушыларына үшінші мемлекеттердің қызметтеріне және қызметтерді жеткізушілері мен алушыларына қолайлылығы осындай (ұқсас) жағдайда берілетін режимнен кем болмайтын режимді ұсынады.

28. Осы Хаттаманың 27-тармағының ережелеріне қарамастан, әрбір мүше мемлекет кез келген басқа мүше мемлекеттің қызметтеріне, қызметтер жеткізушілері мен алушыларына қатысты ұлттық тізбеде немесе осы Хаттамаға № 2 қосымшада көзделген жеке алып қоюларды қолдануы мүмкін.

29. Әрбір мүше мемлекет өзінің аумағында құруға және қызметке қатысты осындай (ұқсас) мән-жайларда кез келген басқа мүше мемлекеттің тұлғаларына үшінші мемлекеттердің тұлғаларына, сондай-ақ олар құрған тұлғаларға берілетін режимнен қолайлығы кем болмайтын режимді ұсынады.

## **3. Сандық және инвестициялық шаралар**

30. Мүше мемлекеттер қызметтер көрсету саудасына, құруға және қызметке байланысты кез келген мүше мемлекеттің тұлғаларына қатысты:

1) квота, экономикалық орындылығына тест нысанындағы немесе кез келген өзге де сандық нысандағы қызметтерді берушілер санына;

2) құрылатын, сатып алынатын және (немесе) бақыланатын заңды тұлғалардың, филиалдардың немесе өкілдіктердің, тіркелетін дара кәсіпкерлердің санына;

3) квота, экономикалық орындылығына тест нысанындағы немесе кез келген өзге сандық нысандағы кез келген қызметтерді берушінің операцияларына;

4) құрылған, сатып алынған немесе бақыланатын заңды тұлға, филиал, өкілдік, тіркелген дара кәсіпкер квота, экономикалық орындылығына тест нысанындағы немесе кез келген өзге сандық нысандағы қызметті жүзеге асыру барысында олардың операцияларына;

5) құру нысанына, оның ішінде заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанына;

6) заңды тұлғаның капиталындағы сатып алынатын үлес көлеміне немесе заңды тұлғаны бақылау дәрежесіне;

7) белгілі бір қызметтер көрсету секторында жұмыс істеуі мүмкін жеке тұлғалардың жалпы санын немесе қызметтерді беруші жалға алатын және сандық квота немесе экономикалық орындылығына тест нысанындағы белгілі бір қызмет көрсетуге қажетті және тікелей қатысы бар жеке тұлғалар санын шектеуге қатысты шектеулерді енгізбейді және қолданбайды.

31. Әрбір мүше мемлекет кез келген мүше мемлекеттің қызметтеріне, қызметтерді берушілері мен алушыларына қатысты осы Хаттаманың 30-тармағында көрсетілген шектеулерді, егер осындай шектеулер ұлттық тізбеде немесе осы Хаттамаға № 2 қосымшада көзделген жағдайда, енгізуі және қолданылуы мүмкін.

32. Мүше мемлекеттердің ешқайсысы мүше мемлекеттердің тұлғаларына, сондай-ақ олар құрған тұлғаларға қатысты құруға және (немесе) қызметке байланысты қосымша мынадай:

1) шығарылған тауарлардың немесе қызметтердің барлығын немесе бір бөлігін экспорттау;

2) тауарларды немесе қызметтерді импорттау;

3) мүше мемлекеті шығарған мемлекет болып табылатын тауарларды немесе қызметтерді сатып алу немесе пайдалану;

4) осы мүше мемлекеттің аумағында тауарларды сатуды немесе қызметтерді жеткізуді, осы мүше мемлекеттің аумағына тауарлар импортын немесе осы мүше мемлекеттің аумағынан тауарлар экспортын шектейтін және өндірілетін тауарлар (жеткізілетін қызметтер) көлемдеріне, жергілікті тауарларды немесе қызметтерді пайдалануға тәуелді немесе кәсіпорынның осы тармақта көрсетілген операцияларға байланысты тиесілі шетелдік валютаға қол жеткізуін шектейтін талаптарды;

5) технологияларды, ноу-хауды және коммерциялық құндылығы бар өзге ақпаратты мүше мемлекеттердің өзге халықаралық шарттарында белгіленген бәсекелестік саясатын жүзеге асыру қағидалары сақталған жағдайда соттың немесе бәсекелестікті қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде беру жағдайларын қоспағанда, оларды беру талаптарын шарт ретінде енгізбейді және қолданбайды.



33. Әрбір мүше мемлекет басқа мүше мемлекеттердің тұлғаларына қатысты осы Хаттаманың 32-тармағында көзделген қосымша талаптарды, егер осындай шектеулер ұлттық тізбеде немесе осы Хаттамаға № 2 қосымшада көзделген жағдайда, енгізуі және қолданылуы мүмкін.

34. Осы Хаттаманың 32-тармағында көрсетілген талаптарды орындау құруға немесе қызметке байланысты кез келген мүше мемлекет тұлғасының қандай да бір преференция алуы үшін негіз болып табылмайды.

#### **4. Жеке тұлғаларды алып өту**

35. Шарттың XXVI тарауының ережелерін ескере отырып, ұлттық тізбеде немесе осы Хаттамаға № 2 қосымшада көзделген шектеулер мен талаптарды қоспағанда, әрбір мүше мемлекет өзінің аумағында құрылған, сатып алынған немесе бақыланатын заңды тұлға, филиал, өкілдік, тіркелген дара кәсіпкер қызметіне қатысты қызметкерлерді жалдауға байланысты шектеулерді қолданбайды және енгізбейді.

36. Осы Хаттаманың 35-тармағының ережелері, егер оларды қолдану қызметкерлерді азаматтығына қарай нақты кемсітуге әкеліп соқпаса, қызметкерлердің біліміне, тәжірибесіне, біліктілігіне, іскерлік қасиетіне қойылатын талаптарға қолданылмайды.

37. Шарттың XXVI тарауының ережелерін ескере отырып, әрбір мүше мемлекет осы Хаттаманың 6-тармағы 22-тармақшасының бесінші абзацында көзделген тәсілмен қызметтер саудасына қатысатын және осы мүше мемлекеттің аумағында болған жеке тұлғаларға қатысты шектеулер қолданбайды және енгізбейді.

#### **5. Бірыңғай қызметтер нарығын қалыптастыру**

38. Осы бөлімнің мақсаттары үшін бірыңғай қызметтер нарығы деп нақты сектор шеңберінде қызметтер нарығының жағдайы түсініледі, онда әрбір мүше мемлекет кез келген басқа мүше мемлекеттің тұлғаларына:

1) осы Хаттамаға № 2 қосымшада көрсетілген жағдайлар мен шектеулерді қоспағанда, осы Хаттаманың 21, 24, 27, 29, 30 және 32-тармақтарында көзделген жағдайларда, шектеулерсіз, алып қоюларсыз және қосымша талаптарсыз қызметтерді жеткізуге және алуға;

2) қосымша заңды тұлға нысанында құрусыз қызметтер беруге;

3) қызметтерді беруші өзінің мүше мемлекетінің аумағында алынған қызметтер беруге рұқсат негізінде қызметтер жеткізуге;

4) қызметтерді беруші қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін мойындауға құқық ұсынады.

39. Бірыңғай қызметтер нарығы қағидалары мүше мемлекеттерге қатысты өзара жағдайда әрекет етеді.

40. Бірыңғай қызметтер нарығы Одақ шеңберінде мүше мемлекеттер мен Комиссияның келісілген ұсыныстары негізінде Жоғары кеңес бекіткен қызметтер секторларында әрекет етеді.

41. Мүше мемлекеттер бірыңғай қызметтер нарығы қағидаларын қызметтер секторларының ең көп санына, соның ішінде ұлттық тізбелерде көзделген алып қоюлар мен шектеулерді кезең-кезеңімен қысқарту жолымен өзара негізде таратуға ұмтылады.

42. Жекелеген секторлар бойынша бірыңғай қызметтер нарығын қалыптастыру тәртібі мен кезеңдері Жоғары кеңес бекітетін мүше мемлекеттер мен Комиссияның келісілген ұсыныстары негізінде әзірленетін ырықтандыру жоспарларында (бұдан әрі - ырықтандыру жоспарлары) көзделеді.

43. Ырықтандыру жоспарлары жеке мүше мемлекеттер үшін қызметтердің жеке секторларын ырықтандырудың тым кеш мерзімдерін көздеуі мүмкін, бірақ бұл басқа мүше мемлекеттер үшін осындай қызметтер секторларында өзара жағдайда бірыңғай нарық құруға кедергі болып табылмайды.

44. Бірыңғай қызметтер нарығы қағидалары әрекет етпейтін секторларға қатысты осы тараудың 1 - 4-кіші бөлімдерінің ережелері қолданылады.

## **6. Қызметтер көрсету саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру мәселелері бойынша үшінші мемлекеттермен өзара қарым-қатынастар**

45. Осы Хаттамада ештеңе мүше мемлекеттерге үшінші мемлекеттермен осы Хаттаманың 46-тармағының талаптарына сай келетін экономикалық интеграция туралы халықаралық келісімдер жасауға кедергі келтірмейді.

Осындай экономикалық интеграция туралы халықаралық келісім жасаған әрбір мүше мемлекет осындай (ұқсас) жағдайларда осындай экономикалық интеграция туралы халықаралық келісім шеңберінде ұсынатын жеңілдіктерді мүше мемлекеттерге ұсынады.

Осы тармақта жеңілдіктер деп мүше мемлекеттің оның ұлттық тізбесінде көзделген бір немесе бірнеше шектеуді оның алып тастауы түсініледі.

46. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін мынадай өлшемдерге сай келетін:

1) қызметтер көрсету секторының қомақты бөлігін қамтитын, сондай-ақ қызметтерді беру тәсілдерінің және құру мен қызмет мәселелерінің бір де біреуін ешқандай жағдайда да априори көрінеу жоққа шығармайтын;

2) қолданыстағы кемсітушілік шараларын жоюға және жаңаларын енгізуге тыйым салуға бағытталған;

3) қызметтер көрсету саудасын ырықтандыруға, құруға және қызметке бағытталған халықаралық келісімдер мүше мемлекеттер мен үшінші мемлекет арасындағы экономикалық интеграция туралы халықаралық келісімдер деп танылады.

Ұқсас халықаралық келісімдердің мақсаты оған қатысушылар арасындағы қызметтер көрсету саудасын және құру мен қызмет шарттарын оңайлату болып табылады. Кез келген үшінші мемлекетке қатысты мұндай келісім ол белгілі бір секторлардағы немесе кіші секторлардағы қызметтер саудасындағы кедергілердің жалпы деңгейінің ұқсас келісім жасалғанға дейін қолданылған деңгеймен салыстырғанда жоғарылауына алып келмеуге тиіс.

47. Үшінші мемлекетпен экономикалық интеграция туралы халықаралық келісім жасасқан мүше мемлекет оған қол қойылған күннен бастап 1 ай ішінде басқа мүше мемлекеттерге оның жасалғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

48. Мүше мемлекеттер үшінші мемлекеттермен қызметтер саудасына, инвестициялар құруға, қызметіне және инвестицияларды жүзеге асыруға қатысты өзінің сыртқы сауда саясатын өз бетінше анықтайды.

## **7. Қызметтер алушының қосымша құқықтары**

49. Шарттың XV бөлімінің ережелерін ескере отырып, әрбір мүше мемлекет қызметтер алушыға қатысты қызметтер берушінің таңдауын немесе құзыретті органдардың рұқсатын алу міндетін қоса алғанда, басқа мүше мемлекеттің қызметтер берушісі көрсететін (көрсеткен) қызметтерді алуға, пайдалануға немесе ақы төлеуге құқығын шектейтін талаптар немесе ерекше жағдайлар белгілемейді.

50. Шарттың XV бөлімінің ережелерін ескере отырып, әрбір мүше мемлекет қызметтер алушыға қатысты оның азаматтығына, тұрғылықты жеріне немесе құрылу немесе қызмет жеріне байланысты кемсітушілік талаптарын немесе ерекше жағдайларды қолданбауды қамтамасыз етеді.

51. Әрбір мүше мемлекет:

1) қызметтер берушілерді қызметтер алушыларға Шартқа және мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қажетті ақпаратты ұсынуды;

2) құзыретті органдарды қызметтер алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша шаралар қабылдауды міндеттейді.

52. Осы Хаттамада ештеңе мүше мемлекеттің зейнетақымен қамсыздандыру және халықты әлеуметтік қолдау мәселелерін қоса алғанда, оның әлеуметтік саясатын жүзеге асыру үшін қажетті кез келген шараларды қабылдауға құқығын қозғамайды.

Шарттың XIX, XX және XXI бөлімдерінде қамтылатын қызметтерге тұтынушылардың қол жеткізу және осындай қызметтерді тұтынушыларға ұсынылатын режим мәселелері осы бөлімдердің ережелерінде тиісінше реттеледі.

## **8. Рұқсаттарды және кәсіби біліктілікті өзара мойындау**

53. Ырықтандыру жоспарлары жүзеге асырылатын секторларда қызметтер беруге рұқсатты мойындау осы Хаттаманың 54 және (немесе) 55-тармақтарында көзделген шараларды қабылдаған соң қамтамасыз етіледі.

54. Өзара консультациялар негізінде (соның ішінде ведомствоаралық сипаттағы) мүше мемлекеттер осындай секторларда реттеудің маңызды баламалығына қол жеткізуіне байланысты осындай нақты секторларда қызметтер беруге рұқсатты өзара мойындау туралы шешім қабылдауы мүмкін.

55. Ырықтандыру жоспарларымен:

1) мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру жолымен, нақты қызметтер секторлары бойынша осындай үйлестіруді аяқтау мерзімдерін белгілеумен қызметті жүзеге асыруға (соның ішінде рұқсат ету талаптары мен рәсімдері) рұқсат беру тетіктерін кезең-кезеңімен жақындату;

2) Шарттың 68-бабына сәйкес әкімшілік ынтымақтасу тетіктерін;

3) қызметтерді берушілер қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін мойындау қамтамасыз етіледі.

56. Егер кәсіби қызметтерді жүзеге асыруға рұқсат алу үшін кәсіби емтихан тапсыру талап етілген жағдайда, әрбір мүше мемлекет осындай кәсіби емтихан тапсырудың кемсітпейтін тәртібін қамтамасыз етеді.

## **9. Қызметтер саудасы кезінде және құру мен (немесе) қызметке қатысты ішкі реттеу**

57. Әрбір мүше мемлекет осы мүше мемлекеттің қызметтер саудасына, құруға және қызметке әсер ететін шараларының барлығы парасатты, объективті және әділ түрде қолданылуын қамтамасыз етеді.

58. Әрбір мүше мемлекет сот, төрелік немесе әкімшілік органдарды немесе мүдделері қозғалған басқа мүше мемлекет тұлғаларының сұрауы бойынша қызметтер саудасына, құруға және қызметіне әсер ететін әкімшілік шешімдерді өзгерту мақсатында дереу қарауды және негізделген түрде қабылдауды қамтамасыз ететін рәсімдерді іс жүзінде мүмкіндігінше жылдам сақтайды немесе құрады. Аталған рәсімдер мұндай әкімшілік шешімдерді қабылдауға уәкілеттік берілген органға тәуелсіз болмайтын жағдайларда мүше мемлекет рәсімдердің шынында да объективті және әділ қарауға негіз болуын қамтамасыз етеді.

59. Осы Хаттаманың 58-тармағының ережелері мүше мемлекетке оның конституциялық тәртібіне немесе оның сот жүйесінің табиғатына сыйыспайтын жағдайларда осы Хаттаманың 58-тармағында көрсетілген органдарды немесе рәсімдерді құруға талап қоюды көздемейді.

60. Қызметтер көрсету саудасына, құруға және (немесе) қызметке рұқсат алу қажет болған жағдайда мүше мемлекеттің құзыретті органдары мүше мемлекеттің заңнамасы

талаптарына және реттеу қағидаларына сәйкес ресімделген деп саналған өтініш ұсынылғаннан кейін ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде өтініш берушіге өтінішті қарау және оны қарастыру нәтижесі бойынша қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Мүше мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес құжаттардың барлығы және (немесе) мәлімет алынбайынша, көрсетілген өтініш тиісінше ресімделген болып саналмайды.

Кез келген жағдайда өтініш берушіге өтінішке техникалық түзетулер енгізуге мүмкіндік беріледі.

Өтініш берушінің сұрауы бойынша мүше мемлекеттің құзыретті органдары шамадан тыс кідіртпей, өтінімді қарау барысы туралы ақпарат береді.

61. Қызметтер көрсету саудасына, құру және (немесе) қызмет кезінде рұқсат ету талаптары мен рәсімдері ақталмайтын кедергілер жасамауын қамтамасыз ету үшін Комиссия мүше мемлекеттермен келісім бойынша Жоғары кеңес бекітетін қағидаларды әзірлейді. Бұл қағидалардың мақсаты осы рұқсат ету талаптары мен рәсімдері өзгелер қатарында:

1) құзыреттілік және қызметтер көрсету саудасын және қызметті жүзеге асыруға қабілеттілік сияқты объективті және жария өлшемдерге негізделуін;

2) жүзеге асырылатын қызметтің қауіпсіздігін, сондай-ақ берілетін қызметтің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті шамадан артық ауыртпалықтың болмауын;

3) қызметтер көрсету саудасы, құру және (немесе) қызмет үшін шектеу болып табылмайтынын қамтамасыз ету болады.

62. Мүше мемлекеттер пайданы жоятын немесе қысқартатын және:

1) осы Хаттаманың 61-тармағында аталған өлшемдерге сәйкес келмейтін;

2) мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленбеген және Шартқа қол қойған күнге тиісті мүше мемлекет қолданбайтын рұқсат ету талаптары мен рәсімдерін қолданбайды.

63. Мүше мемлекеттің осы Хаттаманың 62-тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындау фактісін анықтау кезінде мүшелігі барлық мүше мемлекеттер үшін ашық халықаралық ұйымдардың халықаралық стандарттары назарға алынады.

64. Егер мүше мемлекет қызметтер көрсету саудасына, құруға және (немесе) қызметке қатысты рұқсат ету талаптары мен рәсімдерін қолданса, онда мұндай мүше мемлекет:

1) рұқсаттар беруге жауапты құзыретті органдары атауларының жариялануын немесе өзгеше түрде жалпының назарына жеткізілуін;

2) барлық рұқсат ету талаптары мен рәсімдердің мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленуін және рұқсат ету рәсімдерін белгілейтін немесе қолданатын кез келген акт және талап оның күшіне енген күнге дейін жариялануын;

3) құзыретті органдар рұқсат беру не беруден бас тарту туралы шешімді мүше мемлекеттің заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген деп саналған өтінім ұсынылғаннан кейін, мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде, әдетте рұқсат беруге өтініш алған күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдауын қамтамасыз етеді. Мұндай мерзім рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды және (немесе) мәліметтерді алу және өңдеу үшін қажетті ең аз уақытқа сүйене отырып анықталады;

4) қызметті жүзеге асыруға құқық үшін алынатын алымдарды қоспағанда, өтінішті ұсынуға және қарауға байланысты алынатын кез келген алымдардың өздері қызметтер көрсету саудасы, құру және қызмет үшін шектеу болып табылмауын және құзыретті органның өтінішті қарауға және рұқсат беруге байланысты шығындарына негізделуін;

5) осы тармақтың 3-тармақшасында көрсетілген уақыт кезеңі өткен соң және өтініш берушінің талабы бойынша осы Хаттаманың 60-тармағына сәйкес мүше мемлекеттің құзыретті органы өтініш берушіге оның өтінішін қараудың жай-күйі туралы, сондай-ақ бұл өтініш тиісінше толтырылған деп саналатыны не саналмайтыны туралы хабарлауын қамтамасыз етеді.

Кез келген жағдайда өтініш берушіге осы Хаттаманың 57, 58, 60, 62 және 64-тармақтарында көзделген құқықтар берілуі тиіс.

6) өтінішін қабылдаудан бас тартылған өтініш берушінің жазбаша талабы бойынша өтінішті қабылдаудан бас тартқан құзыретті органның өтініш берушіге мұндай бас тартудың себептері туралы жазбаша хабарлауын қамтамасыз етеді. Бұл ретте, осындай ереже құзыретті органдан ашылуы заңды орындауға кедергі келтіретін немесе өзгеше түрде қоғамдық мүдделерге немесе мүше мемлекет қауіпсіздігін елеулі мүдделеріне қайшы келетін ақпаратты ашуды талап ететіндей ретінде түсіндірілмеуге тиіс;

7) өтініш қабылдаудан бас тартылған жағдайда, егер құзыретті орган осындай өтінішті тиісті ресімделмеуі себебінен қабылдаудан бас тартса, өтініш берушінің жаңа өтініш беруін;

8) қызметтерді жеткізуге берілетін рұқсаттың мүше мемлекеттің осындай рұқсаттарда көрсетілетін бүкіл аумағында қолданылуын қамтамасыз етеді.

## **VII. Инвестициялар**

### **1. Жалпы ережелер**

65. Осы бөлімнің ережелері мүше мемлекеттердің инвесторлары басқа мүше мемлекеттің аумағында 1991 жылғы 16 желтоқсаннан бастап жүзеге асырған барлық инвестицияларына қатысты қолданылады.

66. Инвестицияны жүзеге асыру нысандарының бірі осы Хаттаманың 2-тармағының 24-тармақшасының ұғымында құру болып табылады. Мұндай инвестицияларға осы Хаттаманың 69 - 74-тармақтарының ережелерін қоспағанда, осы Хаттаманың ережелері қолданылады.

67. Инвестицияларды жүзеге асыру тәсілдерінің, сондай-ақ инвестициялар салынатын немесе қайта инвестицияланатын нысанның өзгеруі мұндай өзгерістің реципиент мемлекеттің заңнамасына қайшы келмеуі шартымен инвестиция ретінде олардың біліктілігіне әсер етпейді.

## **2. Құқықтық режим және инвестицияларды қорғау**

68. Әрбір мүше мемлекет өз аумағында басқа мүше мемлекеттердің инвесторлары жүзеге асыратын инвестицияларға және инвестицияларға байланысты қызметке қатысты әділ және тең құқықты режимді қамтамасыз етеді.

69. Осы Хаттаманың 68-тармағында көрсетілген режим қолайлылығы осы мүше мемлекеттің өзінің (ұлттық) инвесторлары жүзеге асыратын инвестицияларына және мұндай инвестицияларға байланысты қызметке қатысты ұсынатын режимінен кем болмауға тиіс.

70. Әрбір мүше мемлекет дәл осындай (ұқсас) жағдайларда кез келген басқа мүше мемлекеттің инвесторларына, олардың инвестицияларына және инвестицияларға байланысты қызметіне қолайлылығы кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына, олардың инвестицияларына және мұндай инвестицияларға байланысты қызметіне ұсынылатын режимнен кем емес режим ұсынады.

71. Осы Хаттаманың 69 және 70-тармақтарында көзделген режимдерді мүше мемлекеттер инвестордың таңдауы бойынша режимдердің қайсысы неғұрлым қолайлы болатындығына қарай ұсынуы тиіс.

72. Әрбір мүше мемлекет өз аумағында басқа мүше мемлекеттердің инвесторлары инвестицияларды жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар жасайды және өзінің заңнамасына сәйкес мұндай инвестицияларға рұқсат береді.

73. Әрбір мүше мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес басқа мүше мемлекеттердің инвесторларының қызметін шектеу, сондай-ақ осы Хаттаманың 69-тармағында көрсетілген ұлттық режимнен өзге де алып қоюларды қолдану және енгізу құқығын өзіне қалдырады.

74. Осы Хаттаманың 70-тармағының ережелері мүше мемлекетті инвестицияларға және бұл мүше мемлекетке қосарланған салық салуды болғызбау туралы халықаралық шарттардың немесе салық салу мәселелері бойынша басқа да уағдаластықтардың, сондай-ақ осы Хаттаманың 46-тармағында көрсетілген келісімдердің негізінде берілетін немесе келешекте берілуі мүмкін басқа мүше мемлекеттердің инвесторларының осындай инвестициялармен байланысты қызметке қатысты кез келген режимнің, преференцияның немесе артықшылықтың басымдығын міндеттеу ретінде түсіндірілуі тиіс емес.

75. Әрбір реципиент мемлекет басқа мүше мемлекеттердің инвесторларына олар барлық салық және реципиент мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді орындағаннан кейін мыналарға:

1) инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістерді реципиент мемлекеттің заңнамасында тыйым салынбаған кез келген мақсатта пайдалану және иелік ету құқығына;

**2) алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен;**

3) инвестордың қалауы бойынша кез келген елге осы Хаттаманың 8-тармағында көрсетілген инвестицияларға байланысты ақша қаражатын (ақшаны) аударуды және төлемдерді жүзеге асыру құқығына кепілдік береді.

**Ескерту. 75-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

76. Әрбір мүше мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес өз аумағында басқа мүше мемлекеттер инвесторларының инвестицияларын қорғауға кепілдік береді және оны қамтамасыз етеді.

### **3. Залалды өтеу және инвесторларға кепілдік беру**

77. Инвесторлар мүше мемлекеттің аумағындағы азаматтық тәртіпсіздіктер, әскери іс-қимылдар, революция, бүлік, төтенше жағдай енгізу немесе өзге де осындай мән-жайлардың нәтижесінде олардың инвестицияларына келтірілген залалдың орнын толтыруға құқығы бар.

78. Бұл ретте, мұндай инвесторларға мүше мемлекет өзінің ұлттық инвесторларына немесе үшінші мемлекеттің инвесторларына осындай залалды өтеуге байланысты осы мүше мемлекет қолданатын шараларға қатысты инвестор үшін қандай режим едәуір қолайлы болып табылатындығына байланысты қолайлылығы кем емес режим ұсынылады.

### **4. Экспроприация кезіндегі инвесторлардың құқықтарына кепілдік беру**

79. Бір мүше мемлекеттің инвесторларының инвестициялары мұндай шаралар кемсітушілік болып табылмайтын және жылдам, барабар өтемақы төлеумен қамтамасыз етілетін қоғамдық мүдде үшін реципиент мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен қолданылатын жағдайларды қоспағанда, тікелей немесе жанама экспроприацияға (бұдан әрі - экспроприация) немесе мемлекет меншігіне алуға, сондай-ақ экспроприация немесе мемлекет меншігіне алу салдары бойынша тең күші бар өзге де шараларға ұшырауы мүмкін емес.

80. Осы Хаттаманың 79-тармағында көрсетілген өтемақы оларды нақты экспроприация күні не экспроприация туралы жалпы белгілі болған күні алдындағы күн инвесторлардың экспроприацияланатын инвестицияларының нарықтық құнына сәйкес келуге тиіс.

81. Осы Хаттаманың 79-тармағында көрсетілген өтемақы реципиент мемлекеттің заңнамасында көзделген мерзімде кідіріссіз, бірақ экспроприация күнінен бастап үш



айдан кешіктірмей еркін айырбасталатын валютамен төленеді және реципиент мемлекет аумағынан шетелге еркін аударылады.

Өтемақыны төлеу кідірілген жағдайда экспроприация күнінен бастап өтемақы нақты төленетін күніне дейін өтемақы сомасына 6 айға дейінгі мерзімде АҚШ долларымен, бірақ LIBOR мөлшерлемесінен кем емес нақты берілген кредиттер бойынша ұлттық банкаралық нарық мөлшерлемесі бойынша есептелетін немесе инвестор мен мүше мемлекет арасындағы уағдаластық бойынша айқындалатын тәртіппен пайыздар есептеледі.

## **5. Инвестор құқықтарының ауысуы**

82. Реципиент мемлекеттің аумағындағы өз мемлекеті инвесторының инвестицияларына байланысты коммерциялық емес тәуекелдерден қорғау кепілдігінің негізінде осындай инвесторға төлем жасаған мүше мемлекет немесе ол өкілеттік берген орган суброгация тәртібімен инвестордың құқықтарын инвестордың өзі сияқты көлемде жүзеге асыра алады.

83. Осы Хаттаманың 82-тармағында көрсетілген құқықтар осы Хаттаманың 21, 24, 27, 29, 30 және 32-тармақтарының ережелеріне нұқсан келтірмей реципиент мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **6. Инвестициялық дауларды шешу тәртібі**

84. Осы Хаттаманың 77-тармағына сәйкес залалды өтеу және осы Хаттаманың 79 - 81-тармақтарында көзделген өтемақы ретінде алынған соманы төлеудің мөлшеріне, шарттарына немесе тәртібіне немесе осы Хаттаманың 8-тармағында көзделген төлемдер мен ақша қаражатын аударуды жүзеге асырудың тәртібіне қатысты дауларды қоса алғанда, реципиент мемлекет пен басқа мүше мемлекеттің инвесторы арасындағы осы инвестордың реципиент мемлекеттің аумағындағы инвестицияларына байланысты туындаған даулар мүмкіндігінше келіссөздер жолымен шешіледі.

85. Егер дау даудың кез келген тарабы оны келіссөздер жолымен шешу туралы жазбаша хабарлаған күннен бастап 6 ай ішінде келіссөздер жолымен шешілмесе, онда ол инвестордың таңдауы бойынша мыналардың:

- 1) тиісті дауларды қарауға құзыретті реципиент мемлекет сотының;
- 2) дауға қатысушылармен келісілген, кез келген мемлекеттің сауда палатасының жанындағы халықаралық коммерциялық төреліктің;
- 3) егер дау тараптары өзгеше келіспесе, Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) төрелік регламентіне сәйкес құрылуға және әрекет етуге тиіс ad hoc төрелік сотының;
- 4) 1965 жылғы 18 наурыздағы Мемлекеттер мен екінші мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғалары арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы конвенцияға

сәйкес құрылған, осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес (дау тараптарының екі мүше мемлекеті үшін ол күшіне енген жағдайда) немесе Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықтың қосымша ережелеріне сәйкес дауды шешу үшін (дау тараптары мүше мемлекетінің екеуі немесе бірі үшін Конвенция күшіне енбеген жағдайда) Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықтың қарауына берілуі мүмкін.

86. Дауды реттеу үшін ұлттық сотқа не осы Хаттаманың 85-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген төрелік соттардың біріне берген инвестордың осы дауды қандай да бір басқа сотқа немесе төрелік сотқа қарауға қайта беруге құқығы жоқ.

Инвестордың сотқа немесе Хаттаманың 85-тармағында көрсетілген төрелік сотқа қатысты таңдауы түпкілікті болып табылады.

87. Осы Хаттаманың 85-тармағының сәйкес қаралатын дау жөніндегі кез келген төрелік шешім дау тараптары үшін түпкі және міндетті болып табылады. Әрбір мүше мемлекет өз заңнамасына сәйкес мұндай шешімнің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қызметтер көрсету саудасы, құру,  
қызмет және инвестицияларды жүзеге  
асыру туралы хаттамаға  
№ 1 қосымша

## **Электр байланысының көрсетілетін қызметтерімен сауда тәртібі**

1. Осы Тәртіп мүше мемлекеттердің электр байланысы саласындағы қызметтің жүзеге асырылуын реттейтін шараларына қолданылады.

2. Осы Тәртіп пошта байланысы саласындағы қызметке қолданылмайды.

3. Осы Тәртіптегі ештеңе мүше мемлекеттердің кез келгенінен ортақ пайдаланымдағы электр байланысы желісіне қосылмаған электр байланысы желілеріне қатысты айрықша талаптар белгілеуді талап етуші (не мүше мемлекеттен оның юрисдикциясындағы қызметтер берушілерді міндеттеуді талап етуші) ретінде түсіндірілмейді.

4. Осы Тәртіпте пайдаланылатын негізгі ұғымдар мыналарды білдіреді:

"ортақ пайдаланымдағы электр байланысы желісі" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің аумағында электр байланысы қызметтерін кез келген пайдаланушыға электр байланысы қызметтерін өтеулі түрде көрсетуге арналған байланыс құралы мен желісін қамтитын технологиялық жүйе;

"электр байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері" - кез келген елді мекенде электр байланысы қызметтерін кез келген пайдаланушыға белгіленген сапамен және осы қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін бағамен қызмет көрсету әмбебап қызмет көрсету операторлары үшін міндетті болып табылатын, мүше мемлекет белгілеген электр байланысы қызметтерінің тізбесі;

"электр байланысының көрсетілетін қызметтері" — электр байланысы хабарларын қабылдау, өңдеу, сақтау, беру және жеткізу жөніндегі қызмет.

5. Әрбір мүше мемлекет ортақ пайдаланымдағы электр байланысы желілеріне және электр байланысы қызметтеріне қол жетімділік шарттары туралы ақпараттың (қызмет көрсету шарттары, оның ішінде осындай желілерге техникалық қосылу ерекшелігінің тарифтері (бағалары) туралы, осындай қолжетімділік пен пайдалануды қозғайтын стандарттарды дайындауға және қабылдауға жауапты органдар, түпкілікті жабдықтарды немесе басқа да аппаратураны қосуға қатысты шарттар, сондай-ақ егер мұндайлар қажет болса, хабарламаларға, тіркеуге немесе лицензиялауға және өзге де кез келген рұқсат ету рәсімдеріне қойылатын талаптар туралы ақпаратты қоса алғанда) жалпыға қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

6. Электр байланысы қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген лицензиялардың негізінде олардың белгіленген аумақтық шекаралары шегінде мерзімдері сақтала және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен әрбір электр байланысы операторына берілген нөмірлеу пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

7. Электр байланысы қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті радиожилік спектрін пайдалана отырып жүзеге асырған кезде, мүше мемлекеттің аумағында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан басқа, мүше мемлекеттің уәкілетті органының тиісті радиожилік белдеулерін, радиожилік арналарын және радиоэлектрондық құралды пайдалану үшін радиожилікті бөліп беру және тиісті радиожиліктерді және (немесе) радиожилік арналарын беру (тағайындау) туралы шешімін алу да қажет.

8. Радиожилік белдеулерін, радиожилік арналарын немесе радиожиліктерді бөліп беру, радиожиліктерді немесе радиожилік арналарын беру (тағайындау), радиожилік спектрін пайдалану құқығына рұқсаттарды беру мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Радиожилік спектрін бөлумен және пайдаланумен байланысты төлемдер мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алынады.

10. Мүше мемлекеттер электр байланысы желілері мен қызметтеріне кемсітусіз тең қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін құқықтық және әкімшілік шараларды қоса алғанда, барлық қажетті шараларды қабылдайды.

11. Электр байланысы операторының электр байланысы қызметтерін көрсету нарығындағы жағдайына қарамастан, оны ортақ пайдаланымдағы электр байланысы желілеріне қосуды мүше мемлекеттердің салыстырмалы жағдайларда жұмыс істейтін басқа электр байланысы операторлары үшін көзделгеннен де кем емес қолайлы жағдайлардағы техникалық мүмкіндіктер болған кезде мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Мүше мемлекеттер электр байланысы қызметтерінің жекелеген түрлеріне тарифтерді мемлекеттік реттеуді енгізуге және қолдануға құқылы. Электр байланысы қызметтеріне арналған тарифтерді қалыптастыру мүше мемлекеттің заңнамасының талаптарына негізделуге тиіс.

Мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің кез келгенінің тұлғаларына болу елінің операторларымен электр байланысы қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан жағдайда, болу елінің тарифтері бойынша қызмет көрсетуге кепілдік береді.

13. Тарифтері мемлекеттік реттеуге жатпайтын электр байланысы қызметтерінің түрлеріне қатысты мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің байланыс қызметтерін берушілердің, сондай-ақ алушылардың арасындағы бәсекелестіктің шарттарын бұрмалауға кедергі келтіретін бәсекелі заңнаманың болуын және тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді.

14. Комиссия Кеңесі 2020 жылғы 1 қаңтарға қарай мүше мемлекеттердің телефон трафигін өткізу жөніндегі қызметтерге арнап баға белгілеуге бірыңғай тәсілін бекітуі тиіс.

15. Мүше мемлекеттердің электр байланысы операторларының оператораралық шарттардың негізінде, сондай-ақ желілердің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, транзиттікті қоса алғанда, трафикті кедергісіз өткізуін қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттер барлық қажетті шараларды қабылдайды.

16. Мүше мемлекеттер өз аумағында халықаралық шақыру аяқталуы есебінен жергілікті және қалааралық электр байланыс қызметтерін субсидиялауды қолданбайтынына кепілдік береді.

17. Радиожиілік спектрінің ресурстарын, сондай-ақ нөмірлеу ресурсын бөлу және пайдалану мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Мүше мемлекеттер өз аумағында осы саладағы халықаралық ұйымдардың ұсынымдарында көзделген бірыңғай қағидаттар мен қағидалардың негізінде электр байланысының әмбебап қызметтерін көрсетуге кепілдік береді. Әрбір мүше мемлекет әмбебап қызмет жөніндегі міндеттемелерді өзі айқындауға құқылы. Бұл міндеттемелер олардың бәсекелестік тұрғысынан ашықтық, кемсітпеушілік және бейтараптық негізде жүзеге асырылуы және осы мүше мемлекет белгілеген әмбебап қызметтің түрі үшін қажет болатындай неғұрлым ауыртпалықты болмауы шартымен бәсекеге қарсы ретінде қаралмайтын болады.

19. Мүше мемлекеттердің реттеуші органдары электр байланысы операторларына тәуелсіз және оларға есеп бермейді. Осындай органдардың шешімдері осы нарықтың барлық қатысушыларына қатысы бойынша әділ сипатқа ие болуға тиіс.

Қызметтер көрсету саудасы, құру,  
қызмет және инвестицияларды жүзеге  
асыру туралы хаттамаға  
№ 2 қосымша

**Қызметтің барлық секторлары мен түрлеріне қатысты мүше мемлекеттер сақтайтын "көлденең" шектеулердің тізбесі**

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР 24.12.2014 № 265-V; 02.08.2015 № 346-V Заңдарымен.**

Шектеу	Шектеуді қолдану үшін негіз (Шартқа № 16 қосымшаның тармақтары)	Шектеуді қолдану үшін негіз (нормативтік құқықтық акт)
<b>I. Беларусь Республикасы</b>		
1. Субсидияларға және мемлекеттік қолдаудың өзге де шараларына қолжетімділік шарттары мен тәртібі, осындай қолжетімділікті шектеуді қоса, Беларусь Республикасының заңнамасында белгіленеді және Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) XXIV және XXV бөлімдерінің ережелеріне нұқсан келтірместен, толық көлемде қолданылады	23 және 26-тармақтар	Беларусь Республикасының Бюджет кодексі, Беларусь Республикасының Салық кодексі Беларусь Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдары, Беларусь Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсетудің тәртібін құқықтық реттеуді жетілдіру туралы" 2006 жылғы 28 наурыздағы № 182 Жарлығы, Беларусь Республикасының, республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері
2. Жер учаскелері шетелдік заңды тұлғаларда және дара кәсіпкерлерде жалдау құқығында ғана болуы мүмкін	23 және 26-тармақтар	Беларусь Республикасы Президентінің "Жер учаскелерін алып қою және ұсыну туралы" 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 667 Жарлығы, Беларусь Республикасының Жер туралы кодексі
3. Концессионерді таңдау рәсімі және концессиялық келісімнің қолданыстағы шарттарының тізбесі Беларусь Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Концессиялық шарт негізінде концессия объектісін иелену және пайдалану қызметі немесе құқығы, оның ішінде оның шарттарын айқындау	15 - 17, 23, 26, 31 және 33-тармақтар	"Концессиялар туралы" 2013 жылғы 12 шілдедегі № 63-3 Беларусь Республикасының Заңы, Беларусь Республикасы Президентінің "Беларусь Республикасында инвестициялық қызмет үшін қосымша жағдайлар жасау туралы" 2009 жылғы 6 тамыздағы № 10 Декреті, "Инвестициялар туралы" 2013 жылғы 12 шілдедегі Беларусь Республикасының № 53-3 Заңы
4. Нақты аумақта немесе акваторияда жануарлар әлемін пайдалануға ұсынуда басымдық	23 және 26-тармақтар	

Беларусь Республикасының заңды тұлғалары мен азаматтарына беріледі		"Жануарлар әлемі туралы" 2007 жылғы 10 шілдедегі Беларусь Республикасының № 257-З Заңы
5. Жерге орналастыруды (жерді түгендеу, жерлерді пайдалануды жоспарлау, жерге орналастыру объектілерінің шекараларын белгілеу (қалпына келтіру) және бекіту, жерді пайдалану мен қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған басқа жерге орналастыру іс-шараларын жүргізу жөніндегі іс-шаралар) мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілетті органына бағынысты (жүйеге кіретін) мемлекеттік ұйымдар ғана жүзеге асырады	16, 17, 23, 26 және 31-тармақтар	"Мемлекеттің ғана меншігіндегі объектілер және жүзеге асырылуына мемлекеттің айрықша құқығы қолданылатын қызметтің түрлері туралы" Беларусь Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 169-З Заңы , Беларусь Республикасы Президентінің "Жер учаскелерін алып қою және ұсыну туралы" 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 667 Жарлығы
6. Жылжымайтын мүлікті, оған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді техникалық түгендеуді және мемлекеттік тіркеуді мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілетті органына бағынысты (жүйеге кіретін) мемлекеттік ұйымдар ғана жүзеге асырады	16, 17, 23, 26 және 31-тармақтар	"Мемлекеттің ғана меншігіндегі объектілер және жүзеге асырылуына мемлекеттің айрықша құқығы қолданылатын қызметтің түрлері туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Беларусь Республикасының № 169-З Заңы, " Жылжымайтын мүлікті, оған құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 2002 жылғы 22 шілдедегі Беларусь Республикасының № 133-З Заңы
7. Олармен мәмілелер және (немесе) өзге де заңдық тұрғыдан алғанда маңызды әрекеттерді жасау үшін мемлекеттік мүлікті бағалауды мемлекеттік ұйымдар, жарғылық қорында мемлекеттік меншіктің үлесі 50%-дан артықты құрайтын, бағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілетті органына бағынысты (жүйеге кіретін) мемлекеттік ұйымдар жүзеге асырады	16, 17, 23, 26 және 31-тармақтар	"Бағалау қызметі туралы" Беларусь Республикасы Президентінің 2006 жылғы 13 қазандағы № 615 Жарлығы
8. Нәтижелері жалпы мемлекеттік, салааралық мәндерге ие геодезиялық және картографиялық жұмыстарды мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілетті органына бағынысты (жүйеге кіретін) мемлекеттік ұйымдар ғана жүзеге асырады	16, 17, 23, 26 және 31-тармақтар	"Мемлекеттің ғана меншігіндегі объектілер және жүзеге асырылуына мемлекеттің айрықша құқығы қолданылатын қызметтің түрлері туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Беларусь Республикасының № 169-З Заңы

## II. Қазақстан Республикасы

<p>1. Субсидияларға және мемлекеттік қолдаудың өзге де шараларына қолжетімділік шарттары мен тәртібі, осындай қолжетімділікті шектеуді қоса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді және билік органдары белгілейді және Шарттың XXIV және XXV бөлімдерінің ережелеріне злал келтірместен, толық көлемде қолданылады</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдары, Қазақстан Республикасының, республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері</p>
<p>2. Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге және орман өсіруге арналған жер учаскелері шетелдік тұлғалардың жеке меншігінде болуы мүмкін емес. Шаруа немесе фермер қожалығын, тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін және орман өсіруді жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы шетелдік тұлғаларға 10 жыл мерзімге беріледі</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>Қазақстан Республикасының Жер кодексі</p>
<p>3. Қазақстан Республикасының шекаралық аймағында және шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелерін шетелдіктерге, және шетелдік заңды тұлғаларға жеке меншікке беруге жол берілмейді.</p>		<p>Қазақстан Республикасының Жер кодексі, "Қазақстан Республикасында көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының № 156-ХІІІ Заңы, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V Қазақстан Республикасының Заңы</p>
<p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының күзетілетін аймағына тікелей іргелесіп жатқан (үш шақырымдық аймақ) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері, егер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, оларды делимитацияланғанға және демаркацияланғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына ғана уақытша жер пайдалану құқығымен беріледі</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	

4. Тұрақты жер пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға тиесілі болмайды	23 және 26-тармақтар	Қазақстан Республикасының Жер кодексі
5. Шарт күшіне енген күнге дейін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасасылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қатысты осындай келісімшарттардың талаптары қолданылады <sup>1</sup>	16, 17, 23, 26, 31, 33 және 35-тармақтар	"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Қазақстан Республикасының Заңы, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы, "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы
6. Шарт күшіне енгеннен кейін " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасасылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қатысты <sup>2</sup> :	16, 17, 23, 26, 31, 33 және 35-тармақтар	"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Қазақстан Республикасының Заңы, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы, "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы
6.1. Қазақстан Республикасы инвестициялық келісімшартқа сәйкес Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларынан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды инвесторлардан талап ету құқығын сақтайды:		
6.1.1. қатты пайдалы қызбаларды барлауға және өндіруге қатысты - инвестициялық келісімшартты іске асыруға байланысты осындай инвестор сатып алатын барлық көрсетілетін қызметтердің 50% аспайды		
6.1.2. көмірсутегін барлауға және өндіруге қатысты:		
6.1.2.1. 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін - инвестициялық келісімшартты іске асыруға байланысты осындай инвестор сатып алатын		
6.1.2.2. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға		



<p>қосылған күнге дейін - инвестициялық келісімшартты іске асыруға байланысты осындай инвестор сатып алатын барлық көрсетілетін қызметтердің 60% аспайды</p>		
<p>6.1.2.3. Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға қосылған күннен бастап - инвестициялық келісімшартты іске асыруға байланысты осындай инвестор сатып алатын барлық көрсетілетін қызметтердің 50% аспайды</p>		
<p>6.2. инвестор қосалқы мердігерді тартуға арналған конкурсты өткізген кезде Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға қосылғаннан кейін 6 жыл ішінде инвестор, егер Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы конкурстық құжаттамада белгіленген стандарттар мен сапалық сипаттамаларға сәйкес келген жағдайда, осы қосалқы мердігердің білікті қызметкерлерінің тым болмағанда 75%-ы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылса, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы ұсынған конкурстық өтінімнің бағасын 20%-ға шартты түрде азайтады</p>		
<p>6.3. инвестор қосалқы мердігерді тартуға арналған конкурсты өткізген кезде Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға қосылғаннан кейін 6 жыл өткеннен кейін инвестор, егер Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы конкурстық құжаттамада белгіленген стандарттар мен сапалық сипаттамаларға сәйкес келген жағдайда, осы қосалқы мердігердің білікті қызметкерлерінің тым болмағанда 50%-ы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылса, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы</p>		

<p>ұсынған конкурстық өтінімнің бағасын 20 %-ға шартты түрде азайтады</p>		
<p>6.4. жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізу шарттарын белгілеу кезінде Қазақстан Республикасы мыналарды ескере отырып, кадрлардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі 50%-дан аспайтын қазақстандық қамтымды белгілемейді:</p>		
<p>6.4.1. жер пайдалану құқығы берілген инвестор (бұдан әрі - инвестор) тартатын кадрлардағы қазақстандық қамтым Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, көрсетілетін қызметтер нарығына қолжетімділік бойынша ДСҰ шеңберінде Қазақстан Республикасының ерекше міндеттемелерінің тізбесінде корпорация ішінде ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын адамдардың (бұдан әрі - білікті жұмыскерлердің) келуі және уақытша болуы мақсатында айқындалған осы терминдердің мәніне сәйкес басшылар, менеджерлер мен мамандар санының негізінде тең үлестердегі пропорция ретінде есептелетін болады</p>		
<p>6.4.2. инвесторға көрсетілетін кез келген қызметтердегі қазақстандық қамтым Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына төленген, барлық келісімшарт бойынша қызметтер көрсетілгені үшін жалпы жылдық төлем (шығын) сомасының үлесі ретінде айқындалады.<sup>3</sup> Алайда Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы төлеген сома Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылмайтын ұйымдарға кез келген деңгейде қосалқы мердігер шарты негізінде төленген кез келген сомаға азайтылуға тиіс</p>		
<p>6.4.3. Жер пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың</p>		

<p>жеңімпазын айқындау кезінде Қазақстан Республикасы кадрлардағы және көрсетілетін қызметтердегі қазақстандық қамтымның 50%-дан астам деңгейін әлеуетті инвестор ұсына алатын фактіні ескермеуі тиіс</p>		
<p>6.5. Қазақстан Республикасы инвестициялық келісімшартқа сәйкес Шартқа № 28 қосымшаға II бөлімнің 5-тармағында көзделген жағдайларда және тәртіппен тауарларды сатып алуды инвесторлардан талап ету құқығын сақтайды</p>		
<p>7. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Заңы және "Ұлттық басқарушы холдинг, Ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 мамырдағы № 787 Қаулысына сәйкес "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қорының (ҰӘҚ) және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлесінің) 50 пайызын және одан артық пайызын "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ тікелей немесе жанама иеленетін ұйымдардың, сондай-ақ тікелей немесе жанама мемлекетке тиесілі (олардағы мемлекеттің үлесі 50 пайыз және одан артық) компаниялардың сатып алуларға қатысты, жергілікті қамтымға қатысты алып қою Шартқа № 28 қосымшаға II бөлімнің 6-бөлімінде көзделген жағдайларда және тәртіппен сақталады және колданылады<sup>4</sup></p>	<p>16, 17, 23, 26, 31, 33 және 35-тармақтар</p>	<p>"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Қазақстан Республикасының Заңы, "Ұлттық басқарушы холдинг, Ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 мамырдағы № 787 қаулысы</p>

<p>8. Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарын пайдалану және (немесе) стратегиялық объектілерін пайдалану, иемдену жөніндегі мәмілелерді жасау бір елден шыққан бір тұлғада немесе тұлғалар тобында операциялар жүргізуге құқықтардың шоғырлануына әкеп соғатын болса, мемлекеттік орган өтінім берушіге бұған рұқсат беруден бас тартуға құқылы</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметі ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарына (объектілеріне) меншік құқығының ауысуына және туындауына шектеу қояды. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімін (актісін) іске асыру мақсатында акцияларының бақылау пакеті тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі эмитент акцияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылған кезде акцияларды шетелдік жеке және (немесе) заңды тұлғаларға, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға сату құқығы жоқ</p>	<p>15, 16, 23, 26, 31 және 33-тармақтар</p>	<p>"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Қазақстан Республикасының Заңы , "Бағалы қағаздар рыногы туралы " 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461 Қазақстан Республикасының Заңы</p>
<p>9. Концессионерді таңдау рәсімі және концессиялық келісімнің қолданыстағы шарттарының тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Айрықша концессионерді тағайындау құқығы сақталады. Концеденттің жеке құқықтары мен міндеттемелерін уәкілетті концедент жүзеге асыруы мүмкін</p>	<p>15 - 17, 23, 26, 31 және 33-тармақтар</p>	<p>"Концессиялар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі № 167-3 Қазақстан Республикасының Заңы</p>
<p>10. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы шегіндегі қызметке қатысты шектеу енгізілуі мүмкін</p>	<p>15 - 17, 23, 26, 31 және 33-тармақтар</p>	<p>"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Қазақстан Республикасының Заңы</p>
<p>11. Нақты аумақта немесе акваторияда жануарлар дүниесін пайдалануға беруге басымдық Қазақстан Республикасының</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану</p>

заңды тұлғалары мен азаматтарына беріледі		туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы
<b>ІІІ. Ресей Федерациясы</b>		
1. Субсидияларға және мемлекеттік қолдаудың өзге де шараларына қолжетімділік шарттары мен тәртібін, осындай қолжетімділікті шектеуді қоса, мемлекеттік биліктің федералдық, өңірлік және муниципалдық органдары белгілейді және Шарттың XV бөлімінің шарттарына қарамастан толық көлемде қолданылады	23 және 26-тармақтар	Ресей Федерациясының Бюджет кодексі, тиісті жылға арналған федералдық бюджет туралы федералдық заң, Ресей Федерациясының, Ресей Федерациясы мен муниципалдық құрылымдар субъектілерінің нормативтік құқықтық актілері
2. Ауыл шаруашылығы жерлеріне және шекара маңы аумақтарындағы жерлерге шетелдік меншікке тыйым салынады және жердің басқа түрлері үшін де шектелуі мүмкін. Жер учаскелерін 49 жылға дейінгі кезеңге жалдауға рұқсат етіледі	23 және 26-тармақтар	Ресей Федерациясының Жер кодексі, "Ауылшаруашылық мақсаттағы жерлердің айналымы туралы" 2002 жылғы 24 шілдедегі № 101-ФЗ Федералдық заң
3. Жарғылық (жинақтамалы) капиталында шетелдік тұлғалардың үлесі (не олардың жиынтық үлесі) 50%-дан артықты құрайтын ресейлік заңды тұлғалар ауылшаруашылық мақсаттағы жер учаскелеріне тек жалдау құқығына ғана ие бола алады. Мұндай жалдау мерзімі 49 жылдан аспайды	23 және 26-тармақтар	Ресей Федерациясының Жер кодексі, "Ауылшаруашылық мақсаттағы жерлердің айналымы туралы" 2002 жылғы 24 шілдедегі № 101-ФЗ Федералдық заң
4. Байырғы саны аз халық пен шағын этникалық топтар дәстүрлі тұратын және экономикалық қызметті жүзеге асыратын жерлермен, сондай-ақ шекара маңы аумақтарындағы және Ресей Федерациясының өзге де ерекше белгіленген аумақтарындағы жер учаскелермен жасалатын операциялар Ресей Федерациясының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін	23 және 26-тармақтар	Ресей Федерациясының Жер кодексі, "Ауылшаруашылық мақсаттағы жерлердің айналымы туралы" 2002 жылғы 24 шілдедегі № 101-ФЗ Федералдық заң
5. Шартқа № 16 қосымшаның 6-тармағы 22-тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген қызметтерді жеткізу тәсілдері арқылы көрсетілетін		

<p>қызметтердің саудасына қатысты Ресей Федерациясының заңды тұлғаларының өнімді бөлу туралы келісімді іске асыруға мердігерлер, өнім берушілер, тасымалдаушылар ретінде немесе инвесторлармен келісімдер (келісімшарттар) бойынша басқалары ретінде қатысуға артықшылықты құқығы болады</p>	<p>23-тармақ</p>	<p>"Өнім бөлу жөніндегі келісімдер туралы" 1995 жылғы 30 желтоқсандағы № 225-ФЗ Федералдық заң</p>
<p>6. Ресей Федерациясының жабық әкімшілік-аумақтық құрылым аумағында кез келген басқа мүше мемлекеттің тұлғаларының заңды тұлғаларды құруы, филиалдар мен өкілдіктерді құруы, дара кәсіпкер ретінде тіркелуі, кез келген басқа мүше мемлекеттің тұлғаларының әкімшілік-аумақтық құрылым аумағында тіркелген заңды тұлғалардың капиталына қатысу үлесін сатып алуы, сондай-ақ жабық әкімшілік-аумақтық құрылым аумағында тіркелген заңды тұлғалардың (соның ішінде шетелдік капиталмен) филиалдар мен өкілдіктердің қызметі Ресей Федерациясының нормативтік-құқықтық актілерімен шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін</p>	<p>15 - 17, 23, 26, 31 және 33-тармақтар</p>	<p>"Жабық әкімшілік-аумақтық құрылым туралы" 1992 жылғы 14 шілдедегі № 3297-1 Федералдық заң</p>
<p>7. Ресей Федерациясының континенттік қайраңы шегіндегі қызметке қатысты шектеу енгізілуі мүмкін</p>	<p>15 - 17, 23, 26, 31 және 33-тармақтар</p>	<p>"Ресей Федерациясының континенттік қайраңы туралы" 1995 жылғы 30 қарашадағы № 187-ФЗ Федералдық заң</p>
<p>8. Нақты аумақта немесе акваторияда жануарлар әлемін пайдалануға ұсынуда басымдық Ресей Федерациясының азаматтарына беріледі</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>"Жануарлар әлемі туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі № 52-ФЗ Федералдық заң</p>
<p>9. 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған Өнімді бөлу туралы келісімдер жасауға қатысты<sup>5</sup>:</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>"Өнімді бөлу туралы келісімдер туралы" 1995 жылғы 30 желтоқсандағы № 225-ФЗ Федералдық заң</p>
<p>өнімді бөлу туралы келісім жасауға арналған аукционның шарттарында ресейлік заңды тұлғалардың Ресей Федерациясының Үкіметі айқындаған үлестегі келісімдерді іске асыруға қатысуы көзделуі тиіс</p>		

келісімде:		
ресейлік заңды тұлғаларға келісім бойынша жұмыстарға инвесторлармен шарттар (келісімшарттар) негізінде мердігерлер, жеткізушілер, тасымалдаушылар ретінде немесе басқалары ретінде қатысуына артықшылықты құқық беру		
саны тартылған барлық қызметкерлер құрамының кемінде 80%-ды құрауы тиіс Ресей Федерациясының азаматтарын - жұмыскерлерін тарту, шетелдік жұмысшылар мен мамандарды келісім бойынша жұмыстардың бастапқы кезеңдерінде ғана немесе тиісті біліктіліктегі Ресей Федерациясының азаматтары - жұмысшылары мен мамандары болмаған кезде тарту		
пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеу, өндіру, тасымалдау және өңдеу үшін қажетті Ресейде жасалған технологиялық жабдықты, техникалық құралдар мен материалдарды келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін әрбір күнтізбелік жылы сатып алу мен пайдалану шығындары инвесторларға өтеу өнімімен өндірілетін сатып алынған (оның ішінде жалдау шарты, лизинг және басқа да негіздер бойынша) жабдықтың, техникалық құралдар мен материалдардың жалпы құнының кемінде 70%-ы көлемінде сатып алу бойынша инвестордың міндеттемелері көзделеді. Бұл ретте, жабдықты, техникалық құралдар мен материалдарды Ресей Федерациясының аумағында ресейлік заңды тұлғалар және (немесе) Ресей Федерациясының азаматтары құндық мәнде кемінде 50% Ресей Федерациясының аумағында ресейлік заңды тұлғалар және (немесе) Ресей Федерациясының азаматтары шығарған тораптардан, бөлшектерден, конструкциялардан және		

<p>жиынтықтауыштардан жасаған деген шартпен олар Ресейде шығарылған деп танылады.</p>		
<p>Мүше мемлекеттер келісімде келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін инвестор пайдалы қазбаларды өндіру, оларды тасымалдау және өңдеу үшін (егер бұл келісімде көзделсе) сатып алатын және (немесе) пайдаланатын технологиялық жабдықтың құндық мәнде кемінде 70%-ы Ресейде шығарылған болуы тиіс деген шартты көздеуге тиіс. Бұл жағдай құрылысы және сатып алынуы Келісімде көзделмеген магистральдық құбыр көлігі объектілерін пайдалануға қолданылмайды</p>		
<p>10. Концессионерді таңдау рәсімі және концессиялық келісімнің қолданыстағы шарттарының тізбесі Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Айрықша концессионерді тағайындау құқығы сақталады. Концеденттің жеке құқықтары мен міндеттемелерін уәкілетті концедент жүзеге асыруы мүмкін</p>	<p>15 - 17, 23, 26, 31 және 33-тармақтар</p>	<p>"Концессиялық келісімдер туралы" 2005 жылғы 21 шілдедегі № 115-ФЗ Федералдық заң</p>
<p>11. Кез келген мүше мемлекеттің тұлғасы жасайтын және елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаруашылық жүргізуші стратегиялық маңызы бар қызмет түрлерінің тым болмағанда біреуін жүзеге асыратын ресейлік шаруашылық жүргізуші қоғамдарға бақылау орнатуға әкеп соғатын мәміле Ресей Федерациясының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын тәртіппен Ресей Федерациясының уәкілетті органының рұқсатын алуды талап етеді.</p>	<p>15, 16, 23, 26, 31 және 33-тармақтар</p>	<p>"Елдің қорғанысын және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызы бар шаруашылық жүргізуші қоғамға шетелдік инвестицияларды жүзеге асыру тәртібі туралы" 2008 жылғы 29 сәуірдегі № 57-ФЗ Федералдық заң</p>
<p>Шет мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ олардың бақылауындағы тұлғалар, оның ішінде Ресей Федерациясының аумағында құрылғандары елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін</p>		



стратегиялық маңызы бар қызмет түрлерінің тым болмағанда біреуін жүзеге асыратын ресейлік шаруашылық қоғамдарға бақылау орнатуға әкеп соғатын мәмілелер жасауға құқылы емес.		
Шетелдік инвесторлар немесе тұлғалар тобы уәкілетті органға елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызы бар қызмет түрлерінің тым болмағанда біреуін жүзеге асыратын ресейлік шаруашылық қоғамдардың жарғылық капиталдарын құрайтын акциялардың (үлестердің) 5 немесе одан да көп пайызын сатып алу туралы ақпаратты ұсынуға міндетті		
12. Теңіз порты шекараларындағы жер учаскелері шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік ұйымдардың меншігінде бола алмайды	23 және 26-тармақтар	"Ресей Федерациясындағы теңіз порты туралы және Ресей Федерациясының жекелеген заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 8 қарашадағы № 261-ФЗ Федералдық заң

#### IV. Армения Республикасы

1. Капиталдың меншік иесінің кім болып табылатынына қарамастан, Армения Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалардың ғана субсидия алуға құқығы бар	23 және 26- тармақтар	"Армения Республикасының бюджет жүйесі туралы" 1997 жылғы 21 шілдедегі № ЗР-137 Армения Республикасының Заңы, Армения Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы № 1937-Н шешімі
2. Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жерге меншік құқығын пайдаланбайды. Жалға алу мерзімі 25 жылға деп белгіленетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қоспағанда, мемлекеттік және (немесе) муниципалдық меншік болып табылатын жер учаскелерін жалға алу мерзімі 99 жылдан аспауға тиіс.	23 және 26-тармақтар	Армения Республикасының Конституциясы, Армения Республикасының Жер кодексі
3. Шет мемлекеттің заңды тұлғасы , оның ішінде коммерциялық ұйымы ғана жер қойнауын пайдаланушы бола алады.	23 және 26-тармақтар	Армения Республикасының Жер қойнауы туралы кодексі

<p>4. Қарттанумен, геодезиямен, есеп жазбасымен және жерге орналастырумен Армения Республикасының мемлекеттік уәкілетті органнан біліктілік сертификатын алған азаматтары ғана айналыса алады.</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>"Мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 1999 жылғы 14 сәуірдегі № 3Р-295 Армения Республикасының Заңы, Армения Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 1441-Н шешімі"</p>
--	-----------------------------	--

## V. Қырғыз Республикасы

<p>1. Субсидияларға және мемлекеттік қолдаудың өзге де шараларына қолжетімділіктің шарттары мен тәртібін Қырғыз Республикасының заңнамасы және билік органдары белгілейді және олар толық көлемде, бірақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың XXIV және XXV бөлімдерінің ережелеріне нұқсан келтірместен қолданылады</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>"Қырғыз Республикасындағы бюджет құқығының негізгі қағидаттары туралы" 1998 жылғы 11 маусымдағы № 78 Қырғыз Республикасының Заңы, "Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы" 1998 жылғы 31 қазандағы № 140 Қырғыз Республикасының Заңы, Қырғыз Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдары, Қырғыз Республикасының, республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері</p>
<p>2. Шетелдік адамдардың жеке меншігінде ауыл шаруашылығы өндірісіне арналған жер учаскелері бола алмайды</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>Қырғыз Республикасының Жер кодексі</p>
<p>3. Шетелдік адамдарға, жер қойнауын пайдалану үшін берілетін ауыл шаруашылығы алқаптары мен жерлерін қоспағанда, елді мекендерден тыс жер учаскелерін Қырғыз Республикасының Үкіметі мерзімді (уақытша) пайдалану құқығында беруі мүмкін</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>Қырғыз Республикасының Жер кодексі</p>
<p>4. Қырғыз Республикасының ерекше мәртебесі бар шекара маңы аумақтарында, қайрылмандарды қоспағанда, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың меншігіне жылжымайтын мүлік объектілерінің кез келген түрлерін меншік нысанына қарамастан, иеліктен шығаруға байланысты азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауға тыйым салынады</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>Қырғыз Республикасының Жер кодексі, "Қырғыз Республикасының жекелеген шекара маңы аумақтарына ерекше мәртебе беру және оларды дамыту туралы" 2011 жылғы 26 шілдедегі № 145 Қырғыз Республикасының Заңы</p>

<p>5. Қайрылмандарды қоспағанда, шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға шекара маңы аумақтарында орналасқан жер учаскелері мерзімді (уақытша) пайдалану құқығында беріле алмайды</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>Қырғыз Республикасының Жер кодексі, "Қырғыз Республикасының жекелеген шекара маңы аумақтарына ерекше мәртебе беру және оларды дамыту туралы" 2011 жылғы 26 шілдедегі № 145 Қырғыз Республикасының Заңы</p>
<p>6. Мерзімсіз жер пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға тиесілі бола алмайды</p>	<p>23 және 26-тармақтар</p>	<p>Қырғыз Республикасының Жер кодексі</p>
<p>7. "Жер қойнауы туралы" 2012 жылғы 9 тамыздағы № 160 Қырғыз Республикасының Заңына сәйкес Қырғыз Республикасының Үкіметі және жер қойнауын пайдаланушы арасында жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімдерге қатысты, егер жер қойнауын пайдалану құқығына арналған аукционның немесе конкурстың жеңімпазы не онымен тікелей келіссөздер жүргізу туралы шешім шығарылған тұлға болып шетелдік заңды тұлға танылса, ол Қырғыз Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына лицензияны ресімдеу үшін 100 пайыздық үлестік қатысумен еншілес компания ашуға міндетті</p>	<p>26 және 31-тармақтар (30-тармақтың 5) және 6) тармақшалары на қатысты)</p>	<p>"Жер қойнауы туралы" 2012 жылғы 9 тамыздағы № 160 Қырғыз Республикасының Заңы, "Жер қойнауын пайдалану кезінде өнімді бөлу туралы келісімдер туралы" 2002 жылғы 10 сәуірдегі № 49 Қырғыз Республикасының Заңы</p>
<p>8. Мемлекеттік орган өтінім берушіге Қырғыз Республикасының стратегиялық ресурстарын пайдалану және (немесе) стратегиялық объектілерін пайдалану, сатып алу бойынша мәмілелерді жасауға рұқсат беруден бас тартуға құқылы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қырғыз Республикасының Үкіметі Қырғыз Республикасының стратегиялық ресурстарына (объектілеріне) меншік құқығының ауысуына және пайда болуына шектеулер белгілейді</p>	<p>16, 26 және 31-тармақтар</p>	<p>"Қырғыз Республикасының стратегиялық объектілері туралы" 2008 жылғы 23 мамырдағы № 94 Қырғыз Республикасының Заңы</p>
<p>9. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған Жер қойнауын пайдалану кезінде өнімді бөлу туралы келісімде (бұдан әрі –</p>		

<p>Келісім) инвестордың Қырғыз Республикасының заңды тұлғаларына мердігерлер, өнім берушілер, тасымалдаушылар ретінде немесе инвестормен шарттар (келісімшарттар) негізінде басқалары ретінде Келісім бойынша жұмыстарға қатысуға артықшылықты құқық беру бойынша;</p> <p>саны барлық тартылған қызметкерлердің кемінде 80 пайызын құрауға тиіс қызметкерлерді – Қырғыз Республикасының азаматтарын тарту бойынша;</p> <p>Келісім бойынша жұмыстардың бастапқы кезеңінде ғана шетелдік жұмысшылар мен мамандарды немесе жұмысшылар мен мамандар болмаған кезде – Қырғыз Республикасының тиісті біліктілігі бар азаматтарын тарту бойынша;</p> <p>пайдалы қазбалардың кен орындарын геологиялық зерделеу, әзірлеу және өндірілген минералды шикізатты Қырғыз Республикасының заңды тұлғалары және Қырғыз Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын және салық төлеушілер ретінде тіркелген шетелдік заңды тұлғалар орналастырған, осындай тапсырыстардың жалпы құнының кемінде 50 пайызы көлемінде қайта өңдеуге қажетті құрал-жабдықты, техникалық құралдар мен материалдарды әзірлеуге тапсырыстарды орналастыру бойынша міндеттемелері көзделеді</p>	<p>31 (30-тармақтың 3) және 7) тармақшаларына қатысты), 33 және 35-тармақтар</p>	<p>"Жер қойнауын пайдалану кезінде өнімді бөлу туралы келісімдер туралы" 2002 жылғы 10 сәуірдегі № 49 Қырғыз Республикасының Заңы</p>
<p>10. Акционерлік қоғамның мүлкін концессияға берген жағдайда акционерлік қоғамда шешуші дауыс және концессиялық шарттың объектілеріне билік ету құқығы Қырғыз Республикасының Үкіметінде сақталады.</p> <p>Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес шешім қабылданған жағдайда, акцияларының кемінде үштен</p>	<p>16, 26, 31-тармақтар (30-тармақтың 3, 5) және 6) тармақшаларына қатысты)</p>	<p>"Қырғыз Республикасындағы концессиялар және концессиялық кәсіпорындар туралы" 1992</p>

екісін мемлекет иеленген акционерлік қоғамдардың мүлкі концессиялық шарттың объектісі бола алады		жылғы 6 наурыздағы № 850-ХІІ Қырғыз Республикасының Заңы
11. Еуразиялық экономикалық одақтың басқа да мүше мемлекеттері тұлғаларының Қырғыз Республикасының аумағында орналасқан тұрғын үй-жайларды меншікке алуға уәкілетті органның келісімін алу бойынша міндеті	23 және 26-тармақтар	Қырғыз Республикасының Тұрғын үй кодексі
12. Қырғыз Республикасының азаматтары ғана жекешелендіру кезінде тұрғын үй-жайлардың сатып алушылары бола алады.	15-тармақ	Қырғыз Республикасының Тұрғын үй кодексі".

<sup>1</sup> Аталған алып қоюлар Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттамада көзделген тәртіппен және жағдайларда сақталады және қолданылады.

<sup>2</sup> Аталған алып қоюлар Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттамада көзделген тәртіппен және жағдайларда сақталады және қолданылады.

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының заңды тұлғасымен жасалған келісімшарттар, егер бұл тұлға Қазақстан Республикасының аумағында келісілген қызмет түрін жүзеге асырмаса, назарға алынбайтын болады. "Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы" деген ұғым дара кәсіпкерлерді де қамтиды.

<sup>4</sup> Аталған алып қоюлар Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттамада көзделген тәртіппен және жағдайларда сақталады және қолданылады.

<sup>5</sup> Бұл шектеулер 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Ресей Федерациясының қосылуы туралы 2011 жылғы 16 желтоқсандағы Хаттамада көзделген тәртіппен және жағдайларда сақталады және қолданылады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 17 ҚОСЫМША

## **Қаржылық қызметтер жөніндегі ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 70-бабына сәйкес әзірленді және мүше мемлекеттердің қаржылық көрсетілетін қызметтер саудасын, сондай-ақ қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілерді құруды және (немесе) олардың қызметін қозғайтын шараларына қатысты қолданылады.

2. Осы Хаттаманың ережелері коммерциялық негізде және бәсекелестік шартында емес мемлекеттік биліктің функцияларын орындау үшін жүзеге асырылатын, сондай-ақ субсидияларды беруге қатысты берілетін қызметтер көрсету мен қызметке қолданылмайды.

3. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"мемлекеттік мекеме" - мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органы немесе ұлттық (орталық) банкі не осы мүше мемлекетке тиесілі немесе осы мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органы немесе осы мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі берген өкілеттіктерді ғана жүзеге асыратын, осы мүше мемлекет бақылайтын ұйым;

"қызмет" - осы Хаттаманың ұғымында құрылған заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің қызметі;

"мүше мемлекеттің заңнамасы" - мүше мемлекеттің заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілері, мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің нормативтік актілері;

"кредиттік ұйым" - мүше мемлекеттің банк қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органы берген лицензияның негізінде қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда алу үшін өзі тіркелген аумақтың мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес банк операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар мүше мемлекеттің заңды тұлғасы;

"лицензия" - мүше мемлекеттің уәкілетті органы беретін, оның иесіне мүше мемлекеттің аумағында белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға құқық беретін арнайы рұқсат (құжат);

"мүше мемлекеттің шарасы" - мүше мемлекеттің заңнамасы, сондай-ақ мүше мемлекет уәкілетті органының немесе мүше мемлекеттің уәкілетті органы лауазымды адамының шешімі, әрекеті немесе әрекетсіздігі.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынымдық сипаты бар ресми құжатты қабылданған (шығарған) жағдайда мұндай ұсыным, егер практикада осы ұсынымды адресаттарының басым бөлігі оны басшылыққа алғаны дәлелденсе, осы Хаттаманың мақсаты үшін шара ретінде танылуы мүмкін.

"ұлттық режим" - басқа мүше мемлекеттің тұлғаларына және қаржылық көрсетілетін қызметтеріне қаржылық көрсетілетін қызметтердің саудасы кезінде өз аумағында өзінің жеке тұлғаларына және қаржылық көрсетілетін қызметтеріне осындай жағдайлар кезінде берілетін режимнен қолайлылығы кем болмайтын режимді ұсыну;

"ортақ қаржы нарығы" - төмендегі критерийлерге сәйкес келетін мүше мемлекеттердің қаржы нарығы:

мүше мемлекеттердің қаржы нарығы саласындағы реттеу мен қадағалауға қойылатын үйлестірілген талаптар;

бір мүше мемлекеттің уәкілетті органдары берген лицензияларды басқа мүше мемлекеттердің аумағында банк және сақтандыру секторында, сондай-ақ бағалы қағаздардың нарығында қызмет көрсету секторында өзара мойындау;

заңды тұлға ретінде қосымша құрусыз Одақтың барлық аумағында қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша қызметті жүзеге асыру;

мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында, оның ішінде ақпарат алмасу арқылы әкімшілік ынтымақтастық;

"қаржылық көрсетілетін қызметтерді беру/сату" - төмендегі тәсілдермен жүзеге асырылатын қызметтер өндірісін, оларды бөлуді, олардың маркетингін, оларды сатуды және олардың жеткізілуін қамтитын қаржылық көрсетілетін қызметтерді көрсету:

бір мүше мемлекеттің аумағынан кез келген басқа мүше мемлекеттің аумағына;

бір мүше мемлекеттің аумағында осы мүше мемлекет тұлғасының басқа мүше мемлекеттің тұлғасына (қызметтерді тұтынушы);

бір мүше мемлекеттің қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушісінің кез келген басқа мүше мемлекеттің аумағында құру және қызметі жолымен;

"қаржылық көрсетілетін қызметтерді беруші" - мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, қаржылық көрсетілетін қызметтерді беретін мүше мемлекеттің кез келген жеке немесе заңды тұлғасы;

"бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы" - өзі аумағында тіркелген мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқығы бар мүше мемлекеттің заңды тұлғасы;

"неғұрлым қолайлылық режимі" - басқа мүше мемлекеттің тұлғаларына және қаржылық көрсетілетін қызметтеріне қаржылық көрсетілетін қызметтердің саудасы кезінде үшінші елдердің тұлғаларына және қаржылық көрсетілетін қызметтеріне осындай жағдайлар кезінде берілетін режимнен қолайлылығы кем болмайтын режимді беру;

"қаржылық көрсетілетін қызметтер секторы" - барлық кіші секторларын қоса алғанда, қаржылық көрсетілетін қызметтердің барлық секторы, ал мүше мемлекеттің міндеттемелерінен, шектеулері мен шарттарынан алып тастауларға қатысты жеке қаржылық көрсетілетін қызметтердің бір немесе бірнеше не барлық кіші секторлары;

"сақтандыру ұйымы" - өзі аумағында тіркелген мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға;

"экономикалық орындылығына тест" - қызметті беруші қызметінің нақты саланы экономикалық жоспарлау мақсаттарына сәйкестігіне экономикалық бағалау жолымен нарықтың қажеттілігі мен мұқтажының болуына қарай құруға және (немесе) қызметіне не қызметтерді беруге рұқсаттар беру;

"уәкілетті орган" - осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің қаржы нарығын, қаржы ұйымдарын (қаржы нарығының жекелеген салаларын) реттеу және (немесе) қадағалау және бақылау жөніндегі өкілеттерге ие органы;

"құру":

аумағында осындай заңды тұлға ашылатын немесе құрылатын мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы және меншік нысандағы заңды тұлғаны ашу және (немесе) сатып алу (ашылған немесе құрылған заңды тұлғаның капиталына қатысу);

мұндай заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы, оның ішінде дауыс беретін акцияларына (үлестеріне) тиесілі дауыстарды иелену жолымен, осындай заңды тұлғаның директорлар кеңесіне (байқау кеңесіне) және өзге де басқару органдарына қатысу жолымен айқындау мүмкіндігін алудан көрінетін мүше мемлекеттің заңды тұлғасы бақылауды иелену;

филиалды ашу;

өкілдікті ашу;

"қаржылық көрсетілетін қызметтер" - қызметтердің мына түрлерін қамтитын қаржылық сипаттағы қызметтер:

1) сақтандыру қызметтері және сақтандыруға жататын қызметтер:

а) сақтандыру (бірге сақтандыру): өмірді сақтандыру, өмірді сақтандырудан өзге сақтандыру;

б) қайта сақтандыру;

в) брокерлік және агенттік делдалдық сияқты сақтандыру делдалдығы;

г) консультациялық, актуарлық қызметтер, тәуекелді бағалау және талап-арыздарды реттеу жөніндегі қызметтер сияқты сақтандыру жөніндегі қосалқы қызметтер;

2) банк қызметтері:

а) халықтан салымдар (депозиттер) мен басқа да төленуге тиіс ақша қаражатын қабылдау;

б) тұтыну кредитін, кепіл кредитін, факторинг пен коммерциялық операцияларды қаржыландыруды қоса алғанда, несие, кредит, барлық түрдегі қарыз беру;

в) қаржы лизингі;

г) төлемдер мен ақша аударымдары жөніндегі қызметтердің барлық түрлері;

д) биржада және биржадан тыс не өзге де түрде өз есебінен және клиенттердің есебінен: шетелдік валютамен; деривативтермен, оның ішінде фьючерстермен және опциондармен; "своп" мәмілелері мен форвардтық мәмілелерді қоса алғанда, валюталық бағамдар мен пайыздық мөлшерлемелерге қатысты құралдармен сауда-саттық жасау;

е) кредит шарттарын талдаумен байланысты анықтамалық және талдамалық материалдарды қоса алғанда, осы тармақшада көрсетілген қызметтің барлық түрлерінде консультативтік, делдалдық және басқа да қосалқы қаржы қызметтері;

3) бағалы қағаздар нарығындағы қызметтер:

а) биржада және биржадан тыс не өзге де түрде өз есебінен және клиенттердің есебінен қаржы құралдарымен сауда-саттық жасау;



б) агент (мемлекеттік немесе жеке меншік) ретінде кепілдік беру мен орналастыруды және осындай эмиссияларға (шығаруға) жататын қызметтер көрсетуді қоса алғанда, бағалы қағаздардың барлық түрлерінің эмиссиясына (шығаруға) қатысу;

в) қаржы нарығындағы брокерлік операциялар;

г) ақшалай қаражат немесе бағалы қағаздар сияқты активтерді басқару, ұжымдық инвестицияларды басқарудың барлық түрлері, активтерді және зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдерін басқару, қамқоршылық, сақтау жөніндегі қызметтер және трастылық қызметтер;

д) бағалы қағаздарды, деривативтерді және басқа да құралдарды қоса алғанда, қаржы активтері бойынша клирингілік қызметтер;

е) қаржы ақпаратын ұсыну мен беру және басқа қаржы қызметтерін берушілердің қаржылық деректерді өңдеуі мен тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсынуы;

ж) тікелей және портфельдік инвестициялар бойынша зерттеулер мен ұсынымдарды, корпорацияларды сатып алу, қайта ұйымдастыру және стратегиялары мәселелері бойынша ұсынымдарды қоса алғанда, осы тармақшада аталған қызметтің барлық түріндегі консультативтік, делдалдық және басқа қосалқы қаржылық көрсетілетін қызметтері кіреді.

Осы Хаттамадағы өзге де ұғымдар қызмет көрсетулер саудасына, құру, қызмет және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттамада көрсетілген мәнде қолданылады (Шартқа № 16 қосымша).

4. Әрбір мүше мемлекет қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілерге (басқа мүше мемлекеттердің заңды тұлғаларына) осы Хаттамаға № 1 қосымшадағы мүше мемлекеттердің жеке ұлттық тізбесінде көрсетілген талаптарға сәйкес өздігінен, делдал арқылы немесе делдал ретінде бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына қаржылық көрсетілетін қызметтердің мынадай түрлерінің ұлттық режимін және неғұрлым қолайлы жағдай жасау режимін ұсынады:

1) мыналарға:

оларға қатысты осындай сақтандыру: тасымалданатын тауарларды, тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын және тасымалдаумен байланысты туындайтын азаматтық-құқықтық жауапкершілікті толығымен немесе ішінара қозғайтын халықаралық теңіз тасымалдарына, коммерциялық әуе тасымалдарына, коммерциялық ғарыштық ұшыруға және фрахтыға (спутниктерді қоса алғанда);

халықаралық транзит шеңберінде тасымалданатын тауарларға жататын тәуекелдерді сақтандыру;

2) қайта сақтандыру, сондай-ақ консультациялық қызметтер, актуарлық қызметтер, тәуекелді бағалау және талап-арыздарды реттеу сияқты қосалқы сақтандыру қызметтері;

3) қаржылық ақпаратты ұсыну мен беру және басқа қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілердің қаржылық деректері мен тиісті бағдарламалық қамтамасыз етілуін өңдеу;

4) бағалы қағаздар нарығындағы қызметке және банктік қызметке қатысты анықтамалық материалдарды қоса алғанда, консультативтік және басқа қосалқы қызмет (делдалдық және кредиттік тарихтарды талдауға байланысты қызметті, тікелей және портфельдік инвестициялар бойынша зерттеулер мен ұсынымдарды, корпорацияларды сатып алу, қайта ұйымдастыру және стратегиялары мәселелері бойынша ұсынымдарды қоспағанда).

5. Әрбір мүше мемлекет басқа мүше мемлекеттің аумағында осы мүше мемлекеттің тұлғаларына осы Хаттаманың 4-тармағының 1 - 4-тармақшаларында көрсетілген қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынуға рұқсат береді.

6. Әрбір мүше мемлекет өз аумағында қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілерді құруға және (немесе) қызметіне қатысты осы Хаттаманың 3-тармағында айқындалғандай, осы Хаттамаға № 2 қосымшадағы мүше мемлекеттердің әрқайсысына арналған жеке ұлттық тізбеде көзделген шектеулерді ескере отырып, басқа мүше мемлекеттердің тұлғаларына ұлттық режимді ұсынады.

7. Әрбір мүше мемлекет басқа мүше мемлекеттің тұлғаларына өзінің аумағындағы, осы Хаттаманың 3-тармағында айқындалғандай, қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілерді құруға (және немесе) қызметіне қатысты неғұрлым қолайлылық режимін ұсынады.

8. Үшінші мемлекеттермен қаржылық көрсетілетін қызметтер саудасы, капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың қызметі, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары, жекешелендіруге қатысу, инвесторлардың құқықтарын қорғау, төлемдер мен аударымдар, төлемдер мен аударымдарға қатысты шектеулер, залалды өтеу, инвесторларға кепілдік беру, оның ішінде экспроприация кезінде, инвесторлардың құқықтарының етуі және инвестициялық дауларды шешу тәртібі мәселелері Қызмет көрсету саудасы, құру, қызмет және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттамамен (Шартқа № 16 қосымша) реттеледі.

9. Осы Хаттаманың ережесі осы Шарт күшіне енген және қолданысы жалғасып отырған күні құрылған, сондай-ақ осы Шарт күшіне енген күннен кейін құрылған заңды тұлғаларға, филиалдарға, өкілдіктерге қолданылады.

10. Осы Хаттамаға № 1 қосымшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Хаттаманың 4-тармағында аталған секторларда мүше мемлекеттің ешқайсысы басқа мүше мемлекеттің қаржылық көрсетілетін қызметтеріне және қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілеріне қатысты сауда қызметіне байланысты:

көрсетілетін қызметтерді берушілердің квота, монополия, экономикалық орындылығына тест нысанындағы немесе кез келген өзге сандық нысандағы санына;

көрсетілетін қызметтерді кез келген берушінің квота, монополия, экономикалық орындылығына тест нысанындағы немесе кез келген өзге сандық нысандағы операцияларына қатысты шектеулерді қолданбайды және енгізбейді.

Осы Хаттамаға № 1 қосымшада көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Хаттаманың 4-тармағында аталған секторларда мүше мемлекеттердің ешқайсысы құру талаптарын қаржылық көрсетілетін қызметтер саудасына арналған талаптар ретінде басқа мүше мемлекеттің көрсетілетін қызметтерді берушісіне қатысты енгізбейді және қолданбайды.

11. Осы Хаттамаға № 2 қосымшадағы мүше мемлекеттердің әрқайсысына арналған жеке ұлттық тізбеде көзделген шектеулерді қоспағанда, мүше мемлекеттердің ешқайсысы өздерінің аумағында құруға және (немесе) қызметке байланысты басқа мүше мемлекеттің қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілеріне қатысты:

- 1) құру нысанына, оның ішінде заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанына;
- 2) квота, экономикалық орындылығына тест нысанында немесе кез келген өзге де нысанда құрылатын заңды тұлғалардың, филиалдардың немесе өкілдіктердің санына;
- 3) заңды тұлғаның капиталындағы сатып алынатын үлес көлеміне немесе заңды тұлғаны бақылау дәрежесіне;
- 4) құрылған заңды тұлға, филиал, өкілдік квота, экономикалық орындылығына тест нысанындағы немесе кез келген өзге сандық нысандағы қызметті жүзеге асыру барысында олардың операцияларына қатысты шектеулерді қолданбайды және енгізбейді.

12. Жеке тұлғалардың келуі, кетуі, болуы және еңбек қызметі мәселелері осы Шарттың XXVI бөлімінде осы Хаттамаға № 2 қосымшада әрбір мүше мемлекетке арналған жеке ұлттық тізбеде көрсетілген шектеулерді ескере отырып, реттеледі.

13. Осы Хаттамаға № 1 қосымшада жеке ұлттық тізбеде көрсетілген қаржылық көрсетілетін қызметтерге және осы Хаттамаға № 2 қосымшада жеке ұлттық тізбеде көрсетілген құруға және (немесе) қызметке байланысты шектеулерге қатысты әрбір мүше мемлекет қаржылық көрсетілетін қызметтер саудасына ықпал ететін осы мүше мемлекеттің барлық шараларының ақылға қонымды, объективті және әділ қолданылуын қамтамасыз етеді.

14. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді беруге рұқсат алу талап етілсе, мүше мемлекеттің уәкілетті органдары ақылға қонымды уақыт ішінде мүше мемлекеттің заңнамасы талаптарына және реттеу қағидаларына сәйкес ресімделді деп саналатын өтінімді ұсынғаннан кейін өтініш берушіге өтінішке қатысты шешімі туралы хабарлайды. Мүше мемлекеттің уәкілетті органдары өтініш берушінің сұрауы бойынша шамадан тыс кідіртпей өтінімнің қаралу барысы туралы ақпарат береді.

15. Біліктілік талаптары мен рәсімдеріне, техникалық стандарттар мен лицензиялау талаптарына жататын шаралар қызметтер саудасында ақталмайтын кедергілер жасамайтындай жағдайды қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттер өздері құра алатын

тиісті органдар арқылы кез келген қажетті қағидаларды әзірлеуге құқылы. Бұл қағидалардың мақсаты осы талаптардың өзгелер қатарында:

1) құзыреттілік және қызметтерді беруге қабілеттілік сияқты объективті және жария өлшемдерге негізделуін;

2) қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті шамадан артық ауыртпалықты болмауын;

3) лицензиялау рәсімдері жағдайында - олардың өздерінің қызметтерді беруге шектеу болмауын қамтамасыз ету болады.

16. Осы Хаттамаға № 1 қосымшада жеке ұлттық тізбелерде көрсетілген қаржылық көрсетілетін қызметтер секторлары үшін осы Хаттаманың 15-тармағына сәйкес әзірленген қағидалар күшіне енгенге дейін мүше мемлекеттер осы Хаттамаға № 1 қосымшадағы жеке ұлттық тізбелерде көрсетілген талаптарға сәйкес берілетін пайдаларды жоятын немесе қысқартатын лицензиялық немесе біліктілік талаптарды және техникалық стандарттарды қолданбайды.

Бұл ретте мүше мемлекет қолданатын лицензиялық немесе біліктілік талаптар және техникалық стандарттар осы Хаттаманың 15-тармағы 1 - 3-тармақшаларында көрсетілген критерийлерге сәйкес келуі тиіс және осы Шартқа қол қою күні осы мүше мемлекеттен күтіледі.

17. Егер мүше мемлекет қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілерді құруға және (немесе) қызметіне қатысты лицензиялауды қолданса, онда мұндай мүше мемлекет:

1) мүше мемлекеттің қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беруге жауапты уәкілетті органдары атауларының жариялануын немесе өзгеше түрде жалпының назарына жеткізілуін;

2) лицензиялық рәсімдердің өздері құруға немесе қызметке шектеу болып табылмауын және қызметті жүзеге асыру құқығына тікелей байланысты лицензиялық талаптардың өздері қызмет үшін негізсіз кедергі болып табылмауын;

3) барлық лицензиялық рәсімдер мен талаптардың мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленуін және лицензиялық рәсімдерді немесе талаптарды белгілейтін немесе қолданатын мүше мемлекеттің заңнамасы оның күшіне енген күнге дейін жариялануын ;

4) лицензияны берумен және лицензия беру туралы өтінішті қараумен байланысты кез келген алымдардың өзі құру мен қызмет үшін шектеу болмауын және мүше мемлекеттің лицензия беруші органның өтінішті қараумен және лицензия беруге байланысты шығындарына негізделгенін;

5) мүше мемлекеттің заңнамасында лицензия беру (бас тарту) туралы шешімді қабылдауға белгіленген уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін және өтініш берушінің талабы бойынша мүше мемлекеттің тиісті лицензия беруші органының өтініш берушіге оның өтінішін қарау жағдайы туралы, сондай-ақ бұл өтініш тиісінше толтырылды деп

саналатыны не саналмайтыны туралы хабарлауын қамтамасыз етеді. Кез келген жағдайда өтініш берушіге өтінішке техникалық түзетулерді енгізуге мүмкіндік беріледі. Мүше мемлекеттің тиісті заңнамасында көрсетілген барлық ақпарат және құжаттар алынбай, өтініш тиісінше толтырылған деп саналмайды;

6) өтініші қабылдаудан бас тартылған өтініш берушінің жазбаша талап етуі бойынша, мүше мемлекеттің өтінімді қабылдаудан бас тартудың лицензия беруге жауапты уәкілетті органы өтініш берушіге осындай бас тарту себептері туралы жазбаша хабарлайды. Алайда бұл ереже мүше мемлекеттің лицензия беруші органынан ақпарат ашуды талап етуші ретінде түсіндірілмейді, оның мәнін ашу заңның орындалуына кедергі келтіреді немесе қоғамдық мүддеге немесе қауіпсіздіктің маңызды мүддесіне қайшы келеді;

7) өтінішті қабылдаудан бас тартылған жағдайда өтініш беруші жаңа өтініш бере алады, ол осы арқылы лицензия (рұқсат) беру үшін орын алған кез келген проблемаларды жоюға тырысады;

8) берілетін лицензияның мүше мемлекеттің барлық аумағында қолданылуын қамтамасыз етеді.

18. Мүше мемлекеттің аумағында қаржылық көрсетілетін қызметтер нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды беру тәртібі және мерзімі аумағында осындай қызметті жүзеге асыру болжанатын мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді.

19. Осы Хаттамадағы еш нәрсе де мүше мемлекетке инвесторларды, салымшыларды, сақтандырушыларды, пайда алушыларды және қызметтерді көрсетушілердің олардың алдында фидуциарлық жауапкершілігі бар тұлғаларды қорғауды қоса алғанда, пруденциалдық шаралар, немесе қаржы жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған шаралар қабылдауға кедергі келтірмейді. Егер мұндай шаралар осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес келмесе, оларды мүше мемлекет Шартқа сәйкес осы мүше мемлекет қабылдаған міндеттемелерді орындаудан тараптың жалтару құралы ретінде пайдаланбауы керек.

20. Еш нәрсе де жеке клиенттердің шоттарына қатысты ақпаратты, немесе басқа қандай да бір құпия немесе мемлекеттік мекемелердің билігінде бар меншіктегі ақпаратты ашуға мүше мемлекетке қойылатын талап ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

21. Мүше мемлекеттер халықаралық қағидаттар және стандарттар не ең жақсы халықаралық практика және мүше мемлекеттерде қолданылып жүрген ең жақсыдан төмен емес стандарттар және практика негізінде мынадай қызмет көрсету секторларында қаржы нарығын реттеу саласындағы үйлестірілген талаптарды пысықтауды жүзеге асырады:

банк секторы;

сақтандыру секторы;

бағалы қағаздар нарығындағы көрсетілетін қызметтер секторы.

22. Банк секторында мүше мемлекеттер өз әрекеттерінде Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің тиімді банктік қадағалаудың негізгі қағидаттарын және ең озық халықаралық практиканы басшылыққа ала отырып, оның ішінде мыналарға:

- 1) "кредиттік ұйым" ұғымына және оның заңды мәртебесіне;
- 2) кредиттік ұйымдардың, банк топтарының және олардың аффилирленген тұлғаларының, банктік холдингтердің ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарына;
- 3) Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары негізінде қаржылық (бухгалтерлік) есептілікке қойылатын талаптарға;
- 4) кредиттік ұйым құрудың тәртібі мен шарттарына, атап айтқанда мыналарға қатысты:
  - құрылтайшылық құжаттарға қойылатын талаптарға;
  - заңды тұлғаны (филиалды) және кредиттік ұйымды мемлекеттік тіркеу тәртібіне;
  - кредиттік ұйым жарғылық капиталының ең аз мөлшерін айқындауға, оны қалыптастыру тәртібі мен төлеу тәсілдеріне;
  - кредиттік ұйымның басшы қызметкерлерінің кәсіптік біліктілігі мен іскерлік беделіне қатысты қойылатын талаптарға;
  - банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны беру тәртібі мен шарттарына, оның ішінде банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны алу үшін қажетті құжаттарға қойылатын талаптарға қатысты;
- 5) кредиттік ұйымды тіркеуден және банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны беруден бас тарту үшін негіздемелерге;
- 6) кредиттік ұйымды таратудың немесе қайта ұйымдастырудың (оның ішінде мәжбүрлеп таратудың) тәртібіне, рәсімдеріне және шарттарына;
- 7) кредиттік ұйымнан банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны қайтарып алу үшін негіздемелерге;
- 8) кредиттік ұйымдарды біріктіру, қосу және қайта құру нысанында қайта ұйымдастырудың тәртібі мен ерекшеліктеріне;
- 9) кредиттік ұйымның қаржылық сенімділігін қамтамасыз етуге, оның ішінде банк операцияларынан өзге кредиттік ұйымдар үшін рұқсат етілген қызмет түрлерін, пруденциалдық нормативтерді, міндетті резервтер мен арнайы провизияларды айқындауға;
- 10) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының кредиттік ұйымдардың, банктік холдингтердің және банк топтарының қызметін қадағалауды жүзеге асыру тәртібіне;
- 11) кредиттік ұйымдарға және банктік холдингтерге санкциялардың мөлшеріне және тәртібіне, шарттарына;
- 12) банк топтары мен банктік холдингтердің қызметіне және қаржылық сенімділігіне қойылатын талаптарға;
- 13) халықтың салымдарын сақтандыру жүйесін құруға және оның жұмысына (салымдар бойынша өтемақы төлеу сомасын қоса алғанда);

14) кредиттік ұйымдарды қаржылық сауықтыру және банкроттығы рәсімдеріне (кредиторлардың құқықтарын регламенттеуді, талаптарды қанағаттандыру кезектілігін қоса алғанда);

15) банктік деп танылған операциялардың тізбесіне;

16) банк операцияларының жекелеген технологиялық бөліктерін жүзеге асыруға құқылы ұйымдардың тізбесі мен олардың мәртебесіне қатысты кредиттік ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі талаптарды үйлестіреді.

23. Сақтандыру секторында мүше мемлекеттер өздерінің іс-әрекеттерінде ең озық халықаралық практиканы және Халықаралық сақтандыруды қадағалау қауымдастығының сақтандыруды қадағалаудың негізгі қағидаттарын басшылыққа ала отырып, сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларын реттеу мен қадағалау және оның ішінде:

1) "сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысы" ұғымы және сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысының заңды мәртебесіне;

2) сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, оның ішінде:

сақтандыру, қоса сақтандыру, қайта сақтандыру, өзара сақтандыру бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті сақтандыру резервтеріне;

сақтандыру резервтерін өтеу үшін қабылданатын активтердің құрамы мен құрылымына;

жарғылық және меншікті капиталды қалыптастырудың ең төменгі деңгейі мен тәртібіне;

сақтандыру портфелін өткізудің талаптары мен тәртібіне қатысты;

3) Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының негізінде бухгалтерлік (қаржылық) есептілікке қойылатын талаптарға;

4) сақтандыру қызметін құру және лицензиялау тәртібі мен талаптарына;

5) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының қызметін қадағалауды жүзеге асыру тәртібіне;

6) сақтандыру нарығының қатысушыларына және (немесе) кәсіби қатысушыларына қаржы нарығындағы бұзушылықтары үшін санкцияларды қолдану талаптарына, тәртібіне және мөлшеріне;

7) сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының басшы қызметкерлерінің кәсіптік біліктілігіне және іскерлік беделіне қатысты қойылатын талаптарға;

8) сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия беруден бас тартудың негіздеріне;

9) сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысын таратудың, оның ішінде мәжбүрлеп таратудың (банкроттық) тәртібіне, рәсіміне және талаптарына;

10) сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысынан сақтандыру қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияны кері қайтарып алу үшін негіздерге, сондай-ақ мұндай лицензияның қолданылуын жоюға, шектеуге немесе тоқтата тұруға;

11) сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысын біріктіру, қосу және қайта құру нысанында қайта ұйымдастырудың тәртібіне және ерекшеліктеріне;

12) сақтандыру топтарының және сақтандыру холдингтерінің құрамына және олардың қаржылық сенімділігіне қойылатын талаптарға қатысты талаптарды үйлестіреді.

24. Мүше мемлекеттер бағалы қағаздар нарығындағы қызметтердің секторында:

бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік қызметтің;

бағалы қағаздар нарығындағы дилерлік қызметтің;

бағалы қағаздарды, қаржы құралдарын басқару, зейнетақы қорларының активтері мен инвестициялық портфельін және ұжымдық инвестицияларды басқару жөніндегі қызметтің;

өзара міндеттемелерді (клиринг) айқындау бойынша қызметтің;

депозитарлық қызметтің;

бағалы қағаздар иелерінің тізілімін жүргізу жөніндегі қызметтің;

бағалы қағаздар нарығында сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметтің түрлері бойынша талаптарды үйлестіреді.

25. Мүше мемлекеттер өздерінің іс-әрекетінде үздік халықаралық практиканы және Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының қағидаттарын басшылыққа ала отырып, бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау бойынша, оның ішінде:

1) жарғылық капиталды қалыптастырудың және төлеудің тәртібін, сондай-ақ меншікті капиталдың жеткіліктілігіне талаптарды айқындауға;

2) осындай лицензияны алу үшін қажетті құжаттарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензияны берудің тәртібіне және талаптарына;

3) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының басшы қызметкерлерінің кәсіптік біліктілігіне және іскерлік беделіне қойылатын талаптарға;

4) бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруден бас тарту үшін негіздерге, сондай-ақ осындай лицензияның қолданылуын жоюға, шектеуге немесе тоқтата тұруға;

5) Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының негізінде бухгалтерлік (қаржылық) есептіліктің талаптарына, сондай-ақ ішкі есепті және ішкі бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарға;

6) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысын таратудың немесе қайта ұйымдастырудың (оның ішінде мәжбүрлеп таратудың) рәсімдеріне, тәртібіне және талаптарына;

7) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысынан бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны кері қайтарып алудың негіздеріне;



8) бағалы қағаздар нарығының қатысушыларына және кәсіби қатысушыларына қаржы нарығында санкцияларды қолданудың мөлшеріне, тәртібіне және талаптарына;

9) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің (қатысушыларының) қызметіне қадағалауды жүзеге асыру тәртібіне;

10) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметіне қойылатын талаптарға;

11) эмитенттің бағалы қағаздары эмиссиясы (шығарылу) рәсіміне қойылатын талаптарға;

12) мүше мемлекеттердің бағалы қағаздарының нарығында шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарын орналастыруға және олардың айналысына қойылатын талаптарға;

13) жарияланатын ақпараттың көлеміне және сондай-ақ сапасына және мерзімділігіне қойылатын талаптарға;

14) мүше мемлекеттер эмитенттерінің бағалы қағаздарын Одақтың барлық аумағында орналастыру және айналысы мүмкіндігін эмитентті тіркеу мемлекетінің реттеу органының бағалы қағаздары эмиссиясын (шығарылуын) тіркеу шартымен қамтамасыз етуге;

15) эмитенттердің ақпаратты ашу саласындағы талаптары, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға және бағалы қағаздар нарығындағы айла-шарғыға қарсы іс-әрекеттерге қатысты талаптарды үйлестіреді.

26. Мүше мемлекеттер Халықаралық аудит стандарттары негізінде аудит жүргізуге үйлесімді талаптарды әзірлеуді жүзеге асырады.

27. Мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің өз қаржы нарықтарындағы, оның ішінде банк секторындағы, сақтандыру секторындағы қызметті және бағалы қағаздар нарығы секторындағы қызмет көрсету секторын реттеу, бақылау және қадағалау саласындағы уәкілетті органдардың өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлейді.

Мүше мемлекеттер Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес ақпаратпен, оның ішінде құпия ақпаратпен алмасады.

28. Әрбір мүше мемлекет осы Хаттамада қамтылатын мәселелерді қозғайтын немесе қозғауы мүмкін осы мүше мемлекеттің заңнамасы ресми көзде, ал мүмкіндігіне қарай арнайы бөлінген интернет-сайтта құқықтары және (немесе) міндеттемелері мүше мемлекеттің осындай заңнамасымен қозғалуы мүмкін кез келген тұлға олармен танысуға мүмкіндік алатындай түрде жариялануын қамтамасыз етеді.

Осындай заңнаманы жариялау осындай заңнаманы қабылдау мақсаттарының түсініктемесін қамтуға тиіс және құқықтық айқындылықты және құқықтары және (немесе) міндеттемелері мүше мемлекеттің мүше мемлекеттің заңнамасымен қозғалуы мүмкін тұлғалардың негізделген үміттерін қамтамасыз ететін мерзімде, бірақ кез келген жағдайда олар күшіне енген күнге дейін жариялануға тиіс.

29. Әрбір мүше мемлекет кез келген тұлғаның осы Хаттамада қамтылатын мәселелер бойынша қолданыстағы және (немесе) жоспарланатын заңнамалық актілерге

қатысты жазбаша сұрауларына жауап беруді қамтамасыз ететін тетік құрады. Сұрауларға жауаптар осындай мүдделі тұлғаға жазбаша сұрау алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей ұсынылуы тиіс.

30. Мүше мемлекеттер қаржы нарықтардағы жүйелі тәуекелдердің алдын алу мақсатында айқындылық, есеп берушілік және жауапкершілік қағидаттарына сәйкес рейтинг агенттіктерінің қызметін жүзеге асыруға қойылатын талаптарға қатысты өз заңнамаларын үйлестіруді жүзеге асырады.

31. Мүше мемлекет қаржылық көрсетілетін қызметтерді беруге қатысты шараларды олардың қолдануын айқындаған кезде басқа кез келген мүше мемлекеттің пруденциалдық шараларын тануы мүмкін. Мүше мемлекеттердің заңнамасының үйлесімділігі арқылы немесе басқалай түрде қол жетуі мүмкін осындай тану мүдделі мүше мемлекетпен келісімге немесе уағдаластыққа негізделуі мүмкін немесе біржақты тәртіппен ұсынылуы мүмкін.

32. Басқа мүше мемлекеттің болашақтағы және қолданыстағы пруденциалдық шараларын тану туралы келісімнің немесе уағдаластықтың қатысушысы болып табылатын мүше мемлекет басқа мүше мемлекеттерге оларды осындай келісімдер мен уағдаластықтар қатысушылары арасында ақпарат алмасуға байланысты рәсімдерді, және осындай қағидаларды жүзеге асыру қағидалары, бақылау, механизм болуы мүмкін осындай келісімдерге немесе уағдаластықтарға қосу туралы келіссөздер жүргізу мүмкіндігін береді.

33. Мүше мемлекеттердің қаржы нарықтарындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын нақты талаптарды үйлестіру сақталып отырған айырма Одақтың ортақ қаржы нарығының шеңберінде тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтірмеу талабымен жүзеге асырылуы тиіс.

34. Осы Хаттамадағы ештеңе мүше мемлекетке мұндай шаралардың қызметтер саудасына, құруға және (немесе) қызметке қатысты мүше мемлекеттердің тұлғалары арасында өз бетінше немесе негізсіз кемсіту құралдарын жасайтын тәсілмен қабылданбауы шартымен төменде санамаланған шараларды, атап айтқанда:

1) қоғамдық моральды қорғау немесе қоғамдық тәртіпті қолдау үшін қажетті. Қоғамдық тәртіп ұғымдары бойынша ерекшелік қоғамның байырғы мүдделерінің біріне қатысты шынайы және мейлінше ауыр қауіп орын алған жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін;

2) адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін қажетті;

3) мыналарға:

жаңылыстыруға әкеп соғатын және жосықсыз практиканың немесе азаматтық-құқықтық шарттарды сақтамау салдарының алдын алуға;

жеке сипаттағы мәліметтерді өңдеу мен тарату және жеке өмір мен шоттар туралы мәліметтердің құпиялылығын қорғау кезінде жекелеген тұлғалардың жеке өміріне

араласудан қорғауға қатысы барларын қоса алғанда, осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес келетін заңдарды немесе қағидаларды сақтау үшін қажетті;

4) іс жүзінде ұсынылатын режимдегі өзгешелік әділ немесе тиімді салық салуды немесе басқа мүше мемлекеттің тұлғаларынан қызметтер саудасына қатысты салықтарды өндіріп алуды қамтамасыз етуге деген ұмтылыстан туындауы шартымен ұлттық режимді ұсыну бөлігінде осы Хаттаманың 4 және 6 тармақтарымен сыйыспайтын;

5) режимге қатысты өзгешелік салық салу мәселелері жөніндегі келісімнің, оның ішінде тиісті мүше мемлекет қатысушысы болып табылатын қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімнің нәтижесі болуы шартымен осы Хаттаманың 4 және 7-тармақтарымен сыйыспайтын шараларды қабылдауға немесе қолдануға кедергі келтірмейді.

35. Осы Хаттамадағы ештеңе кез келген мүше мемлекетке өзінің ел қорғанысы немесе оның ұлт қауіпсіздігі саласындағы маңызды мүдделерін қорғау үшін қажетті деп санайтын кез келген шараларды қабылдауына кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

36. Мүше мемлекеттер осы Хаттамаға № 1 және 2-қосымшаларда олардың жеке ұлттық тізбелерінде көрсетілген алып тастаулар мен шектеулерді кезең-кезеңімен қысқартуды қамтамасыз етеді.

37. Мүше мемлекеттер осы Хаттамаға № 1 және 2-қосымшаларда олардың жеке ұлттық тізбелеріндегі мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру талаптарын мүше мемлекеттер орындаған қаржылық көрсетілетін қызметтерінің секторларына және лицензияларды өзара тануға қатысты шараларды қолдануды тоқтатады.

Қаржылық қызметтер  
жөніндегі хаттамаға  
№ 1 қосымша

**Мүше мемлекеттер Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 17 қосымша) 4-тармағына сәйкес ұлттық режим ұсынатын және көрсетілген Хаттаманың 10-тармағына сәйкес міндеттемелер қабылдайтын қаржы қызметтерінің кіші секторларының ТІЗБЕСІ**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР 24.12.2014 № 265-V; 02.08.2015 № 346-V Заңдарымен.**

Сектор (кіші сектор)	Шектеудің болуы	Шектеудің сипаттамасы	Шектеуді қолдану үшін негіз (нормативтік құқықтық акт)	Шектеудің қолданылу мерзімі
<b>I. БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ</b>				
1. Мыналарға:	шектеулер жоқ	-	-	-
халықаралық теңіз тасымалдарына				

халықаралық коммерциялық әуе тасымалдарына				
халықаралық коммерциялық ғарыштық ұшыруға				
мыналарды:				
жеке тұлғаларды халықаралық тасымалдауды				
туындайтын жауапкершілікті қоса алғанда, экспорттық/ импорттық жүктерді және оларды өткізетін көлік құралдарын халықаралық тасымалдауды				
тауарларды халықаралық көлікпен тасымалдауды				
шарттар мен сақтандыру сертификаттарының халықаралық жүйесі - "Жасыл картаға" қосылғаннан кейін ғана жеке көлік құралдарын траншекаралық өткізу кезіндегі жауапкершілікті				
толық немесе ішінара жабатын сақтандыруға байланысты тәуекелдерді сақтандыру				
2. Қайта сақтандыру және ретроцессия	шектеулер жоқ	-	-	-
		Беларусь Республикасының аумағында шетелдік сақтандырушылард ың атынан сақтандыру келісімшарттарын жасасуға және		

3. Сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінің қызметтері	шектеу	бөлуге байланысты сақтандыру делдалдығына рұқсат етілмейді ( осы тізбенің қаржылық қызметтер бөлімінің 1-тармағында көрсетілген секторларды қоспағанда, сондай-ақ сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыруын қоспағанда )	Беларусь Республикасы Президентінің " Сақтандыру қызметі туралы" 2006 жылғы 25 тамыздағы № 530 Жарлығы	
4. Консультациялық және актуарийлік қызметтерді, тәуекелді бағалау мен наразылықтарды реттеу жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, сақтандырудың қосалқы қызметтері	шектеулер жоқ	-	-	-
<b>II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ</b>				
1. Мыналарға: халықаралық теңіз тасымалдарына халықаралық коммерциялық әуе тасымалдарына халықаралық коммерциялық ғарыштық ұшыруға; мыналарды: жеке тұлғаларды халықаралық тасымалдауды туындайтын жауапкершілікті қоса алғанда, экспорттық ( импорттық) жүктерді және оларды өткізетін		мына жағдайды қоспағанда, шектеу жоқ: заңды тұлғаның немесе оның оқшауланған бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүліктік мүдделерін және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлғаның мүліктік мүдделерін сақтандыруды тек Қазақстан Республикасының резиденті - сақтандыру ұйымы		

көлік құралдарын халықаралық тасымалдауды	шектеу	ғана жүзеге асыра алады.	"Сақтандыру қызметі туралы"	анықталмаған
тауарларды халықаралық көлікпен тасымалдауды		Жеке және заңды тұлғалардан - Қазақстан Республикасының резиденттерінен - Қазақстан Республикасының резиденті	2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы	
шарттар мен сақтандыру сертификаттарының халықаралық жүйесі - "Жасыл картаға" қосылғаннан кейін ғана жеке көлік құралдарын трансшекаралық өткізу кезіндегі жауапкершілікті		еместердің пайдасына сақтандыру сыйақыларын (жарналарын) төлеуге байланысты төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға тыйым салынады.		
толық немесе ішінара жабатын сақтандыруға байланысты тәуекелдерді сақтандыру		Міндетті сақтандыру шарттары Қазақстан Республикасының резиденттері сақтандырушылардың өз қолында болуға тиіс.		
2. Қайта сақтандыру және ретроцессия	шектеу	Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру ұйымдарына қайта сақтанушы (цедент) олардан алуына есептелген комиссиялық сыйақыны шегергенде, қайта сақтандырудың қолданыстағы шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйақыларының жиынтық мөлшері қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша алуына есептелген сақтандыру сыйақыларының жиынтық	"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы	анықталмаған

		<p>мөлшерінің 60%-нан (ДСҰ-ға кірген сәтінен бастап 85%-ынан) аспайды. Міндетті сақтандыру шарттары сақтандырушылардың өз қолында болуға тиіс не қайта сақтандыруға Қазақстан Республикасының резиденттеріне - қ а й т а сақтандырушыларға беріледі.</p>	<p>Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 Қаулысы</p>	
<p>3. Сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінің қызметтері</p>	<p>шектеу</p>	<p>мына жағдайларды қоспағанда шектеулер жоқ: егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру ұйымының атынан сақтандыру шартын жасасу жөніндегі делдалдық қызметке жол берілмейді</p>	<p>"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II Қазақстан Республикасының Заңы</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>4. Консультациялық, актуарийлік қызметтерді, тәуекелді бағалау мен</p>				

наразылықтарды реттеу жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, сақтандырудың қосалқы қызметтері	шектеулер жоқ	-	-	-
<b>III. РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ</b>				
1. Мыналарға:	шектеулер жоқ	-	-	-
халықаралық теңіз тасымалдарына				
халықаралық коммерциялық әуе тасымалдарына				
халықаралық коммерциялық ғарыштық ұшыруға				
мыналарды:				
жеке тұлғаларды халықаралық тасымалдауды				
туындайтын жауапкершілікті қоса алғанда, экспорттық/ импорттық жүктерді және оларды өткізетін көлік құралдарын халықаралық тасымалдауды				
тауарларды халықаралық көлікпен тасымалдауды				
шарттар мен сақтандыру сертификаттарының халықаралық жүйесі - "Жасыл картаға" қосылғаннан кейін ғана жеке көлік құралдарын трансшекаралық өткізу кезіндегі жауапкершілікті толық немесе ішінара жабатын сақтандыруға байланысты тәуекелдерді сақтандыру				



2. Қайта сақтандыру және ретроцессия	шектеулер жоқ	-	-	-
3. Сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінің қызметтері	шектеу	Р е с е й Федерациясының аумағында шетелдік сақтандырушылардың атынан сақтандыру келісімшарттарын жасасуға және бөлуге байланысты сақтандыру делдалдығына рұқсат етілмейді (осы қосымшаның 1-тармағында көрсетілген секторларды қоспағанда)	" Р е с е й Федерациясындағы сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы" 1992 жылғы 27 қарашадағы № 4015 -І Р е с е й Федерациясының Заңы	-
4. Консультациялық және актуарийлік қызметтерді, тәуекелді бағалау мен наразылықтарды реттеу жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, сақтандырудың қосалқы қызметтері	шектеулер жоқ	-	-	-

#### IV. АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

1. Мыналарға: халықаралық теңіз тасымалдарына халықаралық коммерциялық әуе тасымалдарына халықаралық коммерциялық ғарыштық ұшыруларға мыналарды: жеке тұлғаларды халықаралық тасымалдауды туындайтын жауапкершілікті қоса алғанда, экспорттық ( импорттық) жүктерді және				
--	--	--	--	--

<p>оларды тасымалдайтын көлік құралдарын, тауарларды халықаралық көлікпен тасымалдауды шарттармен, сақтандыру сертификаттардың халықаралық жүйесі "Жасыл карта"-ға қосылғаннан кейін ғана жеке көлік құралдарын трансшекаралық өткізу кезіндегі жауапкершілікті толық немесе ішінара жабатын халықаралық сақтандыруға байланысты тәуекелдерді сақтандыру.</p>	<p>шектеулер жоқ</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>
<p>2. Қайта сақтандыру және ретроцессия</p>	<p>шектеулер жоқ</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>
<p>3. Сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінің қызметтері</p>	<p>шектеу</p>	<p>Армения Республикасының аумағында шетелдік сақтандырушылардың атынан сақтандыру келісімшарттарын жасасуға және бөлуге байланысты сақтандыру делдалдығына рұқсат етілмейді (осы тізбенің 1-тармағында санамалап көрсетілген делдалдығына рұқсат етілмейді (осы тізбенің 1-тармағында санамаланған секторларды қоспағанда, сондай-ақ сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру</p>	<p>"Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы" 2007 жылғы 9 сәуірдегі № РЗ-177-Н Армения</p>	<p>анықталмаған</p>

		бойынша делдалдык кызметті жүзеге асыруын қоспағанда )	Республикасының Заңы (89 және 91-баптар)	
4. Консультациялық және актуарийлік қызметтерді, тәуекелді бағалау мен наразылықтарды реттеу жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, сақтандырудың қосалқы қызметтері	шектеулер жоқ	-	-	-";

## V. ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ

1. Мыналарға: халықаралық теңіз тасымалдарына халықаралық коммерциялық ғарыштық ұшыруға мыналарды: жеке тұлғаларды халықаралық тасымалдауды осыдан туындайтын жауапкершілікті қоса алғанда, экспорттық ( импорттық) жүктерді және оларды тасымалдайтын көлік құралдарын халықаралық тасымалдауды тауарларды халықаралық көлікпен тасымалдауды шарттар мен сақтандыру сертификаттарының халықаралық жүйесі "Жасыл картаға" қосылғаннан кейін ғана жеке көлік құралдарын трансшекаралық өткізу кезіндегі	шектеулер жоқ			
--	---------------	--	--	--

жауапкершілікті толық немесе ішінара жабатын халықаралық сақтандыруға байланысты тәуекелдерді сақтандыру				
2. Қайта сақтандыру және ретроцессия	шектеулер жоқ			
3. Сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінің көрсетілетін қызметтері	шектеу	Қыргыз Республикасының аумағында шетелдік сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты сақтандыру жөніндегі делдалдық қызметке (осы тізбенің 1-тармағында санамаланған секторларды қоспағанда) жол берілмейді	"Қыргыз Республикасында сақтандыруды ұйымдастыру туралы" 1998 жылғы 23 шілдедегі № 96 Қыргыз Республикасының Заңы	анықталмаған
4. Консультациялық және актуарийлік көрсетілетін қызметтерді, тәуекелді бағалау мен наразылықтарды реттеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, сақтандырудың қосалқы қызметтері	шектеулер жоқ";			

Қаржылық қызметтер  
жөніндегі хаттамаға  
№ 2 қосымша

**Құруға және (немесе) қызметке қатысты мүше мемлекеттер  
сақтайтын шектеулер  
ТІЗБЕСІ**

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР 24.12.2014 № 265-V; 02.08.2015 № 346-V; 30.01.2024 № 56-VIII Заңдарымен.

--	--	--	--

Шектеудің болуы	Шектеудің сипаты	Шектеулерді қолдануға арналған негіз (нормативтік құқықтық акт)	Шектеулердің қолданылу мерзімі
<b>I. БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ</b>			
	егер Беларусь Республикасының сақтандыру ұйымдарының жарғылық қорларындағы шетелдік инвесторлардың квотасы 30%-дан асып кеткен жағдайда, Беларусь Республикасының Қаржы министрлігі шетелдік инвестициялары бар сақтандыру ұйымдарын тіркеуді және (немесе) осындай ұйымдарға сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беруді тоқтатады	Беларусь Республикасы Президентінің "Сақтандыру қызметі туралы" 2006 жылғы 25 тамыздағы № 530 Жарлығы, "Беларусь Республикасының сақтандыру ұйымдарының жарғылық қорларында шетелдік инвесторлардың квотасын белгілеу туралы" Беларусь Республикасының Министрлер кеңесінің 2006 жылғы 11 қыркүйектегі № 1174 қаулысы	анықталмаған
1. Қаржылық көрсетілетін қызметтер жөніндегі хаттаманың 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу (Еуразиялық	сақтандыру ұйымы өзінің жарғылық қорының мөлшерін шетелдік инвесторлардың және (немесе) осы шетелдік инвесторларға қатысты еншілес (тәуелді) шаруашылық қоғамдары болып табылатын сақтандыру ұйымдарының қаражаты есебінен ұлғайтуға; сақтандыру ұйымының жарғылық қорының 5%-ын және одан көбін құрайтын оның жарғылық қорындағы үлестерді (акцияларды) иелікке беруге, өзінің жарғылық қорындағы үлестерді (акцияларды) шетелдік инвесторлардың және (немесе) осы шетелдік инвесторларға қатысты еншілес (тәуелді) шаруашылық қоғамдары болып табылатын сақтандыру ұйымдарының пайдасына	Беларусь Республикасы Президентінің "Сақтандыру қызметі туралы" 2006 жылғы 25	

<p>экономикалық одақ туралы шартқа № 17 қосымша (бұдан әрі - № 17 қосымша)</p>	<p>иелікке беруге Беларусь Республикасы Қаржы министрлігінің алдын ала рұқсатын алуға міндетті.</p>	<p>тамыздағы № 530 Жарлығы</p>	
	<p>Алдын-ала рұқсат беруден мына жағдайда:</p>		
	<p>көрсетілген іс-қимылдарды жасау кезінде Беларусь Республикасы сақтандыру ұйымдарының жарғылық қорларындағы шетелдік капиталдың қатысу квотасы асып кеткенде бас тартылады.</p>		
	<p>сақтандырушы, сақтандырушының қатысушысы жарғылық капиталдағы оған тиесілі үлестерді (акцияларды) иелікке беруді жүзеге асыруға ниетті заңды тұлға 3 жылдан аз уақыт қызметін жүзеге асырады және соңғы 3 жылда өзінің қызметін жүзеге асыру қорытындылары бойынша пайда көрмейді</p>		
	<p>Б е л а р у с ь Республикасының ұлттық</p>		

	<p>қауіпсіздігін (оның ішінде экономикалық салада), ұлттық сақтандыру ұйымдарының мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігі бар</p>		
	<p>шетелдік инвесторларға (негізгі ұйымдарға) қатысты еншілес қоғамдар болып табылатын не өзінің жарғылық капиталында 49%-дан астам шетелдік инвесторлар үлесі бар сақтандыру ұйымдары Беларусь Республикасының аумағында окшауланған бөлімшелерді құра алады, сондай-ақ Беларусь Республикасы Қаржы министрлігінің оған алдын ала рұқсатын алғаннан кейін басқа сақтандыру ұйымдардың құрылтайшылары (қатысушылары) бола алады. Беларусь Республикасы сақтандыру ұйымдарының жарғылық капиталындағы шетелдік капиталдың қатысу квотасы асып кеткен жағдайда, алдын ала рұқсат беруден бас тартылады</p>	<p>Беларусь Республикасы Президентінің "Сақтандыру қызметі туралы" 2006 жылғы 25 тамыздағы № 530 Жарлығы</p>	
	<p>шетелдік инвесторларға қатысты еншілес немесе тәуелді шаруашылық қоғамдары болып табылатын сақтандыру ұйымдары Беларусь Республикасының аумағында өмірді сақтандырумен, міндетті сақтандырумен, оның ішінде мемлекеттік қажеттіліктер үшін жеткізумен, қызмет көрсетумен немесе мердігерлік жұмыстарды</p>		

	<p>орындаумен байланысты міндетті мемлекеттік сақтандырумен, мүліктік сақтандырумен, сондай-ақ Беларусь Республикасының мүліктік мүдделері мен оның әкімшілік-аумақтық бірліктерін сақтандырумен айналыса алмайды.</p> <p>Шетелдік инвесторлардың сақтандыру ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің жарғылық қорларындағы үлестерді (акцияларын) төлеуі тек ақша қаражатымен жүргізіледі</p>	<p>Беларусь Республикасы Президентінің "Сақтандыру қызметі туралы" 2006 жылғы 25 тамыздағы № 530 Жарлығы</p>	
<p>2. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>беларусьтік тұлғалар ғана сақтандыру агенттері, сақтандыру брокерлері бола алады.</p>	<p>Беларусь Республикасы Президентінің "Сақтандыру қызметі туралы" 2006 жылғы 25 тамыздағы № 530 Жарлығы</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>3. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>Беларусь Республикасының банк жүйесінде шетелдік капиталдың қатысуы 50%-бен шектелген Шетелдік инвестициялары бар кредиттік ұйымдарды құру Беларусь Республикасы Ұлттық банкінің алдын ала рұқсатын алуды талап етеді. Беларусь Республикасы Ұлттық банкі Беларусь Республикасының банк жүйесінде шетелдік капиталға қатысудың белгіленген мөлшеріне (квотаға) жеткен кезде шетелдік инвестициялары бар банктерді тіркеуді тоқтатады.</p> <p>Беларусь Республикасы Ұлттық банкінің осы шектеуді сақтау үшін кез</p>	<p>2000 жылғы 25 қазандағы № 441-3 Беларусь Республикасының Банктік кодексі, Беларусь Республикасының банктік жүйесінде шетелдік капиталдың қатысу мөлшері (квотасы) туралы" Беларусь Республикасының Ұлттық банкі басқармасының 2008</p>	



	<p>келген шараларды қабылдауға құқығы бар. Рұқсат беру туралы мәселені қарау кезінде Беларусь Республикасының банк жүйесінде шетелдік капиталдың қатысу квотасын пайдалану деңгейі, сондай-ақ резидент емес құрылтайшылардың қаржылық жағдайы мен іскерлік беделі ескеріледі.</p>	<p>жылғы 1 қыркүйектегі № 129 қаулысы</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>4. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>Беларусь Республикасында қаржылық көрсетілетін қызметтері саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия Беларусь Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған Беларусь Республикасының заңды тұлғаларына беріледі.</p>	<p>2000 жылғы 25 қазандағы № 441-3 Беларусь Республикасының Банктік кодексі</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>5. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>сақтандыру ұйымы басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің функцияларын Беларусь Республикасының азаматтары ғана, сондай-ақ Беларусь Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар ғана және еңбек шарттары негізінде ғана орындай алады</p>	<p>Беларусь Республикасы Президентінің "Сақтандыру қызметі туралы" 2006 жылғы 25 тамыздағы № 530 Жарлығы</p>	<p>анықталмаған</p>
	<p>жүзеге асыруға лицензия талап етілетін қызметті тек Беларусь Республикасының заңды тұлғалары, Беларусь Республикасында белгіленген тәртіппен тіркелген жеке</p>	<p>Беларусь Республикасы Президентінің "Жекелеген қызмет</p>	

6. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	кәсіпкерлер жүзеге асыра алады. Лицензиялауға жататын қызметтің түрлері Белорусь Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.	түрлерін лицензиялау туралы ереже" 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № 450 Жарлығы	анықталмаған
--	---	--	--------------

## II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

1. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	сауда-саттықты ұйымдастырушының капиталындағы уәкілетті органның үлесі сауда-саттықты ұйымдастырушының дауыс беретін акцияларының жалпы санының 50%-нан астамын құрайды	"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
2. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	жүзеге асыруға лицензия талап етілетін қызметті Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары немесе жеке кәсіпкерлері ғана жүзеге асыруы мүмкін. Қазақстан Республикасында лицензиялауға жататын қызмет түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады	"Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
3. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	банктер акционерлік қоғамдар нысанында құрылады	"Банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
4. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	Қазақстан Республикасында резидент емес банктердің филиалдарын ашуға тыйым салынады	"Банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
5. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлік қоғам нысанында құрылуы тиіс	"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
	Қазақстан Республикасында резидент емес сақтандыру	"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18	анықталмаған

6. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	ұйымдарының филиалдарын ашуға тыйым салынады	желтоқсандағы № 126-II Қазақстан Республикасының Заңы	
7. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	сақтандыру брокерінің ұйымдық-құқықтық нысаны жауапкершілігі шектеулі серіктестік не акционерлік қоғам болып табылады	"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
8. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғам нысанында құрылады	"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
9. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	Қазақстан Республикасының резиденті емес жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін Қазақстан Республикасында ашуға тыйым салынады	"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
10. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	орталық депозитарий Қазақстан Республикасының аумағында депозитарлық қызметті жүзеге асыратын бірден бір ұйым болып табылады. Орталық депозитарий акционерлік қоғам нысанында құрылады	"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
11. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы - акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған (трансфер-агентті қоспағанда) заңды тұлға	"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
12. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	қор биржасы - акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға	"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
	өзі орналасқан елдің шоғырландырылған қадағалауына жататын		

<p>13. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы ғана банктің орналастырылған акцияларының (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) 25%-ы немесе одан көп пайызын тікелей иеленетін немесе банктің дауыс беретін акцияларының 25%-ы немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес - банк холдингі бола алады</p>	<p>"Банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Қазақстан Республикасының Заңы</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>14. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының аумағында міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады</p>	<p>"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105 Қазақстан Республикасының Заңы</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>15. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>бірыңғай тіркеуші Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады</p>	<p>"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы</p>	<p>анықталмаған</p>
	<p>өзінің орналасқан елінде шоғырландырылған қадағалауға жататын Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы ғана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (</p>		

<p>16. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының 25%-ы немесе одан көп пайызын тікелей иеленетін немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының 25%-ы немесе одан көп пайызымен тікелей дауыс беру мүмкіндігі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингі болып табылуы мүмкін</p>	<p>"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II Қазақстан Республикасының Заңы</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>17. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>қор міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз ұйым болып табылады</p>	<p>"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы № 423-II Қазақстан Республикасының Заңы</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>18. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын коммерциялық емес ұйым болып табылады. Уәкілетті орган депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшысы (ұйымның жалғыз акционері) болып табылады</p>	<p>"Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі № 169 Қазақстан Республикасының Заңы</p>	<p>анықталмаған</p>
	<p>акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, мемлекет қатысатын</p>	<p>"Қазақстан Республикасындағы</p>	

19. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	кредиттік бюро бір ғана мамандандырылған коммерциялық емес ұйым болып табылады, оған берушілер кредиттік тарихты қалыптастыру үшін міндетті түрде қажетті ақпаратты ұсынады	кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі № 573-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған
20. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	сақтандыру шарттары бойынша деректер қорларын қалыптастыру және жүргізуді мемлекеттік қатысу үлесімен акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым жүзеге асырады	"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы	анықталмаған

### III. РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

	шетелдік инвесторларға (негізгі ұйымдарға) қатысты еншілес қоғамдар болып табылатын не өзінің жарғылық капиталында 49%-дан астам шетелдік инвесторлардың үлесі бар сақтандыру ұйымдары Ресей Федерациясында атқарушы биліктің федеральды органдарына (сақтанушыларға) тиісті бюджеттен осы мақсатқа бөлінетін қаражат есебінен азаматтардың өмірін, денсаулығын және мүлкін сақтандыруды, мемлекеттік және муниципальдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асырумен байланысты сақтандыруды, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың және муниципальдық ұйымдардың мүлктік	"Ресей Федерациясында сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы"	анықталмаған
--	--	---	--------------

<p>№ 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>мүдделерін сақтандыруды жүзеге асыра алмайды. Шетелдік инвесторларға (негізгі ұйымдарға) қатысты еншілес қоғамдар болып табылатын не өзінің жарғылық капиталында 51%-дан астам шетелдік инвесторлардың үлесі бар сақтандыру ұйымдары, сондай-ақ Ресей Федерациясында азаматтардың белгілі бір жасқа дейін немесе мерзімге дейін өмір сүруіне не азаматтардың өмірінде белгілі бір оқиғалардың басталуына, сондай-ақ өліміне байланысты сақтандыруды және көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыра алмайды.</p>	<p>1992 жылғы 27 қарашадағы № 4015-І Федералдық заң</p>
	<p>Шетелдік инвесторға (негізгі ұйымға) қатысты еншілес қоғам болып табылатын не өзінің жарғылық капиталында 49%-дан астам шетелдік инвесторлардың үлесі бар сақтандыру ұйымы Ресей Федерациясында егер шетелдік инвестор (негізгі ұйым) тиісті мемлекеттің заңнамасына сәйкес кемінде 5 жыл сақтандыру ұйымы ретінде өз қызметін жүзеге асырса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар. Ресей Федерациясының заңнамасында сақтандыру ұйымдарының жарғылық капиталдарына 50%-ға тең шетелдік капиталдың қатысу шекті мөлшері (квотасы) белгіленген.</p>	

Сақтандыру ұйымдарының шетелдік капиталының қатысу мөлшері (квотасы) туралы, осы тармақтың бесінші және жетінші абзацтарында көзделген шетелдік инвестицияларға шектеулерді енгізу немесе шектеу туралы ақпарат Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген тәртіпте жариялануға жатады.

Егер сақтандыру ұйымдарының жарғылық капиталындағы шетелдік капиталдың қатысу мөлшері (квотасы) 50%-дан асқан жағдайда, сақтандыруды қадағалау органы шетелдік инвесторларға (негізгі ұйымдарға) қатысы бойынша еншілес қоғамдар болып табылатын не өзінің жарғылық капиталында 49%-дан астам шетелдік инвесторлардың үлесі бар сақтандыру ұйымдарына сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия беруді тоқтатады.

Сақтандыру ұйымы сақтандыруды қадағалау органының шетелдік инвесторлардың және (немесе) олардың еншілес қоғамдарының қаражаты есебінен өзінің жарғылық капиталының мөлшерін ұлғайтуға, өз акцияларын (жарғылық капиталдағы үлестерін) шетелдік инвестордың пайдасына иеліктен шығаруға (оның ішінде шетелдік инвесторларға сатуға), ал Ресей акционерлері (қатысушылары)



сақтандыру ұйымының өздеріне тиесілі акцияларын (жарғылық капиталдағы үлестерін) шетелдік инвестордың және (немесе) олардың еншілес қоғамдарының пайдасына иеліктен шығаруға алдын ала рұқсат алуға міндетті. Егер сақтандыру ұйымдарының жарғылық капиталындағы шетелдік капиталдың қатысуы белгіленген мөлшерден (квотадан) асатын болса, сақтандыруды қадағалау органы шетелдік инвесторларға (негізгі ұйымдарға) қатысы бойынша еншілес қоғамдар болып табылатын немесе өзінің жарғылық капиталдарында шетелдік инвесторлардың 49%-нан астам үлесі бар не көрсетілген мәмілелер нәтижесінде осындай болып табылатын сақтандыру ұйымдарына алдын ала рұқсат беруден бас тартады.

Шетелдік инвесторлардың сақтандыру ұйымдарындағы (жарғылық қорларындағы үлестерді) төлеуі тек Ресей Федерациясының валютасындағы ақша қаражатымен жүргізіледі. Осы Келісімнің ережелеріне қарамастан Ресей ДСҰ-ға қосылғанға дейін сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алған сақтандыру ұйымдары осы қызметті лицензия берілген шарттарға сәйкес жүзеге асыруды жалғастыра алады

2017 жылғы 22 тамызға дейін

<p>2. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>Ресей Федерациясының азаматтары ғана сақтандыру агенттері, сақтандыру брокерлері бола алады (бұл шектеу дара кәсіпкерлер ретінде тіркелмеген сақтандыру агенттеріне - жеке тұлғаларға қолданылмайды)</p>	<p>"Ресей Федерациясында сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы" 1992 жылғы 27 қарашадағы № 4015-І Федералдық заң</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>3. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>Ресей Федерациясының банк жүйесінде шетелдік капиталдың қатысуы 50% -бен шектелген. Ресей Федерациясының банк жүйесінде шетелдік қатысу квотасын бақылау мақсаттары үшін Ұлттық банктің алдын ала рұқсаттары: еншілес және тәуелді қоғамдарды қоса алғанда, шетелдік қатысуы бар кредит ұйымдарын құруға резидент еместің (резидент еместердің) қаражаты есебінен кредит ұйымының жарғылық капиталын ұлғайтуға кредит ұйымының акцияларын (үлестерін) резидент еместердің пайдасына иелікке беруге талап етіледі</p>	<p>1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Ресей Федерациясының қосылуы туралы 2011 жылғы 16 желтоқсандағы Хаттамадан туындайтын және қызметтерге қатысты Ресей Федерациясының халықаралық міндеттемелері</p>	<p>анықталмаған</p>
	<p>Ресей Федерациясында қаржы қызметтері саласындағы қызметті</p>	<p>"Банктер және банк қызметтері туралы" 1990 жылғы 1 желтоқсандағы № 395-І Федералдық заң, "Бағалы қағаздар нарығы туралы" 1996 жылғы 22 сәуірдегі № 39-ФЗ Федералдық заң, "Ресей Федерациясындағы сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы" 1992 жылғы 27 қарашадағы 4015-І Федералдық заң, " Клиринг және клирингтік қызмет туралы" 2011 жылғы 7 ақпандағы № 7-</p>	

<p>4. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>жүзеге асыруға лицензия Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған Ресей Федерациясының заңды тұлғаларына беріледі</p>	<p>ФЗ Федералдық заң, " Ұйымдастырылған сауда-саттық туралы" 2011 жылғы 21 қарашадағы № 325-ФЗ Федералдық заң; " Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары туралы" 1998 жылғы 7 мамырдағы № 75-ФЗ Федералдық заң, " Инвестициялық қорлар туралы" 2001 жылғы 29 қарашадағы № 156-ФЗ Федералдық заң, "Ресей Федерациясындағы жекелеген заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 14 наурыздағы № 29-ФЗ Федералдық заң</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>5. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>шетелдік инвестициялары бар кредиттік ұйымдарға қатысты: Егер ресейлік кредиттік ұйымның жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлға шетелдің азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылса, осындай кредиттік ұйымның алқалы атқарушы органы кемінде 50%-ы Ресей Федерациясының азаматтарынан құрылуға тиіс. Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын қызметкерлердің саны шетелдік инвестициялары бар ресейлік кредиттік ұйымның қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 75%-ын құрауға тиіс</p>	<p>"Шетелдік инвестициялары бар кредиттік ұйымдарды тіркеу ерекшеліктері туралы ережесін қолданысқа енгізу және тіркелген кредит ұйымның жарғы капиталын резидент еместердің қаражаты есебінен ұлғайтуға Ресей Банкінің алдын ала рұқсатын алу тәртібі туралы" Ресей Орталық Банкінің 1997 жылғы 23 сәуірдегі № 02-195 бұйрығы</p>	<p>анықталмаған</p>
	<p>шетелдік кредит ұйымы өкілдігінің шетелдік персоналының саны</p>		

6. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	әдетте 2 адамнан аспауы тиіс. Егер өкілдікке аккредиттелген қызметкерлердің көп саны талап етілсе, осы қажеттілік Ресей Банкі Төрағасының атына жазбаша өтініште негізделуі керек, осының негізінде шешім қабылданады	"Ресей Федерациясында шетелдік кредиттік ұйымдардың өкілдіктерін ашу және олардың қызмет тәртібі туралы" Ресей Банкінің 1997 жылғы 7 қазандағы № 02-437 бұйрығы	анықталмаған
7. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	Ресей сақтандыру ісі субъектісінің (занды тұлғаның) басшылары (оның ішінде жеке-дара атқарушы орган) және бас бухгалтері Ресей Федерациясының аумағында тұрақты тұруы тиіс	"Ресей Федерациясында сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы" 1992 жылғы 27 қарашадағы № 4015-І Ресей Федерациясының заңы	2015 жылғы 1 қаңтарға дейін
8. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	жүзеге асыруға лицензия талап етілетін қызметті Ресей Федерациясының заңды тұлғалары немесе Ресей Федерациясында белгіленген тәртіппен тіркелген жеке кәсіпкерлер ғана жүзеге асыра алады. Лицензиялауға жататын қызмет түрлері Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес айқындалады	"Жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау туралы" 2001 жылғы 4 мамырдағы № 99-ФЗ Федералдық заң (көрсетілген Федералдық заңның 1-бабының 2-тармағында аталған қызмет түрлерін реттейтін заңнама), "Банктер және банк қызметі туралы" 1990 жылғы 1 желтоқсандағы № 395-І Федералдық заң	анықталмаған
9. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	акционер (адамдар тобымен байланысқан) бір холдингілік топқа кіретін, Ресей Федерациясы қаржы нарығының уәкілетті органы немесе инфрақұрылымдық ұйымы болып табылған жағдайларды қоспағанда, әрбір акционердің (адамдар тобымен байланысқан) сауданы ұйымдастырушылардың жа р ғы лы қ капиталындағы үлесі 10 пайыздан аспауы керек	-	анықталмаған
	Ресей Федерациясында сақтандыру тарихтарын		

10. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	жүргізуді Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес құрылған және қызметін жүзеге асыратын жалғыз ұйым жүзеге асырады	-	анықталмаған
11. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	орталық депозитарий мәртебесін алған ұйым Ресей Федерациясының аумағында орталық депозитарий функциясын жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады Орталық депозитарий акционерлік қоғам нысанында құрылады	"Орталық депозитарий туралы" 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 414-ФЗ Федералдық заң	анықталмаған

#### IV. АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

1. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу	Ар м е н и я Республикасының аумағында қаржылық көрсетілетін қызметтерді, Ар м е н и я Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелетін сақтандыру агенттерін қоспағанда, Ар м е н и я Республикасында лицензияланған және тіркелген, Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қаржы ұйымдары және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады	"Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы" 2007 жылғы 9 сәуірдегі № РЗ-177-Н Ар м е н и я Республикасының Заңы ( 8 және 87-баптар), "Бағалы қағаздар нарығы туралы" 2007 жылғы 9 сәуірдегі № РЗ-195-Н Ар м е н и я Республикасының Заңы ( 28, 103 және 175-баптар), "Инвестициялық қорлар туралы" 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № РЗ-245 -Н Ар м е н и я Республикасының Заңы ( 52-бап), "Банктер және банк қызметі туралы" 1996 жылғы 30 маусымдағы № ЗР-68 Армения Республикасының Заңы ( 12-бап)	анықталмаған
		"Банктер және банк қызметі туралы" 1996 жылғы 30 маусымдағы № ЗР-68 Армения Республикасының Заңы ( 14-бап), "Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы" 2007 жылғы 9	

<p>2. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу</p>	<p>шетелдік банк, шетелдік сақтандыру компаниясы, шетелдік инвестициялық компания және инвестициялық қорды шетелдік басқарушы Армения Республикасының аумағында Армения Республикасының Орталық банкіне филиалды лицензиялату және тіркету арқылы филиал құра алады</p>	<p>сәуірдегі № РЗ-177-Н Армения Республикасының Заңы (47-бап), "Бағалы қағаздар нарығы туралы" 2007 жылғы 11 қазандағы № РЗ-195-Н Армения Республикасының Заңы (43-бап), "Инвестициялық қорлар туралы" 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № РЗ-245-Н Армения Республикасының Заңы (54-бап), Армения Республикасы Орталық банкінің 1-ережесі (№ 145-Н, 2005 жылғы 12 сәуір) 3/01 ережесі (N-344-Н, 2007 жылғы 30 қазан), 4/01-ережесі (N-16-Н, 2008 жылғы 15 қаңтар)</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>3. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу</p>	<p>міндетті зейнетақы қорын басқаруға рұқсат Армения Республикасының аумағында құрылған, зейнетақы қорларын (оның ішінде өзге де ұқсас инвестициялық қорларды) басқаруға мамандандырылған халықаралық қаржы ұйымы немесе шетелдік беделді ұйым болып табылатын, кем дегенде осындай 1 қатысушысы (акционері) бар басқарушыға берілуі мүмкін. Бұл ретте халықаралық қаржы ұйымы (ұйымдары) және (немесе) шетелдік беделді ұйым (ұйымдар) Армения Республикасының аумағында құрылған міндетті зейнетақы қорын басқарушының жарғылық капиталында дауыс беру құқығын беретін 50 % астам үлесті</p>	<p>Армения Республикасы Орталық банкінің 10/01</p>	<p>анықталмаған</p>

	иеленуге тиіс және бұл ұйым (ұйымдар) міндетгі зейнетақы қорын басқарушының стратегиясын айқындау, сондай-ақ басқарушының атқарушы органмен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру кезінде шешуші дауыс құқығына ие болуға тиіс.	ережесі (2011 жылғы 2 мамырдағы № 116-Н) (33-тармақ)	
4. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу	Армения Республикасының аумағында лицензияланған және тіркелген инвестициялық компаниялар, шетелдік инвестициялық компаниялардың филиалдары және банктер бағалы қағаздарды сақтаушы ретінде әрекет ете алады. Тек банк (Армения Республикасының аумағында лицензияланған және тіркелген) инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын сақтаушы ретінде әрекет ете алады	"Бағалы қағаздар нарығы туралы" 2007 жылғы 11 қазандағы № РЗ-195-Н Армения Республикасының Заңы (27-бап), "Инвестициялық қорлар туралы" 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № РЗ-245-Н Армения Республикасының Заңы (86-бап)	анықталмаған
5. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу	реттелетін нарық (биржа) операторы және Орталық депозитарий акционерлік қоғам түрінде ғана құрыла алады	"Бағалы қағаздар нарығы туралы" 2007 жылғы 11 қазандағы № РЗ-195-Н Армения Республикасының Заңы (103, 175-баптар)	анықталмаған
6. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу	Армения Республикасының заңнамасына сәйкес Орталық депозитарий мәртебесін алған ұйым, Армения Республикасының заңнамасына сәйкес Орталық депозитарий функциясын жүзеге асыратын Армения Республикасы аумағындағы жалғыз ұйым болып табылады	"Бағалы қағаздар нарығы туралы" 2007 жылғы 11 қазандағы № ЗР-195-Н Армения Республикасының Заңы (175-бап)	анықталмаған

<p>7. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу</p>	<p>автокөлік құралдарын пайдаланудан туындайтын, жауапкершілікті міндетті сақтандыруды (ЖМС) жүзеге асыратын сақтандыру компаниялары бюросы пайда алу мақсатын көздемейтін заңды тұлғалар одағының ұйымдық-құқықтық нысанына ие болады. Бюро қызметінің мақсаты жәбірленуші адамдардың мүдделерін қорғау және ЖМС жүйесінің тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Бюро өзін-өзі реттейтін жалғыз ұйым болып табылады, "Автокөлік құралдарын пайдаланудан туындайтын жауапкершілікті міндетті сақтандыру туралы" Армения Республикасының Заңына сәйкес ЖМС жүзеге асыруға құқығы бар сақтандыру компаниялары, ал көрсетілген Заңда көзделген жағдайларда – Армения Республикасының Орталық банкі де оның мүшелері болып табылады</p>	<p>"Автокөлік құралдарын пайдаланудан туындайтын жауапкершілікті міндетті сақтандыру туралы" 2010 жылғы 18 мамырдағы № РЗ-63-Н Армения Республикасының Заңы (3 және 28-баптар)</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>8. Алып тасталды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.</p>			
<p>9. Алып тасталды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.</p>			

## V. ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ

	<p>Қ ы р ғ ы з Республикасының аумағында қаржылық қызметтерді Қырғыз</p>	<p>" Қ ы р ғ ы з Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1997 жылғы 29 шілдедегі № 60 Қ ы р ғ ы з Республикасының Заңы, " Қырғыз Республикасында</p>	
--	--	--	--



<p>1. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу</p>	<p>Республикасында лицензияланған және тіркелген және Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған қаржы ұйымдары (қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілер) және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады . Шетелдік банк Қырғыз Республикасы Ұлттық банкінің рұқсатын алу, тіркеу және лицензия алу арқылы Қырғыз Республикасының аумағында филиал, өкілеттік құра алады</p>	<p>сақтандыруды ұйымдастыру туралы" 1998 жылғы 23 шілдедегі № 96 Қырғыз Республикасының Заңы, "Бағалы қағаздар нарығы туралы" 2009 жылғы 24 шілдедегі № 251 Қырғыз Республикасының Заңы Қырғыз Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2006 жылғы 2 наурыздағы № 5 /7 қаулысымен бекітілген , Банктердің қызметін лицензиялау туралы ереже Қырғыз Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2005 жылғы 27 сәуірдегі № 12/8 қаулысымен бекітілген, бейрезидент банктің өз филиалының капиталын бөлу тәртібі</p>	<p>анықталмаған</p>
<p>2. Алып тасталды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.</p>			
<p>3. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу</p>	<p>орталық депозитарий мәртебесін алған ұйым Қ ы р ғ ы з Республикасының аумағында орталық депозитарий функциясын жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады. Орталық депозитарий мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғам нысанында құрылады</p>	<p>Қырғыз Республикасы Үкіметінің "Қырғыз Республикасында бағалы қағаздардың орталық депозитарийін құру туралы" 2008 жылғы 12 қыркүйектегі № 513 қаулысы</p>	<p>анықталмаған".</p>

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 18 ҚОСЫМША

**Тауарлар экспорты мен импорты, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібі мен олардың төленуін бақылау тетігі туралы ХАТТАМА**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың 71 және 72-баптарына сәйкес әзірленді және тауарлар экспорты мен импорты, жұмыстарды

орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібі мен олардың төленуін бақылау тетігін айқындайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"аудиторлық қызметтер" - бухгалтерлік есепке, салық және қаржы есептілігіне аудит жүргізу жөніндегі қызметтер;

"бухгалтерлік қызметтер" - бухгалтерлік есепке қою, жүргізу, қалпына келтіру, салық, қаржы және бухгалтерлік есептілікті жасау және (немесе) тапсыру жөніндегі қызметтер;

"жылжымалы мүлік" - жылжымайтын мүлікке, көлік құралдарына жатпайтын заттар ;

"дизайнерлік қызметтер" - бұйымдардың, ғимараттардың қасбеттерінің көркемдік нысандарын, сыртқы келбетін, үй-жайлар интерьерлерін жобалау жөнінде қызметтер көрсету; көркемдік конструкциялау;

"тауарлар импорты" - салық төлеушілердің (төлеушілердің) тауарларды бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына әкелуі;

"инжинирингтік қызметтер" - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіру және өткізу процесін даярлау, өнеркәсіптік, инфрақұрылымдық, ауыл шаруашылығы және басқа да объектілерді салу мен пайдалануды дайындау жөніндегі инженерлік-консультациялық қызметтер, сондай-ақ жоба алды және жобалау қызметтері (техникалық-экономикалық негіздемелерді дайындау, жобалық-конструкторлық әзірлемелер, техникалық сынақтар және олардың нәтижелерін талдау);

"құзыретті органдар" - мүше мемлекеттердің қаржы, экономика министрліктері, салық және кеден органдары;

"консультациялық қызметтер" - басқарушылық, экономикалық, қаржылық (оның ішінде салықтық және бухгалтерлік) мәселелер бойынша, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жоспарлау, ұйымдастыру мен жүзеге асыру, персоналды басқару жөніндегі мәселелер бойынша тұлғаның проблемаларын және (немесе) мүмкіндіктерін айқындауды және (немесе) бағалауды қоса алғанда, түсіндірмелер, ұсынымдар және өзге де нысандағы консультациялар беру жөніндегі қызметтер;

"жанама салықтар" - қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) және акциздер (акциз салығы немесе акциздік алым);

"маркетингтік қызметтер" - тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) сипаттамасын, баға стратегиясын және жарнама стратегиясын тұжырымдауды қоса алғанда, тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өндірісі мен айналысына қажетті экономикалық жағдайлар жасау жөніндегі шараларды айқындау мақсатында тауарлар (жұмыстар, қызметтер) өндірісі мен айналысы саласындағы зерттеуге, талдауға, жоспарлауға және болжамдауға байланысты қызметтер;

"салық төлеуші (төлеуші)" - мүше мемлекеттердің салықтарды, алымдарды және баж салықтарын салық төлеуші (төлеуші) (бұдан әрі - салық төлеуші);

"ғылыми-зерттеу жұмыстары" - тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасына негізделген ғылыми зерттеулер жүргізу;

"жылжымайтын мүлік" - жер учаскелері, жер қойнауының учаскелері, оқшауланған су объектілері және жермен тығыз байланыстының барлығы, яғни мақсатына шамадан тыс зиян келтірілмей көшірілуі мүмкін емес объектілер, оның ішінде ормандар, көп жылдық екпелер, ғимараттар, құрылыстар, құбыржолдар, электр беру желілері, мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорындар және ғарыш объектілері;

"ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі" - нөл пайыз мөлшерлеме бойынша ҚҚС салу, ҚҚС тиісті сомаларын шегеру (есепке жатқызу) құқығын білдіреді;

"тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-технологиялық (технологиялық) жұмыстар" - жаңа бұйымдар үлгісін, оған арналған конструкторлық құжаттаманы немесе жаңа технологияны әзірлеу;

"жұмыс" - нәтижелерінің материалдық көрінісі болатын және ұйымдардың және (немесе) жеке тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сатылуы мүмкін қызмет;

"жарнамалық қызметтер" - белгісіз адамдар аясына арналған және кез келген құралдардың көмегімен және кез келген нысанда жеке немесе заңды тұлғаның тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, қызметтерге қызығушылығын қалыптастыруға немесе қолдауға бағытталған ақпаратты жасау, тарату және орналастыру жөніндегі қызметтер;

"тауар" - сатылатын немесе сатуға арналған кез-келген жылжымалы және жылжымайтын мүлік, көлік құралдары, энергияның барлық түрлері;

"көлік құралдары" - теңіз және әуе кемелері, ішкі жүзу кемелері, аралас суларда жүзетін (өзен-теңіз) кемелері; жылжымалы темір жол құрамының бірліктері; автобустар; тіркемелер мен жартылай тіркемелерді қоса алғанда, автомобильдер; жүк контейнерлері;

"көрсетілетін қызмет" - нәтижелерінің материалдық көрінісі болмайтын қызмет осы қызметті жүзеге асыру процесінде сатылады және тұтынылады, сондай-ақ патенттерді, лицензияларды, сауда маркаларын, авторлық құқықтарды немесе өзге де құқықтарды беру;

"электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер" - ақпараттық-телекоммуникациялық желі (электр байланысы желісі) арқылы, оның ішінде Интернет желісі арқылы көрсетілген, ақпараттық технологияларды пайдаланбай көрсету мүмкін болмайтын және тізбесін Комиссия Кеңесі бекітетін қызметтер;

"ақпаратты өңдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер" - ақпаратты жинау мен қорытындылауды жүзеге асыру, ақпараттық массивтерді (деректерді) жүйелендіру

және осы ақпаратты өңдеу нәтижелерін пайдаланушының иелігіне беру жөніндегі қызметтер;

"тауарлар экспорты" - салық төлеушілердің тауарларды бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына әкетуі;

"заң қызметтері" - құқықтық сипаттағы көрсетілетін қызметтер, оның ішінде консультациялар мен түсініктемелер беру, құжаттарды дайындау және сараптау, соттарда тапсырыс берушілердің мүддесін білдіру.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 22.02.2024 № 63-VIII Заңымен.**

## **II. Тауарлардың экспорты кезінде жанама салықтарды қолдану тәртібі**

3. Бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына тауарлардың экспорты кезінде аумағынан тауарлар әкетілген мүше мемлекеттің салық төлеушісі, осы Хаттаманың 4-тармағында көзделген құжаттарды салық органына ұсыну кезінде қосылған құн салығының (бұдан әрі - ҚҚС) нөлдік ставкасын және (немесе) акциздерді төлеуден босатуды қолданады.

Бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына тауарлардың экспорты кезінде салық төлеуші Одақтың шегінен тыс жерлерге осы мүше мемлекеттің аумағынан экспортталған тауарларға қатысты қолданылатын, мүше мемлекеттің осыған ұқсас заңнамасында көзделген тәртіппен салықтық шегерімдерді (есепке жатқызуларға) жүргізуге құқылы.

Тауарларды өткізу орны, егер осы тармақпен өзгеше белгіленбесе, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалады.

Тауарды бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі басқа мүше мемлекеттің салық төлеушісіне өткізген жағдайда Одақтың шегінен тыс жерлерге тауарды жеткізу (тасымалдау) басталған және басқа мүше мемлекетте аяқталған жағдайда, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен аумағына орналастырылатын мүше мемлекеттің аумағы тауарларды өткізу орны деп танылады.

4. Аумағынан тауарлар әкетілген мүше мемлекеттің салық төлеушісінің ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін қолдануының және (немесе) акциздерді төлеуден босатудың негізділігін растау үшін салық органына салық декларациясымен бір мезгілде мынадай құжаттар (олардың көшірмелері) табыс етіледі:

1) басқа мүше мемлекеттің салық төлеушісімен немесе Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісімен олардың негізінде тауарлар экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар) (бұдан әрі - шарттар (келісімшарттар)); тауарлар лизингі немесе тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) жағдайында - лизинг шарттары (келісімшарттары), тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) шарттары (келісімшарттары); тауарларды дайындауға арналған шарттар (келісімшарттар); алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, экспортталған тауарларды өткізуден түсетін түсімнің экспорттаушы салық төлеушінің шотына нақты түсуін растайтын банктің көшірме-үзіндісі.

Егер шартта (келісімшартта) қолма-қол ақша қаражатымен есеп айырысу көзделген жағдайда және мұндай есеп айырысу аумағынан тауарлар экспортталатын мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмесе, салық төлеуші салық органына оның банктегі шотына алынған сомаларды салық төлеушінің енгізгенін растайтын банктің көшірме-үзіндісін (көшірме-үзіндісінің көшірмесін), сондай-ақ егер аумағынан тауарлар экспортталатын мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, аталған тауарларды сатып алушыдан түскен түсімнің нақты түсуін растайтын кассалық кіріс ордерлерінің көшірмелерін табыс етеді.

Егер тауарлар меншік құқығының лизинг алушыға өтуі көзделетін лизинг шарты (келісімшарты) бойынша әкетілген жағдайда, егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, салық төлеуші салық органына экспорттаушы салық төлеушінің шотына лизинг төлемінің (тауардың (лизинг мәндерінің) бастапқы құнын өтеу бөлігінде) нақты түсуін растайтын банктің көшірме-үзіндісін (көшірме-үзіндінің көшірмесін) табыс етеді.

Сыртқы сауда тауар алмасу (бартерлік) операциялар, тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) беру жүзеге асырылған жағдайда экспорттаушы салық төлеуші салық органына көрсетілген операциялар бойынша алған (сатып алған) тауарлардың импортын (жұмыстардың орындалғанын, қызметтер көрсетілгенін) растайтын құжаттарды табыс етеді.

Осы тармақта аталған құжаттар, егер оларды табыс ету Одақтың шегінен тыс жерлерге мүше мемлекеттің аумағынан экспортталған тауарларға қатысты мүше мемлекеттің заңнамасында көзделмесе, онда салық органына табыс етілмейді;

3) аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық органының жанама салықтардың төленгені (босатылғаны немесе салықтық міндеттемелерді орындаудың өзге тәртібі) туралы белгісі бар мүше мемлекеттердің салық органдары бекіткен нысан бойынша толтырылған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш) (қағаз тасығыштағы түпнұсқада немесе мүше мемлекеттердің салық органдарының қалауы бойынша көшірмесінде) не болмаса өтініштердің тізбесі (қағаз тасығышта немесе салық төлеушінің электронды (электрондық цифрлық) қолтаңбасымен электронды түрде);

Салық төлеуші өтініштердің тізбесіне жекелеген халықаралық ведомствоаралық шартта көзделген нысанда салық органына түскен ақпарат туралы өтініштердегі деректемелер мен мәліметтерді енгізеді.

Өтініштер тізбесінің нысаны, оны толтыру тәртібі және пішімі мүше мемлекеттердің салық органдарының нормативтік құқықтық актілерінде не мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына әкелінетін тауарларды өткізген және оларды осы екінші мүше мемлекеттің аумағындағы еркін кеден аймағының немесе еркін қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған жағдайда, өтініштің орнына бірінші мүше мемлекеттің салық органына екінші мүше мемлекеттің кеден органы растаған кедендік декларацияның көшірмесі беріледі, оған сәйкес мұндай тауарлар еркін кеден аймағының немесе еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылады;

4) бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына тауарлардың өткізілгенін растайтын, мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген көліктік (тауарларға ілеспе) және өзге де құжаттар. Егер тауарларды өткізудің, оның ішінде тауарларды көлік құралдарын пайдаланбай өткізудің жекелеген түрлері үшін мүше мемлекеттің заңнамасында мұндай құжаттарды ресімдеу көзделмеген жағдайда көрсетілген құжаттар ұсынылмайды;

5) аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін қолданудың және (немесе) акциздерді төлеуден босатудың негізділігін растайтын өзге де құжаттар.

Егер салық декларациясымен бірге ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін және (немесе) акциздерді төлеуден босатуды қолданудың негізділігін растайтын құжаттарды ұсынбау аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, өтінішті (өтініштер тізбесін) қоспағанда, осы тармақта көзделген құжаттар салық органына ұсынылмайды.

Егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, егер осы тармақта көзделген құжаттар ҚҚС бойынша салық декларациясымен бірге берілген болса, олар акциздер бойынша тиісті салық декларациясымен бірге берілмейді.

Осы тармақтың 1, 2, 4, 5-тармақшаларында және 3-тармақшасының төртінші абзацында көзделген құжаттар мүше мемлекеттердің салық органының нормативтік құқықтық актілерінде не мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен электронды түрде ұсынылуы мүмкін. Көрсетілген құжаттардың пішімін мүше мемлекеттердің салық органдары айқындайды не мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Егер осы тармақтың 1-тармақшасында көзделген шартта (келісімшартта) көрсетілген тауарлардың эксперты аумағынан жүзеге асырылуға тиіс мүше мемлекеттің салық органы осындай тауарлардың басқа мүше мемлекеттің аумағына экспортының болмау фактісін анықтаса, ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін қолданудың және (немесе) акциздерді төлеуден босатудың негізділігі расталмаған болып есептеледі

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

5. Осы баптың 4-тармағында көзделген құжаттар тауарларды тиіп-жөнелткен ( берген) күннен бастап күнтізбелік 180 күн ішінде салық органына ұсынылады.

Мүше мемлекеттің салық органына өтініш ұсынылмаған жағдайда осы салық органында басқа мүше мемлекеттің салық органынан жанама салықтарды толық көлемде төлеу (жанама салықтарды төлеуден босату) фактісінің электрондық түрдегі растамасы не осы Хаттаманың 21<sup>1</sup>-тармағына сәйкес жанама салықтарды алу фактісі туралы ақпарат болған кезде бұл салық органы осы мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына экспортталған тауарларды өткізу жөніндегі операцияларға қатысты көрсетілген салықтар бойынша ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін қолданудың және (немесе) акциздерді төлеуден босатудың, салықтық шегерімдердің (есепке жатқызулардың) негізділігін растау туралы шешім қабылдауға (шығаруға) құқылы.

Аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің салық органы осы Хаттаманың 4-тармағында көзделген салық төлеуші ұсынған құжаттарда анық емес деректер анықталған кезде аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық органына анықталған мән-жайлар туралы хабар береді.

Тауарларды өткізу кезінде ҚҚС-ты есептеу мақсатында тауарларды сатып алушыға (бірінші тасымалдаушыға) ресімделген бастапқы бухгалтерлік (есептік) құжаттың жасалу уақыты бойынша бірінші күн не ҚҚС салық төлеушісі үшін мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге міндетті құжаттың үзінді көшірмесінің күні тиеп-жөнелту күні болып танылады.

Егер аумағында акцизделетін тауарлар өндірілген мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, өз шикізатынан өндірілген акцизделетін тауарлар бойынша акциздерді есептеу мақсатында тауарларды сатып алушыға (алушыға) ресімделген бастапқы бухгалтерлік (есептік) құжаттың жасалу уақыты бойынша бірінші күн тауарларды тиеп-жөнелту күні болып; алыс-беріс шикізатынан өндірілген акцизделетін тауарлар бойынша акцизделетін тауарларды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күн тиеп-жөнелту күні болып танылады.

Жанама салықтар төленбеген, толық төленбеген, осындай салықтар осы тармақта белгіленген мерзімдер бұзыла отырып төленген жағдайда, салық органы аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде жанама салықтар мен өсімпұлдарды өндіріп алады, сондай-ақ жанама салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және осы мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген жауаптылыққа тарту шараларын қолданады.

Салық төлеуші осы Хаттаманың 4-тармағында көзделген құжаттарды осы тармақта белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынған жағдайда, төленген жанама салық сомалары аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес шегеруге (есепке жатқызуға), қайтаруға жатады. Жанама салықтарды төлеу мерзімдерін бұзғаны үшін төленген өсімпұлдар, айыппұлдар сомалары қайтаруға жатпайды.

6. Мүше мемлекеттерге әкетілетін акцизделетін тауарлардың көлемі, тиеп-жөнелту күніне қолданыста болған акциздер мөлшерлемелері, сондай-ақ акциздер сомалары акциздер бойынша тиісті салық декларациясында көрсетілуге тиіс.

7. Салық органы ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін және (немесе) акциздерді төлеуден босатуды, аталған салықтар бойынша салықтық шегерімдерді (есепке жатқызуларды) қолданудың негізділігін тексереді, сондай-ақ аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тиісті шешім қабылдайды (шығарады).

Салық органына Өтініш ұсынылмаған жағдайда салық органы бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына экспортталған тауарларды өткізу бойынша операцияларға қатысты бір мүше мемлекеттің салық органында екінші мүше мемлекеттің салық органынан жанама салықтарды толық көлемде төлеу (жанама салықтарды төлеуден босату) фактісін электронды түрде растауы болған кезде ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін және (немесе) акциздерді төлеуден босатуды, аталған салықтар бойынша салықтық шегерімдерді (есепке жатқызуларды) қолданудың негізділігін растау туралы шешім қабылдауға (шығаруға) құқылы.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

8. Салық органы аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен және мөлшерде жанама салықтар мен өсімпұлдарды өндіріп алады, сондай-ақ жанама салықтарды, өсімпұлдарды төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және осы мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген жауаптылық шараларын, оның ішінде мынадай жағдайларда :

салық төлеуші ұсынған тауарлардың өткізілуі және жанама салықтардың төленгені туралы мәліметтер мүше мемлекеттердің салық органдары арасында ақпарат алмасу шеңберінде алынған деректерге сәйкес келмегенде;

салық төлеуші ұсынған, осы Хаттаманың 4-тармағында көзделген құжаттар көлік (тауарға ілеспе) және (немесе) өзге де құжаттарда көрсетілген, мүше мемлекеттің аумағына тауарларды өткізудің болмауының салық органдарында бар дәлелдемелерге сәйкес келмегенде;

аумағына тауарлар импорты мәлімделген мүше мемлекеттің салық органы өзінде бар тауарлар импортының болмауының дәлелдемелеріне байланысты өтінішті кері қайтарып алғанда қолданады.

Бұл ретте жанама салықтар, егер салық органы өтінішті кері қайтарып алу туралы ақпарат алған мүше мемлекеттің заңнамасында өзге салықтық (есепті) кезең белгіленбесе, тауарларды тиеп-жөнелту күні келетін салықтық (есепті) кезең үшін бюджетке төленуге жатады (бұрын шегерімге (есепке жатқызуға) қабылданған ҚҚС сомалары қалпына келтіруге жатады).



Басқа мүше мемлекеттің салық органының өтінішті кері қайтарып алуы туралы (шағымдану нәтижелері бойынша мұндай қайтарып алуды жарамсыз деп тану туралы) ақпаратты алған мүше мемлекеттің салық органы осындай ақпаратты алған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде салық төлеушіге кері қайтарып алу фактісі мен негізі туралы (мұндай қайтарып алуды жарамсыз деп тану туралы) және қажет болған кезде салық декларациясына осындай кері қайтарып алудан (мұндай кері қайтарып алуды жарамсыз деп танудан) туындайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хабарлама (талап) жібереді.

Аумағына осы Хаттаманың 20-тармағының 5-тармақшасында көзделген шартта (келісімшартта) көрсетілген тауарлар импортталуға тиіс мүше мемлекеттің салық органының өтінішті кері қайтарып алуы кезінде мұндай тауарлар импортының болмау фактісі ҚҚС салықтық мөлшерлемесін қолдану және акциздерді есепке жазу, бұрын нөлдік мөлшерлеме қолданылған ҚҚС және акциздер сомаларын есепке жазу және өтінішті алуға байланысты босату, сондай-ақ салық декларациясын тапсыру, егер салық органы өтінішті кері қайтарып алу туралы ақпарат алған мүше мемлекеттің заңнамасында өзге салықтық (есепті) кезең белгіленбесе, тауарларды тиіп-жөнелту күні тура келетін салықтық (есепті) кезең үшін жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

9. Осы бөлімнің ережесі аумағында оларды дайындау бойынша жұмыстар орындалған бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына әкетілетін, оларды дайындау туралы шарттар (келісімшарттар) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарларға да қатысты ҚҚС бөлігінде қолданылады. Көрсетілген тауарларға алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарлар жатпайды.

10. Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу туралы шарт (келісімшарт) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарларға акциздерді салу үшін салық базасы оларға қатысты қатал (ерекше) акциз мөлшерлемелері белгіленген табиғи мәніндегі алыс-беріс шикізатынан өндірілген акцизделетін тауарлардың көлемі, саны (өзге де көрсеткіштері) ретінде не оларға қатысты адвалорлық акциздер мөлшерлемелері белгіленген алыс-беріс шикізатынан өндірілген акцизделетін тауарлардың құны ретінде айқындалады.

11. Тауарлардың экспорты кезінде ҚҚС бойынша салық базасы, өткізілген тауарлардың бағасы өскеніне (кемігеніне) орай көбею (кему) жағына өзгерген не олардың тиісінше сапада болмауы және (немесе) тиісінше жиынтықталмауы себептері бойынша қайтарылуына байланысты өткізілген тауарлардың саны (көлемі) кеміген кезде, егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, экспортталған тауарлардың бағасын шартқа (келісімшартқа) қатысушылар өзгерткен (қайтаруды келіскен) сол салық (есептілік) кезеңінде түзетіледі. Тауарларды (лизинг мәндерін) бір мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына меншік құқығының лизинг

алушыға өтуін көздейтін лизинг шарты (келісімшарт) бойынша, тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) шарты (келісімшарты) бойынша, тауарларды дайындау туралы шарт (келісімшарт) бойынша әкетілген кезде салық органына осы Хаттаманың 4-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған жағдайда ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесі және (немесе) акциздерді төлеуден босату (егер мұндай операция мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциздер салынуға жатса) қолданылады.

Бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына лизинг шарты (келісімшарты) бойынша тауарларды (лизинг нысанасын) әкету кезінде ҚҚС бойынша салық базасы әрбір лизингтік төлемі тиесілі болатын тауардың (лизинг нысанасының) бастапқы құнының бөлігі мөлшерінде әрбір лизингтік төлемдерді төлеу үшін лизинг шартында (келісімшартында) көзделген күнге айқындалады.

Салықтық шегерімдер (есепке жатқызулар) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен әрбір лизингтік төлем бойынша тауарлардың (лизинг нысанасының) құнына тиесілі бөлігіне жүргізіледі.

Бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) шарты (келісімшарты) бойынша тауарларды әкету кезінде ҚҚС бойынша салық базасы - шартта (келісімшартта) көзделген, берілген (ұсынылған) тауарлардың құны, шартта (келісімшартта) құны болмаған жағдайда - тауарларға ілеспе құжаттарда көрсетілген құн, шартта (келісімшартта) және тауарларға ілеспе құжаттарда құны болмаған жағдайда есепке алуда көрсетілген тауарлардың құны болып табылады.

12. Жанама салықтардың толық төленуін қамтамасыз ету үшін салық салу мақсатында мүше мемлекеттің бағаларды айқындау қағидаттарын реттейтін заңнамасы қолданылуы мүмкін.

### **III. Тауарлардың импорты кезінде жанама салықтарды алу тәртібі**

13. Бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды алуды (осы Хаттаманың 27-тармағында белгіленген және (немесе) еркін кеден аймағының және еркін қойманың кедендік рәсімдеріне орналастыратын импортталатын тауарларды қоспағанда) аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық органы, арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілерді қоса алғанда, оның ішінде осы Хаттаманың 13.1 - 13.5-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, салық төлеушілерді - тауар иелерін есепке қою орны бойынша жүзеге асырады.

Осы бөлімнің мақсаттары тауарларға меншік құқығы бар немесе тауарларға меншік құқығының өтуі шартпен (келісімшартпен) көзделген тұлға тауарлардың иесі болып танылады.

Бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі екінші мүше мемлекетте тіркеу орны немесе тұрақты тұратын орны бар және осы мүше мемлекеттің дара кәсіпкері болып

табылмайтын жеке тұлғадан сатып алған тауарлардың импорты кезінде салықтарды төлеу осы бөлімге сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

13.1. Егер тауарлар бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі мен екінші мүше мемлекеттің салық төлеушісі арасындағы шарт (келісімшарт) негізінде сатып алынса, жанама салықтарды төлеуді аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық төлеушісі - тауарлардың иесі, не егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, комиссионер, сенім білдірілген адам немесе агент жүзеге асырады.

13.2. Егер тауарлар бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі мен екінші мүше мемлекеттің салық төлеушісі арасындағы шарт (келісімшарт) негізінде сатып алынса және бұл ретте тауарлар үшінші мүше мемлекеттің аумағынан импортталса, жанама салықтарды аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық төлеушісі - тауарлардың иесі төлейді.

13.3. Егер бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі екінші мүше мемлекеттің салық төлеушісіне комиссионер, сенім білдірілген адам немесе агент арқылы өткізсе және бірінші не үшінші мемлекеттің аумағынан импорттаса, жанама салықтар төленбеген тауарларды сатып алса, жанама салықтарды төлеуді аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық төлеушісі - тауарлардың иесі не, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, комиссионер, сенім білдірілген тұлға, агент жүзеге асырады.

13.4. Егер бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі осы мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше мемлекеттің салық төлеушісі бұрын импорттаған, ол бойынша жанама салықтар төленбеген тауарларды сатып алса, жанама салықтарды төлеуді аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық төлеушісі - тауарлардың иесі не, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, комиссионер, сенім білдірілген тұлға немесе агент (егер тауарларды комиссионер, сенім білдірілген тұлға немесе агент арқылы екінші мүше мемлекеттің салық төлеушісі өткізген жағдайда) жүзеге асырады.

Егер бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі осы мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше мемлекеттің салық төлеушісімен комиссия, тапсырма шарты (келісімшарты) немесе агенттік шарты (келісімшарты) бойынша комиссионер, сенім білдірілген адам немесе агент (осы мүше мемлекеттің салық төлеушісі) бұрын импорттаған, ол бойынша жанама салықтар төленбеген тауарларды сатып алса, онда жанама салықтарды төлеуді аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық төлеушісі — тауар иесі не, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, комиссионер, сенім білдірілген адам немесе тауарды импорттаған агент жүзеге асырады.

13.5. Егер тауарлар бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі мен Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісі арасындағы шарт (келісімшарт) негізінде сатып алынса және бұл ретте тауарлар екінші мүше мемлекеттің аумағынан импортталса, жанама салықтарды аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің

салық төлеушісі - тауарлар иесі не, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса - комиссионер, сенім білдірілген тұлға немесе агент (егер тауарлар комиссионер, сенім білдірілген тұлға немесе агент арқылы өткізілген жағдайда) төлейді.

14. ҚҚС-ты төлеу мақсаттары үшін салық базасы сатып алынған тауарлардың (оның ішінде оларды дайындау туралы шарт (келісімшарт) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарлардың), сондай-ақ тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) шарты (келісімшарт) бойынша алынған тауарлардың, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын тауарлардың және акцизделетін тауарлар бойынша төленуі тиіс акциздердің құны негізінде салық төлеушідегі импортталған тауарларды есепке алуға қабылдау күніне (бірақ аумағына тауарлар импортталатын мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген мерзімнен кешіктірмей) айқындалады.

Сатып алынған тауарлардың (оның ішінде оларды дайындау туралы шарт (келісімшарт) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарлардың) құны шарт (келісімшарт) талаптарына сәйкес тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін жеткізушіге төленуге тиіс мәміле бағасы болып табылады.

Тауар айырбас (бартерлік) шарты (келісімшарты) бойынша, сондай-ақ тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) шарты (келісімшарты) бойынша алынған тауарлардың құны шартта (келісімшартта) көзделген тауарлардың құны, шартта (келісімшартта) құны болмаған жағдайда - тауарларға ілеспе құжаттарда көрсетілген құн, шартта (келісімшартта) және тауарларға ілеспе құжаттарда құны болмаған жағдайда - есепке алуда көрсетілген тауарлардың құны болып табылады.

Тауарлардың (оның ішінде оларды шығару жөніндегі шарттар (келісімшарттар) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарлардың) шет ел валютасында көрсетілген құнының салық базасын айқындау мақсаттары үшін тауарларды есепке алуға қабылдау күніне мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептеледі.

Бір мүше бір мемлекеттің аумағына алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері екінші мүше мемлекеттің аумағынан импортталған кезде салық базасы алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстардың және акцизделетін қайта өңдеу өнімдері бойынша төлеуге жататын акциздердің құны ретінде айқындалады. Бұл ретте шетел валютасында көрсетілген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жұмыстарын орындау құны қайта өңдеу өнімдерін есепке алуға қабылдау күніне мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

Шектері 2016 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Ресей Федерациясында жұмыс істейтін Одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара сәйкес келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың (бұдан әрі - ЕЭА) аумағына бір мүше мемлекеттің аумағынан тауарлар импорты кезінде ЕЭА резиденттері болып табылатын салық төлеушілер тауарларды есепке қабылдаған күніне ҚҚС-ты осы

Хаттаманың 19-тармағының төртінші абзацына сәйкес есептейді және төлейді. Егер көрсетілген тауарлар оларды есепке қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 180 күн өтетін ай аяқталғанға дейін өткізілмесе не ҚҚС-сыз өткізілсе, онда есептелген ҚҚС өткізілмеген не ҚҚС-сыз өткізілген импортталған тауарлар бөлігінде ЕЭА резиденттері болып табылатын салық төлеушілердің төлеуіне жатады. Бұл ретте оларды есепке қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 180 күн өтетін ай аяқталғанға дейін өткізілмеген не ҚҚС-сыз өткізілген, көрсетілген тауарлар бойынша салық базасы осы тармаққа сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.03.2023 № 210-VII Заңымен.**

15. Бір мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше мемлекеттің аумағынан меншік құқығының лизинг алушыға өтуін көздейтін лизинг шарты (келісімшарты) бойынша тауарларды (лизинг нысанасын) әкелу кезінде салық базасы лизинг шартымен (келісімшартымен) оны төлеген күнге көзделген тауардың (лизинг нысанасы) құнының бір бөлігі мөлшерінде (төлемнің нақты мөлшері мен жүзеге асырылған күнге қарамастан) айқындалады. Шетел валютасындағы лизингтік төлем мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің салық базасын айқындаудың тиісті кезіне (күніне) тұспа-тұс келетін күнгі бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

16. Импортталған акцизделетін тауарлардың, оның ішінде алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері болып табылатын, оларға қатысты қатал (ерекше) акциз мөлшерлемелері белгіленген табиғи мәніндегі көлемі, саны (өзге де көрсеткіштері) не оларға қатысты адвалорлық акциз мөлшерлемелері белгіленген импортталған акцизделетін тауарлардың, оның ішінде алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері болып табылатын тауарлардың құны акциз салу үшін салық базасы болып табылады.

Акциздерді есептеу үшін салық базасы импортталған акцизделетін тауарларды, оның ішінде алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері болып табылатын, тауарларды салық төлеуші есебіне қабылдаған күні (бірақ, аумағына акцизделетін тауарлар импортталған мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген мерзімнен кешіктірмей) айқындалады.

17. Бір мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше мемлекеттің аумағынан импортталған тауарлар бойынша төленуі тиіс жанама салықтардың сомасын салық төлеуші аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген салық мөлшерлемелері бойынша есептейді.

18. Жанама салықтарды төлеудің толықтығын қамтамасыз ету үшін салық салу мақсатында мүше мемлекеттің бағаларды айқындау қағидаттарын реттейтін заңнамасы қолданылуы мүмкін.

19. Таңбаланатын акцизделетін тауарлар бойынша акциздерді қоспағанда, жанама салықтар:

егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, импортталған тауарларды есепке қабылдаған айдан;

лизинг шартында (келісімшартында) көзделген төлем мерзімі айынан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей төленеді.

Бір мүше мемлекеттің аумағынан ЕЭА аумағына импортталған және оларды есепке қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 180 күн өтетін ай аяқталғанға дейін өткізілмеген не ҚҚС-сыз өткізілген тауарлар бойынша ҚҚС-ты төлеу осы тауарларды есепке қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 180 күн өтетін айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей жүргізіледі.

Таңбаланатын акцизделетін тауарлар бойынша акциздерді төлеу мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 15.03.2023 № 210-VII Заңымен.**

20. Салық төлеуші салық органына импортталған тауарларды есепке қабылдаған айдан (лизинг шартымен (келісімшартымен) көзделген төлем мерзімінен) кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген нысан бойынша не аумағына тауарлар импортталған, оның ішінде лизинг шарты (келісімшарты) бойынша импортталған мүше мемлекеттің құзыретті органы бекіткен нысан бойынша тиісті салық декларациясын ұсынуға міндетті. Салық декларациясымен бірге салық төлеуші салық органына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қағаз тасығышта (төрт данада) және электронды түрдегі Өтініш не электронды (электрондық-цифрлық) қолтаңбамен электронды түрдегі Өтініш;

2) егер мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, импортталған тауарлар бойынша жанама салықтардың нақты төленгенін растайтын банктің көшірме-үзіндісі немесе жанама салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерінің орындалуын растайтын өзге құжат. Бір мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше мемлекеттің аумағынан тауарларды импорттау кезінде, сондай-ақ мүше мемлекеттің аумағына тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу кезінде салық төлеушіде қайтаруға (есепке жатқызуға) жататын артық төленген (өндіріліп алынған) салықтардың, алымдардың сомалары не жанама салықтардың сомалары болған жағдайда салық органы аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес оларды импортталған тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу есебіне есепке жатқызу туралы шешім қабылдайды (шығарады). Бұл жағдайда импортталған тауарлар бойынша жанама салықтардың нақты төленгенін растайтын банктің көшірме-үзіндісі (оның көшірмесі) ұсынылмайды. Лизинг шарты (келісімшарты) бойынша осы тармақшада көрсетілген құжаттар лизинг шартында (келісімшартымен) көзделген төлем мерзімі басталған кезде ұсынылады;

3) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына тауарларды өткізуді растайтын көліктік (тауарларға ілеспе) құжаттар және (немесе) өзге құжаттар. Аталған құжаттар, егер тауарларды

өткізудің, оның ішінде көлік құралдарын пайдаланбай өткізудің жекелеген түрлері үшін мүше мемлекеттің заңнамасында мұндай құжаттарды ресімдеу көзделмеген жағдайда ұсынылмайды;

4) егер шот-фактураларды жазып беру (үзінді беру) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайда тауарларды тиіп-жөнелту кезінде мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактуралар;

Егер шот-фактураларды жазып беру (үзінді беру) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделмесе не тауарларды Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісінен сатып алынатын болса, онда салық органына шот-фактураның орнына импортталған тауарлардың құнын растайтын, сатушы жазып берген (үзінді берген) өзге құжат (құжаттар) ұсынылады;

5) негізінде мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше мемлекеттің аумағынан импортталған тауарлар сатып алынған шарттар (келісімшарттар); тауарлар лизингі (лизинг нысанасы) жағдайында - лизинг шарттары (келісімшарттары); тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) жағдайында - тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) шарттары (келісімшарттар); тауарларды шығару туралы шарттар (келісімшарттар), алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

6) бір мүше мемлекеттің салық төлеушісіне екінші мүше мемлекеттің салық төлеушісі (осы Хаттаманың 13.2 - 13.5-тармақтарында көзделген жағдайларда) не үшінші мүше мемлекеттің аумағынан импортталған тауарларды өткізуші, Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісі берген, үшінші мүше мемлекеттің салық төлеушісі туралы және импортталған тауарларды сатып алу туралы осы үшінші мүше мемлекеттің салық төлеушісімен жасасқан шарт (келісімшарт) туралы мынадай мәліметтер жөніндегі ақпараттық хабарлама (басшысы дара кәсіпкер) қол қойған және ұйымның мөрімен куәландырылған):

тұлғаны мүше мемлекеттің салық төлеушісі ретінде сәйкестендіру нөмірі;  
мүше мемлекеттің салық төлеушісінің (ұйымның дара кәсіпкердің) толық атауы;  
мүше мемлекеттің салық төлеушісінің орналасқан (тұрғылықты) жері;  
шарт (келісімшарт) нөмірі мен күні;  
ерекшелік нөмірі мен күні.

Егер тауарлар сатып алынатын мүше мемлекеттің салық төлеушісі өткізілетін тауарлардың иесі болып табылмаған жағдайда (комиссионер, сенім білдірілген тұлға немесе агент болып табылса), онда осы тармақшаның екінші-алтыншы абзацтарында көрсетілген мәліметтер өткізілетін тауардың иесіне қатысты да ұсынылады.

Ақпараттық хабарлама шет тілінде ұсынылған жағдайда орыс тіліндегі аудармасының болуы міндетті.

Егер осы тармақшада көзделген мәліметтер осы тармақтың 5-тармақшасында көрсетілген шартта (келісімшартта) қамтылған жағдайда ақпараттық хабарлама ұсынылмайды;

7) комиссия шарттары (келісімшарттары), тапсырма немесе агенттік шарт (келісімшарт) (олар жасалған жағдайда);

8) негізінде комиссия шарттары (келісімшарттары), тапсырма немесе агенттік шарт (келісімшарт) бойынша мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше басқа мемлекеттің аумағынан импортталған тауарлар сатып алынған шарттар (келісімшарттар) (жанама салықтарды комиссионер, сенім білдірілген адам немесе агент төлейтін жағдайларды қоспағанда, осы Хаттаманың 13.2 - 13.5-тармақтарында көзделген жағдайларда).

Осы тармақтың 2 - 8-тармақшаларында көрсетілген құжаттар мүше мемлекеттердің салық органының нормативтік құқықтық актілерінде не мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған көшірмелерде немесе мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен электрондық түрде ұсынылуы мүмкін. Аталған құжаттардың пішімін мүше мемлекеттердің салық органының нормативтік құқықтық актілерімен не мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Лизинг шарты (келісімшарты) бойынша ҚҚС-ты бірінші төлеген кезде салық төлеуші салық органына осы 1 - 8-тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады. Одан әрі салық төлеуші салық органына салық декларациясымен бірге осы тармақтың 1 және 2-тармақшаларында көзделген құжаттарды (олардың көшірмелерін) ұсынады.

Өтініштер мен ақпараттық хабарламаны қоспағанда, осы тармақта көрсетілген құжаттар, егер оларды салық декларациясымен бір мезгілде ұсынбау аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің заңнамасынан өрбісе, салық органына ұсынылмайды.

20<sup>1</sup>. ЕЭА резиденті болып табылатын салық төлеуші салық декларациясын және осы Хаттаманың 20-тармағында көзделген құжаттарды (осы Хаттаманың 20-тармағының 2-тармақшасында көзделген құжатты қоспағанда) импортталған тауарларды есепке қабылдаған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Бұдан басқа, ЕЭА резиденті болып табылатын салық төлеуші осы Хаттаманың 20-тармағында көзделген салық декларациясын бір мүше мемлекеттің аумағынан ЕЭА аумағына импортталған тауарларды есепке қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 180 күн өтетін айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей ұсынуға да міндетті. Салық декларациясында оларды есепке қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 180 күн ішінде өткізілмеген және (немесе) өткізілген, көрсетілген импортталған тауарлар туралы мәліметтер көрсетілуге жатады. Өткізілмеген не ҚҚС-сыз өткізілген импортталған тауарларға қатысты ЕЭА резиденті болып табылатын салық төлеуші салық



декларациясымен бір мезгілде салық органына, егер бұл аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, импортталған тауарлар бойынша ҚҚС іс жүзінде төленгенін растайтын банктің үзінді - көшірмесін немесе ҚҚС-ты төлеу бойынша салық міндеттемелерінің орындалуын растайтын өзге де құжатты ұсынады. ЕЭА резиденті болып табылатын салық төлеушіде бір мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше мемлекеттің аумағынан тауарлар импорты кезінде де, мүше мемлекеттің аумағында тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу кезінде де қайтаруға (есепке жатқызуға) жататын салықтардың, алымдардың не жанама салықтардың артық төленген (өндіріп алынған) сомалары болған кезде, аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық органы оларды импортталған тауарлар бойынша ҚҚС-ты төлеу есебіне есепке жатқызу туралы шешім қабылдайды (шығарады). Бұл жағдайда импортталған тауарлар бойынша ҚҚС іс жүзінде төленгенін растайтын банктің үзінді - көшірмесі (оның көшірмесі) ұсынылмайды.

**Ескерту. 20<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.03.2023 № 210-VII Заңымен.**

21. Нақтыланған Өтініш (бұрын ұсынылмағанның орнына) қағаз тасығышта (төрт данада) және электронды түрде не салық төлеушінің электронды (электрондық-цифрлық) қолтаңбасымен электронды түрде ұсынылады. Нақтыланған Өтінішпен (бұрын ұсынылғанның орнына) бір мезгілде, егер олар бұрын салық органына ұсынылмаған болса, осы Хаттаманың 20-тармағы 2 - 8-тармақшаларында көзделген құжаттар ұсынылады.

Егер нақтыланған Өтінішті (бұрын ұсынылғанның орнына) ұсыну бұрын ұсынылған салық декларациясына өзгерістер енгізуге әкеп соқпаса, онда, егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, салық төлеуші нақтыланған (қосымша) салық декларациясын ұсынбайды. Мұндай нақтыланған Өтінішті ұсыну тауарлардың импорты кезінде төленген, бұрын шегерімге жатқызуға қабылданған ҚҚС сомасын қайта қалпына келтіруге алып келмейді.

Нақтыланған Өтініш (бұрын ұсынылғанның орнына) мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген жағдайларда ұсынылмайды.

21<sup>1</sup>. Аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық органы импортталатын тауар санын толық көрсетпеу (көрсетпеу) себебі бойынша салық төлеушінің салықтық базаны кеміту (жасыру) фактісін анықтаған кезде бұл салық органы сұрау салу бойынша аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің салық органына, егер мұндай кеміту (жасыру) анықталған кезде соңғысының заңнамасында өтініш беру көзделмесе, жанама салықтарды алу фактісі туралы хабар береді

**Ескерту. 21<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

22. Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтарды төлемеген, осындай салықтарды осы Хаттаманың 19-тармағында белгіленген мерзіммен салыстырғанда әлдеқайда кеш мерзімде төлеген жағдайларда, сондай-ақ салық декларацияларын ұсынбау, оларды осы Хаттаманың 20-тармағында белгіленген мерзімді бұза отырып, ұсыну фактілері анықталған жағдайда, не салық декларацияларында көрсетілген деректердің мүше мемлекеттердің салық органдары арасындағы ақпарат алмасу шеңберінде алынған деректермен сәйкес келмеген жағдайларда салық органы аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде жанама салықтар мен өсімпұлдарды өндіріп алады, сондай-ақ жанама салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және осы мемлекеттің заңнамасында белгіленген жауаптылық шараларын қолданады.

Аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық органы осы Хаттаманың 20, 21, 23 және 24-тармақтарында көзделген салық төлеуші ұсынған құжаттарда анық емес деректер анықталған кезде аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің салық органына анықталған мән-жайлар туралы хабар береді.

Жанама салықтарды алуды жүзеге асырған мүше мемлекеттің салық органы:

тауарларды оның аумағына өткізудің болмау фактісі анықталған кезде өтінішті кері қайтарып алады және салық төлеушісі нөлдік мөлшерлемені және (немесе) акциздерді төлеуден босатуды қолданған мүше мемлекеттің салық органына кері қайтарып алу фактісі мен негізі туралы хабар береді;

салық төлеушісі нөлдік мөлшерлемені және (немесе) акциздерді төлеуден босатуды қолданған мүше мемлекеттің салық органына шағымдану нәтижелері бойынша өтінішті кері қайтарып алу туралы салық органының шешімін жарамсыз деп тану туралы хабар береді.

Өтінішті кері қайтарып алу салық органы тауарлар импорты кезінде оның жанама салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемені орындау есебіне салықтарды есепке жатқызу туралы шешімнің күшін жоюына байланысты тауарлар импорты кезінде жанама салықтарды төлемеу фактісін анықтаған және тауарлар импортын өтпеді деп санауға негіздер болмаған кезде жүзеге асырылмайды.

Осы Хаттаманың 20-тармағында көзделген салық декларациясымен бірге ұсынылған құжаттарда көрсетілген деректердің анық еместігін көрсететін мәліметтер болған кезде бір мүше мемлекеттің салық органы осындай мәліметтерді растау (растамау) мақсатында басқа мүше мемлекеттің салық органына сұрау салу жіберуге құқылы.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

23. Импортталған тауарларды оларды есепке қабылданған айда қайтарған кезде егер тауарлар тиісінше сапалы болмауы және (немесе) тиісінше жиынтықталмауы себептері

бойынша қайтарылса, бұл тауарлар импорты бойынша операциялар салық декларациясында көрсетілмейді.

Тауарларды тиісінше сапалы болмауы және (немесе) жиынтықталмауы себептері бойынша қайтару шарттың (келісімшарттың) қатысушылары келіскен талап қоюмен, сондай-ақ осындай тауарлармен одан әрі операциялар жасауға арналған тиісті құжаттармен расталуға тиіс. Мұндай құжаттарға тауарларды қабылдау-беру актілері (қайтарылған тауарларды тасымалдау болмаған жағдайда), көліктік (тауарлардың ілеспе) құжаттар (қайтарылған тауарларды тасымалдаған жағдайда), жою актілері немесе өзге де құжаттар жатады. Осындай тауарлар ішінара қайтарылған жағдайда көрсетілген құжаттар (олардың көшірмелері) салық органдарына осы Хаттаманың 20-тармағында көзделген құжаттармен бірге ұсынылады.

Импортталған тауарларды олар есепке алуға қабылданған ай біткен соң көрсетілген себептер бойынша қайтарған кезде салық төлеуші тиісті нақтыланған (қосымша) салық декларациясын және осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген құжаттарды (олардың көшірмелерін) салық органына ұсынады.

Осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген құжаттар мүше мемлекеттердің салық органдарының нормативтік құқықтық актілерімен немесе мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте электронды түрде ұсынылуы мүмкін. Көрсетілген құжаттардың пішімі мүше мемлекеттердің салық органдарымен не мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Тауарлар тиісінше сапалы болмауы және (немесе) тиісінше жиынтықталмауы себептері бойынша ішінара қайтарылған жағдайда, ішінара қайтарылған тауарлар туралы мәліметтерді көрсетпей-ақ салық органына нақтыланған (бұрын ұсынылғанның орнына) Өтініш ұсынылады. Көрсетілген Өтініш не қағаз жеткізгіште (төрт данада) және электронды түрде немесе салық төлеушінің электронды қолтаңбасы қойылған (электрондық-цифрлық) электронды түрде ұсынылады.

Тиісінше сапада болмауы және (немесе) тиісінше жиынтықталмауы себептері бойынша, мәліметтері бұрын ұсынылған Өтініште көрсетілген барлық тауарлар толығымен қайтарылған жағдайда, салық органына нақтыланған (бұрын ұсынылғанның орнына) Өтініш ұсынылмайды. Салық төлеуші мүше мемлекеттердің салық органдарының нормативтік құқықтық актілерінде немесе мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нысан бойынша және тәртіппен толығымен қайтарылған тауарлар туралы мәліметтер көрсетілген, бұрын ұсынылған Өтініштегі деректемелер туралы салық органына хабарлайды.

Тауарлар тиісінше сапада болмауы және (немесе) тиісінше жиынтықталмауы себептері бойынша ішінара немесе толығымен қайтарылған жағдайда, бұл тауарларды импорттаған кезде бұрын төленген шегерімге қабылданған ҚҚС сомаларын қалпына келтіру, егер мүше мемлекеттердің заңнамасында өзгеше көзделмесе, тауарларды қайтару жүргізілген салықтық кезеңде жүргізіледі.

24. Салық төлеушінің тауарларды есепке алып қабылдағаннан ай өткен соң олардың бағасы көтеріліп, импортталған тауарлардың құны өскен жағдайда, ҚҚС-ты төлеу мақсаттары үшін салықтық база импортталған тауарлардың өзгертілген және алдыңғы құны арасындағы айырмаға көбейтіледі. ҚҚС-ты төлеу және салық декларациясын тапсыру шартқа (келісімшартқа) қатысушылар импортталған тауарлардың бағасын өзгерткен айдан кейінгі айдың 20-сы күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Сатып алынған импортталған тауарлардың өзгертілген және алдыңғы құны арасындағы айырма салық төлеуші салық органына бір мезгілде тапсыратын салық декларациясында:

өтініш (өзгертілген және алдыңғы құн арасындағы айырма көрсетілген) қағаз жеткізгіште (төрт данада) және электронды түрде немесе салық төлеушінің электронды қолтаңбасымен (электрондық-цифрлық) электронды түрде;

импортталған тауарлардың бағасы өскенін, шот-фактураның түзетілгенін (егер оны шығару (көшіру) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделгенін) растайтын шарт (келісімшарт) немесе шарттың (келісімшарттың) қатысушыларымен көзделген өзге де құжаттар ұсынылады. Көрсетілген құжаттар мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмеде немесе мүше мемлекеттердің салық органдарының нормативтік құқықтық актілерінде не мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен электронды түрде ұсынылады. Көрсетілген құжаттардың пішімі мүше мемлекеттердің салық органдарының нормативтік құқықтық актілерінде не мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

25. Мүше мемлекеттің аумағында импорты оның заңнамасына сәйкес жанама салықтарды төлеусіз жүзеге асырылған тауарлар босату немесе өзге төлеу тәртібі берілген мақсаттарда емес, өзге мақсаттарда пайдаланылған жағдайда мұндай тауарлардың импортына осы бөлімде белгіленген тәртіппен жанама салықтар салынуы тиіс.

26. Бір мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше мемлекеттің аумағынан импортталған тауарлар бойынша төленген (есепке жатқызылған) жанама салықтардың сомалары аумағына тауарлар импортталған мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен шегерулерге (есепке жатқызуларға) жатады.

27. Акциздік маркалармен (есепке алу-бақылау маркаларымен, белгілермен) таңбалануға жататын тауарлар бойынша акциздерді алуды, егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, мүше мемлекеттің кеден органдары жүзеге асырады.

#### **IV. Жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібі**

28. Жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтар салу жұмыстарды, қызметтерді (осы Хаттаманың 31-тармағында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда) өткізу орны болып танылатын мүше мемлекетте жүзеге асырылады.

Жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде салық базасы, жанама салықтардың мөлшерлемелері, оларды салу тәртібі мен салықтық жеңілдіктер (салық салудан босату), егер осы бөлімде өзгеше белгіленбесе, аумағы жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны болып танылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалады.

Басқа мүше мемлекеттің салық органында есепте тұрған осы басқа мүше мемлекетте тек банк шотының ашылуына және (немесе) жылжымайтын мүлкінің және (немесе) көлік құралдарының және (немесе) өткізу орны жұмыстарды орындамайтын (қызметтер көрсетпейтін) өкілдігінің болуына байланысты ғана осы басқа мүше мемлекеттің аумағы болып табылатын бір мүше мемлекеттің салық төлеушісіне (ұйымына немесе дара кәсіпкерге) салық декларацияларын табыс ету және осы басқа мүше мемлекеттің бюджетіне ҚҚС төлеу жөніндегі міндет жүктелмейді.

Осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген салық төлеуші осы басқа мүше мемлекеттің аумағы өткізу орны болып танылатын жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындаған (көрсеткен) кезде осы басқа мүше мемлекеттің салық органында есепте тұрған сатып алушы-салық төлеуші (ұйым немесе дара кәсіпкер) осындай жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) бойынша осы басқа мүше мемлекеттің бюджетіне тиісті ҚҚС сомасын есептеуге және төлеуге (егер бұл осы басқа мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленсе, ұстап қалуға) міндетті.

Осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген салық төлеуші осы басқа мүше мемлекеттің аумағы өткізу орны болып танылатын жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындаған (көрсеткен) кезде дара кәсіпкер болып табылмайтын сатып алушы-жеке тұлға осы басқа мүше мемлекеттің бюджетіне тиісті ҚҚС сомасын есептеуді және төлеуді (ұстап қалуды) жүргізбейді.

Электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде ҚҚС алу осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 22.02.2024 № 63-VIII Заңымен.**

29. Мүше мемлекеттің аумағы, егер:

1) жұмыстар, қызметтер осы мүше мемлекеттің аумағындағы жылжымайтын мүлікпен тікелей байланысты болса жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны болып танылады.

Осы тармақшаның ережесі жылжымайтын мүлікті жалға алу, жалға беру және өзге де негіздерде пайдалануға беру жөніндегі қызметтерге қатысты да қолданылады;

2) жұмыстар, қызметтер осы мүше мемлекеттің аумағындағы жылжымалы мүлікпен, көлік құралдарымен тікелей байланысты болса;

3) мәдениет, өнер, оқыту (білім беру), дене шынықтыру, туризм, демалыс және спорт саласындағы қызметтер осы мүше мемлекеттің аумағында көрсетілсе;

4) осы мүше мемлекеттің салық төлеушісі:

консультациялық, заң, бухгалтерлік, аудиторлық, инжинирингтік, жарнамалық, дизайнерлік, маркетингтік қызметтерді, ақпаратты өңдеу жөніндегі қызметтерді (электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда), сондай-ақ ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-технологиялық (технологиялық) жұмыстарды;

электрондық құрылғылар мен дерекқорлардың кез келген түрлері үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді (электрондық құрылғылардың кез келген түрлері үшін бағдарламалық құралдар мен ақпараттық өнімдерді) әзірлеу, оларды бейімдеу және түрлендіру, осындай бағдарламалар мен дерекқорларды сүйемелдеу жөніндегі жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді (электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда);

егер персонал сатып алушының қызмет орнында жұмыс істеген жағдайда, персонал беру жөніндегі қызметтерді сатып алса жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны болып танылады.

Осы тармақшаның ережелері сондай-ақ:

патенттерді, лицензияларды, мемлекет қорғайтын өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды куәландыратын өзге де құжаттарды, сауда мараларын, тауар белгілерін, фирмалық атауларды, қызмет көрсету белгілерін, авторлық, сабақтас құқықтарды немесе өзге де осыған ұқсас құқықтарды (электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) беру, ұсыну;

көлік құралдарын жалға беруді, олардың лизингін және өзге де негіздерде пайдалануға беруді қоспағанда, жылжымалы мүлікті жалға беру, оның лизингі және өзге де негіздерде пайдалануға беру;

осы тармақшада көзделген жұмыстарды, қызметтерді орындау үшін шартқа (келісімшартқа) негізгі қатысушы үшін өзінің атынан тартатын тұлғаның не шартқа (келісімшартқа) негізгі қатысушының атынан басқа тұлғаның қызмет көрсетуі кезінде қолданылады;

Егер жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушы мүше мемлекеттің салық төлеушісі болып табылса, ал олардың тұтынушысы қызметін басқа мүше мемлекеттің аумағында жүзеге асыратын және (немесе) тұрған жері басқа мүше мемлекеттің аумағы болып табылатын оның филиалы немесе өкілдігі (тұрақты өкілдігі) болып табылса, онда осы басқа мүше мемлекеттің аумағы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылады;

электрондық нысанда қызметтер көрсету (мұндай көрсетілетін қызметтерді сатып алушының қызметін жүзеге асыру орны осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес айқындалады);

5) егер осы тармақтың 1 - 4-тармақшаларында өзгеше көзделмесе, осы мүше мемлекеттің салық төлеушісі жұмыстарды орындаса, қызметтерді көрсетсе, жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны болып танылады.

Осы тармақшаның ережелері көлік құралдарын жалға беру, лизинг және өзге де негіздерде пайдалануға беру кезінде де қолданылады.

б) осы мүше мемлекеттің салық төлеушісі осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген жұмыстарды орындайды, қызметтерді көрсетеді (электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда), оларды қызметін жүзеге асыратын немесе басқа мүше мемлекетте тұрақты тұратын және дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға сатып алады.

**Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII; 22.02.2024 № 63-VIII Заңдарымен.**

30. Жұмыстарды, қызметтерді өткізу орнын растайтын құжаттар (егер осы Хаттамада өзгеше көзделмесе) мыналар болып табылады:

мүше мемлекеттердің салық төлеушілері жасасқан, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған шарт (келісімшарт);

жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету фактісін растайтын құжаттар;

мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де құжаттар.

**Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 22.02.2024 № 63-VIII Заңымен.**

31. Бір мүше мемлекеттің аумағына екінші мүше мемлекеттің аумағынан әкелінетін, кейіннен басқа мүше мемлекеттің аумағына қайта өңдеу өнімдері түрінде әкетілетін алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды өткізу кезінде ҚҚС салу тәртібі мен олардың төленуін бақылауды қамтамасыз ету, егер осы бөлімде өзгеше белгіленбесе, осы Хаттаманың II бөліміне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте ҚҚС бойынша салықтық база алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі орындалған жұмыстардың құны есебінде айқындалады.

32. Осы Хаттаманың 31-тармағында көрсетілген жұмыстарды өткізу бойынша ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін қолдану негізділігін растау үшін салық органдарына салық декларациясымен бір мезгілде мынадай құжаттар (олардың көшірмелері) қағаз жеткізгіште:

1) мүше мемлекеттердің салық төлеушілері арасында жасалған шарт (келісімшарт);

2) жұмыстардың орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын құжаттар;

3) осы Хаттаманың 31-тармағында көрсетілген тауарларды әкелуді (әкетуді) растайтын құжаттар;

4) өтініш (мүше мемлекеттердің салық органдарының қалауы бойынша қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасы немесе көшірмелері) не өтініштер тізбесі (қағаз жеткізгіште немесе салық төлеушінің электронды қолтаңбасымен (электрондық-цифрлық) электронды түрде тапсырылады.

Өтініштер тізбесі осы Хаттаманың 4-тармағы 3-тармақшасында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

Одақтың шегінен тыс жерлерге алыс-беріс шикізаттың қайта өңдеу өнімдері әкетілген жағдайда салық органына өтініш (өтініштер тізбесі) ұсынылмайды.

Бір мүше мемлекеттің аумағынан алыс-беріс шикізаттың қайта өңдеу өнімдерін екінші мүше мемлекеттің аумағына әкетілген және екінші мүше мемлекеттің аумағындағы еркін кедендік аймақта немесе бос қоймаға кедендік рәсімдермен орналастырған жағдайда, осындай тауарлардың еркін кедендік аймақта немесе бос қоймаға кедендік рәсімдермен орналастырылуына сәйкес бірінші мүше мемлекеттің салық органына өтініштің (өтініштер тізбесінің) орнына екінші мүше мемлекеттің кеден органы куәландырған кедендік декларацияны тапсырады;

5) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдерін Одақтан тысқары әкетуді растайтын кеден декларациясы;

6) мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де құжаттар ұсынылады.

Осы тармақтың 4-тармақшасының 1, 2, 3, 5, 6-тармақшаларында және төртінші абзацында көзделінген құжаттар мүше мемлекеттердің салық органдарының нормативтік құқықтық актілерінде немесе мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен электронды түрде ұсынылуы мүмкін. Көрсетілген құжаттардың пішімі мүше мемлекеттердің салық органдарының немесе мүше мемлекеттердің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Егер салық декларациясымен бір мезгілде ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемелерін қолданудың негізділігін растайтын құжаттардың ұсынылмауы аумағында өңдеу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасынан туындаса, осы тармақта көзделген өтінішті (өтініштер тізбесін) қоспағанда, құжаттар салық органына ұсынылмайды.

33. Егер салық төлеуші салық салу тәртібі осы бөліммен реттелетін жұмыстардың, қызметтердің бірнеше түрлерін орындаған, көрсеткен жағдайда және бір жұмыстарды, қызметтерді өткізу басқа жұмыстардың, қызметтердің өткізілуіне қатысты қосалқы сипатта болған жағдайда, онда негізгі жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны қосалқы жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны болып танылады.

"Тауарлар экспорты мен импорты, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібі мен олардың төленуін бақылау тетігі туралы хаттамаға қосымша"

**Электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде қосылған құн салығын алу ТӘРТІБІ**

**Ескерту. Қосымшамен толықтырылды – ҚР 22.02.2024 № 63-VIII Заңымен.**

## **1. Жалпы ережелер**



1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 72-бабына және Тауарлар экспорты мен импорты, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібі және олардың төленуін бақылау тетігі туралы хаттамаға (бұдан әрі - Хаттама) (Шартқа № 18-қосымша) сәйкес әзірленді және бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі басқа мүше мемлекеттің салық төлеушісіне, сондай-ақ жеке тұлғаларға (басқа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлер және салық төлеушілер болып табылмайтын, бірақ осы Тәртіптің 6-тармағында көзделген қызметті жүзеге асыру орнын айқындау шарттарына сәйкес келетін) электрондық нысанда қызмет көрсеткен кезде ҚҚС алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар Хаттамада айқындалған мағыналарында қолданылады.

## **II. Электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтер тізбесін қалыптастыру**

3. Мүше мемлекеттер Комиссия Кеңесі бекітетін электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастырады.

4. Осы Тәртіп пен Хаттаманы қолдану мақсатында, атап айтқанда:

1) егер ақпараттық-телекоммуникация желісі арқылы, оның ішінде Интернет желісі арқылы тапсырыс беру кезінде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жеткізу осындай ақпараттық-телекоммуникация желісін пайдаланбай жүзеге асырылса, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу;

2) материалдық жеткізгіштердегі электрондық құрылғылардың (компьютерлік ойындарды қоса алғанда) кез келген түрлеріне және (немесе) материалдық жеткізгіштердегі дерекқорға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді (пайдалану құқықтарын беру) іске асыру;

3) ақпараттық-телекоммуникация желісіне, оның ішінде Интернет желісіне қолжетімділік беру бойынша қызметтер көрсету электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерге жатпайды.

## **III. Электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді сатып алушының қызметін жүзеге асыру орнын айқындау**

5. Егер мына шарттарының бірі орындалса:

1) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйым мемлекеттік тіркеу негізінде мүше мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асырса;

2) қызметтер осы мүше мемлекетте орналасқан, аталған ұйымның мемлекеттік тіркеу орны болып табылмайтын ұйымның филиалына, өкілдігіне, тұрақты өкілдігіне көрсетілсе не ұйымның осындай филиалы, өкілдігі, тұрақты өкілдігі үшін сатып алынса және олар оны тұтынған болса;

3) ұйымның тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органының орналасқан жері (басқару орны) осы ұйымның мемлекеттік тіркеу орны болып табылмайтын осы мүше мемлекетте орналасса және осы мүше мемлекетте ұйымның кәсіпкерлік қызметі іс жүзінде жүзеге асырылса, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер тұтынылса, мүше мемлекеттің аумағы қызметтерді электрондық нысанда сатып алатын ұйымның қызметін жүзеге асыру орны болып танылады.

6. Егер мына шарттардың бірі орындалса:

1) сатып алушының тұрғылықты жері (тұрақты немесе басым уақыт тұратын жері) осы мүше мемлекетте орналасса;

2) сатып алушы көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін пайдаланатын шот ашылған банктің немесе сатып алушы көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыратын электрондық ақша қаражаты операторының орналасқан жері осы мүше мемлекеттің аумағында орналасса;

3) қызметтерді сатып алу кезінде пайдаланылған сатып алушының желілік мекенжайы осы мүше мемлекетте тіркелсе (тиісті мекенжай кеңістігіне жатса);

4) сатып алушы көрсетілетін қызметтерді сатып алу немесе оған ақы төлеу үшін пайдаланатын телефон нөмірі елінің халықаралық кодын осы мүше мемлекет берсе, мүше мемлекеттің аумағы жеке тұлғаның, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерді сатып алатын дара кәсіпкердің қызметін жүзеге асыру орны болып танылады.

7. Электрондық нысанда қызметтерді сатып алатын дара кәсіпкердің қызметін жүзеге асыру орны, егер бұл осы Тәртіп күшіне енгеннен кейін қабылданған, дара кәсіпкер тіркелген мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленсе, осы Тәртіптің 5-тармағында көзделген, ұйымдар үшін қолданылатын шарттардың негізінде айқындалады.

8. Егер осы Тәртіптің 6-тармағында көзделген шарттарға сәйкес - көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда сатып алатын жеке тұлғаның қызметін жүзеге асыру орны бір мүше мемлекеттен көп аумақта, танылуы мүмкін болған жағдайда, сатушы мүше мемлекеттің аумағында көрсетілген шарттардың көп санының бір мезгілде сақталуын негізге ала отырып, осындай жеке тұлғаның қызметін жүзеге асыру орнын айқындайды.

6-тармақта көрсетілген шарттардың тең санын бір мезгілде сақтаған кезде бірнеше мүше мемлекеттердің аумақтарында сатушы электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді сатып алушылардың шектелмеген тобы үшін қолданылатын тәсілдерді негізге ала отырып, осындай жеке тұлғаның қызметін жүзеге асыру орнын дербес айқындайды.

#### **IV. Электрондық нысанда қызмет көрсету кезінде ҚҚС төлеу**

9. Осы Тәртіптің 11-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметін жүзеге асыру орны басқа мүше мемлекеттің аумағы болып танылған жеке тұлғаларға электрондық нысанда қызметтер көрсететін бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі ҚҚС төлеу мақсатында осы басқа мүше мемлекеттің салық органында есепке қойылуға жатады. Есепке қою көрсетілген салық органының Интернет желісіндегі ақпараттық ресурсты (бұдан әрі - ақпараттық ресурс) пайдалану арқылы не, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, аумағы осындай көрсетілетін қызметтерді іске асыру орны болып табылатын мүше мемлекеттің салық органында шартты түрде тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

10. Осы Тәртіптің 11-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚҚС төлеу мақсатында қызметін жүзеге асыру орны басқа мүше мемлекеттің аумағы болып танылған ұйымдарға және (немесе) дара кәсіпкерлерге электрондық нысанда қызметтер көрсететін бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі, егер мұндай міндет осы басқа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, осы басқа мүше мемлекеттің салық органында есепке қойылуға жатады.

Егер аумағы электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып табылатын мүше мемлекеттің салық органында салық төлеуші-сатушыны есепке қою жөніндегі міндет осындай мүше мемлекеттің заңнамасында көзделмеген болса, онда көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда сатып алатын ұйымдар және (немесе) дара кәсіпкерлер өз мүше мемлекетінің заңнамасында көзделген тәртіппен ҚҚС есептеу және төлеу (ұстап қалу) жөніндегі міндеттерді жүзеге асырады.

Егер салық төлеуші-сатушылар осындай басқа мүше мемлекеттің салық органында есепке қоюды жүзеге асырмаса (сатып алушының қызметін жүзеге асыру орны бойынша мүше мемлекеттің заңнамасында есепке қою жөніндегі міндет көзделген жағдайда), онда ҚҚС есептеу және төлеу (ұстап қалу) жөніндегі міндетті көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда сатып алатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер өзінің мүше мемлекетінің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Егер сатып алушының қызметін жүзеге асыру орны болып танылған мүше мемлекеттің заңнамасында жеке тұлғаларға, оның ішінде дара кәсіпкерлерге не дара кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғаларға электрондық нысанда қызметтер көрсетуге байланысты негіз бойынша ғана осындай мүше мемлекеттің салық органында есепке қою көзделсе, бірақ салық төлеуші-сатушы жеке тұлғаларға, оның ішінде дара кәсіпкерлерге, сол сияқты ұйымдарға да осындай қызметтер көрсетуді жүзеге асырса, онда ұйымдар және (немесе) дара кәсіпкерлер электрондық нысанда сатып алынған көрсетілетін қызметтерге қатысты ҚҚС есептеу және төлеу (ұстап қалу) жөніндегі міндетті сатып алушының қызметін жүзеге асыру орны деп танылған мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерді сатып алатын осындай ұйымдар және (немесе) дара кәсіпкерлер жүзеге асырады.

Электрондық нысанда қызметтер көрсететін ұйымдардың тізімі көрсетілген ұйымдарды электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерін сатып алу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің салық органдарында есепке қою күні, төлеушінің есептік нөмірі немесе салық - төлеушінің сәйкестендіру нөмірі немесе салық төлеушінің тіркеу нөмірі (болған кезде) көрсетіле отырып, Интернет желісінде мүше мемлекеттердің салық органдарының ресми сайттарында орналастырылуы тиіс.

11. Бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі басқа мүше мемлекеттің аумағы өткізу орны болып танылатын қызметтерді электрондық нысанда көрсеткен кезде, осы басқа мүше мемлекеттің салық органдарында есепте тұрған, осы басқа мүше мемлекетте осындай көрсетілетін қызметтерді сатып алушылармен электрондық нысанда қызметтер көрсететін салық төлеушімен жасалған шарттың негізінде есеп айырысуларға тікелей қатысатын ұйым (дара кәсіпкер) делдал болған кезде, ҚҚС есептеуді және төлеуді (ұстауды) электрондық нысанда қызмет көрсететін салық төлеуші емес, есеп айырысудағы осындай делдал жүргізеді.

Бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі басқа мүше мемлекеттің аумағы өткізу орны болып танылатын қызметтерді электрондық нысанда көрсеткен кезде бірінші мүше мемлекеттің салық органдарында немесе аумағы осындай қызметтерді өткізу орны болып танылмайтын өзге мүше мемлекеттердің салық органдарында есепте тұрған электрондық нысанда қызметтер көрсететін осындай салық төлеушімен жасалған шарт негізінде осы басқа мүше мемлекетте осындай көрсетілетін қызметтерді сатып алушылармен тікелей есеп айырысуға қатысатын ұйым (дара кәсіпкер) делдал болған кезде, егер осы Тәртіптің 9 және 10-тармақтарына сәйкес осындай салық төлеушінің осы басқа мүше мемлекетте салықты есепке қою және төлеу жөніндегі міндеті туындаса, ҚҚС есептеуді және төлеуді (ұстауды) электрондық нысанда қызметтер көрсететін салық төлеуші емес, есеп айырысудағы осындай делдал жүргізеді.

Есеп айырысуларда бірнеше делдалдардың қатысуымен электрондық нысанда қызметтер көрсетілген жағдайда ҚҚС есептеуді және төлеуді (ұстауды) осындай делдалдың салық төлеуші-сатушымен шартының бар-жоғына қарамастан, сатып алушымен есеп айырысуға тікелей қатысатындар жүргізеді.

Осы тармақтың бірінші - үшінші абзацтарында көрсетілген жағдайларда басқа мүше мемлекеттің салық органында есепке қою, ҚҚС бойынша салық декларацияларын ұсыну, ҚҚС төлеу және салық төлеуші үшін осы Тәртіппен айқындалған өзге де міндеттерді орындау бойынша осы Тәртіптің талаптары есеп айырысуларда көрсетілген делдалға қолданылады.

Салық төлеуші-сатушы электрондық нысанда дербес түрде, сондай-ақ электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып табылатын мүше мемлекетте орналасқан оның филиалы, өкілдігі, тұрақты өкілдігі арқылы қызметтер көрсеткен жағдайларға осы тармақтың ережелері қолданылмайды.

12. Электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде осындай қызметтер көрсететін салық төлеушілерді және осы Тәртіптің 11-тармағында көрсетілген есеп айырысудағы делдалдарды салық органында есепке қою (есептен шығару) тәртібі, салықтық база, ҚҚС мөлшерлемелері, ҚҚС есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері, салықтық жеңілдіктер (салық салудан босату), сондай-ақ ҚҚС-тың артық төленген сомаларын қайтару (есепке жатқызу) тәртібі, егер осы Тәртіптің 15-тармағында өзгеше көзделмесе, аумағы осындай қызметтерді өткізу орны болып танылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалады.

13. Егер бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі осы басқа мүше мемлекеттің аумағында көрсетілген электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтер бойынша ҚҚС төлеу үшін басқа мүше мемлекеттің салық органында есепте тұрса, және бұл ретте осы басқа мүше мемлекеттің аумағы өткізу орны болып танылатын, Хаттаманың 29-тармағы 1) - 4) тармақшаларында көзделген жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша өзге де операцияларды жүзеге асырса, онда осы өзге операциялар бойынша ҚҚС төлеу, егер осы басқа мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, осы Тәртіптің 9 және 10-тармақтарында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

14. Егер бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі осы Тәртіптің 9 -11-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша есепке қойылуға жатса немесе басқа мүше мемлекеттің салық органында есепте тұрса, онда ол аумағы көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылатын мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген нысан бойынша не осы мүше мемлекеттің құзыретті органы бекіткен нысан бойынша тиісті салық декларациясын салық органына ұсынады. Көрсетілген салық декларациясы аумағы көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылатын мүше мемлекеттің салық органының ақпараттық ресурсы арқылы салық органына ұсынылады.

Егер салық декларациясы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ұсынылмаса, онда салық төлеуші осы тармақтың бірінші абзацында көзделген салық декларациясын салық органына беру міндеттемесін орындамай, белгіленген мерзімге ҚҚС төлеуді жүргізеді.

Бақылау іс-шараларын жүргізу шеңберінде аумағы электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылатын мүше мемлекеттің салық органы осындай қызметтерді көрсететін салық төлеушіден көрсетілетін қызметтерді өткізу орнын, ҚҚС төлеудің толықтығы мен уақтылығын растау үшін қажетті мәліметтерді және белгіленген мерзімге ҚҚС төленгенін растайтын төлем құжатын ( құжаттарын) немесе оның көшірмесін талап етуге құқылы.

Талап етілетін құжаттар салық органының талабында көрсетілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде сұрау салушы салық органына электрондық түрде ұсынылуға жатады. Салық төлеушінің өтініші негізінде салық органы мәліметтерді және (немесе) төлем құжаттарын ұсыну мерзімін ұзарта алады.

15. Бір мүше мемлекеттің салық төлеушісі қызметтерді электрондық нысанда көрсеткен және басқа мүше мемлекеттің аумағы өткізу орны болып танылатын, Хаттаманың 29-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі өзге де операцияларды жүзеге асырған кезде, тоқсанның немесе айдың соңғы күні (егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ай салық кезеңі болып табылса), көрсетілген қызметтерге (орындалған жұмыстарға) төлемақы (ішінара төлемақы) немесе алдағы қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) есебінен төлемақы (ішінара төлемақы) түскен салық базасын айқындау кезі (күні) болып табылады.

Егер аумағы осындай көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өткізу орны болып танылатын мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, салықтық базаны айқындау кезінде шетел валютасындағы көрсетілген қызметтердің (жұмыстардың) құны салықтық базаны айқындау сәтіне (күніне) сәйкес келетін күні мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкінің бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептеледі.

16. Осы Тәртіптің 9 және 14-тармақтарында көзделген ақпараттық ресурстар құрылғанға дейін электрондық нысанда қызмет көрсететін ұйымдарда немесе делдал болуы кезінде осындай қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарда ҚҚС есептеу және төлеу (ұстау) жөніндегі міндеттер туындамайды.

Мұндай міндет, егер бұл міндет аумағы электрондық нысандағы көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, тиісінше электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерді сатып алатын ұйымға (дара кәсіпкерге) жүктеледі.

Аумағы электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерді өткізу . орны болып табылатын мүше мемлекеттің салық орғанында шартты түрде тіркеуді жүзеге асырған салық төлеуші-сатушыға осы тармақтың ережелері қолданылмайды.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 19 ҚОСЫМША

## **Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы**

### **ХАТТАМА**

#### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың (бұдан әрі - Шарт ) XVIII бөліміне сәйкес әзірленген және оның қолданылу ерекшеліктерін, екі және одан көп мүше мемлекеттердің аумағындағы трансшекаралық нарықтарда (бұдан әрі - трансшекаралық нарық), бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын Комиссияның мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен өзара іс-қимылын қоса алғанда, трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін, бәсекелестік (

монополияға қарсы) заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимылы қағидаттарын айқындайды, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеуді енгізу және мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдерін даулау тәртібін айқындайды.

2. Осы Шартта пайдаланылатын, сондай-ақ Шарттың XVIII бөлімінің мақсаттары үшін келесі терминдер мынаны білдіреді:

1) "сатылас келісім" - бірі тауарды сатып алатын немесе оның әлеуетті сатып алушысы болып табылатын, ал екіншісі тауарды ұсынатын немесе оның әлеуетті сатушысы болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілері (нарық субъектілері) арасындағы келісім;

2) "өзара алмастырылатын тауарлар" - өзінің функционалдық арналымы, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары, бағасы және басқа да параметрлері бойынша салыстыруға болатын, осылайша сатып алушы тұтыну кезінде (оның ішінде өндірістік мақсаттарда тұтыну кезінде) бір тауар екіншісімен шынымен алмастырылатын немесе алмастыруға дайын болатын тауарлар;

3) "мемлекеттік бағалық реттеу" - мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бағалар (тарифтер), бағаларға (тарифтерге) үстемелер, ең жоғарғы немесе ең төменгі бағалар (тарифтер), бағаларға (тарифтерге) ең жоғарғы немесе ең төменгі үстемелерді мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен белгілеуі;

4) "мемлекеттік немесе муниципалды преференция" - мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының көрсетілген органдардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдардың немесе ұйымдардың жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) мемлекеттік немесе муниципалдық мүлікті, азаматтық құқықтардың өзге де объектілерін беру жолымен немесе мүліктік жеңілдіктер, мемлекеттік немесе муниципалдық кепілдіктер беру жолымен оларға қызметтің аса тиімді жағдайларын қамтамасыз ететін артықшылықтарды беруі;

5) "тұлғалар тобы" - мынадай белгілердің біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін жеке тұлғалардың және (немесе) заңды тұлғалардың жиынтығы.

егер мұндай жеке тұлға немесе мұндай заңды тұлға өзінің осы шаруашылық қоғамға (серіктестікке, шаруашылық әріптестікке) қатысу күші болса немесе алынған, оның ішінде жазбаша келісім негізінде басқа тұлғалардан алынған өкілеттіктерге сәйкес осы шаруашылық қоғамның (серіктестіктің, шаруашылық әріптестіктің) жарғылық (қалыптаспа) капиталындағы дауыс беру акцияларына (үлесіне) сәйкес келетін дауыстың жалпы санының 50 пайызынан астамына ие болса, шаруашылық қоғам (серіктестік, шаруашылық әріптестік) және жеке тұлға немесе заңды тұлға;

егер мұндай жеке тұлға немесе мұндай заңды тұлға осы шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) жеке-дара атқарушы органының функциясын жүзеге

асырса, шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) және жеке тұлға немесе заңды тұлға;

егер мұндай жеке тұлға немесе мұндай заңды тұлға осы шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) құрылтай құжаттары немесе осы шаруашылық жүргізуші субъектісімен (нарық субъектісімен) жасалған шарттар (келісімдер) негізінде осы шаруашылық жүргізуші субъектіге (нарық субъектісіне) орындау үшін міндетті тапсырмалар беруге құқылы болса, шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) және жеке тұлға немесе заңды тұлға;

алқалық атқарушы органның және (немесе) директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестің, қор кеңесінің) сандық құрамының 50 пайыздан астамын белгілі бір жеке тұлғалар құрайтын шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері);

жеке тұлға, оның жұбайы-зайыбы, ата-аналары (оның ішінде бала асырап алушылар), балалары (оның ішінде асырап алынғандар), аға-інілері мен апа-сіңлілері;

тұлғаның әрқайсысы осы тармақтың екінші - алтыншы абзацтарында көрсетілген қандай да бір негіз бойынша сол бір ғана тұлғамен топқа кіретін, сондай-ақ басқа да тұлғалар осындай тұлғалардың кез келгенімен осы тармақтың екінші - алтыншы абзацтарында көрсетілген қандай да бір негіз бойынша топқа кіретін тұлғалар;

егер тұлғалар өзінің осы шаруашылық қоғамға (серіктестікке) бірлесіп қатысуына орай немесе басқа тұлғалардан алынған өкілеттіктерге сәйкес осы шаруашылық қоғамның (серіктестіктің, шаруашылық әріптестіктің) жарғылық (қалыптаспа) капиталындағы дауыс беру акциясына (үлесіне) сәйкес келетін дауыстың жалпы санының 50 пайызынан астамына ие болса, осы тармақтың екінші - жетінші абзацтарында көрсетілген қандай да бір белгілер бойынша бір тұлғалар тобына кіретін шаруашылық қоғам (серіктестік, шаруашылық әріптестік), жеке және (немесе) заңды тұлғалар.

Тұлғалар тобы біртұтас шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) ретінде қарастырылады, ал Шарттың XVIII бөлімінің және осы хаттаманың шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) қатысты ережелері, осы Хаттамада көзделген жағдайларды қоспағанда, тұлғалар тобына қолданылады.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында мүше мемлекеттер аумағында бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатты іске асыру мақсатында "тұлғалар тобы" деген ұғымның нақтылануы, оның ішінде бір тұлғаның акцияларын (үлестерін) екінші тұлғаның жарғылық (қалыптаспа) капиталында иелік ету (қатысу) мөлшерінің мәні бөлігінде нақтылануы мүмкін, мұндай кезде тұлғалар тобы мұндай иелік етуді (қатысуды) таниды;

б) "кемсітушілік шарттары" - осы Шартта және/немесе барлық мүше мемлекеттердің басқа да халықаралық шарттарында көзделген талаптарды, шектеулерді және ерекшеліктерді ескере отырып, шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) немесе бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық



субъектілері) екінші шаруашылық жүргізуші субъектімен (нарық субъектісімен) немесе басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілермен (нарық субъектілерімен) салыстырғанда тең емес жағдайға қойылған кезде тауар нарығына кіру шарты, тауарларды өндіру, айырбастау, тұтыну, сатып алу, сату, өзге де беру шарттары;

7) "үстем жағдай" - тиісті тауар нарығында осындай шаруашылық жүргізуші субъектіге (нарық субъектісіне) (тұлғалар тобына) не осындай шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) (тұлғалар топтарына) тиісті тауар нарығында тауар айналысының жалпы жағдайына елеулі шешуші ықпал етуге және (немесе) осы тауар нарығынан басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерді (нарық субъектілерін) жоюға және (немесе) басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) осы тауар нарығына кіруін қиындатуға мүмкіндік беретін белгілі бір тауар нарығындағы шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) (тұлғалар тобының) не шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) (тұлғалар топтарының) жағдайы;

8) "бәсекелестік" - шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) әрқайсысының дербес жасаған іс-әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналымының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты тәртіппен ықпал ету мүмкіндігі жойылатын немесе шектелетін жарыспалылығы;

9) "құпия ақпарат" - мүше мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) жататын ақпаратты қоспағанда, оған қол жеткізу мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шектелген ақпараттың барлық түрі;

10) "экономикалық қызметті үйлестіру" - шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) іс-қимылдарын мұндай шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) ешбірімен бір тұлғалар тобына кірмейтін және шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) келісілген іс-қимылдары жүзеге асырылатын тауар нарығында (тауар нарықтарында) қызметін жүзеге асырмайтын үшінші тұлғамен келісу;

11) "жанама бақылау" - араларында тікелей бақылау бар заңды тұлға немесе бірнеше заңды тұлғалар арқылы заңды тұлға қабылдайтын шешімді заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның айқындау мүмкіндігі;

12) "монополиялық жоғары баға" - егер осы баға осындай тауарды өндіру және өткізу үшін қажет шығыстар мен пайда сомасынан, Одақ немесе оның шегінен тыс жерлердегі аумақта мұндай нарық болған кезде тауарды сатып алушылар немесе сатушылар құрамы, тауар айналымының шарттары, тауар нарығына кіру шарттары, салық салу және кедендік-тарифтік реттеуді қоса алғанда, мемлекеттік реттеу бойынша тауар нарығындағы (бұдан әрі - салыстырмалы тауар нарығы) бәсекелестік жағдайларда қалыптасқан бағадан асып кетсе, үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) белгілеген баға. Мүше мемлекеттердің

заңнамасына сәйкес айқындалған осындай тауар тарифі шегінде табиғи монополия субъектісі белгілеген баға монополиялық жоғары баға болып танылмайды;

13) "монополиялық төмен баға" - егер осы баға нақты немесе осындай тауарды өндіру және өткізу үшін қажет шығыстар мен пайда сомасынан төмен және Одақ немесе оның шегінен тыс жерлердегі аумақта мұндай нарық болған кезде салыстырмалы тауар нарығындағы бәсекелестік жағдайда қалыптасқан бағадан төмен болса, үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) белгілеген баға;

Егер тауарды сатушының бағаны белгілеуі тиісті тауар нарығында тауарды сатушылармен немесе сатып алушылармен бір тұлғалар тобына кірмейтін шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) санының қысқаруына байланысты бәсекелестікті шектеуге алып келмесе немесе шектей алмаса, баға монополиялық тұрғыдан төмен деп танылмайды;

14) "жосықсыз бәсеке" - мүше мемлекеттердің заңнамасына және (немесе) іскерлік айналым дәстүріне, қайырымдылық, парасаттылық және әділеттілік талаптарына қайшы келетін және басқа бәсекелес шаруашылық жүргізуші субъектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін не олардың іскерлік беделіне зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) (тұлғалар тобының) немесе бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) (тұлғалар топтарының) кәсіпкерлік қызметтегі артықшылықтарды иеленуге бағытталған кез келген әрекеттері;

15) "бәсекелестікті шектеу белгілері" - тауар нарығында бір тұлғалар тобына кірмейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) санын қысқарту, тауар нарығында тауар айналымының өзге де жалпы жағдайларының тиісті өзгерістеріне байланысты емес тауар бағаларының өсуі немесе төмендеуі, бір тұлғалар тобына кірмейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) тауар нарығындағы дербес әрекеттерден бас тартуы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) арасындағы келісіммен немесе олардың орындауы үшін міндетті өзге тұлғаның нұсқауларына сәйкес не бір тұлғалар тобына кірмейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) тауар нарығындағы өз әрекеттерін келісу нәтижесінде тауар нарығында тауар айналымының жалпы жағдайларын айқындау, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектіге (нарық субъектісіне) немесе бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектіге (нарық субъектілеріне) бір жақты тәртіппен тауар нарығындағы тауар айналымының жалпы жағдайларына әсер етуге мүмкіндік беретін өзге де мән-жайлар;

16) "тікелей бақылау" - заңды немесе жеке тұлғаның мынадай бір немесе бірнеше іс-қимылдар:

оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыру;

заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын айқындау құқығын алу;

занды тұлғаның жарғылық (қалыптаспа) капиталын құрайтын акциясына (үлесіне) сәйкес келетін дауыстың жалпы санының 50-ден астам пайызына иелік ету арқылы заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді айқындау мүмкіндігі;

17) "келісім" - құжатта немесе бірнеше құжатта қамтылған жазбаша нысандағы уағдаластық, сондай-ақ ауызша нысандағы уағдаластық;

18) "тауар" - сатуға, айырбастауға және айналымға өзге де енгізуге арналған азаматтық құқықтар объектісі (оның ішінде жұмыс, қаржы қызметін қоса алғанда, көрсетілетін қызмет);

19) "тауар нарығы" - экономикалық, техникалық немесе өзге мүмкіндіктерге не орындылықты негізге ала отырып, шекараларында (оның ішінде географиялық) сатып алушы тауар сатып ала алатын және мұндай мүмкіндік не орындылық оның шегінен тыс жерлерде жоқ, басқа тауармен алмастырылмайтын немесе бірін-бірі алмастыратын тауар айналымының саласы;

20) "шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі)" - өзіне табыс әкелетін қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйым, коммерциялық емес ұйым, дара кәсіпкер, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кәсіби табыс әкелетін қызметі мемлекеттік тіркелуге және (немесе) лицензиялануға жататын жеке тұлға;

21) "экономикалық шоғырлану" - мәмілелер, жүзеге асырылуы бәсекелестіктің жай-күйіне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін өзге де әрекет.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; 30.01.2024 № 56-VIII Заңдарымен.**

3. Шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) үстем жағдайы мынадай мән-жайларды талдауды негізге ала отырып, белгіленеді:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) үлесі және оның бәсекелестері мен сатып алушыларының үлестерімен арақатынасы;

2) шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) біржақты тәртіппен тауар бағасының деңгейін айқындау және тиісті тауар нарығында тауар өткізудің жалпы жағдайына шешуші ықпал ету мүмкіндігі;

3) тауар нарығына кіру үшін экономикалық, технологиялық, әкімшілік немесе өзге де шектеулердің болуы;

4) жұмыс істеу кезеңінде шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) тауар нарығында тауар айналымының жалпы жағдайына шешуші ықпал ету мүмкіндігі.

4. Траншекаралық нарықтағы шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) үстем жағдайын Комиссия бекітетін Траншекаралық нарықтағы бәсекелестіктің жай-күйін бағалау әдістемесіне сәйкес Комиссия белгілейді.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

## **II. Келісімдер мен алып қоюға жол берушілік**

5. Шарттың 76-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген келісімдер, сондай-ақ Шарттың 76-бабының 3-тармағында белгіленген салдарларға әкеп соғуы мүмкін бірлескен қызмет туралы шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) келісімдері, егер олар шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) осы келісімдердің мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болып табылатын шектеулер қоймаса және тиісті тауар нарығында бәсекелестікті жою үшін мүмкіндік жасамаса және егер шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) мұндай келісімдер өз нәтижесінде:

1) тауарлар өндіруді (өткізуді) жетілдіруге немесе техникалық (экономикалық) прогреске ынталандыруға не әлемдік тауар нарығында мүше мемлекеттердің тауар өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға;

2) тиісті тұлғалардың мұндай іс-қимылдарды жасаудан иеленетін артықшылықтардың (пайдалардың) мөлшерлес бөлігін тұтынушылардың алуына әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін деп дәлелдесе жарамды деп танылуы мүмкін.

6. Егер:

1) мұндай келісім коммерциялық концессияның шарттары болып табылса;

2) мұндай келісімнің қатысушысы болып табылатын, "сатылы" келісімнің нысанасы болып табылатын әрбір шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) үлесі тауардың тауар нарығында 20 пайыздан аспаса, "сатылы" келісімге жол беріледі.

7. Шарттың 76-бабының 3 — 6-тармақтарының ережелері, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) бірінің оларды бір уақытта орындауына жол берілмейтін қызмет түрлерін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші нарық субъектілері (нарық субъектілері) арасындағы келісімдерді қоспағанда, егер бір шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) екінші шаруашылық жүргізуші субъектіге (нарық субъектісіне) қатысты тікелей немесе жанама бақылау белгілеген болса не егер мұндай шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) бір тұлғаның тікелей немесе жанама бақылауында болса, бір тұлғалар тобына кіретін шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасындағы келісімге қолданылмайды.

### **III. Бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау**

8. Мүше мемлекеттердің аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын жеке тұлғаларының және коммерциялық емес ұйымдарының Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жүзеге асырады.

9. Жолын кесу мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын трансшекаралық қаржы нарықтарында бәсекелестікке теріс әсер ететін

бұзушылықтарды қоспағанда, егер мұндай бұзушылық трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болса, мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын жеке тұлғаларының және коммерциялық емес ұйымдарының Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді Комиссия жүзеге асырады.

#### 10. Комиссия:

1) трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін, Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілерінің болуы туралы өтінішті (материалдарды) қарауды (бұдан әрі - өтінішті қарау);

2) трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуына тергеп-тексеру жүргізуді (бұдан әрі - тергеп-тексеру жүргізу);

3) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының, мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің), мүше мемлекеттердің билік органдарының, жеке тұлғалардың өтініштері негізінде немесе жеке бастамасы бойынша трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін, Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы істі қозғауды және қарауды (бұдан әрі - істі қарау);

4) ұйғарым, трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуына алып келуі мүмкін әрекеттерді жасауға жол бермеу туралы алдын ала ескерту (бұдан әрі - алдын ала ескерту) шығаруды, сондай-ақ мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) орындауы үшін міндетті шешімдер, оның ішінде:

Шарттың XVIII бөлімінде және осы Хаттамада көзделген жағдайларда мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне (нарық субъектілеріне) айыппұл санкцияларын қолдану;

бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуын тоқтатуға, оларды бұзу салдарын жоюға, бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау;

трансшекаралық нарықта бәсекелестіктің туындауына кедергі болып табылуы мүмкін және (немесе) бәсекелестікті шектеуге, жоюға және Шарттың XVIII бөлімінде және осы Хаттамада көзделген жағдайларда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуына алып келуі мүмкін әрекеттерге жол бермеу туралы шешімдер қабылдауды;

5) мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне (нарық субъектілеріне), сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын жеке тұлғаларына және коммерциялық емес ұйымдарына бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілерін қамтитын әрекеттерді (әрекетсіздікті) тоқтату қажеттігі туралы және (немесе) осындай бұзушылық

белгілерінің туындауына ықпал еткен себептер мен шарттарды жою туралы және осындай әрекеттердің (әрекетсіздіктің) салдарын жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ескерту (бұдан әрі - ескерту) беруді;

б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары өкілдерінің қатысуымен және өзге де тұлғаларды тарту мүмкіндігімен консультациялар (қажет болған кезде) өткізуді;

б<sup>1</sup>) мүше мемлекеттердің заңнамасына Шарттың XVIII бөлімінің және осы Хаттаманың ережелеріне сәйкестігі тұрғысынан мониторингті және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізуді;

7) мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, олардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдары мен ұйымдарынан, заңды және жеке тұлғалардан ақпаратты, оның ішінде трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті құпия ақпаратты сұратуды және алуды;

8) трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жай-күйі және бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу бойынша қабылданатын шаралар туралы жылдық есепті жыл сайын Үкіметаралық кеңестің қарауына ұсынуды және мақұлданған есепті Интернет желісіндегі Одақтың ресми сайтына орналастыруды;

9) бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы қаралған істер бойынша шешімдерді Интернет желісіндегі Одақтың ресми сайтына орналастыруды;

10) Шарттың XVIII бөлімінің және осы Хаттаманың ережелерін іске асыру үшін қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңдарымен.**

11. Өтінішті қарау тәртібін, тергеп-тексеру жүргізу тәртібін, істі қарау тәртібін, сондай-ақ алдын ала ескерту жасау тәртібін Комиссия бекітеді. Құпия ақпаратты қоспағанда, Комиссия істі қарау мақсаттары үшін жүргізген бәсекелестіктің жай-күйін талдау нәтижелері Комиссияның істі қарау нәтижелері бойынша қабылданатын шешіміне енгізіледі.

Сондай-ақ Шарттың XVIII бөлімінің ережелерін және осы Хаттаманы іске асыру үшін қажетті, трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсаттары үшін Комиссия:

бәсекелестіктің жай-күйін бағалау әдістемесін;

монополиялық жоғары (төмен) бағаларды айқындау әдістемесін;

айыппұлды есептеу және салу тәртібінің әдістемесін;

экономиканың әртүрлі салаларында бәсекелестіктің жалпы қағидаларын қолдану ерекшеліктерін (қажет болған жағдайда);

Комиссияның және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара (оның ішінде ақпараттық) іс-қимыл жасау тәртібін;

трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жай-күйі және олардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу бойынша қабылданатын шаралар туралы есепті дайындау тәртібін;

шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) Шарттың 76-бабының 3 - 5-тармақтарына сәйкес жол берілмейтін келісімді жасасқаны туралы, сол сияқты оған қатысқаны туралы ерікті түрде мәлімдеген кезде жауаптылықтан босату тәртібін бекітеді.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

12. Шарттың 76-бабында белгіленген трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтініштерді қарауды, тергеп-тексерулер жүргізуді, істердің материалдарын дайындауды және алдын ала ескертулер жасауды қамтамасыз етуді Комиссияның тиісті құрылымдық бөлімшесі ( бұдан әрі - Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі) жүзеге асырады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

13. Өтінішті қарау, тергеп-тексеруді жүргізу, істі қарау, алдын ала ескерту жасау туралы мәселені қарау кезінде Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, олардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдарынан немесе ұйымдарынан, заңды және жеке тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратады. Бұл жағдайда тиісті сұрау салу Комиссия атынан жіберілген болып есептеледі.

Мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (нарық субъектілері), коммерциялық емес ұйымдары, мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдар немесе ұйымдар (олардың лауазымды адамдары), жеке тұлғалар Комиссияның сұрау салуы бойынша белгіленген мерзімде өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес Комиссияға қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді, түсіндірмелерді Комиссияға беруге міндетті.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; 19.04.2024 № 75-VIII Заңдарымен.**

13<sup>1</sup>. Өтінішті қарау шеңберінде, осы Хаттаманың 13-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікке жол бермеуге, оны шектеуге, жоюға алып келетін немесе алып келуі мүмкін әрекеттердің жолын кесу мақсатында Комиссия Алқасының бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу мәселелеріне жетекшілік ететін мүшесі мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектісіне (нарық субъектісіне), сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын жеке тұлғалары мен коммерциялық емес ұйымдарына ескерту береді.

Ескертуді дайындау, беру, жіберу және оны орындау мерзімін ұзарту рәсімі өтініштерді қарау тәртібімен айқындалады.

**Ескерту. 13<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

13<sup>2</sup>. Ескерту мынадай жағдайлардың бірінде берілмейді:

1) Шарттың 76-бабына сәйкес тыйым салынған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (нарық субъектілері) арасындағы келісімдер белгілерінің анықталуы;

2) шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) үстем жағдайын тауардың монополиялық жоғары немесе монополиялық төмен бағасын белгілеу, ұстап тұру бөлігінде теріс пайдалану белгілерінің анықталуы;

3) шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) олар бойынша алдыңғы 24 ай ішінде ескерту берілген не істі қарау қорытындылары бойынша шешім қабылданған бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілерінің анықталуы.

**Ескерту. 13<sup>2</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

13<sup>3</sup>. Өзіне ескерту берілген тұлға міндетті түрде оны ескертуде көрсетілген мерзімде қарауға тиіс.

Ескерту берілген тұлға оны орындау үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ескертудің орындалғаны туралы Комиссияны хабардар етеді (хабарламаға растайтын материалдар қоса берілуге тиіс).

Ескерту берілген тұлғаның уәжді өтінішхаты бойынша және ескертуді белгіленген мерзімде орындау мүмкін емес деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, Комиссия Алқасының бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу мәселелеріне жетекшілік ететін мүшесі көрсетілген мерзімді ұзарта алады.

Ескерту белгіленген мерзімде орындалған жағдайда тергеп-тексеру жүргізілмейді және ескертуді орындаған тұлға бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұл салу түріндегі жауаптылыққа жатпайды.

Ескерту белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда Комиссия көрсетілген мерзім өткен күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей тергеп-тексеру жүргізу туралы ұйғарым шығарады.

**Ескерту. 13<sup>3</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

13<sup>4</sup>. Бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуын болғызбау мақсатында Комиссия Алқасының бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу мәселелеріне жетекшілік ететін мүшесі шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) лауазымды адамына, сондай-ақ жеке тұлғаларға алдын ала ескерту жасайды.

Егер осындай жүріс-тұрыс жалпы бәсекелестік қағидаларының бұзылуына алып келуі мүмкін болса және бұл ретте тергеп-тексеру жүргізуді бастау туралы ұйғарым шығару үшін негіздер болмаса, осындай тұлғалардың трансшекаралық нарықтағы



жоспарланып отырған жүріс-тұрыс туралы жария мәлімдемесі шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) лауазымды адамына, сондай-ақ жеке тұлғаларға алдын ала ескерту жасау үшін негіз болып табылады.

**Ескерту. 13<sup>4</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

14. Айыппұл салу туралы Комиссия шешімі, Комиссияның бұзушыға белгілі бір әрекеттер жасауды міндеттейтін шешімдері атқару құжаттары болып табылады және органдардың соттың мәжбүрлеп орындату актілерін, аумағында құқық бұзушылық жасаған шаруашылық субъектісі (нарық субъектісі), шаруашылық субъектісі (нарық субъектісі) болып табылмайтын коммерциялық емес ұйым тіркелген немесе аумағында құқық бұзушы жеке тұлға тұрақты немесе уақытша тұратын мүше мемлекеттердің басқа да органдары мен лауазымды адамдарының актілерін орындауы тиіс.

Бәсекелестік саласындағы Комиссияның актілеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) Одақ Сотының статутында (Шартқа № 2 қосымша) көзделген тәртіппен, осы Шарттың ережелері ескеріле отырып, Одақ Сотында айтылады.

Одақ Соты Комиссияның трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылғаны туралы іс бойынша шешіміне шағым жасау туралы арызды іс жүргізуге қабылдаған жағдайда, Комиссия шешімінің қолданысы Одақ Сотының шешімі заңды күшіне енген күнге дейін тоқтатыла тұрады.

Одақ Соты Комиссияның трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылғаны туралы іс бойынша шешіміне шағым жасау туралы арызды мәселені сотқа дейінгі тәртіппен шешу үшін арыз иесінің Комиссияға алдын ала жүгінуінсіз қарауға қабылдайды.

15. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының актілеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) мүше мемлекеттердің қолданыстағы процестік заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттердің сот органдарында айтылады.

#### **IV. Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін Комиссия салатын айыппұл санкциялары**

16. Комиссия бекіткен айыппұлды есептеу және салу тәртібі әдістемесіне сәйкес Комиссия Шарттың 76-бабында көзделген трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін, сондай-ақ Комиссияға оның талабы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) уақтылы бермегені үшін немесе көрінеу анық емес мәліметтерді (ақпаратты) бергені үшін мынадай мөлшерлерде айыппұлдар салады:

1) Шарттың 76-бабының 2-тармағына сәйкес жол берілмейтін жосықсыз бәсеке лауазымды адамдарға және дара кәсіпкерлерге 20 000-нан 110 000-ға дейін Ресей рублі; заңды тұлғаларға 100 000-нан 1 000 000-ға дейін Ресей рублі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2) шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) Шарттың 76-бабының 3-5-тармақтарына сәйкес жол берілмейтін келісімдерді жасауы, сол сияқты оған қатысуы лауазымды адамдарға және дара кәсіпкерлерге 20 000-нан 150 000-ға дейін Ресей рублі мөлшерінде, заңды тұлғаларға нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсім сомасының бір жүзден он бес жүздікке дейінгі мөлшерде не нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының барлық тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу шығыстары сомасының, бірақ құқық бұзушының барлық тауарларды (жұмысты, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсім сомасының бір бес ондық жиынтық мөлшерінен көп емес және 100 000 Ресей рублінен кем емес мөлшерінде, ал егер нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсімінің сомасы құқық бұзушының барлық тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түскен түсім сомасының жиынтық көлемінің 75 пайызынан асқан жағдайда - нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсім сомасының үш мыңдықтан үш жүздікке дейінгі мөлшерде не нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу шығыстары сомасының мөлшерінде, бірақ 100 000 Ресей рублінен кем емес құқық бұзушының тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) өткізуден түскен түсім сомасының елуден бір жиынтық мөлшерінен аспайтын мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

3) шаруашылық жүргізуші субъектілердің Шарттың 76-бабының 6-тармағына сәйкес жол берілмейтін экономикалық қызметті үйлестіруі жеке тұлғаларға - 20 000-нан 75 000-ға дейін Ресей рублі мөлшерінде, лауазымды адамдарға және дара кәсіпкерлерге - 20 000-нан 150 000-ға дейін Ресей рублі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - 200 000-нан 5 000 000-ға дейін Ресей рублі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4) тауар нарығында үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) үстем жағдайды теріс пайдаланды деп танылатын және Шарттың 76-бабының 1-тармағына сәйкес жол берілмейтін іс-қимылдарды жасауы лауазымды адамдарға және дара кәсіпкерлерге 20 000-нан 150 000-ға дейін Ресей рублі мөлшерінде, заңды тұлғаларға нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсім сомасының бір жүзден он бес жүздікке дейінгі мөлшерінде не нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу шығыстары сомасының, бірақ құқық бұзушының барлық тауарларды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізуден түскен түсім сомасының бір бес ондық жиынтық мөлшерінен көп емес және 100 000 Ресей рублінен кем емес мөлшерінде, ал егер нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсімінің сомасы құқық бұзушының барлық тауарларды

(жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізуден түскен түсім сомасының жиынтық көлемінің 75 пайызынан асқан жағдайда - нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсім сомасының үш мыңдықтан үш жүздікке дейінгі мөлшерде не нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу шығыстары мөлшерінде, бірақ 100 000 Ресей рублінен кем емес мөлшерінде, құқық бұзушының тауар (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен түсім сомасының елуден бір жиынтық мөлшерінен аспайтын айыппұл салуға әкеп соғады.

5) Комиссияға Шарттың XVIII бөлімінде және осы Хаттамада көзделген мәліметтерді (ақпаратты) бермеу немесе уақтылы бермеу, оның ішінде Комиссияның талабы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) бермеу, сол сияқты Комиссияға көрінеу анық емес мәліметтер (ақпарат) беру жеке тұлғаларға 10 000-нан 15 000-ға дейінгі Ресей рублі мөлшерінде, лауазымды адамдарға және дара кәсіпкерлерге 10 000-нан 60 000-ға дейінгі Ресей рублі мөлшерінде, заңды тұлғаларға 150 000-нан 1 000 000-ға дейінгі Ресей рублі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

б) Комиссияның бұзушыны белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін мынадай:

бәсекелестікті шектейтін келісімдерді тоқтату, шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) экономикалық қызметін үйлестіру және (немесе) бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы шешімдерін орындамау, тиісінше орындамау немесе мерзімінде орындамау - жеке тұлғаларға 25 000-нан 35 000 Ресей рубліне дейінгі мөлшерде, лауазымды адамдар мен дара кәсіпкерлерге 35 000-нан 45 000 Ресей рубліне дейінгі, заңды тұлғаларға - 500 000-нан 700 000 Ресей рубліне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады;

шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) тауар нарығындағы үстем жағдайды теріс пайдалануын тоқтату және (немесе) бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы шешімдерін орындамау, тиісінше орындамау немесе мерзімінде орындамау - лауазымды адамдар мен дара кәсіпкерлерге 20 000-нан 30 000 Ресей рубліне дейінгі мөлшерде, заңды тұлғаларға 500 000-нан 700 000 Ресей рубліне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады;

жосықсыз бәсекелестікті тоқтату және (немесе) бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы шешімдерін орындамау, тиісінше орындамау немесе мерзімінде орындамау - лауазымды адамдар мен дара кәсіпкерлерге 20 000-нан 30 000 Ресей рубліне дейінгі мөлшерде, заңды тұлғаларға 300 000-нан 500 000 Ресей рубліне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы Хаттамада шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын, шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын коммерциялық емес ұйымдардың басшылары мен қызметкерлерін, шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілері) жеке-дара атқарушы

органдарының өкілеттіктерін жүзеге асыратын, шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын коммерциялық емес ұйым басшыларын лауазымды адам деп түсіну керек. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін, қызметі мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркелуге және (немесе) лицензиялануға жататын, кәсіптік кіріс әкелетін жеке тұлғалар лауазымды адамдар сияқты жауаптылықта болады.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

17. Осы Хаттаманың 16-тармағының 1-5-тармақшаларында көзделген айыппұлдар аумағында құқық бұзушылық жасаған заңды тұлға тіркелген не аумағында құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға тұрақты немесе уақытша тұратын мүше мемлекеттің бюджетіне аударылуға тиіс.

18. Осы Хаттаманың 16-тармағында көзделген айыппұлдарды шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері), жеке тұлға немесе шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) болып табылмайтын коммерциялық емес ұйым осы Хаттамада көзделген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзған шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) немесе жеке тұлға, коммерциялық емес ұйым қай мүше мемлекеттің аумағында тіркелсе, сол мүше мемлекеттің ұлттық валютасында, Комиссияның айыппұл салу туралы шешім қабылдаған күніне көрсетілген мүше мемлекеттің ұлттық (орталық) банкі белгілеген бағамы бойынша төлейді.

19. Комиссияға Шарттың 76-бабына сәйкес жол берілмейтін келісімді жасағаны туралы ерікті түрде мәлімдеген тұлға (тұлғалар тобы) жиынтығында мынадай талаптарды орындаған кезде:

тұлға өтініш берген сәтте Комиссияда жасалған құқық бұзушылық туралы мәліметтер мен құжаттар болмаса;

тұлға Шарттың 76-бабына сәйкес жол берілмейтін келісімге қатысудан немесе одан әрі қатысудан бас тартса;

ұсынылған мәліметтер және құжаттар құқық бұзушылық оқиғаларын белгілеу үшін жеткілікті болып табылса, осы Хаттаманың 16-тармағының 2-тармақшасында көзделген құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықтан босатылады.

Осы тармақта көзделген барлық шарттарды бірінші орындаған тұлға жауаптылықтан босатылуға жатады.

20. Осы Шарттың 76-бабына сәйкес жол берілмейтін келісімді жасаған бірнеше тұлға атынан бір мезгілде берілген өтініш қарауға жатпайды.

21. Осы бөлімде белгіленген, трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұл мөлшерлері нарығында құқық бұзушылық жасалған, құқық бұзушының тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізу

сомасынан немесе құқық бұзушының тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу шығыстары сомасын ескере отырып, заңды тұлғаларға салынатын және есептелетін

айыппұлдарды қоспағанда, Жоғары кеңес шешімімен өзгеруі мүмкін.

## **V. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимылы**

22. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимылы Шарттың XVIII бөлімін және осы Хаттаманы мақсатында шеңберінде ақпарат беру туралы хабарлама, сұрау салулар, жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы сұрау салулар мен тапсырмалар жіберу, ақпарат алмасу, мүше мемлекеттердің құқық қолдану практикасын үйлестіру, сондай-ақ мүше мемлекеттердің бірінің сұрау салуы бойынша құқық қолдану қызметін жүзеге асыру жолымен құқық қолдану қызметі шеңберінде жүзеге асырылады.

Көрсетілген өзара іс-қимылды мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының орталық аппараттары жүзеге асырады.

23. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары екінші мүше мемлекеттің уәкілетті органын, егер оның құқық қолдану қызметі екінші мүше мемлекеттің бәсекелестікті қорғау саласындағы мүдделерін қозғауы мүмкін екендігі белгілі болған жағдайда, хабардар етеді.

24. Екінші мүше мемлекеттің бәсекелестікті қорғау саласындағы мүдделерін қозғауы мүмкін құқық қолдану қызметі деп мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының:

1) екінші мүше мемлекеттің құқық қолдану қызметіне қатысы бар;

2) бәсекелестікке қарсы әрекеттерге қатысты (бірігу немесе сатып алу жөніндегі мәмілелерді және өзге де әрекеттерді жасауды қоспағанда), оның ішінде екінші мүше мемлекеттің аумағында жүзеге асырылатын;

3) мәміле тарапының біреуі немесе мәміленің бір немесе бірнеше тараптарын бақылайтын немесе олардың кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын өзгеше түрде айқындайтын тұлға екінші мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген немесе құрылған тұлға болып табылатын мәмілелерге (өзге де әрекеттерге) қатысты;

4) бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету шеңберінде жүзеге асыруды талап ететін немесе екінші мүше мемлекеттің аумағында қандай да бір әрекеттерге тыйым салатын мәжбүрлеп ықпал ету шараларын қолданумен байланысты қызметі түсініледі.

25. Мәмілелер (өзге де әрекеттер) туралы хабарламалар:

1) хабарлаушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәмілені қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған күннен кешіктірмей;

2) мәміле бойынша шешім қарау мерзімі ұзартылмай қабылданған жағдайда - оны мәміле бойынша шешім қабылдаған күннен кешіктірмей, хабарланушы мүше

мемлекетке мәміле жөнінде өз пікірін білдіруге мүмкіндік беретін ақылға қонымды мерзімде жіберіледі.

26. Екінші мүше мемлекеттің пікірін назарға алу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында осы Хаттаманың 24-тармағының 1, 2 және 4-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша хабарламалар осы мүше мемлекетке хабарланушы мүше мемлекеттің өз пікірін білдіруге мүмкіндік беретін ақылға қонымды мерзімді сақтай отырып, екінші мүше мемлекетке ол туралы хабарлау қажет мән-жайлар анықталған кезде істі қарау сатысында, бірақ кез келген жағдайда іс бойынша шешім қабылданғанға немесе бітімгершілік келісім жасалғанға дейін жіберіледі.

27. Хабарлама жазбаша нысанда жіберіледі және хабарланушы мүше мемлекетке хабарлаушы мүше мемлекеттің мүдделерін қозғайтын, хабарлаушы мүше мемлекеттің құқық қолдану қызметінің салдарына алдын ала талдау жүргізуге мүмкіндік беру үшін жеткілікті ақпаратты қамтуы тиіс.

28. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы ақпарат пен құжаттар, сондай-ақ тапсырмалар беру туралы сұрау салулар жіберуге құқылы.

29. Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы ақпарат пен құжаттар, тапсырмалар беру туралы сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының бланкісінде жазбаша нысанда ресімделеді және мыналарды қамтуы тиіс:

1) ақпарат сұратылатын тиісті істің нөмірін (бар болған жағдайда), құқық бұзушылықтың және өзге де оған қатысты фактілердің егжей-тегжейлі сипатталуын, қолданылатын заң мәтінін қоса бере отырып, сұратқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес іс-әрекетті заңдық саралауды;

2) өздеріне қатысты тиісті істер қаралатын тұлғалардың, куәлардың аты, әкесінің аты және тегі, олардың тұрғылықты жері немесе болатын жері, азаматтығы, туған жері және күні, заңды тұлғалар үшін - олардың атауы және орналасқан жері (мұндай ақпарат болған кезде);

3) құжатты табыс ету туралы тапсырмада - алушының нақты мекенжайы және табыс етілетін құжаттың атауы;

4) ұсынылуы не орындалуы тиіс мәліметтердің және әрекеттердің тізбесі (сауалнама жүргізу үшін қандай мән-жайлар анықталуы және нақтылануы тиіс екені көрсетілуі, сондай-ақ сұрау қойылатын тұлғаға қойылатын сұрақтардың реттілігі және тұжырымы көрсетілуге тиіс).

30. Жекелеген процестік іс-әрекеттерді жүргізу туралы ақпарат пен құжаттар, тапсырмалар беру туралы сұрау салу мыналарды да қамтуы мүмкін:

1) талап етілетін іс-шаралардың орындалу мерзімін көрсету;

2) сұрау салуда көрсетілген іс-шараларды белгілі бір тәртіппен өткізу туралы өтінішхат;

3) сұрау салуда көрсетілген іс-шараларды орындау кезінде сұрау салатын мүше мемлекеттің уәкілетті органдары өкілдеріне қатысу, сондай-ақ, егер бұл әрбір мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін болса, оларды орындауға қатысу мүмкіндігін беру туралы өтінішхат;

4) сұрау салуды, тапсырманы орындаумен байланысты өзге де өтінішхаттар.

31. Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы ақпарат және құжаттар, тапсырмалар беру туралы сұрау салуға сұратқан мүше мемлекеттің уәкілетті органының басшысы немесе оның орынбасары қол қояды. Көрсетілген сұрау салуға немесе тапсырмаға сұрау салу немесе тапсырма мәтінінде сілтемесі бар құжаттардың қолда бар көшірмелері, сондай-ақ сұрау салуды, тапсырманы тиісінше орындау үшін қажетті өзге де құжаттар қоса берілуге тиіс.

32. Орындалуы орындаушы мүше мемлекет үшін қосымша шығыстарды талап ететін сараптамалар және өзге процестік әрекеттерді жүргізу туралы тапсырмалар мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы алдын ала келісу бойынша жіберіледі.

33. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары процестік құжаттарды екінші мүше мемлекеттің аумағында болатын тиісті істерге қатысушыларға пошта арқылы тікелей жібере алады.

34. Қосымша мәліметтер алу немесе бұрынғы сұрау салуды, тапсырманы орындау шеңберінде алынған ақпаратты нақтылау қажет болған кезде, жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы ақпарат пен құжаттар, тапсырмалар беру туралы қайта сұрау салуды жіберуге жол беріледі.

35. Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы ақпарат пен құжаттар, тапсырмалар беру туралы сұрау салу олар алынған күннен бастап 1 ай ішінде не мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен алдын ала келісілген өзге де мерзімде орындалады.

Мүше мемлекеттің өзге де мемлекеттік органына немесе сұратылатын мүше мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектісіне (нарық субъектісіне) өтініш беру қажет болған жағдайда, көрсетілген мерзім мұндай өтінішті орындау уақытына ұзартылады.

36. Сұрау салынған мүше мемлекеттің уәкілетті органы сұрау салуда, тапсырмада көрсетілген әрекеттерді жүргізеді және қойылған сұрақтарға жауап береді. Сұрау салынған мүше мемлекеттің уәкілетті органы өз бастамасы бойынша сұрау салуда, тапсырмада көзделмеген, оларды орындаумен байланысты әрекеттерді жүргізуге құқылы.

37. Сұрау салуды, тапсырманы орындау мүмкін болмаған не оларды осы Хаттаманың 35-тармағында көрсетілген мерзімде орындау мүмкін болмаған жағдайда,

сұрау салынған уәкілетті орган сұрау салған мүше мемлекеттің уәкілетті органына көрсетілген сұрау салуды, тапсырманы орындаудың мүмкін еместігі не оларды орындаудың болжамды мерзімдері туралы хабарлайды.

38. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы ақпарат пен құжаттар және тапсырмалар беру туралы сұрау салудың орындалу практикасын зерделейді және олардың тиісінше орындалмау фактілері туралы бір-біріне хабарлайды.

39. Мекеме дайындаған немесе куәландырған немесе осыған өкілеттігі бар лауазымды адам өз құзыретінің шегінде мүше мемлекеттердің бірінің аумағында елтаңбалық мөрмен бекемдеген құжаттар басқа мүше мемлекеттің аумағында қандай да бір арнайы куәліксіз қабылданады.

40. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмек көрсетуден, егер сұрау салуды немесе тапсырманы орындау сұрау салынған мүше мемлекеттің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе өзге де мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін болса не оның заңнамасына қайшы келсе, бас тартылуы мүмкін.

41. Әрбір мүше мемлекет сұрау салулар және тапсырмаларды орындаумен байланысты туындайтын шығыстарды өзі көтереді.

Жекелеген жағдайларда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары шығыстарды жүзеге асырудың өзге де тәртібімен келісуі мүмкін.

42. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жекелеген процестік және өзге де әрекеттерді жүргізу туралы тапсырмаларды орындаған кезде мыналарды:

1) өздеріне қатысты тиісті іс жүргізілетін тұлғалардан, сондай-ақ куәгерлерден жауап алуды;

2) іс бойынша іс жүргізу үшін қажетті құжаттарды талап етіп алдыруды;

3) өзіне қатысты тапсырма жіберілген тұлғаның аумағын, үй-жайын, құжаттарын және заттарын қарап тексеруді (мұндай тұлғаның тұрғын-жайын қоспағанда);

4) мемлекеттік органдардан және тұлғалардан іс бойынша іс жүргізу немесе оны қарау үшін қажетті ақпаратты алуды;

5) тиісті іске қатысушыларға құжаттарды немесе олардың көшірмелерін табыс етуді ;

6) сараптама жасайды және өзге де іс-әрекеттерді жүргізеді.

43. Тиісті істер бойынша процестік және өзге де әрекеттер сұрау салынған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

44. Егер сұрау салынған мүше мемлекеттің заңнамасы жекелеген процестік әрекеттерді жүргізгені үшін уәкілетті лауазымды адамдардың арнайы қаулылар шығаруын талап етсе, онда оларды шығару тапсырманың орындалу орны бойынша жүргізіледі.



45. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының келісуі бойынша сұрау салынған мүше мемлекет аумағындағы процестік әрекеттер сұрау салынған мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес сұрау салынған мүше мемлекеттің уәкілетті органы өкілдерінің көзінше немесе қатысуымен жүргізілуі мүмкін.

46. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары өз заңнамасының талаптарын ескере отырып:

1) экономиканың құрылымдық қайта құру шеңберінде тауар нарықтарының жай-күйі, монополиядан арылтудың әдістері мен практикалық нәтижелері, монополистік қызметтің алдын алу, шектеу және жолын кесу мен бәсекелестікті дамыту жөніндегі жұмыстардың әдістемесі және тәжірибесі туралы;

2) үстем жағдайға ие және мүше мемлекеттердің тауар нарықтарына өнім беруді жүзеге асыратын кәсіпорындардың ұлттық тізілімінде қамтылған мәліметтер туралы;

3) мүше мемлекеттердің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының бұзылуы туралы істерді қарау практикасы туралы ақпарат алмасады.

47. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ақпарат беру және әдістемелік көмек көрсету арқылы бәсекелестіктің (монополияға қарсы) саясат жөніндегі ұлттық заңдар мен нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде ынтымақтастық жасайды.

48. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы екінші мүше мемлекеттің уәкілетті органына, егер мұндай ақпарат, жіберуші мүше мемлекеттің уәкілетті органының пікірі бойынша, екінші мүше мемлекеттің уәкілетті органының құқық қолдану қызметіне қатысы бар немесе мұндай қызметіне негіз болуы мүмкін болса, өзінде бар бәсекелестікке қарсы әрекеттер туралы кез келген ақпаратты береді.

49. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы екінші мүше мемлекеттің уәкілетті органына қарау үшін сұрау салынған ақпарат талап етілетін істің мән-жайын баяндай отырып, тиісті ақпаратты беру туралы сұрау салу жіберуге құқылы.

Сұрау салуды алған мүше мемлекеттің уәкілетті органы екінші мүше мемлекеттің сұрау салған уәкілетті органына, егер мұндай ақпарат олар сұрау салған мүше мемлекеттің құқық қолдану қызметіне қатысы бар деп танылса немесе мұндай қызметіне негіз болса, қолда бар ақпаратты береді.

Сұрау салынған ақпарат мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары келіскен мерзімдерде, алайда сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 60 күннен кешіктірілмей жіберіледі.

Алынған ақпарат тиісті сұрау салудың мақсаттары немесе консультация үшін пайдаланылады және аталған ақпаратты берген мүше мемлекеттің уәкілетті органының келісуінсіз жария етуге немесе үшінші тұлғаларға беруге болмайды.

50. Егер мүше мемлекеттің біреуі екінші мүше мемлекеттің аумағында жүзеге асырылатын бәсекелестікке қарсы әрекеттер өзінің мүдделеріне келеңсіз түрде әсер етеді деп пайымдаса, онда ол аумағында бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттер жүзеге

асырылатын мүше мемлекетке бұл туралы хабарлауы, сондай-ақ осы мүше мемлекетке тиісті бәсекелестікке қарсы әрекеттердің жолын кесумен байланысты тиісінше құқық қолдану әрекеттеріне бастамашылық етуді өтініп, жүгінуі мүмкін. Аталған өзара іс-қимыл мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арқылы жүзеге асырылады.

Хабарламада бәсекелестікке қарсы әрекеттердің сипаттамасы және хабарлайтын мүше мемлекеттің мүдделері үшін ықтимал салдарлар туралы ақпарат, сондай-ақ қосымша ақпарат беру туралы және хабарлаушы мүше мемлекет ұсынуға өкілетті өзге де ынтымақтастық туралы ұсыныс қамтылуы тиіс.

51. Осы Хаттаманың 50-тармағына сәйкес хабарлама алған кезде және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында келіссөздер жүргізілгеннен кейін (егер оларды жүргізу қажет болса) хабарлаушы мүше мемлекет хабарламада көрсетілген бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерге қатысты құқық қолдану іс-қимылдарын бастаудың қажеттілігі туралы немесе бұрын басталған құқық қолдану іс-қимылдарын кеңейту туралы мәселені шешеді. Хабарлаушы мүше мемлекет хабарланатын мүше мемлекетті қабылданған шешім туралы хабардар етеді. Хабарламада көрсетілген бәсекелестікке қарсы іс-қимылдарға қатысты құқық қолдану әрекеттерін жүзеге асырған кезде хабарлаушы мүше мемлекет тиісті құқық қолдану әрекеттерінің нәтижелері туралы хабарланатын мүше мемлекетке хабарлайды.

Құқық қолдану әрекеттеріне бастамашылық ету туралы мәселені шешкен кезде хабарлаушы мүше мемлекет өзінің бәсекелестік туралы заңнамасын басшылыққа алады.

Осы Хаттаманың 50 және 51-тармақтарының ережелері хабарлаушы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген осы мүше мемлекеттің құқық қолдану әрекеттерін жүзеге асыру құқығын шектемейді.

52. Өзара байланысты мәмілелерге (жасалатын әрекеттерге) қатысты құқық қолдану әрекеттерін жүзеге асыруда өзара мүдделілік болған жағдайда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары құқық қолдану әрекеттерін жүзеге асыру кезінде өзара іс-қимыл туралы уағдаласуы мүмкін. Құқық қолдану әрекеттерін жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл туралы мәселені шешкен кезде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мынадай факторларды:

1) құқық қолдану қызметіне бағытталған материалдық және ақпараттық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану және (немесе) мүше мемлекеттердің құқық қолдану қызметін жүзеге асыру барысындағы шығындарын азайту мүмкіндігін;

2) құқық қолдану қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алуға қатысты мүше мемлекеттердің мүмкіндіктерін;

3) осындай өзара іс-қимылдың болжамды нәтижесі - өзара іс-қимыл жасаушы мүше мемлекеттердің құқық қолдану қызметінің мақсатына қол жеткізу жөніндегі мүмкіндіктерін арттыруды назарға алады.

53. Мүше мемлекет екінші мүше мемлекетке тиісінше хабарлаған кезде осы Хаттаманың шеңберінде өзара іс-қимылды шектеуі немесе тоқтатуы және өзінің заңнамасына сәйкес екінші мүше мемлекеттен тәуелсіз құқық қолдану әрекеттерін жүзеге асыруы мүмкін.

54. Мүше мемлекеттер, егер мұндай әрекеттер мүше мемлекеттердің тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін болса, мүше мемлекеттер заңнамасының нормаларын мұндай шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) біркелкі түрде және тең жағдайда және ұйымдық-құқықтық нысандарына және тіркелген орнына қарамастан тең шамада қолдану жолымен, сондай-ақ осы бөлімде белгіленген тәртіппен өзара іс-қимыл жасау кезінде үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) іс-қимылдарына қатысты келісілген бәсекелестік саясатты жүргізеді.

55. Осы Хаттаманың 22 - 53-тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша өзара іс-қимыл шеңберінде ұсынылған ақпарат және құжаттар құпия сипатта болады және осы Хаттамада көзделген мақсатта ғана пайдаланылуы мүмкін. Басқа мақсаттар үшін ақпаратты пайдалану және үшінші тұлғаларға беру оларды берген мүше мемлекеттің уәкілетті органының жазбаша келісуі бойынша ғана мүмкін болады.

56. Мүше мемлекет ақпараттың, құжаттардың және өзге де мәліметтердің, оның ішінде екінші мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етеді.

## **VI. Комиссияның және мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының бәсекелестіктің жалпы қағидаларын сақтауды бақылауды жүзеге асырған кездегі өзара іс-қимылы**

57. Комиссияның және мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының өзара іс-қимылы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Комиссияның қарауына бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтініштерді берген кезде, өтініштерді қараған кезде, тергеп-тексерулерді жүргізген кезде, істерді қараған кезде, сондай-ақ өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

Құқық қолдану практикасының, ақпарат алмасудың неғұрлым өзекті мәселелерін және мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру проблемаларын талқылауда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара мүдделілігі болған кезде, Комиссия мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен бірлесіп мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының басшылары мен бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу мәселелеріне жетекшілік ететін Комиссия Алқасы мүшесінің деңгейінде кеңестер өткізеді.

Комиссия мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының орталық аппараттарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

**Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

58. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияның қарауына бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтініш беру туралы шешімді өтініш беруші мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылатын, оны қараудың кез келген сатысында қабылдайды.

Мұндай шешімді қабылдаған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға тиісті жазбаша жолданым дайындайды.

Жолданымда:

өтінішті жіберген органның атауы;

өтінішті жолдаудың құқықтық негіздері;

әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілері байқалатын шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) атауы;

осындай белгілер байқалатын трансшекаралық нарық аумағын көрсетуді қоса алғанда, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілері байқалатын әрекеттердің (әрекетсіздіктің) сипаттамасы;

мүше мемлекеттің уәкілетті органының пікірі бойынша, Шарттың 76-бабының бұзылған ережелері көрсетіледі.

Жолданымға қаралуы барысында бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылу белгілері байқалған және, мүше мемлекеттің уәкілетті органының пікірі бойынша, Комиссияның жолданымды қарауы үшін қажетті құжаттар қоса беріледі.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға жолданым жіберуі Комиссия тергеп-тексеру жүргізу не өтінішті (материалдарды) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ведомстволық бағыныстылығы бойынша беру туралы не өтінішті кері қайтару туралы шешім қабылдағанға дейін мүше мемлекеттің уәкілетті органының өтінішті қарауды тоқтата тұруы үшін негіз болып табылады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы өтінішті Комиссияға жіберген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге оның өтінішінің Комиссияға берілгені туралы хабарлайды.

Комиссия трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтінішті алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын және өтініш берушіні өтініштің қарауға қабылдағаны туралы хабардар етеді.

**Ескерту. 58-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII; 30.01.2024 № 56-VIII Заңдарымен.**

59. Комиссияның тергеп-тексеру жүргізу туралы не трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтінішті (материалдарды) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ведомстволық бағыныстылығы бойынша беру туралы шешім қабылдауы мүше мемлекеттің уәкілетті органының өтінішті қарауды тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

**Ескерту. 59-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

60. Егер Комиссия өтінішті қарау, тергеп-тексеру жүргізу немесе істі қарау барысында өтініште (материалдарда) көрсетілген бұзушылықтың жолын кесу мүше мемлекеттің уәкілетті органының құзыретіне жататынын анықтаған болса, Комиссияның өтінішті (материалдарды) мүше мемлекеттің уәкілетті органының қарауына беруі туралы шешім қабылданады.

Мұндай шешім қабылданған жағдайда, Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі мүше мемлекеттің уәкілетті органына тиісті жолданым дайындайды, оған бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу мәселелеріне жетекшілік ететін Комиссия Алқасының мүшесі қол қояды.

Жолданымда:

әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) мүше мемлекеттің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасын бұзу белгілері байқалатын шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) атауы;

осындай белгілер байқалатын нарық аумағын көрсетуді қоса алғанда, мүше мемлекеттің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасын бұзу белгілері байқалатын әрекеттердің (әрекетсіздіктің) сипаттамасы көрсетіледі.

Қарау барысында мүше мемлекеттің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасын бұзу белгілері байқалған және комиссияның пікірі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органының өтінішті қарауы үшін қажетті құжаттар жолданымға қоса беріледі.

Өтініш жіберілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Комиссия өтініш берушіні өтініштің мүше мемлекеттің уәкілетті органына берілгені туралы хабардар етеді.

**Ескерту. 60-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

61. Комиссия тергеп-тексеру жүргізген кезде және істерді қараған кезде, егер сұрау салу бойынша алынған ақпарат шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына мынадай процестік әрекеттерді жүргізу:

өздеріне қатысты тергеп-тексерулер немесе тиісті іс жүргізілетін тұлғалардан, сондай-ақ куәлардан сұрақ алу;

іс бойынша тергеп-тексеру немесе іс жүргізу үшін қажетті құжаттарды талап етіп алдыру;

өзіне қатысты тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан немесе бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы ісі қаралып жатқан тұлғаның аумақтарын, үй-жайларын, құжаттары мен заттарын (осындай тұлғаның тұрғынжайын қоспағанда) қарап-тексеру;

тиісті іске қатысушыларға құжаттарды немесе олардың көшірмелерін табыс ету;

сараптама жасау және өзге де әрекеттерді жүргізу туралы уәжді ұсыну жіберуге құқылы.

Комиссия оған қатысты тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан немесе бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы іс қаралып жатқан бұзушы тіркелген мүше мемлекеттік аумағында жүргізілетін процестік әрекеттер Комиссияның уәкілетті

құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің, сондай-ақ аумағында бұзушылық жасалған және (немесе) бәсекелестік үшін келеңсіз салдарлар басталған мүше мемлекеттің уәкілетті органы өкілінің көзінше және (немесе) қатысуымен жүзеге асырылады.

Бұзушылық жасалған және (немесе) бәсекелестік үшін келеңсіз салдарлар басталған мүше мемлекеттің аумағында процестік әрекеттерді жүргізу кезінде Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері және аумағында бұзушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының өкілі қатысады.

Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің және (немесе) мүше мемлекеттің мүдделі уәкілетті органы өкілінің Комиссияның уәжді ұсынуын орындайтын процестік әрекеттерді жүргізу кезінде қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, мұндай әрекеттерді жүргізу кезінде қатысудың мүмкін еместігі туралы жазбаша хабарлама оларды жүргізу басталғанға дейін 5 жұмыс күні бұрын алынған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органы процестік әрекеттерді дербес жүргізуге құқылы.

**Ескерту. 61-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

62. Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы уәжді ұсыну жазбаша нысанда ресімделеді және онда:

1) ақпарат сұратылып отырған тиісті істің нөмірі (ол болған кезде), құқық бұзушылықтың және оған жататын өзге де фактілердің егжей-тегжейлі сипаттамасы, Шарттың 76-бабына сәйкес іс-әрекеттің заңдық саралануы;

2) өздеріне қатысты Комиссия тиісті істі қарап жатқан немесе тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан тұлғалардың аттары, әкелерінің аттары және тектері, куәлар, олардың тұрғылықты немесе болатын жері, азаматтығы, туған жері және күні, заңды тұлғалар үшін - олардың атауы және орналасқан жері (егер мұндай ақпарат болса);

3) алушының нақты мекенжайы және табыс етілетін құжаттың атауы (құжатты табыс ету қажет болған кезде);

4) ұсынылуға не орындалуға жататын мәліметтер мен әрекеттердің тізбесі (сұрақ алуды жүргізу үшін қандай мән-жайлардың анықталуға және нақтылануға тиіс екенін көрсету, сондай-ақ сұрақ алынатын тұлғаға қойылуға тиіс сұрақтардың дәйектілігі мен тұжырымдалуын көрсету қажет) қамтылады.

63. Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы уәжді ұсынуда сондай-ақ:

1) талап етілетін іс-шаралардың орындалу мерзімін көрсету;

2) ұсынуда көрсетілген іс-шараларды белгілі бір тәртіппен өткізу туралы өтінішхат;

3) ұсынуда көрсетілген іс-шараларды орындау кезінде болатын, сондай-ақ, егер бұл сұрау салынатын мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін болса, оларды орындауға қатысатын Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі қызметкерлерінің аты, әкесінің аты және тегі;

4) ұсынуды орындауға байланысты өзге де өтінішхаттар қамтылуы мүмкін.

64. Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы уәжді ұсынуға бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу мәселелеріне жетекшілік ететін Комиссия Алқасының

мүшесі қол қояды. Көрсетілген уәжді ұсынуға оның мәтінінде сілтемесі бар құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ оны тиісінше орындау үшін қажетті өзге де құжаттар қоса берілуге тиіс.

65. Орындаушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияның уәжді ұсынуында санамаланған процестік әрекеттерді өзінің мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес және тұратын орны орындаушы мүше мемлекеттің аумағы болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты жүргізеді.

66. Орындалуы орындаушы мүше мемлекет үшін қосымша шығыстарды талап ететін сараптамалар мен басқа да процестік әрекеттерді жүргізу туралы уәжді ұсыну Комиссия мен өзінің атына ұсыну жіберілетін мүше мемлекеттің уәкілетті органы арасында шығыстарды өтеу мәселесі келісілгеннен кейін орындалады.

67. Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы уәжді ұсыну ол алынған күннен бастап 1 ай ішінде не Комиссия мен өзінің атына ұсыну жіберілетін мүше мемлекеттің уәкілетті органы арасында күні бұрын келісілген өзге де мерзімде орындалады.

Мүше мемлекеттің өзге де мемлекеттік органына немесе орындаушы мүше мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектісіне (нарық субъектісіне) өтініш жасау қажет болған жағдайда, көрсетілген мерзім мұндай өтінішті орындау уақытына ұзартылады.

68. Орындаушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәжді ұсынуда көрсетілген әрекеттерді жүргізеді және қойылған сұрақтарға жауап береді, сондай-ақ ол уәжді ұсынуда көзделмеген, оны орындауға байланысты әрекеттерді өз бастамасы бойынша жүргізуге де құқылы.

69. Уәжді ұсынуды орындау мүмкін болмаған не оны осы Хаттаманың 67-тармағында көрсетілген мерзімде орындау мүмкін болмаған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға көрсетілген ұсынуды орындаудың мүмкін еместігі не оны орындаудың болжамды мерзімдері туралы хабарлайды.

70. Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы уәжді ұсынуды орындаудан, егер оны орындау орындаушы мүше мемлекеттің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне нұқсан келтіруі мүмкін болса не оның заңнамасына қайшы келетін жағдайларда, толықтай немесе ішінара бас тартылуы мүмкін, бұл туралы мүше мемлекет Комиссияға жазбаша түрде хабардар етеді. Комиссия Алқасы мүше мемлекеттің уәкілетті органының уәжді ұсынуды орындаудан бас тартуының құқыққа сыйымдылығы туралы мәселені Комиссия Кеңесінің қарауына шығаруға құқылы.

71. Мекеме немесе осыған арнайы уәкілеттік берілген лауазымды адам өздерінің құзыреті шегінде дайындаған немесе куәландырған және уәкілетті органына уәжді ұсыну жіберілген мүше мемлекеттің аумағында елтаңбалық мөрмен бекемделген құжаттарды Комиссия қандай да бір арнайы куәландырусыз қабылдайды.

72. Қосымша мәліметтер алу немесе алдыңғы ұсынуды орындау шеңберінде алынған ақпаратты нақтылау қажет болған кезде, жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы қайтадан уәжді ұсыну жіберуге жол беріледі.

73. Егер жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы уәжді ұсыну трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы бір істі қарау шеңберінде мүше мемлекеттердің екі және одан да көп уәкілетті органына жіберілетін болса, онда Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері Комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимылын үйлестіруді жүзеге асырады.

74. Комиссия тергеп-тексеру жүргізген кезде және істерді қараған кезде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына олардың ақпарат пен құжаттарды ұсынуы туралы сұрау салулар жіберуге құқылы.

**Ескерту. 74-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

75. Ақпарат пен құжаттарды ұсыну туралы сұрау салу жазбаша нысанда ресімделеді және онда:

сұрау салудың мақсаты;

ақпарат сұратылып отырған тиісті істің нөмірі (ол бар болған кезде), құқық бұзушылықтың және өзге де оған қатысты фактілердің егжей-тегжейлі сипаттамасы, Шарттың 76-бабына және Хаттамаға сәйкес іс-әрекеттің заңдық саралануы;

өзіне қатысты тиісті іс қаралып жатқан тұлға туралы мәлімет (мұндай ақпарат қолда бар болса);

жеке тұлғалар үшін - тегі, аты және әкесінің аты, тұрғылықты жері немесе болатын жері, азаматтығы, туған жері және күні;

заңды тұлғалар үшін - атауы және орналасқан жері;

барысында, бірақ сұрау салу алынған күннен бастап кемінде 10 жұмыс күнінен аз болмайтын, ақпарат ұсынылуға тиіс мерзім;

ұсынылуға тиіс мәліметтердің тізбесі қамтылады.

Сұрау салуға оның мәтінінде сілтемесі бар құжаттардың қолда бар көшірмелері, сондай-ақ сұрау салуды тиісінше орындау үшін қажетті өзге де құжаттар қоса берілуге тиіс.

76. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы сұрау салуда белгіленген мерзімде өзінің қолында бар ақпаратты береді.

77. Сұрау салуды орындау мүмкін болмаған жағдайда (егер оны орындау мүше мемлекеттің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне нұқсан келтіруі мүмкін болса не оның заңнамасына қайшы келетін болса) мүше мемлекеттің сұрау салынатын уәкілетті органы ақпаратты беру мүмкін болмаған себептерді көрсете отырып, бұл туралы Комиссияға сұрау салу алынған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде хабарлайды, ал егер ақпарат Комиссия белгілеген мерзімде берілмеген жағдайда ол ұсынылатын уақыт мерзімі көрсетіледі.



78. Комиссия тергеп-тексерулер жүргізген кезде және істерді қараған кезде мүше мемлекеттердің билік органдарына, мүше мемлекеттің заңды және (немесе) жеке тұлғаларына олардың ақпарат және құжаттар ұсынуы туралы сұрау салу жіберген жағдайда, Комиссия мұндай сұрау салудың көшірмесін сонымен бір мезгілде өзінің аумағында сұрау салынатын билік органы өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын, сұрау салынатын заңды тұлға тіркелген, сұрау салынатын жеке тұлға уақытша немесе тұрақты тұрып жатқан мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

**Ескерту. 78-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

79. Қосымша мәліметтер алу немесе алдыңғы сұрау салуды орындау шеңберінде алынған ақпаратты нақтылау қажет болған кезде, мүше мемлекеттің уәкілетті органына ақпарат пен құжаттарды ұсынуы туралы қайтадан сұрау салу жіберілуі мүмкін.

80. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Комиссияға ұсынатын және құпия ақпаратты қамтитын құжаттармен жұмыс Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

## **VII. Мүше мемлекеттердің аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу**

81. Мүше мемлекеттердің табиғи монополия жағдайында емес тауар нарықтарына бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуі өзіне, оның ішінде төтенше жағдайларға және дүлей зілзалаға, ұлттық қауіпсіздік пайымдауларына қатысты айрықша жағдайларда, туындаған проблемаларды бәсекелестіктің жай-күйі үшін теріс салдары аз болатын тәсіл арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

82. Мүше мемлекеттер уақытша шара ретінде мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген тәртіппен белгілі бір мерзімге жекелеген аумақтардағы әлеуметтік маңызы бар тауарлардың жекелеген түрлеріне бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуі мүмкін.

**Ескерту. 82-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

82<sup>1</sup>. Жекелеген аумақта әлеуметтік мәні бар тауардың бір түрі бойынша осы бөлімде көзделген бағаны мемлекеттік реттеуді қолданудың ең ұзақ мерзімі 12 ай ішінде күнтізбелік 240 күннен аспауға тиіс (көрсетілген мерзім бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу және оның мерзімін ұзарту кезеңдерін қамтиды).

Көрсетілген мерзімде бағаны мемлекеттік реттеу кезеңі үзіліспен де, үзіліссіз де болуы мүмкін.

**Ескерту. 82<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

82<sup>2</sup>. Мүше мемлекет осы бөлімде көзделген бағаны мемлекеттік реттеуді күнтізбелік 90 күннен аспайтын мерзімге енгізуге құқылы.

**Ескерту. 82<sup>2</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

82<sup>3</sup>. Мүше мемлекет осы Хаттаманың 82<sup>2</sup>-тармағында белгіленген мерзімді күнтізбелік 90 күннен аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

**Ескерту. 82<sup>3</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

82<sup>4</sup>. Бағаны мемлекеттік реттеу мерзімін кейіннен ұзарту Комиссияның осы Хаттаманың 87<sup>1</sup>-тармағында көзделген шешімі бойынша ғана күнтізбелік 60 күннен аспайтын мерзімге мүмкін болады.

**Ескерту. 82<sup>4</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

83. Мүше мемлекет осы Хаттаманың 81 - 82<sup>3</sup>-тармақтарында көзделген бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы тиісті шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 7 күннен аспайтын мерзімде Комиссияны және басқа мүше мемлекеттерді хабардар етеді.

Мүше мемлекет Комиссияға осы Хаттаманың 82<sup>4</sup>-тармағына сәйкес өзі бұрын енгізген бағаны мемлекеттік реттеу мерзімін ұзарту туралы жолданымды ұзартудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 35 күннен кешіктірмей жіберуге құқылы.

**Ескерту. 83-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

84. Осы Хаттаманың 81 - 83-тармақтарының ережелері табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін қоса алғанда, барлық көрсетілетін қызметтерге бағаны мемлекеттік реттеуге, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу және тауар интервенциялары салаларына қолданылмайды.

85. Осы Хаттаманың 84-тармағында санамаланған қызметтерді қоспағанда, осы Хаттаманың 81 - 83-тармақтарының ережелері мына тауарларға:

- 1) табиғи газға;
- 2) тұрмыстық мұқтаждықтарға арналған сұйытылған газға;
- 3) электр және жылу энергиясына;
- 4) араққа, күштілігі 28 пайыздан асатын ликер-арақ және басқа да алкоголь өніміне (ең төменгі баға);
- 5) тамақ шикізатынан алынған этил спиртіне (ең төменгі баға);
- 6) қатты отынға, пеш отынына;
- 7) ядролық-энергетикалық цикл өніміне;
- 8) тұрмыстық мұқтаждықтарға арналған керосинге;
- 9) мұнай өнімдеріне;
- 10) дәрілік препараттарға;
- 11) темекі бұйымдарына бағаны мемлекеттік реттеу жағдайларына қолданылмайды.

86. Осы Хаттаманың 81 - 82<sup>3</sup>-тармақтарында көзделген бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу немесе ұзарту туралы басқа мүше мемлекеттің шешімімен келіспеу туралы мүше мемлекеттердің бірінің жолданымды Комиссияға келіп түскен жағдайда Комиссия осы Хаттаманың 87-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда бағаны мемлекеттік реттеудің күшін жою қажеттігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

Көрсетілген жолданым Комиссияға бағаны мемлекеттік реттеудің 90 күндік қолданылу мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 45 күннен кешіктірілмей жіберілуі мүмкін.

**Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

87. Егер бағаны мемлекеттік реттеу бәсекелестікті шектеуге, оның ішінде: нарыққа кіруге кедергілер жасауға;

мұндай нарықта бір тұлғалар тобына кірмейтін шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) санын қысқартуға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, Комиссия бағаны осы мемлекеттік реттеудің күшін жою туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте, екінші мемлекеттің бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуі туралы шешіміне дауласушы мүше мемлекет бағаны мемлекеттік реттеуді енгізудің мақсаттарына бәсекелестіктің жай-күйі үшін теріс салдары аз болатын өзге де тәсіл арқылы қол жеткізуге болатынын дәлелдеуге тиіс.

Комиссияға осы Хаттаманың 86-тармағында көзделген жолданым келіп түскен күннен бастап 2 айдан аспайтын мерзімде Комиссия бағаны мемлекеттік реттеудің күшін жою қажеттігінің бар немесе жоқ екені туралы шешім қабылдайды.

87<sup>1</sup>. Бағаны мемлекеттік реттеу мерзімін ұзарту туралы жолданымды карау қорытындылары бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

бағаны мемлекеттік реттеу мерзімін ұзартуды келісу туралы;

бағаны мемлекеттік реттеу мерзімін ұзартуды келісуден бас тарту туралы.

Комиссия батаны мемлекеттік реттеу мерзімін ұзартуды келісу туралы немесе осы Хаттаманың 83-тармағында көзделген жолданым Комиссияға келіп түскен күннен бастап 2 айдан аспайтын мерзімде оны ұзартуды келісуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Комиссия, егер бағаны реттеу бәсекелестікті шектеуге, оның ішінде: нарыққа кіруге кедергілерін жасауға;

мұндай нарықта бір тұлғалар тобына кірмейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) санын қысқартуға алып келсе немесе алып келуі мүмкін болса, мұндай реттеудің мерзімін ұзартуды келіспейді.

**Ескерту. 87<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

88. Комиссия өзі белгілеген тәртіппен мүше мемлекеттің басқа мүше мемлекеттің бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу және (немесе) ұзарту туралы шешімімен келіспеу туралы жолданымын, сондай-ақ мүше мемлекеттің өзі бұрын енгізген бағаны мемлекеттік реттеу мерзімін ұзарту туралы жолданымын қарайды.

**Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

89. Комиссияның осы Хаттаманың 87-тармағы негізінде қабылданған бағаны мемлекеттік реттеудің күшін жою қажеттігі туралы шешімі және Комиссияның осы Хаттаманың 87<sup>1</sup>-тармағы негізінде қабылданған бағаны мемлекеттік реттеу мерзімін

ұзартуды келісуден бас тарту туралы шешімі осындай шешімдер қабылданған күннен кейінгі күннен кешіктірілмей, бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу немесе бағаны мемлекеттік реттеу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған мүше мемлекеттің органына жіберіледі және бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу немесе бағаны мемлекеттік реттеу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес орындалады.

**Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 20 ҚОСЫМША

## **Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы ХАТТАМА**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 78-бабына сәйкес әзірленді және ол осы Хаттамаға № 1 қосымшада көрсетілген салаларда мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен жалпы қағидаларын қолдану үшін құқықтық негіздер жасауға бағытталған.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"ішкі нарық" - табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтері айналымда болатын мүше мемлекеттердің нарығы;

"табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу" - табиғи монополиялар субъектілері саласына жататын көрсетілетін қызметтерді бір мүше мемлекеттің табиғи монополиялар субъектілерінің екінші мүше мемлекеттің тұтынушыларына техникалық мүмкіндігі болған кезде қолайлылығы осындай көрсетілетін қызмет бірінші мүше мемлекеттің тұтынушыларына ұсынылатыннан кем болмайтын жағдайда көрсетуі;

"табиғи монополия" - көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдайларын жасау көрсетілетін қызметтердің осы түрін жүргізу мен ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне орай мүмкін болмайтын немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын көрсетілетін қызметтер нарығының жай-күйі;

"мүше мемлекеттердің заңнамасы" - мүше мемлекеттердің әрқайсысының табиғи монополиялар салаларына қатысты ұлттық заңнамасы;

"мүше мемлекеттердің ұлттық органдары" - мүше мемлекеттің табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеуді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын органдары;

"қызметтер көрсету" - азаматтық айналым объектісі болып табылатын көрсетілетін қызметтерді ұсыну, тауарларды өндіру (өткізу);

"тұтынушы" - табиғи монополиялар субъектілері көрсететін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенген азаматтық құқық субъектісі (жеке немесе заңды тұлға);

"табиғи монополия субъектісі" - мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген табиғи монополиялар салаларында қызметтер көрсететін шаруашылық жүргізуші субъект;

"табиғи монополиялар саласы" - тұтынушы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін сатып ала алатын, табиғи монополияға заңды түрде жатқызылған көрсетілетін қызметтер айналымының саласы.

## **II. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің жалпы қағидаттары**

3. Мүше мемлекеттер осы Хаттамаға № 1 және 2 қосымшаларда көрсетілген табиғи монополиялар салаларындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу және (немесе) бақылау кезінде басшылыққа алатын қағидаттар:

1) көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен тұтынушылар үшін олардың сапасының тиісті деңгейін, табиғи монополиялар субъектілерінің тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ететін мүше мемлекеттердің тұтынушылары мен табиғи монополиялар субъектілері мүдделерінің теңгерімін сақтау;

2) табиғи монополиялар салаларын осы салаларда бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасау есебінен кейіннен қысқартуға бағытталған реттеу тиімділігін арттыру;

3) табиғи монополиялар субъектілерінің салалық ерекшеліктерін, қызмет ауқымдарын, нарықтық конъюнктураны, орта мерзімді (ұзақ мерзімді) макроэкономикалық және салалық болжамдарды ескере отырып, оларды икемді тарифтік (бағалық) реттеуді, сондай-ақ осы субъектілерді тарифтік (бағалық) реттеу шараларын қолдану, оның ішінде тұтынушының (тұтынушылар топтарының) кез келген мүше мемлекетке тиесілілік қағидаты бойынша белгіленбейтін, сараланған тариф белгілеу мүмкіндігін қолдану;

4) тиісті ішкі нарықты талдау негізінде, осы нарықтың табиғи монополия жағдайында тұрғандығы белгілі болған жағдайларда, реттеуді енгізу;

5) ішкі нарықтарға қол жеткізу кедергілерін, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету жолымен азайту;

6) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін, сабақтастығын, ашықтығын, объективтілігі мен айқындығын қамтамасыз ететін рәсімдерін қолдану;

7) Егер Шарттың XX және XXI бөлімдерінің ережелерінде өзгеше көзделмесе, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айқындалған техникалық мүмкіндік болған

кезде, табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылармен өздеріне қатысты реттеу қолданылатын қызметтер көрсетуге шарттар жасасуының міндеттілігі;

8) табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу қағидаларын табиғи монополиялар субъектілерінің сақтауын қамтамасыз ету;

9) реттеудің нақты табиғи монополия субъектісіне бағытталуы;

10) реттеу қолданылатын табиғи монополиялар салаларындағы көрсетілетін қызметтердің сапасына белгіленетін тарифтердің (бағалардың) сәйкестігін қамтамасыз ету;

11) тұтынушылардың мүдделерін, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша тарифтерді (бағаларды) қолдануға байланысты әр түрлі бұзушылықтарынан қорғау;

12) табиғи монополиялар субъектілеріне шығасыларды қысқарту, жаңа технологияларды енгізу, инвестицияларды пайдаланудың тиімділігін арттыру пайдалы болатын кезде экономикалық жағдайлар жасау болып табылады.

### **III. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің түрлері мен әдістері**

4. Мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің түрлерін (нысандарын, тәсілдерін, әдістерін, құралдарын) мүше мемлекеттер осы Хаттамада белгіленген табиғи монополияларды реттеудің жалпы қағидаттары мен қағидалары негізінде қолданады.

5. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру кезінде реттеудің мынадай түрлері (нысандары, әдістері, тәсілдері, құралдары):

1) тарифтік (бағалық) реттеу;

2) осы Хаттамада белгіленген реттеу түрлері;

3) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген реттеудің өзге де түрлері қолданылады.

6. Табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қосылу (бірігу) құнын белгілеуді қоса алғанда, табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін тарифтік (бағалық) реттеу:

1) ұлттық органның табиғи монополиялар субъектілері үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды), оның ішінде олардың шекті деңгейлерін ұлттық орган бекіткен әдіснаманың (формуланың) және оны қолдану қағидаларының негізінде, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің белгіленген тарифтерді (бағаларды) қолдануына ұлттық органның тиісті бақылауын белгілеуі (бекітуі);

2) ұлттық органның табиғи монополия субъектісі тарифтерді (бағаларды) белгілейтін және қолданатын әдіснаманы және оны қолдану қағидаларын, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерді (бағаларды) белгілеуі мен қолдануына ұлттық органның бақылауын белгілеуі (бекітуі) жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

7. Тарифтік (бағалық) реттеуді жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттердің ұлттық органдары, оның ішінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тарифтік (бағалық) реттеудің мынадай әдістерін:

- 1) экономикалық негізделген шығындардың әдісін;
- 2) индекстеу әдісін;
- 3) инвестициялық капитал табыстылығының әдісін;
- 4) табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігін салыстырмалы талдау әдісін немесе оларды ұштастыра отырып қолдануға құқылы.

8. Тарифтерді (бағаларды) реттеу кезінде:

- 1) реттелетін қызметті жүзеге асыруға байланысты экономикалық негізделген шығындарды табиғи монополиялар субъектілеріне өтеу;
- 2) экономикалық негізделген пайданы алу;
- 3) табиғи монополиялар субъектілерін шығыстарды төмендетуге ынталандыру;
- 4) көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды) қалыптастыру ескеріледі.

9. Тарифтерді (бағаларды) белгілеу кезінде:

- 1) табиғи монополиялардың мүше мемлекеттердің аумақтарында жұмыс істеу ерекшеліктері, оның ішінде техникалық талаптардың және регламенттердің ерекшеліктері;
- 2) мемлекеттік дотация және мемлекеттік қолдаудың басқа да шаралары;
- 3) нарық конъюнктурасы, оның ішінде нарықтың реттелмейтін сегменттеріндегі бағалар деңгейі;
- 4) аумақтардың даму жоспарлары;
- 5) мемлекеттік салық, бюджет, инновациялық, экологиялық және әлеуметтік саясат;
- 6) энергия тиімділігі және экологиялық аспектілер жөніндегі іс-шаралар ескерілуі мүмкін.

10. Табиғи монополия субъектісінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды) реттеу кезінде табиғи монополия субъектісінің шығындарын қалыптастыру кезінде табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша шығыстарды, оның ішінде инвестицияларды, сондай-ақ кірістерді, қолданыстағы активтерді бөлектеп есепке алудың жүзеге асырылатыны көзделеді.

11. Табиғи монополия субъектісінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді, (бағаларды) реттеу ұзақ мерзімді реттеу параметрлерінің негізінде жүзеге асырылуы мүмкін, оларға оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен сапасының деңгейі, тиісті көрсетілетін қызметтерді жеткізуге байланысты шығыстардың өзгеру динамикасы, табыстылық нормасы, инвестицияланған капиталды қайтару мерзімдері және өзге де параметрлер жатқызылуы мүмкін.

Табиғи монополия субъектісінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді, (бағаларды) реттеу мақсаттары үшін табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігіне салыстырмалы талдау әдісін пайдалана отырып алынған ұзақ мерзімді реттеу параметрлері де қолданылуы мүмкін.

12. Осы Хаттаманың 4 - 11-тармақтарын табиғи монополиялардың нақты салаларында қолданудың ерекшеліктері осы Шарттың XX және XXI бөлімдерінде анықталуы мүмкін.

#### **IV. Табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету қағидалары**

13. Мүше мемлекеттер өзінің заңнамасында табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне осы Хаттаманың 2-тармағында анықталғандай түрде қол жеткізуді қамтамасыз ететін реттеу қағидаларын белгілейді.

Мүше мемлекеттердің ұлттық органдары табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне тұтынушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ету қағидаларының және оларға қосылу (қосылу/пайдалану) талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

14. Табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне тұтынушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ету қағидалары:

- 1) шарттардың елеулі талаптарын, сондай-ақ оларды жасасу және орындау тәртібін;
- 2) техникалық мүмкіндіктердің бар-жоғын айқындау тәртібін;
- 3) табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтері, олардың құны, оларға қол жеткізу, олардың ықтимал өткізілу көлемдері, осындай қызметтерді көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері туралы ақпаратты беру тәртібін;
- 4) мүдделі тұлғалардың табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерінің айналымы және (немесе) оларға қол жеткізу жағдайын салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ашық ақпаратты алу жағдайларын;
- 5) коммерциялық құпияны құрай алмайтын ақпараттың тізбесін;
- 6) табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу мәселелері бойынша шағымдарды, арыздарды қарау мен дауларды реттеу тәртібін қамтиды.

15. Мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілерінің олардың көрсетілетін қызметтеріне мүше мемлекеттер тұтынушыларының қол жеткізуіне сараланған талаптарды (осы Шарттың XX және XXI бөлімдерінде айқындалатын табиғи монополияның әрбір жеке саласының ерекшелігін ескере отырып) қолдануына әрбір мүше мемлекеттің заңнамасы сақталған жағдайда, егер осындай талаптар тұтынушылардың мүше мемлекеттердің кез келгеніне тиесілілігі қағидаты бойынша қолданылмаса, жол беріледі.



16. Мүше мемлекеттердің заңнамасы осы Хаттаманың 15-тармағының ережелеріне залал келтірместен, мүше мемлекеттердің тұтынушыларына қатысты мүше мемлекеттердің кез келгеніне тұтынушылардың тиесілілігін негізге ала отырып, табиғи монополиялардың көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің сараланған талаптарын белгілейтін нормаларды қамтымауға тиіс.

17. Табиғи монополиялардың нақты салаларында осы Хаттаманың 13 - 16-тармақтарын қолдану ерекшеліктері, транзит мәселесін қоса алғанда, осы Шарттың XX және XXI бөлімдерінде айқындалады.

## **V. Мүше мемлекеттердің ұлттық органдары**

18. Мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес реттеу және (немесе) бақылау жөнінде өкілеттік берілген мүше мемлекеттердің ұлттық органдары жұмыс істейді.

Мүше мемлекеттердің ұлттық органдары өз қызметін мүше мемлекеттердің заңнамасына, осы Шартқа, сондай-ақ мүше мемлекеттердің өзге де халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

19. Мүше мемлекеттердің ұлттық органдарының функцияларына:

1) табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін тарифтік (бағалық) реттеу;

2) табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу, оның ішінде мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларда, табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қосылу (бірігу) үшін төлемдер (бағалар, тарифтер, алымдар) белгілеу;

3) табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерінде тұтынушылардың мүдделерін қорғау;

4) реттелетін тарифтерді (бағаларды) белгілеу және қолдану, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу мәселелері бойынша шағымдарды, арыздарды қарау, дауларды реттеу;

5) табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын қарау, бекіту немесе келісу және олардың іске асырылуын бақылау;

6) мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген, ақпаратты коммерциялық құпияға жатқызу жөніндегі шектеулерді табиғи монополиялар субъектілерінің сақтауын қамтамасыз ету;

7) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылауды, оның ішінде тексерулер жүргізу жолымен және өзге де нысандарда (мониторинг, талдау, сараптама) жүзеге асыру;

8) мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де функциялар жатады.

## **VI. Комиссияның құзыреті**

20. Комиссия мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) егер мүше мемлекет табиғи монополиялар саласына осы Хаттаманың № 1 және 2 қосымшаларында көрсетілмеген табиғи монополиялардың өзге саласын жатқызуға ниет білдірген жағдайда, осы мүше мемлекет Комиссияға тиісінше өтініш жасағаннан кейін, мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар салаларын кеңейту туралы шешім қабылдайды;

2) ұлттық органдардың табиғи монополиялар салаларына қатысты шешімдерін үйлестіру, әзірлеу және іске асыру тәсілдерін талдайды және ұсынады;

3) мүше мемлекеттердегі табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу жүйесі мен практикасына тиісті жыл сайынғы есептер мен баяндамаларды дайындай отырып, салыстырмалы талдау жүргізеді;

4) табиғи монополиялар салаларындағы экологиялық аспектілерге, энергия тиімділігіне қатысты реттеуді үйлестіруге жәрдемдеседі;

5) Жоғарғы кеңестің қарауына осы тармақтың 3 - 4-тармақшаларында көрсетілген, жүргізілген жұмыстардың мүше мемлекеттердің ұлттық органдарымен келісілген нәтижелерін, сондай-ақ мүше мемлекеттердің табиғи монополия саласындағы жақындатылуға жататын нормативтік құқықтық актілерін белгілеу бойынша мүше мемлекеттермен келісілген және осы саладағы заңнаманы үйлестіру бойынша тиісті шараларды жүзеге асырудың сабақтастығын айқындау бойынша ұсыныстарды ұсынады ;

6) Осы Шарттың XIX бөлімінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

7) мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын үйлестіру жөніндегі шараларды жүзеге асырудың реттілігін айқындау жөніндегі мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен келісілген іс-шаралар жоспарларын ("жол карталарын") бекітеді.

**Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

Табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамаға № 1 қосымша

## **Мүше мемлекеттердегі табиғи монополиялар салалары**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1-қосымшаға енгізілген өзгерістер Хаттаманың 2-бабына сәйкес Хаттама күшіне енген күннен бастап 18 ай өткен соң күшіне енеді - ҚР 02.08.2015 № 346-V Заңымен.**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР 24.12.2014 № 265-V; 02.08.2015 № 346-V; 30.01.2024 № 56-VIII Заңдарымен.**

р/с №	Беларусь Республикасы	Қазақстан Республикасы	Ресей Федерациясы	Армения Республикасы	Қырғыз Республикасы

1.	Мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау	Мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау		Мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау
2.	Электр энергиясын беру және тарату	Электр энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Электр энергиясын беру және тарату
3.		Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер; электр энергиясын өндіруді - тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер; электр қуатының жүктемені атқаруына дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап)	Электр энергетикасын жедел-диспетчерлік басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Электр энергетикасы жүйесінің операторы көрсететін қызметтер	Ұлттық энергия жүйесін жедел-диспетчерлік басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтер
	Ортақ пайдаланылатын теміржол көлігінің инфрақұрылымын пайдаланатын отырып			Темір жол инфрақұрылымы	

4.	көрсетілетін ортақ пайдаланылатын теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері, теміржол тасымалдары	Магистралдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтері	Теміржол тасымалдары	ын пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Теміржол тасымалдары
----	--	---	----------------------	--	----------------------

Табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамаға № 2 қосымша

## Мүше мемлекеттердегі табиғи монополия салалары

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымшаға енгізілген өзгерістер Хаттаманың 2-бабына сәйкес Хаттама күшіне енген күннен бастап 18 ай өткен соң күшіне енеді - ҚР 02.08.2015 № 346-V Заңымен.

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР 24.12.2014 № 265-V; 02.08.2015 № 346-V; 30.01.2024 № 56-VIII Зандарымен.

р/с №	Беларусь Республикасы	Қазақстан Республикасы	Ресей Федерациясы	Армения Республикасы	Қырғыз Республикасы
1.	Газды магистралдық және таратушы құбыржолдар арқылы тасымалдау	Тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбыржолдары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтері	Газды құбыржолдар арқылы тасымалдау	Табиғи газды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер; табиғи газды тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтер; газбен жабдықтау жүйесінің операторы көрсететін қызметтер	Табиғи газды тасымалдау, тарату, сақтау және сату
2.	Көліктік терминалдардың, әуежайлардың көрсетілетін қызметтері;	Аэронавигацияның көрсетілетін қызметтері; порттардың, әуежайлардың	Көліктік терминалдардағы, порттардағы және әуежайлардағы		Ұшуды аэронавигациялық қамтамасыз ету; ішкі әуе тасымалдарына

	аэронавигациян ың көрсетілетін қызметтері	көрсетілетін қызметтері	көрсетілетін қызметтер		жерүсті қызмет көрсету
3.	Ортақ пайдаланылатын электр байланысының және пошта байланысының көрсетілетін қызметтері	Телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерін қоспағанда, көрсетілетін қызметтердің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкіндігінің жоқтығы не экономикалық тұрғыдан орынсыз болуы себепті бәсекелес байланыс операторы болмаған кездегі телекоммуникациялардың көрсетілетін қызметтері; кәбілдік кәрізді және телекоммуникациялардың желілерін ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желілеріне қосумен технологиялық байланысты өзге де негізгі құралдарды мүлктік жалдауға (жалға) беру немесе пайдалану жөніндегі көрсетілетін қызметтер; пошта байланысының жалпыға қолжетімді көрсетілетін қызметтері	Жалпыға қолжетімді электр байланысының және жалпыға қолжетімді пошта байланысының көрсетілетін қызметтері		Ортақ пайдаланылатын электр байланысы және пошта байланысы қызметтері

4.	Ж ы л у энергиясын беру және тарату	Топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен электр станцияларының , кәріздік-тазарту құрылысжайлар ының саркынды суларының жылуын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, ж ы л у энергиясын өндіру, беру, тарату және ( немесе) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Ж ы л у энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер		Ж ы л у энергиясын өндіру, беру, тарату және сату
5.	Орталықтандыр ылған сумен жабдықтау және суды бұру	С у м е н жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтері	Орталықтандыр ылған жүйелерді , коммуналдық инфрақұрылым жүйелерін пайдалана отырып, сумен жабдықтау және суды бұру	Бәсекесіз сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Орталықтандыр ылған сумен жабдықтау және су бұру
6.			Ішкі су жолдарының инфрақұрылым ын пайдалану жөніндегі көрсетілетін қызметтер		
		мемлекеттік-жек ешелік әріптестік шарттары, оның ішінде бәсекелес теміржол жолы болмаған кезде			

7.		концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдардың көрсетілетін қызметтері			
8.		Бәсекелес кіреберіс жолы болмаған кезде, кіреберіс жолдары көрсетілетін қызметтері			
9.			Солтүстік теңіз ж о л ы акваториясында кемелерді мұз жарып өткізу		
10.				Электр энергиясын бөлу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	
11.				Есеп орталығы көрсететін қызметтер	
12.					Электр энергиясын өндіру және сату

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 21 ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы туралы хаттама

**Ескерту. 21-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.**

Ескерту. Хаттамаға өзгеріс енгізілді – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.

### I. Жалпы ережелер

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 81 және 82-баптарына сәйкес әзірленді және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастырудың, оның жұмыс істеуі мен дамуының құқықтық негіздерін айқындайды.

2. Осы Хаттаманың және осы Хаттамада көзделген актілердің ережелері мүше мемлекеттердің үшінші мемлекеттермен электр энергиясының саудасына байланысты қатынастарға, оның ішінде үшінші мемлекеттердің аумағына мүше мемлекеттің аумағы арқылы, үшінші мемлекеттердің аумағынан мүше мемлекеттің аумағы арқылы электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруге байланысты қатынастарға қолданылмайды.

Үшінші мемлекеттердің электр энергетикасы субъектілеріне қатысты міндеттемелерді орындау мақсатында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру аумағы арқылы электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасымен реттеледі.

3. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"қосылу туралы шарт" - орталықтандырылған сауда нәтижелері бойынша электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының орындалуын қамтамасыз ететін, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының қатысушысы, электр энергиясымен орталықтандырылған сауданың белгілі бір түрі бойынша орталықтандырылған сауда операторы (операторлары) және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының өзге де инфрақұрылымдық ұйымдары арасында өзара міндеттемелерді белгілейтін, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен өзара сауда қағидаларына сәйкес жасалатын шарт;

"электр энергетикасы саласында табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу" - Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін пайдалану мүмкіндігі;

"электр энергиясымен (қуатымен) алмасу" - электр энергиясының (қуатының) тең көлемдерін мүше мемлекеттің шекарасында (шекараларында) орналасқан әртүрлі жеткізу нүктелері арқылы электр энергетикалық жүйеге және одан өзара байланысты және бір мезгілде жеткізу;

"мемлекетаралық электр беру желілері" - мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекараларын кесіп ететін электр беру желілері;

"электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру" - мүше мемлекеттердің уәкілетті ұйымдарының электр энергиясын (қуатын) өткізу және (немесе) онымен алмасу бойынша қызметтер көрсетуі. Мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тиісті қатынастар электр энергиясын (қуатын) беру (транзиттеу) бойынша қызмет көрсету шарттарымен немесе электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын қоса алғанда, өзге де азаматтық-құқықтық шарттарымен ресімделеді;

"мемлекетаралық қима" - мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы, сондай-ақ мүше мемлекеттер мен үшінші мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы ететін, 2 және одан да көп мемлекеттердің энергия жүйелері (энергия



жүйелерінің бөліктері) арасындағы барлық сыныпты кернеудің электр беру желілерінің технологиялық байланысты жиынтығы;

"мемлекетаралық ағын" - мемлекетаралық электр беру желілері бойынша электр энергиясының (қуатының) ағыны;

"Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы" - электр энергиясын (қуатын) сатып алу-сатуға байланысты, осы Хаттаманың, осы Хаттаманың 5-8 тармақтарында көзделген актілердің және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының субъектілері арасындағы тиісті шарттардың негізінде әрекет етіп, параллель жұмыс істейтін электр энергетикалық жүйелер негізінде әртүрлі мүше мемлекеттердің ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарықтарының субъектілері арасындағы қатынастар жүйесі;

"орталықтандырылған сауда операторы" - Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен орталықтандырылған сауданың белгілі бір түрін ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін ұйым;

"электр энергиясын (қуатын) өткізу" - бір мүше мемлекеттің аумағында ендірілген электр энергиясының (қуатының) басқа мүше мемлекеттің желілері арқылы оның шекарасында (шекараларында) орналасқан жеткізу нүктелері арасындағы ағындарын қамтамасыз ету;

"электр энергиясының сальдо-ағыны" - мемлекетаралық қимаға кіретін барлық электр беру желілері бойынша электр энергиясының мемлекетаралық ағындарының алгебралық қосындысы (бағытын ескере отырып);

"еркін екіжақты шарт" - Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар арасында жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарты, онда жеткізу көлемдерін, бағаларын, мерзімдері мен есеп-қисаптарды және міндеттемелерді орындаудың өзге де талаптарын шарт тараптары, мемлекетаралық қималардың өткізу қабілеттерін, басқа да технологиялық және реттеушілік шектеулерді ескере отырып, дербес айқындайды;

"желілік оператор" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы мүше мемлекеттің аумағы бойынша электр энергиясын беру қызметін көрсетуге уәкілеттік берілген ұйым;

"жүйелік оператор" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесін жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген ұйым;

"мерзімдік келісімшарт" - электр энергиясын жеткізу кезеңі мен сағаттары бойынша , сондай-ақ мерзімдік келісімшарттар бойынша

орталықтандырылған сауда операторының регламенттеріне сәйкес орталықтандырылған сауда жүргізген кезде электр энергиясының бағасы мен көлемі айқындалатын өзге де елеулі талаптар бойынша стандартталған талаптардан қамтитын, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарты;

"ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарығының субъектілері" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы мүше мемлекеттің көтерме сауда электр энергетикалық нарығының субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар;

"тұйық схема" - бір мүше мемлекеттің электр энергиясын тұтынушыларды электрмен жабдықтау басқа мүше мемлекеттің тарапынан кернеу алатын мемлекетаралық электр беру желілері бойынша жүзеге асырылатын схема;

"электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтері" - Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында өзара сауданы және электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді қамтамасыз ету үшін табиғи монополиялар субъектілері көрсететін электр энергиясын беру, электр энергетикасында жедел-диспетчерлік басқару жөніндегі қызметтер.

## **II. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, оның жұмыс істеу және даму қағидаттары**

4. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, оның жұмыс істеуі және дамуы мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) теңқұқылық, өзара тиімділік және мүше мемлекеттердің кез келгеніне экономикалық залал келтірмеу негізіндегі ынтымақтастық;

2) электр энергиясын өндірушілер мен тұтынушылардың, сондай-ақ Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының басқа да субъектілерінің экономикалық мүдделерінің теңгерімділігін сақтау;

3) қызметтің бәсекелес түрлерінде электр энергиясына (қуатына) сұранысты қанағаттандырудың орнықты жүйесін қалыптастыру үшін нарықтық қатынастарға және адал бәсекелестікке негізделген тетіктерді басым пайдалану;

4) электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттердің ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін басым пайдаланған жағдайда, техникалық мүмкіндіктер шегінде осы көрсетілетін қызметтерге кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету;

5) мүше мемлекеттердің электр энергетикалық нарықтарының бұрыннан бар модельдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, мүше мемлекеттердің параллель жұмыс істейтін электр энергетикалық жүйелері негізінде Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын кезең-кезеңмен қалыптастыру және дамыту;

6) параллель жұмыстың өзара келісілген талаптарын сақтай отырып, мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері параллель жұмысының техникалық және экономикалық артықшылықтарын пайдалану;

7) мүше мемлекеттердің энергетикалық қауіпсіздігін ескере отырып, мүше мемлекеттердің субъектілері арасында электр энергиясымен сауданы жүзеге асыру;

8) мүше мемлекеттердің электр энергетикасы саласындағы заңнамасын, оның ішінде Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің ақпаратты ашуы бөлігінде кезең-кезеңмен үйлестіру.

### **III. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеу қағидалары**

5. Мүше мемлекеттер электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруге қол жеткізуді қамтамасыз ету қағидаттары мен тәртібін айқындайтын қағидаларға (бұдан әрі - қол жеткізу қағидалары) сәйкес мүше мемлекеттердің электр энергиясына (қуатына) ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етуді ескере отырып, мемлекетаралық электр беру желілері арқылы электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруге кедергісіз қол жеткізуді қолда бар техникалық мүмкіндіктер шегінде қамтамасыз етеді.

Электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген ұйым (ұйымдар) мен электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін қызметтерді тұтынушының арасындағы тиісті шарттар негізінде жүзеге асырылады. Көрсетілген шарттарды жасасу, орындау, өзгерту, бұзу, қолданысын тоқтату, тіркеу және есепке алу тәртібі қол жеткізу қағидаларында айқындалады.

Қол жеткізу қағидаларын Үкіметаралық кеңес бекітеді.

6. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен өзара сауда Үкіметаралық кеңес бекітетін қағидаларда (бұдан әрі - электр энергиясымен өзара сауда қағидалары) реттеледі.

7. Мемлекетаралық қималардың өткізу қабілетін айқындауға және бөлуге байланысты құқықтық қатынастарды реттеу Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен өзара сауданы жүзеге асыру және электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру үшін қолжетімді мемлекетаралық электр беру желілерінің өткізу қабілетін айқындау және бөлу кезінде Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің өзара қатынастарын регламенттейтін, Үкіметаралық кеңес бекітетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы жұмыс істеген кезде Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының және Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимыл жасауы Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы жұмыс істеген кезде деректер құрамын және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының және Комиссияның оларды ұсыну рәсімдерін айқындайтын және Үкіметаралық кеңес бекітетін қағидаларға (бұдан әрі - ақпарат алмасу қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.

### **IV. Комиссияның өкілеттіктері**

9. Комиссия Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыруды, оның жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету мақсатында мынадай өкілеттіктерді:

1) Комиссия Кеңесі бекітетін тәртіппен Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеуін мониторингтеуді;

2) Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысты құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауды;

3) осы Хаттамада көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **V. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын басқару және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету**

10. Мынадай органдар мен ұйымдар:

мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электр энергетикасы саласындағы реттеуді және (немесе) бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары;

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының инфрақұрылымдық ұйымдары Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын басқаруды жүзеге асырады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің бастамасы бойынша Жоғары кеңестің шешімімен көмекші органдар (мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары басшыларының кеңесі, жұмыс топтары, арнайы комиссиялар) құрылуы мүмкін.

11. Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электр энергетикасы саласындағы реттеуді және (немесе) бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарына, оның ішінде:

электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары;

бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатты іске асыруға және (немесе) жүргізуге уәкілеттік берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу және (немесе) бақылау өкілеттіктері берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары жатуы мүмкін.

Мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес электр энергетикасы саласындағы реттеуді және (немесе) бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген осы мүше мемлекеттің мемлекеттік органдары Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында мынадай функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады:

осы Хаттаманы іске асыруға бағытталған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

осы Хаттаманың 5 - 8-тармақтарына сәйкес қабылданатын актілерге сәйкес мүше мемлекеттің электр энергетикасы саласындағы заңнамасын үйлестіруге жәрдемдеседі;

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеуін мониторингтеу деректерін дайындауға және қарауға қатысады;

мүше мемлекеттің аумағында тіркелген Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің мүше мемлекеттің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасын, мүше мемлекеттің аумағында электр энергиясымен өзара сауда қағидаларын және қол жеткізу қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

мүше мемлекеттің табиғи монополиялардың қызметін реттеу және (немесе) бақылау саласындағы заңнамасына сәйкес, мүше-мемлекеттің аумағында тіркелген және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында қызметін жүзеге асыратын электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеуді және бақылауды жүзеге асырады;

тиісті мүше мемлекеттің аумағында тіркелген Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектісінің қол жеткізу қағидаларын бұзуына қатысты шағымдарды қарайды;

тиісті мүше мемлекеттің аумағында тіркелген және электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілері болын табылмайтын Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы инфрақұрылымдық ұйымдарының көрсетілетін қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) айқындау жөніндегі әдістемелік нұсқауларды бекітеді;

осы Хаттаманың 5 - 8-тармақтарына сәйкес қабылданатын актілерде және мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электр энергетикасы саласындағы реттеуді және (немесе) бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының осы тармақта көрсетілген функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру тәртібі тиісті мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

12. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы инфрақұрылымдық ұйымдарының құрамы осы Хаттаманың 21 - 23-тармақтарына сәйкес айқындалады.

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы инфрақұрылымдық ұйымдарының Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бөлігіндегі құқықтары мен міндеттері (функциялары мен өкілеттіктері) осы Хаттамада, осы Хаттаманың 5-8-тармақтарына сәйкес қабылданатын актілерде және осы актілерде айқындалған бөлігінде мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

13. Мүше мемлекеттер электр энергетикасы саласындағы реттеуді және (немесе) бақылауды жүзеге асыруға мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы инфрақұрылымдық ұйымдарының және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылардың өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді.

## **VI. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының субъектілері**

14. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің құрамына:

- 1) Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар;
- 2) Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының инфрақұрылымдық ұйымдары кіреді.

15. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің құқықтары мен міндеттері (функциялары мен өкілеттіктері) осы Хаттамаға, осы Хаттаманың 5-8-тармақтарына сәйкес қабылданатын актілерге және осы актілерде айқындалған бөлігінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленеді.

16. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің тізілімі осы Хаттаманың 17 - 19-тармақтарына сәйкес Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысуға құқығы бар мүше мемлекеттердің ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарықтары субъектілері туралы ақпаратты, сондай-ақ осы Хаттаманың 21-тармағында көрсетілген, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысуға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттердің инфрақұрылымдық ұйымдары туралы ақпаратты қамтиды. Көрсетілген ақпаратты мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген органдар (ұйымдар) қалыптастырады.

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу ақпарат алмасу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## **VII. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар**

17. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылардың құрамына:

1) тиісті мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электр энергиясын сатуды (жеткізуді) жүзеге асыратын және ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарықтарының субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар;

2) тиісті мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын және ішкі көтерме сауда электр энергетикасы нарықтарының субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар;

3) балама және ез мүше мемлекетінің ішкі электр энергетикалық нарығында электр энергиясын сатып алу мүмкіндігі болмаған кезде мемлекетаралық электр беру желілері арқылы шектес мүше мемлекеттен "тұйық схема" бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

4) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электр энергиясының нақты сальдо-ағындарының жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеуге уәкілеттік берілген заңды тұлғалар кіреді.

18. Осы Хаттаманың 19-тармағында көзделген Комиссия Кеңесінің шешімі күшіне енгенге дейін әрбір мүше мемлекет өз заңнамасына сәйкес ішкі көтерме сауда электр

энергетикалық нарығы субъектісіне Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысуға өкілеттіктер бере алады, сондай-ақ Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен саудаға қатысу құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін айқындай алады.

19. Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шарт, сондай-ақ Одақтың ортақ газ нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті Одақ органдарының актілері күшіне енгеннен кейін Комиссия Кеңесі шешім қабылдайды, оған сәйкес мүше мемлекеттер Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарықтарының барлық субъектісінің ерікті және бәсекелестік негізде қатысуы үшін жағдайлар жасайды. Комиссия Кеңесінің көрсетілген шешімі күшіне енгеннен кейін мүше мемлекеттер ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарығының жекелеген субъектілеріне Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысуға уәкілеттік беруге құқылы емес (осы Хаттамада көзделген жағдайларды қоспағанда).

20. Егер мүше мемлекеттердің заңды тұлғалары электр энергетикасы саласындағы табиғи-монополиялық және бәсекелестік қызмет түрлерін бір мезгілде жүзеге асырмаса (қоса атқармаса), олар Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен сауданы жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші абзацының ережелері Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен саудаға мынадай жағдайларда:

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен сауда электр энергиясының нақты сальдо-ағындарының жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеу мақсатында жүзеге асырылса;

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясын сатып алуды электр энергиясымен өзара сауда қағидаларында айқындалған жағдайларда электр желілеріндегі ысыраптарды өтеу мақсатында жүйелік және (немесе) желілік операторлар жүзеге асырса, қолданылмайды.

Егер осы Хаттама күшіне енген күнгі жағдай бойынша осы мүше мемлекетте электр энергиясын өндіру және (немесе) сату Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамаға (Шартқа № 20 қосымша) № 2 қосымшаға сәйкес табиғи монополиялар салаларына жататын болса, осы тармақтың бірінші абзацының ережелері электр энергиясын өндіруді және (немесе) сатуды жүзеге асыратын мүше мемлекеттің заңды тұлғаларына қолданылмайды.

Осы тармақтың бесінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен саудаға қатысу ерекшеліктері Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 20 қосымша) ережелері ескеріле отырып, электр энергиясымен өзара сауда қағидаларында айқындалады.

## **VIII. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының инфрақұрылымдық ұйымдары**

21. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының инфрақұрылымдық ұйымдарының құрамына мыналар:

- 1) жүйелік операторлар;
- 2) желілік операторлар;
- 3) орталықтандырылған сауда операторы (операторлары);

4) осы Хаттаманың 5 - 8-тармақтарына сәйкес қабылданатын актілерге сәйкес электр энергиясымен өзара сауда кезінде Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының субъектілеріне қызметтер көрсететін өзге де ұйымдар кіреді.

22. Бір мүше мемлекеттегі Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының бірнеше инфрақұрылымдық ұйымдарының функциялары осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес біріктірілуі мүмкін.

23. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының инфрақұрылымдық ұйымдары осы Хаттаманың 5 - 8-тармақтарына сәйкес қабылданатын актілерге сәйкес жасалатын шарттарға сәйкес қызметтер көрсетеді.

## **IX. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергиясымен сауда**

24. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен сауданы жүзеге асыру тәсілдері:

- 1) еркін екіжақты шарттар бойынша Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар арасындағы электр энергиясымен өзара сауда;
- 2) түрлері электр энергиясымен өзара сауда қағидаларында айқындалатын және оның ішінде оның экономикалық тұрғыдан орындылығы жағдайында, бір тәулік бұрын орталықтандырылған сауданы қамтитын, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар арасындағы электр энергиясымен орталықтандырылған сауда (бұдан әрі - электр энергиясымен орталықтандырылған сауда);
- 3) мүше мемлекеттердің уәкілеттік берілген ұйымдары арасында жасалатын шарттардың негізінде электр энергиясының нақты сальдо - ағындарының жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеу.

25. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергиясымен сауда осы Хаттамаға, электр энергиясымен өзара сауда қағидаларына сәйкес және сауданың белгілі тәсілін пайдалана отырып, электр энергиясымен сауданы жүзеге асыру үшін жасалуы қажетті шарттардың негізінде мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекараларындағы тиісті мемлекетаралық қималарда түрлі мүше мемлекеттердің заңды тұлғалары болып табылатын Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар арасында жүзеге асырылады.

26. Электр энергиясымен өзара сауда қағидаларында Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылардың сауданың тиісті тәсілін пайдаланып,



сауданы жүзеге асыруды бастау үшін аталған қатысушылар осы іс-қимылдарды жасауға тиіс іс-қимылдары айқындалады.

Сауданың белгілі тәсілін, оның ішінде еркін екіжақты шарттар бойынша сауда тәсілін пайдалана отырып, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергиясымен саудаға қатысу үшін жасалуы қажет шарттардың елеулі талаптарының тізбесі және көрсетілген шарттарды жасасу, орындау, өзгерту, бұзу, қолданысын тоқтату, тіркеу және есепке алу тәртібі электр энергиясымен өзара сауда қағидаларында және қолжетімділік қағидаларында айқындалады. Көрсетілген қағидаларда Комиссия Кеңесі бекітетін стандартты нысандарға сәйкес жасалатын Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергиясымен саудаға қатысу үшін қажетті шарттар тізбесі айқындалады. Мұндай нысандар бойынша жасалған шарттардың талаптарын олардың тараптары болып табылатын Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар біржақты тәртіппен өзгерте алмайды.

27. Еркін екіжақты шарттар бойынша электр энергиясымен өзара сауданы мемлекетаралық қималардың өткізу қабілеттерін, басқа да технологиялық және реттеуші шектеулерді ескере отырып, шарттардың тараптары әздері белгілейтін бағалар бойынша, көлемде және жеткізу талаптарына қарай электр энергиясын сатып алу-сатудың екіжақты шарттарын жасасу арқылы Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар жүзеге асырады. Электр энергиясын жеткізу көлемін өзгерту және еркін екіжақты шартты бұзу электр энергиясымен өзара сауда қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында белгіленген тәртіппен тіркелген еркін екіжақты шарттар бойынша сатып алынатын (сатылатын) электр энергиясының көлемі мүше мемлекеттердің электр энергиясының ішкі көтерме нарықтарында осы мүше мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес ескерілуге тиіс.

28. Электр энергиясымен орталықтандырылған сауданы электр энергиясымен өзара сауда қағидаларына сәйкес электр энергиясын сатып алу (сату) бағалары мен көлемін айқындауды қамтамасыз ететін сауданың электрондық жүйесін пайдалана отырып, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар жүзеге асырады. Электр энергиясымен орталықтандырылған сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді орталықтандырылған сауда операторы (операторлары) өтеулі шарттық негізде көрсетеді.

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергиясымен орталықтандырылған сауда нәтижелері бойынша жасалған және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында белгіленген тәртіппен тіркелген шарттар бойынша сатып алынатын (сатылатын) электр энергиясының көлемдері мүше мемлекеттердің электр энергиясының ішкі көтерме нарықтарында осы мүше мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес тіркелуге және онда ескерілуге тиіс.

29. Электр энергиясының нақты сальдо-ағындарының жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеу және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылардың тиісті мемлекетаралық қималар арқылы электр энергиясымен өзара сауданы жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында шектес мүше мемлекеттердің ауытқуларды реттеуге уәкілетті ұйымдары электр энергиясымен өзара сауда қағидаларына сәйкес сағаттық ауытқулардың сатып алу-сату шарттарын не, егер мүше мемлекеттердің заңнамасына қайшы келмесе, өзге де шарттарды жасасады.

Тиісті мүше мемлекеттердің Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылары арасындағы осы Хаттаманың 24-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен тиісті қима бойынша электр энергиясымен сауда осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген шарттар жасалғанға дейін жүзеге асырылмайды.

Сағаттық ауытқулардың шамаларын есептеу тәртібі мен оларды реттеу тәртібі электр энергиясымен өзара сауда қағидаларында айқындалады.

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар арасында өз мүше мемлекетінің ішкі электр энергетикалық нарығында электр энергиясы баламасының және сатып алу мүмкіндігінің болмауынан "тұйық схема" бойынша электр энергиясының тұтынушыларын электрмен жабдықтауға байланысты электр энергиясымен сауда жүзеге асырылатын мемлекетаралық қималарда ауытқуларды реттеу электр энергиясын сатып алу-сатудың еркін екіжақты шарттары шеңберінде жүзеге асырылады.

30. Әрбір мүше мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес электр энергиясының нақты сальдо-ағындарының жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеуге қатысуға уәкілетті ішкі көтерме электр энергетикалық нарықтың субъектісін және тиісті шарттар жасасуды айқындайды.

Электр энергиясының нақты сальдо-ағындарының жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеуге арналған шарттар жасасу туралы ақпарат Одақтың ортақ электр энергетикалық нарық субъектілеріне ақпараттық алмасу қағидаларына сәйкес беріледі.

31. Басқа мүше мемлекеттермен ортақ шекаралары жоқ мүше мемлекеттің Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушыларының осындай мүше мемлекетпен шектес үшінші мемлекеттің аумағы арқылы Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен сауданы жүзеге асыруы үшін басқа мүше мемлекеттермен ортақ шекаралары жоқ мүше мемлекеттің уәкілетті ұйымы мен үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес тиісті шарттар жасасуға уәкілетті ұйым арасында электр энергиясының нақты сальдо-ағындарының жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеуге арналған шарттар жасалуға тиіс.

Сондай-ақ үшінші мемлекет арқылы екі бағытта да электр энергиясы транзитінің шарттарын жасасу (шарттың болуы) басқа мүше мемлекеттермен ортақ шекаралары жоқ мүше мемлекеттің Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына

қатысушыларының Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен сауданы жүзеге асырушының қажетті шарты болып табылады.

#### **X. Орталықтандырылған сауда операторы (операторлары)**

32. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен орталықтандырылған сауданы ұйымдастыруды мүше мемлекеттердің ұсыныстары негізінде Комиссия Кеңесі айқындаған мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) ұйымы (ұйымдары) жүзеге асырады.

33. Орталықтандырылған сауда операторының (операторларының) құқықтары мен міндеттері (функциялары мен өкілеттіктері) электр энергиясымен өзара сауда қағидаларында, ақпараттық алмасу қағидаларында, қосылу туралы шартта (шарттарда) және орталықтандырылған сауда операторының (операторларының) регламенттерінде белгіленеді.

34. Электр энергиясымен орталықтандырылған сауданы ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету тиісті электрондық сауда жүйесін - сауда алаңын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

35. Осы Хаттаманың 5 - 8-тармақтарына сәйкес қабылданатын актілерде көзделген қосылу туралы шарттың нысанын (шарттардың нысандарын), шарттардың стандартты нысандары мен регламенттерді мүше мемлекеттердің ұсыныстары негізінде Комиссия Кеңесі бекітеді.

36. Электр энергиясымен орталықтандырылған сауда операторы (операторлары) көрсететін қызметтердің бағасын (тарифін) айқындау қағидадары электр энергиясымен өзара сауда қағидаларында белгіленеді.

#### **XI. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергиясымен сауданың технологиялық негізі**

37. Мыналар:

1) мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері мен электр энергетикалық нарықтарының жұмыс істеуі туралы деректер негізінде Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ақпараттық алмасу жүйесі;

2) жедел келісімшарттар бойынша орталықтандырылған сауда жүргізуді қамтамасыз ететін электрондық сауда жүйесі;

3) бір тәулік бұрын орталықтандырылған сауда жүргізуді қамтамасыз ететін электрондық сауда жүйесі Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергиясымен сауданың технологиялық негізін құрайды.

#### **XII. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің, сондай-ақ электр энергиясын (қуатын)**

## **мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілетті өзге де ұйымдардың қызметін реттеу және бақылау**

38. Электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің және электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілетті өзге де ұйымдардың электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыруы кезіндегі қызметін реттеу және бақылау осы Хаттамаға, қолжетімділік қағидаларына және аумағы бойынша электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясын сатып алуды (сатуды) жүзеге асыратын ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарығы субъектілеріне тиісті қызметтер көрсетуі кезіндегі қызметін реттеу және бақылау Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидааттары мен қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 20 қосымша) 3-тармағында көрсетілген қағидааттар ескеріле отырып, осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің электр энергиясын беру бойынша және электр энергетикасындағы жедел-диспетчерлік басқару бойынша қызметтері аумағында осы қызметтерді көрсету жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы мүше мемлекеттің ішкі электр энергетикасы нарығының субъектілеріне ғана көрсетіледі. Бұл ретте Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясын сатып алуды (сатуды) жүзеге асыратын ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарығының субъектілеріне электр энергиясын сатып алуды (сатуды) жүзеге асыратын субъектілерге тиісті көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу мүше мемлекеттің ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарығында ғана электр энергиясын сатып алуды (сатуды) жүзеге асыратын субъектілерге ұсынылатын шарттармен электр энергетикасы саласындағы аталған табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтеріне қол жеткізу қамтамасыз етілуге тиіс.

39. Электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтеріне қатысты баға белгілеу (тариф белгілеу) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтерінің бағалары (тарифтері) ішкі көтерме электр энергетикалық нарығының субъектілері үшін осындай ішкі бағадан (тарифтерден) аспауға тиіс.

Мүше мемлекеттің аумағы бойынша электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асырған кезде баға белгілеу (тариф белгілеу) мүше мемлекеттің

заңнамасына сәйкес электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді, ішкі электр энергетикалық нарығында осындай ұйымның электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді қамтамасыз етуіне байланысты шығыстарын (шығындарын) жүзеге асыруға уәкілетті ұйымның өтемақысын ескеруге тиіс. Бұл ретте егер электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға арналған баға (тариф) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес көрсетілген бағаны (тарифті) айқындау кезінде ескерілетін параметрлердің болжамды мәндерінің негізінде айқындаған болса, онда электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға арналған бағаны (тарифті) кейіннен айқындаған кезде алдыңғы есептік кезеңдерге жататын осы параметрлердің болжамды және нақты мәндерінің арасындағы айырма ескеріледі.

Электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға арналған бағалар (тарифтер) қолжетімділік қағидаларында көзделген мерзімде кезекті күнтізбелік ай (есептік кезең) басталғанға дейін алдын ала айқындалады және осы күнтізбелік айдың (есептік кезеңнің) міндеттемелеріне қатысты өзгертуге жатпайды.

### **XIII. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын монополияға қарсы реттеу**

40. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын монополияға қарсы реттеу Шарттың XIX және XX бөлімдерінде және осы Хаттамада белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасына және Шарттың XVIII бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

### **XIV. Электр желілерін мемлекетаралық дамыту**

41. Мүше мемлекет өз аумағында электр желілерін мемлекетаралық дамытуды Комиссия Кеңесі бекітетін электр желілерін мемлекетаралық дамыту туралы ережеге және өз заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

### **XV. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру және дамыту кезеңдері**

42. Осы Хаттамада көзделген актілерді қабылдау мерзімдерін, сондай-ақ Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын дамыту кезеңдерін Жоғары Кеңес белгілейді.

### **XVI. Электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру**

43. Осы бөлімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады: "электр энергиясына (қуатына) ішкі қажеттіліктер" - электр энергиясының (қуатының) тиісті мүше мемлекеттердің аумағында тұтынуы үшін қажетті көлемдері;

"электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтеріне қол жеткізу" - бір мүше мемлекеттің ішкі нарық субъектісінің басқа мүше мемлекет аумағындағы электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтерін пайдалану мүмкіндігі;

"ішкі электр энергиясы нарығының субъектілері" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес сол мүше мемлекеттің электр энергиясы (қуаты) нарығының субъектілері болып табылатын, электр энергетикасы саласындағы қызметті, оның ішінде электр энергиясын (қуатын) ендіруді, электр энергиясы (қуатын) сатып алуды және сатуды, электр энергиясын таратуды, тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды, электр энергиясын (қуатын) беру "

жөнінде қызметтер көрсетуді, электр энергетикасындағы жедел-диспетчерлік басқаруды, электр энергиясын (қуатты) өткізуді, электр энергиясын сатып алуды-сатуды ұйымдастыруды жүзеге асыратын тұлғалар.

44. Мүше мемлекеттер электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтерін мүше мемлекеттердің электр энергиясына (қуатына) ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін басымдықпен пайдаланған жағдайда, аталған қызметтерге қолда бар техникалық мүмкіндіктер шегінде кедергісіз қол жеткізуді мынадай қағидаттар:

1) аумағында осындай қызметтер көрсетілетін мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген электр энергиясының (қуатының) ішкі нарығы субъектілеріне қатысты талаптардың теңдігі;

2) электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялардың көрсететін қызметтерін мүше мемлекеттердің ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін басымдықпен пайдаланған жағдайда, аталған қызметтерге қолжетімділік беру кезінде мүше мемлекеттердің заңнамасын есепке алу;

3) электр энергетикасы саласында табиғи монополиялар субъектілері қызметтер көрсеткен кезде мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмыс режимдеріне әсер ететін электр энергетикасы объектілерінің тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз ету;

4) мүше мемлекеттердің ішкі электр энергиясы нарықтарының субъектілері арасында туындайтын қатынастарды шарттық ресімдеу;

5) электр энергетикасы саласындағы мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілерінің қызмет көрсетуінің өтемділігі негізінде қамтамасыз етеді.

45. Электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді қамтамасыз ету мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) мүше мемлекеттер электр энергиясын (қуатын) шектес мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы мемлекетаралық беруді мүше мемлекеттердің электр энергиясына (қуатына) деген ішкі қажеттіліктері басымдықпен қамтамасыз етілген жағдайда, қолда бар техникалық мүмкіндіктер шегінде қамтамасыз етеді;

2) электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық берудің техникалық мүмкіндігін айқындау мынадай басымдықтар есепке алына отырып жүзеге асырылады:

электр энергетикалық жүйесі арқылы мемлекетаралық беруді жүзеге асыру жоспарланып отырған мүше мемлекеттің электр энергиясына (қуатына) деген ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету;

электр энергиясын (қуатын) мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесінің бір бөлігінен оның басқа бөлігіне шектес мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы мемлекетаралық беруді қамтамасыз ету;

электр энергиясын (қуатын) бір мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесінен басқа мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесіне мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы мемлекетаралық беруді қамтамасыз ету;

үшінші мемлекеттердің электр энергетикасы субъектілеріне қатысты міндеттемелерді орындау мақсатында электр энергиясын (қуатын) мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы мемлекетаралық беруді қамтамасыз ету;

3) электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті ұйымдары мүше мемлекеттің заңнамасына сүйене отырып, электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру құнын өтеу қағидатын басшылыққа алады;

4) үшінші мемлекеттердің электр энергетикасы субъектілеріне қатысты міндеттемелерді орындау мақсатында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру тиісті мүше мемлекеттің заңнамасы есепке алына отырып, екіжақты негізде реттеледі.

46. Мүше мемлекеттер электр энергиясын (қуатын) электр энергетикалық жүйелер арқылы еш кедергісіз мемлекетаралық беруді қамтамасыз ету мақсатында келісілген дайындық іс-шаралар кешенін жүзеге асырады, атап айтқанда:

электр энергиясын (қуатын) жеткізудің күнтізбелік жылы басталғанға дейін мүше мемлекеттер уәкілеттік берген ұйымдар электр энергиясын (қуатын) өндіру мен тұтынудың ұлттық болжамды теңгерімдерінде есепке алу үшін, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілері көрсететін қызметтердің тарифтерін есептеген кезде осындай жеткізілімдерді есепке алу мақсатында мемлекетаралық беруге ұйғарылған электр энергиясының (қуатының) жоспарлы көлемдері туралы мәлімдейді;

мүше мемлекеттер уәкілеттік берген ұйымдар электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық берудің жоспарлы құнының есептеулері негізінде қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау үшін келісімшарттар жасасады.

Электр энергиясын (қуатын) мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері арқылы еш кедергісіз мемлекетаралық беруді қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық жеткізуді жүзеге асыру әдіснамасын қолданады, ол электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру көлемдері мен техникалық шарттарын айқындау тәртібін, сондай-ақ осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес электр энергиясын (қуатын) беруге байланысты көрсетілетін қызметтерге баға белгілеудің (тариф белгілеудің) келісілген тәсілдерін қамтиды.

Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айқындалатын ұйымдар жоғарыда аталған Әдіснамаға сәйкес өз мемлекетінің аумағы бойынша электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді қамтамасыз етеді.

47. Электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру және электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді қамтамасыз етуге қажетті электр желілік шаруашылық объектілерін пайдалану электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді қамтамасыз етуге байланысты қызметтерді ұсынатын мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

48. Электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруден бас тартқан жағдайда, мүше мемлекеттер уәкілеттік берген ұйымдар бас тарту себептері туралы негіздеуші материалдардың ұсынылуын қамтамасыз етеді.

49. Электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруге қатысты қатынастарды реттеу қолданыстағы басқа да халықаралық шарттар есепке алына отырып жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық  
одақтың ортақ электр  
энергетикалық нарығы туралы  
хаттамаға қосымша

**Ескерту. Қосымшаның нөмірленуші тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.**

**Мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру әдіснамасы**

**1. Өтінімдер беру және электр энергиясын (қуатын) өндіру мен тұтынудың болжамды теңгерімдеріне енгізілуге жататын, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерінің тарифтерін есептеу кезінде ескерілетін электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық берудің жылдық болжамды көлемін қалыптастыру тәртібінің негізгі ережелері**

1.1. Беларусь Республикасының аумағында.

1.1.1. Беларусь Республикасының ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық берудің (бұдан әрі - МАБ) жылдық болжамды көлемдерін оны жүзеге асыруға уәкілетті ұйым берілген өтінім негізінде айқындайды.

1.1.2. Алдағы күнтізбелік жылға арналған өтінім алдыңғы жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей беріледі. Өтінімде МАБ пен ең жоғары қуаттың жылдық көлемі айлар бойынша бөлініп көрсетіледі.

1.1.3. Өтінімді қарау кезінде Беларусь Республикасының уәкілетті ұйымы осы Әдіснамаға сәйкес айқындалатын қолда бар техникалық мүмкіндіктің шамасын басшылыққа алады.



Жалпы алғанда жыл бойы немесе жылдың қандай да бір айында МАБ-тың мәлімделген шамасы қолда бар техникалық мүмкіндік шамасынан асып кеткен кезде, Беларусь Республикасының уәкілетті ұйымы өтінім берген ұйымға дәлелді бас тарту хатын жібереді.

1.1.4. Беларусь Республикасының уәкілетті ұйымымен келісілген МАБ-тың мәлімделген көлемі электр энергиясын беру шартына қосымша ретінде ресімделеді және электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тарифтерін есептеу кезінде ескеріледі.

1.1.5. МАБ-қа ұйғарылып отырған электр энергиясының көлемі МАБ жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін мүше мелекеттердің уәкілетті ұйымдарының келісуі бойынша түзетілуі мүмкін.

1.2. Қазақстан Республикасының аумағында.

1.2.1. Қазақстан Республикасының ұлттық электр желісі бойынша МАБ-тың жылдық болжамды көлемі МАБ-ты жүзеге асыруға уәкілетті ұйымның МАБ-ты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының жүйелік операторына берген өтінімі негізінде айқындалады.

1.2.2. Алдағы күнтізбелік жылға өтінім алдыңғы жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей беріледі. Өтінімде МАБ-тың жылдық көлемі айлар бойынша бөлініп және Қазақстан Республикасының шекарасында электр энергиясын қабылдау нүктелері мен беру нүктелері атап өтіле отырып көрсетіледі.

1.2.3. Қазақстан Республикасының жүйелік операторы өтінімді қарау кезінде осы Әдіснамаға сәйкес айқындалатын қолда бар техникалық мүмкіндіктің шамасын басшылыққа алады. Жалпы алғанда жыл бойы немесе жылдың қандай да бір айында МАБ-тың мәлімделген шамасы қолда бар техникалық мүмкіндік шамасынан асып кеткен кезде, Қазақстан Республикасының жүйелік операторы өтінім берген ұйымға дәлелді бас тарту хатын жібереді.

1.2.4. Қазақстан Республикасының жүйелік операторымен келісілген МАБ-тың мәлімделген көлемі электр энергиясын беру шартына қосымша ретінде ресімделеді және электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тарифтерін есептеу кезінде ескеріледі.

1.2.5. Қазақстан Республикасының Біртұтас энергетикалық жүйесі (бұдан әрі - Қазақстан БЭЖ) бойынша электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгерімін қалыптастырғаннан кейін жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 15 сәуіріне дейін екіжақты мемлекетаралық шарттар бойынша электр энергиясын жеткізу көлемі айқындалады және көтерме сауда нарығының субъектілерімен келісіледі.

1.2.6. МАБ-қа ұйғарылып отырған электр энергиясының көлемі жеткізу жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін МАБ-ты ұйымдастыруға және жүзеге асыруға уәкілетті субъектілердің ұсынысы бойынша түзетілуі мүмкін.

### 1.3. Ресей Федерациясының аумағында.

1.3.1. Ресей Федерациясының субъектілері бойынша Ресей БЭЖ шеңберінде Жиынтық болжамды теңгерімді қалыптастыру тәртібіне сәйкес уәкілетті ұйым (Ресей Федерациясының біртұтас ұлттық (жалпы ресейлік) электр желісін (бұдан әрі - БҰЭЖ) басқару жөніндегі ұйым) жеткізу жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейін Ресей Федерациясының субъектілері бойынша электр энергиясын (қуатын) өндіру мен тұтынудың жиынтық болжамды теңгерімін қалыптастыруға уәкілеттік берілген органға және Ресей БЭЖ жүйелік операторына мүше мемлекеттердің ұлттық электр желісін басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарымен келісілген ұсыныстарды жібереді.

1.3.2. Келісілген ұсыныстарды Ресей Федерациясының субъектілері бойынша электр энергиясын (қуатын) өндіру мен тұтынудың жиынтық болжамды теңгерімін қалыптастыруға уәкілеттік берілген орган қарайды және Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген мерзімдерде келесі күнтізбелік жылға Ресей Федерациясының субъектілері бойынша электр энергиясын (қуатын) өндіру мен тұтынудың жиынтық болжамды теңгерімін қалыптастырған кезінде ескеріледі.

1.3.3. Жеткізілетін жылға Ресей Федерациясының субъектілері бойынша электр энергиясын (қуатын) өндіру мен тұтынудың жиынтық болжамды теңгерімі көрсеткіштерінің құрамында бекітілген, МАБ-қа ұйғарылып отырған электр энергиясы мен қуатының көлемдері электр энергетикасындағы табиғи монополиялардың көрсетілетін қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) есептеу кезінде ескеріледі.

1.3.4. МАБ-қа ұйғарылып отырған электр энергиясы мен қуатының көлемі мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен (ұйымдарымен) келісілген болған жағдайда БҰЭЖ басқару жөніндегі ұйымның ұсынысы бойынша жоспарланған жеткізу жылының алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін электр энергетикасындағы табиғи монополиялардың көрсетілетін қызметтеріне белгіленген бағаларға (тарифтерге) тиісті түзету енгізе отырып, түзетілуі мүмкін.

**Ескерту. 1.3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

### 1.4. Армения Республикасының аумағында.

1.4.1. Армения Республикасының электр энергетикалық жүйесі (бұдан әрі - Армения ЭЭЖ-і) бойынша МАБ-тың жылдық болжамды көлемін МАБ-ты жүзеге асыруға уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы) өтінім негізінде айқындайды.

1.4.2. Алдағы күнтізбелік жылға арналған өтінім алдыңғы жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей беріледі. Өтінімде МАБ-тың жылдық көлемі айлар бойынша бөлініп және Армения Республикасының шекарасында электр энергиясын қабылдау және беру нүктелері белгілене отырып көрсетіледі.

1.4.3. Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы өтінімді қарау кезінде осы Әдіснамаға сәйкес айқындалатын Армения ЭЭЖ-нің қолда бар техникалық мүмкіндігінің шамасын

басшылыққа алады. Тұтастай жыл бойынша немесе жылдың қандай да бір айында МАБ-тың мәлімделген шамасы Армения ЭЭЖ-нің қолда бар техникалық мүмкіндігінің шамасынан асып кеткен кезде Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы өтінім берген ұйымға уәжді бас тартуды жібереді.

1.4.4. Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторымен келісілген МАБ-тың мәлімделген көлемдері электр энергиясын беру шартына қосымша ретінде ресімделеді және электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тарифтерін есептеу кезінде ескеріледі.

1.4.5. Армения ЭЭЖ-і бойынша электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгерімдерін қалыптастырғаннан кейін жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 15 қазанына дейін екіжақты мемлекетаралық шарттар бойынша электр энергиясын жеткізу көлемдері айқындалады және көтерме сауда нарығының субъектілерімен келісіледі.

1.4.6. МАБ-қа ұйғарылып отырған электр энергиясының көлемдері жеткізу жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін МАБ-ты ұйымдастыруға және жүзеге асыруға уәкілетті субъектілердің ұсынысы бойынша түзетілуі мүмкін.

**Ескерту. 1.4-тармақпен толықтырылды – ҚР 18.09.2021 № 65-VII Заңымен.**

1.5. Қырғыз Республикасының аумағында.

1.5.1. Қырғыз Республикасының ұлттық электр желісі (бұдан әрі - Қырғызстан ҰЭЖ-і) бойынша МАБ-тың жылдық болжамды көлемдерін МАБ-ты жүзеге асыруға уәкілеттік берілген ұйым (бұдан әрі - Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйым) өтінім негізінде айқындайды.

1.5.2. Алдағы күнтізбелік жылға арналған өтінім алдыңғы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей беріледі. Өтінімде айлар бойынша бөле отырып және Қырғыз Республикасының шекарасында электр энергиясын қабылдау және беру нүктелері көрсетіле отырып, МАБ пен ең жоғары қуаттың жылдық көлемі көрсетіледі.

1.5.3. Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйым өтінімді қарау кезінде осы Әдіснамаға сәйкес айқындалатын Қырғызстан ҰЭЖ-нің қолда бар техникалық мүмкіндігінің шамасын басшылыққа алады. Тұтастай алғанда? жыл бойынша немесе жылдың қандай да бір айында МАБ-тың мәлімделген шамасы Қырғызстан ҰЭЖ-нің қолда бар техникалық мүмкіндігінің шамасынан асып кеткен кезде Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйым өтінім берген ұйымға уәжді бас тартуды жібереді.

1.5.4. Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйыммен келісілген МАБ-тың мәлімделген көлемдері электр энергиясын беруге арналған шартқа қосымша ретінде ресімделеді және электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді есептеу кезінде ескеріледі.

1.5.5. МАБ-қа ұйғарылып отырған электр энергиясының көлемдері жоспарланып отырған жеткізу жылының алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін мүше мемлекеттердің уәкілетті ұйымдарымен келісу бойынша түзетілуі мүмкін.

**Ескерту. 1.5-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.09.2021 № 64-VII Заңымен.**

**2. Жоспарлау үйлестірушісінің функциялары мен өкілеттіктерін айқындайтын ережелерді қоса алғанда, электр энергетикалық жүйелердің жылдық, айлық, тәуліктік және тәулікшілік жұмыс режимдерін жоспарлау негізінде техникалық мүмкіндіктерді және МАБ-тың жоспарланған көлемін айқындау тәртібі**

2.1. Терминология.

Осы Әдіснаманың 2-бөлімінің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Бақыланатын қима мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері жүйелік операторларының диспетчерлік орталықтары айқындайтын электр беру желілерінің (ЭБЖ) және электр желісінің басқа да элементтерінің жиынтығы, бұлар арқылы қуат ағындары электр энергетикалық жүйелердің орнықты жұмысын, сенімділігі мен беріктігін қамтамасыз ету мақсатында бақыланады.

Қуаттың ең жоғары қолжетімді ағыны - қалыпты режимдерге қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыратын, желі қимасындағы аса көп ағын.

Мемлекетаралық қима - мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің жүйелік операторлары айқындайтын, көрші мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерін (жекелеген энергетикалық аудандарын) жалғап тұратын мемлекетаралық ЭБЖ-да (-ларда) орналасқан, қатарлас жұмыстың электр энергетикалық режимдерін жоспарлау және басқару міндеттерімен технологиялық тұрғыдан негізделген жеткізу нүктесі немесе жеткізу нүктелерінің тобы.

Өзге де пайдаланылатын ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы туралы хаттамада (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 21 қосымшасы) айқындалған мағынаға ие болады.

**Ескерту. 2.1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.03.2022 № 109-VII Заңымен.**

2.2. Жалпы ережелер.

2.2.1. Жоспарлау кезеңдерінде шешілетін міндеттер:

- жылдық жоспарлау: экспорт-импорт қимасын шектейтін электр желілік жабдықтарды жөндеудің жылдық жоспарланған графиктерін есепке ала отырып, электр энергиясын (қуатын) өндіру мен тұтынудың болжамды теңгерімдерінде ескерілетін, мүше мемлекеттердің арасында электр энергиясын (қуатын) жеткізудің және мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-тың мәлімделген көлемдерін іске асырудың техникалық мүмкіндігін тексеру және қажет болған кезде оларды түзету;

- айлық жоспарлау: экспорт-импорт қимасын шектейтін электр желілік жабдықтарды жөндеудің айлық жоспарлы графиктерін есепке ала отырып, электр энергиясын (қуатын) өндіру мен тұтынудың жылдық болжамды теңгерімдерінде ескерілген, мүше мемлекеттер арасындағы жеткізілімдер мен МАБ-тың мәлімделген көлемдерін іске асырудың техникалық мүмкіндігін тексеру және қажет болған кезде оларды түзету;

- режимдерді тәуліктік жоспарлау және тәулікшілік түзету: электр желілік жабдықтардың нақты схемалық-режимдік ахуалын, экспорт-импорт қимасын, мүше мемлекеттер арасындағы жеткізілімдер мен МАБ-тың көлемдерін шектейтін жоспарлы, жоспардан тыс және авариялық ажыратылуын есепке ала отырып, мүше мемлекеттер арасындағы бір тәулікке ілгері мәлімделген жеткізу мен МАБ-тың сағаттық көлемдерін іске асырудың техникалық мүмкіндігін тексеру.

2.2.2. Жоспарлау (мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-тың жоспарланған көлемдерінің іске асырылуын есептеу) Ресей БЭЖ-і мен Қазақстан БЭЖ-і арасында, Қырғызстан энергия жүйесі (Қырғызстан ЭЖ-і) мен Қазақстан БЭЖ-і, Ресей БЭЖ-і мен Беларусьтің Біріккен энергетикалық жүйесі (Беларусь БЭЖ-і) арасында, сондай-ақ Ресей БЭЖ-і мен Армения ЭЭЖ-і (үшінші мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері арқылы) арасында қатарлас жұмыс істейтін электр энергетикалық жүйелердің есептік моделін (бұдан әрі - есептік модель) пайдалана отырып жүргізіледі.

2.2.3. Есептік модель Ресей БЭЖ-інің, Қазақстан БЭЖ-інің, Қырғызстан ЭЖ-інің, Беларусь БЭЖ-інің, Армения ЭЭЖ-інің және солар арқылы Ресей БЭЖ-і мен Армения ЭЭЖ-інің арасында электр энергиясын (қуатын) беру жүзеге асырылатын үшінші мемлекеттердің энергия жүйелерінің технологиялық жағынан өзара байланысты бөліктерінің және (немесе) баламаларының жоспарлауға қажетті көлемдегі математикалық моделін білдіреді және:

- электр желісін алмастыру схемасының бағандары мен параметрлерінің;
- активті және реактивті тораптық жүктемелердің;
- тораптардағы активті және реактивті генерацияның;
- генерацияның ең төмен және ең жоғары активті және реактивті қуатының;
- желілік шектеулердің сипаттамаларын өзінде қамтиды.

2.2.4. Есептік модель мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің жүйелік операторларымен келісілген алмастыру схемасы негізінде, әдетте, қысқы жүктеме максимумы мен минимумының және жазғы жүктеме максимумы мен минимумының келісілген сағаттарына сәйкес келетін базалық режимдер (базалық есептік схемалар) үшін қалыптастырылады. Егер олар мемлекетаралық жеткізілімдерге (алмасуларға) елеулі түрде әсер ететін болса, өзіне тән схемалық-режимдік ахуалдар үшін бақыланатын мемлекетаралық қималардағы, сондай-ақ ішкі бақыланатын қималардағы ең жоғары жол берілетін ағындар көрсетілуге тиіс.

2.2.5. Ресей БЭЖ жүйелік операторы жоспарлау үйлестірушісі болып табылады.

2.2.6. Жоспарлау сатыларының әрқайсысы үшін есептік модельдер мен жаңартып отырылатын ақпарат құрамы, оның ішінде есептік модельге енгізілетін энергетикалық объектілер мен электр энергетикалық жүйелердің (электр энергетикалық жүйелер баламаларының) тізбелері, оларды қалыптастыру мен жаңартып отыру тәртібі және оның уақыт регламенті, электр энергетикалық жүйелердің жылдық, айлық, тәуліктік және тәулікшілік жұмыс режимдерін жоспарлауға арналған деректерді алмасу

форматтары мен тәсілдері Ресей БЭЖ жүйелік операторы және Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйыммен бірге БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйым және Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы және энергия жүйелері Орталық Азияның Біріккен энергетикалық жүйесі шеңберінде қатарлас жұмыс істейтін үшінші мемлекеттердің жүйелік операторларымен келісу бойынша Қазақстан БЭЖ-інің жүйелік операторы мен Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйым, сондай-ақ Ресей БЭЖ-і мен Армения ЭЭЖ-і арасында электр энергиясын (қуатын) беру жүзеге асырылатын үшінші мемлекеттердің энергия жүйелерінің жүйелік операторларымен келісу бойынша Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы бекітетін құжаттарда белгіленеді.

**Ескерту. 2.2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.09.2021 № 64-VII; 18.09.2021 № 65-VII Заңдарымен.**

2.3. Жоспарлау үйлестірушісінің және мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің қалған жүйелік операторларының функциялары мен өкілеттіктері.

2.3.1. Жоспарлау үйлестірушісі:

- негізгі есептік модельдер қалыптастыруды;

- Беларусь БЭЖ жүйелік операторы функциясын орындайтын ұйыммен, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторымен, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторымен жоспарлау мақсатында, оның ішінде Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара арқылы электр энергиясын (қуатын) жеткізудің және МАБ-тың мәлімделген көлемдерін есепке алу үшін ақпарат алмасуды ұйымдастыруды;

- Беларусь БЭЖ жүйелік операторы функциясын орындайтын ұйымнан, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторынан, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторынан жоспарлау мақсатында алынған, оның ішінде Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара арқылы электр энергиясын (қуатын) жеткізудің және МАБ-тың мәлімделген көлемдерін ескеретін деректер негізінде электр энергетикалық режимдерге есептеу жүргізуді;

- егер есептеу кезінде электр режимдерінің іске асырыла алмайтыны немесе жеткізілімдер мен МАБ-тың мәлімделген көлемдері кезінде есептік модельдің бақыланатын қималарындағы ең жоғары жол берілетін ағындардың артып кеткені анықталған жағдайда, Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 21 қосымшасы) 4-тармағының 2-тармақшасында айқындалған:

1) электр энергетикалық жүйесі арқылы МАБ-ты жүзеге асыру жоспарланып отырған мүше мемлекеттің ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етудің;

2) мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесінің бір бөлігінен оның басқа бөлігіне электр энергиясының (қуатының) МАБ-ын шектес мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы қамтамасыз етудің;

3) бір мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесінен басқа мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесіне электр энергиясының (қуатының) МАБ-ын мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы қамтамасыз етудің;

4) Одаққа кірмейтін үшінші мемлекеттердің электр энергетикасы субъектілеріне қатысты міндеттемелерді орындау мақсатында мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы электр энергиясының (қуатының) МАБ-ын қамтамасыз етудің;

- Беларусь БЭЖ жүйелік операторы функциясын орындайтын ұйымның, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторының, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымның, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторының назарына жоғарыда көрсетілген есептеулердің нәтижелерін жеткізудің басымдығы қағидаттарын қамтамасыз етуді есепке ала отырып, мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері (электр энергетикалық жүйелерінің бөліктері) арасындағы мемлекетаралық ағындарға түзету енгізуді жүзеге асырады.

2.3.2. Егер есептеу кезінде электр режимдерінің іске асырыла алмайтыны немесе есептік модельдің бақыланатын қималарындағы ең жоғары жол берілетін ағындардың артып кеткені анықталған жағдайда, жоспарлау үйлестірушісі Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйымға, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторына, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымына, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторына және БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйымға электр энергетикалық жүйелердің сальдо-ағындарының (теңгерімдерінің) шамаларына енгізілетін қажетті түзетулер шамасын жібереді.

Беларусь БЭЖ жүйелік операторы функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы және БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйым барлық шарттар бойынша электр энергиясы (қуаты) жеткізілімдерінің, оның ішінде МАБ-тың көлемдерін жоғарыда көрсетілген басымдықтар негізінде түзетеді не жоспарлау үйлестірушісі есептеу қорытындылары бойынша анықтаған, бақылау қималарындағы жол берілетін ағындардың бұзушылықтарын жою жөнінде өзге де шаралар қолданады.

Мүше мемлекеттер арасындағы барлық шарттар, оның ішінде МАБ бойынша электр энергиясы (қуаты) жеткізілімдерінің түзетілген шарттық көлемі туралы ақпаратты Беларусь БЭЖ жүйелік операторы функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы және БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйым жасалған шарттар бойынша мүше мемлекеттердің ішкі электр энергиясы нарықтары субъектілерінің назарына жеткізеді.

2.3.3. Жоспарлау үйлестірушісі Беларусь БЭЖ жүйелік операторы функциясын орындайтын ұйымнан, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторынан, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымынан, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторынан жоспарлауға

арналған өзекті деректерді алмаған не техникалық қателіктері бар деректерді немесе көрінеу анық емес деректерді алған жағдайда, мазмұны мен қолданылу тәртібі Беларусь БЭЖ жүйелік операторы функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы және Ресей БЭЖ жүйелік операторы бекітетін құжаттарда белгіленген орнын алмастыратын ақпаратты пайдалануға құқығы бар.

**Ескерту. 2.3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.09.2021 № 64-VII; 18.09.2021 № 65-VII; 16.03.2022 № 109-VII Заңдарымен.**

#### 2.4. Жылдық жоспарлау.

2.4.1. Жылдық жоспарлау Беларусь БЭЖ жүйелік операторы функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы және Ресей БЭЖ жүйелік операторы айқындайтын мерзімдерде және тәртіппен орындалады.

2.4.2. Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы және БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйым жоспарланатын күнтізбелік жылға электр желілік жабдықтарды жөндеу графиктерінің жобаларын жасайды және оларды жоспарлау үйлестірушісіне ұсынады. Жоспарлау үйлестірушісі жоспарланатын күнтізбелік жылға электр желілік жабдықтарды жөндеу графигін келіседі және оны Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйымға, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторына және БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйымға жібереді. Жөнделуі жылдық (сондай-ақ айлық) жөндеу графигі шеңберінде келісілуге жататын электр желілік объектілердің тізбесін және оны жасаудың уақыт регламентін Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы және Ресей БЭЖ жүйелік операторы белгілейді.

Армения ЭЭЖ жүйелік операторы, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйым есептік модельге енгізілген Армения ЭЭЖ және Қырғызстан ЭЖ электр желілік жабдығын жөндеу графиктерін қалыптастырады және жоспарлау үйлестірушісіне ұсынады. Есептік модельге енгізілген Армения ЭЭЖ және Қырғызстан ЭЖ электр желілік жабдығын жөндеу графиктері жоспарлау үйлестірушісімен келісілуге жатпайды.

2.4.3. Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы жоспарлау үйлестірушісіне өздері жұмыс күніне тән максимумның бір сағатына арналған электр энергиясының, қуатының болжамды теңгерімдеріне негізделе отырып қалыптастырған тиісті ұлттық электр энергетикалық жүйе (тұтыну, генерация, ағындар сальдосы, желілік жабдықтарды жөндеу) бойынша жылдық жоспарлау үшін, оның ішінде Қырғыз



Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара арқылы электр энергиясын (қуатын) жеткізудің және МАБ-тың мәлімделген көлемдерін есепке алу үшін ақпарат береді.

2.4.4. Ресей БЭЖ - Қазақстан БЭЖ, Қырғызстан ЭЭЖ - Қазақстан БЭЖ және Ресей БЭЖ - Беларусь БЭЖ ағындары сальдосының нақтыланған болжамды мәні, сондай-ақ Ресей БЭЖ-і мен Армения ЭЭЖ-і арасында электр энергиясын (қуатын) берудің болжамды көлемі жоспарлау нәтижелері болып табылады.

2.4.5. Жоспарлау үйлестірушісі режимдерге есептеу жүргізіп, есептеу нәтижелерін Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйымға, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторына Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымына, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторына жібереді.

**Ескерту. 2.4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.09.2021 № 64-VII; 18.09.2021 № 65-VII Заңдарымен.**

2.5. Айлық жоспарлау.

2.5.1. Айлық жоспарлау Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы және Ресей БЭЖ жүйелік операторы белгілейтін мерзімдерде және тәртіппен жылдық жоспарлау бойынша секілді схемада, ай бөлінісінде деректер мен нәтижелерді алмаса отырып, орындалады.

**Ескерту. 2.5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.09.2021 № 64-VII; 18.09.2021 № 65-VII Заңдарымен.**

2.6. Тәуліктік және тәулікшілік жоспарлау.

2.6.1. Тәуліктік және тәулікшілік жоспарлау Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы және Ресей БЭЖ жүйелік операторы белгілейтін мерзімдерде және тәртіппен орындалады.

2.6.2. Тәулік сайын Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, оның ішінде Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара арқылы электр энергиясын (қуатын) жеткізудің және МАБ-тың мәлімделген көлемдерін ескере отырып, Армения ЭЭЖ жүйелік операторы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы жоспарлау үйлестірушісіне 24 сағаттық (сағат 00:00 бастап 24:00 дейін) жаңартылып отыратын деректер жинағы түрінде жоспарланған тәулікке (бұдан әрі - X тәулік) есептік модельді жаңартып отыруға арналған деректер береді, онда мыналар қамтылады:

- электр энергетикалық жүйенің 220 кВ және одан да жоғары электр желілік жабдығы элементтерінің жоспарлы жөнделуі;

- электр энергетикалық жүйе бойынша жинақтап алғанда тұтыну мен генерациялаудың сағаттық графиктері (оның ішінде есептік модельдің құрамын қалыптастырған кезде Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын

ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйым, Армения ЭЭЖ жүйелік операторы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы және Ресей БЭЖ жүйелік операторы белгілеген жекелеген энергетикалық аудандар бойынша );

- ағындар сальдосының сағаттық графиктері (электр энергетикалық жүйе ағындарының оң сальдосы үшін оның тапшылығы алынады).

БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйым жоспарлау үйлестірушісіне шарттардың барлық түрлері бойынша Ресей БЭЖ-і, Беларусь БЭЖ-і, Қазақстан БЭЖ-і, Қырғызстан ЭЖ-і және Армения ЭЭЖ-і арасында электр энергиясын жеткізу, оның ішінде мүше мемлекеттердің арасындағы МАБ көлемдері сағаттық графиктерінің Беларусь БЭЖ-і жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйыммен, Қазақстан БЭЖ-і жүйелік операторымен, оның ішінде Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара арқылы электр энергиясын (қуатын) жеткізудің және МАБ-тың мәлімделген көлемдеріне қатысты және Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторымен келісілген жиынтық мәндерін ұсынады.

2.6.3. Егер Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, оның ішінде Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара арқылы электр энергиясын (қуатын) жеткізудің және МАБ-тың мәлімделген көлемдерін ескере отырып, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы жоспарлау үйлестірушісіне есептік модельді жаңартып отыруға арналған деректер берілмеген болса, онда соңғысы Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, оның ішінде Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара арқылы электр энергиясын (қуатын) жеткізудің және МАБ-тың мәлімделген көлемдерін ескере отырып, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы және Ресей БЭЖ жүйелік операторы есептік модель құрамын қалыптастырған кезде өзара келісу бойынша белгіленген орнын алмастыратын ақпаратты пайдаланады.

2.6.4. Жоспарлау үйлестірушісі есептік модельді жаңартып отыру мен электр режимдерін есептеуді жүзеге асырады.

2.6.5. Жоспарлау үйлестірушісі режимдерге есептеу жүргізеді және есептеу нәтижелерін Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйымға, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторына, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымына, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторына келісілген форматта береді.

2.6.6. Егер мүше мемлекеттер арасындағы жеткізу және МАБ көлемдерінің мәлімделген мәндері іске асырыла алмайтындай болса, Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымы, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы

және БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйым осы Әдіснаманың 2.3.1-тармағында айқындалған басымдықты есепке ала отырып, жеткізілімдер мен МАБ көлемін түзету бойынша шаралар қолданады.

2.6.7. Егер электр тұтынудың және/немесе схемалық-режимдік шарттардың болжанбаған өзгеруі нәтижесінде және/немесе жеткізу шарттарының талаптары өзгерген кезде мүше мемлекеттер арасындағы жоспарлы жеткізу және МАБ көлемдеріне жедел тәулік ішінде түзету енгізу талап етілген жағдайда, Беларусь БЭЖ жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы, оның ішінде Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара арқылы электр энергиясын (куатын) жеткізудің және МАБ-тың мәлімделген көлемдерін ескере отырып, Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторы жоспарлау үйлестірушісіне:

- жоспарлау мақсатында бір тәулікке ілгері берілетін ақпаратқа сәйкес келетін көлемде Х тәуліктің қалған сағаттарына сағаттық жаңартылып отыратын деректер жинағы түрінде ағымдағы тәуліктерге есептік модельді жаңартып отыруға арналған деректерді;

- мүше мемлекеттер арасындағы жеткізудің және МАБ-тың жоспарлы көлемдерін өзгерту көлемдері ұсынылған өтінім береді.

2.6.8. Тәулік ішінде әр уақыттық кезең үшін деректер берудің ("қақпаларды жабу уақыты") және есептеу нәтижелерін жеткізудің шектеулі уақыты белгіленеді. Деректерді "қақпаларды жабу уақытынан" кейін беруге рұқсат берілмейді. Жоспарлау үйлестірушісі есептік модельді жаңартып отырады және Х тәуліктің қалған сағаттарына электр режимдерін есептеуді орындайды.

2.6.9. Х тәуліктің қалған сағаттарына мүше мемлекеттер арасындағы жеткізу және МАБ көлемдерінің нақтыланған жоспарлы сағаттық графигі жоспарлау нәтижесі болып табылады. Режимдерді тәулікшілік түзету уақытынан кейін схемалық-режимдік шарттардың өзгеруі себепті нақтыланған жоспарлы сағаттық графиктерді орындау мүмкін болмаған жағдайда, мүше мемлекеттер арасындағы жеткізу және МАБ көлемін өзгертуге мүше мемлекеттердің уәкілетті шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында электр энергиясын жеткізуге арналған тиісті арнайы шарттарға сәйкес авариялық көмек беру немесе электр энергиясын мәжбүрлі жеткізу жағдайында рұқсат етіледі.

**Ескерту. 2.6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.09.2021 № 64-VII; 18.09.2021 № 65-VII Заңдарымен.**

### **3. Мүше мемлекеттердің МАБ-ты ұйымдастыруға және жүзеге асыруға уәкілетті субъектілерінің, МАБ-ты қамтамасыз ету шеңберінде әрбір ұйымның орындайтын функциялары көрсетілген тізбесі**

3.1. Беларусь Республикасының аумағында.

3.1.1. Беларусь Республикасының аумағында МАБ-ты ұйымдастыру және жүзеге асыру Беларусь БЭЖ-ін басқару функциясын жүзеге асыратын ұйымға және Беларусь БЭЖ-і жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйымға, бұл ретте оларға мына функцияларды орындай отырып жүктеледі:

- жеткізетін электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсету (Беларусь БЭЖ-ін басқару функциясын жүзеге асыратын ұйым жалпы үйлестірген кезде Беларусь БЭЖ-ін басқару функциясын жүзеге асыратын ұйымға бағынысты ұйымдар);

- МАБ-ты техникалық диспетчерлендіру жөнінде қызметтер көрсету (Беларусь БЭЖ-і жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым);

- шектес мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерімен қатарлас жұмысты басқару және орнықтылықты қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасау (Беларусь БЭЖ-і жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым).

3.2. Қазақстан Республикасының аумағында.

3.2.1. Қазақстан Республикасының аумағында МАБ-ты ұйымдастыру және жүзеге асыру жүйелік операторға, оған мына функцияларды орындай отырып жүктеледі:

- Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсету;

- электр энергиясын желіге жіберу мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөнінде қызметтер көрсету;

- электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсету;

- шектес мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерімен қатарлас жұмыстың режимдерін басқару және олардың орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасау.

3.3. Ресей Федерациясының аумағында.

3.3.1. Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес Ресей БЭЖ-і арқылы мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-ты қамтамасыз ету мыналарға:

3.3.1.1. Электр энергетикасында жедел-диспетчерлік басқару бойынша, оның ішінде Ресей БЭЖ-і мен басқа мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмыс режимдерін басқару, электр энергиясын (қуатын) ауыстыруды және үйлестірілген жоспарлауды қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге;

3.3.1.2. Бірыңғай ұлттық (жалпыресейлік) электр желісі бойынша, оның ішінде мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-ты қамтамасыз ету үшін электр энергиясын беру (өткізу) жөнінде қызметтер көрсетуге;

3.3.1.3. Ресей Федерациясы электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығындағы, оның ішінде электр энергиясының тең көлемдерін Ресей Федерациясының мүше мемлекеттермен шекарасында (шекараларында) орналасқан әртүрлі жеткізу нүктелері арқылы Ресей БЭЖ-ге өзара байланысты және бір мезгілде

жеткізілуін және одан берілуін қамтамасыз ету қажеттігі жағдайында электр энергиясы мен қуаты айналымының ерекшеліктеріне байланысты іс-қимылдар кешенін жүзеге асыруды білдіреді.

3.3.2. Мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-ты мына уәкілетті ұйымдар:

3.3.2.1. Ресей БЭЖ-і жүйелік операторы - Ресей БЭЖ-нің Қазақстан БЭЖ-імен және Беларусь БЭЖ-імен қатарлас жұмыс режимдерін ұйымдастыру мен басқару бөлігінде;

3.3.2.2. БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйым - Ресей БЭЖ-і арқылы мүше мемлекеттер арасындағы МАБ және Ресей БЭЖ-інің Қазақстан БЭЖ-імен және Беларусь БЭЖ-імен қатарлас жұмысты ұйымдастыру кезінде электр энергиясын өткізуге (ауыстыру қағидатын пайдалана отырып) байланысты қызметтер көрсету, оның ішінде МАБ-ты жоспарлау (жылдық, айлық, сағаттық) жөніндегі шетелдік уәкілетті ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау, Ресей Федерациясы мен мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілген электр энергиясының нақты сағаттық көлемдерін коммерциялық келісімшарттар бойынша түзетілген жоспарлы көлемді есепке ала отырып тарату; Ресей Федерациясы мен мүше мемлекеттер арасында мемлекеттік шекара арқылы өткізілген нақты көлемнің жоспардағыдан сағаттық ауытқуларын анықтау; мүше мемлекеттердің ортақ шекараларында орналасқан жеткізу нүктелерінде электр энергиясын коммерциялық есепке алуды жүзеге асыру бөлігінде;

3.3.2.3. Коммерциялық оператор - электр энергиясының, қуатының және көтерме сауда нарығына айналымға жіберілген өзге де тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көтерме саудасын ұйымдастыру жөніндегі функцияны жүзеге асыратын ұйым;

3.3.2.4. Көтерме сауда нарығына қатысушылардың талаптары мен міндеттемелерін есептеу бойынша қызметтер көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйым;

3.3.2.5. Коммерциялық агент - электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығындағы қарым-қатынастарда мүше мемлекеттер арасында МАБ-ты қамтамасыз ету үшін мәлімделген электр энергиясы (қуаты) көлемінің қатысуына және ағымның нақты сальдосының жоспарланған сальдодан ауытқуына байланысты қатынастарды реттеуге қол жеткізуді ұйымдастыру бөлігінде экспорт-импорт операцияларын жүзеге асыратын, электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығының қатысушысы.

3.4. Армения Республикасының аумағында.

3.4.1. Армения Республикасының аумағында МАБ-ты ұйымдастыру Армения ЭЭЖ-і мен Ресей БЭЖ-і арасында электр энергиясын (қуатын) беру жүзеге асырылатын үшінші мемлекеттердің энергия жүйелері мен Армения ЭЭЖ-інің арасында электр байланысы жұмысының режимдерін ұйымдастыру және басқару бөлігінде Армения ЭЭЖ-і жүйелік операторына мынадай функцияларды орындай отырып жүктеледі:

- Армения ЭЭЖ-ін қысқа мерзімді жоспарлау және диспетчерлік басқару;
- Армения ЭЭЖ-ін жедел басқару;
- электр энергиясын беру желісін дамытуды жоспарлау;

- Армения ЭЭЖ-нің өңірлік электр энергетикалық жүйелермен қатарлас жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ лицензия шарттарында және нарық қағидаларында көзделген, эксклюзивті болып табылмайтын басқа да функцияларды жүзеге асыру;

- Армения ЭЭЖ-і мен үшінші мемлекеттердің энергия жүйелері арасындағы электр байланысы жұмысының режимдерін ұйымдастыру және басқару бойынша үшінші мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің, жүйелік операторларымен өзара іс-қимыл жасау.

3.4.2. Армения Республикасының аумағында МАБ-ты жүзеге асыру Армения Республикасының аумағы бойынша электр энергиясын (қуатын) беруді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымға (бұдан әрі - Арменияның желілік операторы) Армения ЭЭЖ-і бойынша электр энергиясын беру және электр энергиясын (қуатын) үшінші елдерге транзиттеу жөніндегі қызметтерді көрсету функцияларын орындай отырып жүктеледі.

3.4.3. Армения Республикасының аумағында МАБ-ты бақылау және есепке алу нарық операторының қызметтерін көрсететін уәкілетті ұйымға мынадай функцияларды орындай отырып жүктеледі:

- Арменияның электр энергетикасы ішкі көтерме сауда нарығының қызметін ұйымдастыру;

- Арменияның электр энергетикасы ішкі көтерме сауда нарығына қатысушыларды есепке алу;

- Арменияның электр энергетикасы ішкі көтерме сауда нарығына қатысушылар арасында жасалған келісімшарттарды және электр энергиясының импортын немесе экспортын көздейтін келісімшарттарды есепке алу;

- Арменияның электр энергетикасы ішкі көтерме сауда нарығында жасалған шарттарға, сондай-ақ электр энергиясының импортын немесе экспортын көздейтін келісімшарттарға сәйкес сатып алынған және сатылған электр энергиясын (қуатын) есепке алу;

- Армения электр энергетикасы ішкі көтерме сауда нарығына қатысушылар мен көрсетілетін қызмет жеткізушілерге құжаттарды дайындау және ұсыну;

- лицензия шарттарында және нарық қағидаларында көзделген, эксклюзивті болып табылмайтын басқа да функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 3.4-тармақпен толықтырылды – ҚР 18.09.2021 № 65-VII Заңымен.**

3.5. Қырғыз Республикасының аумағында.

Қырғыз Республикасының аумағында МАБ-ты ұйымдастыру және жүзеге асыру мынадай функцияларды орындай отырып, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымға жүктеледі:

- 110 - 500 кВ ұлттық электр желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсету;

- ұлттық электр желілерін жедел-диспетчерлік басқару;

- Қырғыз Республикасында электр энергиясы мен қуатын өндіру және тұтыну режимдерін нақты уақыт режимінде басқару;
- қуат ағындары тәуліктік графиктерінің бірқалыпсыздығын жабу (қуатты реттеу) жөніндегі қызметтерді көрсету;
- шектес мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің уәкілетті ұйымдармен қатарлас жұмыс режимдерін басқару және олардың орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасау.

**Ескерту. 3.5-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.09.2021 № 64-VII Заңымен.**

#### **4. МАБ-ты жүзеге асыру кезінде табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтеріне енгізілетін құрауыштар тізбесі**

##### 4.1. Беларусь Республикасының аумағында.

4.1.1. Мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-ты жүзеге асыру кезінде табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтеріне енгізілетін, Беларусь Республикасының жеткізетін желі (бұдан әрі - ЖЖ) бойынша МАБ жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған  $\Pi_{\text{желі}}$  шығындар мына формула бойынша есептеледі:

$\Pi_{\text{желі}} = \Pi (1+\text{ИҚ}) (1+\text{РП}) (1+\text{С})$ , мұнда:

$\Pi$  — уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен айқындалатын, мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-ға жатқызылатын ЖЖ-ны күтіп-ұстауға және пайдалануға арналған жалпы шығындар;

ИҚ - инновациялық қорға аударымдар үлесі;

РП - Беларусь Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалатын пайдаға аударымдар үлесі;

С - салыққа аударымдар үлесі;

$\Pi$  жалпы шығындарға: пайдалану-жөндеу қызметін көрсетуге; жалақыға; амортизациялауға арналған шығындар; басқа да ақшалай шығыстар (қосалқы материалдар, сырттан жеткізілетін энергия, әлеуметтік сақтандыру аударымдары және т.б.); электр энергиясының ысырабын өтеуге арналған шығындар кіреді.

4.1.2. Беларусь БЭЖ-і желілері арқылы МАБ бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мына формула бойынша есептеледі:

$T = \Pi_{\text{желі}} / \Delta_T$ , мұнда:

T - Беларусь БЭЖ-і желілері арқылы МАБ бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған тариф;

$\Delta_T$  - Беларусь БЭЖ-і желілері арқылы мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-тың жиынтық көлемі.

##### 4.2. Қазақстан Республикасының аумағында.

4.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электр энергиясын жеткізу, оның ішінде электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын, тұтынушылар үшін қолданылатын мүше мемлекеттер арасындағы МАБ, оның ішінде ұлттық электр желісінің (бұдан әрі - ҰЭЖ) желілері арқылы жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мына формула бойынша есептеледі:

$T = Z + P / W_{\text{жиынт}}$  (теңге/кВт.с), мұнда:

$T$  - электр энергиясын жеткізу, оның ішінде электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын, тұтынушылар үшін қолданылатын мүше мемлекеттер арасындағы МАБ, оның ішінде ҰЭЖ желілері арқылы жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф (теңге/кВт.с);

$Z$  - Қазақстан Республикасы ҰЭЖ-дың электр энергиясын жеткізу, оның ішінде МАБ жөніндегі көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын, заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалатын жалпы шығындары (млн. теңге);

$P$  - электр энергиясын жеткізу, оның ішінде МАБ жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде ҰЭЖ-ның тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалатын пайда деңгейі (млн. теңге);

$W_{\text{жиынт}}$  - шарттар мен келісімшарттар бойынша мәлімделген ҰЭЖ-дың электр энергиясын жеткізудің жиынтық көлемі (млн. кВт.с).

4.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҰЭЖ арқылы электр энергиясын жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу кезінде тарифтік кіріске ҰЭЖ арқылы электр энергиясын жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын жалпы шығындар мен электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті пайда деңгейі кіреді (қатыстырылған активтер негізге алына отырып айқындалады).

Электр энергиясын жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифке енгізілетін шығындар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

4.3. Ресей Федерациясының аумағында.

4.3.1. Жалпы ережелер.

Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес БҰЭЖ арқылы электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған тариф 2 мөлшерлеме түрінде белгіленеді: электр желілерін күтіп-ұстауға арналған мөлшерлеме және БҰЭЖ-дегі электр энергиясының ысырабын өтеуге арналған мөлшерлеме.

Осыған ұқсас мүше мемлекеттер арасындағы МАБ бойынша Ресей БЭЖ-і арқылы қызметтер көрсетуге арналған тарифке енгізілетін құраушылар шығыстарды мүше мемлекеттер арасындағы МАБ бойынша көрсетілетін қызметтер тарифінің БҰЭЖ объектілерін күтіп-ұстауға арналған шығыстарын құраушы және мүше мемлекеттер



арасындағы МАБ бойынша көрсетілетін қызметтер тарифінің БҰЭЖ-дегі электр энергиясы мен қуатының ысырабын өтеуге арналған шығыстарды құрауыш болып бөлінеді.

4.3.2. Мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-ты жүзеге асыру кезінде табиғи монополиялар субъектілерінің тарифіне енгізілетін шығыстарды айқындау.

4.3.2.1. Мүше мемлекеттер арасындағы МАБ бойынша көрсетілетін қызметтер тарифінің БҰЭЖ объектілерін күтіп-ұстауға арналған шығыстарды құрауыштар тізбесі.

Мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-қа мәлімделген, электр желілері арқылы мүше мемлекеттер арасындағы МАБ жүзеге асырылатын, мемлекеттің электр энергетикалық жүйесінен электр энергиясы ағынының "шығу нүктесінде" айқындалатын қуатқа БҰЭЖ объектілерін күтіп-ұстауға арналған мөлшерлеме бойынша ақы төленеді.

БҰЭЖ объектілерін күтіп-ұстауға арналған мөлшерлемені есептеу кезінде ұлттық реттеуші орган тиісті есептік кезеңге белгілеген мынадай экономикалық тұрғыдан негізделген шығыстар есепке алынады:

- операциялық шығыстар;
- бақыланбайтын шығыстар;
- инвестицияға арналған инвестицияланған капиталды қайтару (амортизациялау аударымдары);
- инвестицияланған капиталға арналған кіріс.

4.3.2.2. Мүше мемлекеттер арасындағы МАБ бойынша көрсетілетін қызметтер тарифінің БҰЭЖ-дегі электр энергиясы мен қуатының ысырабын өтеуге арналған шығыстарды құрауыштар тізбесі.

БҰЭЖ-дегі электр энергиясы мен қуатының ысырабын өтеуге арналған шығыстар электр энергиясының тепе-тең бағаларында ескерілген электр энергиясы ысырабының көлеміне азайтылған БҰЭЖ-дегі электр энергиясының нормативтік ысырабына және тиісті ұлттық нарықтың инфрақұрылымдық ұйымдары көрсететін қызметтерінің құны есепке алына отырып, электр желілері арқылы мүше мемлекеттер арасындағы МАБ жүзеге асырылатын, мемлекеттің электр энергетикалық жүйесінен электр энергиясы ағынының "шығу нүктесіне" сәйкес келетін МТС жөніндегі әрбір есеп айырысу кезеңінің қорытындылары бойынша көтерме сауда нарығында қалыптасқан электр энергиясы мен қуатын сатып алу бағасына негізделе отырып айқындалады.

4.4. Армения Республикасының аумағында.

4.4.1. Армения Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары вольтты электр желілері бойынша электр энергиясын беру, оның ішінде мүше мемлекеттер арасындағы МАБ жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті Армения Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы бекітеді және ол мынадай формула бойынша есептеледі:

ҚК

$T = \frac{Q}{W}$  (драм/кВт.сағ),

W жиынт

мұнда:

T - жоғары вольтты электр желілері арқылы электр энергиясын беру, оның ішінде мүше мемлекеттер арасындағы МАБ жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф (қосылған құн салығынсыз), (драм / кВт.сағ);

ҚК - жоғары вольтты электр желілері арқылы электр энергиясын беруді жүзеге асыратын Армения Республикасы желілік операторының қажетті жылдық кірісі, ол Армения Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады және жоғары вольтты электр желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қажетті және негізделген шығындарды, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясын, сондай-ақ электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде жоғары вольтты электр желілерін күтіп-ұстайтын ұйымның тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті пайданы қамтиды (драм);

Wжиынт - Арменияның ішкі көтерме электр энергетикалық нарығының тұтынушылары үшін де, экспорт үшін де жоғары вольтты электр желілері арқылы электр энергиясын берудің шарттар мен келісімшарттар бойынша мәлімделген жиынтық жылдық көлемі (кВт.сағ).

4.4.2 Жоғары вольтты электр желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қосылған құн салығы Армения Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 4.4-тармақпен толықтырылды – ҚР 18.09.2021 № 65-VII Заңымен.**

4.5. Қырғыз Республикасының аумағында.

4.5.1. Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық электр желілері арқылы электр энергиясын беру, оның ішінде мүше мемлекеттер арасындағы МАБ бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T = \underline{3+P} \text{ (сом/кВт/сағ)}$$

П

мұнда:

T - ұлттық электр желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф (қосылған құн салығын есепке алмағанда) (сом/кВт/сағ);

З - Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымның электр энергиясын ұлттық электр желілері арқылы беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалатын жалпы жылдық шығындары (млн. сом);

P - пайданың жылдық деңгейі (млн. сом);

П - шарттар және келісімшарттар бойынша мәлімделген электр энергиясын берудің жылдық жиынтық көлемі (млн. кВт.сағ).

4.5.2. Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымның электр энергиясын ұлттық электр желілері арқылы беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын жалпы

жылдық шығындарына жөндеу-пайдалану қызметін көрсетуге (материалдық еңбек және өзге де шығындарды ескере отырып), қарызға (кредиттер) қызмет көрсетуге арналған шығындар және активтерге салынған қаражат бойынша амортизация, күрделі салымдар, электр энергиясының ысырабын өтеуге арналған шығындар, электр энергиясын сатып алу, мемлекеттік органдарға аударымдар және басқалар қосылады.

Электр энергиясын ұлттық электр желілері арқылы беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифке қосылатын шығындар Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 4.5-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.09.2021 № 64-VII Заңымен.**

## **5. Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтеріне енгізілмейтін, МАБ-ты жүзеге асыруға байланысты құрауыштар тізбесі**

### **5.1. Беларусь Республикасының аумағында.**

Беларусь Республикасындағы Ш<sub>жүйе</sub> жүйелік шығындарға уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін, мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-ты қамтамасыз ету үшін генерациялаушы қуаттардың резервін ұстауға арналған, Беларусь БЭЖ-і желілері арқылы берілетін жалпы қуат шамасындағы МАБ-тың қуат үлесі есепке алына отырып айқындалатын, сондай-ақ мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-ты техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған шығындар кіреді.

### **5.2. Қазақстан Республикасының аумағында.**

Мүше мемлекеттер арасындағы МАБ жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті қалыптастыру кезінде шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепке алынбайды.

### **5.3. Ресей Федерациясының аумағында.**

Электр энергиясының (қуатының) алмасуын қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-қа жататын электр энергиясының көлемі көтерме сауда нарығында баға өтінімдерін беру, бір тәулік бұрын баға өтінімдеріне бәсекелестік іріктеу жүргізу, Ресей БЭЖ-і шекарасында (шекараларында) жеткізудің әртүрлі нүктелерінде нарықтық бағаларды және электр энергиясының (қуатының) тең көлемдерін өзара байланысты және бір мезгілде жеткізуге байланысты жүйелік шығындар үлесін айқындау кезінде ескерілуге тиіс. Жүйелік шығындар мына құрауыштардан қалыптасады:

5.3.1. Мүше мемлекеттер арасында МАБ-ты Ресей БЭЖ-і арқылы жүзеге асыру кезінде электр энергиясының жүктемелік ысырабының және жүйелік шектеулердің құнын өтеуге байланысты құрауыш (түйіндік баға айырмашылығы):

$$S_m^1 = \sum_{h \in \Pi} (\max [(\lambda_h^{\text{шығ}} - \lambda_h^{\text{кір}}); 0] \times V_h^{\text{МАБ}}), \text{ мұнда:}$$

$$\lambda_h^{\text{шығ}}$$

- МАБ шеңберінде Ресей БЭЖ-інен электр энергиясы ағынының "шығу нүктесіне" сәйкес келетін экспорт-импорт қимасында  $m$  айының  $h$  сағатында бір тәулік бұрын баға өтінімдерін бәсекелестік іріктеу нәтижесінде қалыптасқан баға;

$$\lambda_h^{\text{кір}}$$

- МАБ шеңберінде Ресей БЭЖ-іне электр энергиясы ағынының "кіру нүктесіне" сәйкес келетін экспорт-импорт қимасында  $m$  айының  $h$  сағатында бір тәулік бұрын баға өтінімдерін бәсекелестік іріктеу нәтижесінде қалыптасқан баға;

$$V_h^{\text{МАБ}}$$

- Ресей БЭЖ-і арқылы  $m$  айының  $h$  сағатында МАБ көлемі.

5.3.2. МАБ-ты қамтамасыз ететін Ресей БЭЖ-і жұмыс режимдерін іске асыру үшін генерациялаушы қуаттар резервінің болу қажеттігіне байланысты құрауыш:

$$S_m^2 = \text{Шын}_m \times (K_{\text{жосп.ЕААі}}^{\text{ЕААі}} - 1) \times \text{Ц}_{\text{КОМ\_алдын ала}}^{\text{ЕААі}}, \text{ мұнда:}$$

$\text{Шын}_m$  -  $m$  айында МАБ-тың мәлімделген барынша көп сағаттық көлеміне сәйкес келетін ең жоғары қуат;

$$K_{\text{жосп.ЕААі}}^{\text{ЕААі}}$$

- тиісті жыл үшін қуаттарға бәсекелестік іріктеу жүргізу кезінде жүйелік оператор есепке алатын, ЕААі-дегі жоспарлы резервтеу коэффициенті;

$$\text{Ц}_{\text{КОМ\_алдын ала}}^{\text{ЕААі}}$$

— тиісті жылға ЕААі-дегі тұтынушылар үшін бәсекелестік іріктеудің алдын ала бағасы (электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес жүйелік оператор айқындайды);

ЕААі - МАБ-ты жүзеге асыру кезінде Ресей БЭЖ-інен электр энергиясының "шығу нүктесіне" сәйкес келетін жеткізу нүктелері жатқызылған еркін ағын аймағы.

МАБ-тың құнын анықтау кезінде МАБ-тың "кіру" және "шығу" нүктелеріне сәйкес келетін еркін ағын аймақтарында (еркін ағын аймақтары түйіндерінде) қуатты бәсекелестік іріктеу нәтижелері бойынша айқындалған, тұтынушылар үшін жоспарлы бағалар арасындағы айырма да ескеріледі.

5.4. Армения Республикасының аумағында.

Мүше мемлекеттер арасындағы МАБ жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті қалыптастыру кезінде шығыстар Армения Республикасының заңнамасына сәйкес есепке алынбайды.

**Ескерту. 5.4-тармақпен толықтырылды – ҚР 18.09.2021 № 65-VII Заңымен.**

5.5. Қырғыз Республикасының аумағында.

Мүше мемлекеттер арасында МАБ жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті қалыптастыру кезінде Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес шығыстар есепке алынбайды.

**Ескерту. 5.5-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.09.2021 № 64-VII Заңымен.**

## **6. Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес МАБ-ты шарттық ресімдеуге қойылатын талаптар**

**Ескерту. 6-бөлім жаңа редакцияда – ҚР 18.09.2021 № 65-VII Заңымен.**

6.1. Беларусь Республикасының аумағында.

Мүше мемлекеттер арасындағы Беларусь Республикасының электр энергетикалық жүйесі арқылы МАБ осы Әдіснаманың 1-бөліміне және 2-бөлімінің 2.4 - 2.6-тармақтарына және Беларусь Республикасының уәкілетті ұйымымен МАБ-қа арналған шарттарға сәйкес МАБ-қа ұйғарылып отырған электр энергиясы мен қуатының көлемі келісілген жағдайда жүзеге асырылады.

Әрбір шарт бойынша МАБ жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{МБ}} = \text{Ш}_{\text{желі}} + \text{Ш}_{\text{жүйе}}$$

6.2. Қазақстан Республикасының аумағында.

Қазақстан Республикасының аумағында мүше мемлекеттер арасындағы МАБ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгілік нысан бойынша жасалатын электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарттар негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте МАБ-ты жүзеге асыруға арналған шарттарда осындай берудің ерекшеліктері ескерілуі мүмкін.

6.3. Ресей Федерациясының аумағында.

6.3.1. Ресей БЭЖ-і арқылы мүше мемлекеттер арасындағы МАБ мынадай шарттар болған жағдайда жүзеге асырылады:

6.3.1.1. Табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету және Ресей БЭЖ-і шекарасында (шекараларында) әртүрлі жеткізу нүктелерінде МАБ-ты жүзеге асыру үшін мәлімделген электр энергиясының (қуатының) тең көлемін өзара байланысты және бір мезгілде жеткізу мақсатында коммерциялық агенттің Беларусь Республикасының немесе Қазақстан Республикасының, немесе Қырғыз Республикасының, немесе Армения Республикасының уәкілетті ұйымымен шарттары.

Ресей БЭЖ-і арқылы мүше мемлекеттер арасындағы МАБ құны  $m$  айында осындай шарттарда мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Q_m^{МГП} = Q_m^{ФСК\_МГП} + Q_m^{СО\_МГП} + Q_m^{КО\_МГП},$$

мұнда:

$$Q_m^{ФСК\_МГП}$$

- Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес төленетін БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйымның көрсетілетін қызметтерінің құны;

$$Q_m^{СО\_МГП}$$

Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес төленетін жүйелік оператордың көрсетілетін қызметтерінің құны;

$$Q_m^{КО\_МГП}$$

МАБ-ты Ресей БЭЖ-і арқылы сүйемелдейтін электр энергиясының (қуатының) көтерме сауда нарығындағы іс-қимылдарға байланысты көрсетілетін қызметтердің  $m$  айындағы құны;

$$Q_m^{КО\_МГП} = S_m^1 + S_m^2 + Q_m^{АТС\_МГП} + Q_m^{ЦФР\_МГП} + Q_m^{АГЕНТ\_МГП},$$

мұнда:

$Q_{m}^{АТС\_МГП}$

- электр энергиясының, қуатының және көтерме сауда нарығында айналымға жіберілген өзге де тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көтерме сауда нарығын ұйымдастыру жөніндегі коммерциялық оператордың көрсетілетін қызметтерінің  $m$  айындағы құны;

$Q_{m}^{ЦФР\_МГП}$

- көтерме сауда нарығының сауда жүйесіне қосылу туралы шартта айқындалатын талаптар мен міндеттемелерді есептеу жөніндегі кешенді көрсетілетін қызметтердің  $m$  айындағы құны;

$Q_{m}^{АГЕНТ\_МГП}$

- коммерциялық агент жасасатын шарттарда екіжақты тәртіппен айқындалатын коммерциялық агенттің шығындары.

Армения Руспубликасына (Армения Республикасынан) электр энергиясын жеткізу мақсатында МАБ-ты Ресей Федерациясының аумағы бойынша жүзеге асырған жағдайда, көрсетілген шамаға Ресей Федерациясы коммерциялық инфрақұрылымы ұйымдарының есептік құжаттарымен расталған, осындай жағдайларда МАБ-тың нақты көлемін анықтау ерекшеліктерімен байланысты Ресей Федерациясының көтерме нарығында коммерциялық агент шеккен шығындарды өтеуде енгізіледі.

6.3.1.2. Электр энергетикасында жедел-диспетчерлік басқару жөніндегі және ұлттық электр желісі арқылы электр энергиясын беру (өткізу) жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын шектес мүше мемлекеттердің ұйымдары арасындағы электр энергетикалық жүйелердің қатарлас жұмысы туралы шарттар (техникалық келісімдер).

6.3.1.3. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы электр энергиясын өткізу кезінде туындайтын және мүше мемлекеттермен келісілген тәртіпке сәйкес айқындалатын, мемлекетаралық қималар бойынша нақты сальдо ағындардың жоспардағыдан ауытқу шамаларын өтеу мақсатында жасалатын Ресей Федерациясының уәкілетті ұйымдары (осы Әдіснаманың 3-бөліміне сәйкес) мен шектес мүше мемлекеттердің арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттары.

6.3.2. Армения Республикасына (Армения Республикасынан) электр энергиясын жеткізу мақсатында Ресей Федерациясының аумағы арқылы МАБ:

- тиісті уәкілетті ұйымдар арасында Ресейдің БЭЖ-і мен үшінші мемлекеттің энергия жүйесінің қатарлас жұмысын қамтамасыз етуге;

- Ресей Федерациясы мен үшінші мемлекеттің тиісті шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы электр энергиясының мемлекетаралық ағындарының сағаттық нақты көлемдері туралы коммерциялық есепке алу деректерімен алмасуды ұйымдастыруға;

- Ресей Федерациясы мен үшінші мемлекеттің мемлекеттік шекаралары арқылы өткізілген электр энергиясы ағындарының нақты сальдосын және Ресей Федерациясы мен үшінші мемлекеттің мемлекеттік шекаралары арқылы электр энергиясын өткізу кезінде туындайтын және осындай мемлекеттермен келісілген тәртіпке сәйкес айқындалатын электр энергиясы ағындары нақты сальдосының жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын анықтауға;

- МАБ көлемін қоса алғанда, Ресей Федерациясы мен үшінші мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында жасалған шарттар бойынша Ресей Федерациясы мен үшінші мемлекеттің мемлекеттік шекаралары арқылы өткізілген электр энергиясының көлемін бөлуге;

- Ресей Федерациясы мен үшінші мемлекеттің мемлекеттік шекаралары арқылы электр энергиясын өткізу кезінде туындайтын және осындай мемлекеттермен келісілген тәртіпке сәйкес айқындалатын нақты сальдо ағындардың жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеу мақсатында Ресей Федерациясы мен үшінші мемлекеттің уәкілетті шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында электр энергиясын сатып алу-сатуға байланысты мәселелер реттелген кезде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6.3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.09.2021 № 64-VII Заңымен.**

6.4 Армения Республикасының аумағында.

МАБ Армения Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы бекітетін үлгілік нысан бойынша жасалатын электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарттар негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте МАБ-ты жүзеге асыруға арналған шарттарда электр энергиясын үшінші мемлекеттердің энергия жүйелері арқылы берумен байланысты осындай берудің ерекшеліктері ескерілуі мүмкін.

6.5 МАБ-ты жүзеге асыру кезінде Армения Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы электр энергиясын (қуатын) үшінші мемлекеттердің аумақтары арқылы беру қажеттілігімен байланысты мәселелерді МАБ-ты жүзеге асыруға мүдделі мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері үшінші мемлекеттердің тиісті шаруашылық субъектілерімен бірлесіп екіжақты негізде реттейді.

6.6. Қырғыз Республикасының аумағында.



Қырғыз Республикасының аумағында мүше мемлекеттер арасындағы МАБ осы Әдіснамаға сәйкес Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйыммен жасалатын электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6.6-тармақпен толықтырылды – ҚР 15.09.2021 № 64-VII Заңымен.**

## **7. Мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында мемлекетаралық электр энергиясы ағындарының сағаттық нақты көлемі туралы коммерциялық есепке алу деректерін алмасуды ұйымдастыру тәртібі**

7.1. Осы Тәртіп коммерциялық есепке алудың сағаттық деректерін алу бөлігінде екіжақты өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарын; коммерциялық есепке алудың сағаттық деректерін және коммерциялық есепке алудың көрсетілген деректерін жеткізу нүктелеріндегі мәндерге дейін толықтыра есептеудің келісілген әдістемелерін пайдалану ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында мемлекетаралық электр беру желілері арқылы (бұдан әрі - МАЭБЖ) электр энергиясының жедел<sup>1</sup> сағаттық ағынын айқындау тәртібін; коммерциялық есепке алу деректерін алмасу және жеткізу нүктелеріндегі мәндерге келтірілген коммерциялық есепке алу деректерін келісу рәсімдерін айқындайтын тәртіпті белгілейді.

МАЭБЖ бойынша электр энергиясын коммерциялық есепке алудың сағаттық деректерін қалыптастыру және алмасу талаптары мен тәртібі МАЭБЖ-де есепке алу нүктелері бойынша электр энергиясы ағындарының сағаттық шамаларының деректерін алмасу туралы екіжақты келісімдерге сәйкес айқындалады.

---

<sup>1</sup> Жедел сағаттық ағын деп коммерциялық есепке алу кешендерінің техникалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінен (бұдан әрі - ЭЖЕАЖ) ағындарға енгізілген, барлық есепке алу нүктелерінен алынған коммерциялық есепке алудың сағаттық (жарты сағаттық немесе сағаттық) деректері түсініледі.

### **7.2 Жедел ақпарат алмасу.**

Мүше мемлекеттердің тиісті шаруашылық жүргізуші субъектілері тәулік сайын (немесе мүше мемлекеттердің келісуі бойынша өзге уақыт аралығында) МАЭБЖ бойынша электр энергиясының сағаттық ағындарының шамасын қалыптастырады, алынған деректермен алмасады, тиісті есептеулерді орындайды, деректердің сәйкестігіне баға береді.

МАЭБЖ бойынша берілетін электр энергиясының сағаттық ағындарының мәндерін қамтитын ақпаратты жедел алмасу үшін деректерді берудің келісілген форматтары пайдаланылады.

7.3. Жеткізу нүктесіндегі сағаттық мәндерді есептеу.

Жеткізу нүктесіндегі сағаттық мәндерді есептеу екіжақты келісімдерде келісілген, берілген және алынған электр энергиясының нақты көлемдерін есептеу әдістемелеріне сәйкес жүргізіледі.

## 8. Мүше мемлекеттердің мемлекетаралық электр беру желілері бойынша электр энергиясы ағынының нақты сальдосын айқындау тәртібі

**Ескерту. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

Күнтізбелік айдағы мемлекетаралық қималар арқылы өткізілетін электр энергиясының нақты көлемін айқындайтын осы тәртіп мүше мемлекеттердің уәкілетті ұйымдарының пайдалануына арналған.

Мүше мемлекеттердің мемлекетаралық қималары арқылы өткізілетін электр энергиясы ағынының нақты сальдосы әрбір күнтізбелік айда әрбір жеткізу нүктесіне ( $W_{\text{Сальдо\_шекара}}$ ) қабылданған ( $W_{\text{П1\_шекара}}$ ) және/немесе одан берілген электр энергиясы ( $W_{\text{О1\_шекара}}$ ) мөлшерінің алгебралық сомасы ретінде айқындалады.

"Қабылдау", "Беру" режимдерінде барлық МАЭБЖ-да жұмысына қосылған Одақтың кедендік шекарасына және (немесе) мүше мемлекеттің басқа мүше мемлекеттермен мемлекеттік шекарасына (жеткізу нүктесіне) сәйкестендірілген электр энергиясының күнтізбелік айдағы мәні және сальдо мына формулалар бойынша есептеледі:

$$W_{\text{К1\_шекара}} = \sum W_{(\text{нақты К1})i},$$

$$W_{\text{Б2\_шекара}} = \sum W_{(\text{нақты Б1})i},$$

$$W_{\text{Сальдо\_шекара}} = W_{\text{К1\_шекара}} + W_{\text{Б1\_шекара}}, \text{ мұнда:}$$

$$W_{(\text{нақты К1})i}$$

- бір күнтізбелік айда  $i$ -ші МАЭБЖ бойынша әрбір жеткізу нүктесінде қабылданған электр энергиясының нақты мөлшері. Сальдо-ағын есебін формулаға салу үшін мән белгіні (ағын бағытын) ескере отырып алынады;

$$W_{(\text{нақты Б1})i}$$

- бір күнтізбелік айда і-ші МАЭБЖ бойынша әрбір жеткізу нүктесінде берілген электр энергиясының нақты мөлшері. Сальдо-ағын есебін формулаға салу үшін мән белгіні ( ағын бағытын) ескере отырып алынады;

R - бір күнтізбелік ай ішінде жұмысқа қосылған мемлекетаралық қимадағы МАЭБЖ мөлшері.

## **9. Одақ шеңберінде МАБ-ты жүзеге асыру кезінде мемлекетаралық қималар бойынша нақты ағындардың жоспардағыдан ауытқу көлемі мен құнын есептеу тәртібі**

**Ескерту. 9-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР 15.09.2021 № 64-VII; 18.09.2021 № 65-VII Заңдарымен.**

Мемлекетаралық қималар бойынша нақты жеткізілімдерге мынадай құрауыштар: МАБ көлемі, мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері жасасқан коммерциялық шарттардың көлемі, авариялық көмек көлемі мен сальдо-ағындардың нақты мәндерінің жоспардағыдан ауытқуына байланысты көлемі кіреді.

Нақты сальдо-ағынның жоспардағыдан сағаттық ауытқуының шамаларын есептеуді және ауытқулар көлемін олардың бастамасына байланысты анықтауды БҰЭЖ-ді басқару жөніндегі ұйым, Ресей БЭЖ-і жүйелік операторы, Беларусь БЭЖ-і жүйелік операторының функциясын орындайтын ұйым, Қазақстан БЭЖ-і жүйелік операторы, Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйым, Армения БЭЖ-і жүйелік операторы мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- МАБ-ты Ресей Федерациясының аумағы бойынша жүзеге асыру кезінде МАБ көлемінің сағаттық шамалары тәуліктік диспетчерлік графикте ескерілген тиісті жоспарлы мәндерге тең болып қабылданады. Егер МАБ-ты Армения Республикасына ( Армения Республикасынан) электр энергиясын жеткізу мақсатында Ресей Федерациясының аумағы бойынша жүзеге асыру кезінде осы Әдіснаманың 2.3.1-тармағында айқындалған басымдықты ескере отырып, Ресей Федерациясының үшінші мемлекетпен мемлекеттік шекаралары арқылы және үшінші мемлекеттің Армения Республикасымен мемлекеттік шекаралары арқылы өткізілген электр энергиясы ағындарының нақты сальдосы жоспарлы мәннен аз болса, онда коммерциялық агенттің мүше мемлекеттердің мүдделі шаруашылық жүргізуші субъектілерімен шарттары бойынша МАБ-тың нақты сағаттық көлемі, сондай-ақ үшінші мемлекеттің тиісті шаруашылық жүргізуші субъектісімен электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер керсетуге арналған шарт бойынша электр энергиясын берудің нақты сағаттық көлемі Ресей Федерациясының үшінші мемлекетпен мемлекеттік шекаралары және үшінші мемлекеттің Армения Республикасымен мемлекеттік шекаралары арқылы өткізілген электр энергиясы ағындары нақты сальдосының тиісті мәндерінен ең төменгі мәнге тең болып қабылданады.

- есепті кезеңнің әрбір сағатында коммерциялық шарттар бойынша электр энергиясын жеткізудің нақты сағаттық көлемі белгіленген тәртіппен келісілген түзетулерді ескере отырып, тәуліктік диспетчерлік графикте ескерілген тиісті жоспарлы мәндерге теңдей етіп қабылданады.

- үшінші мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерімен қатынастар шеңберінде реттелетін сағаттық ауытқулар көлемі (сыртқы теңгерімдеу) Одақ шеңберіндегі ауытқулар көлемінде ескеріледі. Сыртқы теңгерімдеу көлемін айқындау тәртібі мүше мемлекеттердің аралас электр энергетикалық жүйелерінің жүйелік операторларымен (БҰЭЖ басқару жөніндегі ұйымның қатысуымен) келісіледі;

- авариялық көмек көрсету көлемі ішкі ұлттық нарықтардың субъектілері арасында жасалатын авариялық көмек көрсету кезінде электр энергиясын сатып алу/сату шарттарының талаптарымен айқындалады.

Сағаттық ауытқулар көлемі МАБ-ты қамтамасыз ету үшін жасалуы Әдіснаманың 6-бөлімінде мүше мемлекеттердің әрқайсысы үшін көзделген шарттарға сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында қаржылық реттелуге жатады.

Электр энергетикалық жүйелердің қатарлас жұмысы туралы шарттардың (техникалық келісімдердің) талаптарын сақтау, оның ішінде мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелеріндегі жиілікті реттеу және мемлекетаралық қималар бойынша келісілген сальдо-ағындарды ұстап тұру бөлігінде сақтау қажеттігін негізге ала отырып, ауытқулар құны электр энергиясының (қуатының) ішкі ұлттық нарықтарының субъектілеріне олардың электр энергиясының (қуатының) ұлттық нарығындағы жүйені теңгерімдеу жөніндегі қатынастарға қатысу нәтижесінде шеккен негізделген шығындарын өтеуге тиіс.

Ауытқулар құнын есептеу электр энергетикалық жүйелердің қатарлас жұмысы туралы шарттарда (техникалық келісімдерде) немесе мүше мемлекеттер арасында электр энергетикасы саласындағы өзара қатынастарды реттейтін өзге де шарттарда белгіленген мәндерден аспайтын көлемдерде электр энергетикалық жүйелердің қатарлас жұмысын технологиялық жағынан қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясын (қуатын) сатып алу/сату көлемдерін есепке алудың айрықша тәртібі ескеріле отырып жүргізілуге тиіс.

Ресей Федерациясының аумағы арқылы МАБ-ты жүзеге асыру кезінде Армения Республикасына (Армения Республикасынан) және (немесе) Қырғыз Республикасына (Қырғыз Республикасынан) электр энергиясын (қуатын) беру талап етілмеген кезде, ауытқуларды өтеу мақсатында сатып алынған және сатылған электр энергиясының (қуатының) есеп-қисапта пайдаланылатын сандық және баға параметрлері Ресей Федерациясының коммерциялық инфрақұрылым ұйымдарының есептік құжаттарымен расталады.

Қырғыз Республикасына (Қырғыз Республикасынан) мен электр энергиясын (қуатын) жеткізу мақсатында Ресей Федерациясының аумағы арқылы МАБ-ты жүзеге асыру кезінде, Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасымен мемлекеттік шекаралардағы жеткізу нүктелеріндегі ауытқуларды өтеу мақсатында сатып алынған және сатылған электр энергиясының (қуатының) есеп-қисапта пайдаланылатын сандық және баға параметрлері - Ресей Федерациясының коммерциялық инфрақұрылым ұйымдарының есептік құжаттарымен, ал Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен мемлекеттік шекараларында Қазақстан Республикасының жүйелік операторы мен Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйым арасында жасалған есептік құжаттармен расталады.

Армения Республикасына (Армения Республикасынан) электр энергиясын жеткізу мақсатында МАБ-ты Ресей Федерациясының аумағы бойынша жүзеге асыру кезінде Ресей Федерациясының үшінші мемлекетпен мемлекеттік шекараларындағы жеткізу нүктелеріндегі ауытқуларды өтеу мақсатында сатып алынған және сатылған электр энергиясының (қуатының) сандық және бағалық параметрлері Ресей Федерациясы коммерциялық инфрақұрылымы ұйымдарының есептік құжаттарымен, ал үшінші мемлекеттің Армения Республикасымен мемлекеттік шекараларында - Армения Республикасының аумағында нарық операторының көрсетілетін қызметтерін ұсынатын уәкілетті ұйымның есептік құжаттарымен расталады.

Шарттар бойынша жеткізілімдер құнын есептеу кезінде электр энергиясының (қуатының) көлемін қайтадан есепке алуға жол берілмейді.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 22 ҚОСЫМША

**Баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда,  
газ тасымалы жүйелері арқылы газ тасымалдау саласындағы табиғи  
монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол  
жеткізу қағидалары туралы  
ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 79, 80 және 83-баптарына сәйкес газ саласындағы ынтымақтастық негіздерін, мүше мемлекеттердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, газ тасымалы жүйелері арқылы газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету қағидадары мен талаптарын айқындайды.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"газға ішкі қажеттіліктер" - мүше мемлекеттердің әрқайсысының аумағында тұтыну үшін қажетті газ көлемі;

"газ" - негізінен метаннан тұратын, газ тасымалы жүйелері арқылы сығылған газ тәріздес күйде тасымалданатын, мүше мемлекеттердің аумағында өндірілетін және (немесе) шығарылған газ тәріздес көмірсутектердің және басқа газдардың жанғыш қоспасы;

"газ өндіретін мүше мемлекеттер" - аумағында газ өндіру мен шығаруға қарағанда аз тұтынылатын мүше мемлекеттер;

"газ тұтынатын мүше мемлекеттер" - аумағында газ өндіру мен шығаруға қарағанда көп тұтынылатын мүше мемлекеттер;

"газ тасымалы жүйелері" - магистральдық газ құбырларын қамтитын газ тасымалдауға арналған құрылыстар мен газ тарату желілерінен басқа, олармен бірыңғай технологиялық процеспен байланысты объектілер;

"газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу" - газ тасымалдау үшін мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілері басқаратын газ тасымалы жүйелерін пайдалану құқығын беру;

"газға тең кірісті бағалар" - газдың ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, оның ішінде мынадай қағидаттарға негізделі отырып қалыптастырылған көтерме бағасы:

газ өндіретін мүше мемлекеттер үшін нарықтық көтерме бағаны қалыптастыру осы мемлекеттерде алынатын баждардың, алымдардың, салықтардың, өзге де төлемдердің шамасын сыртқы нарықтағы газды сату бағасынан және газ жеткізушінің сыртқы және ішкі нарықтағы газ тасымалдау құнының айырмасын ескере отырып, газ өндіретін мүше мемлекеттерден тысқары жерлердегі газ тасымалдау құнынан шегеру жолымен жүзеге асырылады;

газ тұтынатын мүше мемлекеттер үшін - газ өндіретін мемлекеттің шығарушысы сыртқы нарықта газ сату бағасынан баждарды, алымдарды, салықтарды, өзге де төлемдерді, сондай-ақ газ өндіретін мүше мемлекеттен тысқары жерлерде газ тасымалдау құнынан шегеру арқылы қалыптастыратын нарықтық көтерме баға;

"газ тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер" - газ тасымалы жүйелері арқылы газды өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

"уәкілетті органдар" - осы Хаттаманы іске асыруды бақылау үшін мүше мемлекеттер уәкілеттік берген мемлекеттік органдар.

### 3. Мүше мемлекеттер мына негізгі қағидаттарды:

1) өзара саудада кедендік әкелу және әкету баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) қолданбау;

2) бірінші кезекте мүше мемлекеттердің газға ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

3) мүше мемлекеттердің ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін газ тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің бағасы мен тарифтерін мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес белгілеу;

4) мүше мемлекеттердің газға арналған нормалары мен стандарттарын біріздендіру;

5) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

б) газды ішкі тұтыну туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат негізінде ақпарат алмасу қағидаттарын негізге ала отырып, Одақтың ортақ газ нарығын кезең-кезеңмен қалыптастыруды жүзеге асырады, сондай-ақ мүше мемлекеттердің газ тасымалы жүйелері бойынша газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

4. Газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу осы Хаттаманың талаптарына сәйкес мүше мемлекеттердің аумағынан шығатын газға ғана қатысты ұсынылады. Осы Хаттаманың ережелері газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне үшінші мемлекеттердің аумағынан шығатын газ тұрғысынан қол жеткізу қатынастарына және Одақтың аумағынан және аумағына газ тасымалдау саласындағы қатынастарға қолданылмайды.

5. Мүше мемлекеттердің мынадай іс-шараларды:

газды ішкі тұтыну туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат негізінде ақпарат алмасу жүйесін құруды;

осы Хаттамаға сәйкес индикативті (болжамды) баланстарды дайындау үшін тетіктер құруды;

мүше мемлекеттердің газға арналған нормалары мен стандарттарын біріздендіруді;

мүше мемлекеттердің аумақтарында газ сатудың коммерциялық рентабельділігін қамтамасыз ететін нарықтық бағаларды ұстап тұруды қамтитын іс-шаралар кешенін іске асыруы осы Хаттамада көзделген, мүше мемлекеттердің газ тасымалы жүйелері бойынша газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету шарты болып табылады.

Мүше мемлекеттердің осы тармақта көрсетілген шаралар кешенін орындауды аяқтауы тиісті хаттамада ресімделеді.

6. Мүше мемлекеттер барлық мүше мемлекеттердің аумағында газға тең кірісті бағалар болуына қол жеткізуге ұмтылады.

7. Мүше мемлекеттердің барлығы осы Хаттаманың 5-тармағында жазылған іс-шаралар кешенін орындағаннан кейін мүше мемлекеттер газ тасымалы жүйелерінің қолда бар техникалық мүмкіндіктері, бос қуаттары шегінде, Одақ газының келісілген индикативті (болжамды) балансын ескере отырып және шаруашылық жүргізуші субъектілердің азаматтық-құқықтық шарттары негізінде басқа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мүше мемлекеттердің ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелеріне қол жеткізуін мына қағидалар бойынша қамтамасыз етеді:

мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне, тарифті қоса алғанда, аумағы арқылы тасымалдау жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің газ тасымалы

жүйесінің меншік иесі болып табылмайтын газ өндірушілермен бірдей жағдайларда басқа мүше мемлекеттің газ тасымалы жүйесіне қолжетімділік ұсынылады;

газ тасымалы жүйелері арқылы газ тасымалдаудың көлемі, бағасы және тарифтері, сондай-ақ газ тасымалдаудың коммерциялық және өзге де талаптары мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы азаматтық-құқықтық шарттарда айқындалады.

Мүше мемлекеттер өз мемлекеттерінің аумағында қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында магистральдық газ құбырлары арқылы газ тасымалдауға арналған қолданыстағы шарттардың тиісінше орындалуына жәрдемдеседі.

8. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) баланстарын қалыптастыру әдіснамасына сәйкес Комиссияның қатысуымен Одақ газының индикативті (болжамды) балансын (шығару, тұтыну және ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткізу, оның ішінде өзара жеткізу) әзірлейді және келіседі, ол 5 жылға жасалады және жыл сайын 1 қазанға дейін нақтыланады.

Мүше мемлекеттер келісілген газ балансын есепке ала отырып, мүше мемлекеттердің ішкі нарықтарында газ тасымалы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізілуін қамтамасыз етеді.

9. Мүше мемлекеттер мынадай:

- 1) мүше мемлекеттердің аумақтары арқылы газ тасымалдау;
- 2) газ құбырларын, жерасты газ қоймаларын және газ кешені инфрақұрылымының басқа да объектілерін салу, реконструкциялау және пайдалану;
- 3) мүше мемлекеттердің газға ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті сервистік қызметтер көрсету салаларында ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ұмтылады.

10. Мүше мемлекеттердің аумағында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің жұмыс істеуін регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттарды біріздендіруді мүше мемлекеттер қамтамасыз етеді.

11. Осы Хаттама мүше мемлекеттердің өздері қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

Мүше мемлекеттердің газ тасымалы саласында Шартта реттелмеген қатынастарына мүше мемлекеттердің заңнамасы қолданылады.

12. Шарттың XVIII бөлімінің ережелері газ тасымалын жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілеріне осы Хаттамада көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

13. Шарттың 83-бабында көзделген Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңде, егер тиісті мүше



мемлекеттер өзгеше туралы уағдаласпаса, мүше мемлекеттер арасында газ жеткізу саласында жасалған екіжақты келісімдер қолданылады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 23 ҚОСЫМША

## **Мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын ұйымдастыру, басқару, олардың жұмыс істеу және даму тәртібі туралы ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 79, 80 және 84-баптарына сәйкес мұнай саласындағы ынтымақтастық негіздерін, Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарығын қалыптастыру қағидаттарын, сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету қағидаттарын айқындайды.

Осы Хаттама 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің ортақ энергетикалық нарығын қалыптастыру тұжырымдамасының ережелерін ескере отырып және мүше мемлекеттердің отын-энергетика әлеуетін тиімді пайдалану, сондай-ақ ұлттық экономикаларды мұнаймен және мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу" - мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау үшін мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілері басқаратын мұнай және мұнай өнімдері тасымалы жүйелерін пайдалану құқығын беру;

"мұнай және мұнай өнімдері" - Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кеден тарифіне сәйкес айқындалған тауарлар;

"мүше мемлекеттердің мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарығы" - мүше мемлекеттердің мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, тасымалдау, жеткізу, қайта өңдеу және өткізу саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мүше мемлекеттер аумақтарында мүше мемлекеттердің мұнай және мұнай өнімдеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті сауда-экономикалық қатынастарының жиынтығы;

"Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) балансы" - газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) баланстарын қалыптастыру әдіснамасында айқындалған болжамдық көрсеткіштердің жүйесі;

"мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау" - мұнай және мұнай өнімдерін кез келген тәсілмен, оның ішінде оны жөнелтушіден қабылдап алу пунктінен алушыға тапсыру пунктіне дейін құбыр көлігін пайдалана отырып жылжытуға, оған қоса

ағызуға, құюға, басқа көлік түріне аударып құюға, сақтауға, араластыруға бағытталған әрекеттерді жасау.

3. Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарығын қалыптастыру кезінде мүше мемлекеттер мынадай негізгі қағидаттарды негізге алады:

1) өзара саудада сандық шектеулерді және кедендік әкету баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) қолданбау. Мұнай және мұнай өнімдерін Одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге әкету кезінде оларға кедендік кету баждарын төлеу тәртібі мүше мемлекеттердің жекелеген, оның ішінде екіжақты келісімдерінде айқындалады;

2) мүше мемлекеттердің мұнай және мұнай өнімдеріне деген қажеттіліктерін басымдықпен қамтамасыз ету;

3) мүше мемлекеттердің мұнай және мұнай өнімдеріне арналған нормалары мен стандарттарын біріздендіру;

4) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын ақпараттық қамтамасыз ету.

4. Мүше мемлекеттер Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру бойынша мынадай шаралардың кешенін, оның ішінде:

1) көліктің барлық түрлерімен мұнай және мұнай өнімдерінің жеткізілімдері, экспорты және импорты туралы мәліметтерді қамтитын кедендік ақпарат негізінде ақпарат алмасу жүйесін құруды;

2) осы Хаттаманың талаптарын бұзуды болдырмайтын бақылау тетіктерін жасауды;

3) мүше мемлекеттердің мұнай және мұнай өнімдеріне арналған нормалары мен стандарттарын біріздендіруді жүзеге асырады.

5. Осы Хаттаманың 4-тармағында көрсетілген шаралар мүше мемлекеттердің немесе олар уәкілеттік берген органдардың тиісті халықаралық шарттар шеңберінде әдістемелерге немесе қағидаларға қол қоюы жолымен іске асырылады.

6. Мүше мемлекеттердің арасындағы халықаралық шарттарға сәйкес, мүше мемлекеттер қолда бар техникалық мүмкіндіктер шегінде:

1) өндірілген мұнайды және одан шығарылған мұнай өнімдерін мүше мемлекеттердің аумақтарында жұмыс істеп тұрған тасымал жүйесі бойынша, оның ішінде магистральдық мұнай құбырлары және мұнай өнімдері құбырлары жүйелері бойынша ұзақ мерзімді тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндігінің кепілдік берілген;

2) мүше мемлекеттердің аумақтарында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін аумақтары арқылы мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүзеге асырылатын мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне арналған дәл сондай жағдайларда әрбір мүше мемлекеттің аумағында орналасқан мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйелеріне қол жеткізу жағдайларын қамтамасыз етеді.

7. Мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйелері бойынша мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтер әрбір мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтер аумағы арқылы мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін белгіленген тарифтерден аспайтын деңгейде белгіленеді.

Мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтер аумағы арқылы мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін белгіленген тарифтерден төмен белгілеу мүше мемлекеттер үшін міндеттеме болып табылмайды.

8. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) баланстарын қалыптастыру әдіснамасына сәйкес Комиссияның қатысуымен:

жыл сайын 1 қазанға дейін Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің келесі күнтізбелік жылға арналған индикативті (болжамды) баланстарын;

қажет болған кезде мүше мемлекеттердің мұнай өндіруінің, мұнай өнімдерін шығару мен тұтынуының нақты өзгеруін ескере отырып, түзетіле алатын Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ұзақ мерзімді индикативті (болжамды) баланстарын әзірлейді және келіседі.

Бір мүше мемлекеттің аумағында өндірілген мұнайды басқа мүше мемлекеттің аумағы арқылы тасымалдаудың көлемі мен бағыттары жыл сайын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы хаттамалармен айқындалады.

9. Мүше мемлекеттердің ішкі мұнай және мұнай өнімдері нарықтарын реттеуді мүше мемлекеттердің ұлттық органдары жүзеге асырады. Мүше мемлекеттер мұнай және мұнай өнімдерінің нарықтарын ырықтандыру жөніндегі іс-шараларды әрбір мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

10. Осы Хаттама мүше мемлекеттердің өздері қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11. Шарттың XVIII бөлімінің ережелері мұнай және мұнай өнімдерінің тасымалын жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілеріне осы Хаттамада көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

12. Шарттың 84-бабының 3-тармағында көзделген Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңде, егер тиісті мүше мемлекеттер өзгеше туралы уағдаласпаса, мүше мемлекеттер арасында мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласында жасалған екіжақты келісімдер, кедендік әкету баждарының (баламалы қолданылатын өзге де

баждардың, салықтар мен алымдардың) анықтамасы және оларды төлеу тәртібі қолданылады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 24 ҚОСЫМША

## **Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты туралы ХАТТАМА**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 86 және 87-баптарына сәйкес үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"азаматтық авиация" - халықтың және экономиканың қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын авиация;

"бірыңғай көліктік кеңістік" - мүше мемлекеттердің көлік жүйелерінің жиынтығы, оның шеңберінде мүше мемлекеттердің көлік саласындағы үйлестірілген заңнамасына негізделген жолаушылардың кедергісіз қозғалысы, жүктерді және көлік құралдарын өткізу, олардың техникалық және технологиялық үйлесімділігі қамтамасыз етіледі;

"мүше мемлекеттердің заңнамасы" - мүше мемлекеттердің әрқайсысының ұлттық заңнамасы;

"көліктік көрсетілетін қызметтердің ортақ нарығы" - өзінде көліктік қызметтер көрсетудің тең және паритетті жағдайлары жасалатын, олардың көлік түрлері бойынша нарықтың жұмыс істеу ерекшеліктері осы Хаттамада, сондай-ақ Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалатын экономикалық қатынастар нысаны.

3. Осы Хаттаманы іске асыру мүше мемлекеттердің әрқайсысы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру кезінде, сондай-ақ өзге де халықаралық шарттар шеңберінде қабылдаған өз міндеттемелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

### **II. Автомобиль көлігі**

4. Мүше мемлекеттердің бірінің аумағында тіркелген тасымалдаушылар орындайтын халықаралық автомобиль жүк тасымалдары:

1) аумағында тасымалдаушылар тіркелген мүше мемлекет пен басқа мүше мемлекет арасында;

2) басқа мүше мемлекеттердің аумағы арқылы транзитпен;

3) басқа мүше мемлекеттер арасында рұқсатсыз негізде жүзеге асырылады.

5. Мүше мемлекеттер 2015 жылғы 1 шілдеден бастап мүше мемлекеттердің бірінің аумағында тіркелген тасымалдаушылардың басқа мүше мемлекеттің аумағында орналасқан пункттер арасында халықаралық автомобиль жүк тасымалдарын

орындаудың 2016-2025 жылдар аралығындағы мерзімге кезең-кезеңмен ырықтандыру бағдарламасын бұл ырықтандырудың дәрежесі мен шарттарын айқындай отырып қабылдайды.

Мүше мемлекеттерде осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген автомобиль жүк тасымалдары ырықтандыруын жүргізудің әртүрлі деңгейлері мен жылдамдығына рұқсат беріледі.

6. Осы Хаттаманың 5-тармағында көрсетілген кезең-кезеңмен ырықтандыру бағдарламасын Жоғары Кеңес бекітеді.

7. Одақ шеңберінде жүк автомобиль көлігі көрсетілетін қызметтерін реттеу мәселелері бойынша үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын жүргізу ерекшеліктері халықаралық шарттармен айқындалады.

8. Мүше мемлекеттер Одақ шеңберінде халықаралық автомобиль қатынастарын дамытуға және автомобиль көлігі көрсетілетін қызметтерін қалыптастыруға ықпал ететін кедергілерді (тосқауылдарды) жою жөнінде келісілген шараларды қолданады.

9. Көліктік (автомобильдік) бақылау осы Хаттамаға № 1 қосымшаға сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады.

### **III. Әуе көлігі**

10. Одақта әуе көлігін дамыту әуе көлігі көрсетілетін қызметтерінің ортақ нарығын кезең-кезеңмен қалыптастыру арқылы жүргізілетін үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты шеңберінде жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттер Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасын қолдануға бірыңғай тәсіл бойынша күш-жігерін үйлестіреді.

11. Әуе көлігі көрсетілетін қызметтерінің ортақ нарығын үйлестіру мынадай:

1) Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің азаматтық авиация саласындағы халықаралық құқық нормалары мен қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

2) мүше мемлекеттердің заңнамасын азаматтық авиация саласындағы халықаралық құқық нормалары мен қағидаттарына сәйкес үйлестіру;

3) әділ және адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;

4) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) талаптарына және ұсынылатын практикасына сәйкес әуе кемелері паркін жаңартуға, әуежайлардың жерүсті инфрақұрылымы объектілерін жаңғыртуға және дамытуға жағдайлар жасау;

5) ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

6) мүше мемлекеттердің авиациялық компанияларының авиациялық инфрақұрылымға кемсітушіліксіз қол жеткізуін қамтамасыз ету;

7) мүше мемлекеттер арасындағы әуе қатынастарын кеңейту қағидаттарына негізделеді.

12. Мүше мемлекеттер әрбір мүше мемлекет өз аумағының үстіндегі әуе кеңістігіне толық және айрықша егемендікке ие екенін таниды.

13. Одақ шеңберінде мүше мемлекеттердің әуе кемелерінің ұшуы мүше мемлекеттердің халықаралық шарттары және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен берілетін рұқсаттар негізінде орындалады.

14. Осы бөлімнің ережелері азаматтық авиацияға қатысты ғана қолданылады.

#### **IV. Су көлігі**

15. Одақта су көлігін дамыту жүргізіліп жатқан үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты шеңберінде жүзеге асырылады.

16. Мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің порттар арасындағы тасымалдау мен тіркеп сүйретуді және басқа мүше мемлекеттің порттарына/нан тасымалдауды және үшінші елдердің тасымалдауын қоспағанда, жүктерді, жолаушыларды және олардың багажын тасымалдауды, аралас ішкі су жолдарында кеме туы мемлекеті мен басқа мүше мемлекет арасында тіркеп сүйретуді, басқа мүше мемлекеттің ішкі су жолдары бойынша транзиттік өтуді осы Хаттаманы орындау үшін мүше мемлекеттермен жасасқан мүше мемлекеттердің кеме қатынасы туралы халықаралық шартқа сәйкес жүзеге асыруға құқығы бар.

17. Мүше мемлекеттің ішкі су жолдары бойынша жүзуді жүзеге асыратын кемелер мүше мемлекеттің кемелер тізілімінде тіркелуге тиіс және кемеі өзінің кемелер тізілімінде тіркеген мүше мемлекет резидентінің иелігінде болуға тиіс.

#### **IV. Теміржол көлігі**

18. Мүше мемлекеттер өзара тиімді экономикалық қатынастардың одан әрі дамуына жәрдемдесе отырып, мүше мемлекеттердің теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді және осы көрсетілетін қызметтерге тарифтерді мемлекеттік реттеуге келісілген тәсілдерді қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, егер мұндай реттеу мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген болса, мынадай мақсаттарды айқындайды:

1) теміржол көлігі саласында көліктік көрсетілетін қызметтердің ортақ нарығын кезең-кезеңмен қалыптастыру;

2) әрбір мүше мемлекеттің аумағы бойынша тасымалдарды жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттер тұтынушыларының теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне осы әрбір мүше мемлекеттің тұтынушылары үшін жасалған жағдайлардан қолайлығы кем емес жағдайларда қол жеткізуін қамтамасыз ету;

3) мүше мемлекеттердің теміржол көлігі көрсетілетін қызметтерінің тұтынушылары мен теміржол көлігі ұйымдары арасында экономикалық мүдделер теңгерімін сақтау;

4) бір мүше мемлекеттің теміржол көлігі ұйымдарының басқа мүше мемлекеттің теміржол көлігі көрсетілетін қызметтерінің ішкі нарығына қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

5) Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу тәртібіне (осы Хаттамаға № 2 қосымша) № 1 және 2-қосымшаларға сәйкес мүше мемлекеттер инфрақұрылымының көрсетілетін қызметтеріне тасымалдаушылардың қол жеткізу жағдайларын қамтамасыз ету.

19. Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу осы Хаттамаға № 2 қосымшада, сондай-ақ халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Үйлестірілген (келісілген)  
көлік саясаты туралы хаттамаға  
№ 1 қосымша

### **Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру тәртібі**

1. Осы Тәртіп Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 24 қосымша) 9-тармағына сәйкес әзірленген және Одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Осы Тәртіп басқа мүше мемлекеттермен ортақ құрлықтық шекарасы жоқ мүше мемлекетте қолданылмайды.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

2. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"көлік құралының салмақтық және габариттік параметрлері" - көлік құралының жүкпен немесе жүксіз массасының, білікке түсетін жүктемесінің және габариттерінің (ені, биіктігі және ұзындығы бойынша) мәндері;

"Одақтың сыртқы шекарасы" - мүше мемлекеттердің аумақтары мен Одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарын межелейтін Одақтың кедендік аумағының шегі;

"бақылау пункті" - мүше мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған стационарлық немесе жылжымалы пункт (бекет), сондай-ақ көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылатын мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункті;

"көліктік (автомобильдік) бақылау органдары" - мүше мемлекет аумағында көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыруға мүше мемлекет уәкілеттік берген құзыретті органдар;

"тасымалдаушы" - меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде көлік құралын пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

"көлік құралы":

жүктерді тасымалдау кезінде - жүк автомобилі, тіркемесі бар жүк автомобилі, автомобильдік (ершікті) тартқыш немесе жартылай тіркемесі бар автомобильдік (ершікті) тартқыш, шасси;

жолаушыларды тасымалдау кезінде - жүргізушінің орнын қоса алғанда, 9-дан астам отыратын орны бар, жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған, оның ішінде багажды тасымалдауға арналған тіркемесі бар автомобильдік көлік құралы;

"көліктік (автомобильдік) бақылау" - халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруды бақылау.

Осы Тәртіпте арнайы айқындалмаған өзге де ұғымдар халықаралық шарттарда, оның ішінде Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген мәндерінде пайдаланылады.

3. Осы Тәртіп Одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылау органдарының мүше-мемлекеттердің аумағына келетін (кететін, транзитпен өтетін) көлік құралдарына көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыруына бірыңғай тәсілдерді айқындайды.

4. Бір мүше мемлекеттің аумағына басқа мүше мемлекеттің аумағы арқылы жүретін көлік құралдары аумағы арқылы көрсетілген көлік құралдары жүретін мүше мемлекеттің заңнамасына және осы Тәртіптің 7 және 8-тармақтарына сәйкес Одақтың сыртқы шекарасында орналасқан бақылау пункттерінде көліктік (автомобильдік) бақылауға жатады.

5. Көліктік (автомобильдік) бақылаудың мақсаты үшін Көлік құралдарын қажетті құжаттарды тексеру және оның нәтижелерін ресімдеу Одақтың сыртқы шекарасында олар аумағын кесіп өтетін мүше мемлекеттің заңнамасына және осы Тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

6. Көліктік (автомобильдік) бақылау органдары көліктік (автомобильдік) бақылау нәтижелері бойынша өздері ресімдеген құжаттарды өзара таниды.

7. Мемлекеттік шекарасы арқылы Одақтың кедендік аумағына келу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органы бақылау пункттерінде көрсетілген мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген көліктік (автомобильдік) бақылау жөніндегі іс-қимылдардан басқа мыналарды:

1) көлік құралының салмақтық және габаритті параметрлерінің аумақтары арқылы жүріп өту жүзеге асырылатын басқа мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленгенге ұқсас нормаларға, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттердің аумақтары арқылы ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдауға не ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралының жүріп өтуіне арналған арнайы рұқсаттарда көрсетілген деректерге сәйкестігін тексеруді;

2) тасымалдаушыда аумақтары арқылы жүріп өту жүзеге асырылатын басқа мүше мемлекеттердің аумақтары арқылы жүріп өтуге рұқсаттардың болуын, олардың



орындалатын тасымалдар түріне сәйкестігін және көлік құралы сипаттамаларының осындай рұқсаттарда көзделген талаптарға сәйкестігін тексеруді;

3) тасымалдаушыда аумақтары арқылы тасымалдау немесе жүріп өту жүзеге асырылатын басқа мүше мемлекеттердің аумақтары бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға, ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралының жүріп өтуіне арналған арнайы рұқсаттардың, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттардың болуын тексеруді;

4) тасымалдаушыда аумақтары арқылы тасымалдау жүзеге асырылатын басқа мүше мемлекеттердің аумағында үшінші елдерге (үшінші елдерден) тасымалдауға арналған рұқсаттардың (арнайы рұқсаттардың) болуын тексеруді;

5) егер басқа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тасымалдауды жүзеге асыруға басқа мүше мемлекеттердің аумағы бойынша жүріп өтуге арналған рұқсатсыз жол берілетін болса, сондай-ақ егер тасымалдау көпжақты рұқсатқа сәйкес жүзеге асырылатын болса, көліктік (автомобильдік) бақылау органдарымен келісілген нысанда тасымалдаушыға есепке алу талонын беруді жүзеге асырады.

8. Көліктік (автомобильдік) бақылау органдары Одақтың сыртқы шекарасы арқылы көлік құралының шығуы кезінде бақылау пункттерінде осы Тәртіптің 7-тармағында көрсетілген іс-қимылдардан басқа, мыналарды:

1) тасымалдаушыда аумақтары арқылы жүріп өту жүзеге асырылатын мүше мемлекеттердің автомобиль жолдары бойынша көлік құралдарының жүріп өтуіне алымдар төлеу туралы түбіртектің болуын, егер осындай алымды төлеу мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес міндетті болса;

2) егер мүше мемлекеттің біреуінің аумағы бойынша жүріп өтуге арналған рұқсатта немесе есепке алу талонында көліктік (автомобильдік) бақылау органының тасымалдаушыға (жүргізушіге) осындай айыппұл салғаны туралы белгісі болса, тасымалдаушыда (жүргізушіде) мүше мемлекеттің аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын орындау тәртібін бұзғаны үшін айыппұл төлегенін растайтын түбіртектің немесе тасымалдаушыға (жүргізушіге) тиісті әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыға шағымды қанағаттандыру туралы сот органдары шешімінің болуын;

3) мүше мемлекеттердің тасымалдаушылары көлік құралдарының халықаралық автомобиль тасымалдарына рұқсаты болуын;

4) басқа мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органынан осы Тәртіптің 9-тармағында көрсетілген хабарламаны алған жағдайда, тасымалдаушыда қажетті құжаттардың болуын тексеруді жүзеге асырады.

9. Осы Тәртіптің 7-тармағында көзделген бақылау іс-қимылдары барысында көлік құралының бақыланатын параметрлерінің сәйкессіздігі, мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген құжаттардың болмауы немесе сәйкессіздігі анықталған кезде

бір мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органы жүргізушіге мүше мемлекеттердің көліктік (автомобильдік) бақылау органдарымен келісілген нысан бойынша мынадай:

анықталған сәйкессіздіктер туралы;

басқа мүше мемлекеттің аумағына келгенге дейін жетіспейтін құжаттарды алу қажеттігі туралы;

көлік құралының жүру маршрутын ескере отырып, басқа мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органының жақын арадағы бақылау пункті туралы ақпаратты қамтитын хабарлама береді, онда тасымалдаушы көлік құралының бақыланатын параметрлерінің сәйкессіздігін жою дәлелдемелерін және (немесе) хабарламада көрсетілген құжаттарды ұсынуға тиіс.

10. Хабарлама беру туралы ақпарат басқа мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органына жолданады және сәйкессіздікті анықтаған көліктік (автомобильдік) бақылау органының ақпараттық базасына енгізіледі.

11. Егер бір мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органы тасымалдаушыға осы Тәртіптің 9-тармағына сәйкес хабарлама берген болса, басқа мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органы бақылау пунктінде осы хабарламаның орындалуын тексеруді жүзеге асыруға және негіздемелер болған кезде, осы басқа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тасымалдаушыға (жүргізушіге) шаралар қолдануға құқылы.

Бақылау пунктінде хабарламаның орындалуын тексеруді жүзеге асырған көліктік (автомобильдік) бақылау органы тексеру нәтижелері туралы ақпаратты ақпараттық базаға енгізеді және аталған ақпаратты хабарламаны берген көліктік (автомобильдік) бақылау органына жібереді.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

12. Одақ аумағынан көлік құралын шығару - болуы осы Тәртіптің 7 және 8-тармақтарында көзделген құжаттарды тасымалдаушы ұсынғанға дейін жүзеге асырылмайды.

13. Көлік құралының бақыланатын параметрлерінің сәйкессіздігі, мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген құжаттардың болмауын немесе сәйкессіздігі анықталғаны туралы бір мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органы көлік құралының осы мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына Одақтың сыртқы шекарасы арқылы шығуы кезінде осы басқа мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органына хабар береді.

14. Мүше мемлекеттер өзара келісім негізінде өз заңнамасын, Одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру әдістері мен технологияларын үйлестіру жөнінде мынадай:

1) халықаралық көлік дәліздерінің құрамына кіретін ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынша қозғалыс кезінде көлік құралдарының салмақтық параметрлеріне қойылатын талаптар;

2) басқа мүше мемлекеттің ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынша көлік құралдарының жүріп өтуіне алымдардың толық төленуіне бақылау жүйесін жасау ;

3) үшінші елдердің тасымалдаушыларымен даулы ахуалдар туындаған кезде, оларды реттеу тетігін әзірлеу;

4) Одақ аумағы бойынша халықаралық автомобиль тасымалдары шарттарын орындау жөніндегі белгіленген талаптарды бұзған жағдайда көлік құралдарын қайтару (ұстау) тетігін әзірлеу бөлігінде шаралар қабылдайды.

15. Рұқсаттар (арнайы рұқсаттар) мынадай жағдайларда:

1) мұндай рұқсаттар оларды құзыретті органдары берген мүше мемлекеттің заңнамасын бұза отырып ресімделсе немесе пайдаланылса;

2) көлік құралының арнайы рұқсатта көрсетілген салмақтық және (немесе) габаритті параметрлері көлік құралының салмағын және габариттерін өлшеу нәтижелеріне сәйкес келмесе;

3) көлік құралының сипаттамасы мүше мемлекеттердің аумағы бойынша жүріп өтуге арналған рұқсатпен көзделген көлік құралы сипаттамасына сәйкес келмесе, жарамсыз болып табылады.

16. Бақылау іс-қимылдары барысында көлік құралы параметрлерінің (сипаттамаларының) рұқсатта көрсетілген параметрлерге (сипаттамаларға) сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, бір мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органының басқа мүше мемлекеттің көліктік бақылау органынан жедел тәртіппен рұқсаттың жарамдылығын растауды сұратуға құқығы бар.

17. Осы Тәртіпті іске асыру мақсатында мүше мемлекеттердің көліктік (автомобильдік) бақылау органдары:

1) жекелеген хаттамалар жасасады, басқа мүше мемлекеттің көліктік (автомобильдік) бақылау органдарына өз мемлекеттерінің көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыруға қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерінің ережелерін назарына жеткізеді, көрсетілген актілерге енгізілетін кез келген өзгерістер туралы бір-біріне хабар береді, сондай-ақ осы Тәртіпке сәйкес көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың үлгілерімен алмасады;

2) көліктік (автомобильдік) бақылау нәтижесінде алынған ақпаратпен өзара және тұрақты түрде алмасады. Көрсетілген ақпарат алмасудың нысаны мен тәртібін, сондай-ақ оның құрамын мүше мемлекеттердің көліктік (автомобильдік) бақылау органдары айқындайды;

3) бір мүше мемлекеттің аумағы арқылы басқа мүше мемлекет аумағына транзитпен жүретін көлік құралдары туралы дереккор жүргізуді ұйымдастырады және осы қорда қамтылған ақпаратпен өзара алмасады.

18. Көліктік (автомобильдік) бақылау нәтижесінде алынған ақпарат алмасу электрондық түрде жүзеге асырылады.

19. Көліктік (автомобильдік) бақылау органдары көліктік (автомобильдік) бақылау нәтижесінде алынған тауарды өткізетін халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары туралы өзге де ақпаратты беруі мүмкін.

20. Көліктік (автомобильдік) бақылау нәтижелерін және көлік құралдарын ресімдеу және есепке алу мақсатында көліктік (автомобильдік) бақылау органдары осы Тәртіптің 7-9-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылатын көліктік (автомобильдік) бақылау бойынша қосымша әрекеттердің нәтижелері туралы (оның ішінде тасымалдаушының осы Тәртіптің 9-тармағында көзделген хабарламада көрсетілген көліктік (автомобильдік) бақылау органының талаптарын орындау нәтижелері туралы) мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурстарды пайдаланады, сондай-ақ осы ақпараттық ресурстарды өзара пайдалануды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

21. Мүше мемлекеттер Одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің құзыретті органдарына Одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру тәртібінің өзгеруі туралы белгіленген тәртіппен хабар береді.

Үйлестірілген (келісілген) көлік  
саясаты туралы хаттамаға  
№ 2 қосымша

### **Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу тәртібі**

1. Осы Тәртіп Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты туралы хаттамаға (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) № 24 қосымша) сәйкес әзірленген, тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу тәртібін айқындайды және теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері саласындағы теміржол көлігі ұйымдары, тұтынушылар, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы қатынастарға қолданылады.

2. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу" - бір мүше мемлекеттің теміржол көлігі ұйымдарының басқа мүше мемлекеттің тұтынушыларына осыған ұқсас көрсетілетін қызметтер бірінші мүше мемлекеттің тұтынушыларына көрсетілетін жағдайлардан қолайлығы кем емес жағдайларда қызмет көрсетуі;

"инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу" - тасымалдаушылардың осы Тәртіпке № 1 және 2 қосымшаларға сәйкес қағидаларға орай тасымалдарды жүзеге асыру үшін инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерді алу мүмкіндігі;

"инфрақұрылым" - магистральдық және станциялық жолдарды, электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс объектілерін, құрылғыларды, жабдықты, үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды және оның жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті өзге де объектілерді қоса алғандағы теміржол көлігінің инфрақұрылымы;

"теміржол көлігі ұйымы" - тұтынушыларға теміржол көлігі қызметтерін көрсетуші мүше мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғасы;

"тасымалдау процесі" - теміржол көлігімен жолаушылар, жүк, багаж, жүк-багажы және пошта жөнелтілімдері тасымалдарын дайындау, жүзеге асыру және аяқтау кезінде орындалатын ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан өзара байланысты операциялар жиынтығы;

"тасымалдаушы" - жүкті, жолаушыларды, багажды, жүк-багажын және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, тиісті лицензиясы бар, меншік құқығында не өзге де заңды негізде тартқыш көлік құралдарын қоса алғанда, жылжымалы составты иеленуші теміржол көлігінің ұйымы;

"тұтынушы" - теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенген мүше мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғасы;

"теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тариф" - теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері құнының ақшалай мәні;

"теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері" - теміржол көлігі ұйымдарының тұтынушыларға көрсететін (орындайтын) қызметтері (жұмыстары), атап айтқанда:

жүктерді тасымалдауды және жүктерді тасымалдауды (соның ішінде бос жылжымалы составты) ұйымдастыруға және жүзеге асыруға байланысты қосымша көрсетілетін қызметтер (жұмыстар);

жолаушыларды, багажды, жүк-багажын, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау және осындай тасымалға байланысты қосымша көрсетілетін қызметтер (жұмыстар);

инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтер;

"инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтер" - тасымалдарды жүзеге асыру үшін инфрақұрылымды пайдалануға байланысты көрсетілетін қызметтер және осы Тәртіпке № 2 қосымшада көрсетілген басқа да көрсетілетін қызметтер.

3. Теміржол көлігі ұйымдары сол немесе өзге мүше мемлекет тұтынушысының тиесілігіне, оның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, осы Тәртіптің және мүше мемлекеттердің заңнамасын ескере отырып, оның теміржол көлігі көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

4. Мүше мемлекеттер осы Тәртіпке № 1 және 2 қосымшаларда көрсетілген қағидастар мен талаптарды сақтай отырып, инфрақұрылымдық көрсетілетін

қызметтерге мүше мемлекеттер тасымалдаушыларының қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Осы Тәртіпке № 1 және 2 қосымшалардың ережелері мүше мемлекеттердің тасымалдаушылары арасындағы мүше мемлекеттердің инфрақұрылым учаскелерінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осындай тасымалдаушылар арасында жасалатын шарттар (келісімшарттар) негізінде берілетін локомотивтер мен локомотив бригадаларын пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша қатынастарға қолданылмайды.

5. Көліктік көрсетілетін қызметтердің ортақ нарығын қалыптастыру шеңберінде теміржол көлігінің өзге де көрсетілетін қызметтерінің тәртібі мен шарттары қажет болған кезде Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалады.

6. Теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер және (немесе) олардың шекті деңгейі (бағалық шегі) мүше мемлекеттердің заңнамасына және өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес тарифтерді саралау мүмкіндігі қамтамасыз етіле отырып, халықаралық шарттарға сәйкес мына қағидаттар сақтала отырып белгіленеді ( өзгертіледі):

1) теміржол көлігі көрсетілетін қызметтеріне тікелей қатысты экономикалық негізделген шығындарды өтеу;

2) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес теміржол көлігінің дамуын қамтамасыз ету;

3) теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің ашықтығын, сондай-ақ экономикалық жағдайлар күрт өзгерген кезде мүше мемлекеттерге алдын ала хабар бере отырып, мұндай тарифтерді және (немесе) олардың шекті деңгейін (бағалық шегін ) қосымша қайта қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді белгілеу туралы шешімдерді қабылдаудың жариялығын қамтамасыз ету;

5) жүктер номенклатурасын және табиғи монополиялар жағдайларында көрсетілетін теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер белгілеу қағидаларын айқындауға үйлесімді тәсілді қолдану;

6) өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес әр мүше мемлекетте теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер валютасын айқындау.

7. Теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер немесе олардың шекті деңгейлерін (бағалық шегін) белгілеу (өзгерту) өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес осы Тәртіптің ережелері ескеріле отырып жүргізіледі.

8. Жүктерді теміржол көлігімен мүше мемлекеттер аумақтары бойынша тасымалдаған кезде қатынастар түрлері бойынша біріздендірілген тарифтер ( экспорттық, импорттық және мемлекетішілік тарифтер) қолданылады.

9. Мүше мемлекеттердің теміржол көлігінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жүктерді теміржол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар

жасау, бұрын теміржол көлігімен жүзеге асырылмаған жаңа жүк ағындарын тарту, теміржолдар бойынша жүктерді тасымалдаудың тартылмаған немесе аз тартылған маршруттарын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету, мүше мемлекеттердің теміржолдар бойынша жүктерді тасымалдау көлемінің өсуін ынталандыру, теміржол көлігі ұйымдарының жаңа техника мен технологияларды енгізуін ынталандыру мақсатында экономикалық тұрғыдан орындылығына негізделе отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары белгілеген немесе олар келіскен шекті деңгейлер (бағалық шегі) шеңберінде жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін өзгерту туралы шешімдерді қабылдау құқығы беріледі.

10. Теміржол көлігі ұйымдары өздеріне берілген жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін өзгерту құқығын мүше мемлекеттердің нақты тауар өндірушілері үшін артықшылық жасауға жол бермеу негізгі қағидатын сақтай отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары бекітетін (айқындайтын) әдіснамаға (әдістеме, тәртіп, қағидалар, нұсқаулықтар немесе өзге де нормативтік актілер) сай шекті деңгейлер (бағалық шегі) шеңберінде іске асырады.

11. Жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін өзгерту туралы шешімдер, олар күшіне енген күнге дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, мүше мемлекеттер заңнамасына сәйкес ресми жариялануға, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және Комиссияға міндетті түрде жіберілуге жатады.

## **12. Күші жойылды – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

13. Мүше мемлекеттердің әрқайсысы жүктерді теміржол көлігімен:

мүше мемлекеттер арасында, оның ішінде басқа мүше мемлекеттің аумағы (басқа мүше мемлекеттердің аумақтары) және (немесе) үшінші елдердің аумақтары арқылы;

мүше мемлекеттің аумақтары арасында басқа мүше мемлекеттің аумағы (басқа мүше мемлекеттердің аумағы) және (немесе) үшінші елдердің аумақтары арқылы;

бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағы (басқа мүше мемлекеттердің аумақтары) және (немесе) үшінші елдердің аумақтары арқылы үшінші елдерге мүше мемлекеттердің теңіз порттары арқылы және кері бағытта тасымалдау кезінде өз заңнамасына сәйкес белгіленген біріздендірілген тарифті қолданады.

## **Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

14. Жүктерді бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағы арқылы транзитпен үшінші елдерге және кері бағытта тасымалдаған кезде (жүктерді мүше мемлекеттердің теңіз порттары арқылы тасымалдауды қоспағанда), сондай-ақ жүктерді үшінші елдерден үшінші елдерге мүше мемлекеттердің аумағы арқылы транзитпен тасымалдаған кезде 1996 жылғы 18 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігінде келісілген тарифтік

саясатты белгілеу тұжырымдамасына сәйкес үйлестірілген (келісілген) тарифтік саясат жүргізіледі.

15. Мүше мемлекеттер осы Тәртіпті іске асыру үшін жауапты уәкілетті органдарды тағайындайды.

16. Мүше мемлекеттер бір-біріне және Комиссияға Шарт күшіне енген күннен бастап 30 күннен кешіктірмей өздерінің уәкілетті органдарының тағайындалғаны және ресми атаулары туралы хабар береді.

Тарифтік саясат негіздерін қоса  
алғанда, теміржол көлігінің  
көрсетілетін қызметтеріне қол  
жеткізуді реттеу тәртібіне  
№ 1 қосымша

## **Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде теміржол көлігінің инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу қағидалары**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Одақ шеңберіндегі инфрақұрылым учаскелерінде теміржол көлігінің инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтеріне қолжетімділікті беру саласында тасымалдаушылар мен инфрақұрылым операторларының қатынастарын реттейді.

2. Осы Қағидалардың 1-тармағында көзделген қатынастарды қоспағанда, бір мүше мемлекеттің аумағы шекарасында инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті беру саласында тасымалдаушылар мен инфрақұрылым операторларының қатынастарын реттеу осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **II. Анықтамалар**

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"пойыздардың қозғалыс графигі" - инфрақұрылым операторының инфрақұрылым учаскелерінде барлық санаттағы пойыздар қозғалысын ұйымдастыруды белгілейтін, шартты тәуліктердегі масштабты торда пойыздардың жүруін график түрінде көрсететін , нормативтік (жоспарлы жылға), нұсқалық (уақыттың жекелеген кезеңдерінде) және жедел (ағымдағы жоспарлы тәулікке) болып бөлінетін нормативтік-техникалық құжаты ;

"инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған ұзақ мерзімді шарт" - инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушы арасында кемінде 5 жыл кезеңге жасалған инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған шарт;

"қосымша өтінім" - пойыздар қозғалысының нормативтік графигінің қолданысы кезеңінде қосымша тасымалдауларды жүзеге асыру үшін тасымалдаушыдан келіп



түскен инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті беруге арналған өтінім;

"инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу" - тасымалдарды жүзеге асыру үшін инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерді тасымалдаушылардың алу мүмкіндігі;

"ұлттық (жалпыжелілік) тасымалдаушы" - жүктерді, жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және мүше мемлекеттің бүкіл инфрақұрылымында пойыздарды құрастыру жоспарының іске асырылуын, оның ішінде арнаулы және әскери тасымалдар бойынша іске асырылуын қамтамасыз ететін тасымалдаушы. Ұлттық (жалпыжелілік) тасымалдаушы мәртебесі мүше мемлекеттің заңнамасымен айқындалады;

"график тармағы" - пойыздардың қозғалыс графигінде пойыздың жөнелту, межелі және баратын пункттері, жөнелту, келу, технологиялық тұрақтар уақыты, орташа жүріс уақыты, сондай-ақ пойыздың басқа да техникалық және технологиялық параметрлері көрсетілген жүру маршрутының графикалық бейнеленуі;

"инфрақұрылым операторы" - инфрақұрылымы бар және инфрақұрылымды заңды негіздерде пайдаланатын және (немесе) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес инфрақұрылым қызметтерін көрсететін теміржол көлігі ұйымы;

"пойыздарды құрастыру жоспары" - тасымалдаушылардың пойыздарды құрастыру жоспарлары жобаларының негізінде инфрақұрылым операторы бекіткен және инфрақұрылым учаскелерінің өткізу қабілеті мен станциялардың өңдеу қабілетін ескере отырып, теміржол станцияларында құрастырылатын пойыздардың санаттары мен тағайындалымын белгілейтін нормативтік-техникалық құжат;

"инфрақұрылым учаскесінің өткізу қабілеті" - инфрақұрылымның техникалық және технологиялық мүмкіндіктеріне, жылжымалы составқа және түрлі санаттағы пойыздардың өткізілуін ескере отырып, пойыздардың қозғалысын ұйымдастыру тәсілдеріне қарай есепті уақыт кезеңі (тәулік) ішінде инфрақұрылым учаскесі бойынша өткізілуі мүмкін пойыздардың және пойыздар жұптарының ең көп саны;

"пойыздардың қозғалыс кестесі" - пойыздардың қозғалыс графигінің негізінде белгілі күнтізбелік күндер бойынша пойыздар қозғалысы туралы ақпарат қамтылған құжат;

"қауіпсіздік сертификаты" - тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздікті басқару жүйесінің теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкестігін куәландыратын, мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген құжат ;

"уәкілетті орган" - құзыретіне теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу және (немесе) басқару мәселелері кіретін, мүше мемлекеттердің әрқайсысының

заңнамасына сәйкес айқындалған мүше мемлекеттің атқарушы билік (мемлекеттік басқару) органы;

"инфрақұрылым учаскесі" - мүше мемлекеттердің шектес екі инфрақұрылымының түйіскен жеріне іргелес жатқан, локомотив айналатын учаскенің инфрақұрылым операторы белгілеген шектегі теміржол көлігі инфрақұрылымының бір бөлігі.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа ұғымдар Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты туралы хаттамада, Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу тәртібінде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде теміржол көлігінің инфрақұрылымдық қызметтерін көрсету қағидаларында (бұдан әрі - Қызмет көрсету қағидалары) айқындалған мағыналарында түсініледі.

### **III. Инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің жалпы қағидаттары**

5. Инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік инфрақұрылым учаскелерінде беріледі және:

1) инфрақұрылым учаскелерінің өткізу қабілеті шегінде техникалық және технологиялық мүмкіндіктер ескеріле отырып, аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген, тасымалдаушыларға қойылатын талаптардың теңдігі;

2) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес, инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтер саласында тасымалдаушыларға қатысты бірыңғай баға (тариф) саясатын қолдану;

3) инфрақұрылымның техникалық және технологиялық мүмкіндіктерін негізге ала отырып, инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтердің тізбесі, оларды көрсету тәртібі, осы көрсетілетін қызметтердің тарифтері, төлемақысы мен алымдары туралы ақпараттың қолжетімділігі;

4) инфрақұрылымның өткізу қабілетін тиімді пайдалану және тасымалдау процесінің үздіксіз жүргізілуін, технологиялық процестердің тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттарында инфрақұрылымды жөндеу, күтіп-ұстау және оған қызмет көрсету бойынша жұмыстардың ұтымды жоспарлануы;

5) тасымалдау қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және инфрақұрылым қызметтерін көрсету процесінде белгілі болған, коммерциялық немесе мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтердің қорғалуы;

6) пойыздар қозғалысының нормативтік графигіне сәйкес инфрақұрылымның өткізу қабілеті шектеулі болған жағдайларда, тасымалдаушыларға инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік берудегі басымдық (кезектілік);

7) тасымалдаушылар пайдаланатын теміржол жылжымалы составының техникалық жай-күйінің тиісінше болуын олардың қамтамасыз етуі қағидаттарына негізделеді.

6. Тасымалдаушыларға инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік берудегі басымдық (кезектілік) қағидаты мынадай іріктеу деңгейлері арқылы іске асырылады:

1) басымдығы (кезектілігі) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес немесе аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторының актілерімен айқындалатын пойыздың санатын айқындау;

2) пойыздардың санаты бірдей болған жағдайда:

тасымалдау көлемдері бойынша шарттық міндеттемелердің орындалуы ескеріле отырып, инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған ұзақ мерзімді шарттардың болуына;

тасымалдаушының инфрақұрылым учаскелерінің өткізу қабілетін пайдалану қарқынына;

инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған қолданыстағы шарттың болуына қарай;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген критерийлер бірдей болған жағдайда, аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес конкурстық рәсімдерді жүзеге асыру.

#### **IV. Инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік беру шарттары**

7. Инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті инфрақұрылым операторы тасымалдаушыларда:

1) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген тасымалдау қызметін жүзеге асыруға лицензиялар;

2) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген қауіпсіздік сертификаттары;

3) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес өздерінің біліктілігі мен кәсіптік даярлығын растайтын құжаттары бар, тасымалдау процесін ұйымдастыруға, басқаруға және жүзеге асыруға тартылған білікті қызметкерлер штаты болған кезде береді.

8. Инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік:

1) инфрақұрылым учаскесі шегінде пойыздардың жүрісі мен маневрлік қозғалыстарды ұйымдастыру үшін инфрақұрылымның техникалық және технологиялық мүмкіндіктері;

2) жүк пойыздарын құрастыру жоспары және пойыздардың қозғалыс графигі;

3) инфрақұрылымның қолда бар өткізу қабілеті және тасымалдаушылардың инфрақұрылым учаскелерін пайдалану жөніндегі ұсыныстары және инфрақұрылым

операторының инфрақұрылым учаскелерінің өткізу қабілетін осы Қағидалардың III бөлімінде айқындалған инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу қағидастары негізінде бөлуі;

4) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес теміржол тасымалын жүзеге асыруға кедергі келтіретін тыйым салулар мен шектеулердің болмауы;

5) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайларда, тасымалдаушыда басқа органдармен және ұйымдармен келісулердің болуы негізге алына отырып беріледі.

9. Графиктің белгілі бір тармақтары бойынша инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу құқығы тасымалдаушыларға, ұзақ мерзімді шарттардан туындайтын құқықтарды қоспағанда, пойыздардың қозғалыс кестесінің қолданылу мерзімінен аспайтын кезеңге берілуі мүмкін.

## **V. Инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік беру**

10. Инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік беру аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады және мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) инфрақұрылым операторының инфрақұрылым учаскелерінің техникалық ерекшеліктерін әзірлеуі және жариялауы;

2) тасымалдаушының Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде теміржол көлігінің инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтеріне қолжетімділік алу үшін қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім (бұдан әрі - өтінім) беруі;

3) инфрақұрылым операторының өтінімді қарауы;

4) пойыздардың қозғалыс графигін және пойыздардың қозғалыс кестесін бекіту;

5) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған шарт жасасу.

Егер тасымалдаушы бір мезгілде пайдалану үшін жоспарланып отырған инфрақұрылым операторы болып табылса, өтінім беру және шарт жасасу талап етілмейді.

11. Пойыздар қозғалысының нормативтік графигінде көзделмеген қосымша тасымалдар бойынша инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік беру осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қосымша өтінімдер негізінде жүзеге асырылады.

## **VI. Инфрақұрылым учаскелерінің техникалық ерекшеліктері**

12. Инфрақұрылым операторы жыл сайын, өтінімдерді қабылдау басталған күнге дейін 3 айдан кешіктірмей аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің

заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторының актілерінде белгіленген тәртіппен, инфрақұрылым учаскелерінің техникалық ерекшеліктерін жасайды, бекітеді және жариялайды.

13. Инфрақұрылым учаскелерінің техникалық ерекшеліктерінде:

1) пойыздардың жүрісін және маневрлік қозғалыстарды ұйымдастыру үшін қажетті, инфрақұрылым учаскелерінің ұзақтығы мен тартқыш түрі, пойыздар составтарының салмағы мен ұзындығының нормалары, түрлі санаттағы пойыздардың жүріс жылдамдықтары көрсетілген инфрақұрылым учаскелері мен станциялардың техникалық сипаттамалары;

2) халықаралық жолаушылар қатынасы үшін пойыздардың қозғалыс графигі тармақтарының жобалары;

3) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің шешімімен айқындалған әрбір мемлекетаралық түйісу пункті бойынша жүк пойыздарын қабылдау-тапсырудың (алмасудың) болжамды уақыты;

4) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес, ұлттық (жалпыжелілік) тасымалдаушыға тасымалдауды орындау үшін қажетті инфрақұрылым учаскелерінің өткізу қабілетін қоспағанда, инфрақұрылым учаскелерінің өткізу қабілеті көрсетілуге тиіс.

14. Инфрақұрылым операторы инфрақұрылым учаскелерінің техникалық ерекшеліктерінде өзге де мәліметтерді және инфрақұрылым учаскелерінде тасымалдауды жоспарлауға және пойыздар қозғалысын ұйымдастыруға арналған шарттарды көрсетуі мүмкін.

## **VII. Өтінімді беру және қарау**

15. Тасымалдаушы инфрақұрылым операторына өтінім береді.

16. Өтінімдерді қабылдауды бастау және аяқтау, оларды қарау, пойыздар қозғалысының нормативтік графигінің бастапқы жобасын қалыптастыру мерзімдері, сондай-ақ осы Қағидалардың 24 және 26-тармақтарында көзделген ақпаратты беру мерзімдері аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында және (немесе) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторының актілерінде белгіленеді.

17. Өтінімге:

1) жоспарланып отырған график тармақтарының жобасы;

2) тасымалдаулардың жоспарланып отырған жылдық көлемдері туралы ақпарат (тоқсандар мен айлар бойынша, сондай-ақ жүк түрлері бойынша бөліп көрсете отырып);

3) тасымалдауға жоспарланған пойыздар саны туралы ақпарат;

4) тасымалдауды қамтамасыз ету үшін тасымалдаушы көздеген локомотивтердің үлгілері мен сипаттамалары туралы ақпарат;

5) тасымалдаушының осы Қағидалардың 7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

18. Тасымалдаушы инфрақұрылым операторына қағаз жеткізгіштерде беретін өтінім және оған қоса берілетін құжаттар:

тігілуге, нөмірленуге және тасымалдаушының мөрімен, сондай-ақ оның басшысының не ол уәкілеттік берген тұлғаның қолымен куәландырылуға тиіс;

орыс тілінде не инфрақұрылым операторының заңды тіркелген жеріндегі мемлекеттің тілінде ұсынылады және оларда түзетулер немесе толықтырулар болмауға, ал олар өзге тілде ұсынылған жағдайда, белгіленген тәртіппен куәландырылған орыс тіліне аудармасымен қоса беріледі.

Өтінімге қоса берілетін құжаттар түпнұсқа немесе олардың көшірмелері болуға тиіс. Құжаттардың көшірмелері ұсынылған жағдайда, өтінімге қол қоятын басшы не ол уәкілеттік берген тұлға олардың анықтығын және толықтығын жазбаша түрде растауға тиіс.

19. Электронды түрде берілетін өтінім осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес электрондық құжат айналымының талаптары ескеріле отырып ұсынылады және оған электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылуға тиіс.

20. Өтінімді инфрақұрылым операторы өтінімнің реттік тіркеу нөмірі, қабылдау күні және қабылданған құжаттар тізбесі көрсетілетін құжатты тасымалдаушыға бере отырып тіркеуге тиіс.

21. Инфрақұрылым операторы келіп түскен өтінімдердің осы Қағидалардың 17 - 19-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді.

22. Өтінім осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес болмаған жағдайда, инфрақұрылым операторы өтінім келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде тасымалдаушыны бас тарту себебін көрсетіп, өтінімді қарауға қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

23. Өтінімдерді қарау кезеңінде (бірақ өтінімдерді қарауды аяқтау мерзімі біткенге дейін 1 айдан кешіктірмей) инфрақұрылым операторының қажет болған жағдайда тасымалдаушыдан пойыздар қозғалысының нормативтік графигін қалыптастыру үшін қажетті қосымша мәліметтерді (деректерді) сұратуға құқығы бар.

Инфрақұрылым операторы сұратқан қосымша мәліметтерді (деректерді) тасымалдаушы инфрақұрылым операторынан сұрау салу келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде өтінімді беруге қойылатын талаптарды сақтай отырып, ұсынуға тиіс.

24. Инфрақұрылым операторы тасымалдаушылардың қарауға қабылданған өтінімдерін және инфрақұрылым учаскелерінің өткізу қабілетін барынша пайдалануды ескере отырып, пойыздар қозғалысының нормативтік графигінің бастапқы жобасын жасайды.

Инфрақұрылым операторы тасымалдаушының өтінімін қараудың нәтижелері туралы оны инфрақұрылым операторы айқындаған мерзімдерде хабардар етеді.

25. Тасымалдаушылар өтінімді қараудың бастапқы нәтижелерімен келіспеген жағдайда, инфрақұрылым операторы келіссөздер жүргізу арқылы мүдделі тасымалдаушылар арасындағы келіспеушіліктерді (қақтығыстарды) шешуге бағытталған келісудің үйлестіру рәсімдерін ұйымдастыра алады, соның барысында инфрақұрылым операторы тасымалдаушыға графиктің өтінім берілгендерден ерекшеленетін басқа тармақтарын ұсынуға құқылы.

26. Инфрақұрылым операторы осы бөлімде көзделген барлық рәсімдер өткізілгеннен кейін түзетулерді (болған жағдайда) ескере отырып, өтінімнің келісілгені (келісілмегені) туралы тасымалдаушыға хабар береді.

### **VIII. Пойыздар қозғалысының нормативтік графигін және пойыздардың қозғалыс кестесін қалыптастыру, әзірлеу және бекіту**

27. Инфрақұрылым операторы пойыздар қозғалысының нормативтік графигін және пойыздардың қозғалыс кестесін тасымалдаушылардан қабылданған өтінімдерді және келісудің жүргізілген үйлестіру рәсімдерін ескере отырып, аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен бір жылдық кезеңге әзірлейді және бекітеді.

28. Инфрақұрылым операторы:

- 1) пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;
- 2) инфрақұрылым учаскелерінің өткізу және тасу қабілеті мен теміржол станцияларының қайта өңдеу қабілетін неғұрлым тиімді пайдалануды;
- 3) инфрақұрылым учаскелерін күтіп-ұстау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу мүмкіндігін ескере отырып, пойыздар қозғалысының нормативтік графигін қалыптастырады.

29. Пойыздар қозғалысының нормативтік графигін әзірлеу басымдылық (кезектілік) қағидаты ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

30. Пойыздар қозғалысының нормативтік графигі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің шешімдерінде айқындалған мерзімдерде қолданысқа енгізіледі және қолданысын тоқтатады.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 15.02.2021 № 6-VII Заңымен.**

31. Пойыздар қозғалысының нормативтік графигі мен пойыздардың қозғалыс кестесі жүк пойыздары үшін инфрақұрылым операторы белгілеген тәртіппен түзетілуі мүмкін.

### **IX. Инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған шартты жасасу**

32. Инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған шарт инфрақұрылым операторы өтінімді келіскеннен кейін, бірақ пойыздар қозғалысының нормативтік графигі қолданысқа енгізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей жасалады.

33. Инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған шарт Қызмет көрсету қағидаларында көзделген ережелер ескеріле отырып жасалады.

Қосымша өтінімдер бойынша инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған шарт тасымалдар жүзеге асырылатын күнтізбелік ай басталғанға дейін 1 айдан кешіктірілмей жасалуға тиіс.

34. Инфрақұрылым операторы тасымалдаушының инфрақұрылым операторының алдында инфрақұрылымдық көрсетілген қызметтер үшін берешегі болған кезде, сондай-ақ аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, тасымалдаушыға шарт жасасудан бас тартуға құқылы.

## **X. Қосымша өтінімдер**

35. Қосымша өтінім осы Қағидалардың 17 - 19-тармақтарының талаптарына сәйкес ресімделеді.

36. Қосымша өтінім инфрақұрылым операторының тасымалдаушыға қосымша өтінімнің реттік тіркеу нөмірі, қабылданған күні және қабылданған құжаттардың тізбесі көрсетілген құжатты бере отырып, тіркеуіне жатады.

37. Қосымша өтінім тасымалдар жүзеге асырылатын күнтізбелік ай басталғанға дейін 2 айдан кешіктірілмей беріледі.

38. Қосымша өтінімдер келіп түскен кезден бастап бір ай ішінде осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қаралады. Қосымша өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша шарт жасалуы не жасалған шарттарға қосымша келісімдер жасалуы мүмкін.

39. Тасымалдаушылардың қосымша өтінімдері бойынша инфрақұрылым операторы графиктің қосымша тармақтарын бөлу мүмкіндігі туралы мәселені қарастыруы мүмкін.

40. Осы Қағидалардың 16-тармағында белгіленген мерзімнен кешігіп түскен өтінімдер пойыздар қозғалысының нормативтік графигін қалыптастыру кезінде ескерілмейді және қосымша өтінімдер ретінде қаралады.

41. Қосымша өтінімдер бойынша график тармақтарын бөлу аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

42. Қосымша өтінімдерді ішінара қанағаттандыру немесе қабылдамау тәуекелдерін тасымалдаушылар көтереді.

## **XI. Ақпарат ұсыну тәртібі**



43. Инфрақұрылым операторы Интернет желісіндегі өзінің ресми сайтында инфрақұрылым учаскелерінің техникалық ерекшеліктерін, нормативтік құқықтық актілердің тізбесін, сондай-ақ инфрақұрылым операторының аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасының талаптарын ескере отырып, инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу тәртібін регламенттейтін актілерін орналастырады.

44. Инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушылар аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасының талаптарын, оның ішінде мемлекеттік құпияға (мемлекеттік сырға) жататын немесе таратылуы шектелген мәліметтерді қамтитын ақпаратты таратуға қойылатын шектеулерді ескере отырып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын сақтауға тиіс.

## **ХІІ. Дауларды шешу тәртібі**

45. Осы Қағидаларды іске асыру кезінде тасымалдаушы мен инфрақұрылым операторы арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

46. Егер тасымалдаушы мен инфрақұрылым операторы келіссөздер барысында келісімге қол жеткізе алмаса, барлық даулар мен келіспеушіліктер аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Еуразиялық экономикалық одақ  
шеңберінде Теміржол көлігі  
инфрақұрылымының көрсетілетін  
қызметтеріне қол жеткізу  
қағидаларына қосымша

Нысаны

**Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде теміржол көлігінің  
инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуге  
арналған өтінім**

жылғы " ____ " _____	№ _____
----------------------	---------

жыл мен

жыл аралығындағы кезеңге.

Инфрақұрылым операторы \_\_\_\_\_

(атауы, заңды, пошталық мекенжайы)

Тасымалдаушы \_\_\_\_\_

(атауы, заңды, пошталық мекенжайы)

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде\_ теміржол көлігінің инфрақұрылымдық қызметтерін көрсетуге арналған шарттың нөмірі мен күні (болған жағдайда)

Осы арқылы өтінімге қоса беріліп отырған \_\_\_\_ парақтағы \_\_\_\_ данадағы мынадай құжаттардың (ақпараттың)\* толықтығы мен анықтығын растаймын:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- ...) \_\_\_\_\_;

Тасымалдаушының қолы	Мөрге арналған орын
----------------------	---------------------

\*Ескертпе: Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде теміржол көлігінің инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу қағидаларының 17-тармағында көзделген құжаттар (ақпарат) қоса беріледі.

Тарифтік саясат негіздерін қоса  
алғанда, теміржол көлігінің  
көрсетілетін қызметтеріне қол  
жеткізуді реттеу тәртібіне  
№ 2 қосымша

## **Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде теміржол көлігі инфрақұрылымы қызметтерін көрсету қағидалары**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар тасымалдау қызметін жоспарлау және ұйымдастыру шеңберінде мүше мемлекеттердің теміржол көлігі инфрақұрылымы учаскелерінің шекарасында қызметтер көрсету тәртібі мен шарттарын, осындай көрсетілетін қызметтердің тізбесін, диспетчерлендірудің және инфрақұрылымның өткізу қабілетін бөлудің бірыңғай қағидаттарын, инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған шарттардың маңызды талаптарын, инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауаптылығын айқындайды.

### **II. Анықтамалар**

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"кезектен тыс пойыздар" - пойыздардың қозғалыс графигінде көзделмеген (қалпына келтіру және өрт сөндіру пойыздары, қар тазартқыштар, вагондары жоқ локомотивтер, өздігінен жүретін арнайы жылжымалы состав), пойыздардың қозғалысына кедергілерді жоюға, күтілмеген жұмыстарды орындауға және көлік құралдарының тиісті орнын ауыстыруына арналған пойыздар (олардың жүру тәртібі аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында немесе аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторының актілерінде айқындалады);

"тасымалдау процесін диспетчерлендіру" - жедел жағдайларда пойыздар қозғалысын және маневрлік жұмысты бақылау, басқару процесі;

"маневрлік қозғалыстар" - пойыздың составын өзгерту жөніндегі операциялар (жылжымалы составты тіркеу (ағыту), составтарды құрастыру (тарату), составтарды парктен паркке ауыстыру, локомотивтің қозғалуы және оны пойыздың составына қою немесе локомотивті осы составтан алып тастау, вагондарды кірме жолдарға беру немесе осындай жолдардан алу және басқа да операциялар;

"штаттан тыс жағдай" - инфрақұрылым объектілерінің ақауы болуы салдарынан пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіретін не пойыздарды өткізу үшін кедергі келтіретін мән-жай;

"инфрақұрылым операторы" - инфрақұрылымы бар және инфрақұрылымды заңды негіздерде пайдаланатын және (немесе) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес инфрақұрылым қызметтерін көрсететін теміржол көлігі ұйымы;

"тасымалдауды жоспарлау" - қызметтер көрсетуге жасалған шарттарға сәйкес белгіленген уақыт кезеңіне (жыл, ай, тәулік) инфрақұрылым объектілерінде (учаскелерде және станцияларда) тасымалдау жоспарын әзірлеу;

"пойыздар қозғалысының тәуліктік жоспары" - жоспарланып отырған тәулікте тасымалдау процесін диспетчерлендіру және пойыздар қозғалысын ұйымдастыру үшін инфрақұрылым операторы жасаған құжат;

"техникалық жоспар" - тасымалдаушылардың жиынтық тасымалдау жоспары, техникалық жоспарлары және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесі ақпаратының негізінде инфрақұрылым операторы жасаған құжат.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа ұғымдар Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты туралы хаттамада және Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу тәртібінде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде теміржол көлігінің инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу қағидаларында (бұдан әрі - Қол жеткізу қағидалары) айқындалған мағыналарда түсініледі.

### **III. Инфрақұрылым операторы көрсететін қызметтер**

4. Инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтердің тізбесінде (бұдан әрі - көрсетілетін қызметтер тізбесі) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес тасымалдауды жүзеге асыру үшін инфрақұрылымды пайдалануға байланысты негізгі көрсетілетін қызметтер қамтылады.

5. Инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтердің құрамына кіретін операциялардың (жұмыстардың) тізбесі тасымалдау процесінің технологиялық ерекшеліктері және

аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасының талаптары ескеріле отырып айқындалады.

6. Осы Қағидаларға қосымшада көрсетілген инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтер аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасының, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптары сақтала отырып ұсынылады.

7. Инфрақұрылым операторы, аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес, тасымалдаушымен келісу бойынша осы Қағидаларға қосымшада көрсетілмеген өзге де қызметтерді көрсетуге құқылы.

#### **IV. Инфрақұрылымдық қызметтерді көрсету тәртібі**

8. Инфрақұрылымдық қызметтерді көрсету тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың мынадай процестері:

- 1) тасымалдауды технологиялық жоспарлау және нормалау;
- 2) тасымалдауды айлық және жедел жоспарлау;
- 3) теміржол көлігінің инфрақұрылымдық қызметтерін көрсету шарты (бұдан әрі - шарт) шеңберінде тасымалдауды жүзеге асыру;
- 4) инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушы арасында деректер алмасу шеңберінде инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушының өзара іс-қимыл жасауын көздейді.

9. Тасымалдауды жоспарлау мен нормалау, тасымалдау көлемін және пойыздардың қозғалыс графигін түзету осы Қағидаларға, Қол жеткізу қағидаларына, аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына, сондай-ақ аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторының актілеріне сәйкес айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Жедел жоспарлау кезінде инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушылар пойыздар қозғалысының бекітілген тәуліктік жоспарын (пойыздардың қозғалыс графигін және келісілген техникалық жоспарды, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің шешімімен айқындалған мемлекетаралық түйісу пункттері бойынша пойыздар, вагондар алмасу жоспарын) орындайды.

11. Тасымалдауды жүзеге асыру инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушылардың ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан өзара байланысты операциялар жиынтығын білдіреді және осы Қағидаларға, аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына және аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторының актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

12. Инфрақұрылымды пайдалану - аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында, оның ішінде қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға, сондай-ақ аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің инфрақұрылым операторының актілерінде белгіленген нормалар сақтала отырып, осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

13. Инфрақұрылымды күтіп-ұстау аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Тасымалдау процесін диспетчерлендірудің және өткізу қабілетін бөлудің бірыңғай қағидааттары:

1) инфрақұрылымның қызмет көрсетілетін учаскелерінде пойыздар қозғалысын бір диспетчердің басқаруы;

2) пойыздардың қозғалыс графигіндегі технологиялық нормалар мен нормативтерді , пайдалану жұмысының технологиялық процестері мен техникалық нормаларын орындау;

3) пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін және қызметкерлердің еңбегін қорғауды қамтамасыз ету;

4) диспетчердің қозғалыс басымдығын беруі болып табылады.

15. Инфрақұрылымда пойыздардың қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында тасымалдау процесін диспетчерлендіруді инфрақұрылым операторы не ол уәкілеттік берген тұлға жүзеге асырады.

Тасымалдау процесін диспетчерлендіру пойыздар қозғалысының тәуліктік жоспарымен бекітілген пойыздар қозғалысының графигіне сәйкес және аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында және (немесе) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторының актілерінде бекітілген техникалық пайдалану қағидаларында, пойыздар қозғалысы және станциялардағы маневрлік жұмыс жөніндегі, сигнализация және байланыс жөніндегі нұсқаулықтарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

16. Пойыздарды қабылдау, жөнелту және өткізу, инфрақұрылым учаскесінде пайдаланылатын кез келген көлік құралының (жылжымалы составтың) немесе өздігінен жүретін техниканың маневрлік қозғалыстары процестерін инфрақұрылым операторы реттейді.

Инфрақұрылым операторының көрсетілген процестерге, оның ішінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын, пойыздардың қозғалыс графигінің нормативтерін, инфрақұрылымның желілік бөлімшелері жұмысының технологиялық процестерін қамтамасыз етуге қатысты өкімдері (нұсқаулары) тасымалдау процесіне барлық қатысушылар үшін міндетті.

17. Тасымалдау процесін жүзеге асыру мақсатында инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушылар - аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің

заңнамасында көзделген көлемде ақпарат (деректер) алмасу үшін инфрақұрылым операторының ақпараттық жүйелерін пайдаланады.

18. Инфрақұрылым операторы тасымалдаушыға негізгі ақпаратқа қатысты қосымша ақпаратты жекелеген шарттар негізінде береді.

19. Инфрақұрылым операторы жасалған шарт болған кезде тасымалдаушыға инфрақұрылымдық қызметтерді көрсетуден:

1) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес жүктерді, багажды және жүк-багажды тасымалдау тоқтатылған немесе оған шектеу енгізілген, оның ішінде оларды әкелу және (немесе) әкету шектелген;

2) штаттан тыс жағдайлардың туындауы салдарынан инфрақұрылым қызметтерін көрсету мүмкін болмаған;

3) тасымалдауларды кезектен тыс пойыздармен жүзеге асырған;

4) ұлттық қауіпсіздікке қатер төнгенде немесе төтенше жағдайлар, еңсерілмейтін күш мән-жайлары, әскери іс-қимылдар, қоршаулар, эпидемиялар немесе шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін, инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушыларға тәуелді емес өзге де мән-жайлар туындаған;

5) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті орган инфрақұрылымдық қызметтерді көрсетудің өзгеше тәртібін белгілеген;

6) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда бас тарта алады.

20. Осы Қағидалардың 19-тармағында көзделген жағдайларда тасымалдаушыға инфрақұрылымдық қызметтерді көрсетуден бас тартылған кезде инфрақұрылым операторы тасымалдаушыны шартта көзделген тәртіппен, міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі туралы хабардар етеді.

21. Инфрақұрылым операторы пойыздардың қозғалыс графигінен ауытқып келе жатқан не осы графикте көзделмеген пойыздардың өткізілуін ұйымдастыру бойынша қажетті шараларды қолданады.

22. Инфрақұрылым операторының инфрақұрылымдық қызметтерді көрсету фактісі және көрсетілетін қызметтердің тізбесіне сәйкес көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша олардың нақты көлемі құжаттармен расталады, олардың нысаны аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына және (немесе) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторы актілеріне сәйкес бекітіледі.

## **V. Инфрақұрылымдық қызметтерді көрсетуге арналған шарт және оның маңызды талаптары**

23. Инфрақұрылымдық қызметтер инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушы арасында қарапайым жазбаша нысанда жасалатын шарт негізінде көрсетіледі.

24. Шартта Қол жеткізу қағидаларында және осы Қағидаларда белгіленген қағидаттар мен талаптарға және аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келетін нормалар қамтылмауға тиіс.

25. Егер Шарттың қолданылу кезеңінде тасымалдаушы ұсынған, Қол жеткізу қағидаларының 17-тармағында көрсетілген және Шартта көзделген ақпараттың (болжамды көрсеткіштерді қоспағанда) анық еместігі анықталса, инфрақұрылым операторы шартты аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен бұзуға құқылы.

26. Осы Қағидалардың 27-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушының шарттан туындайтын талап ету құқығын басқаға беруге тыйым салынады.

27. Шарттан туындайтын құқықтарды пайдалану мүмкін болмаған кезде, тасымалдаушы инфрақұрылым операторының келісімі бойынша бұл құқықты басқа тасымалдаушыда жасалған шарт болған жағдайда, оған шартта көзделген талаптармен бере алады.

28. Шартта мынадай маңызды талаптар:

1) шарттың нысанасы (көрсетілетін қызметтер көлемі, инфрақұрылымның өткізу қабілетінің үлесі (график тармақтарының саны), инфрақұрылым учаскелері);

2) инфрақұрылымдық қызметтерді көрсету талаптары мен мерзімдері;

3) көрсетілетін қызметтер құны (тарифтер, бағалар, алымдардың мөлшерлемелері) немесе оны айқындау тәртібі;

4) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу тәртібі мен талаптары (есеп айырысу тәртібі, ақы төлеу тәсілдері, төлем валютасы);

5) шарт бойынша тараптардың залал келтіргені, шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылығы (тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, шығындарды өтеу);

6) форс-мажорлық мән-жайлар (еңсерілмейтін күш мән-жайлары);

7) шарттың қолданысын тоқтату (бұзу) талаптарын қоса алғанда, шарттың қолданыс мерзімі, оның қолданысын тоқтату (бұзу) негіздері мен тәртібі қамтылуға тиіс.

29. Жасалған шарт (не шартқа қосымша келісім) болған кезде қосымша тасымалдауға қосымша өтінім берген жағдайда, инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушының арасында біржолғы шарт жасалуы мүмкін.

## **VI. Инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушының құқықтары мен міндеттері**

30. Тасымалдаушының:

1) инфрақұрылым операторына тасымалдауларды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар жіберуге;

2) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасының талаптарын, оның ішінде мемлекеттік құпияға (мемлекеттік сырларға) жататын немесе таралуы

шектелген мәліметтерді қамтитын ақпаратты таратуға шектеулерді ескере отырып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын міндетті түрде сақтай отырып, осы Қағидаларға және Қол жеткізу қағидаларына сәйкес тасымалдауларды ұйымдастыру үшін қажетті көлемде ақпарат алуға;

3) шарт талаптарына сәйкес тасымалдау қызметін жүзеге асыру үшін, оның ішінде пойыздың жүретін жолында, инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік және инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерді алуға;

4) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген және (немесе) жасалған шарттарға сәйкес өзге де құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

### 31. Тасымалдаушы:

1) инфрақұрылымдық қызметтерді көрсету үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды инфрақұрылым операторына ұсынуға;

2) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында және аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторының актілерінде белгіленген теміржол көлігіндегі қауіпсіздік талаптарына жылжымалы составтың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген теміржол көлігі саласындағы қауіпсіздік жөніндегі талаптарды бұзуға әкеп соғатын (әкеп соғуы мүмкін) оқыс оқиғалар мен мән-жайлар туралы инфрақұрылым операторына хабарлауға, сондай-ақ оларды жою (болғызбау) бойынша шаралар қабылдауға;

4) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында және аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін инфрақұрылым операторының актілерінде белгіленген теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігі және пайдалану жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге;

5) инфрақұрылым операторының коммерциялық (қызметтік) құпиясын құрайтын, тасымалдаушыға белгілі болған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етуге;

6) инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерге аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген тарифтер бойынша ақы төлеуге, сондай-ақ инфрақұрылым операторына тиесілі өзге де төлемдерді шартта көзделген көлемде, мерзімдерде және жағдайларда жүргізуге;

7) вагондардың (пойыздардың) көшірілуіне (орын ауыстыруына) және (немесе) тасымалдаушылардың жылжымалы составының станцияларда тоқтатып қойылуына байланысты инфрақұрылым операторы шеккен, жекелеген шарттарда көзделмеген шығындар сомасын өтеуге;



8) инфрақұрылым операторын шартта көзделген көрсетілетін қызметтерді алудан бас тарту туралы аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген мерзімдерде жазбаша нысанда хабардар етуге;

9) жүктерді ерекше жағдайларда, габаритті емес жүктерді теміржолмен тасымалдау шарттарын аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен келісуді және сақтауды қамтамасыз етуге;

10) тасымалдаулардың келісілген көлемде болуын және теміржолмен тасымалдаудың өзге де параметрлерінің (шарттарының) теміржол көлігі инфрақұрылымы учаскелерінің тасу қабілетіне және (немесе) жүк өтетін маршрут бойынша теміржол станцияларының өңдеу қабілетіне сәйкес болуын қамтамасыз етуге;

11) инфрақұрылым операторына және (немесе) үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеуге;

12) шартта және аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

### 32. Инфрақұрылым операторының:

1) қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға, оның ішінде:

инфрақұрылым учаскелерінде пойыздар қозғалысы жылдамдығына уақытша және тұрақты шектеулер белгілеуге;

автоматты түрде және көзбен шолып бақылау құралдары арқылы техникалық бұзылулар табылған және пойыз жүріп келе жатқанда қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіретін жылжымалы составтың коммерциялық ақаулары анықталған жағдайда, станцияда, аралықта пойыздың қозғалысын тоқтатуға;

инфрақұрылымның жұмысын қалпына келтіру үшін пойыздар қозғалысына кедергі келтіретін жағдайлар туындаған кезде тасымалдаушының ресурстарын (жылжымалы составын, персоналын) пайдалануға;

тасымалдаушыға пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын, пойыздардың қозғалыс графигінің нормативтерін, пойыздарды құрастыру жоспары мен тәртібін, инфрақұрылым станциялары (желілік бөлімшелері) жұмысының технологиялық процестерін қамтамасыз етуге қатысты өкімдер (бұйрықтар, нұсқамалар, нұсқаулар, ескертулер және басқасын) беруге;

2) шарт жасасу сатысында тасымалдаушыдан теміржол көлігіндегі қауіпсіздік сертификатын, тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде лицензиялауға жататын барлық қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияларды талап етуге;

3) шартты орындау сатысында тасымалдаушыдан теміржол көлігінің қауіпсіздік жүйесінің талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды талап етуге;

4) тасымалдаушы инфрақұрылым учаскесінің өткізу қабілетінің бөлінген үлесін пойыздардың қозғалыс графигінде белгіленген көлемге қарағанда толық емес көлемде

пайдаланған жағдайда, өткізу қабілетінің бөлінген үлесін (график тармақтарын) түзету бөлігінде шартқа өзгерістер мен толықтыруларды біржақты тәртіппен енгізуге;

5) тасымалдаушы инфрақұрылымды шарттың талаптарын бұза отырып пайдаланған жағдайда, тасымалдаушылардың жылжымалы составын оны тоқтатып қою үшін бос жол мүмкіндігі бар станцияға немесе оқшау инфрақұрылымға көшіру (орнын ауыстыру) және тоқтатып қою туралы шешімдер қабылдауға;

6) мұндай фактілерді шарт талаптарын бұзу деп танымай, инфрақұрылым операторына байланысты емес себептер бойынша (көршілес (шекаралас) теміржол әкімшіліктерін және (немесе) оқшау инфрақұрылым иелерін қоса алғанда, үшінші тұлғалардың кінәсінен) тасымалдаушының инфрақұрылымға қол жеткізуінен бас тартуға;

7) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде және тасымалдауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар кезінде теміржол қатынасының белгілі бір бағыттарында тасымалдауға байланысты қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату немесе қызметтерді толық емес көлемде көрсету туралы шешімді біржақты тәртіппен қабылдауға;

8) штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде графиктің бөлінген тармақтарының күшін инфрақұрылымды қалпына келтіру үшін қажетті мерзімге жою арқылы инфрақұрылымға қол жеткізуді шектеуге;

9) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында және (немесе) жасалған шарттарда белгіленген өзге де құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

### 33. Инфрақұрылым операторы:

1) тасымалдаушылардың тасымалдауларды ұйымдастыру бойынша ұсыныстарын, сондай-ақ инфрақұрылым қызметтерін көрсету үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды қабылдауға және қарауға;

2) аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекет заңнамасының талаптарын, оның ішінде мемлекеттік құпияға (мемлекеттік сырларға) немесе таралуы шектелген мәліметтерге жататын мәліметтерді қамтитын ақпаратты таратуға белгіленген шектеулерді ескеріп, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын міндетті түрде сақтай отырып, осы Қағидаларға және Қол жеткізу қағидаларына сәйкес тасымалдарды ұйымдастыру үшін қажетті көлемдегі ақпаратты тасымалдаушыларға уақтылы ұсынуға;

3) Қол жеткізу қағидаларына сәйкес инфрақұрылымның техникалық және технологиялық қабілеті шеңберінде инфрақұрылымның өткізу қабілеттілігін бөлуге;

4) тасымалдаушыға келісілген қызметтер көрсету мерзімдері мен талаптарының өзгеруіне әкеп соғатын пойыздардың қозғалыс графигіндегі өзгерістер туралы шартта көзделген мерзімдерде және тәртіппен хабар беруге;

5) шартта айқындалған жағдайларда тасымалдаушыны инфрақұрылымдағы авариялар, зақымданулар және инфрақұрылымды пайдаланған кезде өз қызметін

жүзеге асыру үшін тасымалдаушыға кедергі келтіруі мүмкін өзге де мән-жайлар туралы құлақтандыруға;

6) тасымалдаушылардың коммерциялық (қызметтік) құпиясын құрайтын, инфрақұрылым қызметтерін көрсету барысында инфрақұрылым операторына белгілі болған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етуге;

7) қажетті техникалық құралдарды жарамды жағдайда күтіп-ұстауға және пойыздар қозғалысында табиғи немесе техногендік аварияларға байланысты туындаған үзілістердің алдын алу және оларды жою бойынша шаралар қабылдауға;

8) шартта және аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## VII. Дауларды шешу тәртібі

34. Осы Қағидаларды қолдану барысында немесе қызметтер көрсету барысында тасымалдаушы мен инфрақұрылым операторы арасында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

35. Егер тасымалдаушы мен инфрақұрылым операторы келіссөздер барысында өзара келісімге қол жеткізе алмаса, барлық даулар мен келіспеушіліктер аумағында инфрақұрылым орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде теміржол көлігінің инфрақұрылымдық қызметтерін көрсету қағидаларына қосымша

## Теміржол көлігінің инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерінің тізбесі

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Тізбеге енгізілген өзгеріс Хаттаманың 2-бабына сәйкес Хаттама күшіне енген күннен бастап 24 ай өткен соң күшіне енеді - ҚР 02.08.2015 № 346-V Заңымен.

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР 02.08.2015 № 346-V Заңымен.

Р/с №	Беларусь Республикасы	Қазақстан Республикасы*	Ресей Федерациясы**	Армения Республикасы	Қырғыз Республикасы** *
1	Инфрақұрылымды беру және тасымалдаушының тартқыш жылжымалы составын электрмен жабдықтауды қоса алғанда, пойыздардың	Инфрақұрылымды беру және пойыздардың қозғалысын (жүріп өтуін) жүзеге асыру	Инфрақұрылымды беру және тасымалдаушының тартқыш жылжымалы составын электрмен жабдықтауды қоса алғанда, пойыздардың	Инфрақұрылымды беру және пойыздардың қозғалысын (жүріп өтуін) жүзеге асыру	Инфрақұрылымды беру және пойыздардың қозғалысын (жүріп өтуін) жүзеге асыру

	қозғалысын (жүріп өтуін) жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстарды орындау	( үшін қажетті жұмыстарды орындау	қозғалысын (жүріп өтуін) жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстарды орындау	( үшін қажетті жұмыстарды орындау	үшін қажетті жұмыстарды орындау
2	Инфрақұрылымды беру және тасымалдаушының тартқыш жылжымалы составын электрмен жабдықтауды қоса алғанда, маневрлік қозғалыстар үшін қажетті жұмыстарды орындау	Инфрақұрылымды беру және маневрлік қозғалыстар үшін қажетті жұмыстарды орындау	Инфрақұрылымды беру және тасымалдаушының тартқыш жылжымалы составын электрмен жабдықтауды қоса алғанда, маневрлік қозғалыстар үшін қажетті жұмыстарды орындау	Инфрақұрылымды беру және маневрлік қозғалыстар үшін қажетті жұмыстарды орындау	Инфрақұрылымды беру және маневрлік қозғалыстар үшін қажетті жұмыстарды орындау
3	Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін және тасымалданатын жүктердің, багаждың және жүк-багаждың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған техникалық және коммерциялық бақылау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	-	Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық және коммерциялық бақылау жөніндегі көрсетілетін қызметтер		

\* Оның ішінде Ресей Федерациясының аумағындағы Қазақстан Республикасына тиесілі инфрақұрылым учаскелері үшін;

\*\* Оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағындағы Ресей Федерациясына тиесілі инфрақұрылым учаскелері үшін.

\*\*\*Оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағындағы Қырғыз Республикасының тиесілі инфрақұрылым учаскелері үшін.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 25 ҚОСЫМША

## Сатып алуды реттеу тәртібі туралы

### ХАТТАМА

#### I. Жалпы ережелер

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) XXII бөліміне сәйкес әзірленген және сатып алуды реттеу тәртібін айқындайды.

2. Шарттың XXII бөлімінде және осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"веб-портал" — сатып алу туралы ақпаратқа қол жеткізудің бірыңғай орнын беретін Интернет желісіндегі мүше мемлекеттің бірыңғай ресми сайты;

"тапсырыс беруші" - мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, бюджеттік ұйым (оның ішінде мемлекеттік (муниципалдық) мекемелер), сондай-ақ мүше мемлекеттің сатып алу туралы ұлттық заңнамасында айқындалған жағдайларда, осы заңнамаға сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын өзге де тұлғалар. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында қызметі осы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын сатып алуды ұйымдастырушыны құру (жұмыс істеуі) көзделуі мүмкін. Бұл ретте, сатып алуды ұйымдастырушыға тапсырыс берушінің сатып алу туралы шартты (келісімшартты) жасасу жөніндегі функцияларын беруге жол берілмейді;

"сатып алу" - мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу, бұл арқылы тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы және мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларда, бюджет қаражаты, сондай-ақ өзге қаражат есебінен өзге де сатып алу, сондай-ақ сатып алу туралы шарттарды (келісімшарттарды) орындауға байланысты қатынастар түсініледі;

"сатып алу туралы ақпарат" - сатып алуды жүргізу туралы хабарлама, сатып алу туралы құжаттама (оның ішінде сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жобасы), осындай хабарламаларға, құжаттамаға енгізілетін өзгерістер, сатып алу туралы құжаттаманы түсіндіру, сатып алу процесінде жасалған хаттамалар, сатып алу рәсімінің нәтижесі туралы мәліметтер, сатып алу туралы шарттар (келісімшарттар) және осындай шарттарға жасалған қосымша келісімдер туралы мәліметтер, сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалу нәтижесі туралы мәліметтер, мүше мемлекеттің сатып алу саласындағы реттеу және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асыратын органына шағымдардың түсуі туралы, олардың мазмұны және осындай шағымдарды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдер туралы, осындай органдар берген нұсқамалар туралы мәліметтер. Сатып алу туралы ақпарат веб-порталға міндетті түрде орналастыруға жатады;

"ұлттық режим" - әрбір мүше мемлекет сатып алу мақсаттары үшін мүше мемлекеттердің аумақтарынан шығарылатын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге, осындай тауарларды ұсынатын, жұмыстарды орындайтын және қызметтерді көрсететін мүше мемлекеттердің әлеуетті өнім берушілеріне және

мүше мемлекеттердің өнім берушілеріне өз мемлекетінің аумағынан шығарылатын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ осындай тауарларды ұсынатын, жұмыстарды орындайтын және қызметтерді көрсететін өз мемлекетінің әлеуетті өнім берушілері мен өнім берушілеріне ұсынылатын режимнен кем емес қолайлы режимді қамтамасыз ететінін көздейтін режим. Тауардың шығарылған елі Одақтың кедендік аумағында қолданылатын, тауарлардың шығарылған елін айқындау ережелеріне сәйкес айқындалады;

"электрондық сауда алаңының (электрондық алаң) операторы" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес электрондық сауда алаңына (электрондық алаңға), оның жұмыс істеуі үшін қажет бағдарламалық-аппараттық құралдарға иелік ететін және (немесе) оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, заңды тұлға немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

"өнім беруші" - өнім беруші, орындаушы не мердігер болып табылатын және сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасалған тұлға;

"әлеуетті өнім беруші" - кез келген заңды тұлға немесе кез келген жеке тұлға (оның ішінде дара кәсіпкер);

"электрондық сауда алаңы (электрондық алаң)" - электрондық форматта сатып алу жүргізу үшін мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалған Интернет желісіндегі сайт. Бұл ретте, мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында электрондық сауда алаңы (электрондық алаң) веб-портал болып табылады деп белгіленуі мүмкін, сондай-ақ электрондық сауда алаңдарының (электрондық алаңдардың) шектеулі саны айқындалуға тиіс;

"электрондық сатып алу форматы" - Интернет желісін, веб-порталды және (немесе) электрондық сауда алаңын (электрондық алаңды), сондай-ақ бағдарламалық-аппараттық құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылатын сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

3. Осы Хаттаманы қолдану кезінде, егер мүше мемлекет заңнамасының ережелерінен осы Хаттамада белгіленгеннен өзге мағына болмаса, мүше мемлекеттің заңнамасын осы Хаттамаға сәйкес келтіру талап етілмейді.

## **II. Сатып алу саласына қойылатын талаптар**

4. Мүше мемлекеттерде сатып алу мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

ашық конкурс, ол оның ішінде екі кезеңді рәсімдерді және алдын ала біліктілік іріктеуді (бұдан әрі - конкурс) көздеуі мүмкін;

баға ұсыныстарын сұрату (баға белгіленімдерін сұрату);

ұсыныстарды сұрату (егер бұл мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделсе);

ашық электрондық аукцион (бұдан әрі - аукцион);

биржалық сауда-саттық (егер бұл мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделсе);

бір көзден не жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу.

Мүше мемлекеттер конкурсты және аукционды электрондық форматта ғана өткізуді қамтамасыз етеді және сатып алудың басқа тәсілдерін жүзеге асыру кезінде электрондық форматқа көшуге ұмтылады.

Мүше мемлекеттердің әлеуетті өнім берушілері мен өнім берушілерінің электрондық форматта өткізілетін сатып алуға қатысуға кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің бірінің заңнамасына сәйкес дайындалған электрондық цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) өзара таниды. Сатып алу мақсаттары үшін бір мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес дайындалған электрондық цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) басқа мүше мемлекеттердің өзара тану қағидаларын Комиссия Кеңесі айқындайды.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

5. Конкурс өткізу арқылы сатып алу осы Хаттамаға № 1 қосымшаның 1-4-тармақтарында көзделген талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

6. Баға ұсыныстарын сұратуды (баға белгіленімдерін сұратуды) жүргізу арқылы сатып алу осы Хаттамаға № 1 қосымшаның 5-тармағында көзделген талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

7. Ұсыныстар сұратуды жүргізу арқылы сатып алу осы Хаттамаға № 1 қосымшаның 6-тармағында көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Хаттамаға № 2 қосымшада көзделген жағдайларда, сондай-ақ егер бұл мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында белгіленсе, осы Хаттамаға № 3 қосымшаның 10, 42, 44, 47, 59 және 63-тармақтарында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

8. Аукцион жүргізу арқылы сатып алу осы Хаттамаға № 4 қосымшаға сәйкес, осы Хаттамаға № 1 қосымшаның 7 және 8-тармақтарында көзделген талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Мүше мемлекет сатып алу туралы өз заңнамасында аукцион өткізу арқылы сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің неғұрлым ауқымды тізбесін белгілеуге құқылы.

9. Тауар биржасында биржа тауарларын (оның ішінде, осы Хаттамаға № 4 қосымшада көзделген тауарларды) сатып алу жүзеге асырылуы мүмкін.

Мүше мемлекет өз заңнамасында сатып алу жүзеге асырылуы мүмкін тауар биржаларын айқындауға құқылы.

10. Бір көзден не жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу осы Хаттамаға № 3 қосымшада көзделген жағдайларда, осы Хаттамаға № 1 қосымшаның 10-тармағында көрсетілген талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Мүше мемлекет сатып алу туралы өз заңнамасында осы Хаттамаға № 3 қосымшада көзделген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесін қысқартуға құқылы.

11. Мүше мемлекет сатып алу туралы өз заңнамасында сатып алуды жүзеге асыру аяқталғанға дейін әлеуетті өнім берушілер туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау қажеттілігіне байланысты сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктерін, сондай-ақ айрықша жағдайларда 2 жылдан аспайтын мерзімге - тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктерін біржақты тәртіппен белгілеуге құқылы.

Осындай ерекшеліктерді белгілеуге қатысты шешімдер мен әрекеттер осы Хаттаманың 32-33-тармақтарында көзделген тәртіппен қабылданады.

12. Тапсырыс беруші сатып алуды дербес не сатып алуды ұйымдастырушының қатысуымен жүзеге асырады (егер мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында сатып алуды ұйымдастырушының жұмыс істеуі көзделген болса).

13. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында жосықсыз өнім берушілердің тізілімін қалыптастыру және жүргізу көзделуге тиіс, оған:

сатып алу туралы шарттар (келісімшарттар) жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер туралы;

олармен жасасқан сатып алу туралы шарттар (келісімшарттар) бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер туралы;

орындау барысында өнім беруші сатып алу туралы құжаттамада белгіленген әлеуетті өнім берушілерге, өнім берушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні немесе оның нәтижесінде осындай шарт жасалған сатып алу рәсімінің жеңімпазы болуына мүмкіндік берген, өзінің осындай талаптарға сәйкес келетіні туралы анық емес ақпарат бергені анықталса, тапсырыс берушілер сатып алу туралы шарттарды (келісімшарттарды) біржақты тәртіппен бұзған өнім берушілер туралы мәліметтер енгізіледі.

Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында мүше мемлекеттің жосықсыз өнім берушілері тізіліміне осындай тізілімге енгізілген тұлғаның құрылтайшылары, алқалы атқарушы органдардың мүшелері, жалғыз атқарушы органының функцияларын орындайтын тұлғалары туралы мәліметтерді енгізу көзделуі мүмкін.

Жосықсыз өнім берушілер тізіліміне енгізу осы тармақтың екінші - төртінші абзацтарында көзделген мәліметтер расталған (фактілер анықталған) кезде, мүше мемлекет сотының және (немесе) сатып алу саласындағы реттеу және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асыратын органының (органдарының) шешімі негізінде 2 жыл мерзімге жүзеге асырылады.

Өзі туралы мәліметтер жосықсыз өнім берушілер тізіліміне енгізілген тұлға осы тізілімге енгізілгеніне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.



Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында осы Хаттамаға № 3 Қосымшаның 1 және 6-тармақтарына сәйкес айқындалған әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілерді жосықсыз өнім берушілер тізіліміне енгізу бөлігінде ерекшелік көзделуі мүмкін.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

14. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында осы мүше мемлекеттің жосықсыз өнім берушілері тізілімінде және (немесе) басқа мүше мемлекеттердің жосықсыз өнім берушілері тізілімдерінде қамтылған мәліметтерді негізге ала отырып, тапсырыс берушінің сатып алуға қатысуға жіберуді жүзеге асыру құқығы немесе міндеті көзделуі мүмкін.

15. Мүше мемлекеттер сатып алуға қатысуды:

1) сатып алу туралы өз заңнамасына сәйкес, тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге және өнім берушілерге қойылатын қосымша талаптар белгілеу арқылы;

2) осы Хаттамада белгіленген өзге де жағдайларда шектейді.

16. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында:

1) сатып алу шарттарына әлеуетті өнім берушілерге және өнім берушілерге қойылатын кез келген өлшенбейтін сандық және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптарды енгізуге;

2) сатып алу туралы құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді сатып алуға қатысуға жіберуге;

3) сатып алуды жүргізу хабарламасында және (немесе) сатып алу туралы құжаттамада көзделмеген негіздемелер бойынша әлеуетті өнім берушілерді сатып алуға қатысуға жіберуден бас тартуға тыйым салу белгіленеді.

17. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерден және өнім берушілерден сатып алуға қатысқаны үшін төлемақы алуға жол берілмейді.

18. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында әлеуетті өнім берушілерге және өнім берушілерге қойылатын, сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету, сондай-ақ сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету туралы талаптар белгіленуі мүмкін.

Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету, сондай-ақ сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету мөлшері мен нысаны белгіленеді. Бұл ретте, сатып алу туралы шартта (келісімшартта) аванс төлемі көзделген жағдайды қоспағанда, сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мөлшері - сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) бастапқы (ең жоғарғы) бағасының 5 пайызынан (сатып алудың бағдарланатын құнынан), ал сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету - сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) бастапқы (ең жоғарғы) бағасының 30 пайызынан

(сатып алудың бағдарланатын құнынан) аспауға тиіс. Мұндай жағдайда, сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету мөлшері - аванс мөлшерінің кемінде 50 пайызын құрауға тиіс.

Егер сатып алу туралы шарт (келісімшарт) өнім берушіге аванс беру туралы талапты қамтыған жағдайда, өнім беруші одан бас тартуға құқылы.

Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз етудің кемінде 2 тәсілі (түрі) белгіленуге тиіс.

Бұл ретте, сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету ретінде, оның ішінде мыналар: тапсырыс берушінің не, егер бұл мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында белгіленген болса, сатып алуды ұйымдастырушының, электрондық сауда алаңы (электрондық алаң) операторының банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна; банк кепілдігі қабылданады.

Сатып алу мақсаты үшін банктік кепілдіктерге қойылатын талаптар мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді.

Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасы осындай заңнамада көзделген жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге және өнім берушілерге олардың сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуін және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз етуін уақтылы қайтаруды қамтамасыз етуге тиіс.

19. Сатып алу туралы құжаттамаға және өзге құжаттарға сатып алуды жүргізу кезінде - сатып алу объектісінің сипаттамаларын бейнелеудің барынша дәл басқа тәсілі болмаған (мұндай жағдайларда сатып алушы сатып алу туралы құжаттамаға "немесе баламасы (сол тектес)" деген сияқты сөздерді қосады) жағдайларды қоспағанда, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына, өндірушіге немесе өнім берушіге талаптар немесе нұсқамалар қосылмауға тиіс. Сатып алынатын тауардың осындай тауарлардың үйлесімділігін қамтамасыз ету қажет болған кезде (оның ішінде, негізгі (белгіленген) жабдықты толық жабдықтау, жаңғырту және толық жарактандыру) тапсырыс беруші пайдаланатын тауармен үйлеспейтіні - ерекшелік болып табылады.

Тапсырыс беруші халықаралық шарттарда және Одақ құқығын құрайтын актілерде және (немесе) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген техникалық регламенттерге, стандарттарға және өзге де талаптарға сәйкес айқындалған, сатып алу объектісінің техникалық және сапалық сипаттамаларына қатысты стандарттық көрсеткіштерді, талапты, шарттық белгілеулерді және терминологияны белгілеуге құқылы.

20. Сатып алудың нәтижелеріне өздері мүдделі жеке тұлғалар (оның ішінде конкурсқа, аукционға, баға ұсыныстарын сұратуға (баға белгіленімдерін сұратуға) немесе ұсыныстарды сұратуға қатысуға өтінімдер берген жеке тұлғалар), конкурсқа,

аукционға, баға ұсыныстарын сұратуға (баға белгіленімдерін сұратуға) немесе ұсыныстар сұратуға қатысуға өтінімдер берген әлеуетті өнім берушілер қызметкерлері не әлеуетті өнім берушілер (оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің қатысушылары (акционерлері), олардың басқару органдарының қызметкерлері және әлеуетті өнім берушілердің кредиторлары болып табылатын жеке тұлғалар) өздеріне ықпал етуге қабілетті жеке тұлғалар, сондай-ақ сатып алу саласында бақылауды тікелей жүзеге асыратын сатып алу саласындағы мүше мемлекеттің реттеу және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асыратын органдарының лауазымды тұлғалары комиссия (оның ішінде конкурстық, аукциондық және белгіленімдік) мүшелері бола алмайды.

**Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

21. Сатып алу туралы шарт (келісімшарт) мынадай міндетті талапты:

1) сатып алу туралы осындай шартта (келісімшартта) көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптардың жауаптылығын;

2) ақы төлеу тәртібін, сондай-ақ тапсырыс берушінің сатып алу нәтижесінің сатып алу туралы шартта (келісімшартта) белгіленген талаптарға сәйкестігіне (оның ішінде, саны (көлемі), жиынтығы, сапасы бойынша қабылдап алуды жүзеге асыру тәртібі туралы қамтуға тиіс.

22. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында мыналарға:

1) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделмеген жағдайларда, әлеуетті өнім берушілердің және өнім берушілердің санын шектеуге әкеп соғатын, сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) талаптарын белгілеуге;

2) сатып алу туралы шарт (келісімшарт) бойынша міндеттемелерді басқа тарап тиісінше орындамаған және осындай заңнамада көзделмеген жағдайларда, тапсырыс берушілердің және өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындаудан біржақты бас тартуына;

3) осындай заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, шарттық міндеттемелердің орындалу талаптарының өзгеруіне, оның ішінде сатып алу туралы шарт (келісімшарт) бағасының өзгеруіне тыйым салу көзделуге тиіс. Сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) бағасын пропорционалды төмендетпейінше тауарлардың санын, жұмыстар көлемін, көрсетілетін қызметтерді азайтуға жол берілмейді.

23. Мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайларда, бірнеше өнім берушілермен сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасуға жол беріледі.

24. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында тауарды немесе жұмысты сатып алуды, кейіннен қызмет көрсетуді, қызмет мерзімі ішінде пайдалануды, жеткізілген тауарды немесе жұмысты орындау нәтижесінде құрылған объектіні (өмірлік цикл шарты (келісімшарты)) жөндеуді және кәдеге жаратуды көздейтін сатып алу туралы шартты (келісімшартты) жасасу туралы талап белгіленуі мүмкін.

25. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында нақты сатып алуға қатысты сатып алу туралы құжаттың ажырамас бөлігі болып табылатын сатып алу туралы шарт

(келісімшарт) жобасына оны орындаудың (оның ішінде, сатып алу объектісіне байланысты емес) қосымша талаптарын енгізу қажеттігі көзделуі мүмкін.

26. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында әлеуетті өнім берушінің және (немесе) өнім берушінің сатып алу туралы шарт (келісімшарт) бойынша тапсырыс берушіге барлық бірлесіп орындаушылар және қосалқы мердігерлер туралы ақпаратты беру міндеті көзделуі мүмкін.

27. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында сатып алу туралы шартты (келісімшартты) банктік сүйемелдеу көзделуі мүмкін.

28. Мүше мемлекеттер сатып алу туралы шарттарды (келісімшарттарды) электрондық форматта жасауға 2016 жылға дейін көшуге ұмтылады.

29. Мүше мемлекеттер ақпараттық ашықтықты және сатып алу айқындығын қамтамасыз етеді, оның ішінде мыналар арқылы:

1) әрбір мүше мемлекеттің веб-портал құруы;

2) сатып алу туралы ақпаратты, жосықсыз өнім берушілер тізілімін (оның ішінде, орыс тілінде) веб-порталда жариялау (орналастыру);

3) мүше мемлекеттің сатып алу саласындағы нормативтік құқықтық актілерін (оның ішінде, орыс тілінде) веб-порталда жариялау (орналастыру);

4) электрондық сауда алаңдарының (электрондық алаңдарды) шектелген санын және (немесе) веб-порталды - электрондық форматта сатып алу туралы ақпаратқа және егер мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында бұл көзделген болса, осындай сатып алуға байланысты электрондық көрсетілетін қызметтерге рұқсат берудің бірыңғай орны ретінде анықтау;

5) веб-порталда жарияланатын (орналастырылатын) сатып алу туралы ақпаратқа, жосықсыз өнім берушілердің тізілімі мен мүше мемлекеттің сатып алу саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне кедергісіз және тегін қол жеткізуді ұйымдастыру, сондай-ақ осындай ақпарат, тізілім мен акті бойынша мәліметтерді барынша кеңінен іздеуді қамтамасыз ету;

6) сатып алу саласында, оның ішінде Комиссия бекітетін көрсеткіштер мен форматтар бойынша ақпаратты (есептілікті) қалыптастыру арқылы қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

### **III. Ұлттық режим және оны қамтамасыз ету ерекшеліктері**

30. Мүше мемлекеттердің әрқайсысы басқа мүше мемлекеттердің аумақтарынан шығатын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қатысты, сондай-ақ осындай тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ұсынатын басқа мүше мемлекеттердің әлеуетті өнім берушілері мен өнім берушілеріне қатысты сатып алу саласындағы ұлттық режимді қамтамасыз етеді.

31. Мүше мемлекет сатып алу туралы өз заңнамасында белгіленген біржақты тәртіппен ерекше жағдайларда ұлттық режимнен кемінде 2 жыл мерзімге алып тастауларды белгілеуге құқылы.

32. Мүше мемлекеттің сатып алу саласындағы реттеу және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асыратын органы күні бұрын, бірақ осы Хаттаманың 31-тармағына сәйкес, алып қоюды белгілеу туралы актіні қабылдаған күнге дейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша нысанда Комиссияны және әрбір мүше мемлекетті оны қабылдау қажеттігін негіздей отырып, осындай актіні қабылдағаны туралы хабардар етеді.

Осындай хабарламаны алған мүше мемлекет тиісті консультациялар жүргізу туралы ұсыныспен, оны жіберген органға жүгіне алады.

Көрсетілген хабарламаны жіберген мүше мемлекет консультациялар жүргізуден бас тарта алмайды.

**Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

33. Комиссия осы Хаттаманың 31-тармағына сәйкес мүше мемлекет қабылдаған, алып қоюды белгілеу туралы актінің күшін жою жою қажеттігі туралы шешімді - оны қабылдаған күнінен бастап 1 жыл ішінде қабылдауға құқылы.

Комиссия көрсетілген актінің күшін жою қажеттігі туралы шешім қабылдаған жағдайда, шешім қабылдаған мүше мемлекет 2 айлық мерзімде осындай актіге тиісті өзгерістер енгізуді (күші жойылды деп тануды) қамтамасыз етеді.

Комиссияның осы Хаттаманың 31-тармағына сәйкес актілерді қабылдау туралы хабарламаларды және олардың күшін жою мәселелері бойынша мүше мемлекеттердің өтініштерін қарауы, сондай-ақ Комиссияның осындай актілердің күшін жою қажеттігі туралы шешім қабылдауы Комиссия айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы Хаттаманың 31-тармағына сәйкес қабылданған актінің күшін жою қажеттігі туралы Комиссия шешімі күшіне енген күннен бастап 2 ай өткеннен кейін, өзіне қатысты көрсетілген шешім шығарылған мүше мемлекет оны орындамаған жағдайда, мүше мемлекеттердің әрқайсысы біржақты тәртіппен осындай мүше мемлекетке ұлттық режимді қолданбауға құқылы. Бұл туралы хабарлама Комиссияға және мүше мемлекеттердің әрқайсысына дереу жіберіледі.

34. Егер мүше мемлекет Шарттың XXII бөлімінде және осы Хаттамада көзделген міндеттемелерді орындамаса, басқа мүше мемлекеттер Комиссияға жүгінуге құқылы. Комиссия қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

бұзушылық фактісінің болмауы;

бұзушылық фактісін және мүше мемлекеттің анықталған бұзушылықты жою қажеттігін тану.

Егер анықталған бұзушылықты жою қажеттігі туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 ай өткеннен кейін, өзіне қатысты осындай шешім шығарылған мүше мемлекет

оны орындамаса, басқа мүше мемлекеттердің әрқайсысы біржақты тәртіпте осындай мүше мемлекетке ұлттық режимді қолданбауға құқылы.

Бұл туралы хабарлама Комиссияға және мүше мемлекеттердің әрқайсысына дереу жіберіледі.

#### **IV. Сатып алуға қатысу кезінде тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету**

35. Мүше мемлекеттердің әрқайсысы сатып алу туралы өз заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша шаралар қабылдайды.

36. Сатып алу саласында тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету көлемі Шарттың XXII бөлімінде, осы Хаттамада және мүше мемлекеттің сатып алу туралы өз заңнамасында анықталады.

37. Сатып алу саласындағы тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында мүше мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес айқындалған мүше мемлекет органының (органдарының) сатып алу саласындағы реттеу және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асыруын, оның ішінде:

1) сатып алу саласында бақылауды (оның ішінде, тексеру жүргізу арқылы) жүзеге асыруын;

2) сатып алу туралы мүше мемлекеттің заңнамасын бұзатын сатып алуды жүзеге асыру кезінде, тапсырыс берушілердің, сатып алуды ұйымдастырушылардың, электрондық сауда алаңдары (электрондық алаңдар) операторларының, веб-порталдар, тауар биржалары операторларының, комиссиялардың және өзге де тұлғалардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) қатысты шағымдар мен өтініштерді қарауды жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Бұл ретте, сатып алуға қатысуға өтінімдер беру мерзімі аяқталғанға дейін қабылданған (жасалған), сатып алуларды жүзеге асыру кезінде, тапсырыс берушілердің, сатып алуды ұйымдастырушылардың, электрондық сауда алаңдары (электрондық алаңдар) операторларының, веб-порталдар, тауар биржалары операторларының, комиссиялардың және өзге де тұлғалардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) кез келген әлеуетті өнім беруші ғана емес, өзге де тұлға сатып алу туралы мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленген тәртіпте шағымдануға құқылы;

3) мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуды және анықтауды, сондай-ақ көрсетілген бұзушылықтарды болғызбау бойынша (оның ішінде, орындау үшін міндетті осындай бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беру және осындай бұзушылықтар үшін кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту) шаралар қабылдауды;

4) жосықсыз өнім берушілер тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

## **V. Сатып алу тиімділігін арттыратын және әлеуметтік функцияларды іске асыруға бағытталған шараларды қамтамасыз ету**

38. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы ұлттық заңнамасымен сатып алуды жоспарлау туралы талап белгіленеді.

39. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы ұлттық заңнамасында сатып алу тиімділігін арттыратын мынадай нормалар:

1) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге (оның ішінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің шекті бағасына) және (немесе) тапсырыс берушілердің функцияларын қамтамасыз етуге нормативтік шығындарына қойылатын талаптарды белгілеу жолымен сатып алуды нормалау;

2) сатып алуға қоғамдық бақылауды және оны қоғамдық талқылауды жүзеге асыру;

3) демпингке қарсы шаралар қолдану;

4) сарапшыларды, сараптамалық ұйымдарды тарту көзделуі мүмкін.

40. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері мен кәсіпорындарына, мүгедектер ұйымдарына, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдарға сатып алуды жүзеге асыру кезінде артықшылық белгіленуі мүмкін.

Осындай артықшылық туралы ақпаратты тапсырыс беруші сатып алуды жүргізу туралы хабарламада және сатып алу туралы құжаттамада көрсетеді.

41. Сатып алу саласындағы құқық қолдану практикасының, ақпарат алмасудың, заңнаманы жетілдіру мен үйлестірудің, әдістемелік материалдарды бірлесіп әзірлеудің неғұрлым өзекті мәселелерін талқылау үшін Комиссия мүше мемлекеттердің сатып алу саласындағы реттеу және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асыратын органдарымен бірлесіп, осы органдардың ұсынысы бойынша немесе Комиссияның бастамасы бойынша басшылар және сарапшылар деңгейінде кеңес өткізеді.

**Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

Сатып алуды реттеу тәртібі  
туралы хаттамаға  
№ 1 қосымша

**Конкурсты, баға ұсыныстарын сұратуды (баға белгіленімдерін сұратуды), ұсыныстарды сұратуды, акционды және бір көзден не жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар**

1. Конкурс, оның ішінде электрондық құжат нысанында конкурсқа қатысуға өтінімдер беруді көздейтін электрондық форматта жүргізіледі.

Сатып алу туралы шартты (келісімшартты) орындаудың ең үздік талаптарын ұсынған әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы деп танылады.

Бағалау критерийлерін, сондай-ақ өнім берушіні объективті емес және (немесе) әкімшілендірілмейтін айқындауға әкеп соқтыратын, мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау және салыстыру тәртібін белгілеуге жол берілмейді.

2. Конкурс мынадай талаптар ескеріле отырып өткізіледі:

1) конкурстық құжаттаманы бекіту;

2) конкурстық комиссия құрамын бекіту;

3) конкурс өткізу туралы хабарламаны және конкурстық құжаттаманы мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделген мерзімдерде, бірақ конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді беру аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын веб-порталда жариялау (орналастыру). Конкурс өткізу туралы хабарламаға және (немесе) конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізген жағдайда, конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі - енгізілген өзгерістер веб-порталда жарияланған (орналастырылған) күннен бастап конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді беру аяқталатын күнге дейін мұндай мерзім кемінде күнтізбелік 10 күнді құрайтындай етіп ұзартылуға тиіс. Бұл ретте, сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) нысанасын өзгертуге жол берілмейді;

4) конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіруі және мұндай түсіндірулерді конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 3 күн бұрын веб-порталда жариялау (орналастыру). Сұрау салу бойынша конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру оны алған жағдайда, конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады;

5) конкурсқа қатысуға өтінімдерді электрондық сауда алаңына (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталға электрондық құжат нысанында беру;

6) әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға жіберу мақсатында, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін өтінімдерді айқындау үшін конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық комиссияның ашуы, қарауы;

7) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашудың және әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға жіберудің хаттамаларын веб-порталда жариялау (орналастыру) және әрбір әлеуетті өнім берушіге осындай өтінімдерді ашу, қарау және жіберу нәтижелері туралы конкурстық комиссия тиісті шешімдерді қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беру;

8) конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілер ұсынған, конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау, салыстыру, сондай-ақ конкурс жеңімпазын айқындау



және тиісті хаттаманы веб-порталда жариялау (орналастыру), әрбір әлеуетті өнім берушіге осындай бағалау, салыстыру және конкурс жеңімпазын айқындау нәтижелері туралы конкурстық комиссия тиісті шешімдер қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беру;

9) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінде және конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарда, конкурс жеңімпазын айқындау туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 күннен немесе 10 жұмыс күнінен кейін және күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей сатып алу туралы шартты (келісімшартты) жасасу немесе мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында айқындалған жағдайларда конкурсты өтпеді деп тану. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында сатып алу туралы шартты (келісімшартты) орындаудың ең үздік талаптарын ұсынған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасу қажеттігін негізге ала отырып, тапсырыс беруші мен әлеуетті өнім берушінің арасындағы сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасу тәртібі мен кезектілігі, сондай-ақ конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс берушінің іс-қимылдар тәртібі белгіленеді.

10) конкурс нәтижелері туралы мәліметтерді электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда жариялау (орналастыру) және әрбір әлеуетті өнім берушіге конкурс қорытындылары туралы конкурстық комиссия тиісті шешімдер қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беру.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

3. Алдын ала біліктілік іріктеуді көздейтін конкурсты жүргізу кезінде мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Қосымшаның 1 және 2-тармақтарында көрсетілген талаптар қолданылады:

1) конкурс жеңімпазы алдын ала біліктілік іріктеуден өткен әлеуетті өнім берушілер арасынан айқындалады;

2) қосымша талаптар алдын ала біліктілік іріктеуді жүзеге асыру үшін әлеуетті өнім берушілерге және өнім берушілерге қолданылады және конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау және салыстыру критерийі ретінде пайдаланыла алмайды.

4. Мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған жағдайларда және тәртіппен конкурс екі кезеңдік рәсімдер пайдаланыла отырып өткізілуі мүмкін.

Екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылған конкурстың бірінші кезеңінде тапсырыс берушінің техникалық тапсырмаларына сәйкес әзірленген, әлеуетті өнім берушілердің техникалық ұсыныстары негізінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктерін сарапшының (сарапшы комиссияның) қалыптастыруы жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

Екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылған конкурстың екінші кезеңінде осы Қосымшаның 1 және 2-тармақтарында көрсетілген талаптар ескеріле отырып, конкурсты жүргізу үшін көзделген іс-шаралар өткізіледі.

5. Баға ұсыныстарын сұрату (баға белгіленімдерін сұрату) тәсілін қолдану үшін, оның ішінде Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттамаға (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 25 қосымша) № 2 және 4 қосымшаларға сәйкес тізбелер бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде, мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) шекті бастапқы (ең жоғары) бағасы (сатып алудың бағдарлы құны) айқындалады.

Баға ұсыныстарын сұрату (баға белгіленімдерін сұрату) жеңімпазы деп сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) ең төмен бағасын ұсынған әлеуетті өнім беруші танылады.

Мүше мемлекеттердің кез келгені баға ұсыныстарын сұратудан (баға белгіленімдерін сұратудан) аукциондарды артықшылықпен өткізуге көшуге ұмтылады.

Баға ұсыныстарын сұрату (баға белгіленімдерін сұрату) тәсілімен сатып алуды өткізу кезінде веб-порталда, оның мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында белгіленген мерзімде, бірақ баға ұсыныстарын сұратуға (баға белгіленімдерін сұратуға) қатысуға өтінімдер беру аяқталатын күнге дейін кемінде 4 жұмыс күні бұрын оның өткізілетіні туралы хабарлама жарияланады (орналастырылады).

Баға ұсыныстарын сұратуды (баға белгіленімдерін сұратуды) жүргізу барысында жасалған комиссия хаттамалары электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда жарияланады (орналастырылады) және Баға белгілеу комиссиясы қабылдаған шешімдер туралы хабарламалар әрбір әлеуетті өнім берушіге шешімдерді қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

6. Ұсыныстар сұратуды жүргізу арқылы сатып алу Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттамаға № 2 қосымшада көзделген тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қатысты жүзеге асырылуы мүмкін (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 25 қосымша).

Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алу туралы шартты (келісімшартты) орындаудың ең үздік талаптарын ұсынған әлеуетті өнім беруші ұсыныстар сұратудың жеңімпазы деп танылады.

Ұсыныстар сұратуды жүргізу арқылы сатып алуды өткізу кезінде веб-порталда, мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде, бірақ ұсыныстарды сұратуға қатысуға өтінімдер беру аяқталатын күнге дейін кемінде 5 жұмыс күнінен бұрын оның өткізілетіні туралы хабарлама жарияланады (орналастырылады).

Ұсыныстар сұратуды жүргізу барысында сатып алуды өткізу барысында жасалған комиссия хаттамалары электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (

немесе) веб-порталда жарияланады (орналастырылады) және комиссия қабылдаған шешімдер туралы хабарламалар әрбір әлеуетті өнім берушіге шешімдерді қабылданған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

7. Аукциондарға қатысу мақсатында әлеуетті өнім берушілер, егер бұл мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделген болса, кем дегенде 3 жыл мерзімге веб-порталда және (немесе) электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) міндетті түрде аккредиттелуге жатады.

Сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) ең аз бағасын ұсынған және аукцион туралы құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім беруші аукцион жеңімпазы деп танылады.

8. Аукцион мынадай талаптар ескеріле отырып өткізіледі:

- 1) аукцион туралы құжаттаманы бекіту;
- 2) аукциондық комиссия құрамын бекіту;

3) электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда аукцион өткізу туралы хабарламаны және аукцион туралы құжаттаманы мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделген мерзімде, бірақ аукционға қатысуға арналған өтінімдерді беру аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын жариялау (орналастыру). Аукцион өткізу туралы хабарламаға және (немесе) аукцион туралы құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, аукционға қатысуға өтінімдерді беру мерзімі, енгізілген өзгерістер электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда жарияланған (орналастырылған) күннен бастап, аукционға қатысуға өтінімдерді беру аяқталатын күнге дейін осы мерзім кемінде күнтізбелік 7 күнді құрайтындай мерзімге ұзартылады. Бұл ретте, сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) нысанасын өзгертуге жол берілмейді. Егер мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында аукционды қысқа мерзім ішінде өткізуге мүмкіндік беретін сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) бастапқы (ең жоғары) бағасы (сатып алудың бағдарлы құны) көзделген болса, мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасымен аукционға қатысуға өтінімдерді беру үшін осы тармақшада көзделгенге қарағанда неғұрлым қысқа мерзім, бірақ аукционға қатысуға өтінімдерді беру аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 7 күн, ал аукцион туралы құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда - осындай өзгерістер электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда жарияланған (орналастырылған) күннен бастап, аукционға қатысуға арналған өтінімдерді беру аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 3 күн етіп белгіленген болуы мүмкін.

4) аукционға қатысуға өтінімдер беру аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей аукцион туралы құжаттаманың ережелерін түсіндіру және мұндай түсіндірулерді электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда жариялау (орналастыру). Сұрау салу бойынша аукцион туралы

құжаттаманың ережелерін түсіндіру, оны аукционға қатысуға өтінімдер беру аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей алған жағдайда жүзеге асырылады;

5) электрондық сауда алаңына (электрондық алаңға) немесе веб-порталға электронды құжат нысанында аукционға қатысуға өтінімдер беру;

6) аукциондық комиссияның аукцион туралы құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін өтінімдерді айқындау үшін аукционға қатысуға өтінімдер, оларды ұсынған әлеуетті өнім берушілерді осы тармақтың 8-тармақшасында көрсетілген рәсімдерге жіберу бөлігінде ашу және қарау;

7) электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда аукционға қатысуға өтінімдерді ашу, қарау және әлеуетті өнім берушілерді осы тармақтың 8-тармақшасында көрсетілген рәсімдерге жіберу хаттамаларын жариялау (орналастыру) және мұндай ашу, қарау және жіберу нәтижелері туралы әрбір әлеуетті өнім берушіге аукциондық комиссия тиісті шешімдерді қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беру;

8) бағасын төмендету жағына қарай аукцион өткізу жолымен сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) бастапқы (ең жоғары) бағасын (сатып алудың бағдарлы құнын) төмендету рәсімін өткізу. Бұл ретте, мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) бағасы сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) бастапқы (ең жоғары) бағасының (сатып алудың бағдарлы құнының) 0,5 пайызына дейін және одан да төмен төмендетілген жағдайда, аукцион сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) бағасын көтеру арқылы жалғасады, мұндай жағдайда тапсырыс берушіге өнім беруші төлейді;

9) осы тармақтың 8-тармақшасында көрсетілген рәсімнің нәтижелері туралы хаттаманы электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда жариялау (орналастыру) және мұндай рәсімнің нәтижелері туралы, ол аяқталған күні әрбір әлеуетті өнім берушіге хабар беру;

10) аукциондық комиссияның аукцион туралы құжаттамада көзделген талаптарға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және аукцион жеңімпазын айқындау үшін, осы тармақтың 8-тармақшасында көрсетілген рәсімге қатысқан әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерін қарауы, сондай-ақ электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда бұл туралы хаттаманы жариялау (орналастыру) және әрбір әлеуетті өнім берушіге аукциондық комиссия тиісті шешімдерді қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей мұндай қарау мен аукцион жеңімпазын айқындау нәтижелері туралы хабар беру;

11) жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімінде және аукцион туралы құжаттамада көрсетілген талаптармен, осы тармақтың 8-тармақшасында көрсетілген рәсімнің нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес, осындай

әлеуетті өнім берушінің сатып алу туралы шартының (келісімшартының) бағасы бойынша, аукцион жеңімпазын айқындау туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 күннен немесе 10 жұмыс күнінен кейін және күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей сатып алу туралы шартты (келісімшартты) жасасу немесе мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында айқындалған жағдайларда аукционды өтпеді деп тану. Мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) ең төмен бағасын ұсынған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасу қажеттігін негізге ала отырып, тапсырыс беруші мен әлеуетті өнім берушінің арасындағы сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасу тәртібі мен кезектілігі, сондай-ақ конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс берушінің іс-қимылдар тәртібі белгіленеді;

12) аукцион нәтижелері туралы мәліметтерді электрондық сауда алаңында (электрондық алаңда) және (немесе) веб-порталда жариялау (орналастыру) және әрбір әлеуетті өнім берушіге аукцион қорытындылары туралы аукциондық комиссия тиісті шешімдерді қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беру.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

9. Егер бұл мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделген болса, өнім берушіні таңдауды регламенттейтін нормаларды қолданбай сатып алуды жүзеге асыруға және онымен сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасуға жол беріледі. Бұл ретте, мұндай сатып алу Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттамаға № 3 қосымшада көзделген жағдайларда, мүше мемлекеттің азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 25 қосымша).

10. Бір көзден не жалғыз өнім берушіден (мердігерден, орындаушыдан) сатып алу сатып алу туралы шарт (келісімшарт) бағасының есеп айырысулары мен негіздемелері болған кезде жүзеге асырылады.

Бір көзден не жалғыз өнім берушіден (мердігерден, орындаушыдан) сатып алу туралы ақпаратты орналастыруға қойылатын талаптар мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасымен айқындалады.

Сатып алуды реттеу тәртібі  
туралы хаттамаға  
№ 2 қосымша

## **Ұсыныстарды сұратуды жүргізу арқылы сатып алуды жүзеге асыру жағдайларының тізбесі**

1. Тапсырыс беруші Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың 22-тармағының талаптарын ескере отырып бұзылуын жүзеге асырған, сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) нысанасы болып табылатын тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 25 қосымша). Бұл ретте, егер сатып алу туралы шарт (келісімшарт)

бұзылғанға дейін өнім беруші сатып алу туралы шартта (келісімшартта) көзделген міндеттемелерді ішінара орындаған жағдайда, осы тармақтың негізінде сатып алу туралы жаңа шартты (келісімшартты) жасаған кезде, сатып алу туралы бұзылған шарт (келісімшарт) бойынша жеткізілетін тауардың саны, орындалатын жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің көлемі ескеріліп, жеткізілетін тауардың санын, орындалатын жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің көлемі азайтылуы тиіс, ал сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) бағасы жеткізілетін тауардың санына, орындалатын жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің көлеміне пропорционалды азайтылуға тиіс.

2. Пациенттің медициналық құжатында және дәрігерлер комиссиясы журналында тіркелетін, дәрігерлер комиссиясының шешімі бойынша медициналық көрсетімдер болған кезде (жеке көтере алмаушылық, өмірлік көрсеткіштері бойынша) пациентке тағайындау үшін қажетті дәрілік препараттарды сатып алуды жүзеге асыру. Бұл ретте, сатып алынатын дәрілік препараттар көлемі пациенттің емделу мерзімі ішінде қажетті дәрілік препараттар көлемінен аспауға тиіс. Бұдан басқа, осы тармаққа сәйкес сатып алуды жүзеге асыру кезінде екі және одан көп пациентке тағайындау үшін қажетті дәрілік препараттар бір шарттың (келісімшарттың) нысанасы бола алмайды.

Сатып алуды реттеу тәртібі  
туралы хаттамаға  
№ 3 қосымша

### **Бір көзден не жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алуды жүзеге асыру жағдайларының тізбесі**

1. Сұйытылған газды өткізу бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес реттелетін бағалар (тарифтер) бойынша инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылуды (жалғау) энергиямен жабдықтаудың немесе электр энергиясын кепілдендірілген өнім берушімен электр энергиясын сатып алу-сатудың көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, табиғи монополиялар қызметінің саласына жататын қызметтерді сатып алу.

2. Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды сақтау және әкелу (әкету) жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

3. Мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген бағалар (тарифтер) бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

4. Мемлекеттік мұражай, кітапхана, мұрағат қорларын, кино-, фотоқорларды және өзге де осыған ұқсас қорларды толықтыруға арналған мәдени құндылықтарды (оның ішінде, мұражай заттары мен мұражайлық коллекцияларды, сондай-ақ сирек кездесетін және бағалы басылымдарды, көшірмелерін қоса алғанда, тарихи немесе өзге мәдени маңызы бар қолжазбаларды, мұрағаттық құжаттарды) жеткізу.

5. Жұмылдыру даярлығы жөніндегі жұмыстарды орындау.

6. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мүше мемлекеттің заңнамалық актілерінде айқындалған нақты тұлғадан сатып алу, сондай-ақ өкілеттіктеріне сәйкес тек қана атқарушы билік органдары немесе оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік (біртұтас) кәсіпорындар, дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) 100 пайызы мемлекетке тиесілі, тиісті өкілеттіктері мүше мемлекеттің заңнамалық актілерінде, мүше мемлекеттің актілерінде белгіленетін заңды тұлғалар жеткізуді, орындауды немесе қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

7. Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы нәтижесінде, оның ішінде төтенше жағдай (төтенше жағдайлар салдарын оқшаулау және (немесе) жою) авария, шұғыл медициналық араласу қажеттігі туындауы салдарынан уақыт шығынын талап ететін өзге де тәсілдермен сатып алуды жүзеге асыру орынсыз.

8. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері мен кәсіпорындарынан, емдеу-өндірістік (еңбек) профилакторийлері мен емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларынан, сондай-ақ мүгедектер саны қызметкерлердің тізімдік санының кемінде 50 пайызын құрайтын мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдардан тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

9. Жазаларды орындайтын мекеменің тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін, заңды тұлғалармен жасалған шарттар негізінде сотталғандарды жұмысқа орналастыру мақсатында, шикізатты, материалдарды және жиынтықтаушы бұйымдарды көрсетілген мекеменің мұндай шикізатты, материалдарды, жиынтықтаушы бұйымдарды сатып алуы осы шарттарда көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылу шартымен сатып алуы.

10. Сатып алу рәсімдерінің нәтижелері бойынша өткізілмеген деп танылған сатып алу (мүше мемлекеттердің сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларда).

11. Ұлттық қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктері, сондай-ақ құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін байланыс қызметтерін көрсету.

12. Мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленуі мүмкін және бір көзден не жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алуды жүзеге асыруға рұқсат етілетін мәмілелердің шекті сомасы (не шекті тоқсандық немесе жылдық көлемі), бұл ретте, көрсетілген мөлшер жеке сипатта болмауы тиіс (мүше мемлекеттер сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің қолжетімділігін барынша кеңейту мақсатында көрсетілген шекті барынша азайтуға ұмтылады).

13. Мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жалғыз өнім берушіден қару-жарақ пен әскери техниканы жеткізуге тапсырысты орналастыру, сондай-ақ қару-жарақты, әскери және арнаулы техниканы жөндеу (жаңғырту) бойынша жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

14. Мүше мемлекет басшысының белгілі бір жарлығымен немесе өкімімен, мүше мемлекет басшысының шешімі немесе тапсырмасы бойынша мүше мемлекеттің

жоғары атқарушы билік органының өкімімен айқындалған әлеуетті өнім берушіден нақты сатып алу. Мұндай актілерді қабылдауға қатысты шешімдер мен әрекеттер Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың 32 және 33-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 25 қосымша).

15. Белгілі бір авторлардың әдебиет және өнер туындыларын (киножобаларды прокаттау мақсатында сатып алуды қоспағанда), нақты орындаушылардың орындауларын, егер жалғыз тұлғаға осындай шығармаларға, орындауларға және фонограммаларға айрықша құқық тиесілі болса, нақты даярлаушылардан фонограммаларды сатып алу.

16. Белгілі бір мерзімді баспасөздер мен электрондық басылымдарға жазылу, сондай-ақ белгілі бір авторлардың баспасөз және электрондық басылымдарын сатып алу; осындай баспасөз және электрондық басылымдар баспагерлерінен, егер аталған баспагерлерге осындай басылымдарды пайдалануға айрықша құқық тиесілі болса, мемлекеттік және муниципалдық білім беру мекемелерінің, мемлекеттік және муниципалдық кітапханалардың, мемлекеттік ғылыми ұйымдардың қызметін қамтамасыз ету үшін электрондық басылымдарға қолжетімділік беру жөніндегі қызметтерді көрсету.

17. Хайуанаттар паркіне, театрға, кинотеатрға, концертке, циркке, мұражайға, көрмеге, спорттық іс-шараға баруға арналған тапсырысты орналастыру, сондай-ақ театр-ойын-сауық, мәдени-ағартушылық және ойын-сауық-көңіл-көтеру іс-шараларына баруға кіру билеттері мен абонементтерін, экскурсия билеттері мен экскурсия жолдамаларын өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасу.

18. Көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу және көрсетілген іс-шараларға қатысу үшін ақы төлеу, сондай-ақ бірнеше тапсырыс берушінің қажеттіліктері үшін жүргізілетін іс-шараларға қатысу бойынша, мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған тәртіппен осындай іс-шаралардың ұйымдастырушысы болып табылатын, тапсырыс беруші болып айқындалған өнім берушімен (мердігермен, орындаушымен) қызметтер көрсетуге арналған сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасу.

19. Жеке тұлғалардан оқытушылық көрсетілетін қызметтерді, экскурсия жетекшісі (гид) қызметтерін көрсетуді сатып алу.

20. Театр-ойын-сауық ұйымдарының, мұражай, клуб мекемелерінің, кинематография ұйымдарының, өзге де мәдениет ұйымының, мәдениет саласындағы білім беру мекемесінің, телерадио хабарларын тарату ұйымының нақты жеке тұлғадан немесе нақты жеке тұлға сценарий авторынан, орындаушы әртістен, балетмейстерден, теле немесе радиобағдарламаны жүргізушіден, дизайнерден, дирижерден, драматургтен



, жануарларды үйретушіден, композитордан, концертмейстерден, либретто авторынан, кино, бейне-, дыбысжазба операторынан, жазушыдан, ақыннан, режиссерден, репетитордан, мүсіншіден, хореографтан, хормейстерден, суретшіден және өзге де шығармашылық қызметкерінен әдебиет немесе өнер туындыларын жасауға немесе орындауға тапсырысты орналастыру, сондай-ақ нақты жеке тұлғадан, оның ішінде дара кәсіпкерден не заңды тұлғадан декорацияларды, сахналық жиһазды, сахналық костюмдерді (оның ішінде бас киімдер мен аяқ киімдерді) және декорациялар мен костюмдерді жасау үшін қажетті материалдарды, сондай-ақ осы тармақта көрсетілген ұйым шығармаларын құру және (немесе) орындау үшін қажетті театр деректемелерін, бутафория, грим, постижер бұйымдарын, театр қуыршақтарына тапсырысты орналастыру.

21. Күрделі құрылыс объектілерінің жобалау құжаттамаларын әзірлеуді авторлық бақылау, тиісті авторлардың күрделі құрылыс объектілерінің құрылысын, оларды реконструкциялауды, күрделі жөндеуді авторлық қадағалауы бойынша қызметтерді сатып алу.

22. Мүше мемлекеттер халықтарының мәдени мұра объектісін (тарих және мәдениет ескерткіші) сақтау бойынша жұмысты жүргізуді техникалық және авторлық қадағалауды жүргізуге тапсырысты орналастыру.

23. Іс-шаралар өткізілетін жерге бару және қайту жолын, тұрғын үй-жай жалдауды, көліктік қызмет көрсетуді, тамақпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, қызметкерді - қызметтік іссапарға, оқушыларды, студенттерді, аспиранттарды шығармашылық жарыстарға (конкурстарға, олимпиадаларға, фестивальдарға, ойындарға), көрмелерге, пленэрлерге, конференцияларға, форумдарға, шеберлік-сыныптарына, тағлымдамаларға, оқу практикалық тапсырмаларды орындауға қатысу үшін жіберуге байланысты көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ өкілдік ету шығыстарымен байланысты тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

24. Шет мемлекеттер басшыларының, шет мемлекеттердің үкімет басшыларының, халықаралық ұйымдар, парламенттік делегациялар, үкіметтік делегациялар, шет мемлекеттер делегациялары басшыларының сапарларын қамтамасыз етуге байланысты қызметтерді көрсетуге тапсырысты (қонақ үй, көліктік қызмет көрсету, компьютерлік жабдықты пайдалану, тамақпен қамтамасыз ету) орналастыру.

25. Мүше мемлекеттің басшысын, өзге де қорғалатын тұлғаларды және қорғалатын тұлғалардың келуіне арналған объектілерді күзетуді және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу (тұрмыстық, қонақүй, көліктік қызмет көрсету, компьютерлік жабдықты пайдалану, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, қауіпсіз тамақ беру), сондай-ақ мүше мемлекет басшысының қызметіне бейнемұрағат қалыптастыру және ақпараттық қызмет көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

26. Мемлекеттік және жұмылдыру материалдық резервтерінен іске асырылатын материалдық құндылықтарды сатып алу.

27. Белгілі бір өнім берушіден сатып алуды жүзеге асырған тапсырыс берушіде тиісті тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің қосымша санына қажеттіліктің туындауы. Бұл ретте қосымша сатып алынатын тауардың саны не қосымша сатып алынатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі сатып алу туралы шартта (келісімшартта) көзделген тауарлар санының не жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемінің 10 пайызынан аспайды (қосымша жеткізілетін тауар не орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер бірлігінің бағасы келісімшартта көзделген осындай тауар санына, жұмыс немесе көрсетілетін қызметтер көлемі келісімшарттың бастапқы бағасын бөлуден бөлек баға ретінде айқындалуға тиіс ).

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

28. Егер көппәтерлі үйдегі үй-жайлар жеке меншікте, мемлекеттік меншікте немесе муниципалдық меншікте болса, басқарушы ұйымның тұрғын үй заңнамасына сәйкес, көппәтерлі үйде үй-жайлардың меншік иелерінің немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының таңдауы негізінде көппәтерлі үйді басқару жөнінде көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру.

29. Нысанасы - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалған актілермен тұруға арналмаған үйді, құрылысты, ғимаратты, үй-жайды сатып алу болып табылатын сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасу, сондай-ақ егер осы қызметтер басқа тұлғаға немесе өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген үй-жайлар орналасқан ғимараттағы тұруға арналмаған үй-жайларды пайдаланатын тұлғаларға көрсетілетін болса, тұруға арналмаған ғимаратты, құрылысты, үй-жайды жалдау, жалға берілген үй-жайды техникалық күтіп-ұстау, күзету және қызмет көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу, мемлекетке немесе муниципалдық тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға берілген бір немесе бірнеше тұруға арналмаған үй-жайды техникалық күтіп-ұстау, күзету және қызмет көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру.

30. Егер мұндай сатып алу мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тізбе бойынша жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылған жағдайда, сатып алу қорытындыларын жасағанға және сатып алу туралы шарт (келісімшарт) күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы мұқтаждықты сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік. Бұл жағдайда, сатып алу көлемі сатып алуды өткізу мерзімі ішінде, бірақ 2 айдан аспайтын мерзімде тапсырыс берушінің мұқтаждығын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарлар санынан, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінен аспауға тиіс.

31. Жедел-ізвестіру қызметін, осы әрекеттерді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдардың тексеру әрекеттерін жүзеге асыру үшін, мүше мемлекеттің заңнамасына

сәйкес мемлекеттік қорғауға жататын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнайы оқу білімі бар лауазымды тұлғалар мен мамандардың көрсетілетін қызметтерін сатып алу.

32. Табиғат пайдалану құқығын алу.

33. Шетелдерде қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

34. Рейтингтік агенттіктердің көрсетілетін қызметтерін, қаржылық көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

35. Зағип және нашар көретін азаматтар үшін мамандандырылған кітапханалардың көрсетілетін қызметтерін сатып алу.

36. Бағалы қағаздарды және заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы (жарғылық қорындағы) үлестерін сатып алу.

37. Мүше мемлекетте сайлау және референдум өткізу үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделген тізбе бойынша сатып алу.

38. Мүше мемлекеттің жоғары атқарушы билік органы бекіткен тізбе бойынша мүше мемлекеттің халықаралық шарттарына сәйкес, сондай-ақ мүше мемлекет мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдар қаржыландыратын инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

39. Мемлекеттік шекара сызығының өтуін делимитациялауды, демаркациялауды және тексеруді, сондай-ақ мүше мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау мақсатында теңіз кеңістігін делимитациялауды геодезиялық, картографиялық, топографиялық және гидрографиялық қамтамасыз етуді сатып алу туралы шарт (келісімшарт) жасасу.

40. Мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметі қайырымдылық және халықаралық сипаттағы шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар өтеусіз негізде мүше мемлекеттің жоғары атқарушы билік органына беретін гранттардың ақшалай қаражаттарын, сондай-ақ оларды ұсыну туралы келісімдерде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың өзге рәсімдері көзделген жағдайларда, осы гранттарды қоса қаржыландыруға бөлінетін ақшалай қаражатты пайдалануға байланысты тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

41. Жеке тұлғалар үшін (егер жеке тұлға білім беру ұйымын өз бетінше таңдаған жағдайда) мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

42. Мүше мемлекеттердің азаматтарын шетелде емдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ оларды тасымалдау және ілесіп жүру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

43. Сатып алынатын тауарларға және көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтары бар тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

44. Мүше мемлекеттің шетелдегі мекемелерінің, олардың атынан жұмыс істейтін тапсырыс берушілердің оқшауланған бөлімшелерінің шет мемлекеттің аумағында өз қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ бітімгершілік операциялар мақсаттары үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

45. Халықаралық ақпараттық ұйымдардың ақпарат беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуы.

46. Монетарлық қызметті, сондай-ақ мүше мемлекеттің ұлттық қорын және зейнетақы активтерін басқару жөнінде қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

47. Халықаралық төрелікте, халықаралық коммерциялық төрелікте және шетелдік сот органдарында мемлекеттің не тапсырыс берушілердің мүдделерін қорғау және мүдделерін білдіру жөніндегі консультациялық және заңдық көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

48. Мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалған тұлғадан мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

49. Статистикалық бақылау деректерін өңдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

50. Мүше мемлекеттің банкроттық туралы заңнамасына, жер заңнамасына сәйкес және мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде жүргізілетін, атқарушылық іс жүргізу туралы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес сот орындаушылары сауда-саттықта (аукциондарда) өткізетін мүлікті (активтерді) сатып алу.

51. Адвокаттардың мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес оған ақы төлеуден босатылған тұлғаларға көрсететін қызметтерін сатып алу.

52. Мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген жағдайда, нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін мемлекеттік материалдық резервке тауарлар сатып алу.

53. Мемлекеттік материалдық резервке материалдық құндылықтарды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

54. Мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген жағдайда, ғарышкерлерді даярлау және ғарышкерлердің ғарышқа ұшуын ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ ғарыш аппараттарын жобалау, жинау және сынау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

55. Мамандандырылған авиажөндеу кәсіпорындарында авиациялық техниканы жөндеу жөніндегі көрсетілетін қызметті сатып алу.

56. Мемлекеттік және ведомстволық наградаларды және олардың құжаттарын, мүше мемлекеттің заң шығару органы депутатының омырау белгісін және оның құжатын, мемлекеттік сенім таңбаларын, мүше мемлекет азаматтарының паспорттары (оның ішінде қызметтік және дипломатиялық) мен жеке куәліктерін, шетелдіктің мүше мемлекетте тұруға арналған ықтиярхатын, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігін, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді дайындау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ мүше мемлекеттің жоғары атқарушы билік органы айқындаған өнім берушілерден мүше мемлекеттің жоғары атқарушы билік органы бекіткен тізбе бойынша арнайы қорғаныс дәрежесін талап ететін баспа өнімдерін сатып алу.

57. Мемлекеттік бағалы металдар мен бағалы тастар қорын толықтыру үшін бағалы металдар мен бағалы тастарды сатып алу.

58. Ауыр жұмыстарда, зиянды (аса зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарда, сондай-ақ қауіптілігі жоғары, машиналарға және механизмдерге байланысты жұмыстарда істейтін жұмыскерлері міндетті медициналық қарап-тексеру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

59. Мүше мемлекеттің спорттық ұлттық және құрама командаларына қатысу және (немесе) дайындау үшін, сондай-ақ мүше мемлекеттің спорттық ұлттық және құрама командаларының олимпиадалық, паралимпиадалық, дефлимпиадалық және басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысуы үшін осы салады реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы бекіткен күнтізбелік жоспар негізінде қажетті спорт мүкәммалын және жабдықтарды (жарақтарды), спорт керек-жарақтарын сатып алу.

60. Мүше мемлекеттің саяси, экономикалық немесе әлеуметтік тұрақтылығына немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне қауіп төндіретін ахуал туындаған жағдайларда, мүше мемлекет басшысының немесе мүше мемлекет үкіметінің кезек күттірмейтін шығындарына арналған резервінен бөлінген қаражат есебінен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

61. Құқық қорғау және жарылғыш заттарды және жарылғыш құралдарды табуға және залалсыздандыруға, терроризмге қарсы операцияларды, сондай-ақ кепілге алынған адамдарды босату, қарулы қылмыскерлерді, экстремистерді, террористерді, ұйымдасқан қылмыстық топтардың мүшелерін, ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған адамдарды ұстау және залалсыздандыру жөніндегі арнайы операцияларды жүргізуге байланысты арнайы мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

62. Дене және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организмінің функциялары біржола бұзылған адамдарға (бірнеше адамнан тұратын отбасыларға) және (немесе) белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарға, сондай-ақ жасының ұлғаюына

байланысты өзіне-өзі күтім жасауға қабілетсіз адамдарға (бірнеше адамнан тұратын отбасыларға) ұсынылатын арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемінде көзделген арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі көрсетілетін қызметті сатып алу.

63. Мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған жағдайларда, халық көркемөнер кәсіпшілігі бұйымдарын сатып алу.

Сатып алуды реттеу тәртібі  
туралы хаттамаға  
№ 4 қосымша

### **Сатып алу аукцион арқылы жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі**

1. Ауыл шаруашылығы өнімі, аңшылық кәсіпшілік өнімі, аңшылыққа, жабайы құс кәсіпшілігі мен оны өсіруге байланысты тірі жануарлардан, өнімдерден және көрсетілетін қызметтерден, сондай-ақ аңшылық өнімі мен жабайы құс кәсіпшілігінен басқа, ауыл шаруашылығы мен аңшылықтағы көрсетілетін қызметтер.\*

2. Орман шаруашылығы және ағаш дайындау өнімдері, орман өсіру және ағаш дайындау үшін көрсетілетін қызметтер.

3. Балық аулау, балық питомниктері мен балық фермаларының өнімдері, балық аулауға байланысты көрсетілетін қызметтер.\*

4. Таскөмір және лигнит, торф.

5. Шикі мұнай және табиғи газ, іздестіру жұмыстарынан басқа, оларды өндіру жөнінде көрсетілетін қызметтер.

6. Металл кендері.

7. Тас, саз, құм және минералды шикізаттың басқа да түрлері.

8. Тамақ өнімдері және сусындар.\*

9. Тоқыма және тоқыма бұйымдары.

10. Бала киімдерін қоспағанда, киім, тері және теріден жасалған бұйымдар.

11. Былғары және былғарыдан жасалған бұйымдар, қайыс-ер бұйымдары, аяқ киім.

12. Жиһаздан басқа, сүрек, сүректен жасалған бұйымдар, тығындар, шығыр және өрімдер.

13. Целлюлоза, қағаз, картон және олардан жасалатын бұйымдар.

14. Жарнама материалдарынан, суреттерден, сызбалардан, басып шығарылған фотосуреттерден, кәдесый және сыйлық жиындарынан (қойын дәптер және жазба кітапшалары), сайлаулар мен референдумдарда дауыс беруге арналған бюллетеньдерден басқа полиграфиялық және баспа өнімдері.

15. Кокс пештерінің өнімдері.

16. Органикалық және бейорганикалық синтез өнімдері.

17. Резеңке және полимер бұйымдары.

18. Шыны шаруашылық-тұрмыстық бұйымдары мен интерьерге арналған бұйымдардан, сондай-ақ керамикалық құрылыстық емес отқа төзімсіз бұйымдардан басқа, металл емес минералдық өнімдер.

19. Металлургия өнеркәсібінің өнімі.

20. Машиналардан, жабдықтардан, ядролық реакторлар мен ядролық реакторлардың бөліктерінен, зарядталған бөлшектерді жеделдеткіштерден басқа, металды қайта өңдеу өнімдері.

21. Қару-жарақтан, оқ-дәрі мен олардың детальдарынан, халықтық-шаруашылық мақсаттағы жарылғыш құрылғылар мен жарылғыш заттардан басқа, өзге топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар.

22. Офистік және есептеу техникасы.

23. Басқа топтамаларға енгізілмеген электр қозғалтқыштары мен электртехникалық аппаратура (оның ішінде, электр жабдықтар).

24. Радио, теледидар және байланыс үшін жабдық және аппаратура.

25. Медициналық жабдық және аппаратура, өлшеу құралдары, фото- және киноаппаратура (мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында айқындалған медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды қоспағанда).

26. Автомобильдер, тіркемелер мен жартылай тіркемелер, автомобильдерге арналған шанақтар, автомобильдерге арналған детальдар мен керек-жарақтар, гараж жабдығы.

27. Сауда және жолаушылар кемелерінен, әскери корабльдерден, әуе және ғарыштық ұшу аппараттарынан, ұшу аппараттарының жабдықтары мен детальдарынан басқа, өзге көлік құралдары.

28. Зергерлік бұйымдар мен олармен аралас тауарлардан, музыкалық аспаптардан, ойындар мен ойыншықтардан, еңбек процесін оқытуға арналған жабдықтан, мектеп оқу құралдары мен жабдықтарынан, көркем кәсіпшілік бұйымдарынан, өнер туындылары мен коллекциялау заттарынан, экспозицияланған кинопенкалардан, адам шашынан, жануарлар қылынан, синтетикалық материалдардан жасалған шаштардан және одан жасалатын бұйымдардан басқа, дайын бұйымдар.

29. Жаңа шикізат ретінде пайдалану үшін жарамды нысандағы қалдықтар мен сынықтар.

30. Автомобильдер мен мотоциклдер саудасы, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөнінде көрсетілетін қызметтер.

31. Автомобильдер мен мотоциклдер саудасы жөнінде көрсетілетін қызметтерден басқа, көтерме және комиссиялық сауда қызметтері.

32. Теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтерінен, метрополитеннің көрсетілетін қызметтерінен, құбыржолдар арқылы тасымалдаудың көрсетілетін қызметтерінен басқа, құрлықтағы көліктің көрсетілетін қызметтері.

33. Су көлігінің көрсетілетін қызметтері.

34. Көліктік көмекші және қосымша көрсетілетін қызметтер, саяхат бюросы мен туристік агенттіктердің көрсетілетін қызметтерінен, туристерге көмек көрсету жөніндегі басқа да көрсетілетін қызметтерден басқа, туризм және экскурсия саласындағы көрсетілетін қызметтер.

35. Ұлттық поштаның көрсетілетін қызметтерін, электр байланысының көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, курьерлік көрсетілетін қызметтерден басқа байланыс.

36. Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан, облигациялық қарыздар шығаруды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтерден басқа, қаржы делдалдығы бойынша көрсетілетін қызметтер

37. Бағалау қызметтерін қоспағанда, қаржы делдалдығына қатысты қосалқы болып табылатын көрсетілетін қызметтер.

38. Офистерге арналған ұйымдастыру техникасына, электрондық есептеу машиналарына және олармен бірлесіп пайдаланылатын перифериялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөнінде көрсетілетін қызметтер.

39. Ғимаратты жинау жөнінде көрсетілетін қызметтер.

40. Орау жөнінде көрсетілетін қызметтер.

41. Қоқыстарды жою, санитариялық өңдеу жөнінде көрсетілетін қызметтер және осыған ұқсас қызметтер.

---

\* Балалар үшін тәрбиелік, білім беру процестерін жүзеге асыратын ұйымдарда, медициналық ұйымдарда, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері мен балалардың демалыс ұйымдарында, көрсетілген мекемелер мен ұйымдар үшін қоғамдық тамақтану қызметтерін сатып алудан басқа.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 26 ҚОСЫМША

## **Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мен қорғау туралы ХАТТАМА**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың XXIII бөліміне сәйкес әзірленген және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мен қорғау саласындағы қатынастарды реттейді.

2. Зияткерлік меншік объектілері деп ғылым, әдебиет және өнер туындылары, электрондық есептегіш машиналарға арналған бағдарламалар (компьютерлік бағдарламалар), фонограммалар, орындаулар, тауар белгілері және қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқаулықтар, тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары, өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер,



интегралды микросхемалар топологиясы, өндірістің құпиялары (ноу-хау), сондай-ақ халықаралық шарттарға, Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құқықтық қорғау берілетін басқа да зияткерлік меншік объектілері түсініледі.

## **II. Авторлық құқық пен сабақтас құқықтар**

3. Авторлық құқық ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады. Туынды авторына, атап айтқанда, мынадай құқықтар тиесілі:

- 1) туындыға айрықша құқық;
- 2) авторлық құқық;
- 3) есім құқығы;
- 4) туындыға қолсұғылмаушылық құқығы;
- 5) туындыны жариялау құқығы;
- 6) мүше мемлекеттердің заңнамасымен белгіленгеннен өзге де құқықтар.

4. Мүше мемлекеттер автор туындысының айрықша құқық қорғау мерзімдерін, серіктес авторлықта жасалған туындыға айрықша құқықты, автор қайтыс болғаннан кейін жарияланған туындыға айрықша құқықты қамтамасыз етуге міндетті, оның мерзімі 1886 жылғы 9 қыркүйектегі Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясында (1971 жылғы редакция), 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымының Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімінде белгіленген мерзімдерден төмен болмайды. Мүше мемлекеттердің заңнамасында көрсетілген құқықтарды қорғаудың ұзақ мерзімдері бекітілуі мүмкін.

Бастапқы мәтін мен объектілік кодты қоса алғанда, электронды есептеуіш машиналарға арналған бағдарламалар (компьютерлік бағдарламалар) 1886 жылғы 9 қыркүйектегі Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясына сәйкес (1971 жылғы редакция) әдеби туындылар ретінде қорғалады.

Материалдардың іріктелуі мен орналасуына қарай шығармашылық нәтижесі болып табылатын құрамдас туындылар (энциклопедиялар, жинақтар және өзге де туындылар) құрамдас туындының бір бөлігін құрайтын туындылардың әрбір авторының құқықтарына нұқсан келтірілместен қорғалады. Құрамдас туындының авторына құрастырушылыққа авторлық құқық (материалды тандау және орналастыру) беріледі. Бұл ретте, құрамдас туындылар, олар негізделген немесе олар қамтитын туындының авторлық құқық объектісі болуына не болмауына қарамастан, авторлық құқықпен қорғалады.

Туынды шығармалар (аудармалар, бейімдеулер, музыкалық өңдеулер және басқа да әдеби немесе көркем шығарманың қайта түзетіліп өзгеруі) түпнұсқалық туынды авторының құқықтарына нұқсан келтірілместен, түпнұсқалық туындылармен тең қорғалады. Туынды шығарма авторы жасалған аударманың және басқа (түпнұсқалық) шығарманың өзге де өңделуіне авторлық құқығына ие.

5. Мүше мемлекеттер құқық иелеріне кинематографиялық туындыларға қатысты авторлық құқықпен қорғалған туындыларының түпнұсқаларын немесе олардың көшірмелерін басқа мүше мемлекеттердің аумағында коммерциялық түрде көпшілікке прокаттауға рұқсат беру немесе тыйым салу құқығын береді.

6. Мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген орындаушылық қызметтің (орындаушылықтың) нәтижесінде, фонограммаларға және өзге де құқықтарға мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар авторлық құқықпен сабақтас (сабақтас құқықтар) болып табылады.

Шығармашылық еңбегі мен туындыны орындаған жеке тұлға орындаушы деп танылады, орындаушы әртіс (актер, әнші, музыкант, биші немесе рөл сомдайтын, оқитын, көркемдеп оқитын, ән айтатын, музыкалық аспапта ойнайтын немесе әдебиет, өнер немесе халық шығармашылығы туындыларын, соның ішінде эстрадалық, цирк немесе қуыршақ нөмірін орындауға қатысатын басқа тұлға), сондай-ақ қойылымның қоюшы режиссері (театр, цирк, қуыршақ, эстрада қойылымын немесе басқа театр-ойын-сауық көрінісін қойған адам) және дирижер.

Мүше мемлекеттер өзара келісім негізінде мүше мемлекеттердің орындаушыларына мынадай құқықтарды береді:

орындауға айрықша құқық;

есім құқығы - фонограмма даналарында өз есімін немесе бүркеншік атын көрсету құқығы және орындауды пайдаланудың өзге де жағдайларында, туындыны пайдалану сипаты орындаушының есімін немесе орындаушылар ұжымының атауын көрсетуге мүмкіндікті болғызбаған жағдайды қоспағанда, орындаушылар ұжымының атауын көрсету құқығы;

мүше мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген өзге де құқықтар.

7. Орындаушылар өз құқықтарын орындалатын туындылар авторларының құқықтарын сақтай отырып жүзеге асырады.

Орындаушының құқықтары орындалатын туындыға авторлық құқықтардың болуына не болмауына қарамастан, танылады және қолданылады.

8. Фонограмманы жасаушы (өндіруші) деп орындау дыбыстарының немесе басқа дыбыстардың не осы дыбыстар кейпінің алғаш жазбасы үшін бастаманы және жауапкершілікті өз мойнына алған адам танылады. Дәлелдер болмаған кезде, фонограмманың өзге жасаушысы (өндірушісі) деп есімі немесе атауы қарапайым түрде фонограмманың данасында және (немесе) оның қаптамасында көрсетілген адам танылады.

Мүше мемлекеттердің фонограммалар жасаушыларына (өндірушілеріне) мүше мемлекеттер мынадай құқықтар береді:

фонограммаларға айрықша құқық;

мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген өзге де құқықтар.

9. Мүше мемлекеттер орындауға айрықша құқықты, фонограммаға айрықша құқықты қорғау мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді, олар 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымының Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісіміне және 1961 жылғы 26 қазандағы Орындаушылардың, фонограммаларды жасаушылар мен хабар таратушы ұйымдардың құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияға белгіленген мерзімдерден төмен болмайды. Мүше мемлекеттердің заңнамасында көрсетілген құқықтарды қорғаудың ұзақ мерзімдері бекітілуі мүмкін.

10. Құқықтарды ұжымдық басқару ұйымы, егер мүше мемлекеттердің заңнамасында өзгеше көзделмеген болса, авторлардан, орындаушылардан, фонограммаларды дайындаушылардан (өндірушілерден) және авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың басқа да иеленушілерінен алынған өкілеттіктер, сондай-ақ авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін авторлардың және өзге де құқық иеленушілердің сыйақы алуын қамтамасыз ету мақсатында, ұжымдық негізде, тиісті құқықтарды басқару саласында құқықтарды ұжымдық басқару бойынша басқа да ұйымдардан алынған өкілеттіктер негізінде жұмыс істейтін ұйым болып табылады.

Авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін құқыққа сыйымды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында құқықтарды ұжымдық басқару ұйымдарының қызметімен байланысты қатынастар Одақ шеңберінде халықаралық шартпен реттеледі.

### **III. Тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілері**

11. Тауар белгісі мен қызмет көрсету белгісі (бұдан әрі - тауар белгісі) - мүше мемлекеттің заңнамасына және мүше мемлекеттер қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес қорғалатын және бір азаматтық айналым қатысушыларының тауарларын және (немесе) көрсетілетін қызметтерін басқа бір азаматтық айналым қатысушыларының тауарларынан және (немесе) көрсетілетін қызметтерінен жеке-дара ету үшін қызмет ететін белгілеу болып табылады.

Мүше мемлекеттердің заңнамалық актілеріне сәйкес тауар белгісі ретінде сөзбен көрсетілетін, бейнелі, көлемдік және басқа да белгілеулер мен олардың комбинациялары тіркелуі мүмкін. Тауар белгісі кез келген түсте немесе түс үйлесімінде тіркелуі мүмкін.

12. Тауар белгісінің құқық иеленушісі мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тауар белгісін қолданудың айрықша құқығына және осы айрықша құқыққа иелік ету құқығына ие, сондай-ақ басқа тұлғаларға тауар белгісін немесе біртектес тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге қатысты айырғысыз ұқсас белгілеуді пайдалануға тыйым салу құқығына ие.

13. Тауар белгісін бастапқы тіркеудің қолданылу мерзімі 10 жылды құрайды. Көрсетілген мерзім тауар белгісінің құқық иеленушісінің өтініш жасауы бойынша кемінде 10 жыл мерзімге шексіз рет ұзартыла алады.

Құқық иеленушіге байланысты емес мән-жайлар бойынша тауар белгісі пайдаланылмаған жағдайларды қоспағанда, осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен тауар белгісі тіркелгеннен кейін кез келген үш жыл ішінде үзіліссіз пайдаланылмауы салдарынан осы мүше мемлекеттің аумағында, жеке-дара ету үшін тауар белгісі тіркелген барлық тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге немесе тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің бір бөлігіне қатысты мүше мемлекеттің аумағында тауар белгісін құқықтық қорғау мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Аумағында осы тауар белгісі тіркелген мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша тауар белгісіне құқықтық қорғауды беруге қарсы дауласуға және оны жарамсыз деп тануға болады.

#### **IV. Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері және Еуразиялық экономикалық одақтың қызмет көрсету белгілері**

14. Мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгісін және Еуразиялық экономикалық одақтың қызмет көрсету белгісін (бұдан әрі - Одақтың тауар белгісі) тіркейді. Одақтың тауар белгісіне барлық мүше мемлекеттердің аумағында құқықтық қорғау беріледі.

Одақтың тауар белгісі ретінде графикалық түрде ұсынылған белгілеулер тіркелуі мүмкін.

Одақтың тауар белгісінің құқық иеленушісі мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Одақтың тауар белгісін пайдалануға айрықша құқыққа және осы айрықша құқыққа иелік ету құқығына ие, сондай-ақ басқа тұлғаларға Одақтың тауар белгісін немесе біртектес тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге қатысты айырғысыз ұқсас белгілеуді пайдалануға тыйым салуға құқығына ие.

15. Мүше мемлекеттер аумағында Одақтың тауар белгісін тіркеуге, құқықтық қорғауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастар Одақ шеңберінде халықаралық шартпен реттеледі.

#### **V. Тауар белгісіне, Одақтың тауар белгісіне айрықша құқықтың тоқтатылу қағидаты**

16. Мүше мемлекеттердің аумақтарында тауар белгісіне, Одақтың тауар белгісіне айрықша құқықтың мынадай тоқтатылу қағидаты қолданылады, оған сәйкес тауар белгісінің және (немесе) Одақтың тауар белгісінің тікелей құқық иеленушісі немесе оның келісімімен басқа да адамдар кез келген мүше мемлекеттің аумағына азаматтық айналымға құқыққа сай енгізген адамдарға қатысты осы тауар белгісін, Одақтың тауар

белгісін пайдалану тауар белгісіне, Одақтың тауар белгісіне айрықша құқықты бұзу болып табылмайды.

## **VI. Географиялық нұсқаулар**

17. Егер тауар сапасы, беделі немесе басқа да сипаттамасы айтарлықтай дәрежеде оның географиялық шығу тегіне байланысты болса, географиялық нұсқау деп - мүше мемлекеттің аумағынан, өңірінен немесе осы аумақ жерінен шыққан тауар сәйкестендіріледі.

18. Егер құқықтық қорғау осы бір мүше мемлекеттің заңнамасында немесе өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделсе, мүше мемлекет аумағында географиялық нұсқауға құқықтық қорғау берілуі мүмкін.

## **VII. Тауардың шығарылған жерінің атауы**

19. Құқықтық қорғау берілген тауардың шығарылған жерінің атауы - қазіргі заманғы немесе тарихи, ресми немесе бейресми, елдің, қалалық немесе ауылдық қоныстың, жергілікті жердің немесе басқа географиялық объектінің толық немесе қысқартылған атауын білдіретін не қамтитын белгілеу, сондай-ақ осындай атаудан туындаған және оны ерекше қасиеттері айрықша немесе басты түрде осы географиялық объектіге тән табиғи шарттармен және (немесе) адами факторлармен айқындалатын тауарларға қатысты пайдалану нәтижесінде танымал болған белгілеу болып табылады.

Көрсетілген ережелер белгілі бір географиялық объектінің аумағынан шығарылатын тауарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін және дегенмен, осы объектінің атауы жазылмаса да, тауарға қатысты осы белгілеуді пайдалану нәтижесінде белгілі болған, ерекше қасиеттері осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген талаптарға сай келетін белгілеуге қолданылады.

20. Географиялық объект атауын білдіретін немесе қамтитын, бірақ жалпы қолданысқа оның өндірілген жеріне байланысы жоқ белгілі бір тауар түрін белгілеу ретінде енген белгілеу тауардың шығарылған жерінің атауы деп танылмайды.

Тауардың шығарылған жерлердің атауларына құқықтық қорғауды беру мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздемелер бойынша дау болуы және жарамсыз деп танылуы мүмкін.

21. Тауардың шығарылған жерлердің атауларына қатысты мүше мемлекеттер мүдделі тараптарға мыналардың:

1) осы тауардың шын мәнінде шығарылған жерінен бөлек географиялық ауданда шығарылды деп көрсететін немесе ассоциация туғызатын, осылайша тауардың шығарылған жері мен ерекше қасиеттеріне байланысты тұтынушыны шатастыратын, тауарды белгілеу немесе таныстыру кезінде кез келген құралдарды пайдаланудың;

2) 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының 10-bis бабының мағынасы бойынша жосықсыз бәсекелестік актісін білдіретін кез келген пайдаланудың алдын алуға мүмкіндік беретін құқықтық шараларды көздейді.

### **VIII. Еуразиялық экономикалық одақтың тауары шығарылатын жердің атауы**

22. Мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық одақтың тауары шығарылған жерлердің атауларын (бұдан әрі - Одақ тауарының шығарылған жерінің атауы) тіркеуді жүзеге асырады. Одақ тауарының шығарылған жерінің атауына құқықтық қорғау барлық мүше мемлекеттердің аумағында бір мезгілде ұсынылады.

23. Тіркеуге, құқықтық қорғауға және мүше мемлекет аумағында Одақ тауарының шығарылған жерінің атауын пайдалануға байланысты туындайтын қатынастар Одақ шеңберіндегі халықаралық шартпен реттеледі.

### **IX. Патенттік құқықтар**

24. Өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге құқық, мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен қорғалады және ол өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге басымдықты, авторлықты және айрықша құқықты куәландырады.

25. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің авторына мынадай құқықтар тиесілі:

- 1) өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық;
- 2) авторлық құқық.

26. Мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларда, өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі авторына басқа да құқықтар, оның ішінде патент алу құқығы, қызметтік өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні пайдаланғаны үшін сыйақы алу құқығы тиесілі.

27. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқықты қолдану мерзімі:

- 1) өнертабыстар үшін - кемінде 20 жылды;
- 2) пайдалы модельдер үшін - кемінде 5 жылды;
- 3) өнеркәсіптік үлгілер үшін - кемінде 5 жылды құрайды.

28. Өнертабыс, пайдалы модель немесе өнеркәсіптік үлгіге патент - патент иесіне мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға айрықша құқық береді, сондай-ақ басқа адамдардың көрсетілген объектілерді пайдалануына тыйым салу құқығын береді.

29. Мүше мемлекеттер патентпен берілетін құқықтық шектеулерді көздеуге құқылы, бұл ретте, мұндай шектеулер өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні қалыпты пайдалануға ақталмайтын залал келтірмеуі және үшінші тұлғалардың заңды мүдделерін ескере отырып, патент иесінің заңды мүдделеріне негізсіз түрде нұқсан келтірмеуі тиіс.

## **X. Селекциялық жетістіктер**

30. Өсімдік сорттарына және жануарлар тұқымдарына (селекциялық жетістіктерге) құқықтарды қорғау мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Селекциялық жетістіктердің авторына мынадай құқықтар тиесілі:

- 1) селекциялық жетістіктерге айрықша құқық;
- 2) авторлық құқық.

32. Мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларда селекциялық жетістіктердің авторына басқа да құқықтар, оның ішінде патент алу құқығы, селекциялық жетістікті атау құқығы, қызметтік селекциялық жетістікті пайдаланғаны үшін сыйақы алу құқығы тиесілі.

33. Селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданылу мерзімі өсімдіктер сорттары, жануарлар тұқымы үшін 25 жылдан кем емес мерзімді құрайды.

## **XI. Интегралды микросхемалар топологиясы**

34. Интегралды микросхемалар топологиясы материалды жеткізгіште тіркелген интегралды микросхема элементтерінің және олардың арасындағы байланыстар жиынтығының кеңістік-геометриялық орналастырылуы болып табылады.

35. Интегралды микросхема топологиясына зияткерлік меншік құқығы мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қорғалады.

36. Интегралды микросхема топологиясының авторына мынадай құқықтар тиесілі;

- 1) интегралды микросхема топологиясына айрықша құқық;
- 2) авторлық құқық.

37. Мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларда, интегралды микросхема топологиясының авторына басқа да құқықтар, оның ішінде қызметтік топологияны пайдаланғаны үшін сыйақы алу құқығы тиесілі.

38. Интегралды микросхема топологиясының айрықша құқығының қолдану мерзімі 10 жылды құрайды.

## **XII. Өндірістік құпия (ноу-хау)**

39. Өндірістік құпия (ноу-хау) деп кез келген сипаттағы (өндірістік, техникалық, экономикалық, ұйымдастырушылық және басқа да) мәліметтер, оның ішінде

ғылыми-техникалық саладағы зияткерлік қызмет нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ үшінші тұлғалар заңды негізде еркін қол жеткізе алмайтын мәліметтердің үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты шынайы және әлеуетті коммерциялық құндылығы бар және оларды білетіндерге қатысты коммерциялық құпия режимі енгізілген кәсіптік қызметті жүзеге асыру тәсілдері туралы мәліметтер танылады.

40. Өндірістік құпияны (ноу-хау) құқықтық қорғау мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ұсынылады.

### **ХІІІ. Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөніндегі құқық қолдану шаралары**

41. Одақ шеңберінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөніндегі мүше мемлекеттердің іс-қимылын үйлестіру Одақ шеңберіндегі халықаралық шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 27 ҚОСЫМША

### **Өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы ХАТТАМА**

1. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"экономикалық қызметтің басым түрлері" - өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын іске асыруға арналған басымдықтар ретінде барлық мүше мемлекеттер айқындайтын қызмет түрлері;

"өнеркәсіптік кооперация" - мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өнеркәсіп саласындағы өзара тиімді орнықты ынтымақтастығы;

"Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясат" - мүше мемлекеттердің дербес және Комиссияның консультациялық қолдауымен және үйлестіруімен жүзеге асыратын, өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша мүше мемлекеттердің қызметі;

"өнеркәсіп" - экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық сыныптауыштарына сәйкес тағамды қайта өңдеуді қоспағанда, өндірілетін және өңделетін өнеркәсіпке жататын қызметтің экономикалық түрлерінің жиынтығы. Өнеркәсіптік қызметтің басқа түрлері Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың тиісті бөліктеріне сәйкес реттеледі;

"өнеркәсіптік кластер" - өзара байланысты өнеркәсіптік және бірін-бірі өзара толықтыратын және соның есебінен өздерінің бәсекелестік артықшылықтарын нығайтатын онымен байланысты ұйымдардың тобы;

"технологиялық тұғырнама" - тиімді коммуникацияны қамтамасыз етуге және барлық мүдделі тараптардың (бизнес, ғылым, мемлекет, қоғамдық ұйымдар) қатысуы негізінде перспективалық коммерциялық технологияларды, жоғары технологиялық,



инновациялық және бәсекеге қабілетті өнім жасауға мүмкіндік беретін инновациялық инфрақұрылым объектісі.

2. Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша мүше мемлекеттердің қызметін консультациялық қолдау және үйлестіру шеңберіндегі Комиссияның өкілеттіктері:

1) мыналарға:

ақпарат алмасуға, консультациялар жүргізуге, өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын, оның ішінде инновациялық қызметтің перспективалық бағыттарын әзірлеуге қатысты мәселелерді талқылау үшін бірлескен алаңдар қалыптастыруға;

Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясатты іске асыруда мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылын тереңдетуге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге;

өнеркәсіптегі реформаларды және құрылымдық қайта құруды жүргізуге, инновациялық қызметті ынталандыруға, өнеркәсіпті дамытуға байланысты мәселелер бойынша тәжірибе алмасуға;

бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу мен іске асыруға;

мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кешендері үшін тәжірибе алмасу бағдарламаларын әзірлеуге;

мүше мемлекеттердің шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өнеркәсіптік кооперацияға тартуға;

ақпараттық өзара іс-қимыл жасауға;

мүше мемлекеттердің өнеркәсіп саласындағы жаһандық экономикалық дағдарыстардың салдарына қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен шараларын әзірлеуге және іске асыруға;

еуразиялық технологиялық тұғырнамаларды қалыптастыру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуге жәрдемдесу;

2) мыналарды:

мүше мемлекеттердің оған қатысушылардың әрқайсысының мүдделерін ескере отырып, өнеркәсіптік ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі ұсынымдарын қарауға енгізуді;

Одақ шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын іске асыруға мониторинг жүргізуді және талдауды;

мүше мемлекеттер үшін өзекті өнеркәсіпті дамыту әдістерін айқындау мақсатында өнеркәсіптік дамытудың әлемдік тәжірибесін зерделеуді жүзеге асыруды;

3) Үкіметаралық кеңестің шешімі бойынша мыналарды:

бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу, қаржыландыру және іске асыру туралы ережелердің жобаларын дайындауды;

Одақ шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастықты дамыту жолындағы әкімшілік және өзге де тосқауылдарды анықтауды және оларды кейіннен жою бойынша ұсыныстар әзірлеуді;

бірлескен өнім өндірудің кооперациялық тізбегін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар дайындауды;

Одақ шеңберінде өнеркәсіп өнімінің нарығына, сондай-ақ үшінші елдердің экспорттық нарықтарына мониторинг жүргізуді;

мүше мемлекеттердің өнеркәсібін дамытуды талдауды;

мүше мемлекеттермен бірлесіп, Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясатты іске асырудың қағидалары, тәртібі мен тетіктері сияқты өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша өзге де (қосымша) құжаттарды, сондай-ақ ынтымақтастық жөніндегі негіздемелік келісімдер әзірлеуді жүргізу болып табылады.

Көрсетілген функциялар тізбесі толық болып табылмайды және ол Үкіметаралық кеңестің шешімі бойынша кеңейтілуі мүмкін.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 28 ҚОСЫМША

## **Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы**

### **ХАТТАМА**

#### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 93-бабына сәйкес әзірленді және өнеркәсіптік тауарларға қатысты субсидиялар беруді реттейтін, оның ішінде өнеркәсіптік тауарларды өндірумен, өткізумен (сақтауды, мүше мемлекеттің аумағынан әкетуді және тасымалдауды қоса алғанда) және (немесе) тұтынумен тікелей байланысты көрсетілетін қызметтерді ұсыну немесе алу кезіндегі бірыңғай қағидаларды белгілейді.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"әкімшілік-аумақтық бірліктер" - Армения Республикасының, Беларусь Республикасының (Минск қаласын қоса алғанда), Қазақстан Республикасының (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын қоса алғанда) және Қырғыз Республикасының (Бішкек және Ош қалаларын қоса алғанда) әкімшілік-аумақтық бірліктері, Ресей Федерациясының субъектілері мен муниципалдық құрылымдары;

"ұқсас тауар" - тауарды өндіру, мүше мемлекеттің аумағынан әкету немесе тасымалдау кезінде өзіндік ерекшелікті субсидия пайдаланылатын тауарға толығымен сәйкес келетін тауар не мұндай тауар болмағанда тауарды өндіру, мүше мемлекеттің аумағынан әкету немесе тасымалдау кезінде өзіндік ерекшелікті субсидия пайдаланылатын тауардың сипаттамасына жақын сипаттамасы бар басқа тауар;

"өтемақы шарасы" - осы шараны енгізуге өтініш берген мүше мемлекеттің экономика саласына субсидиялаушы мүше мемлекеттің өзіндік ерекшелікті субсидияларының теріс әсерін бейтараптандыру жөніндегі шара;

"құзыретті орган" - мүше мемлекеттің тергеп-тексеру жүргізуге жауапты мемлекеттік билік органы;

"ұлттық экономика саласына материалдық залал" - тауарды өндіру, тасымалдау, сақтау кезінде субсидия ұсынған мүше мемлекеттің аумағынан өнеркәсіптік тауарды әкелу салдарынан болған және мүше мемлекеттік аумағында ұқсас тауарды өндіру мен өткізу көлемінің қысқаруынан, осындай тауарды өндіру рентабельділігінің төмендеуінен, тауар қорларына, жұмыспен қамтуға, жалақы деңгейіне және осы салаға салынатын инвестициялардың деңгейіне теріс әсер етуден көрінетін ұлттық экономика саласы жағдайының дәлелдермен расталған нашарлауы;

"ұқсас тауарды ұлттық өндірушілер" - тергеп-тексеру жүргізетін мүше мемлекеттегі ұқсас тауарды өндірушілер;

"ұлттық экономика саласы" - мүше мемлекеттегі ұқсас тауар өндірушілердің барлығы не олардың мүше мемлекеттегі ұқсас тауар өндірудің жалпы көлемінде үлесі кемінде 25 пайызды құрайтындары;

"субсидия алушы" - субсидиядан пайда табушы болып табылатын өнеркәсіптік тауарды өндіруші;

"субсидияланатын тауарды өндірушілер" - өзіндік ерекшелікті субсидияны берген мүше мемлекеттің субсидияланатын тауарын өндірушілер;

"өнеркәсіптік тауарлар" - 25 - 97 ЕАЭО СЭҚ ТН топтарында сыныпталатын тауарлар, сондай-ақ 2905 43 000 0, 2905 44 қосымша позицияларында, 3301, 3501 - 3505 позицияларында, 3809 10 және 3824 60 қосымша позицияларында, 4101 - 4103, 4301, 5001 00 000 0 - 5003 00 000 0, 5101 - 5103, 5201 00 - 5203 00 000 0, 5301, 5302 позицияларында (2905 43 000 0 қосымша позициясы - маннит, 2905 44 қосымша позициясы - сорбит, 3301 позициясы - эфир майлары, 3501 - 3505 позициялары - альбуминоидтық заттар, түрлендірілген крахмалдар, желімдер, 3809 10 қосымша позициясы - сыртқы қабатын өңдеуге арналған заттар, 3824 60 қосымша позициясы - сорбитол, басқа да өнімдер, 4101 - 4103 позициялары - терілер мен былғары шикізаты, 4301 позициясы - өңделмеген аң терісі, 5001 00 000 0 - 5003 00 000 0 позициялары - жібек-тазартылмаған жібек және жібек қалдықтары, 5101 - 5103 позициялары - жүн және жануарлар қылы, 5201 00 - 5203 00 000 0 қосымша позициялары - шитті мақта, мақта қалдықтары, түтілген мақта талшықтары, 5301 позициясы - аршылмаған зығыр, 5302 позициясы - аршылмаған кендір) ЕАЭО СЭҚ ТН-ге сәйкес сыныпталатын тауарларды қоспағанда, балық және балық өнімдері. Тауарлардың келтірілген сипаттамасының толық болуы міндетті емес.

ЕАЭО СЭҚ ТН көрсетілген кодтарының тізбесіне өзгерісті Комиссия Кеңесі енгізеді;

"субсидияланатын тауар" - өндіру, тасымалдау, сақтау немесе субсидиялаушы мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде өзіндік ерекшелікті субсидия пайдаланылған өнеркәсіптік тауар;

"субсидиялаушы мүше мемлекет" - субсидиялаушы орган субсидиялар беретін мүше мемлекет;

"субсидиялаушы орган" - мүше мемлекеттердің субсидия беру саласында шешімдер қабылдайтын бір немесе бірнеше органы не жергілікті өзін-өзі басқару органдары.

"субсидия":

а) нәтижесінде артықшылық берілетін (қамтамасыз етілетін) және:

ақша қаражаттарын тікелей аудару (мысалы, қайтарылмайтын несие, кредиттер түрінде) немесе жарғылық капиталдағы үлесті сатып алу немесе оны ұлғайту немесе осындай қаражаттарды аудару жөніндегі міндеттеме (мысалы, кредиттер бойынша кепілдік);

мүше мемлекеттің кірісіне түсуі тиіс болған төлемдерді алудан толық немесе ішінара бас тарту (мысалы, салықтық жеңілдіктер, борышты есептен шығару) арқылы жүзеге асырылатын, субсидиялаушы органдарға көрсетілетін (немесе мүше мемлекет уәкілеттік берген құрылымға) қаржылық жәрдемдесу. Бұл ретте, ішкі тұтынуға арналған ұқсас тауардан алынатын баждар мен салықтардан экспортталатын өнеркәсіптік тауарды босату не осындай баждар мен салықтарды азайту не іс жүзінде есепке жазылған сомадан аспайтын мөлшерде осындай баждар мен салықтарды қайтару субсидия ретінде қарастырылмайды;

тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсыну (жалпы инфрақұрылымды қолдау және дамыту үшін арналған өнеркәсіптік тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді қоспағанда);

өнеркәсіптік тауарларды сатып алу арқылы жүзеге асырылатын, субсидиялаушы органдарға көрсетілетін (немесе мүше мемлекет уәкілеттік берген құрылымға) қаржылық жәрдемдесу;

б) кез келген мүше мемлекеттің аумағынан өнеркәсіптік тауардың әкелінуін қысқартуға немесе кез келген мүше мемлекеттің аумағына өнеркәсіптік тауардың әкетілуін ұлғайтуға қолданылатын (тікелей немесе жанама), соның нәтижесінде артықшылық берілетін, кірістер мен бағаларды қолдаудың кез келген басқа нысаны;

"ұлттық экономика саласына материалдық залал келтіру қатері" - ұлттық экономика саласына материалдық залал келтірудің дәлелдемелермен расталған болмай қоймайтындығы;

"ұлттық экономика саласына залал" - ұлттық экономика саласына материалдық залал, ұлттық экономика саласына материалдық залал келтіру қатері немесе ұлттық экономика саласын құруды едәуір баяулату.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.12.2014 № 265-V; 02.08.2015 № 346 -V; 15.02.2021 № 6-VII Заңдарымен.**

## **II. Өзіндік ерекшелікті субсидиялар**

3. Субсидиялаушы органның өкілеттілігі қолданылатын аумақтың шегінде субсидия өнеркәсіп кәсіпорны немесе өнеркәсіп саласы немесе өнеркәсіптік кәсіпорындар топтары немесе өнеркәсіп салалары (бұдан әрі - белгілі бір кәсіпорындар) үшін ерекше болып табылатынын айқындау үшін мынадай қағидаттар қолданылады:

1) егер субсидиялаушы орган немесе оған сәйкес субсидиялаушы орган әрекет ететін құқықтық акт белгілі бір кәсіпорындар үшін ғана субсидияларға қол жеткізуді айқын шектесе, мұндай субсидия - өнеркәсіптік кәсіпорындар тобына немесе өнеркәсіп салаларының тобына субсидиялаушы мүше мемлекеттің аумағындағы барлық өнеркәсіптік кәсіпорындар немесе өнеркәсіп салалары кірмейтін жағдайда, ерекше ретінде қаралады;

2) егер субсидиялаушы орган немесе оған сәйкес субсидиялаушы орган әрекет ететін құқықтық акт субсидияны алуға және оның мөлшеріне құқықты айқындайтын объективті критерий немесе шарттар (бейтарап болып табылатын, кейбір кәсіпорындар үшін басқа кәсіпорындармен салыстырғанда артықшылықтар бермейтін, сипаты жағынан экономикалық және қолдану тәсіліне қарай деңгейлес болып табылатын критерийлер, мысалы, жұмыспен қамтылғандар саны немесе кәсіпорындардың мөлшері сияқты) белгілесе, мұндай субсидия - оны алу құқығы автоматты болған кезде және осындай критерийлер мен шарттар қатаң түрде орындалған кезде ерекше ретінде қаралмайды. Критерийлер мен шарттар заңда, нұсқаулықта, құқықтық актіде немесе басқа да ресми құжаттарда оларды тексеруге болатындай анықталуы тиіс;

3) егер, осы тармақтың 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген қағидаттарды қолданудан туындайтын ерекшелік болмаудың көрінуіне қарамастан, субсидия шын мәнінде ерекше болуы мүмкін деп пайымдауға негіз болса, онда мынадай факторлар назарға алынуы мүмкін (бұл ретте, субсидиялаушы органның өкілеттігі қолданылатын аумақ шегіндегі экономикалық қызметті әртараптандыру дәрежесі, сондай-ақ осындай субсидия қолданылатын уақыт ұзақтығы ескерілгені жөн):

белгілі бір кәсіпорындардың шектеулі санының субсидияны пайдалануы;

белгілі бір кәсіпорындардың субсидияны артықшылықпен пайдалануы;

кейбір кәсіпорындарға субсидиялардың қомақты сомасының пропорционалды емес бөлінуі;

субсидия беру туралы шешім қабылдау кезінде субсидиялаушы орган ие дискреттілікті пайдалану тәсілі (осы тұрғыдан, көбінесе, субсидиялауға өтінімдерден бас тарту немесе оны мақұлдау жиілігі туралы ақпарат және тиісті шешімдердің уәжі назарға алынады).

4. Субсидиялаушы органның өкілеттілігі қолданылатын

аумақтың бір бөлігі болып табылатын, белгіленген географиялық

өңірде орналасқан белгілі бір кәсіпорындардың пайдалануы шектелген субсидия ерекше болып табылады. Мүше мемлекеттің мемлекеттік органының өзінің өкілеттігі

қолданылатын бүкіл аумақ шегінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелерді енгізуі немесе өзгертуі өзіндік ерекшелікті субсидия ретінде қаралмайды.

5. Осы хаттаманың III бөлімінің ережесіне сәйкес келетін кез келген субсидия ерекше ретінде қаралады.

Осы бөлімге сәйкес субсидияның өзіндік ерекшелікті болып табылу фактісін анықтау субсидия ерекшелігі болуының дәлелдемелеріне негізделеді.

6. Мүше мемлекет өзіндік ерекшелікті субсидия беруін келісу мақсатында Комиссияға өтініш білдіруге құқылы.

Мүше мемлекеттер Комиссиямен келісілген мерзімде, шарттарда және көлемдерде берілетін субсидияларға өтемақы шараларын қолданбайды.

Мүше мемлекеттер осы Хаттаманың 7-тармағында көзделген, Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта белгіленген мерзімде міндетті хабар беру тәртібімен өзіндік ерекшелікті субсидияларды беруді көздейтін нормативтік құқықтық актілерді Комиссияға жолдайды.

Егер өзіндік ерекшелікті субсидияны басқа мүше мемлекеттің беруі мүше мемлекеттердің біреуінің ұлттық экономика саласына залал келтіруі мүмкін деп пайымдауға негіз болса, онда мұндай мүше мемлекет Комиссияның тиісті талқылау жүргізуіне бастамашылық етуге құқылы.

Талқылау қорытындылары бойынша ұлттық экономика саласына залал келтірілгені расталған жағдайда, онда Комиссия мұндай өзіндік ерекшелікті субсидия берген мүше мемлекет, егер талқылауға тартылған мүше мемлекеттер осы Хаттаманың 7-тармағында көзделген, Одақ шеңберінде халықаралық шартта белгіленген мерзім ішінде өзгеше уағдаласпаса, залалға әкеп соқтырған жағдайларды жоюға міндетті деп шешім қабылдайды.

Комиссия осындай шешімді орындау үшін ақылға қонымды мерзім белгілейді.

Егер өзіне қатысты көрсетілген шешім қабылданған мүше мемлекет Комиссияның осы шешімін белгіленген мерзімде орындамаса, басқа мүше мемлекеттер Одақ Сотына жүгіне алады.

Осы тармақтың ережелерін қолдану Шарттың 105-бабының 1-тармағында көзделген өтпелі ережелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

7. Мүше мемлекеттер Одақ шеңберінде халықаралық шартпен мыналарды:

өзіндік ерекшелікті субсидияны Комиссиямен ерікті келісу және Комиссияның тиісті шешімдер қабылдау тәртібін;

Комиссияның талқылауды (оның ішінде, осы Хаттамада белгіленген өзіндік ерекшелікті субсидияларды беру және пайдаланудың шарттарын, тәртібін бұзу фактілері бойынша) жүргізу тәртібін;

Комиссия соның негізінде өзіндік ерекшелікті субсидияларға жол берілетіні немесе жол берілмейтіні туралы шешім қабылдайтын критерийлер (оның ішінде, мүше

мемлекеттердің өндірушілері арасындағы қалыптасқан және жаңа кооперациялық байланыстарды дамыту ескеріле отырып);

Комиссияның берілетін субсидиялар туралы ақпаратты сұрату тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Көрсетілген халықаралық шарттың күшіне ену мерзімі Шарттың 105-бабының 1-тармағында көзделген.

8. Егер өзіндік ерекшелікті субсидиялар алу үшін мүше мемлекет субсидияны алушыға (өндірушіге) қатысты белгілі бір тауарды өндіру кезінде технологиялық операцияларды жүзеге асыру қажеттігі туралы талап белгілесе, онда басқа мүше мемлекет өндірушісінің басқа мүше мемлекеттерде мұндай операцияларды жүзеге асыруы Жоғары кеңес айқындаған тәртіпке сәйкес осындай талапты тиісінше орындау деп танылады.

### **III. Тыйым салынған субсидиялар**

9. Субсидиялардың мынадай түрлеріне тыйым салынған:

әкетілетін субсидиялар - берілуі осы субсидияны беретін мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өнеркәсіптік тауарды әкету нәтижелерімен жалғыз немесе бірнеше шарттардың бірі ретінде байланысқан субсидиялар;

алмастырушы субсидиялар - субсидияны беретін мүше мемлекеттің аумағынан шығарылатын өнеркәсіптік тауарларды пайдалана отырып, берілуі жалғыз немесе бірнеше шарттардың бірі ретінде байланысқан субсидиялар.

Байланысқан деп субсидиялаушы мүше мемлекеттің аумағынан өнеркәсіптік тауарды әкету нәтижелерімен немесе осындай мүше мемлекеттің аумағынан шығарылатын өнеркәсіптік тауарды пайдаланумен заңдық тұрғыдан байланысты емес, шын мәнінде іс жүзіндегі немесе күтілетін экспортпен (әкетумен) немесе экспорттық түсіммен (әкету кезіндегі түсіммен) немесе субсидиялаушы мүше мемлекеттің аумағынан шығарылатын өнеркәсіптік тауарларды пайдалану жөніндегі талаптармен байланысты, субсидияларды беру туралы куәландыратын фактілердің болуы түсініледі.

Субсидияның әкетілуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу субъектілеріне берілетіні туралы факт өз-өзінен оны әкетілетін субсидия деп есептеуге негіз болмайды

10. Егер бір мүше мемлекеттің өзіндік ерекшелікті субсидияны беру нәтижесі басқа мүше мемлекеттің ұлттық экономика саласына задал келтіру болып табылса, онда мұндай субсидия тыйым салынған субсидия болып табылады.

Ұлттық экономика саласына залал келтіру осы Хаттаманың V бөліміне сәйкес дәлелденуге тиіс.

11. Мүше мемлекеттер сақталуы өзіндік ерекшелікті субсидиялар алуға қажетті, субсидиялаушы органының нормативтік құқықтық актісінің немесе құқықтық актісінің

негізінде қолданылатын және мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін шараларды сақтамайды және енгізбейді:

1) мынадай:

шаруашылық жүргізу субъектілерінің шараны енгізетін мүше мемлекеттің аумағынан немесе (нақты тауарлар, олардың көлемі немесе құны не олардың жергілікті өндіріс көлемінің немесе құнының үлесін айқындайтынына қарамастан) кез-келген көрсетілген субсидиялаушы органның жергілікті өндіру көзінен шығарылатын өнеркәсіптік тауарларды сатып алу немесе пайдалану;

шараны енгізген мүше мемлекеттің аумағынан шығарылатын өнеркәсіптік тауарлардың осы шаруашылық жүргізуші субъекті әкететін көлемімен немесе құнымен байланысты мөлшерде шаруашылық жүргізуші субъектінің кез келген мүше мемлекеттің аумағынан әкелінетін өнеркәсіптік тауарларды сатып алуын немесе пайдалануын шектеу талабы қамтылатын;

2) мыналарды:

шаруашылық жүргізуші субъектінің кез келген мүше мемлекеттің аумағынан жергілікті өндірісте пайдаланылатын немесе осындай өндіріске қатысы бар өнеркәсіптік тауарларды әкелуін (оның ішінде, шараны енгізетін мүше мемлекеттің аумағынан шығарылатын және басқа мүше мемлекеттің аумағына осы шаруашылық жүргізуші субъект әкететін тауарлардың көлеміне немесе құнына байланысты);

шаруашылық жүргізуші субъектінің кәсіпорынға тиесілі осы валютаның түсім көлемінде кез келген мүше мемлекеттің валютасына қолжетімділікті шектеу арқылы жергілікті өндірісте пайдаланылатын немесе осыған қатысы бар өнеркәсіптік тауарларды кез келген мүше мемлекеттің аумағынан шаруашылық жүргізуші субъектінің әкелуін;

шаруашылық жүргізуші субъектінің кез келген мүше мемлекеттің аумағына өнеркәсіптік тауарларды әкетуін немесе шаруашылық жүргізуші субъектінің (тауардың нақтылығына, олардың көлеміне немесе құнына не осы шаруашылық жүргізу субъектісі жүзеге асыратын олардың жергілікті өндіріс көлемінің немесе құнының үлесіне байланысты) кез келген мүше мемлекеттің аумағында өнеркәсіптік тауарларды сатуын шектейтін.

12. Берілуі кез келген мүше мемлекеттің мүдделеріне елеулі нұқсан келтіруге әкеп соғатын өзіндік ерекшелікті субсидияларға тыйым салынады. Мүше мемлекеттің мүдделеріне елеулі нұқсан келтіру өзіндік ерекшелікті субсидия беру нәтижелері төмендегіше болғанда туындайды:

1) ұқсас тауарды субсидиялаушы мүше мемлекеттің нарығынан ығыстыру немесе кез келген мүше мемлекеттің аумағынан шығарылатын ұқсас тауардың субсидиялаушы мүше мемлекеттің нарығына әкелінуінің өсуін тежеу;



2) үшінші мүше мемлекеттің нарығынан кез келген мүше мемлекеттің аумағынан шығарылатын ұқсас тауарды ығыстыру немесе осындай ұқсас тауардың үшінші мүше мемлекеттің аумағына әкелілуінің өсуін тежеу;

3) өндіру, тасымалдау немесе өзіндік ерекшелікті субсидия пайдаланған субсидиялаушы мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде өнеркәсіптік тауардың бағасын басқа мүше мемлекеттің аумағынан шығарылатын ұқсас тауардың кез келген мүше мемлекеттің нарығындағы бағасына қатысты едәуір төмендету не бағалардың өсуін немесе бағалардың құлдырауын елеулі тежеу немесе сол бір нарықтағы жіберіп алынған сатулар.

13. Осы Хаттаманың 12-тармағында көрсетілген мүдделерге елеулі нұқсан келтіру осы бөлімге сәйкес айқындалады, осы Хаттаманың V бөліміне сәйкес дәлелденеді.

14. Мүше мемлекеттердің аумақтарында осы Хаттаманың 11-тармағында көрсетілген шаралар, сондай-ақ тыйым салынған субсидиялар, оның ішінде мыналар сақталмайды және берілмейді (бұл ретте тауарлар экспорты деп субсидиялаушы мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына тауарларды әкету ұғынылады):

1) экспорттаушыны мүше мемлекетке валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сатудан босататын немесе ұлттық валютаның ішінара құнсыздануы арқылы валютаның көптеген бағамын қолдануға жол беретін бағдарламалар, осыған байланысты, экспорттаушы бағамдық айырмашылық есебінен басымдыққа ие болады;

2) ішкі нарықтағы тасымалдармен салыстырғанда анағұрлым жеңілдікті жағдайларда мүше мемлекет белгілейтін немесе алатын экспорттық тиелімдер үшін ішкі көлік немесе кеме тарифтері;

3) экспортталатын тауарлар өндірісінде пайдаланылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта өткізілетін ұқсас тауарлар өндірісінде пайдаланылатын тауарларға қарағанда анағұрлым жеңілдікті жағдайларда ұсыну;

4) экспорт нәтижелерімен немесе көрсетілген жеңілдіктерді ұсынатын мүше мемлекет аумағындағы тауарларды пайдаланумен байланысты шаруашылық субъектілері төлейтін немесе төлеуге тиіс салықтарды немесе кез келген басқа аударымдарды төлеуден толық немесе ішінара босату, төлеуді кейінге қалдыруды немесе азайтуды ұсыну. Бұл ретте салықтарды төлемегені үшін төленуі тиіс өсімпұл алынса, кейінге қалдыру міндетті түрде тыйым салынған субсидия болып табылмайды. Экспортталатын тауардан нөлдік мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығын алу тыйым салынған субсидия белгісі болып табылмайды;

5) ішкі нарықта өткізілетін ұқсас тауарлармен салыстырғанда үлкен көлемде тауарларға салық салу базасын қысқартатын экспорттың нәтижелерімен байланысты арнайы шегерулер;

6) ішкі нарықта өткізілетін ұқсас тауарлар өндірісінде пайдаланылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге салық салу базасын есептеу үшін қолданылатын

салықтарды немесе арнайы шегерулерді төлеуден босатуға, азайтуға, кейінге қалдыруға қарағанда экспорттық тауарлар өндірісінде пайдаланылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге салық салу базасын есептеу үшін қолданылатын салықтарды немесе арнайы шегерулерді үлкен көлемде төлеуден босату, азайту, кейінге қалдыру;

7) ішкі нарықта тұтынуға арналған ұқсас өнім өндірісінде пайдаланылатын дәл осындай шикізат пен материалдарға қарағанда экспорттық өнім өндірісінде пайдаланылатын шикізат пен материалдарға анағұрлым төмен мөлшерлеме бойынша кедендік төлемдерді алу не ішкі нарықта өткізілетін ұқсас өнім өндірісінде пайдаланылатын дәл осындай шикізат пен материалдарға қарағанда үлкен көлемде экспорттық өнім өндірісінде пайдаланылатын шикізат пен материалдарға арналған кедендік төлемдерді қайтару;

8) өндірілген өнім құрамында отандық материалдардың немесе шикізаттың болуы міндетті болып табылса, өнім өндірісінде пайдаланылған импорттық шикізат пен материалдардан алынатын импорт баждарын азайту немесе қайтару (нақты тауарлар, олардың көлемі немесе құны не үлесі олардың жергілікті өндіріс көлеміне немесе құнына байланысты айқындалатынына қарамастан);

9) экспорттық кредиттерді кепілдендіру немесе сақтандыру, экспорттық тауарлар құнының өсуінен немесе валюталық тәуекелдерден сақтандыру немесе кепілдендіру бағдарламалары бойынша ұзақ мерзімді операциялық шығыстарды немесе залалдарды өтеу үшін жеткіліксіз сыйақыларды алып қою;

10) нарықтық жағдайларда мұндай кредиттерді алушылар салыстырмалы кредитті пайдаланғаны үшін ақы төлеуге тиіс (кредитті өтеу мерзімі бірдей, кредит валютасы және т.б.) мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша экспорттық кредиттерді беру не экспорттаушылар немесе қаржы мекемелері кредитті алумен байланысты жұмсаған шығыстардың барлығын немесе бір бөлігін төлеу. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына Ресми экспорттық кредиттер бойынша уағдаластықтардың пайыздық мөлшерлемелері туралы ережелерге сай келетін экспорттық кредиттеу практикасы тыйым салынған субсидия ретінде қаралмайды;

11) мұндай субсидиялау экспорт нәтижелерімен немесе импорттық тауарлардың орнына отандық тауарларды пайдаланумен байланысты болған жағдайда кәсіпорынға босатылатын электр энергиясына немесе электр жеткізгіштерге арналған тарифтерді төмендету.

15. Комиссия осы Хаттаманы басшылыққа ала отырып, тыйым салынған субсидияларды жол берілгендер ретінде келіспейді.

Осы тармақтың ережелерін қолдану Шарттың 105-бабының 1-тармағында көзделген өтпелі ережелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

16. Егер бір мүше мемлекетте екінші мүше мемлекеттің субсидиялаушы органы тыйым салынған субсидияларды берген және (немесе) сақталуы осы Хаттамаға сәйкес өзіндік ерекшелікті субсидиялар алу үшін қажетті шараларды енгізген деп есептеуге

негіз болған жағдайда, бірінші мүше мемлекеттің екінші мүше мемлекетке осындай тыйым салынған субсидияларды немесе шараларды алып тастау туралы консультациялар өткізу жөніндегі өтінішпен жүгінуге құқығы бар.

17. Ресми дипломатиялық арналар арқылы осы Хаттаманың 16-тармағында көрсетілген консультациялар өткізу туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 айдың ішінде мүше мемлекеттер өзара келісімге қол жеткізбесе, онда орын алып отырған келіспеушіліктер Шарттың 93-бабына сәйкес шешіледі.

Егер дауларды шешу рәсімінің нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің бірі осы Хаттаманың 9 және 12-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған субсидияларды бергендігі және (немесе) осы Хаттаманың 11-тармағында көрсетілген шараларды қолданатыны туралы шешім қабылданса, онда осы мүше мемлекет осындай тыйым салынған субсидиялар мен шаралар нәтижесі басқа да мүше мемлекеттердің ұлттық экономикасына залал келтіру болғанына-болмағанына қарамастан, осындай тыйым салынған субсидияларды немесе шараларды дереу тоқтатады және осы Хаттаманың 89 - 94-тармақтарына сәйкес осындай тыйым салынған субсидияларға қатысты өтемақы шарасын енгізеді.

18. Субсидиялаушы органдар осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес шараларды қолдану арқылы субсидияларды белгіленген өтпелі кезең ішінде беруге құқылы.

#### **IV. Рұқсат етілетін субсидиялар**

19. Осы Хаттамаға сәйкес тыйым салынған және ерекше болып табылмайтын субсидиялар, берілуі мүше мемлекеттердің өзара саудасын бұрмаламайтын рұқсат етілетін субсидиялар ретінде танылады.

Мүше мемлекеттер осындай субсидияларды шектеусіз беруге құқылы және осындай субсидияларға қатысты осы Хаттаманың өтеу және қарсы шараларын қолдануға немесе субсидияларды беруге тыйым салуға қатысты ережелері қолданылмайды.

20. Мүше мемлекеттер осы бөлімде көзделген рұқсат етілген субсидияларды Комиссиямен келіспей беруге құқылы.

Осы тармақтың ережелерін қолдану Шарттың 105-бабының 1-тармағында көзделген өтпелі ережелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

21. Осы Хаттаманың VII бөлімінде көрсетілген, осы Хаттаманың

II бөліміне сәйкес ерекше болып табылатын, бірақ мүше мемлекеттер

өзара сауданы бұрмаламайды деп таныған субсидиялар осы Хаттаманың VIII бөліміне сәйкес өтемақы шараларын қабылдауға негіз болмайды.

#### **V. Тексерулерді жүргізу тәртібі**

22. Мүше мемлекеттің аумағында берілетін субсидиялардың осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес келуін талдау, сондай-ақ өзіндік ерекшелікті субсидия ұсынған мүше мемлекеттің аумағынан субсидияланатын тауарды әкелу не субсидиялаушы мүше мемлекет нарығынан ұқсас тауарды ығыстыруы салдарынан ұлттық экономика саласына келетін залалдың бар-жоғын анықтау мақсатындағы тексеруді осы мүше мемлекеттің аумағында тіркелген ұлттық ұқсас тауар өндірушілердің осы Хаттамаға сәйкес жазбаша нысанда берген өтініші (бұдан әрі - өтініш) негізінде мүше мемлекеттің құзыретті органы жүргізеді не құзыретті органның өз бастамасы бойынша жүргізіледі.

23. Өтінішті ұлттық ұқсас тауар өндіруші немесе қатысушыларының қатарына ұлттық экономика саласын құраушы өндірушілер кіретін осындай өндірушілер бірлестігі, сондай-ақ, аумағында осы өкілдер тіркелген мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тиісті дәрежеде ресімделген өкілеттіктері бар осы тұлғалардың өкілдері (бұдан әрі - өтініш беруші) береді.

24. Өтініште мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) өтініш беруші туралы мәліметтер;
- 2) тауар сипаттамасы (өндіруші ел және ЕАЭО СЭҚ ТН коды көрсетілген);
- 3) өзіндік ерекшелікті субсидияның болуы, сипаты мен көлемі туралы мәліметтер;
- 4) субсидияланатын тауар өндірушілер туралы мәліметтер;
- 5) ұқсас тауарды ұлттық өндірушілер туралы мәліметтер;
- 6) құзыретті органға өтініш беру алдында 3 күнтізбелік жыл бұрын өтініш берілетін мүше мемлекеттің аумағына субсидияланатын тауарды әкелу көлемінің өзгеруі туралы мәліметтер;
- 7) құзыретті органына өтініш берілетін мүше мемлекеттің аумағынан ұқсас тауарды басқа мүше мемлекеттер аумағына әкету көлемінің өзгеруі туралы мәліметтер;
- 8) субсидияланатын тауарды әкелудің не субсидиялаушы мүше мемлекеттің нарығынан ұқсас тауарды ығыстырудың салдарынан ұлттық экономика саласына келтірілетін залалдың бар екендігінің дәлелдемелері. Субсидияланатын тауарды әкелу салдарынан ұлттық экономика саласына материалдық залалдың болуы және материалдық залал келтіру қатерлерінің болу дәлелдемелері объективті факторларға негізделеді, олар ұлттық экономика саласының экономикалық ахуалын сипаттайды және сандық көрсеткіштерде (оның ішінде тауар өндірісінің көлемі және оны сату көлемі, мүше мемлекет нарығындағы тауар үлесі, тауар өндірудің өзіндік құны, тауар бағасы, өндіріс қуаттарының жүктемесі, еңбек өнімділігі, пайда көлемдері, өндіріс пен тауарлар сату рентабельділігі туралы, ұлттық экономика саласындағы инвестициялар көлемі туралы деректер) көрсетілуі мүмкін;
- 9) өтініш берудің алдындағы 3 күнтізбелік жылда Одақтың бірыңғай кедендік аумағына ұқсас тауар импорты көлемінің (сандық және құндық мәнде) өзгеруі туралы мәліметтер;

10) өтініш берудің алдындағы 3 күнтізбелік жылда Одақтың кедендік аумағынан ұқсас тауар экспорты көлемінің (сандық және құндық мәнде) өзгеруі туралы мәліметтер;

11) талданатын кезеңде ұлттық экономика саласына әсер етуі мүмкін басқа да факторларды талдау.

25. Өтініште бар құндық көрсеткіштерді көрсету кезінде салыстыру мақсатында сыртқы сауда статистикасын жүргізу үшін Комиссия белгілейтін ақша бірлігі пайдаланылады.

26. Өтініш, оның құпия емес нұсқадағы қосымшасымен қоса (егер өтініште құпия ақпарат болса) құзыретті органға ұсынылады және осы органға өтініш түскен күннен бастап тіркелуге жатады.

27. Өтініш мынадай негіздер бойынша қабылданбайды:

өтініш берушінің осы Хаттаманың 23-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

осы Хаттаманың 24-тармағында көрсетілген мәліметтердің ұсынылмауы;

өтініш беруші берген мәліметтердің анық болмауы.

Басқа негіздер бойынша өтініштерді қабылдамауға жол берілмейді.

28. Тексерудің басталуы туралы шешім қабылдағанға дейін құзыретті орган жазбаша нысанда, қарастырылып отырған өзіндік ерекшелікті субсидия аумағында берілген мүше мемлекеттің уәкілетті органына өтініш түскені туралы хабарлайды.

29. Құзыретті орган тексеруді бастау туралы шешім қабылдау мақсатында осы өтініш тіркелген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде, осы Хаттаманың 24-тармағына сәйкес осы өтініште қамтылған мәліметтер мен дәлелдемелердің анықтығын және жеткіліктілігін зерделейді. Көрсетілген мерзім құзыретті орган өтініш берушіден қосымша мәліметтер алуы қажет болған жағдайда ұзартылуы мүмкін, бірақ өтініш тіркелген күннен бастап күнтізбелік 40 күннен аспауға тиіс.

30. Өтінішті оны тексеру барысында немесе басталғанға дейін өтініш беруші қайтарып ала алады.

Егер өтініш тексеру басталғанға дейін қайтарып алынған жағдайда, мұндай өтініш берілмеген болып есептеледі.

Егер өтініш тексеру жүргізу барысында қайтарылып алынған жағдайда, құзыретті органның шешімі бойынша ол не тоқтатылады не жалғаса береді.

31. Өтінішті қарауға қабылдағаннан кейін және тексеруді бастау туралы шешім қабылдағанға дейін құзыретті орган өзіндік ерекшелікті субсидия берген мүше мемлекеттің уәкілетті органына өзіндік ерекшелікті субсидиялардың болуына, мөлшері және пайдаланылуына, сондай-ақ оны берудің салдарын және өзара қолайлы шешімге қол жеткізуге қатысты жағдайды нақтылау мақсатында консультациялар жүргізуді ұсынады. Мұндай консультациялар тексеру барысында да жүргізілуі мүмкін.

32. Өзіндік ерекшелікті субсидиялардың болуы, мөлшері және қолданылуына, сондай-ақ өзіндік ерекшелікті субсидия беру салдарына қатысты консультациялар жүргізу құзыретті органның тексеруді бастау туралы шешім қабылдауына, сондай-ақ осындай тексерулер қорытындылары бойынша басқа мүше мемлекет аумағында берілген өзіндік ерекшелікті субсидияның осы Хаттаманың ережелеріне сәйкестігі және (немесе) өзіндік ерекшелікті субсидия берген мүше мемлекет аумағынан субсидияланған тауарды әкелу салдарынан немесе өзіндік ерекшелікті субсидия берген мүше мемлекет нарығынан немесе үшінші мүше мемлекет нарығынан ұқсас тауарды ығыстыруы салдарынан және аумағында өзіндік ерекшелікті субсидиялауды қарау ұсынылып отырған мүше мемлекетке өтемақы шарасын енгізу туралы өтініш беру салдарынан зиян келтірілгені туралы қорытынды дайындауына кедергі жасамайды.

33. Құзыретті орган осы Хаттаманың 29-тармағында көрсетілген мерзім өткенге дейін тексеруді бастау немесе оны жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Тексеруді жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде құзыретті орган осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзімде өтініш берушіні тексеруді жүргізуден бас тартудың себебі туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Тексеруді бастау туралы шешім қабылданған кезде құзыретті орган ерекше өнеркәсіптік субсидия берген мүше мемлекеттің құзыретті органын, сондай-ақ оған белгілі мүдделі тұлғаларды қабылданған шешім туралы жазбаша түрде хабардар етеді және тексеруді бастау туралы шешім қабылданғаннан бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тексеруді бастау туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді. Тексеруді бастау туралы хабарландыру жарияланған күн тексеру басталған күн болып танылады.

34. Құзыретті орган, егер осы органда осы Хаттама бөлімдері ережелерінің бұзылу фактісі және (немесе) осы мүше мемлекеттің аумағынан субсидияланған тауарды әкелу салдарынан немесе өзіндік ерекшелікті субсидия берген мүше мемлекеттің нарығынан немесе үшінші мүше мемлекеттің нарығынан ұқсас тауарды субсидияланған тауардың ығыстыруы салдарынан ұлттық экономика саласына зиян келуі дәлелдері болған жағдайда, тексеруді бастау туралы шешімді өз бастамасымен де қабылдай алады.

Тексеруді бастау үшін осындай дәлелдер жеткіліксіз болған жағдайда, мұндай тексеруді бастауға болмайды.

35. Тексеруді бастау туралы шешім қабылданғаннан кейін құзыретті орган оған белгілі ұқсас тауардың ұлттық өндірушілеріне және тексеру объектісі болып табылатын субсидияланатын тауарды өндірушілерге осы тексеруді жүргізу мақсатында жауап қайтарулары тиіс сұрақтар тізбесін оларға жолдайды.

Сұрақтар тізбесі оны поштамен жіберген күннен бастап күнтізбелік 7 күннен кейін немесе оны ұқсас тауарды ұлттық өндірушінің немесе субсидияланатын тауарды өндірушінің өкіліне тікелей берілген күннен бастап алынған болып есептеледі.

Ұқсас тауардың ұлттық өндірушілері мен сұрақтар тізбесі жолданған тексеру объектісі болып табылатын субсидияланатын тауарды өндірушілер өздері осындай тізбені алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде уәкілетті органға өздерінің жауаптарын береді. Ұқсас тауардың ұлттық өндірушілері мен сұрақтар тізбесі жолданған тексеру объектісі болып табылатын субсидияланатын тауарды өндірушілердің дәлелді және жазбаша нысанда жазылған өтініші бойынша көрсетілген мерзімді құзыретті орган күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

36. Жүргізіліп жатқан тексеруге байланысты қосымша мәліметтер алу немесе тексеру барысында ұсынылған мәліметтерді тексеру мақсатында құзыретті орган тексеру объектісі болып табылатын субсидияланатын тауардың тиісті өндірушісінің осыған келісімі болған жағдайда, сондай-ақ тиісті мемлекет үкіметінің өкілдері алдын ала хабардар етілген және осы мемлекет тарапынан тексеруді оның аумағында жүргізуге қатысты қарсылықтары болмаған жағдайда, тексеруді өзіндік ерекшелікті субсидия берген мүше мемлекеттің аумағында жүргізуі мүмкін.

Жүргізіліп жатқан тексеруге байланысты, қосымша мәліметтер алу немесе тексеру барысында ұсынылған мәліметтерді тексеру мақсатында құзыретті орган өз өкілдерін ұқсас тауардың ұлттық өндірушілері орналасқан жерге жіберуге, мүдделі тұлғалармен консультациялар мен келіссөздер жүргізуге, тексеру объектісі болып табылатын субсидияланатын тауардың үлгілерімен танысуға және басқа да тексеру жүргізіліп жатқан мүше мемлекетінің заңнамасына қайшы келмейтін, тексеруге қажетті басқа да іс-қимылдар жасауға құқылы.

37. Құзыретті орган тексеру жүргізу барысында өнеркәсіптік субсидия берген немесе беруші қаралып жатқан өнеркәсіптік субсидияны ұсынушы мүше мемлекеттерінің уәкілетті органдарына, сондай-ақ мүдделі тұлғаларға жүргізіліп отырған тексеруге қатысы бар ақпарат беру туралы сауал жолдай алады.

38. Мүдделі тұлғалар тексерудің басталуы туралы хабарламада көрсетілген күннен кешіктірмей тексеру жүргізу мақсаты үшін қажетті мәліметтерді, осындай мәліметтер алу көздерін көрсете отырып, (оның ішінде құпия ақпаратты) ұсынуға құқылы. Құзыретті орган мүдделі тұлғалардан қосымша мәліметтер сұратуға құқылы.

39. Тексеруге қатысы бар дәлелдер және мәліметтер, құзыретті органға тексеру жүргізіліп жатқан мүше мемлекетте мемлекеттік болып табылатын тілде ұсынылуы, ал шетел тілінде жасалған құжаттардың түпнұсқасы белгіленген тәртіппен куәландырылған аудармамен қоса берілуге тиіс.

40. Құпия ақпаратты қорғау қажеттілігін ескере отырып құзыретті орган осы Хаттамаға сәйкес тексеру барысында мүдделі тұлғаларға олардың жазбаша өтініштері бойынша, тексеру мәніне қатысты, дәлелдер ретінде кез келген мүдделі тұлға жазбаша нысанда ұсынған мәліметтермен танысуға мүмкіндік береді. Құзыретті орган барлық

тексеруге қатысушыларға тексеруге қатысы бар және тексеру барысында өздері пайдаланатын, алайда осы Хаттамаға сәйкес құпия ақпарат болып табылмайтын басқа да мәліметтермен танысуға мүмкіндік береді.

41. Кеден ісі, мемлекеттік статистиканы жүргізу саласындағы уәкілетті мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік (басқару) органдары, мүше мемлекеттердің басқа да мемлекеттік билік (басқару) органдары мен аумақтық (жергілікті) мемлекеттік билік (басқару) органдары тексеру жүргізуге көмек көрсетуі және мәліметтерді (оның ішінде құпия ақпаратты қамтитын) тексеру жүргізу мақсатында қажетті құзыретті органның сұрау салуы бойынша ұсынуы тиіс.

42. Тексеру жүргізу мерзімі тексеру басталған күннен бастап 6 айдан аспауы тиіс.

Тексеру, құзыретті орган тексеру нәтижелерін өз мемлекеті үкіметінің қарауына жіберген күні аяқталды деп есептеледі.

43. Тексеру нәтижелері бойынша құзыретті орган басқа мүше мемлекеттің аумағында ұсынылған субсидиялардың осы Хаттаманың ережелеріне сәйкестігі туралы қорытынды әзірлейді.

44. Егер тексеру нәтижелері бойынша осы Хаттаманың бұзылғаны және (немесе) мүше мемлекеттің ұлттық экономика саласына залал келтірілгені дәлелденген жағдайда, тексеру жүргізген құзыретті орган аумағында өзіндік ерекшелікті субсидия қаралып жатқан мүше мемлекетке өтем шарасы туралы өтініш беріледі.

45. Тексеру жүргізетін құзыретті орган ұлттық экономика саласын анықтаған кезде, мүше мемлекеттің аумағы екі немесе одан да көп бәсекелес нарық жұмыс істейтін аумақ ретінде қаралуы мүмкін, ал ұлттық өндірушілер, егер, мұндай өндірушілер осындай нарықта өздері шығаратын ұқсас тауардың кемінде 80 пайызын сатса және осындай нарықта ұқсас тауарға сұраныс тексеру жүргізетін мүше мемлекеттің қалған аумағында орналасқан аталған өнімнің ұлттық өндірушілерін айтарлықтай қанағаттандырмаса, ұқсас тауардың ұлттық өндірушілері осындай нарықтың бірінің шегінде ұлттық экономиканың жеке саласы ретінде қаралуы мүмкін. Мұндай жағдайларда, зиянның болуы, ұлттық экономика саласының негізгі бөлігіне залал келтірілмесе де, субсидияланатын тауарды сату көрсетілген бәсекелес нарықтардың біріне бағытталған жағдай кезінде зиян келтірілмесе де және субсидияланатын тауарды әкелу ұқсас тауарлардың ұлттық өндірушілеріне осындай бір нарықтың шегінде кемінде 80 пайыз зиян келтірсе де белгіленуі мүмкін.

46. Өзіндік ерекшелікті субсидия мөлшері осындай субсидия алушы алатын пайда көлемінің негізінде айқындалады. Өзіндік ерекшелікті субсидияның пайдасын есептеу кезінде құзыретті орган:

1) субсидиялаушы органның ұйым капиталына қатысуы, егер мұндай қатысу тиісті мүше мемлекеттің аумағында қарапайым инвестициялық жобаға сәйкес келмейтін (қауіп капиталын ұсынуды қоса алғанда) ретінде бағаланбаса өзіндік ерекшелікті субсидияны ұсыну ретінде қаралмайды;



2) субсидиялаушы органдарға ұсынылған кредит, егер кредитті алушы ұйым мемлекеттік кредит үшін төлейтін соманың және аталған ұйым тиісті мүше мемлекеттің кредит нарығында алуы мүмкін салыстырмалы коммерциялық кредит үшін төлеуі мүмкін соманың арасында айырмашылық болмаса өзіндік ерекшелікті субсидияны ұсыну ретінде қаралмайды. Олай болмаған жағдайда осы сомалардың арасындағы айырмашылық пайда болып есептеледі;

3) субсидиялаушы органның кредитке кепілдік беруі егер, кепілдік алған ұйым субсидиялаушы орган кепілдік берген кредит үшін төлейтін соманың және ол мемлекеттік кепілдіксіз салыстырмалы коммерциялық кредит үшін төлеуі мүмкін соманың арасында айырмашылық болмаса өзіндік ерекшелікті субсидияны ұсыну ретінде қаралмайды. Олай болмаған жағдайда комиссиялық айырмашылыққа түзетуі бар осы сомалардың арасындағы айырмашылық пайда болып есептеледі;

4) субсидиялаушы органның тауарларды немесе қызметтерді жеткізуі не тауарларды сатып алуы егер, тауарлар немесе қызметтер дұрыс ақы төлеуден кемге жеткізілсе не сатып алу дұрыс ақы төлеуден артыққа жүзеге асырылмаса өзіндік ерекшелікті субсидияны ұсыну ретінде қаралмайды. Ақы төлеудің дұрыстығы тиісті мүше мемлекеттердің нарығында мынадай тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мен сатудың қолданыстағы нарықтық шартына байланысты айқындалады (бағасын, сапасын, қолжетімділігін, таратылуын, тасымалдануын және тауарларды сатып алудың немесе сатудың басқа да шарттарын қоса алғанда).

47. Субсидия мөлшерін есептеу құзыретті орган тексеру жүргізетін мүше мемлекеттің аумағына әкелінген не аумағына өзіндік ерекшелікті субсидия ұсынылатын мүше мемлекеттің нарығында немесе басқа мүше мемлекеттің нарығында сатылатын тауардың бірлігіне (тоннасына, текше метріне, данасына және басқаларына) есептеледі.

48. Субсидия мөлшерін есептеу кезінде егер, инфляция қарқыны алынған нәтижелерді бұрмалайтындай жоғары болған жағдайда тиісті мүше мемлекеттің инфляция көрсеткіштері ескерілуі тиіс.

49. Тауар бірлігіне субсидия мөлшері осы мақсаттарға өзіндік ерекшелікті субсидияларын ұсынған тиісті мүше мемлекеттер шығыстарының мөлшеріне байланысты белгіленеді.

50. Тауар бірлігіне субсидия мөлшерін есептеу кезінде мұндай тауардың құны мұның алдында субсидия алынған және қажетті деректері бар субсидия алушының 12 айдағы жалпы сату құны ретінде айқындалады.

51. Субсидия мөлшерін есептеу кезінде субсидияның жалпы сомасынан кез келген тіркеу алымының сомасын немесе субсидия алу үшін жұмсалған басқа да шығыстарды алып тастау қажет.

52. Егер субсидия өндірілген, әкетілген немесе тасымалданған тауардың белгілі бір санына қатысты берілмесе, онда тауар бірлігіне арналған субсидия мөлшерін есептеу

субсидияның жалпы сомасын қажеттілігіне қарай субсидияланатын әкелінетін тауардың үлесін тауарды өндірудің, сатудың немесе әкетудің жалпы көлемінде ескере отырып субсидия берілген кезеңге осындай тауарды өндірудің, сатудың немесе әкетудің көлеміне бөлу арқылы жүзеге асырылады.

53. Егер субсидия негізгі қорларды дамытуға немесе сатып алуға байланысты берілсе, онда субсидия мөлшерінің есебі субсидияларды өзіндік ерекшелікті субсидияны ұсынған тиісті мүше мемлекеттердің қаралатын экономика саласындағы осындай негізгі қорлар амортизациясының орташа мерзіміне бөлу жолымен жүзеге асырылады. Тауар бірлігіне субсидия мөлшерін есептеу тексерумен қамтылған кезең басталғанға дейін негізгі қорларды сатып алу үшін ұсынылған, бірақ амортизация мерзімі әлі күнге дейін аяқталмаған субсидияларды да қамтиды.

54. Субсидия мөлшерін есептеу кезінде, егер уақыттың әртүрлі кезеңдеріне немесе бір сол тауар үшін әртүрлі мақсаттарға ұсынылған субсидиялардың ауқымы әртүрлі болса, тауар өндірісінің, сатылуының немесе әкелілуінің көлеміне қарай субсидия көлемінің орташа өлшемді көрсеткіштері қолданылады.

55. Егер субсидия салық жеңілдіктері нысанында берілсе, тауардың құны салық жеңілдіктері қолданылған соңғы 12 ай ішінде оны сатудың жалпы құны есебінен айқындалады.

56. Әртүрлі субсидиялаушы органдар күнтізбелік жыл ішінде және (немесе) әртүрлі бағдарламаларды орындау үшін берген субсидиялар жинақталуы тиіс.

57. Егер субсидиялаушы мүше мемлекеттің нарығында не басқа мүше мемлекеттің нарығында субсидияланатын тауарға қатысты ұқсас тауардың үлесінің қолайсыз өзгеруі орын алғаны дәлелденген жағдайда, субсидиялаушы мүше мемлекеттің нарығынан не басқа мүше мемлекеттің нарығынан ұқсас тауарды ығыстыру немесе субсидиялаушы мүше мемлекеттің аумағына ұқсас тауарды әкелудің өсуін кідірту не басқа мүше мемлекеттің аумағына тауарды әкелудің өсуін кідірту фактісі белгіленеді. Аталған факт қалыпты жағдайларда кемінде 1 жылды құрауға тиіс осы тауардың нарығын дамытудағы нақты үрдістерді дәлелдеу үшін жеткілікті кезеңде белгіленеді.

58. Субсидиялаушы мүше мемлекеттің нарығында не басқа мүше мемлекеттің нарығында үлестің қолайсыз өзгеруі мына жағдайлардың біреуін қамтиды:

- 1) субсидияланатын тауардың нарықтық үлесі артады;
- 2) субсидияланатын тауардың нарықтық үлесі өзіндік ерекшелікті субсидия болмаған кезде ол азаюы тиіс жағдайларда өзгеріссіз қалады;
- 3) субсидияланатын тауардың нарықтық үлесі төмендейді, бірақ өзіндік ерекшелікті субсидия болмаған жағдайда орын алатынға қарағанда неғұрлым баяу қарқынмен төмендейді.

59. Бағаны төмендету тиісті нарықтағы субсидияланатын тауардың бағасын өзіндік ерекшелікті субсидия пайдаланылмаған мүше мемлекеттердің ішінде кез келгенінің аумағында өндіру, тасымалдау немесе әкету кезінде тауардың бағасымен салғастыру

негізінде белгіленеді. Салыстыру сауданың бір сол деңгейінде және уақыттың салыстыру кезеңінде жүргізіледі. Салыстыру барысында бағаны салыстыруға әсер ететін кез келген фактор қолданылады. Егер аталған салыстыруды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, бағаны төмендету орташа экспорттық бағаның негізінде белгіленуі мүмкін.

60. Егер екі мүше мемлекет Шарттың 93-бабына сәйкес үшінші мүше мемлекеттің нарығында осы Хаттаманың 12, 57-59, 61 және

62-тармақтарына сәйкес мүдделеріне елеулі қысым көрсетушіліктің болуы туралы даулар жүргізген жағдайда осындай мүше мемлекет дауласушы тараптар болып отырған мүше мемлекеттерге осындай басқа мүше мемлекеттің нарығындағы дау жүргізетін мүше мемлекеттердің аумағында болатын тауарлардың үлесін өзгертуге қатысты өзінде бар статистикалық ақпаратты, сондай-ақ тиісті тауарлардың бағалары бойынша статистикалық ақпаратты ұсынады. Бұл ретте, осындай мүше мемлекет нарықтың немесе бағаның арнайы талдауын жүргізбеуге, сондай-ақ ол коммерциялық немесе мемлекеттік құпия деп санайтын ақпаратты ұсынбауға құқылы.

61. Мүдделерге елеулі қысым көрсетушіліктің болу фактісі уақыттың тиісті кезеңінде мына жағдайлардың бірі болған кезде белгілене алмайды:

1) мүддеге елеулі қысым көрсетушілік фактісін белгілейтін мүше мемлекеттің аумағынан тауарды әкетуге тыйым салудың немесе шектеудің не басқа мүше мемлекеттің нарығына осындай мүше мемлекеттің аумағынан тауарды әкелуге тыйым салудың немесе шектеудің болуы;

2) ұқсас тауарды әкелетін және осы тауарлардың монополиясын немесе мемлекеттік саудасын қолданатын мүше мемлекеттің уәкілетті органының коммерциялық емес себептер бойынша, мүдделерге елеулі қысым көрсетушілік фактісін белгілейтін мүше мемлекеттен әкелуді басқа мүше мемлекеттен әкелуге қайта бағыттау туралы шешім қабылдайды;

3) мүдделерге елеулі қысым көрсетушілік фактісін белгілейтін мүше мемлекеттен әкетуге арналған тауарды өндіруге, сапасына, нысанына немесе бағасына елеулі кері әсер ететін табиғи апаттар, ереуілдер, көліктегі бөгелістер немесе басқа да форс-мажорлық жағдайлар;

4) мүдделерге елеулі қысым көрсетушілік фактісін белгілейтін мүше мемлекеттен әкетуді шектейтін уағдаластықтардың болуы;

5) мүдделерге елеулі қысым көрсетушілік фактісін белгілейтін мүше мемлекеттен осы тауарды әкету мүмкіндігін өз еркімен қысқарту (осы мүше мемлекеттің шаруашылық жүргізетін субъектілері осы ұқсас тауардың экспортын жаңа нарыққа дербес қайта бағыттаған жағдайды қоса алғанда);

6) аумағына тауар әкелетін мүше мемлекетте стандарттарға және (немесе) басқа әкімшілік талаптарға сәйкес болмау.

62. Осы Хаттаманың 61-тармағында көрсетілген жағдайлар болмаған кезде, мүдделерге елеулі қысым көрсетушіліктің болуы Одақтың Сотына ұсынылған ақпараттың немесе Одақтың Соты өздігінен алған ақпараттың негізінде айқындалады.

63. Субсидияланатын тауарды әкелу салдарынан ұлттық экономика саласына келтірілген залал субсидияланатын тауарды әкелу көлемін, тексеру жүргізетін құзыретті орган мүше мемлекеттің нарығына ұқсас тауардың бағасына және ұқсас тауардың ұлттық өндірушілеріне осындай тауардың әсерін талдау нәтижелерінің негізіне белгіленеді.

64. Субсидияланатын тауарды әкелу көлемін талдау кезінде құзыретті орган субсидияланатын тауарды әкелу арттырылғанын не арттырылмағанын айқындайды (абсолютті көрсеткіштерде не тексеру жүргізетін құзыретті орган мүше мемлекетте ұқсас тауарды өндіруге немесе тұтынуға қатысты).

65. Тексеру жүргізетін құзыретті орган мүше мемлекеттің нарығына ұқсас тауардың бағасына әкелінген субсидияланатын тауардың әсерін талдау кезінде құзыретті орган мыналарды:

1) субсидияланатын тауардың бағасы осы мүше мемлекеттің нарығына ұқсас тауардың бағасынан төмен болғанын не болмағанын;

2) субсидияланатын тауарды әкелу осы мүше мемлекеттің нарығына ұқсас тауардың бағасын төмендетуге әкелгенін не әкелмегенін;

3) субсидияланатын тауарды әкелу осындай тауар болмаған жағдайда, осы мүше мемлекеттің нарығына ұқсас тауардың бағасының өсуіне кедергі келтіргенін не келтірмегенін белгілейді.

66. Ұлттық экономика саласына субсидияланатын тауарды әкелу әсерін талдау ұлттық экономика саласының жағдайына, оның ішінде:

1) болған немесе болашақта болуы мүмкін өндірістің қысқартуларына, ұқсас тауарды сатуға, құзыретті органы еңбектің кірісіне, өнімділігіне, тартылған инвестициялардан немесе өндірістік күшті пайдаланудан болған кірістерге тексеру жүргізетін мүше мемлекеттің нарықтағы үлесіне;

2) құзыретті органы тексеру жүргізетін мүше мемлекеттің нарықтағы ұқсас тауарлардың бағасына әсер ететін факторларға;

3) ақша ағындарының қозғалысына, ұқсас тауарлардың қорларына, жұмыспен қамтылу деңгейіне, еңбекақыға, өндірістің өсу қарқынына, инвестицияларды тарту мүмкіндігіне болған немесе болашақта болуы мүмкін теріс әсерге қатысы бар экономикалық факторларды бағалау болып табылады.

67. Ұлттық экономика саласына субсидияланатын тауарды әкелу әсері, егер қолда бар деректер ұқсас тауардың өндірісін өндірістік процесс, тауарды оның өндірушілерінің сатуы және кіріс сияқты критерийлердің негізінде бөлуге мүмкіндік беретін болса, тексеру жүргізетін мүше мемлекетте ұқсас тауарды өндіруге сәйкес бағаланады. Егер қолда бар деректер ұқсас тауардың өндірісін бөлуге мүмкіндік

бермейтін болған жағдайда, субсидияланатын тауарды ұлттық экономика саласына әкелу әсері барынша аз топты өндіруге немесе ұқсас тауарды қамтитын және олар туралы қажетті деректер бар тауарлардың номенклатурасына сәйкес бағаланады.

68. Субсидияланатын тауарды әкелу салдарынан ұлттық экономика саласына келтірілетін залалды анықтау барлық іске қатысты және құзыретті органның карамағындағы дәлелдемелер мен мәліметтерді талдауға негізделуі тиіс. Оның ішінде құзыретті орган ұқсас тауардың Одақтың аумағына жеткізілу, басқа мүше мемлекеттерден жеткізілу динамикасын және ықпалын талдайды. Бұл ретте субсидияланатын тауарды әкелу көлемін және осындай әкелудің ұлттық экономика саласына ықпалын талдау нәтижесінде белгіленген факторлардың ішінде бір не бірнеше фактор субсидияланатын тауардың әкеліну салдарынан ұлттық экономика саласына келтірілетін залалды анықтау мақсатында шешуші мәнге ие болмайды. Құзыретті орган субсидияланатын тауарды әкелудің басқа, салдарынан сол кезеңде ұлттық экономика саласына залал келтірілетін басқа да белгілі факторларды талдайды. Көрсетілген ұлттық экономика саласына келтірілетін залалды құзыретті орган субсидияланатын тауарды әкелу салдарынан болатын ұлттық экономика саласына келтірілетін залалға жатқызбауы тиіс.

69. Субсидияланатын тауарды әкелу салдарынан ұлттық экономика саласына материалдық залал келтіру қаупін белгілеген кезде құзыретті орган барлық қолда бар факторларды, оның ішінде мынадай факторларды:

1) субсидияның немесе субсидиялардың сипатын, көлемін және олардың саудаға мүмкін болатын әсерін;

2) осындай әкелудің одан әрі ұлғаюының нақты мүмкіндіктерін көрсететін субсидияланатын тауарды әкелудің өсу қарқынын;

3) субсидия берген мүше мемлекеттегі субсидияланатын тауарды өндірушілерде субсидияланатын тауарды әкелуді ұлғайтудың жеткілікті мүмкіндіктерінің болуы немесе олардың өсуінің нақты мүмкіндіктерінің айқын болмай қалмайтындығын;

4) егер бағаның осындай деңгейі құзыретті орган субсидияланатын тауарға тексеру жүргізетін мүше мемлекет нарығында ұқсас тауар бағасының төмендеуіне немесе тежелуіне және субсидияланатын тауарға сұраныстың одан әрі өсуіне де әкеп соғуы мүмкін болса, субсидияланатын тауар бағасының деңгейін;

5) субсидияланатын тауар өндірушісіндегі қорларды ескереді.

70. Бұл ретте осы Хаттаманың 69-тармағында көрсетілген факторлардың ішінде бір не бірнеше фактор субсидияланатын тауардың әкеліну салдарынан ұлттық экономика саласына материалдық залал келтірілу қаупін анықтау мақсатында шешуші мәнге ие болмайды.

71. Егер осы Хаттаманың 69-тармағында көрсетілген факторларды талдау нәтижелері бойынша тексеру барысында құзыретті орган субсидияланатын тауарды әкелуді жалғастырудың және осындай әкелумен өтем шаралары қабылданбаған

жағдайда ұлттық экономика саласына материалдық залал келтірудің болмай қалмайтындығы туралы қорытындыға келсе, ұлттық экономика саласына материалдық залал келтіру қаупінің болуы туралы шешім қабылданады.

72. Тексеру жүргізу кезінде:

1) ұқсас тауардың ұлттық өндірушісі, қатысушыларының көбі ұқсас тауарды өндірушілер болып табылатын ұлттық өндірушілер бірлестігі;

2) тексеру объектісі болып табылатын субсидияланатын тауардың өндірушісі, қатысушыларының көбі ұқсас тауарды өндірушілер болып табылатын, осындай субсидияланатын тауарды өндірушілер бірлестігі;

3) субсидия беретін мүше мемлекет және (немесе) субсидия беретін мүше мемлекеттің уәкілетті органы;

4) тексеру объектісі болатын, субсидияланатын тауарды көбінесе жеке тұлғалар тұтынатын болса, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері;

5) тексеру объектісі болатын, субсидияланатын тауарды тұтынушылар және осындай тұтынушылардың бірлестіктері (егер олар өнім өндіру кезінде осы тауарда пайдаланған жағдайда) мүдделі тұлғалар болады.

73. Осы Хаттаманың 72-тармағында көрсетілген мүдделі тұлғалар тексеру барысында дербес немесе құзыретті органы тексеру жүргізетін мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тиісті үлгіде ресімделген өкілеттіктері бар өздерінің өкілдері арқылы әрекет етеді.

Егер мүдделі тұлға тексеру барысында уәкілетті өкіл арқылы әрекет еткен жағдайда, құзыретті орган мүдделі тұлғаға тек осы өкіл арқылы ғана тексеру нысанасы туралы барлық мәліметтерді жеткізеді.

74. Мүдделі тұлға ақпараттың ашылуы бәсекелестік жағдайларында үшінші тұлғаға басымдық беретінін немесе мұндай ақпаратты ұсынған тұлға үшін немесе осы тұлға мұндай ақпаратты алған тұлға үшін қолайсыз салдарға әкелетінін куәландыратын негіздемелерді ұсынған кезде осы тұлғаның құзыретті органға ұсынатын ақпараты құпия ақпарат ретінде қаралады. Құпия ақпарат мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны ұсынған мүдделі тұлғаның рұқсатынсыз жарияланбауы тиіс.

Құзыретті орган құпия ақпаратты ұсынатын мүдделі тұлғадан оның құпия емес нұсқасын ұсынуды талап етуге құқылы. Құпия емес нұсқада ұсынылған құпия ақпараттың мәнін түсіну үшін жеткілікті мәліметтер қамтылуы тиіс. Мүдделі тұлға құзыретті органның құпия ақпараттың құпия емес нұсқасын ұсыну туралы талабына жауап ретінде құпия ақпарат мұндай түрде ұсынылуы мүмкін емес деген жағдайларда бұл тұлға құпия ақпараттың мұндай түрде ұсынылуы мүмкін еместігі туралы дәлелдемелер ұсынуы тиіс.

Егер құзыретті орган мүдделі тұлға ұсынған негіздемелер ұсынылған ақпаратты құпия ақпаратқа жатқызуға мүмкіндік бермейді деп белгілесе немесе құпия ақпараттың

құпия емес нұсқасын ұсынбаған мүдделі тұлға құпия ақпаратты мұндай түрде ұсынудың мүмкін еместігінің негіздемесін де ұсынбаса немесе құпия ақпаратты ұсынудың мүмкін еместігінің негіздемесі болып табылмайтын мәліметтерді ұсынса, құзыретті орган бұл ақпаратты ескермеуі мүмкін.

75. Құзыретті орган құпия ақпаратты таратқаны үшін өзінің мүше мемлекетінің заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

## **VI. Жалпы ерекшеліктер**

76. Осы Хаттамада ешқайсысы:

1) қандай да бір мүше мемлекетке ол ашылуы оның қауіпсіздігінің маңызды мүдделеріне қарама-қайшы келеді деп санайтын ақпаратты ұсыну талабы ретінде;

2) кез келген мүше мемлекетке ол оның қауіпсіздігінің маңызды мүдделерін қорғау үшін қажет деп санайтын мынадай іс-қимылды:

жарылғыш материалдарға немесе олар өндірілетін материалдарға қатысты іс-қимылды;

қару-жарақтарды, оқ-дәрілерді және әскери материалдарды, сондай-ақ қарулы күштерді жарақтандыру мақсатында тікелей немесе жанама жүзеге асырылатын өзге де тауарлар мен материалдарды әзірлеуге, өндіруге және саудасына қатысты іс-қимылды;

соғыс уақытында немесе халықаралық қатынастарда басқа да төтенше жағдайларда қабылданатын іс-қимылды қабылдауға кедергі ретінде;

3) кез келген мүше мемлекетке әлемде бейбіт өмірді сақтау және халықаралық қауіпсіздік үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша оның міндеттемелерін орындау үшін кез келген әрекеттерді қабылдауға кедергі ретінде ұғынылмауы тиіс.

77. Егер мұндай субсидиялар ерекше жағдайларда енгізілсе және егер олардың енгізілуі:

1) қоғамдық моральды, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті;

2) адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарларды және өсімдіктерді;

3) көркем, тарихи немесе археологиялық құндылық қазынасын;

4) зияткерлік меншік құқығын;

5) осы шаралардың мақсаты тауарларды басқа мүше мемлекеттер аумағынан әкелуді шектеу болып табылмаған және мұндай шаралар (егер мұндай шаралар ішкі өндіруді немесе тұтынуды шектеумен бір мезгілде жүргізілсе), кемсітушілік сипатқа ие болмаған жағдайда қорғау қажеттілігімен түсіндірілсе, осы Хаттаманың ережелері мүше мемлекеттерге сауданы бұрмалайтын арнайы субсидияларды пайдалануға кедергі келтірмейді.

## **VII. Ұсынылуы өтем шараларын қабылдау үшін негіз болып табылмайтын өзіндік ерекшелікті субсидиялар**

78. Шаруашылық субъектілері, сондай-ақ шаруашылық субъектілерімен келісімшарт негізінде жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар жүзеге асыратын зерттеу қызметіне арналған көмек, мұндай көмек өнеркәсіптік зерттеулер құнының 75 пайызынан аспайтын немесе бәсекеге дейінгі кезеңдегі әзірлемелер құнының 50 пайызынан аспайтын көлемін өтейтін жағдайда және ол тек:

1) персоналға (зерттеушілер, техниктер және тек қана зерттеу қызметімен айналысатын басқа көмекші персонал) арналған шығыстарды;

2) тек қана және тұрақты түрде зерттеу қызметі үшін пайдаланылатын (коммерциялық негізде сатуды қоспағанда) аспаптарға, жабдыққа, жерге және құрылғыларға арналған шығыстарды;

3) тек қана зерттеу қызметі үшін пайдаланылатын консультациялық және балама қызметтерге арналған шығыстарды (ғылыми зерттеу нәтижелерін, техникалық білімді, патенттерді және т.б. сатып алуды қосқанда);

4) тікелей зерттеу қызметі нәтижесінде жұмсалған қосымша үстеме шығыстарды;

5) тікелей зерттеу қызметі нәтижесінде жұмсалған өзге де ағымдық шығыстарды (материалдарға, қамтамасыз етуге және т.б.) өтеу үшін ұсынылған жағдайда ғана, осындай көмек ретінде өзіндік ерекшелікті субсидияларды беру өтемақы шараларын қабылдау үшін негіз болып табылмайды.

79. Осы бөлім мақсаттары үшін өнеркәсіптік зерттеулер жаңа тауарларды, процестерді немесе көрсетілетін қызметтерді әзірлеуде, сондай-ақ қолданыстағы тауарларды, процестерді немесе көрсетілетін қызметтерді едәуір жақсарту үшін пайдалы болуы мүмкін деген

есеппен жаңа білімдерді ашуға бағытталған жоспарланған зерттеулерді немесе маңызды зерттеулерді білдіреді.

Бәсекеге дейінгі кезеңдегі әзірлемелер өнеркәсіптік зерттеу нәтижелерін коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз бірінші прототип жасауды қосқанда, сатуға немесе пайдалануға арналған жаңа, түрлендірілген немесе жақсартылған тауарлардың, технологиялық процестердің немесе көрсетілетін қызметтердің жоспарына, сызбасына немесе макетіне ауыстыруды білдіреді. Ол сондай-ақ тұжырымдаманың анықтамасын және балама тауарлардың, тәсілдердің немесе көрсетілетін қызметтердің дизайнын, сондай-ақ олар өнеркәсіптік қолдануға немесе коммерциялық пайдалануға арналмаған немесе сол үшін пайдаланылмаған жағдайда алғашқы демонстрациялық немесе пилоттық жобаларды қамтуы мүмкін. Ол қолданыстағы тауарлардағы, өндірістік желілердегі, өңдеу процестеріндегі, көрсетілетін қызметтердегі және өзге қарапайым операциялардағы ағымдық және мерзімдік өзгерістерге, мұндай өзгерістер жақсартуға әкелетін болса да, қолданылмайды.

80. Өтем шараларын қабылдау үшін негіздер бермейтін осы Хаттаманың 78-тармағында көрсетілген көмектің жол берілетін деңгейі белгілі бір жобаны жүзеге асыру кезеңінде шеккен тиісті шығыстардың жалпы сомасына қатысты белгіленеді.



Өнеркәсіптік зерттеулерді біріктіретін бағдарламалар іске асырылған бәсекелестік сатысында әзірленген жағдайда шаралар қабылдау үшін негіз болмайтын көмектің рұқсат берілген деңгейі осы екі санат үшін рұқсат етілген деңгейдің осы Хаттаманың 78-тармағында көрсетілген барлық шығыстар ескеріле отырып есептелген орташа арифметикалық мәнінен жоғары болмауға тиіс.

81. Осы Хаттаманың ережелері жоғары оқу орындары немесе ғылыми мекемелер тәуелсіз жүргізетін іргелі ғылыми зерттеулерге қатысты қолданылмайды. Іргелі зерттеулер өнеркәсіптік немесе коммерциялық мақсаттармен байланысты емес жалпы ғылыми және техникалық білімді кеңейтуді білдіреді.

82. Мүше мемлекеттің аумағындағы қолайсыз өңірлерге жалпы өңірлік даму шеңберінде ұсынылатын көмек ерекше емес болып табылады (осы Хаттаманың I бөлімінің мағынасында) және:

1) әрбір қолайсыз өңір нақты белгіленген тұтас әкімшілік және экономикалық аймақ болып табылса;

2) мұндай өңір оның қиындықтары тек уақытша жағдайларға ғана байланысты туындамайтынын көрсететін бейтарап және объективті критерийлердің негізінде қолайсыз өңір ретінде қаралса (мұндай критерийлер оларды тексеру мүмкін болу үшін заңдарда, қағидаларда немесе өзге ресми құжаттарда нақты айқындалуы тиіс);

3) критерийлер үш жылдық кезеңде өлшенген мынадай көрсеткіштердің кемінде біреуіне:

халықтың жан басына шаққандағы табыс немесе үй шаруашылығына шаққандағы табыс немесе осы аумақ үшін орташа көрсеткіштің 85 пайызынан аспауы тиіс халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім көлеміне;

осы аумақ үшін орташа көрсеткіштің кемінде 110 пайызын құрауы тиіс жұмыссыздық деңгейіне негізделген экономикалық даму өлшемін қамтиды (мұндай өлшем кешенді болуы және басқа да көрсеткіштерді қамтуы мүмкін).

83. Осы бөлім түсінігінде өңірлік дамудың жалпы шеңберлері өңірлік субсидиялау бағдарламалары ішкі реттік және әмбебап қолданылатын өңірлік даму саясатының бөлігі болып табылатынын және өңірлік дамуға арналған субсидиялар өңірдің дамуына әсер етпейтін немесе көп әсер етпейтін жекелеген географиялық пункттерге берілмейтінін білдіреді.

Бейтарап және объективті критерийлер белгілі бір өңірлерге өңірлік даму саясаты шеңберінде өңірлер арасындағы айырмашылықтарды жою немесе қысқарту үшін қажетті жеңілдіктерден басқа жеңілдіктер бермейтін критерийлерді білдіреді. Осы тұрғыда өңірлік субсидиялау бағдарламалары әрбір субсидияланатын жоба бойынша ұсынылуы мүмкін көмектің ең жоғары сомаларын қамтуы тиіс. Мұндай ең жоғары сомалар көмек көрсетілетін өңірлердің даму деңгейіне байланысты сараланған болуы және инвестицияларға арналған шығыстар немесе жұмыс орындарын құруға арналған шығыстар түрінде көрсетілуі тиіс. Осы сомалардың шеңберінде көмек осы Хаттаманың

II бөлімінде көзделгендей субсидиялардың басым қолданылуына немесе белгілі бір кәсіпорындарға үлкен сомалардың тең көлемде ұсынылмауына жол бермеу үшін кеңінен таратылады.

84. Жәрдемдесу:

- 1) бір жолғы, қайталанбайтын шара болып табылса;
- 2) бейімделу бойынша шығыстардың 20 пайызынан аспайтын көлемін құраса;
- 3) кәсіпорынға жүктелуі тиіс субсидияланатын жабдықты ауыстыруға және пайдалануға арналған шығыстарды өтемесе;
- 4) фирманың пропорционалды жоспарланған ластауды қысқартуымен тікелей байланысты болса және қол жеткізілуі мүмкін өндірістік шығыстарға арналған үнемдеуді өтемесе;
- 5) жаңа жабдыққа және (немесе) өндірістік процестерге ауысуы мүмкін барлық фирмалар үшін қолжетімді болса, қолданыстағы өндірістік қуаттылықтардың қосымша шектеулерге және фирмалар үшін қаржылық ауыртпалықтарды күшейтуге әкелетін заңнамамен және (немесе) нормативтік актілермен қойылатын қоршаған ортаны қорғауға қатысты жаңа талаптарға бейімделуіне жәрдемдесу қолданыстағы өндірістік қуаттылықтарды (қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жаңа талаптар енгізілгенге дейін кемінде екі жыл пайдаланылған өндірістік қуаттылықтарды) білдіреді.

### **VIII. Өтем шараларын және қарымта шараларды енгізу және қолдану**

85. Бір мүше мемлекеттің құзыретті органы өзге мүше мемлекеттердің аумағында ұсынылатын субсидиялардың осы Хаттаманың ережелеріне сәйкестігі туралы зерттеуді немесе өзге мүше мемлекеттердің осы Хаттаманың 11-тармағында көрсетілген шараларды қолдануын айқындау үшін осы Хаттаманың V бөлімінде белгіленген тәртіппен зерттеу жүргізуге құқылы. Зерттеуге бастама жасаған құзыретті орган мүше мемлекеттерге зерттеудің басталатыны туралы хабарлайды. Құзыретті органдар зерттеудің жүргізілу барысы туралы қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

86. Бір мүше мемлекеттің құзыретті органы жүргізілген тексеру нәтижесінде өзге мүше мемлекеттің субсидиялаушы органы арнайы субсидия ұсынатынын және осы арнайы субсидия құзыретті органы тексеру жүргізетін мүше мемлекеттің ұлттық экономика саласына залал келтіретінін анықтаған жағдайда мұндай құзыретті орган осы мүше мемлекетке өтем шараларын енгізу туралы өтініш беруі мүмкін. Көрсетілген өтініште субсидиялардың осы Хаттама ережелеріне сәйкес келмеуі туралы дәлелдемелер келтірілуі тиіс.

87. Осы Хаттаманың 6-тармағына сәйкес жүргізілген тексеру қорытындылары бойынша Комиссия мүше мемлекеттердің біреуінің ұлттық экономика саласына залал келтірілгенін растаған жағдайда мұндай мүше мемлекеттің құзыретті органы

субсидиялаушы мүше мемлекетке өтем шараларын енгізу туралы өтініш беруі мүмкін. Өтем шараларын енгізу туралы өтініште Шарттың 96-бабы 6-тармағының 3-тармақшасына сәйкес субсидияларға жол бермеу туралы дәлелдемелер келтірілуі тиіс.

Мүше мемлекеттер осы Хаттаманың 7-тармағына сәйкес Комиссиямен келісілген субсидияларға өтем шараларын қолданбайды.

Осы тармақтың ережелерін қолдану осы Шарттың 105-бабының 1-тармағында көзделген өтпелі ережелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

88. Өтем шараларын қолдану туралы өтінішті оны алған мүше мемлекет 2 айдан аспайтын мерзімде не дауларды шешу нәтижелері бойынша ерікті түрде қанағаттандыруы мүмкін.

89. Заңдылығын мұндай мүше мемлекет ерікті түрде немесе дауларды шешу нәтижелері бойынша таныған өтем шараларын қолдану туралы өтінішті алған мүше мемлекет немесе Шарттың 93-бабына сәйкес дауларды шешу нәтижесі бойынша өтем шарасын өтінішке сәйкес күнтізбелік 30 күн ішінде енгізеді.

90. Осы Хаттаманың 89-тармағына сәйкес енгізілген өтем шарасы ұсынылған субсидияға өтем шарасын қолдану туралы өтініште көрсетілген сомадан және осы ақшалай қаражатты (мүлікті) пайдаланудың барлық кезеңі ішіндегі осы сомаға есептелген пайыздан құралады.

Субсидия сомасы осы Қосымшаға сәйкес есептеледі.

Пайыз мөлшерлемесі субсидия ұсынылған сәтте қолданыста болған және субсидиялаушы орган субсидия берген мүше мемлекеттің Ұлттық (Орталық) банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің бір жарым мөлшеріне тең. Бұл ретте пайыздық мөлшерлеме субсидия ұсынылған күннен бастап өтем шарасы орындалған күнге дейінгі барлық кезеңге қатысты күрделі пайызды қолдану арқылы есептеледі.

Күрделі пайыз алдыңғы жылы есептелген пайыздары бар сомаға жыл сайын есептелетін пайызды білдіреді.

91. Өтем шарасы тиісті пайызы есепке алынған субсидия сомасы субсидияны алушыдан алынғаннан кейін және субсидиялаушы органы субсидия ұсынған мүше мемлекеттің бюджетіне аударылғаннан кейін орындалған болып табылады.

92. Өтем шарасы ол осы Хаттаманың 91-тармағында көрсетілген көздерден басқа кез келген көздерден алынса, орындалған болып табылмайды.

Өтем шарасының алу көздері субсидияны алушының өтем шарасын құрайтын қаражатты төлеуден жалтаруға жол бермеу үшін ғана талапкер мемлекеттің және жауапкер мемлекеттің өзара келісімі бойынша өзгеруі мүмкін.

93. Өтем шарасының орындалуы өтем шарасын қолдану туралы қанағаттандырылған өтініш орындалған болып табылуы үшін жеткілікті негіз болып табылады. Бұл ретте, мүше мемлекет өтем шарасын қолдану туралы қанағаттандырылған өтінішті мұндай өтініш қанағаттандырылған күннен бастап күнтізбелік 1 жылдан аспайтын мерзімде орындайды.

94. Егер мүше мемлекет өтем шарасын қолдану туралы қанағаттандырылған өтінішті белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда өтініш берген мүше мемлекет өтем шарасы көлеміне шамамен тең келуі тиіс қарымта шараларды қолдану мақсатында дауларды шешу жөніндегі шараға бастама жасауға құқылы.

Осы Хаттама мақсаттары үшін қарымта шаралар ретінде қарымта шараны енгізетін мүше мемлекеттің қарымта шарасы енгізілетін мүше мемлекетке қатысты (мұнай және газ салаларына қатысты шараларды қоспағанда) олардың арасында жасалған сауда-экономикалық сипаттағы қолданыстағы шарттардан туындайтын өз міндеттемелерін орындауын уақытша тоқтата тұру ұғынылады.

Қарымта шаралар уақытша сипатқа ие және оларды талапкер мүше мемлекет осы Шарттың ережелерін бұзатын шара жойылғанға дейін немесе Шарттың ережелеріне сәйкес келетіндей етіп өзгертілгенге дейін немесе мүше мемлекеттер өзгеше келісімге қол жеткізгенге дейін ғана қолданады.

## **IX. Хабарламалар**

95. Мүше мемлекеттер (мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары) жыл сайын 1 желтоқсаннан кешіктірмей біріне-бірі және Комиссияға кезекті жылы федералдық ( республикалық) және өңірлік (муниципалдық, жергілікті) деңгейлерде ұсыну жоспарланып отырған барлық субсидиялар туралы хабарлайды.

Мүше мемлекеттер осы Хаттаманың 76-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұсынылатын субсидиялар туралы ақпаратты құпия ақпаратқа жатқызбайды.

96. Осы Хаттаманың 95-тармағына сәйкес хабарламаларға арналған ақпарат көзі федералды/республикалық бюджет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктер бюджеттері жобаларының шығыс бөлігі болып табылады.

**97. Күші жойылды – ҚР 19.04.2024 № 75-VIII Заңымен.**

98. Мүше мемлекеттер (мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары) біріне-бірі және Комиссияға федералдық (республикалық) және өңірлік (муниципалдық, жергілікті) деңгейде мүше мемлекеттің аумағында есепті жыл ішінде ұсынылған субсидиялар туралы белгіленген нысан бойынша хабарламаны есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей жібереді. Хабарламада өзге мүше мемлекеттің уәкілетті органы және Комиссия ұсынылған субсидиялардың сомасын және олардың осы Хаттаманың ережелеріне сәйкестігін бағалай алуы үшін жеткілікті ақпарат қамтылуы тиіс.

99. Осы бөлімде көзделген мүше мемлекеттердің (мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының) субсидиялар туралы хабарламаларының нысаны, сондай-ақ оларды толтыру тәртібін мүше мемлекеттермен келісу бойынша Комиссия бекітеді.

100. Хабарламаларда мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) субсидиялау бағдарламасының атауы (ол болған жағдайда), субсидияның қысқаша сипатталуы немесе белгіленуі (мысалы, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту");

2) хабарлама ұсынылатын есепті кезең;

3) субсидияның негізгі нысанасы және (немесе) мақсаты (субсидияны ұсыну мақсаттары бойынша деректерді әдетте субсидия ұсынылатын нормативтік құқықтық актіден табуға болады);

4) субсидияны ұсыну үшін негіз (оған сәйкес субсидия ұсынылатын нормативтік құқықтық актінің атауы, сондай-ақ осы актінің қысқаша сипаттамасы);

5) субсидия нысаны (грант, қарыз, салық жеңілдігі және т.б.);

6) субъект (өндіруші, экспорттаушы немесе басқа тұлға) және субсидия беру тәсілі (субсидия кімге және қалай ұсынылады (тауар бірлігіне белгіленген немесе ауыспалы сомамен) (екінші нұсқада соманы айқындау тетігі көрсетіледі), сондай-ақ субсидияны ұсыну тетігі және оны беру шарттары;

7) субсидия мөлшері (субсидияға қаржыландырылған жылдық немесе жалпы сома, мүмкіндігінше, өнім бірлігіне арналған субсидия);

8) субсидия қолданысының мерзімі және (немесе) субсидияға қатысты қолданылатын кез келген басқа уақытша шектеу (субсидияның ашылу (жабылу) күнін қоса алғанда);

9) саудаға әсері жөніндегі деректер (субсидиялардың саудалық әсерін бағалауға мүмкіндік беретін статистикалық деректер).

101. Осы Хаттаманың 100-тармағында көрсетілген ақпарат, мүмкіндігінше, субсидияланатын тауарларды немесе секторларды өндіру, тұтыну, олардың импорты мен экспорты бойынша:

1) статистикалық мәліметтер бар соңғы үш жылдағы;

2) алдыңғы жылдағы - субсидияны енгізу алдындағы немесе субсидияның соңғы маңызды өзгерісінің алдындағы соңғы жыл

ішіндегі статистикалық мәліметтерді қамтуы тиіс.

Өнеркәсіптік субсидиялар берудің  
бірыңғай қағидалары туралы хаттамаға  
қосымша

## Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттаманың ережелері қолданылмайтын шаралар тізбесі

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР 24.12.2014 № 265-V; 02.08.2015 № 346 -V Заңдарымен.**

Шараның сипаттамасы	Шараға қатысты өтпелі кезең
<b>I. Беларусь Республикасы</b>	
Беларусь Республикасы Президентінің "Жеңіл автомобильдерді дамыту жөніндегі шаралар туралы" 2009 жылғы 4 сәуірдегі № 175 Жарлығына және "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кедендік одағын бірыңғай	

<p>кедендік-тарифтік реттеу туралы" Кеден одағы комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130 шешіміне* сәйкес жасалған инвестициялық келісімдерге қатысты шаралар</p>	<p>егер Беларусь Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуы туралы хаттамада өзгеше көзделмесе, 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін</p>
<p><b>II. Қазақстан Республикасы</b></p>	
<p>1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасын бекіту туралы" 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысына сәйкес экспортқа бағдарланған өндірістердің банктер кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау</p>	<p>2011 жылғы 1 шілдеге дейін кредиттік ұйымдар берген кредиттер бойынша 2016 жылғы 1 шілдеге дейін</p>
<p>2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" № 99-IV Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тауар шығарылған елді анықтау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру әрі тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу, куәландыру және беру жөніндегі ережені бекіту туралы" 2009 жылғы 22 қазандағы № 1647 қаулысына және 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімге сәйкес Кеден одағының кедендік аумағының қалған бөлігіне еркін қойма аумағынан әкету кезінде кеден баждары мен салықтардан жеткілікті қайта өңдеу критерийлеріне сәйкес қазақстандық деп танылған тауарларды босату</p>	<p>2017 жылғы 1 қаңтарға дейін</p>
<p>3. 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге, "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі № 469-IV Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тауар шығарылған елді анықтау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру әрі тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу, куәландыру және беру жөніндегі ережені бекіту туралы" 2009 жылғы 22 қазандағы № 1647 қаулысына сәйкес Кеден одағының кедендік аумағының қалған бөлігіне еркін қойма аумағынан әкету кезінде кеден баждары мен салықтардан жеткілікті қайта өңдеу критерийлеріне сәйкес қазақстандық деп танылған тауарларды босату</p>	<p>2017 жылғы 1 қаңтарға дейін</p>
<p>4. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің "Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары - резиденттерімен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімді жасасудың , оның талаптары мен үлгі нысанының кейбір мәселелері туралы" 2010 жылғы 11 маусымдағы №</p>	

<p>113 бұйрығына және Кеден одағы комиссиясының " Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден одағын бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130 шешіміне* сәйкес жасалған инвестициялық келісімдерге қатысты шаралар</p>	<p>егер Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуы туралы хаттамада өзгеше көзделмесе, 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін</p>
<p>5. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттардағы жергілікті қамтым</p>	<p>егер Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуы туралы хаттамада өзгеше көзделмесе, 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін</p>
<p>6. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Қазақстан Республикасының Заңына және "Ұлттық басқарушы холдинг, Ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 мамырдағы № 787 қаулысына сәйкес " Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры (ҰӘҚ) және дауыс беру акцияларының 50 %-ын және одан көбін (қатысу үлесін) "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ тікелей және жанама иеленетін ұйымдарда, сондай-ақ мемлекетке тікелей және жанама тиесілі компанияларда сатып алудағы жергілікті қамтым мемлекеттің үлесі 50 %-ын және одан көбін құрайтын)</p>	<p>егер Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуы туралы хаттамада өзгеше көзделмесе, 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін</p>
<p><b>III. Ресей Федерациясы</b></p>	
<p>1. Ресей Федерациясы Президентінің "Отандық автомобиль өнеркәсібін дамыту үшін инвестициялар тарту жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1998 жылғы 5 ақпандағы № 135 Жарлығының, Ресей Федерациясы Үкіметінің "Ресей Федерациясының Кеден тарифіне өнеркәсіптік алымдар үшін алынатын автокомпоненттерге қатысты өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылғы 29 наурыздағы № 166 қаулысының және Кеден Одағы комиссиясының " Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кеден одағын бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" 2009 жылғы 29 қарашадағы № 130 шешімінің ережелерін қамтитын 2011 жылғы 28 ақпанға дейін жасалған инвестициялық келісімдерге қатысты шаралар*</p>	<p>өтпелі кезең оларға қол қою кезінде белгіленген келісімдердің қолданылу мерзіміне сәйкес келеді және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Ресей Федерациясы мен Марракеш келісіміне қосылу туралы 2011 жылғы 16 желтоқсандағы Хаттамада көзделген күнтізбелік 2 жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін</p>
<p>2. "Калининград облысындағы ерекше экономикалық аймақ туралы және Ресей Федерациясының кейбір заңнамалық актілеріне</p>	

өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 10 қаңтардағы № 16-ФЗ Федералдық Заңға сәйкес қолданылатын шаралар	2016 жылғы 1 сәуірге дейін
---	----------------------------

#### IV. Армения Республикасы

Жеткілікті қайта өңдеу критерийлеріне сәйкес армяндық деп танылған тауарларды "Еркін экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 18 маусымдағы Армения Республикасының Заңына, Армения Республикасы Үкіметінің "Шығарылған елдің сертификаттарын беру және сараптама жүргізу тәртібін бекіту туралы" 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1772-Н қаулысына, 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге, 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімге сәйкес еркін экономикалық аймақтар аумағынан және еркін комалар аумағынан Кеден одағының кедендік аумағының қалған бөлігіне әкету кезінде кедендік баждар мен салықтардан босату	2017 жылғы 1 қаңтарға дейін".
--	-------------------------------

#### V. Қырғыз Республикасы

1. "Еркін экономикалық аймақтар туралы" 2014 жылғы 11 қаңтардағы № 6 Қырғыз Республикасының Заңына, "Қырғыз Республикасының еркін экономикалық аймақтарында дайындалған тауарлар шығарылған елді анықтау тәртібі туралы" Қырғыз Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 карашадағы № 715 қаулысына және 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері бойынша келісімге сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының қалған бөлігіне "Бішкек", "Нарын" және "Қаракөл" еркін экономикалық аймақтарының аумағынан әкету кезінде жеткілікті қайта өңдеу өлшемшарттарына сәйкес қырғыздық деп танылған тауарларды кедендік баждар мен салықтардан босату**.	2017 жылғы 1 қаңтарға дейін
2. "Кедендік реттеу туралы" 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 184 Қырғыз Республикасының Заңына, 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімге сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының қалған бөлігіне еркін қоймалар аумағынан әкету кезінде жеткілікті қайта өңдеу өлшемшарттарына сәйкес қырғыздық деп танылған	



<p>тауарларды кедендік баждар мен салықтардан босату**.</p> <p>Осы алып қоюлар Қырғыз Республикасының еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізілген мынадай еркін қоймалар иелеріне қатысты қолданылады:</p> <p>"Алтын-Ажыдаар" ЖШҚ;  "Илбирс" ААҚ;  "Авиньен" ЖШҚ;  "Жібек жолы" ЖШҚ;  "Ренесанс" ЖШҚ</p>	<p>2017 жылғы 1 қаңтарға дейін";</p>
---	--------------------------------------

\* Жоғары кеңес бекітетін, мүше мемлекеттердің аумақтарында "моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру" ұғымын қолданудың шарттарын ескере отырып қолданылады.

\*\*Көрсетілген шараларға қатысты Қырғыз Республикасы өз заңнамасына жеткілікті қайта өңдеу өлшемшарттары ретінде белгіленетін өзгерістер енгізген жағдайларда Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттаманың ережелері қолданылмайды (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 28 қосымша), оларға сәйкес еркін кедендік аймақтың кедендік рәсіміне немесе тауарлардың еркін қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған шетелдік тауарларды пайдалана отырып, дайындалған (алынған) тауар мәртебесін:

1) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 51 – 63 тауар топтарында сыныпталатын тоқыма материалдар мен тоқыма бұйымдарға, ТН ЕАЭО СЭҚ 64 тауар тобында сыныпталатын аяқ киім және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау өлшемшарттарын;

2) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 8415, 8418, 8421 және 8422 тауар позицияларында сыныпталатын жабдыққа және механикалық құрылғылар мен олардың бөліктеріне, 8508, 8509, 8510, 8512, 8513, 8516 және 8528 тауар позицияларында сыныпталатын электр машиналары мен жабдықтарға және олардың бөліктеріне, дыбыс жазу және дыбыс шығару аппаратурасы мен оның бөліктеріне, телевизиялық кескіндерді жазуға және қайта шығаруға арналған аппаратураға және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімде белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау өлшемшарттарын не оларды орындау нәтижесінде қосылған құнының пайыздық үлесі кемінде 40%-ды құрай алмайтын, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген жеткілікті қайта өңдеудің өзге де өлшемшарттарын;

3) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 3901 – 3921 тауар позицияларында сыныпталатын тауарларға қатысты - 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімде белгіленген

тауарлардың шығарылған елін анықтау өлшемшарттарын не оларды орындау нәтижесінде қосылған құнының пайыздық үлесі кемінде 50%-ды құрай алмайтын, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген жеткілікті қайта өңдеудің өзге де өлшемшарттарын;

4) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 44 тауар тобында сыныпталатын сүрекке және одан жасалған бұйымдарға, 9401 және 9403 тауар позицияларында сыныпталатын сүректен жасалған жиһазға және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау өлшемшарттарын айқындау жүргізіледі.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 29 ҚОСЫМША

## **Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 94 және 95-баптарына сәйкес әзірленген және осы Хаттаманың II бөлімінде көрсетілген тауарларға қатысты (бұдан әрі - ауыл шаруашылығы тауарлары) қолданылады.

2. Осы Хаттамада қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"әкімшілік-аумақтық бірліктер" – Армения Республикасының, Беларусь Республикасының (Минск қаласын қоса алғанда), Қазақстан Республикасының (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын қоса алғанда) және Қырғыз Республикасының (Бішкек және Ош қалаларын қоса алғанда) және әкімшілік-аумақтық бірліктері, Ресей Федерациясының субъектілері мен муниципалдық құрылымдары;

"ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау" - ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мүддесінде тікелей немесе олардың өкілетті агенті арқылы мүше мемлекеттің үкіметі немесе өзге мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары көрсететін қаржылай көмек;

"субсидиялаушы орган" - ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдауды көрсету саласында шешімдер қабылдауды іске асыратын мүше мемлекеттердің бір немесе бірнеше мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары. Субсидиялаушы орган мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес уәкілетті агентке (кез келген ұйымға) ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың шараларын ұсынуға жататын, өзіне жүктелген бір немесе бірнеше қызметті орындауға жазбаша нұсқама беруі немесе тапсыруы мүмкін. Өкілетті агенттің (кез келген ұйымның) мұндай іс-қимылы субсидияланатын органның іс-қимылы ретінде қаралады.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға бағытталған мүше мемлекет басшысының іс-қимылы субсидиялаушы органның іс-қимылы ретінде қаралады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.12.2014 № 265-V; 02.08.2015 № 346 -V; 15.02.2021 № 6-VII Заңдарымен.

## **I. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары**

3. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары мыналарға бөлінеді:

1) мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасына бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шаралар (бұдан әрі - саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шаралар);

2) мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасына үлкен дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар (бұдан әрі - саудаға үлкен дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар);

3) мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы тауарымен өзара саудасына бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар (бұдан әрі — саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар).

4. Осы Хаттаманың III бөлімінде көрсетілген шаралар саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шараларға жатады. Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шараларды мүше мемлекеттер шектеусіз қолдануы мүмкін.

5. Саудаға үлкен дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларға мыналар жатады :

берілуі осы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін мүше мемлекеттің аумағынан кез келген басқа мүше мемлекеттің аумағына ауыл шаруашылығы тауарын шығару нәтижелерімен жалғыз немесе бірнеше шарттардың бірі ретінде байланысқан, іске асырылған немесе келешекте іске асырылатын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары;

нақты тауарлар, олардың көлемі, құны, отандық тауарларды өндіру немесе пайдалану құнының немесе көлемі үлесінің, отандық тауарларды пайдаланатын өндірісті оқшаулау деңгейінің айқындалуына қарамастан, берілуі бұл мүше мемлекеттің аумағында ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру кезінде мұндай ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды көрсететін мүше мемлекет аумағында шығарылатын ауыл шаруашылығы тауарларын пайдалану мен бірнеше шарттардың ішінен бір немесе жеке шарт ретіне байланысты ұсынылатын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары;

Үлкен дәрежеде сауданы бұрмалайтын мемлекеттік қолдау шараларының тізбесі осы Хаттаманың IV бөлімінде көрсетілген.

6. Мүше мемлекеттер саудаға үлкен дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларды қолданбайды.

7. Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларға осы Хаттаманың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген саудаға үлкен дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларға қатысы болмайтын шаралар жатқызылады.

8. Рұқсат етілген көлем секілді айқындалатын, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемінің жалпы өндірілген ауыл шаруашылығы тауарларының жалпы құнына пайыздық қатынасы ретінде есептелетін, саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралардың деңгейі осы тармақтың үшінші абзацына сәйкес міндеттемелер күшіне енгенге дейін 10 пайыздан артық болмауға тиіс.

Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралардың рұқсат етілген деңгейін есептеу әдіснамасын мүше мемлекеттер халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірлейді және оны Комиссия Кеңесі бекітеді.

Мүше мемлекеттердің саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар бойынша міндеттемелері көрсетілген әдіснамаға сәйкес белгіленеді және оны Жоғары кеңес бекітеді.

Осы тармақтың ережелерін қолдану Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 106-бабында көзделген өтпелі ережелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

9. Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше мемлекет кіргеннен кейін

аталған мүше мемлекеттің ДСҰ-ға қосылу шарты ретінде қабылдаған саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар бойынша міндеттемелері оның Одақ шеңберіндегі міндеттемелері болады.

10. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемдерін есептеу осы Хаттаманың 8-тармағында көзделген, саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралардың рұқсат етілген деңгейін есептеу әдіснамасы ескеріле отырып, осы Хаттаманың V бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

## **II. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары қолданылатын тауарлар**

11. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары мынадай ЕАЭО СЭҚ ТН тауарларын қамтиды:

1) 01 топ - ЕАЭО СЭҚ ТН 24, 03 тобын қоспағанда (балық пен шаян тәрізділер, ұлулар және басқа да теңіз омыртқасыздары) 1604 тауар позицияларын (дайындалған немесе консервіленген балықтар; бекіре уылдырығы мен оларды алмастырушылар, балық уылдырығынан дайындалған өнімдер) және 1605 (дайындалған немесе консервіленген шаян тәрізділер, ұлулар және басқа да теңіз омыртқасыздары);

2) 2905 43 000 0 (маннит) СЭҚ ТН қосалқы позициялары;

3) 2905 44 (D-глюцит (сорбит) СЭҚ ТН қосалқы позициялары;

4) нақтылары мен абсолюттерді қоса 3301 СЭҚ ТН тауар позициясы (эфир майы (құрамында терпендері болатын немесе болмайтын); резиноидтар; экстрагирацияланған эфир майы; анфлераж немесе матераций әдісімен алынатын ұқсас өнімдер немесе

балауыз, ұшқыр майлардағы эфир майының концентраттары; эфир майының детерпенизациясындағы терпендік жанама өнімдер; эфир майының су дистилляттары мен су ерітінділері);

5) 3501 - 3505 СЭҚ ТН тауар позициясы (казеин, казеинаттар мен казеиннен өндірілетін басқа да өнімдер; казеиндік желімдер; альбуминдер (құрамында 80 % артық майы болатын екі немесе одан да көп іркіт ақуыздарының, құрғақ заттарға түгендейтін іркіт ақуыздарының концентраттарын қоса), альбуминаттар және басқа да альбуминнен өндірілген өнімдер; желатин (оның ішінде тікбұрышты (шаршы пішінділерді қоса) парақтарда, өңделген немесе өңделмеген бетімен, боялған немесе боялмаған) және желатиннен өндірілгендер; балық желімдері; басқа да жануарлардан алынған желімдер (3501 тауар позициясындағы казеиннен басқа); пептондар және олардан өндірілгендер; басқа орындарда аталмаған немесе енгізілмеген ақуыз өнімдері мен олардан өндірілгендер; теріден немесе гольден жасалған ұнтақ, хромдалған немесе хромдалмаған; декстриндер және басқа да түрлендірілген крахмалдар (мысалы, алдын ала желатинделген немесе күрделі эфирге айналған крахмалдар); крахмал немесе декстриндер негізіндегі желімдер, немесе басқа да түрлендірілген крахмалдар негізіндегі желімдер; 3503 00 800 1 (құрғақ балық желімі) және 3503 00 800 2 (сұйық балық желімі) қосалқы позициялардан басқа;

6) 3809 10 СЭҚ ТН қосалқы позициясы (крахмалдық өнімдер негізіндегі басқа орында аталмаған немесе енгізілмеген тоқыма, қағаз шығару, былғары өнеркәсіптері немесе ұқсас салаларда қолданылатын дайын препараттар, басқа өнімдер, бояғыштарды фиксациялау немесе бояуды жеделдетуге арналған құралдар, әрлеу құралдары);

7) 3824 60 СЭҚ ТН қосалқы позициялары (сорбит, 2905 44 қосалқы позициясындағы сорбиттен басқа);

8) 4101 - 4103 СЭҚ ТН қосалқы позициясы (қабатталған немесе қабатталмаған, түкті жамылғысымен немесе түкті жамылғысыз ірі қара мал (буйволдарды қоса) немесе жылқы тұқымдас жануарлардың (әрі қарай өңдеуге жатқызылмайтын немесе жарғақ көмегімен жасалған, бірақ тондалмаған, басқа әдіспен пикеленген немесе консервіленген, күлденген, құрғатылған, жұпты немесе тұздалған) өңделмеген терілері; көрсетілген топта 1в ескертуімен алып тасталғаннан басқа қабатталған немесе қабатталмаған, жүнді жамылғымен немесе жүнді жамылғысыз, қой мен қозылардың (одан әрі өңдеуге жатқызылмайтын немесе жарғақ көмегімен жасалған, бірақ тондалмаған, басқа әдіспен пикеленген немесе консервіленген, күлденген, құрғатылған, жұпты немесе тұздалған) өңделмеген терілері; аталған топқа 1б немесе 1в ескертулерімен алып тасталғаннан басқа қабатталған немесе қабатталған, түкті жамылғысымен немесе түкті жамылғысыз басқа да өңделмеген терілер (одан әрі өңдеуге жатқызылмайтын немесе жарғақ көмегімен жасалған, бірақ тондалмаған, басқа әдіспен пикеленген немесе консервіленген, күлденген, құрғатылған, жұпты немесе тұздалған);

9) 4301 СЭҚ ТН тауар позициясы (4101, 4102 немесе 4103 тауар позициясындағы өңделмеген терілерден басқа мамық жүнді-үлбір шикізат (үлбір өнімдерді әзірлеу үшін жарамды бас, құйрық, табан және мүшелердің басқа да бөліктері мен қиықтарын қосқанда);

10) 5001 00 000 0 - 5003 00 000 0 СЭҚ ТН тауар позициясы (тарқатуға жарамды жібек құртының пілләсі; тазартылмаған жібек (ширатылмаған); жібек қалдықтары (тарқатуға жарамсыз піллә жіптері мен ыдыратылған шикізатты қоса алғанда);

11) 5101 - 5103 СЭҚ ТН тауар позициясы (тарқатылмайтын жүн, жануарлардың тарқатылмайтын жұқа немесе қалың жүндері; жүні өңделмеген шикізатты алып тастай отырып, иіру қалдықтарын қоса, жануарлардың жұқа немесе қалың жүндерінің қалдықтары);

12) 5201 00 - 5203 00 000 0 СЭҚ ТН тауар позициясы (тарқатылмайтын мақта талшықтары; мақта талшықтарының қалдықтары (жүні құртылған шикізат пен иіру қалдықтарын қоса); тарқатылатын мақта талшықтары);

13) 5301 СЭҚ ТН тауар позициясы (шикізатты зығыр немесе өңделген, бірақ иірілмеген зығыр; зығырдың қыл-қыбырлары мен қалдықтары; иіру қалдықтары мен жұлынған шикізатты қосқанда);

14) 5302 СЭҚ ТН тауар позициясы (*cannabis sativa L.*) кендірі), иірілмейтін өңделген шикізат; кендірдің қыл-қыбырлары мен қалдықтары (жұлынған шикізат пен иіру қалдықтарын қосқанда).

### **III. Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шаралар**

12. Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің (бұдан әрі - өндірушілердің) мүддесінде іске асырылатын шаралар мынадай негізгі критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

1) қолдауды бюджет қаражаты есебінен (талап етілмеген түсімдер), оның ішінде тұтынушылардың қаражаты есебінен ғана емес, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде көрсету; Талап етілмейтін түсімдер деп мүше мемлекеттің бюджетке тиісті міндетті төлемді алудан түпкілікті немесе уақытша бас тартуы ұғынылады;

2) қолдаудың салдары өндірушілердің бағасын қолдау болып табылмауы тиіс.

13. Осы Хаттаманың 12-тармағында көрсетілген критерийлерге қосымша ретіндегі саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шаралар осы Хаттаманың 14-26-тармақтарында жазылған өзіндік ерекше критерийлермен және шарттармен қанағаттандыруы тиіс.

14. Жалпы сипаттағы көрсетілетін қызметтерді ұсынудың мемлекеттік бағдарламалары ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен қайта өңдеушілерге тікелей төленетін төлемдерді алып тастағанда, ауыл шаруашылығына немесе ауыл тұрғындарына жеңілдіктер беру немесе қызмет көрсетуге арналған қаражатты бөлуді (талап етілмейтін түсімдерді пайдалануды) көздейді.

15. Жалпы сипаттағы көрсетілетін қызметтерді ұсынудың мемлекеттік бағдарламалары мынадай бағыттар бойынша іске асырылуы мүмкін:

1) ғылыми зерттеулер, оның ішіндегі жалпы сипаттағы зерттеулер, қоршаған ортаны қорғау бағдарламасымен байланысты зерттеулер және нақты өнімдер бойынша зерттеу бағдарламалары;

2) зиянкестер және ауруларға қарсы күрестің жалпы шараларын, сондай-ақ нақты тауарларға, мысалы, ерте ескерту жүйесі, карантин және жою секілді тауарларға қатысты шараларды қоса алғанда, зиянкестерге және ауруларға қарсы күрес;

3) кадрларды жалпы және арнайы даярлау;

4) ақпаратты жолдауды және өндірушілер мен тұтынушыларға зерттеу нәтижелерін жеңілдету үшін құралдарды ұсынумен қоса, консультациялық қызметтерді, ақпаратты тарату;

5) сапа бойынша сорттау мен стандарттау, қауіпсіздік, денсаулық сақтау мақсаты үшін жалпы инспекциялық қызметтер мен жеке ауыл шаруашылығы тауарларын тексеруді қосқандағы инспекциялық қызметтер;

6) маркетингтік ақпаратты, консультациялар мен нақты ауыл шаруашылығы тауарларының қозғалысын қоса алғанда, маркетинг және ауыл шаруашылығы тауарларының қозғалысы бойынша қызметтер (ауыл шаруашылығы тауарларының өткізілу бағасын төмендету немесе сатып алушыларға тікелей экономикалық жеңілдіктер ұсыну үшін сатушылармен қолданыла алатын нақты емес мақсаттарға пайдаланылатын шығындарды алып тастағанда);

7) электрмен қамтамасыз ету, жол және хабар таратудың басқа жолдары, нарықтық және порттық құрал-жабдықтар, сумен қамтамасыз ету, бөгет және кәріздік жүйелердің инфрақұрылымы бойынша көрсетілетін қызметтер, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламамен байланысы бар инфрақұрылымды құру жөніндегі жұмыстар. Барлық жағдайларда қаражат жеңілдіктері бар тұтынушыларға қызмет көрсетуден толық алынбаған пайда немесе пайдалану шығындарын жабуға бағытталған қаражатты қоспағанда, жалпы қолданыстағы инфрақұрылымның күрделі құрылыстары мен жалпы қолжетімді объектілерді жабдықтауға және салуға жұмсалады.

16. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік резервтерді құру азық-түлік запастарын сақтау мен жинақтау және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасында айқындалған шеңберде бөлінетін мақсаттары үшін берілетін қаражат есебінен (талап етілмеген түсімдер) іске асырылады және міндетті түрде мынадай талаптар мен критерийлерге сәйкес болуы керек:

1) азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік резервтерді жинақтау және көлемі нақты азық-түлік тауарларына қатысты алдын ала мақсаттарға міндетті түрде сәйкес болуы қажет;

2) резервтерді бөлу мен қалыптастырудың үрдістері міндетті түрде қаржылық транспарентті болуы қажет;

3) мемлекеттік биліктің уәкілетті органдарының азық-түлікті сатып алуы ағымдағы нарықтық бағалар бойынша, азық-түлік резервтерінен сатылымдар - тиісті сапаның нақты өнімдеріне ағымдық ішкі нарықтағы бағаларға қарағанда төмен емес бағалар бойынша іске асырылады.

17. Ішкі азық-түліктік көмек - халықтың мұқтаж бөлігіне ішкі азық-түліктік көмекті ұсынуға бағытталатын қаражат (талап етілмейтін түсімдер).

Ішкі азық-түліктік көмек көрсету мынадай талаптар мен критерийлерге сәйкес болуы қажет:

ішкі азық-түліктік көмекті алу құқығы мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасында белгіленеді.

ішкі азық-түліктік көмек нарықтық немесе субсидияланатын бағалар бойынша олардың азық-түлікпен қамтылуы үшін мүдделі тұлғаларға азық-түлікті тікелей жеткізу немесе қаражат беру нысанында көрсетіледі;

ішкі азық-түліктік көмекті көрсету шеңберінде мемлекеттік биліктің уәкілетті органдарының азық-түлікті сатып алуы ағымдағы нарықтық бағалар бойынша іске асырылады, ал қаржыландыру мен бөліп беру транспарентті болып табылады.

18. Өндірушілерге тікелей төлем түрінде (заттық мәндегі төлемдерді қосқандағы талап етілмейтін табыстар мен түсімдерді пайдалану) іске асырылатын мемлекеттік қолдау шаралары осы Хаттаманың 12-тармағында көрсетілген критерийлерге, сондай-ақ осы Хаттаманың 19-26-тармақтарында көрсетілген тікелей төлемдердің жеке түрлеріне қолданылатын өзге де критерийлерге сәйкес болуы қажет. Осы Хаттаманың 19-26-тармақтарында көрсетілгеннен басқа тікелей төлемдер осы Хаттаманың 12-тармағында көрсетілген жалпы критерийлерге толықтыру ретінде:

осы Хаттаманың 19-тармағының 2 және 3-тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес болуы қажет.

19. Кірістерді "байланыссыз" қолдау міндетті түрде мынадай талаптар мен критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

1) төлемге құқық анықталған және тіркелген базалық кезеңдегі өндірістің факторын немесе өндірістің деңгейін қолдануға, өндірушінің мәртебесіне, табыстың деңгейіне қарай мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасында белгіленеді;

2) төлем сомасы өнімнің түрі мен көлеміне (мал басын қосқанда), өндіруші өндірген өнімдерге, өндірілген өнімдердің ішкі немесе әлемдік бағасына, өндірістің факторына тәуелді емес;

3) төлемді алу үшін өнім өндіруді жүзеге асыру талап етілмейді.

20. Түсімдерді сақтандыру мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламаларында мемлекеттік билік органдарының қаржылық қатысуы мынадай талаптарға сәйкес болуы қажет:



1) төлемге құқық ең жоғары немесе ең төмен жылдық көрсеткіштері алып тасталған, алдыңғы бесжылдық кезеңге есептелген алдыңғы үшжылдық кезең немесе үш жылдың орташа көрсеткіштерінен таза түсімдердің нысанында (осындай немесе ұқсас бағдарламалар бойынша алынған кез келген төлемдерді қоспағанда) орташа жалпы пайдадан немесе эквиваленттен 30 пайыздан артық болатын кірістегі шығындармен (дегенмен тек ауыл шаруашылығынан алынатын кірістер ғана ескеріледі) айқындалады. Бұл талапқа жауап беретін кез келген өндірушінің төлемді алуға құқығы бар;

2) өтем сомасы өндірушіге көмекті алуға құқық берілетін сол жылдардағы кірістерде өндірушінің шығыны көлемінің 70 пайызынан артық болмауы тиіс;

3) төлем сомасы өнімнің түрі мен көлеміне (мал басын қосқанда), өндіруші өндірген өнімдерге, өндірілген өнімдердің ішкі немесе әлемдік бағасына, өндірістің факторын қолдануына тәуелді емес;

4) күнтізбелік 1 жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мемлекеттік қолдау алуы кезінде осы Хаттаманың 21-тармағына және осы тармаққа сәйкес жалпы өтем сомасы өндірушінің жалпы шығынының 100 пайызынан артық болмауы тиіс.

21. Ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі мен жануарларды сақтандыратын бағдарламаларда мемлекеттік билік органдарының (олар өкілеттік берген ұйымдар) тікелей немесе қаржылық қатысу жолымен іске асырылатын табиғи және өзге де апаттар кезінде көмек көрсету ретіндегі төлемдер міндетті түрде мынадай талаптарға сәйкес болуы қажет:

1) төлемге құқық дүлей зілзала және зілзала (оның ішінде мүше мемлекеттердің аумағында аурулардың туындауы, зиянкестерді жұқтыру, шегірткелердің қаптап кетуі, табиғи өрт, құрғақшылық, су тасқыны және басқа да қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстар, техногендік сипаттағы оқиғалар, мүше мемлекеттер аумағындағы ядролық апаттар және соғыс қимылдары және т.б.) болғанын немесе, орын алғанын мемлекеттік билік органдары ресми танығаннан кейін туындайды;

2) төлем сомасы ең жоғары немесе ең төмен жылдық көрсеткіштер алып тасталған алдыңғы 5 жылдық кезеңге есептелген алдыңғы 3 жылдық кезеңдегі өндірістің орташа деңгейінің 30 пайызынан артық болмайтын өндірістік шығын көлемінің негізінде немесе 3 жылдағы өндіріс көлемінің орташа көрсеткіштеріне негізделі отырып айқындалады;

3) төлемдер кірістің, табиғи апаттардың себебінен өндірістің басқа факторлары мен ауыл шаруашылығы жерлерінің айналымынан шығып қалған мал басының шығынына (жануарларға ветеринариялық қызмет көрсетуге байланысты төлемдерді қоса алғанда) қатысты қолданылады;

4) төлем сомасы болашақ өнімдердің саны немесе түрлеріне қарамастан, табиғи апаттарға ұшыраған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер шығынының жалпы көлемінен аспауы тиіс;

5) табиғи апаттар кезінде көмек көрсету ретіндегі төлемдер осы тармақтың 3-тармақшасында айқындалған келешектегі шығындарды азайту немесе алдын ала сақтандыруға арналған қажетті деңгейден аспауы тиіс;

6) осы Хаттаманың 20-тармағы мен осы тармаққа сәйкес күнтізбелік 1 жыл ішінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мемлекеттік қолдау алған кезіндегі өтемнің жалпы сомасы өндірушілердің жалпы шығындарының 100 пайызынан аспауы тиіс.

22. Өндірушілердің өз қызметін тоқтатуға итермелейтін бағдарламалар арқылы құрылымдық өзгерістерге жәрдемдесу:

1) төлемге құқық тауарлық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен қамтылған адамдардың қызметін тоқтатуды жеңілдету немесе оларды экономиканың басқа да секторларына орнықтыруға арналған бағдарламалар шеңберіндегі нақты айқындалған критерийлермен негізделеді;

2) төлемдер көмек алушылардың тауарлық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді толық және ұдайы тоқтатуына тәуелді.

23. Ресурстарды пайдалануды тоқтату жөніндегі бағдарламалар арқылы құрылымдық өзгерістерге жәрдемдесу:

1) төлемдерге құқық ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру мақсаты үшін үй жануарларын қоса алғанда, жерді немесе басқа ресурстарды пайдалануды тоқтатуға бағытталған бағдарламалар шеңберінде дәл айқындалған критерийлерге негізделеді;

2) төлемдер жерді тауарлық ауыл шаруашылығы өнімін өндіру саласынан ең аз дегенде үш жылға шығаруға, ал үй малы жағдайында - кейіннен оны одан әрі өсіруден бас тартып, оны союға байланысты болады;

3) төлемдерді іске асыру үшін тауарлық ауыл шаруашылығы өнімін өндіру саласынан шығарылған жерлерді және басқа ресурстарды баламалы пайдалану талап етілмейді және нақтыланбайды;

4) төлемдер өнімнің түрі мен көлеміне, өндіріс үшін қалатын жерді немесе басқа да ресурстарды пайдалана отырып өндірілген өнімнің ішкі немесе әлемдік бағасына тәуелді емес.

24. Инвестицияларды ынталандыру арқылы құрылымдық өзгерістерге жәрдемдесу:

1) төлемдерге құқық объективті дәлелденген құрылымдық шығыстардың салдарынан өндірушінің қызметін қаржылық немесе физикалық қайта құрылымдауға жәрдемдесуге арналған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде нақты айқындалған критерийлерге негізделеді. Мұндай төлемдерге құқық ауыл шаруашылығы алқаптарын мемлекет иелігінен шығару жөнінде нақты айқындалған үкіметтік бағдарламаға да негізделуі мүмкін;

2) төлем сомасы негіздемеде айқындалмайды және осы тармақтың 5-тармақшасында көзделген талаптарды қоспағанда, өндірілген өнімнің (мал басын қосқанда) түріне немесе көлеміне тәуелді емес;

3) төлем сомасы негіздемеде айқындалмайды және нақты тауарлардың ішкі және әлемдік құнына тәуелді емес;

4) төлемдер тек қана осы төлемдер арналған инвестицияларды іске асыру үшін қажетті уақыт кезеңіне беріледі;

5) қолдау алушылармен төлем іске асырылған кезінде қандай да бір нақты өнімдерді өндірімеу талаптарын қоспағанда, оларға қандай ауыл шаруашылығы тауарларын өндірудің керектігі ешқандай нұсқада көрсетілмейді және жазылмайды;

6) төлемдер құрылымдық шығындардың орнын толтыру үшін талап етілетін сомамен шектеледі.

25. Қоршаған ортаны қорғау бағдарламалары бойынша төлемдер:

1) төлемдерге құқық қоршаған ортаны сақтау мен қорғаудың мемлекеттік бағдарламасына қатысумен негізделеді және өндірістің әдістемесі немесе қажетті материалдарға қатысты шарттарды қоса, аталған мемлекеттік бағдарламада көзделген нақты шарттарды орындауына тәуелді;

2) төлем сомасы мемлекеттік бағдарламаның орындалуына байланысты қосымша шығыстардың немесе кірістегі шығасылардың мөлшерімен шектеледі.

26. Өңірлік көмек көрсету бағдарламасы бойынша төлемдер:

1) мұндай төлемдерге құқық қолайсыз өңірлердегі өндірушілерге беріледі. Қолайсыз өңірлерге мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасында айқындалған әкімшілік және (немесе) экономикалық аумақтар жатқызылады;

2) төлемдердің сомасы ауыл шаруашылығы тауарларының (мал басын қоса алғанда) түрі немесе көлемі негізінде айқындалмайды және оларға тәуелді емес, бірақ бұл тауар өндірісінің қысқаруына байланысты болады;

3) мұндай төлемдердің сомасы нақты тауарлардың ішкі және әлемдік бағасы негізінде айқындалмайды және оларға тәуелді емес;

4) төлемдер тек көмек алуға құқығы бар өңірлердегі өндірушілерге ғана беріледі және мұндай өңірлердегі барлық өндірушілер үшін қолжетімді болып табылады;

5) өндіріс факторларына байланысты төлемдер өндірістің осы факторы бойынша бастапқы деңгейден жоғары регрессивті шәкіл бойынша жүзеге асырылады;

6) төлемдер сомасы белгіленген аумақтағы ауыл шаруашылығы тауарларының өндірісіне байланысты қосымша шығыстардың немесе кірістегі шығасылардың мөлшерімен шектеледі.

#### **IV. Сауданы үлкен дәрежеде бұрмалайтын шаралар**

27. Үлкен дәрежеде сауданы бұрмалайтын шаралар болып мыналар танылады:

1) мұндай тауарларды шығарудың нәтижелеріне байланысты нақты өндірушілерге, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің бірлестігіне немесе тобына тікелей төлемдерді (заттай мәндегі төлемдерді қоса алғанда) жүзеге асыру;

2) мүше мемлекеттің ішкі нарығында сатып алушыларға ұсынылатын ұқсас тауар бағасынан төмен бағалармен ауыл шаруашылығы тауарларының коммерциялық емес қорларын сату немесе басқа мүше мемлекеттің аумағына әкетуді ұсыну;

3) басқа мүше мемлекеттің аумағына әкелілетін өнім мемлекеттік қаражаттар есебінен болсын немесе өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдеріне немесе ауыл шаруашылығы өнімдерінің жиналған алымдары есебінен қаржыландырылатын төлемдерді қоса алғанда, өзге де қаражаттар есебінен болсын, үкіметтің қолдауымен қаржыландырылатын ауыл шаруашылығы тауарларын басқа мүше мемлекеттің аумағына әкету кезіндегі төлемдерді жүзеге асыру;

4) жүкті тиеу-түсіру жұмыстарының шығындарын, қайта өңдеу бойынша өнімнің сапасын арттыру және басқа да шығыстар, сондай-ақ халықаралық тасымалдауға байланысты шығыстарды қоса алғанда, басқа мүше мемлекеттің аумағына әкету үшін ауыл шаруашылығы тауарларының қозғалысы мен маркетингіне шығындарды төмендету үшін (экспортты дамытуға көмек көрсету және консультациялық қызметтер бойынша кең таратылған қызмет көрсетулерді қоспағанда) мемлекеттік қолдауды ұсыну;

5) ішкі тұтынуға арналған ауыл шаруашылығы тауарларын тасымалдаған кездегіден гөрі қолайлы шарттарда басқа мүше мемлекеттің аумағына әкетуге арналған ауыл шаруашылығы тауарларын тасымалдау үшін ішкі тарифтерді белгілеу;

6) ауыл шаруашылығы тауарларын мүше мемлекеттің аумағына әкетуге арналған өнімдерге қосуға байланысты ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды ұсыну.

## **V. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемдерінің есебі**

28. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемдерін есептеу кезінде мыналар ескеріледі:

1) ақша қаражатын тікелей аудару;

2) міндеттемені орындауға кепілдеме беру (мысалы, несие және қарыз бойынша кепілдемелер);

3) үкіметтің тауарды, көрсетілетін қызметті, бағалы қағаздарды, кәсіпорынды (мүліктік кешенді) не оның бір бөлігін, ұйымның жарғылық қорындағы үлесті (акциялар сатып алуды қоса алғанда), басқа да мүлікті, зияткерлік меншік объектілеріне құқықты және т.б. нарықтық бағадан жоғары бағалар бойынша сатып алуы;

4) мемлекеттің және әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджетіне тиесілі төлемдерді өндіріп алудан толық немесе ішінара бас тарту (мысалы, бюджетке төлемдер бойынша қарызды есептен шығару және т.б.);

5) тауарларды немесе қызметтерді жеңілдікпен немесе өтеусіз ұсыну;

6) нарықтық баға деңгейін қолдауға бағытталған шараларды біріктіретін бағалық қолдау.

29. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі ақша қаражатын тікелей аударған кезде, өтеусіз берілетін алынған қаражат сомасына сәйкес келеді (мысалы, дотациялар, өтемақылар және т.б. түрінде). Егер қаражат қолжетімді нарықта (банктік кредит, облигациялар және т.б. нарықта) қалыптасқан шарттарға қарағанда анағұрлым қолайлы шарттарда қайтарымды негізде берілетін болса, қолдау көлемі оларды нарықта алған жағдайда аталған қаражатты пайдаланғаны үшін төлеу талап етілетін сома мен нақты төленген сома арасындағы айырма ретінде айқындалады.

30. Міндеттемелерді орындауға кепілдеме беру бойынша ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі сақтандыру қызметінің қолжетімді нарығында тиісті міндеттеменің орындалмау қаупін сақтандыру жөніндегі тарифті негізге ала отырып, төлем төлеу талап етілетін сома мен субсидиялаушы органнан кепілдемені ұсынғаны үшін талап етілетін сома арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Кепілдіктерді орындау бойынша бюджеттік шығыстар осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес есептелген олардың деңгейден жоғары сомамен қолдау көлеміне қосылады.

Мүше мемлекеттер міндеттемелерді орындаудың мемлекеттік кепілдіктерін ұсыну бойынша мемлекеттік қолдаудың деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты осы Хаттаманың VI бөлімінде көзделген хабарламалардың қатарына қосады.

31. Мемлекеттің тауарды, көрсетілетін қызметтерді, бағалы қағаздарды, кәсіпорынды (мүліктік кешенді) не оның оның бөлігін, ұйымның жарғылық қорындағы үлесті (акциялар сатып алуды қоса алғанда), басқа да мүліктер, зияткерлік меншік объектілеріне құқыққа және т.б. нарықтық бағадан жоғары бағалар бойынша сатып алуы кезінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі сатып алынған объектілер үшін нақты төленген сома мен осы объектілер үшін нарықта қалыптасқан баға бойынша төлеу талап етілетін сома арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Мемлекеттің акциялар сатып алуға, кәсіпорынның жарғылық капиталындағы өзінің үлесін ұлғайтуға және т.б. жұмсалған, қарапайым инвестициялық практика шарттарына сай келетін шығыстары мемлекеттік қолдау шараларына жатпайды.

32. Мемлекеттің және әкімшілік-аумақтық бірліктің бюджетіне тиесілі төлемді алудан толық немесе ішінара бас тарту кезінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі өндірушінің бюджет алдындағы орындалмаған қаржылық міндеттемелерінің, оның ішінде қолдау қолданылмаған жағдайда туындауы мүмкін міндеттемелердің сомасына сәйкес келеді. Міндеттемелерді орындауды кейінге қалдыру кезінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі қолжетімді кредит нарығында алынған қарыз қаражаты санына тең кейінге қалдырылған міндеттемені пайдаланғаны үшін пайыз түрінде төленуі қажет сома ретінде айқындалады.

33. Тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді жеңілдікпен немесе өтеусіз ұсыну кезінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі тауарлармен немесе

көрсетілетін қызметтерді сатып алудың (ұсынудың) нарықтық құны мен нақты төленген сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

34. Нарықтық баға деңгейін қолдануға бағытталған шараларды біріктіретін бағалық қолдау көлемі оған қатысты ретелетін бағалар не бағаларды реттеу жөніндегі шаралар қолданылатын ауыл шаруашылығы тауарларының санын тауарларды қайта өңдеудің сапасы мен дәрежесіне (мысалы, сүттің базисті майлылығы) байланысты ақпаратты түзете отырып, реттелетін ішкі баға мен анықтамалық әлемдік бағаның бөліндісіне көбейтінді ретінде есептеледі. Бағаны қолдауға бағытталған бюджеттік шығыстар (мысалы, сатып алу және сақтау жөніндегі шығыстар) қолдау көлемінің есебіне кірмейді.

## **VI. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы хабарламалар**

35. Мүше мемлекеттер федералды немесе республикалық деңгейде, сондай-ақ ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды ұсынудың тәртібі мен көлемі туралы ақпаратты қоса алғанда, әкімшілік-аумақтық бірлік деңгейінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды ұсынудың ағымдағы жылда жоспарланатын барлық бағдарламалары туралы жазбаша нысанда бірін-бірі және Еуразиялық экономикалық комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) хабардар етеді. Хабарламада әр мүше мемлекеттің және Комиссияның уәкілетті органдары мүше мемлекеттер ұсынатын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың критерийін және оның осы Хаттамаға сәйкестігін бағалай алатындай жеткілікті ақпарат қамтылуға тиіс. Мүше мемлекеттер ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы барлық ақпаратты қол жеткізу шектелген ақпарат бөліміне аудармайды. Мүше мемлекеттер жыл сайын ағымдағы жылдың 1 мамырынан кешіктірмей хабарламаны бірін-бірі және Комиссияға жеткізеді.

36. Мүше мемлекеттер бірін-бірі және Комиссияға функционалдық және ведомстволық шығыстар жіктемесінің түрлері мен бөлімшелері, бөлімдері бойынша ұсынылатын федералды және республикалық бюджеттің шығыс бөліктерін қамтитын осы Хаттаманың 35-тармағында көрсетілген хабарламаларды, сондай-ақ ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды ұсынудың тәртібі мен көлемі туралы нормаларды жолдайды. Мүше мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық бірліктері бюджеттерінің шығыстары хабарламаларда кез келген басқа әдістермен сипатталады.

37. Федералдық және республикалық деңгейде, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктер деңгейінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бағыттары мен көлемі туралы ақпарат көздерінің тізбесін басқа мүше мемлекеттің немесе Комиссияның сұрау салуы бойынша мүше мемлекет немесе олардың уәкілетті мемлекеттік органдары ұсынуы қажет.

38. Мүше мемлекеттің уәкілетті органдары есепті жылдың 31 желтоқсанына дейін өз мемлекеттері аумағында ұсынылған ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы хабарламаларды бірін-бірі және Комиссияға жолдайды.

**Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.01.2024 № 56-VIII Заңымен.**

39. Ағымдағы жылда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың жоспарланатын бағдарламалары және ұсынылған ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы хабарламалардың нысанын мүше мемлекеттермен бірлесіп Комиссия әзірлейді және Комиссия бекітеді.

## **VII. Мүше мемлекеттердің жауапкершілігі**

40. Мүше мемлекет осы Хаттаманың 6 мен 8-тармақтарының ережелерін бұзған жағдайда мұндай мүше мемлекет ақылға қонымды мерзімдерде үлкен дәрежеде саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларды немесе саудаға рұқсат етілген көлемнен жоғары бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларды ұсынуды тоқтатады әрі басқа мемлекеттерге саудаға мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін қолдау шаралары көлемі немесе рұқсат етілген көлемнен жоғары мөлшерінде өтемақы төлейді. Өтемақы төлеудің тәртібін Комиссия Кеңесі белгілейді. Мүше мемлекет аталған өтемақыны төлемеген жағдайда басқа мүше мемлекеттердің қарсы шаралар енгізуге құқығы бар.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 30 ҚОСЫМША

## **Мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелеріне медициналық көмек көрсету туралы ХАТТАМА**

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың XXVI бөліміне сәйкес әзірленді және мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелеріне медициналық көмек көрсету мәселелерін реттейді.

2. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"тұрақты тұру мемлекеті" - пациент азаматы болып табылатын мемлекет;

"медициналық ұйым (денсаулық сақтау мекемесі)" - ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген лицензияның негізінде медициналық қызметті негізгі (жарғылық) қызмет түрі ретінде жүзеге асыратын заңды тұлға, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, қызметтің негізгі (жарғылық) түрімен қатар медициналық қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды тұлға немесе мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес медициналық қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

"медициналық көшіру" - адам өмірін құтқару және денсаулығын сақтау мақсатында мүше мемлекеттердің еңбекшілерін, сондай-ақ отбасы мүшелерін (оның ішінде, өмірге қауіп төндіретін жағдайларда, олар орналасқан медицина ұйымдарында (денсаулық сақтау мекемелерінде) медициналық көмек көрсету мүмкін емес пациенттерді және

төтенше жағдайлар мен дүлей зілзалалардың салдарынан зардап шеккен адамдарды, сондай-ақ қоршаған ортаға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегетіндерді тасымалдау.

"пациент" - ауруының бар-жоғына және жағдайына қарамастан, медициналық көмек көрсетілетін немесе медициналық көмек көрсету үшін жүгінген мүше мемлекеттің еңбекшісі немесе отбасы мүшесі;

"жедел медициналық жәрдем (кезек күттірмейтін нысандағы)" - пациенттің өміріне қауіптің айқын белгілері жоқ, кенеттен болған қатты аурулар, жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық қызметтер кешені;

"жедел медициналық жәрдем (шұғыл нысандағы)" - жедел медициналық араласуды талап ететін аурулар, жазатайым оқиғалар, жарақаттар, уланулар кезінде және пациенттің өміріне қауіп төндіретін басқа да жағдайларда көрсетілетін медициналық қызметтер кешені.

3. Жұмысқа орналасу мемлекеті мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне жұмысқа орналасу мемлекеті заңнамасында және халықаралық шарттарда айқындалған тәртіппен және жағдайларда медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

4. Мүше мемлекеттер өздерінің аумақтарында мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне өз мемлекетінің азаматтарына берілетін жағдайларда және тәртіппен тегін жедел медициналық көмек (шұғыл және кейінге қалдырылмайтын нысандарда) алуға құқық береді.

Жұмысқа орналасу мемлекетінің мемлекеттік және муниципалдық денсаулық сақтау жүйесінің медициналық ұйымдары (денсаулық сақтау мекемелері) мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне жедел медициналық көмекті (шұғыл және кейінге қалдырылмайтын нысандарда) медициналық сақтандыру полисінің бар-жоғына қарамастан, тегін көрсетеді.

Медициналық ұйымның (денсаулық сақтау мекемесінің) мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне жедел медициналық көмек (шұғыл және кейінге қалдырылмайтын нысандарда) көрсету шығындарын өтеу жұмысқа орналасу мемлекетінің бюджеттік жүйесіне сай келетін бюджет есебінен, денсаулық сақтауды қаржыландырудың қолданыстағы жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Пациенттің өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына төнген тікелей қауіп жойылғаннан кейін оны емдеу жұмысқа орналасу мемлекетінің медицина ұйымдарында (денсаулық сақтау мекемелерінде) жалғасқан жағдайда, көрсетілген қызметтердің нақты құнын төлеуді тарифтер немесе келісілген бағалар бойынша пациент тікелей өзі жүзеге асырады немесе ол жұмысқа орналасқан мемлекеттің заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

6. Пациентті тұрақты тұратын мемлекетке медициналық көшіруді жүзеге асыру қажет болған жағдайда, медициналық ұйым (денсаулық сақтау мекемесі) оның



денсаулығының жай-күйі туралы ақпаратты елшілікке және (немесе) ол тұрақты тұратын мемлекеттің уәкілетті органына (ұйымына) жібереді.

Пациентті медициналық көшіру мүмкіндігі, сондай-ақ осындай көшірудің тәртібі мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айқындалады. Медициналық көшіруді тасымалдау кезінде медициналық көмекті, оның ішінде медициналық жабдықтарды қолдана отырып көрсету жөніндегі іс-шараларды жүргізе отырып, көшпелі жедел медициналық жәрдем бригадалары жүзеге асырады.

Пациентті медициналық көшірумен байланысты шығыстарды өтеу тұрақты тұру мемлекетінің денсаулық сақтауды қаржыландырудың қолданыстағы жүйесіне сәйкес оның бюджеттік жүйесіне сай келетін бюджет немесе тұрақты тұратын мемлекеттің заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 31 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық одақтың көпжақты сауда жүйесі шеңберінде жұмыс істеуі туралы ХАТТАМА**

Одақ шеңберінде тиісті қатынастарға 2011 жылғы 19 мамырдағы Кеден одағының көпжақты сауда жүйесі шеңберінде жұмыс істеуі туралы шарт қолданылады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 32 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"болу мемлекеті" - аумағына Одақтың органы орналасқан мүше мемлекет;

"Одақ органдарының үй-жайлары" - ресми мақсаттар үшін, сондай-ақ Комиссия Алқасы мүшелерінің, лауазымды адамдар мен қызметкерлердің тұруы үшін пайдаланылатын ғимараттар немесе ғимараттардың бөліктері;

"мүше мемлекеттердің өкілдері" - мүше мемлекеттер Одақ органдарының отырыстарына және Одақ шеңберінде өткізілетін іс-шараларға жіберетін делегациялардың басшылары мен мүшелері;

"әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру)" - еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайына және ана болуға байланысты міндетті сақтандыру, өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан міндетті сақтандыру, міндетті медициналық сақтандыру;

"Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың отбасы мүшелері" - Комиссия Алқасы мүшелерімен, Одақ Соты судьяларымен, лауазымды адамдармен бірге тұрақты тұратын ері (зайыбы), кәмелетке толмаған балалар және олардың асырауындағы адамдар;

"қызметкерлердің отбасы мүшелері" - қызметкерлермен бірге тұрақты тұратын ері (зайыбы) және кәмелетке толмаған балалары.

2. Комиссия Алқасы мүшелері, Одақ Соты судьялары, лауазымды адамдар мен қызметкерлер халықаралық қызметшілер болып табылады. Өздерінің өкілеттіктерін орындау (лауазымдық (қызметтік) міндеттерін атқару) кезінде олар мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ресми тұлғаларынан, сондай-ақ Одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің биліктерінен нұсқаулар сұратуға немесе алуға тиіс емес. Олар өздерінің халықаралық қызметші мәртебесімен үйлеспейтін түрлі әрекеттерден аулақ болуға тиіс.

3. Әрбір мүше мемлекет Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлер өкілеттіктерінің халықаралық сипатын мүлтіксіз құрметтеуге және өздерінің қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға әсерін тигізбеуге міндеттенеді.

## **II. Одақтың артықшылықтары мен иммунитеттері**

4. Одақ органдарының мүлкі мен активтері Одақ иммунитеттерден бас тартқан жағдайларды қоспағанда, әкімшілік немесе сот араласуының кез келген нысанындағы иммунитетті пайдаланады.

5. Одақ органдарының үй-жайлары, сондай-ақ олардың мұрағаттары мен құжаттары, оның ішінде қызметтік хат-хабарлар орналасқан жеріне қарамастан, тінтуге, реквизицияға, тәркілеуге немесе осы органдардың қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттердің кез келген басқа да нысандарына жатпайды.

6. Болу мемлекетінің тиісті мемлекеттік билік және басқару органдарының өкілдері Одақ органдарының үй-жайларына Комиссия Алқасы Төрағасының, Одақ Соты төрағасының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың келісуінсіз және өрт жағдайларын немесе шұғыл қорғану шараларын қажет ететін басқа да мән-жайларды қоспағанда, олар мақұлдаған жағдайлардан басқа кездерде кіре алмайды.

7. Болу мемлекетінің тиісті мемлекеттік билік және басқару органдарының шешімімен кез келген әрекеттерді орындау Комиссия Алқасы төрағасының, Одақ Соты төрағасының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың келісуімен Одақ органдарының үй-жайларында орын алуы мүмкін.

8. Одақ органдарының үй-жайлары кез келген мүше мемлекеттің заңдары бойынша қудаланатын немесе мүше мемлекетке немесе Одақ мүшесі болып табылмайтын мемлекетке берілуге жататын адамдар үшін пана болмайды.

9. Одақ органдарының үй-жайларына қол сұқпаушылық оларды одақтың функцияларымен немесе міндеттерімен үйлеспейтін немесе мүше мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғаларының қауіпсіздігіне, мүдделеріне нұқсан келтіретін мақсаттарда пайдалануға құқық бермейді.

10. Болу мемлекеті Одақ үй-жайларын түрлі басып кіруден немесе нұқсан келтіруден қорғау үшін тиісті шаралар қабылдайды.

11. Одақ органдары осы Ереженің 44 және 45-тармақтарына сәйкес төленетін қызмет көрсетудің (көрсетілетін қызметтердің) және төлемдердің (аударымдар мен жарналардың) нақты түрлері үшін төлеуді білдіретін төлемдерді қоспағанда, болу мемлекетінде алынатын салықтардан, алымдардан және басқа да төлемдерден босатылады.

12. Одақ органдарының ресми пайдалануына арналған заттар мен өзге де мүліктер мүше мемлекеттердің аумақтарында кеден баждарынан, салықтар мен кеден алымдарынан босатылады.

13. Одақ органдары өздерінің ресми байланыс құралдарына қатысты болу мемлекеті дипломатиялық өкілдіктерге көрсететін қолайлы шарттардан кем емес жағдайларды пайдаланады.

14. Одақ органдары өздері тұратын үй-жайларда және өздеріне тиесілі автокөлік құралдарында Одақтың туын, эмблемасын немесе басқа да рәмізін орналастыра алады.

15. Одақ органдары мүше мемлекеттердің заңнамасын сақтау кезінде өздерінің мақсаттары мен функцияларына сәйкес баспа өнімін шығара алады және тарата алады, оларды жариялау Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттарда көзделген.

16. Болу мемлекеті Одақ органдарының өз функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті үй-жайларды алуына немесе иеленуіне жәрдемдеседі.

17. Одақ сот төрелігін тиісінше жөнелтуді және құқық қорғау органдарының нұсқамаларын орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ осы Ережеде көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерге байланысты кез келген теріс әрекеттердің алдын алу мақсатында мүше мемлекеттердің тиісті мемлекеттік билік және басқару органдарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

### **III. Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің артықшылықтары мен иммунитеттері**

18. Комиссия Алқасының мүшелері, Одақ Сотының судьялары, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса, дипломатиялық агент үшін 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында көзделген көлемде артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

Мұндай иммунитеттер мынадай жағдайларға:

болу мемлекетінің аумағындағы жекеменшік жылжымайтын мүлікке қатысты заттық қуынымға;

Комиссия Алқасының мүшесі, Одақ Сотының судьясы немесе отбасы мүшесі Одақ органының атынан емес, өсиетті орындаушы, мүлік мұрагерінің қамқоршысы, мұрагері немесе жеке тұлға ретінде бас тартуды алушы ретінде болатын мұрагерлікке қатысты қуынымға;

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта (бұдан әрі - Шарт) көзделген өкілеттіктер шегінен тыс кәсіптік қызметтерге қатысты қуынымдарға қолданылмайды.

Болу мемлекетінің азаматтары болып табылатын Комиссия Алқасы мүшелеріне және Одақ Соты судьяларына осы Ереженің 19 тармағы 1-тармақшасының ережелері қолданылады.

Комиссия Алқасы мүшелерінің және Одақ Соты судьяларының, олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, егер осы отбасы мүшелері болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса, осы Ереженің 19-тармағы 3 - 5-тармақшаларының ережелері қолданылады.

Комиссия Алқасы мүшелерінің және Одақ Соты судьяларының отбасы мүшелеріне, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылса және (немесе) оның аумағында тұрақты тұрса, осы отбасы мүшесіне тиесілі көлік құралынан болған жол-көлік оқиғасына байланысты осы отбасы мүшесіне не оны жүргізушіге келтірілген залалды өтеу туралы қуынымға қатысты болу мемлекетінің азаматтық юрисдикциясынан иммунитет қолданылмайды.

19. Лауазымды адамдар:

1) лауазымды адамдар ретінде олар айтқан немесе жазған және олар жасаған барлық әрекеттер үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды;

2) Одақ органдары төлейтін жалақыға және өзге де сыйақыларға салық салудан босатылады;

3) мемлекеттік айыптаудан босатылады;

4) Болу мемлекетіне келу және одан кету бойынша шектеулерден, шетелдік ретінде және уақытша тұруға рұқсат алуға тіркеуден босатылады;

5) халықаралық дағдарыстар кезінде дипломатиялық өкілдер пайдаланатын репатриация бойынша жеңілдіктерді пайдаланады.

20. Лауазымды адамдарға, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылса және (немесе) оның аумағында тұрақты тұрса, осы Ереженің 19-тармағының 2 - 5-тармақшаларының ережелері қолданылмайды.

21. Лауазымды адамдардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, егер бұл отбасы мүшелері болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса және (немесе) оның аумағында тұрақты тұрмаса, осы Ереженің 19-тармағы 3 - 5-тармақшаларының ережелері қолданылады.

22. Комиссия Алқасы мүшелерін, Одақ Соты судьяларын, лауазымды адамдарды және қызметкерлерді аккредиттеу мәселелері болу мемлекетінің аумағына Одақ органдарының болу шарттары туралы халықаралық шарттарда реттеледі.

23. Комиссия Алқасының мүшелері, Одақ Сотының судьялары, лауазымды адамдар және қызметкерлер ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметті қоспағанда, жеке пайданың немесе өзге адамдар пайдасының мүдделері үшін кәсіпкерлікпен және басқа да қызметпен айналысуға құқылы емес.

Ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтен алынған табыстар халықаралық шарттарға және болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес салық салынуға жатады.

24. Комиссия Алқасының мүшелері, Одақ Соты судьялары, лауазымды адамдар және олардың отбасы мүшелері болу мемлекетінің кез келген көлік құралын пайдалануға байланысты үшінші тұлғаларға келтірілуі мүмкін залалдан сақтандыруға қатысты заңнамасының талаптарын сақтауға тиіс.

25. Қызметкерлер мынадай:

1) қызметкерге тиесілі не өзі басқарған көлік құралынан болған жол-көлік оқиғасына байланысты келтірілген залалды өтеу туралы қуынымдарға;

2) қайтыс болуына немесе қызметкерлердің әрекеттерінен болған дене жарақатына байланысты қуынымдарға қатысты жағдайлардан басқа өздерінің қызметтік міндеттерін тікелей атқаруы кезінде жасаған әрекеттерге қатысты болу мемлекетінің сот немесе әкімшілік органдарының юрисдикциясына жатқызылмайды.

26. Қызметкерлер болу мемлекетіне келу және одан кету бойынша шектеулерден, шетелдік ретінде және уақытша тұруға рұқсат алуға тіркеуден босатылады.

27. Осы Ереженің 25 және 26-тармақтарының ережелері олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік билік және басқару органдарының және қызметкерлерінің арасындағы өзара қарым-қатынастарға қолданылмайды.

28. Комиссия Алқасының мүшелері, Одақ Соты судьясы, лауазымды адамдар, қызметкерлер пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер оларға жеке пайдасы үшін берілмейді, олардың өз өкілеттіктерін Одақ мүддесіне орай тиімді және тәуелсіз орындауы (лауазымдық (қызметтік) міндеттерін атқаруы) үшін беріледі.

29. Комиссия Алқасының мүшелері, Одақ Соты судьясы, лауазымды адамдар, қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері межелі жерге жол жүру кезінде болу мемлекетінің аумағына олар келген кезден бастап немесе егер Комиссия Алқасының мүшелері, Одақ Сотының судьясы, лауазымды адамдар, қызметкерлер өздерінің өкілеттіктеріне (лауазымдық (қызметтік) міндеттеріне) кіріскен кезде олар осы аумақта болса осы Ережеде көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

30. Комиссия Алқасының мүшесі, Одақ Сотының судьясы, лауазымды адам немесе қызметкер өкілеттігін (лауазымдық (қызметтік) міндеттерін) тоқтатқан кезде олардың артықшылықтары мен иммунитеттері, сондай-ақ олардың өздерімен бірге тұратын

отбасылары мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері әдетте осы адамның болу мемлекетінен кеткен кезінде немесе болу мемлекетінен кету үшін ақылға қонымды мерзім өткеннен кейін осы көрсетілген екі кездің қайсысының бұрын болуына қарай тоқтатылады. Отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері, Комиссия Алқасы мүшесінің, Одақ Соты судьясының, лауазымды адамның немесе қызметкердің отбасы мүшелері болу тоқтатылған кезде тоқтатылады. Бұл ретте, мұндай адамдар ақылға қонымды мерзім ішінде болу мемлекетінен кетуге ниет білдірсе, онда артықшылықтар мен иммунитеттер олар кеткен кезге дейін сақталады.

31. Комиссия Алқасының мүшесі, Одақ Соты судьясы, лауазымды адам немесе қызметкер қайтыс болған жағдайда олармен бірге тұратын отбасы мүшелері өздеріне берілген артықшылықтар мен иммунитеттерді болу мемлекетінен олардың кету кезіне дейін немесе болу мемлекетінен олардың кету үшін ақылға қонымды мерзім өткенге дейін осы көрсетілген екі кездің қайсысының бұрын болуына қарай пайдалануды жалғастырады.

32. Комиссия Алқасының мүшесінің, Одақ Соты судьясының, лауазымды адамның олар Комиссия Алқасының мүшесі, Одақ Сотының судьясы, лауазымды адам ретінде өздерінің функцияларын іске асыру шеңберінде барлық айтқан немесе жазған және жасаған бүкіл әрекеттеріне қатысты әкімшілік, азаматтық және қылмыстық юрисдикциядан иммунитеттері олардың өкілеттіктері тоқтатылғаннан кейін де сақталады. Осы тармақ Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының немесе лауазымды адамдардың Шартта немесе Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген жауаптылығы туындау жағдайлары үшін нұқсан келтірілместен қолданылады.

33. Осы Ережеге сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық адамдар олардың артықшылықтары мен иммунитеттеріне нұқсан келтірмей, болу мемлекетінің заңнамасын құрметтеуге міндетті. Олар сондай-ақ осы мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға да міндетті.

34. Комиссия Алқасының мүшесі, Одақ Соты судьясы, лауазымды адам, қызметкер, егер иммунитет сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі келтірген жағдайда иммунитеттен айырылуы мүмкін және иммунитетті алу соған байланысты иммунитет берілген мақсаттарға нұқсан келтірмейді.

35. Иммунитеттерді алуды:

1) Комиссия Алқасының мүшесіне және Одақ Соты судьясына қатысты - Жоғары кеңес;

2) Комиссияның лауазымды адамы мен қызметкеріне қатысты - Комиссия Кеңесі;

3) Одақ Сотының лауазымды адамы мен қызметкеріне қатысты - Одақ Сотының төрағасы жүзеге асырады.

36. Иммуниеттен бас тарту жазбаша нысанда жүзеге асырылады және айқын жазылуға тиіс.

#### **IV. Мүше мемлекеттер өкілдерінің артықшылықтары мен иммуниеттері**

37. Мүше мемлекеттердің өкілдері ресми функцияларын атқару кезінде және мүше мемлекеттердің аумақтарында Одақ органдары ұйымдастыратын іс-шараларды өткізетін жерге бару кезінде мынадай артықшылықтар мен иммуниеттерді пайдаланады:

1) жеке тұтқындау немесе ұстаудан, сондай-ақ осы ретте олар жасауы мүмкін барлық әрекеттерге қатысты сот және әкімшілік биліктер юрисдикциясынан иммуниет ;

2) тұрғын үйге қолсұғылмаушылық;

3) бірге болатын багажды және қол жүгін егер оларда ресми немесе жеке қолдануға арналмаған заттар мен өзге де мүлік немесе әкелінуіне немесе әкетілуіне аумағында іс-шара өткізілетін мүше мемлекеттің заңнамасымен тыйым салынған немесе шектелген заттар мен өзге де мүлік бар деп пайымдауға байыпты негіз болмаса кедендік тексеріп қараудан босату;

4) Болу мемлекетіне келу және одан кету бойынша шектеулерден, шетелдіктер ретінде және уақытша тұруға рұқсат алуға тіркеуден босату.

38. Осы Ереженің 37-тармағының ережелері мүше мемлекеттің өкілі мен өзі азаматы немесе өкілі болып табылатын не болған мүше мемлекеттің биліктері арасындағы өзара қарым-қатынастарға қолданылмайды.

39. Мүше мемлекеттердің өкілдері пайдаланатын артықшылықтар мен иммуниеттер оларға жеке пайдасы үшін берілмейді, олардың өздерінің ресми функцияларын өз мүше мемлекетінің мүддесіне қарай тиімді және тәуелсіз орындауы үшін беріледі.

40. Мүше мемлекеттердің өкілдері тұратын үй-жайлар, қажетті заттар және басқа да мүлік, сондай-ақ қызметтік қажеттілік үшін пайдаланылатын көлік құралдары тінтуден, реквизициядан, тыйым салудан және атқарушылық әрекеттерден иммуниетті пайдаланады.

41. Мүше мемлекеттердің өкілдерінің мұрағаттары мен құжаттарына кез келген уақытта және ақпаратты жеткізгіштерге және олардың орналасқан жеріне қарамастан, қолсұғылмайды.

42. Егер ол кіруге тыйым салынатын немесе мемлекеттік қауіпсіздік ұғымы бойынша реттелетін аймақтар туралы заңға және қағидаларға қайшы келмеген жағдайда болу мемлекеті мүше мемлекеттердің барлық өкілдеріне оның аумағымен өздерінің ресми функцияларын атқаруы үшін қажетті шамада жүріп өтуді және жүруді қамтамасыз етеді.

## V. Одақ органдарындағы еңбек қатынастары мен әлеуметтік кепілдіктер

43. Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің еңбек қатынастары Шарттың нормалары ескеріле отырып болу мемлекетінің заңнамасымен реттеледі.

**Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.10.2022 № 145-VII Заңымен.**

44. Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің зейнетақымен қамтамасыз етілуі олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің зейнетақымен қамтамасыз етілуіне міндетті аударымдарды аталған тұлғалар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттердің зейнетақы қорларына Одақ бюджеті қаражаты есебінен жалақыдан ұстамай тиісті мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде Одақтың органдары жүргізеді. Комиссия Алқасының мүшелеріне, Одақ Сотының судьяларына, лауазымды адамдар мен қызметкерлерге зейнетақы төлеу жөніндегі шығыстарды олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекет көтереді.

45. Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің зейнетақылық сақтандырудан басқа, әлеуметтік сақтандырылуы бойынша жәрдемақымен қамтамасыз етілуі әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру) болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес болу мемлекетінің азаматтарына қатысты шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің пайдасына зейнетақылық сақтандырудан басқа, төлемдерден әлеуметтік қамсыздандыруға (әлеуметтік сақтандыруға) сақтандыру жарналарын төлеу болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес Одақ бюджеті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру) бойынша жәрдемақыларды төлеу шығыстарын басқа мүше мемлекеттермен өзара есеп айырыспай болу мемлекеті жүзеге асырады.

46. Зейнетақы немесе әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жәрдемақыларды тағайындау кезінде сақтандыру немесе еңбек өтіліне олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес Комиссия Алқасы мүшесі, Одақ Сотының судьясы, лауазымды адам және қызметкер ретінде жұмыс істеген кезең есептеледі.

Комиссия Алқасы мүшесі, Одақ Соты судьясы, лауазымды адам және қызметкер ретінде жұмыс істеген кезең зейнетақы тағайындау кезінде олар азаматтары болып



табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес сақтандыру немесе еңбек өтіліне, ал әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру) бойынша жәрдемақыларды тағайындау кезінде болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес есептеледі.

47. Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің өз өкілеттіктерін орындау кезінде алған еңбекақысы зейнетақы мөлшерін айқындау кезінде олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес, ал әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру) бойынша жәрдемақылардың мөлшерін айқындау кезінде болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес есептеледі.

48. Комиссия Алқасының мүшелеріне, Одақ Сотының судьяларына өз өкілеттіктерін орындау кезеңінде мынадай әлеуметтік кепілдіктер беріледі:

1) ұзақтығы күнтізбелік 45 күнге жыл сайынғы ақы төленетін демалыс;

2) медициналық қызмет көрсету, оның ішінде олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ Одақ бюджеті қаражаты есебінен жүзеге асырылатын көліктік қызмет көрсету;

3) Одақ бюджеті қаражаты есебінен Одақтың тиісті органы орналасқан қала аумағында тұрғын үй алаңы жоқ Комиссия Алқасының мүшелеріне, Одақ Сотының судьяларына (олардың отбасы мүшелерін ескере отырып) қызметтік тұрғын үй-жай беру;

4) Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктерді орындау кезеңін ол азаматы болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілер (федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілер) үшін көзделген әлеуметтік кепілдіктерді беру кезінде мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) өтіліне, сондай-ақ Комиссия Алқасының мүшесі азаматы болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес министр (федералдық министр) үшін көзделген зейнетақымен (әлеуметтік) қамсыздандыру (зейнетақыға ай сайынғы үстемеақы) мөлшерін (құқығын) айқындау кезінде министр (федералдық министр) өкілеттіктерін атқарудың ұзақтығына қосу;

5) Одақ Сотының судьясы азаматы болып табылатын мүше мемлекетте судьялық өтіліне Одақ Соты судьясының өкілеттіктерін атқару кезеңін қосу.

49. Комиссия Алқасының мүшелеріне және Одақ Сотының судьяларына берілетін әлеуметтік кепілдіктердің қамтамасыз етілуіне (оның ішінде медициналық және көліктік қызмет көрсетуге) байланысты мәселелерді болу мемлекетінің құзыретті органы шешеді.

50. Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, өз өкілеттіктерін атқарып жүрген Комиссия Алқасының мүшелері (Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ережеде көзделген өкілеттіктердің мерзімінен бұрын тоқтатылу жағдайларын қоспағанда (Шартқа № 1 қосымша) қартаюы (мүгедектігі) бойынша сақтандыру зейнетақысына ай сайынғы үстемеақы белгілетуге құқығы бар.

Зейнетақыға ай сайынғы үстемеақы Ресей Федерациясының заңнамасында федералдық министр үшін көзделген мөлшерде, тәртіппен және шарттарда белгіленеді. Зейнетақыға ай сайынғы үстемеақы белгілеу туралы шешімді зейнетақымен камсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органының басшысы қабылдайды. Зейнетақыға ай сайынғы үстемеақы федералдық бюджет қаражаты есебінен белгіленеді.

Одақ Сотының судьясына оның өкілеттігі тоқтатылған кезде кепілдіктер қолданылады және оған мүше мемлекеттің заңнамасында одан Одақ Сотының судьясы тағайындалған мүше мемлекеттің жоғарғы сотының төрағасы үшін көзделген ақшалай төлемдер төленеді. Осы кепілдіктер мен ақшалай төлемдер Одақ Сотының судьясына одан Одақ Сотының судьясы тағайындалған мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған тәртіппен белгіленеді.

51. Лауазымды адамдарға, қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне өз лауазымдық (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде Одақтың бюджеті қаражаты есебінен медициналық қызметтер көрсетіледі, Комиссия департаменттерінің директорларына және Одақ Сотының Хатшылығының жетекшісіне де Одақ бюджеті қаражаты есебінен көліктік қызмет көрсетіледі.

52. Одақ бюджеті қаражаты есебінен Одақтың тиісті органы орналасқан қала аумағында тұрғын үй алаңы жоқ лауазымды адамдарға және қызметкерлерге өз лауазымдық (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде қызметтік тұрғын үй-жай беріледі (олардың отбасы мүшелерін ескере отырып).

53. Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, Комиссияда және Одақтың Сотында жұмыс істегенге дейін Ресей Федерациясының мемлекеттік қызмет лауазымын атқарған, Комиссияда және Одақтың Сотында атқарған лауазымдардан босатылған (кінәлі әрекеттеріне байланысты босатылған жағдайларды қоспағанда) және тиісті жылы федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілерге еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген ұзақтығымен мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі бар Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлері, егер олар Комиссиядан немесе Одақтың Сотынан босатылудың алдында кемінде 3 жыл соларда лауазымды атқарса, федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілер үшін Ресей Федерациясының заңнамасында айқындалған шарттарға сәйкес және тәртіппен тағайындалатын еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы алуға құқығы бар. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы белгілеу туралы ұсынуды (шешімді) Комиссия Алқасы Төрағасының және Одақ Соты Төрағасының ұсынуы бойынша зейнетақымен камсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органының басшысы қабылдайды.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы мөлшері лауазымды адамның немесе қызметкердің орташа жалақысы негізінде есептеледі, оның шекті мөлшері Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлері лауазымдарының Ресей Федерациясының Үкіметі бекітетін Ресей Федерациясының Үкіметі Аппаратындағы және Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты аппаратындағы федералдық мемлекеттік азаматтық лауазымдарға сәйкестігі тізбесіне сәйкес мемлекеттік азаматтық қызмет лауазымдарына теңестіру бойынша белгіленген лауазымдық жалақыға (ақшалай сыйақыға) қарай айқындалады.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы Ресей Федерациясының заңнамасы бойынша федералдық бюджет қаражаты есебінен тағайындалады.

**Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.10.2022 № 145-VII; 02.11.2022 № 151-VII Заңдарымен.**

54. Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің жұмыс істеген кезеңдері мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызметті өткеру кезеңінде әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу үшін және мемлекеттік қызметшілердің (федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызметі өтіліне қосылады.

55. Комиссия Алқасы мүшелеріне, Одақ Соты судьяларына, лауазымды адамдарға және қызметкерлерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне медициналық және көліктік қызмет көрсету тәртібін Үкіметаралық кеңес айқындайды.

Еуразиялық экономикалық  
одақ туралы шартқа  
№ 33 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың күшіне енуіне байланысты Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру шеңберінде жасалған халықаралық шарттардың қолданылуын тоқтату туралы ХАТТАМА**

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) күшіне енуіне байланысты Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру шеңберінде жасалған мынадай халықаралық шарттардың қолданылуы тоқтатылады.

**I. Шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуы тоқтатылатын халықаралық шарттар**

1.2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кедендік аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шарт.

2. 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттама.

3. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағының тауарларымен сыртқы және өзара сауданың кедендік статистикасын жүргізу туралы келісім.

4. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы келісім.

5. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісім.

6. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Үшінші мемлекеттерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы келісім.

7. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу принциптері туралы келісім.

8. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Тарифтік жеңілдіктер беру туралы хаттама.

9. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың ережесін біркелкі қолдануды қамтамасыз ету туралы хаттама.

10. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден органдары арасында тауарлардың кедендік құнын айқындау мен бақылау үшін қажетті ақпарат алмасу туралы хаттама.

11. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Айрықша жағдайларда Бірыңғай кедендік тарифтің ставкаларынан ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолдану шарттары мен тәртібі туралы хаттама.

12. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кедендік рәсімдер мен кедендік режимдердің түрлері туралы келісім.

13. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын декларациялау тәртібі туралы келісім.

14. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Тауарларды декларациялау тәртібі туралы келісім.

15. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде кедендік төлемдерді есептеу және төлеу тәртібі туралы келісім.

16. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы келісім.

17. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тәртібі туралы келісім.

18. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағы Комиссиясының Хатшылығы туралы келісім.

19. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетігі туралы келісім.
20. 2009 жылғы 9 маусымдағы Үшінші елдерге қатысты бірыңғай кедендік аумақта тауарлардың сыртқы саудасын қозғайтын шараларды енгізу және қолдану тәртібі туралы келісім.
21. 2009 жылғы 9 маусымдағы Сыртқы сауда саласындағы тауарларды лицензиялау ережесі туралы келісім.
22. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алу тәртібі мен олардың төленуін бақылау тетігі туралы хаттама.
23. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағында жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібі туралы хаттама.
24. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Сыртқы сауда статистикасы мен өзара сауда статистикасының деректерін беру тәртібі туралы хаттама.
25. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағы комиссиясы Кедендік статистика орталығының мәртебесі туралы хаттама.
26. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Сертификаттау (сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі органдарды және сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі жұмыстарды орындайтын сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредиттеуді өзара тану туралы келісім.
27. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Сәйкестігі міндетті бағалануға (расталуға) жататын өнімнің Кеден одағының кедендік аумағындағы айналысы туралы келісім.
28. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының ветеринариялық-санитариялық шаралар жөніндегі келісім.
29. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының өсімдіктер карантині туралы келісім.
30. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының санитариялық шаралар жөніндегі келісімі.
31. 25 қаңтардағы 2008 жылғы Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты , жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу принциптері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы 2009 жылғы 11 желтоқсандағы хаттама.
32. 2010 жылғы 20 мамырдағы Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) есепке жатқызу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісім.
33. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының өсімдіктер карантині туралы келісіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2010 жылғы 21 мамырдағы хаттама.

34. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының ветеринариялық-санитариялық шаралар жөніндегі келісіміне өзгерістер енгізу туралы 2010 жылғы 21 мамырдағы хаттама.

35. 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының ветеринариялық-санитариялық шаралар жөніндегі келісіміне өзгерістер енгізу туралы 2010 жылғы 21 мамырдағы хаттама.

36. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағы бірыңғай кедендік аумағының жұмыс істеу режимінен жекелеген уақытша алулар туралы хаттама.

37. 2010 жылғы 21 қыркүйектегі Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттар алмасу кезінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы келісім.

38. 2010 жылғы 21 қыркүйектегі Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуі және оны дамыту туралы келісім.

39. 2010 жылғы 18 қарашадағы Беларусь Республикасындағы, Қазақстан Республикасындағы және Ресей Федерациясындағы техникалық реттеудің бірыңғай қағидастары мен қағидалары туралы келісім.

40. 2010 жылғы 19 қарашадағы Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын енгізу алдындағы тергеулер мақсаттары үшін тергеу жүргізетін органға мәліметтерді, оның ішінде құпия ақпаратты қамтитын мәліметтерді беру тәртібі туралы хаттама.

41. 2010 жылғы 19 қарашадағы Өтпелі кезең ішінде арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану тәртібі туралы келісім.

42. 2010 жылғы 19 қарашадағы Көшіп-қонушы еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы келісім.

43. 2010 жылғы 19 қарашадағы Баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялардың қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы келісім.

44. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу туралы келісім.

45. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы келісім.

46. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Өнеркәсіптік субсидияларды берудің бірыңғай қағидалары туралы келісім.

47. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Бәсекелестіктің бірыңғай қағидастары мен қағидалары туралы келісім.

48. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидастары мен қағидалары туралы келісім.

49. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы келісім.
50. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мұнай мен мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын ұйымдастыру, басқару, олардың жұмыс істеу және даму тәртібі туралы келісім.
51. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, газ тасымалы жүйелері арқылы газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізу қағидалары туралы келісім.
52. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, темір жол көлігінің қызметтеріне қол жеткізуді реттеу туралы келісім.
53. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Келісілген макроэкономикалық саясат туралы келісім.
54. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Валюталық саясаттың келісілген қағидаттары туралы келісім.
55. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қаржы нарықтарында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау туралы келісім.
56. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердегі қызметтер көрсету саудасы және инвестициялар туралы келісім.
57. 2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағының сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру туралы келісім.
58. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2011 жылғы 18 қазандағы хаттама.
59. 2011 жылғы 19 қазандағы Кедендік әкелу баждарын төлеуге байланысты ақпарат алмасу тәртібі туралы хаттама.
60. 2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарт.
61. 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Валюталық саясаттың келісілген қағидаттары туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің валюталық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарының өзара іс-қимылы туралы 2011 жылғы 15 желтоқсандағы шарт.
62. 2013 жылғы 29 мамырдағы Статистика саласындағы ақпараттық өзара іс-қимыл туралы келісім.
63. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Айрықша жағдайларда Бірыңғай кедендік тарифтің мөлшерлемелерінен ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін қолдану шарттары мен тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер енгізу туралы 2008 жылғы 12 желтоқсандағы хаттама.
64. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетігі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 21 маусымдағы хаттама.

65. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы 2013 жылғы 25 қыркүйектегі хаттама.

**II. Шарттың 102-бабына сәйкес Комиссияның тиісті шешімі күшіне енген күнінен бастап қолданылуы тоқтатылатын халықаралық шарттар**

1. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесі туралы келісім.

2. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағының тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесі туралы хаттама.

3. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Тауарлардың дамушы және аз дамыған елдерден шығарылғанын айқындау ережесі туралы келісім.